

Сәуле ДОСЖАН




ҚАСІРЕТ пен
ТАҒДЫР

Сәулө ДОСЖАН

ҚАСІРЕТ пен ТАҒДЫР

Роман



Алматы – 2021

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5 Каз)

Д 70

**Д 70 ДОСЖАН С.
ҚАСИРЕТ пен ТАҒДЫР: Роман/- Алматы: «Нұрлы
Әлем», 2021. – 360 б.**

ISBN 978-601-205-669-3

*Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстан-
ның еңбек сінірген қайраткері Сәуле Досжан оқырман қауым-
га шынайы прозасымен етene таныс. Жазушының қаламы-
нан туган шыгармалары кез келген жаңа ой салады. Оның
әрбір шыгармасы адамдықтың алтын діңгегі – адамгершілік
екенін насхаттайды.*

*Оқырманға ұсынылған отырған «Қасірет пен тағдыр»
романы да халқымыздың басына қайғы салған Семей полигоны
мен одан келген зардан пен зауал жайлы. Полигон зардабын
тартақтан қасіретті АナンЫҢ зарын, оған қарсы шыққан қайсар
АナンЫҢ өр рухын бейнелейді.*

*«Қасірет пен тағдырдың» жалғасы – «Үзілмеген үміт» деп
аталады.*

*Бұл дилогия 2021 жылды Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай
оқырмандар таңдаған «30 жылдыққа 30 кітап» акциясына
енген проза жаңарынан таңдаулы шыгарма болды.*


*Роман көркем, әдеби тілмен жазылған әрі нақты деректерге
құрылған.*

565 362

**ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5 Каз)**

ISBN 978-601-205-669-3

© Досжан С., 2021



Kімді кінөлайын...

Матақайы бір жағына айналып кеткен Әмір перзентхананың сыртқы есігін серпе ашып, колтығымнан демеген күйі мені ішке алып кірді. Алдымыздан шықкан ақ желенді қыз онын жолын кес-кестей беріп:

– Сіз ары қарай бара алмайсыз, – деп тоқтатқан.

Күйеуім емен-жарқын көрінгісі келіп, шып-шып тершіген мандайын женінің сыртымен бір сүйкей салтып, бетімнен суюге енкейді. Соны күтіп тұрғандай, екі мейірбікे мені дереу арбаға салып, зырылдатып ала жөнелді.

– Корықпа, дүниеге арыстан әкелесің! – деп, әзілдеуге тырысканымен, үнінен қобалжу анық білінген күйеуіме соңғы рет көз тастап, жан киналышынан да он бөлінген ойым үстем түсіп, іштей күйзелген күйі кете бардым.

Бір-ақ сәтте ішкі дүниемнің астан-кестенің шығарып, ес жиғызбай абдыратып тастаған ультрадыбыстық зерттеудің ко-рытындысын дәрігеріме апаруға сол күйі дәтім де, дәрменім де жетпеп еді. Күйеуіме көрсетуге батпай, толғағым басталып перзентханаға жеткенше, әлгіні сөмкемнің түбіне жасырып қойғанмын.

Енді, міне, бір жапырақ қағаз қолымды шоқтай қарып барады.

Мені үрейдің кара құрдымына бірден тартып әкетіп, мен-зен халге түсірген сол бір тілдей ақ паракты кезекші дәрігердің қолына үстіттym.

Үңіле бере, өні қашып кеткен ол алдындағы кара телефонға жармасып, құлакқа түрпідей тиетін сұық диагнозды қақа-лып-шашатып арғы жаққа хабарлап жатты.

Сол – сол-ақ екен, ақ халаттылар үлкен әбігерге түсіп, бір-бірімен сендей соғылысып кетті.

«Ішімдегі өздігінен жатырымды жарып шыға алмайтын» көрінеді.

«Қарынды жарып алмаса болмайды» екен...

«Ота керек» дегенді естігенин аза бойым қаза болды. Толғағым жиілеп, жаным шырқырай, бебеу қағып, қабырға қарманып тұрганымда, қасыма кезекші дәрігер келіп:

– Ультрадыбыстық зерттеудің қорытындысын өз гинекологиянызға неге ерте бермегенсіз? Сізге жоспарлы ота жасауды тиіс еді гой. Енді аяқ астына отага қалай озірлейміз? – деп күйіп-пісті.

Кінәлі кейіпте, өлеусіреген жанарымды жогары көтеруге тырысып-ақ бақтым. Дәрігердің көкшиген көзі сөл болса шекесіне шығып кетейін деп тұр. Дауысы аса зілді естіледі:

– Шарана сыртқа үмтүлуда, толғақ әбден пісіп-жетілген. «Гидроцефалия» екенин өзініз білгенсіз, оқыған, сауатты әйелсіз... Енді бірдене болсаныз, кінәлі кім болады? Қырсыққанда дәл бүгін кезекшілікке түсе қалғанымды караңы, – дегенде, жарықшақтанда шықкан дауысының соңы өксікке ұқсап кеткендей болып естілді.

Бірақ жаным мұрнымын ұшына келіп тұрган дәл қазіргі сәт мен оған не дейін? Баданадай қос тамшы палатаның салқын еденіне тырс-тырс тамып түскен.

Үстіме жабылған ескілеу жабындының жағымсыз исі мұрныма келіп, жүргімді лоблытты.

Жанымды қоярға жер таппай, бір-екі рет әрі-бері жүріп, темір төсектің басынан тас қып ұстай алдым. Есімді жоғалтармын дегенмін. Саусактарым сол қүйі қарысып, катып қалғандай. Білегімнен қан алуға келген мейірбике әрен дегенде жазып алды. Бойымды билгесін беймөлім үрейдеи бе, ине пісуге тамырымды таппай, көп әуреге тұсті. Бірер тамшы канды сығып алғандай сыйзықтатып, бірдене тамызды құтысына.

Толғақ қысқанда, тіршілік тілерсегіне жармасып, жаным қала ма, қалмай ма деп зар қағады екенсін. Алғашқы балада осытай болып па еді? Бұл бір ұмытшақ ауру менде де бар. Үкілай жеңешем екіншісін қыз босанғанда апамның: «Қыз ба-

ланың толғағы ацы болады» дегені ойыма орала қалды. Бұл жолғы толғағым Сұнқарымды дүниеге әкелгендегідей емес, тым ашы болып тұр.

Ультрадыбыстық зерттеу жасаған дәрігердің аузынан қорқынышты диагноз шыққан кезде, сенер-сенбесімді де білмей екіұдай күй кешіп, «жынысы кім?» деп те сұрамаппын. Білегіме қойып кеткен системага қарап жатып, «қыз шыгар...» деп ойладым. Сосын дәрінің қуаты ма, көзім ілініп кетіпті.

...Көк майса жазықта келе жатыр екенмін. Алдынан қызгалдақты алқап корінді. «Гүл тере кетейінші» деп, жүгіріп жеттім. Қызығып, бір қызгалдақты үзіп алғам. Сол – сол-ақ екен, алдынан шыққан отты жарық көзімді қарып түсті.

Жерден аспанға тік шаншылып, карақошқыл бұлт көтеріліп барады. Апырым-ау, жанағана шөкімдей бұлт жоқ сияқты еді гой...».

Кенет табан астымдағы жер қарс айырылып кетердей солқ-солқ етіп, дірілдеп ала жөнелген. Көз ұшындағы ауыттым сіл-кіністен тербеліп, кенет сағымға айналып, көзден гайып болып кетіп, енді бір қараганда, атып «бұлт – саңырауқұлақ» үстінде, аспанға тік көтеріліп барады екен деймін...

Ауылға қараң алыш-ұшып жүгіргім келеді, бірақ табаным жерге жабысып қалғандай, бір қадам алға бассашы.

Сонда да бар күшімді жиып, жанталаса алға ұмтыла түсемін.

«Үйдегілер не болып жатыр екен?» деп ойлап қоямын. Жанағана қызгалдаққа көміліп, тербетіліп түрган кен жазиралы қыркүйген терідей конырсып жатыр.

Колымдағы қызғалдағымды бауырима қысып, қорғап келем. Көзімнен акқан пора-пора жас табан астында қызарандалап, түтіндеген қоламта шокқа тамып жатыр... болмаса, жауын жауып кеткендей ме?!

Кенет қойнимда тығып алған қызғалдағымды алып шығамын. Қанша аялап, қорғаштап келе жатсам да, басы қап-қара болып күйіп кеткен, сабағынан шартсынып, салбырап тұр.

Жүргім аузыма тығылып, кенет шынғырып жібергем. Өз дауысымиан шошып ояныппын. Мейірбике бетімнен шапалақтап жатыр екен. «Оянды! Оянды!» деген дауыс анық естілді.

– Өз-өзінізді қолға алыңыз!

Кезекші дәрігердің дауысы тым қатқыл:

– Консиліум жасадық. Толғағынызды дәрімен тоқтатып, сізді сөл «үйіктатып» алдық. Қазір отаға аламыз, өздігінізден босана алмайсыз!

Осыны айтып, мейірбикеге бір тапсырмаларын берген соң, ол палатадан асығыс шығып кетті.

Толғақ қайтқан соң, жаным тынышталып, әлгі түсімді еске түсіруге тырысып жатырмын.

«Қызғалдақ көргенім – қыз болғаны...

Ядролық сынақтың құрбаны болғаны ма балапанымның?!

Түсімде қызғалдақ басып қаш-қара күйік шалып, сабағынан сынып қалды емес пе?».

Кенет сол ойымнан өн бойым дір ете қалған.

«Не деген қатыгез едің, – дейді ішімдегі бір дауыс. – Түс – түлкінің bogы. Дәрігер де қателесуі мүмкін ғой? Бала он екі мүшесі сау келеді өмірге!».

«Өлі туады, не ғұмыры ұзақ болмайды» дейді тағы бір дауыс.

Көрген түсімді басқаша қалай жоруга болар? Әмірмен жагаласып жүріп, «өмірін сактап қаламын» деген өзім емес пе едім?

Әмір «алдыртып таста» дегенде көнбекем.

«Гидроцефалия»...

Аты не деген жаман еді? Полигон зардабынан мүгедек жаратылған бала асыраган қанша отбасы өзімізben іргелес тұрып жатқаны рас, бірақ мына зауал тап өз басымға түседі деп ойлап-пын ба?!

Сегіз ай сергелденде жүрген еңбегім еш болды-ау! Жанымды жеген жерігіне шыдап, тұндерде тоқсан бұрап, күрсағымды қысқаныңа төзіп, кешелі бергі ашы толғағына тырысып отырғаным бекер кеткені-ай! «Екеуі қатар өскені де жақсы ғой!» деп үміттенген күйеуіме, «Бөле келеді!» деп, құлындаі құлдыраңдап, қуанып жүрген ұлымға не бетімді айтамын?!

Іштен тығызып зар еніреп жатырмын.

– Жыламаныз, қан қысымыныз көтеріліп кетеді. Отадан көркіпнаныз, ештеңе білмей де қаласыз! – деп, жап-жас мейірбике мені сабырга шақырып кояды. – Оянғанда, бірден бөпемен қауышасыз. Керемет емес пе?!

Ар жағында не сүмдыктың жатқанын бұл қыз білмейді ғой, әттен!

Көп ұзамай, ота үстелінде жаттым.

Наркоз берген анестизиолог сөзге айналдырып тұрған. Одан кейінгісі есімде жоқ...

– Аяулым... Аяулым! – деген үн келеді құлағыма.

Көзімді ашайын деймін. Кірпіктерім зілдей, қимылдата алар емеспін, болар-болмас жарық себезгілегендей болады.

«Есін жиды» деп жатқандай ма біреу?

«Қызы босандыныз!».

«Құдайга мын шүкір, қызым бар. Мен – анамын!».

Сұнқарымды босанғанда, ақушер жоғары көтеріп, тырбандатып:

– Үл таптыныз! Құттықтаймыз! – деп, дүниені бір жарқ еткізген. Ол інгәлан, мына дүниеге келгенінен хабар беріп, бақырып жатты-ау! Дауысы неткен зор еді! «Батыр болады өскенде!» деп шаттанып, мереім асып-төгіліп еді-ау сонда.

Езу тартып жатыр екенмін.

Кенет жалған дүниеден бір сәт ірге ажыратқан санам бұлттан ашылған күндей жарқ ете қалғаны. Бәрі сап етіп есіме түсекетті.

«Он екі мүшесін сау ма екен?».

Сананы найзагайдай тіліп түскен осынау ойдан өзіме таныс бір жексүрүн құлазу сезімі кеудеме ақырын жайылып бара жатты.

– Балам қайда? – дедім, күргап қалған ернім өрен икемге келіп.

– Алаңдаманыз, инкубациялық кабинада, – дейді кан қысымынды өлшеп жатқан дәрігер. – Сізге әзір қозғалуға болмайды, кан қысымыныз өте төмен, тыныштық сактап, жата тұрыныз.

Есіктен мейірбіке көрінген. Жастығымды сәл биіктетіп, жағдайымды жіті қарап шыққан ол жанымда асулы тұрған дәрілердің біреуін ине арқылы білтегіме қосты.

Бірдене дегім келеді. Бар күшімді салып қызымның жағдағын білмекшімін...

– Мен қайдамын?

- Жан сактау бөлмесіндесіз.
- Балам кайда?
- Нәрестелер жататын жақта... алаңдаманыз...
- Жағдайы қалай?
- Ол жағын балалар дәрігері келіп айтады. Қазір келіп те калар.
- Мен оны қашан көремін... қашан емізем... қарны ашып қалмай ма?..
- Аманшылық болса, балаңызды да бауырыңызга аларсыз, емірене емізерсіз... шаршап қалатын болдыңыз, біраз үйкітап алыңыз. Мына дәрінің үйкітататын күші бар, казір бәрі жақсы болады.

Басқа нәрсе сұрауға онсыз да күш жоқ. Құтыдан дыбыссыз мөлт-мөлт тамған дәрі тамшыларына қарап жатырмын. Үйқы өлемі, шынында да, өзіне тартатындей. Ойым күнгірт, шашыранқы.

Бұл түні әл-қуатым сол күйі маған қайтып келмеді.

Көзімді ашқанда карасам, терезеден самала жарық молынан төгіліп тұр екен. Кіршіксіз әппак халатты талдырмаш әйел көзілдірігін бір көтеріп қойып, өзін «балалар дәрігерімін» деп таныстырды. Қабагымды бағып, аз-кем үнсіз отырды. Сосын:

- Семейде ультрадыбыстық зерттеу өтіпсіз. Қағазы тірке-ліпті. Өкінішке карай, онда қойылған «гидроцефалия» диагнозы нақтыланып отыр, – деді. Соны айтып, тағы біраз үнсіз калды.

– Сіз қамықпаныз! Бұл диагнозбен туған баланы біраз уақыт анасынан бөліп ұстауға тұра келеді. Өзініз күш жинал алған сон барып көріп тұрасыз, – деді сосын.

- Емізбеймін бе? – деппін. Аузыма басқа ештеңе түспеді.
- Өзіміз түтікпен тамақтандырамыз. Нәрестені аш калдырмаймыз гой, уайымдаманыз, – деді дәрігер.

Құлағым шыңылдал, сөздерінің бірін ұғып, бірін ұклайтындеймын. Міне, палатада тағы жалғызыбын. Көз жасым кос самайымды сай-сала айғыздал, дәрі иісі сіңген жастыққа дыбыссыз тамып жатыр.

Келер күннің шер-қайғысы ма екен бұл?

Әлсіздігімнен болар, тағы бір тәулікті қабыргасы мен төбесі бірыңғай әппак, тар бөлмеде өткіздім. Баланы қөруге ансарым ауады. Кеуде тұсым сыздайтындаі. Сәбиімді ойлағанда иіп кеттін болса керек. Бірақ мына халімде маған орнымнан түруға тыйым салынған. Тіпті Әмірді де кіргізбей жатыр емес пе?

«Ол келіп дәрігермен сөйлескен шығар. Шарананың жағда-йын естігенде қандай халде болды екен. «Көзін құрт» дегеніне қонбеп едім, түбі осындаі болатынын білгендей екен» деп ой-ласам, ішім жидіп кеткендей болады. Апам: «Еркектің айтқа-нын екі етпе. Оларды Жаратушы әйелден артық етіп жаратқан. Олар – сұнғыла! Не нәрсені де бізден бұрын әрі артық біліп отырады» дейтін.

Мен неге ерімді тыңдамадым?

Енді бейшара қызымының құні не болады?

Откенде бала дәрігері осындаі диагнозбен тұған баланың суретін көрсеткен. Сол сурет көз алдыма келсе, ішіме қан толғандай шіміркенем. «Балапаным, сені қандай болсан да сүйемін! Себебі, мен сенін анаңмын! Ана – баланы, бала ананы тандай ма екен?! Маған бұйырғаны – сенсің! Қандай қындық, қорлық көрсем де шыдаймын, тек аман болшы!» деп, көз жа-сым көл болып жатып, тағы бір таңды атырдым.

Үшінші тәуліктің таңы атқанда орнымнан тұрдым. Тәлтірек-тей басып, қабырганы жағалап барып, терезеден сыртқа көз тастағам. Әппак жарық сауылдап, көзімді қарыды. Ақ бұлттар жүзген аспанды көрдім. Терезе алдындағы көрі үйенкі ағашының бұттақтары әйнекке төніп тұр. Жапырақсыз, сидиып қалыпты. Сыртта кара сұық-ау. Жел жаланаш бұттақтарды жүлкүлап жатыр. Терезе түбінде қарайған шок талдың арасынан кісі сұлбасы сияқты бірдеме қарандайтындаі ма? Аңырап келіп қалған алыстағы байғұс апам болып жүрмесін?! Апамның қу жаны қазір өлім мен өмір арасында қиналған кенжебикесінің үстінде болар еді, егер... егер мен оған мына соры қайнаган нәрестеге жүкті екенімді айтканымда. Жаны шырқырап, құдайдан тілеу тілең, уәлелін көз ілер еді-ау бүгін?! Бірақ ішімдегінің жарым-жан екенін білген сон, ол жакқа тырс етіп хабар бермегем.

Қиналғанда жанымда демеу болар төркінім тым алыста еді.

Апамның көз үшінда көлбен еткені жанымның қылбұрау салғандай қиналғанынан болар, сірә?

Елес екеніне көзім сенсе де, көнілім сенбей, анықтап қайта-қайта тесілгем. Сосын шерлі жалғызыдымымен қайтадан бір озім бетпе-бет қалып, қамыга қайыскам. Ішке кірген мейірбікені де бірден байқамаппын. Төсектен тұрган мені көріп ол:

– О, бүгін бетіңіз бері қаралты, жақсы болды! – деді.

Быртиған саусактары аса епті екен, жылдамдатып система қоятын аспапты әзірлеп жатыр.

– Қайырлы күн! – дедім үнімді шыгарып. Кешегідей емес, дауысым да қунақтау сияқтанды.

– Күн жақсы болсын!

– Мені бүгін палатага ауыстыратын шыгарсыздар?

– Оны дәрігерлер шешеді гой...

Айтқанындаі, емдеуші дәрігерім сол күні мені палатага шыгаруға рұқсат берді. Қанша дегенмен ота жасатып босанған онай емес, жай жөтелудің өзі мүн.

Мен келген палатада тағы үш әйел жатыр екен. Ескі перзентхана болған соң бас-басымызға болме жетпейтіні быттай да түсінікті. Маган терезеге таяу төсек тиіді. Бала емізіп отырган екі жас келіншек пен бір егде жастагы әйел бөбектерін бауырларына қысып, беттеріне үніліп, мейірі қанып отыр. Маган қаруаға мұршалары жок.

Осы сәтте төсек үстінде жалғыз шошайып отырган өзімді артық адам сезінгенім рас. Мұрныма жас нәрестенің жұпары келіп, қынқылдаған үндерінен омырауым иіп бара жатканын сеземін. Ана үшін дүниедегі ен киыны – сәбиінді қолына ұстап, бауырына баса алмағаның, алпыс екі тамырың иіп, сұтке тырсылдаپ толып тұрган кос анарынды аузына тоса алмағаның. Мына әйелдердің өздерінің де дені сау, балаларының дені сау, бұдан асқан бакыт бар ма?

Осыны ойлап, тағы көзім суланып шыға келді.

– Сіңлім, неге осынша күйіне жылайсың, бөпен аман ба? – деген дауыска селк еттім. Бөлменің түпкіргі жағынан жаны ашып тіл қатқан манағы ересектеу әйел екен. Өзі баласын емізіп үйықтатып қойып, назарын маган аударған сыңайты. Басына байлаған ақ шаршысы көзіне түсіп кетіпті.

– Аман! Тек әлсіз боп тұған сон бөлек үстап жатыр, әлі көрмедім. – дедім жөн сұраған адамға жөндем тіл қатып.

– Аман болса болды, қатарға қосып аласын, уайымдама, – деп, мені сабырға шақырды.

– Әүмин! – дедім іштей, басқа не дейін.

Жас келіншектер балаларын емізіп болып, терезенің тұсына көтеріп барып, артынан іздеп келген күйеулеріне көрсетіп жатты. Арғы жактағылар алыстан не көрер дейсін, әйтеуір қуаныш еткен түрлери ғой. «Нәрестем дені сау туғанда, өкесі мен кішкентай ағасына мен де осылай көрсетіп тұрар едім-ау» деген ой сана түбінен жылт еткенде, іші-бауырымды қара мысық тырналап жатқандай болды.

– Нешінші балан? – деді үлкен әйел.

– Екіншім. Сіздікі ше?

– Алтыншы балам. Догдырлар «босанба, өлесін» десе де мына дүниеден несібесі бар періште ғой, дүниеге әкеліп алдым! – деді пыс-пыс етіп үйіктап жатқан бөбегінің томпиган түріне мейірллене қарал.

Өз ерлігіне өзі риза жанының кейіпі. Жүзінен нүр тамып тұрды сол сәт. Шіркін, жас босанған әйелден ажарлы кім бар мына жарық жалғанда?!

– Неге олай деді? – деген сұрақ еркіннен тыс шығып кеткендей болды.

– Алғашқы үш баламның денсаулығы дұрыс, өзімнің сауышылығым да дұрыс болды. Төртінші балам даун синдромымен келді дүниеге. Бесіншісінде қан көп кетіп, балам шетінеп кетті, өзім әрен аман қалдым. Содан ғой айтып жүргендері. Мен оларды тыңдаймын ба?! Күдай бергенін ала береміз де!

Әлгі «бақырганның алдынан өкірген шығыпты» дегендей, бір баласы өлі тұған, енді бірі даун синдромымен ауыратын мына ойелдің халтіп естіп, іштей одан сайып күйзеліп кетсем керек.

– Ауру балаңыз қайда? – деп қалып, тілімді тістей қойдым. Бұлай қойып қалғаным дұрыс болмады-ау деп бір жағынан қысылып қалғам, дегенмен, әркім өз басының сакинасын сұрайды емес пе.

– Қайда болушы еді, үйде. Үлкендері қарап қалды.

– Емдеппедініз бе?

– Жаным-ау, емі жоқ қой ол бәленің... Апармаған жерім жоқ, шын жазылмайды екен. Ана жарып жатқаның кесірі қазақты сынаққа қалдырды гой! Біздің ауылда кемтар туған бала көп, ешкімге ешкім таңданбайды. Бұл бір басымызға төнген зобалаң болды, рас...

Әйелдің өні көнбістеніп, дауысы қүніреніп шықты. Айтып отырган сөздерінің жаны бар.

«Иә. Сұм полигон! Өтсейін кімнен сұраймыз? Бұл қашанға дейін жалғаса бермек?».

Оз ойыммен өзім арпалысып кеткен екем, бір ден қойсам, әйел әлі сөйлеп отыр:

– Әйелдердің көбі қан аздық ауруымен алысып, дұрыс бала көтере алмайды, көтерсе де жатырда өспей қалады. Еркектер де жетісіп тұрган жоқ, шетінен ауру. Өзіне-өзі қол салып жатқан жастарды айтсанышы, қыршын гой, қыршын... Соның бәрі мына әдірем қалғыр полигонның залалынан болып жатыр, – деп ашына, біраз әңгіме айтып тастады.

– Менің баламдікі де соның зардабынан болған деп отыр, басы дәү болып туды, өзім әлі көрмедім, – деп, егіліп қоя бердім.

Қасымыздагы екі жас келіншек елең ете қалысқан. Жанымызга келіп, үрпісіп:

– Не болды? – деп жатыр.

– Қайтесің, қарағым, іштен шыққан шұбар жылан, бағасын енді, – деді үлкен әйел. – Отырмыз гой алты жылдан бері ақылы жарым баламен алысып. Өскен сайын қыны болады екен, – деп ол да ішкі өксігін жасыра алмай қалды.

Екі жас келіншек үнсіз. Жұздерін мұн торлай қалыпты. Тұнгыштарын аман туғандарына іштей шүкіршілік айтып тұрган болар? Бірақ бұларды да алда не күтіп тұр? Топырак та, су да, ағаш та уланған. Радиация жерге де, көкке де жайылған. Төбеннен жанбыр боп төгіп отеді. Тас бұлактын сұзы деп ішіп отырганың да – у. Мал еті де таза емес. Сорлы қазақ қызыл жүйе саясатының тегеурінді шенгеліне мықтап маталип тұр-ау қазір.

– Карауылда бір әйел босанып, қол-аяғы жоқ, басында екі көзі мен аузы ғана бар бала тауыпты, суретін газетке басыпты, –

деді жас келіншектердің біріне тіл бітіп. – Саржал мен Қайнарда да кемтарлар көп.

– Біз дәм осы жақтан бұйырып, Алматыдан келгенбіз, сонда да осы жердің сүйн ішіп жүрген сон, осылай болған шығар, – дедім.

– Күйеуің осы жақтан ба еді?

– Иә, жергілікті. Өзім Абыралыға келін боп түскенмін.

– Ә, бақытты бол, айналайын, – деді үлкен әйел.

Манадан бері үндемей, әр сөзімізге мұкият құлак салып отырған аққұба өнді, қысқа шашты келіншек кенет:

– Менің ғылыми жұмысым осы сала бойынша еді, – деп сөзге араласты. – Дегелендегі алғашқы сынақтан пайда болған көл бар еді ғой? Оны ішүге, шомылуға болады. Себебі, ғылыми зерттеу нәтижесі бойынша радиациядан адам өміріне тәнер қауіп-кater жок. Бұл ғылыми дәлелденген казір.

Ересек әйел мырс етті:

– Атың кім еді сенің, қалқам?

– Жанат.

– Жанат сінілім-ау, сонда мына қасіреттің атын не дейміз?

Сенің ғылымиң нені біліпті сонда?

– Осыны айтып, күнкілдей сейлеп, әлгі әйел кенет жылай бастаған бөбекіне айналып кетті.

– Осы бір қасіретті жағдай басыма түскенін білгеннен кейін мен де ауылдың үлкендерінен сыр суыртпақтап, ғылыми басылымдарды қопарып, газет қындыларын жинай бастаған болатынмын. Сол деректер «сынақ маңындағы Дегелен, осы Қарауыл жакта 1954-1956 жылдары дүние есігін ашқан сәбілердің көбі бірі ерте, бірі кеш шетінеп кеткен» дейді. Әсіресе, екінші үрпак пен үшінші үрпакта кемтарлық көп болатыны анықталып, көз жеткен нөрсе.

Естігінімді айтуым мүн екен, бөбекін тыныштандырып, ортамызға қайта жакындаған ана әйел:

– Міне, міне, осы сөзіңің жаны бар. Сенің күйеуің осы жақтан болса, екінші үрпак, мына бала – үшінші үрпак, – деп дүнк еткізді.

Дүниеге ауру бала әкелуімнің себебі, міне, қайда жатыр?! Құдай-ау, өмірге тағы сәби әкелсем, тағы осындаі қүйік күтіп

тұрганы ма?! Аза бойым қаза болып шошыдым. Ішім удай ашып бара жатты. Әйелдердің ендігі сөзін естігім келмеді. Төсегіме бір уыс боп бүк түсіп, теріс қарап жатып қалдым.

Есіме апамның мені ұзатар алдында үйдегілерге айтқан құпиясы, «әкесі сол Семей жактан еді» дегені түскен. Сонда менінде жетісіп тұрганым шамалты, осы топырақтың тұқымымын. Әмір екеуміз қосылғанда қанымызығы уымыз екі еселене қүшейіп, мына бейшара қыз пайда болған ғой сонда?

Көзімді бір ашқанда інір қарайыпты. Терезеден төнген қара күнгірт бояу менің ішкі жан дүниеммен бедері білінбей араласып бара жатты.

Ертеңінде қызыымды коруге барғам.

Кішкентай тіршілік шыны вакуумның ішінде жатыр екен.

Ә дегенде көзімнен бір тамшы жас шыққан жок. Не нәрсеге де іштей тас бекінгендеймін. Бетіне үңіліп қараймын.

Сықпты қорқынышты тіршілік иесін ә дегенде пенделік құжаным жатырқап, тіксініп, тітіркене қалғанымен, ол сезім қасқағымда сейіліп, келесі сәтте көктен толассыз құйылып кеткен толағай тасқын аналық мейірімнің алып толқынын анық сезіндім.

«Құдай-ау, менің ішімнен шыққаны шын ба?!.»

Көз жасым кенет құйытып, гаріп нәрестемнің бетіне енді мұлдем басқа көзбен, дүниенің барлық қасіретті қайғысы мен шер-мұнын жия, жабыса қадаламын.

Амандығын көтеріліп-басылып тыныс алып жаткан үлкен қарны ғана білдіреді демесен, осы жатысында тіршіліктің нышаны да жок секілді. Қарнының терісінің жұқалығы сондай, астындағы іш құрылышы анық көрініп жатыр.

Көзім қарауытып барып ашылатын сияқты.

Сонда да үңіле түсуді тоқтатпаймын.

Мынау шидей аяқ-қол, дene тұрқынан екі есе үлкен бас... бас емес-ау, үрленіп койған шар, әншейін!

«Бірдене жаныңа бата ма, құлышын? Әлде дәрінің күшімен ештене сезбей жатырсың ба?».

Жұмулы болса да шүнірейіп теренге түсіп кеткен көзі... Маңдайындағы айқын көрінген көк тамырлары... Лұп-лұп соққаны анық көрініп тұрган еңбегінің ерекше үлкен шұқыры...

«Кұлымын-ааауу... бір уыс бетіннен сенің, күлінім-ааа-ууу! Кандай жазығың бар еді?!».

Жаным дыбыссыз ышқынып: «Ана нәзік дene мына дәу басты қалай көтереді?!» дегенде, кенет жүргім лоблып, көзім қарауытқанын білемін. Сол жерде талықсып кетіппін. Көзімді ашқанда, палатада жатыр екенмін. Ақ халаттылар үстімнен төніп, қаумалай қалыпты.

Көз атдыма бір уыс, езі жарымжан шаранамның бейнесі. Инемен тесіп система қойған кішкентай нәзік қолынан ұстағым келетіндей. Бірақ сүйектерін ет пен тері емес, жұқа шүберекпен қаптап қойғандай нәрестемді қолға алу мүмкін бе?!

«Адырайған тамырлары көк сиямен денесіне әдейі жазылған жазудай ғой, құдай-ааауу!».

Ақ халаттылар: «Әлсіз адамды неге ондай жерге жібересіндер» деп бірін-бірі кінәлап жатыр.

Ей, мейірімді жандар! Өз баламнан өзім шошысам, сендердің не жазыктарың бар? Бұл сүмдикка дәрігер кінәлі ме?

Мүмкін, әке кінәлі шығар?

Әлде, ана байғұс па?

Жо-жок! Бұл сүмдикка Қазақстан аумағында атом бомбасын сынақтан өткізіп, ауа мен топыракты былғаған, мөлдір сулы кара Ертістің сүйін улаған, қазактың тегін бүлдірген коммунистік жүйе, адам тағдырын табан астына салып, атом технологиясына ұмтылған беймаза ғасыр кінәлі.

Ендеше аналық лағынетім саған, ей, тасбауыр... таскерен... сүм заман!

Жаңа қоныс

Мен сегізінші сыныпты аяқтаган жылды «туған ауылдың қоңыр тұтіні, хош!» деп, аудан орталығына қоныс аударуға мәжбүр болдық. Ағам медицина институтын бітіріп келе сала үйленіп, аудандық ауруханага қызметке тұрган болатын. Қара шанырактың ертеңгі тірепі бір өзі болған соң, әке-шешем сол жалғыздын тілеуін тілеп, айтқанын істеп, тамыр жайған топырағынан қопарыла көшкен.

Біз бай емес едік. Әке-шешем жиган-тергеніне жалғыз ұлды оқытты, үлбіретіп, ата жолымен келін түсірді.

Ақыры ауылдағы үй мен кора-қопсыны, қолдағы ұсақ мал мен бұзаулы сиырды сатып алғандағы үйіміз, апамның тілімен айтқанда: «Алматыға көшкен сарттың жаман тамы» ғана еді.

Әкем оған:

– Отырған орныңды жамандама. Кеткен сарт осы тамнан байып, Алматыдан үлкен үй сатып алыпты. Балама жұғысты болсын! – деген.

Мен ауылда көріп келген үйлерден бұл үйіміздің өзгешелігі, кішігірім мансарды бар еді. Ішкі баспаңдақпен көтеріліп барғанда, шатырдың ортасында екі жатын бөлтмесі орналасқан. Содан ба, сыртынан бір қараганда үй еңсөлі көрінген. Сол кос бөлменің біреуі маған, екіншісі ағам мен женгеме тиді.

Сөйтіп, тоғызынышы сыныпты жаңа мектептен оқуыма тұра келді. Сыныптастарым мені тосырқайтында, алғашқы күннен ықылас-пейіл таныта қоймады. Өздері бірінші болып емеуірін білдірмеген соң, онысыз да кісі жатырқауық табиғатым оларға өздігінен жұғысып кетуге талпынбаған. Сондықтан жаңа ортада ә дегеннен жалғыздық күйін кештім. Сегіз жыл тай-құлындағы тебісіп бірге өскен сыныптастарымды сабак үстінде сағынып отыратынын.

Жалғыздықтың аңы дәмі жасөспірім қыз баланы кәдімгідей күйзеліске ұшыратады екен. Уақыт жылжып, жаңа жерде жарты жыл өткен. Мен болсам, сол күйі ешкіммен тіл табысып, достасып кете алмадым. Аудан орталығы «қала» деген аты бар, бұл жердің оқушыларының мінез-құлқы, киім киісіне дейін ауылдікінен өзгешеленіп, бәлкім, олар мені: «Ауылдан келген қыз» деп менсініңкіремеген де болар?!

Таңертек үйден шығып, мектепке барамын да, сабак аяқтасымен қайтар жолыма түсемін. Бөлмеме тығызып алыш, ауылдағы достарымды, бірге өскен бөле-жиендерімді аңсаймын. Ермегім есқі суреттер мен қыздар арасында жазысқан альбом. Жаңа тарапын жатқан өндөр көлмен жазылған қалың дәптерім. Таза ауа жұпарын жұту үшін терезені ашқанда, жолдың карсы бетіндегі көршіміздің хан сарайындаң еңсілі гимараты көзге түседі. Сол үйді айналдыра коршаған кірпіш дуалының өзінен біздікіндей үш-төрт үй түргызуға болар еді. Дарбазасы ертегідегі Әлибабаның алтынмен апталған қақпасы дерсін. «Сим-сим, айқара ашыла гой!» деп, өз-өзімнен сықылықтан күліп аламын. Шынында да, ара-тұра кісі келіп, ашыла кеткенде, алыстан көз тартып, жарқ-жүрк ете қалады.

Көлік келгенде, үлкен дарбаза өздігінен екі жаққа ысырылып, сырғанап ашылады. Тетікті басқан кездे өздігінен ашылып-жабылатын механикаландырылған сыртқы қақпа бұрын мұндаиды көрмеген ауылдың қарапайым қызына алғашында біртүрлі қызық көрінгені рас.

Қақпа ашылғанда көрғенім, самырсын, қарағай, қайың мен басқа да сыңсыған мәуелі ағаштар көмкерген ауласындағы гүлзарлары көркем, ондағы әуіздерден су шашырап тұратын.

Апам ернін «пішту» дегізіп: «Бұл не қылған байлық? Қайдан келген байлық?» деп жақтырмай қалады.

Ал маған бәрі қызық. Әсіреле, түпкі жағындағы зәулім сарайдың күнге шағылысқан әйнек терезелерінің алдында, үйдің қабырғасымен жоғары қарай өрмелеп өскен гүлдерді айтсаншы! Бұрын салтанатты баспалдақтарды кітаптардан ғана оқып біліп, кинолардан ғана көретін мен үшін бұл үйдің тұрғындарының өмірі де менің киялымда ертегідегідей көрінген.

Жатын бөлмемнің терезесі солардың ауласына қарайтын. Сабагымды жасап, үй тазалап, киім үткеп болған соң, үйге кіріп-шығып жүріп, назарым сол жаққа еріксіз түсे беретін. Біздікінен тағы бір ерекшелігі, есігінің алдынан көлік те, кірген-шыққан адам да үзілмейді. Тіпті біреулер атпен келіп, шеткегерек жаққа байлаپ қойып, үсті-бастарын қакқылаپ, етіктірімен жерді теуіл-теуіп жіберіп, шаңынан тазартып барып үйге қарай бет түзер еді. «Бұлар енді Сагатбек ағам сияқты таудың бауырынан, жайлаудан, көктеуден, күздеуден келгендер» деп өзімше ой түйіп қоямын. Жанында коржын-кошалагын көтерген әйелдері де болатын, олар менің Тамара әпкеме үк-сайтын. Бұл сияқты елдің адамдарын көріп, ауылда қалған әпке-жездемді, олардың карадомалактарын сағынып, жүрегім езіледі.

Әлгі қакпаның алдына кім келсе де именіп барып кішкентай қара түймесін басатын немесе арнайы орнатылған темір тұтқасын көтеріп, тарс-тарс еткізіп үратын. Қакпа ешқашан өздігінен ашылмайды, аргы жағынан ер адам немесе әйелдер келіп ашып, коңактарын ішке енгізіп алады.

Менің көршінің ауласына үнемі назар салып отыратынмы-ды байқаған апам:

– Біреудің дәүлетіне көзінді сатпай тыныш жүр, – деп зекіп тастар еді.

Әкеме:

– Көке, мына үйде кім тұрады? – десем:

– Соны қайтесін, балам, бір байбатша тұрады да, оның есігінің алдына шыққанын кім көріпті, – деп коя салады.

Шындығында, ол үйдің адамдары көлікке іштен мінетіндіктен өздерінің қандай адамдар екенін, бет-жүздерін көрмейтінбіз. Бұл қызығушылығымды одан сайын қоздырып, ағамнан:

– Аға, мына көршилдер кімдер? – деп сүраймын.

– Бір үлкен қызметтегі адам. Оны не етейін деп едің? – дейді ол күліп.

– Жәй, үйтері тым әдемі, – деймін.

– Сол сән-салтанат мандай термен келді деймісің? – дейді сөзге апам араласып. Әдеттегідей, жақтырмай сөйлейді. – Еңбекпен келсе, әкене келер еді де. Колынан кетпені түспей,

көктемде егін егіп, жазда комбайнға жегіліп, күзде қырманға қонып, өмірі колқоздың кара өгізі болды. Еңбегінің бағасы сол – бір «Леліннің сөлкебайы». Бар жинағанына алғаны мына лашық, – деп, төбені көзімен тесіп жіберердей жоғарыға бір қарап, қолын сермен, мырс еткен.

Сөйтіп, әдеттегідей, тағы әкемді шаншып алды. Сөлкебай дегені, коммунистердің көсемі Владимир Ильич Лениннің жұз жылдық мереітойына орай, кеудесіне такқан медаль. Әкем бүкіл ғұмырында төккен маңдай терінің қарымына балтай ма, сол «сөлкебайды» ерекше ыстық көретін. Бірақ өздері оқымаған қарангы болса да, ертеңгі күн табактай дипломы бар, көзі ашық жастардің екенін көкірек көзімен түйсініп, балатарын оқытуға барлық күш-куатын арнаган. Апам бір ашуланса, тиегі ағытылып жүре беретін. Мұндай кезде әкеммен коса, сөз қамшысы ағама да тиіп кетеді:

– Бәлтісте күні-түні жүрген ұлының түрі мынау. Оған да мұндай сарай бүйіра қоймас!

Мұндайда әкем:

– Балалардың көзінше жер-жебіріме жететінің не сенің, – деп, сыртқы есікке қарай беттейді.

Әкем апамды сөзбен жеңбейтінің біледі, сондықтан өзінше бір тапқан тәсілі, осылай сыртқа шығып кетіп, көзінен таса болатын. Осылай апамның ашуының көрігі қызып жаткан бір сәтінде ағам келіп қалса, шеше мінезін жақсы білетін ол келіншегі екеуінің бөлмесінде қарай жылыштай жөнелетін. Мен де өз бөлмеме қарай жып берер едім.

Аузы құргағанша сөйлеп-сойлеп, бір кезде барлығынан озі «устем» болғанына көзі жеткен кезде гана апам: «Ой, жаңым-ай!» деп бір ыңқылдан атып, төрдегі диванға жантая кетеді. Бүгін де сойтті. Жай жантаймай:

– Эй, қайсын бар, уілдетпей мына терезені жапсандаршы! – деген.

«Қақсатпай жаба салайынши» деп мен төменге түскенше, Үкілай женешем барып қалыпты. Бойы жетпей, астына орындық қойып, мықшындал жатыр екен. Оны жактырмадан апам:

– Осыны аларда айттым, бойын бір қарыс қылышп түкимды бұзатын болды деп, сөз тындаған үл бар ма?! – деп дүнк еткізіп бір қойған.

Бағанадан бәрімізді ашы тілімен аямай шакканда келініне қалайша үндемей қалды деп едім-ау. Апамның тілі удаі, сөзі қыршанкы. Женгеме де кейде тілінің бізін сұғып алатыны бар, әйтеуір, қарап отырмайды. Мен болсам, «көрген күнім құрысын» деймін. «Қызға қырық үйден тыйым, одан қалса кара құлдан тыйым» деп қойып, ескертпелерін айта бастағанда, сөздері сүйектен өтеді.

– Сізге жақсы болсын деп жүгіріп келіп ем, өзіме де сол кепек, – деді көп үндей бермейтін келіннің тілі шығып.

– Сен жаппағанда кім жабады, осы үй сенікі! – деп апам оған алая қарады.

– Өзіңіз гой, тұқым бұзатын болды деп отырган, – деп келін мінгірледі орындығын көтеріп бара жатып.

– Эй, мынау не дейіді, жердің құртындағы болып. Бойын жетпей жатқаны өтірік пе?!

– Апа, қойсанызышы, оның бойында неңіз бар, бәле іздел отырады екенсіз, – деп мен женгемді қорғаштадым.

– Бір тұтам екені өтірік пе! – деп апам да қоймайды.

– Сізге дауа жоқ шығар! – деп қүйіп кетіп бөлмеме қарай өтіп бара жатып, өз төсегінде жылап жатқан жеңешемді қөрдім.

Кешкі тамакты жап-жақсы ішіп, демалуға бет алған отбасы мүшелерінің көңілін апамның ара-тұра соққан құйындаі аласапыран мінезі осытай бұзады. Мұндауда үйдің әр бөлмесінің бұрыш-бұрышында сұық ызғар соғып тұрғандай сезілетін. Жаңымыз жаурап, көңіліміз жабырқап әрқайсымыз өз бұрышында отырамыз. Апам болса, түк болмағандай диванда жатып атып, теледидарын тамашалайды. Осы апамның ұрысқаннан қуат алатыны рас сияқты. Не деген адам?!

Бірде ағам кешкі шай үстінде әкеме:

– Көке, мына көршінің жалғыз ұлы көлік апатына түсіп, содан арбага таңытып қалған екен. Алматыға, Мәскеуге апарып емдеңдіпті. Алтыс жерде ұзак жатып жалықкан бала үйге «алтып кетіндер» деп қиғылық салған көрінеді. Емнен нәтиже болмаған соң елге оратыпты. Кеше біздін ауруханаға атып келді, енді бізде ем алады, – деді.

– Обал болған екен, біз естімедік қой, – деді момын әкем.

– Былтыр құдайы тамақ бергенін естігем. Бізді шақырмады гой, менсінбей, – деп бәрін білгіш апам сөзге араласты.

– Қай жерінен мертігіпті? – деп әкем әлі баланы аяп отыр.

– Бел омыртқасынан закым алыпты. Содан екі аяғынан сал болтып қалған.

– Шешесінің түрін көрдік қой, бір тәкаппар катын. Соның кесапаты шығар отбасына келген, – деп, апам енді біреудің әйелін жазықты етіп келе жатыр еді, әкем жақтыра қоймай:

– Жәмиғаш, қойшы енді. Сенімен араласпаса, тәкаппар бола қала ма?! «Тен тенімен, тезек қабымен» деген, сенің өз орган, оның өз ортасы бар дегендей. Балалардың көзінше оның не! – деп тыйып тастады.

Біраз күннен соң «тәкаппар қатын» өзі келді үйге, амандақтан соң ағамды сұрады. Оның өз аяғымен алдына келгеніне апам бір масаттанып қалды. Баласының қызметін бәлсініп, зарлап қоя берді:

– Ол күні-түні бәлнестен шықпайды. Бала-шагасының бет-жүзін демалыстағана көреді, – деп бастап, баласының жұмысының ауырлығын, ондай білікті дәрігер бүл маңайда жоқ екенін айттып жатыр. Ақыры:

– Не шаруаң бар еді, шырағым? – деген байбатшаның «тәкаппар қатынының» өзінің жұпыны табалдырығын аттап тұрганына таныркағандай.

Көк жібек желеңінің етегі тобығына түскен, қалың қара шашын тәбесіне түйіп, көгілдір жібекпен байлап алған, қасык-көзі сүрмеленген әдемі әйелдің жанарының түпкірінде айықпас бір мұн жатыр еді. Сол мұнынан бір тамшы тамып түсіп, сырын ашты:

– Апа, менің төрт қыздың ортасындағы жалғыз ұлым сал бол қалды. Экесінің апармаган жері жоқ. Екі-үш күн болды ауруханада сіздің баланыз емдеп жатыр еді, бүгін «ауруханаға бармаймын» деп безілдеген соң, үйге кіріп қарап бере ме деп келгенім ғой, – деді үні іріп шығып. Демінде ауыр күрсініс бар. Апамның да мысы басты ма, әйел біраз кібіртіктей сөйлейді.

Апамның бет қаратпас адудын мінезінің астында телегей-теніз мейірім жасырулы жататын, былайғы кезде сол мейірім көзінің қақпағын ашуға әсте сараң апам бүл жолы ақ пейілін

лақ еткізді. Әнишейінде қылт мінез, шайпаулау апам мүгедек балага ықыласы түсіп, аяп:

– Кештеу келсе де айтайын, кіріп қарап шығар, – деп, көршіге наң ауыз тигізіп, қакпаға дейін өзі шығарып салды. Үйге кірген сон босага жаққа отыра кетіп:

– Бірі кем дүние деген осы! Дүние-мұлікке ие болады деген мұрагердің халі анау! Соған қарамай өзінің сәнқойлығын айтсаңшы. Жібек көйлегі жер сзызып, қасы-көзін сонша бояганын айтам-ау! – деп ернін сылып еткізді.

Бұл апама дауа жок. Жана ғана мүгедек баланы аяп отырган еді, енді сол екі арада оның анасының киген көйлегі мен қасы-көзін бояганы жақпай қалыпты. Мен ақырын мырс еттім.

Ағам кешкі сегізден аса келген. Соған қарамай, апам та-мағын да ішкізбестен:

– Көрші ақысы – Тәнір ақысы. Жалғыз ұлы жазым болған сортының күнін ешкімге бермесін! – деп, «бар да бардың» астына алып, ағамды көршінің үйіне жіберді.

Сол күннен бастап Өмірхан ағам жұмыстан келе, бірден сол үйге кіріп, гаріп баланы қарап жүрді. Бірақ маган соншалық қызық көрінген көрші үйдің жұмбак тіршілігі туралы әнгіме шетін сөгітіп, сыр шашқан емес. Апам қанша сыр суыртпактаса да, көпке дейін ол үй туралы жұмған аузын ашқан жок.

Үсен ағаның жалғызы

Көп ұзамай, көзіме салтанатты сарайдай көрінген көрші үйдің есігін ашу маған да бүйірдь.

Ағам үйден асығыс шығып бара жатып, қағазга оралған коралты «Көршінікіне апарып берші!» деп өтінген. Мен таңырап кеп үлгергенше, көлігіне асығыс беттеп бара жатты. Өзі аз сөйтейтін ағатайымда жарты сөзінен, кейде қабагынан түсінетінім бар. Бұл Мәлстің, яғни, көршінің сыркат баласының дәрісі екенін үфа койдым.

Мәлске аппаратын дәріні қолыма ұстап тұрып, «жұмбак қақпаның» конырауын бастым. Бұрын тек терезе алдында отырып қана тамашалайтын сән-салтанатты енді өз көзіммен көріп,

аузым аңқиып қалғаны рас. Дарбазаның алдынан аттағаннан үндінің киносының ішіне еніп кеткендей болдым. Сол кездегі бар көретінім үнді киносы болатындықтан, кереметтің бәрін сол кинодағы өмірмен салыстыратыным бар еді.

Конырау басылғаннан көп күттірмей қақпаны басында өзбек тақиясы, үстінде сырмалы женіл ала шапаны бар дембелше кісі ашқан болатын. Амандақсаныма мән бермей, бірден:

- Кім керек? – деп иегін қақкан.
- Мәлске дәрі өкелдім.
- Kip! – деген ол мен ішке өткенше, өзі қақпаны ашып тұрып.

Қарсы алған ер адам маған үйге кіретін есікті нұскап, өзі шаруасымен айналысып кете берді. Аяғымның астындағы жылтыраған тастандарды еппен басып, салтанатты баспалдаққа келдім. Үстіне өдемі кілем төсөлген баспалдақпен имене көтерілдім де, алтыннатқан тұтқалы ағаш есікті ашуға батылым бармай біраз тұрып қалдым. Осы үйді көргенше асырып, алтып-ұшып келгениммен, табалдырықтан өтерде кібертікеп қалғаным рас.

«Шошандап неменеге өзім келдім, осы дәрінің женешем алып келгенде дұрыс болар еді гой. Қанша айтқанмен, женешем де дәрігердің оқуын оқыған. Дәрі жайында бірдене сұрап қалса да түсіндіріп бере алады. Қазір мен не деймін? Өздері ауру бала бағып, қамқоңіл болып отыргандардан не қызық ізделп келдім. Ақымак болмасам желігіп жетіп келем бе?!» деп өзімді жерден алтып, жерге саламын. Бірак шегінуге болмайды. Тұтқаны тартып қалып едім, есік женіл ашылып, бір аттап үйге кіріп келдім.

Алдынан шыққан жан болмады. Табалдырықтан аттаған қалпында состиып тұрып қалдым. «Енді не істеймін, дауыстап біреуін шақырсам ба» деген ой келді.

Ұзын дәліздің бойында бірнеше есік көрінеді. Бәрі де жабық тұр. Үй ішінде өлі тыныштық орнаған. Оң жағымдағы жартылай ашық терезенің жібек пердесі желмен желбіреп назарымды аударды. Сөйтіп тұрганда, жаныма сырылдаپ келіп қалған мүгедек арбасын да байқамай қалыптын. Жас шамасы өзіммен шамалас жасөспірімнің тікірейген кірпі шашын, қалың кастың астынан сұық қараған ақ-қарасы анық көздерін байқап қалып, одан сайын абдырып қалғаным. Дәліз терезесінің күнгірт жарығы түскен әлгінің жүзіне аңқия қараймын.

Күдай-ау, неткен әдемі бала еді мынау!

– Кім керек? – деді ол бір кезде дүнк етіп. Оның шырт ете қатғандағы міnezі алғашқы әсерімді тез жуып-шайып кетті. Есімді тез жиып ала қойғам.

– Мәлс керек, дәрі алып келдім, – дедім.

Әрине, Мәлстің өзі екенін іштей біліп тұрмын. Бозбала маған сұсты жүзімен қадалған күйі ат үстінде тебінгендей, арбасының доңғалағын айналдырып жіберді де, маған жақындаپ келді:

– Мен Мәлспін, – деді.

Мен ораулы дәріні оған ұстата салып, бұрылып кете бермек едім.

– Қашпа! Танысайык! – деп еркінси саңқ етті.

Құтпеген ұсыныска елең етіп, жалт қарағанымда, ол сұсты жүзін құрт жібітіп, жымып отыр екен. Маған:

– Атын кім? – деді.

Осы сәт ол шынында да өте сүйкімді еді. Жүргім дұрсілдеп: «Аяулым» дегенді еркіннен тыс қалай айтып қалғанымды білмей де қалдым.

– Сенен басқа дәрі таситын адам болмады ма? – деді ол келесі сәтте қайтадан қыршанқы кейпіне түсіп. Оның тез құбылатын міnezін жақтырмай қалған мен:

– Жоқ! – дедім китығым ұстап.

Ол енді менен тез құтылғысы келгендей, арбасының доңғалағын тепсініп жіберіп, кері карай дәлізді бойлай жөнелді.

Есіктен шығып бара жатып, оның естілмей кеткен арбасының сырылдаған дыбысын жауырыныммен сезгендей болдым. Бағанағы жүргім дұрсілдеп әрен ашқан есіктен сыртқа атып шыққам. Кілем төсөлген баспалдақты асығыс басам деп, шатынып қалғаным. Құрысын!

Мәлс терезеден қарап, күліп тұрмасын?!

Тас төсөлген шығар жолмен жүгіріп келіп, қақпаға бір-ак тірелдім. Сыртқа қарай итеріп едім, ашылмады. Есікті ашар адам бар ма деп алақтап жан-жагыма қараймын. Әлгінде қақпаңы ашқан адам ауланың бір түпкірінен құлдырандаپ бері қарай келе жатыр екен.

Ертегідей өмірі бар деп киялдаپ жүрген жерге қайта аттап баспастай болып, үйге тұтігіп келдім.

Мәлс деп жүргені тәкаппар, кекшиген қызыл көз пәле екен.
Енді оны желкемнің шұқыры көрсін!

Бірақ менін дегенім болмады. Оның үстінде ашұым тез тарайтын, мінезім жұмсақтау еді. Түс мезетінде мектептен оралсам, дәліздегі телефон жанұшыра шырылдаپ жатыр екен. Жүтіріп келіп тұтқаны алдым. Аргы жағынан ағам:

– Аяш, сенін үйде болғанын жақсы болды ғой! – деп қуанып жатыр. – Қазір бір көліктен дәрі беріп жіберем, сыртқа шығып күтіп ал да, тездетіп көрші үйге апарып бере ғой!

Мен аузымды ашқанша, ол тұтқаны қоя салған. Ағамның жұмысы қауырт, көп сөйлесіп тұратын уақыты жок.

Бір күрсініп алып, аулаға шықтым. Келген көліктен дәріні алып, барғым келмесе де, көршінің үйіне беттедім. Қақпа ашық түр екен. Ауладан жедел жәрдем көлігі көрінді. Үйдін сыртқы есігі өткендегідей емес, шалқасынан ашық жатыр.

Мәлске бірдене болды ма деп, жүрегім өз-өзінен дүрсілдеп қоя бергені. Жек көріп қалғаным рас, бірақ оның сүйкімділігіне тәнті болып қалғаным да өтірік емес еді.

Алдынан Мәлстін анасы шықты. Жаны сырқат перзентінің үстінде екені түрінен көрініп тұрса да, менімен жылы амандастып:

– Дәріні беріп жіберді ме? – деп қолын созды. – Сен Аяулымсың ғой? Аған Өмірхан сондай жақсы адам! Рахмет, айналайын! – деген.

– Сау болыныз! – деппін ернімді жыбырлатып.

Аргы жактан Мәлстің катты сөйлегені естіледі. Тіпті жылап жатыр ма деп те ойладым. Жүрегім біртүрлі су ете қалғандай болды. Бір орнымда қозғалмай тұрып қалғанымды көрген анасы:

– Бара ғой, – деген.

Ұялып, қызырып кеттім білем. Бұрылып алып, алды-артыма қарамай үйіме қарай безе жөнелдім.

Ағам мені бұл үйге жиі жұмсайтын болды. Келесі жолы көрші үйге кіріп тұрып:

– Кім бар? – деп дауыстауыма тура келді.

Құлакқа ұрған танадай тыныштықтан жаным шошыды ма, өз дауысым өзіме бөтен біреудің дауысы сиякты естілді.

Бір кезде ту сыртымнан:

- Сәлем! – деген Мәлстің дауысы шықты. Құлімсіреп түр.
- Бері кел, – деп, арбасын сырғытып, бір бөлмеге кіріп кетті ол.

Мен бөлменін ішіне кіріп, төрт қабырға сірескен кітапты көріп:

- Мәссаган! – дегем. Кітапқұмар екенім рас еді. Бірақ бұл қызығымнан ұялып кетіл Мәлске: – Саган дәрі әкелдім, – деп-пін іле-шала.

– Саган рахмет, үнемі маған дәрі тасып жүресін, – деп жы-миды ол.

Әппак тістерінде кіршік жоқ, маржандай тізіліп түр. Аққұба өні алабұртатында. «Әттең, дені сау болғанда ғой?!» деймін, оны іштей аяп.

– Үйде ешкім жоқ, менің бөлмеме жүр, танысып, біраз сөй-лесейік, – деген бір кезде. – Саган тиіспеймін, қорықпа, – деді сосын ойнақыланып көзін қысып қойып. Дерт жеген оның әп-пак әлжуаз түріне қарап, «әлің келсе!» дегендей, мырс еттім. Ол да әппак тісін жарқырата күлді.

Осы сәт бір-бірімізben үнсіз тіл табысқандай едік.

Кәдімгідей кен, үлкен терезелерінен шуақ төгіліп түрган жа-рық болте екен. Бір шетте жатын төсегі, жасыл жібек перделері жер сызған екі терезенін ортасында тап сондай түстегі жасыл диван, бәрі рет-ретімен орналасқан. Жасөспірім бозбалага қа-жет деген спорт әбзелдері бір қабырғаны атып түр. Мәлс арба-сын диванға жақындастып тоқтады да, маған:

– Мына жерге отыр, – деп, диванды нұскады. Ақырын ба-сып келіп, көрсеткен орнына жайғастым. Екі тіземді түйістіріп, көйлегімнің етегін тартқыладап жауып коямын.

- Нешінші сиңыптасың? – дейді ол.
- Тоғызыншы...
- Кай мектептен?!
- Төртінші...

Ол «мм...» деп, касын керіп үнсіз қалды. Үнсіздік ұзакқа созылған сайын озімді ыңғайсыз сезінмелін. Қабырға сагаттың тықылы да мына жайсыздықтан құлакты жарып, тым қатты естілетін сияқты.

– Мен орыс мектебіндегі тогызынышы сыныпта оқуым керек еді, мына жағдайдан... – деді де, екі колын жайып түсіндірген болды.

Мен үндей алмай, болған іске құлды өзім кінәлі жандай, алдында төмен қарап отырмын.

– Әзірге мұғалімдер үйге келіп оқытып жатыр.

– Аа...

– Алатқа түскенге дейін музыка мектебінде домбырадан дәріс алып жүрген едім.

– Солай ма?

– Қазір оны да үйде жалғастырып жатырмын. Ал сен ше, не мен айналысасың, мектептен басқа?

– Мектеп... үй... айтпақшы, кітап оқимын. Қебінесе кітапханадан аламын кітапты.

– Сонда сені не қызықтырады? Проза? Поэзия?

Мәлс өте білімді бала көрінді. Өзінің алғыр сұраптарымен менің дымымды қоймайтын сияқты.

– Екеуін де... – деймін. – Сендердің үй кітапханаларың үлкен еken. Тіпті керемет!

– Иә, – деп мені қостайды ол. – Кітап алып түр, қатасан...

Мәлстін мінезі ашық еken. Тәнінде кінарат болса да, көңлі сау, жүрегі жылы. Ол арбасын сырылдатып, алдыға түсті, мен үндең еріп келемін. Біз мана мен көрген кітапханага келгенде тағы да көзім жарқ еткен.

– Мына сөреде «Дүниежүзілік балалар әдебиеті», ал мына жерде «Орыс әдебиеті классиктерінің бүкіл жинағы»... «Қазак Кенес әдебиеті» де, «Әлем әдебиеті аудармалары» да бар.

– Мәлс-ау, сендер шын бай екенсіндер! – деймін күлтіп.

Ол маған тесіле қарап:

– Құлғенде әдемі екенсің! – дейді сұқтанып.

Он бойынан тәтті бір сезім жүгіріп өткендей болады. Кенет батылдық кіргендей. Онымен сөйлесе түскен ұнап барады. Әдемі әзіл айтса, сыңғырлап тұрып құлгім келеді, бірақ әдеп сақтап, өзімді ұстауға тырысып бағамын. Сонда да кейде арада орнай қалатын үнсіздік тәтті үйлесімді бұзатын сияқты. Ондайда бір-бірімізге тезірек сұрап қойып жол тауып кетеміз.

– Мына кітаптардың бәрін оқыдың ба? – деймін.

– Бәрін қалай оқи бересің. Жаныма жақындарын оқып жүремін. Бұл әкемнің студент кезінен жинаған кітаптары ғой. Балаларым оқиды деп жүрген жерінен кітап әкелетін әдеті бар бұрыннан.

Мәлс сөйтіп әкесінің кітапты қалай жинаған тарихын әнгімелей бастады. Осы кезде болмеге сұнғақ бойлы, аппак әдемі қыз бас сұққан. Ұзын шашын өріп арқасына жіберіп қойынты.

– Мәлс, сен осында екенсің ғой! Басқалар қайда кеткен? – деді о.і. Терезеге таяп барып, Мәлске бұрылғанда, мен жаққа тіпті көзінің қызығын да салмады. Байқамай тұрған шығар деп амандасу ишарасын жасап едім, бетіме бір қарады да, қайтып мойнын бұрган жок. Мәлспен бір-екі ауыз тіл қатысқан соң, кербез басып, бойын сол күйі тік ұстаган қалпы есікке беттеді.

– Еу, Өмірхан ағаның қарындасты келіп отыр, амандас. – деген Мәлстің сөзін жүре тындал:

– Өмірханың кім тағы да? – деп мырс етіп бара жатты. Ол есіктен шығып кеткен соң, Мәлс:

– Эпкем ғой, – деп, шарасыз күйде қолын сермеген. – Мән берме!

Әпкесі, тәқаппар ханшайым мен тұрмак, ағамды менсінейін деп тұрған жок. «Айтпакшы, Мәлстің төрт әпкесі бар деп еді, бөрі осындаидай ма?» деп, мен де алакөздел, іштей есемді жібермей отырмын.

– Өмірхан ағаның мені қарап жүргенін біледі, әдейі істейді. Мінезі осы енді, Аяулым, сен ренжіме!

– Жок, ренжімеймін. Аты кім?

– Клара.

– Есімі әдемі екен, жаксы онда, Мәлс, мен үйге бараіын, – деп, орныман тұрдым.

Енді тағы біреу келіп қалмай тұрғанда кестейшін деп қызықтықташ қалғаным рас.

– Мәлс, мені үйдегілер қайда кетті деп жатқан шығар. Дәріні бере салып шығамын деп едім ғой, – дедім де, есікке беттедім.

– Аяулым, келіп тұр, – деп арбасын зыргытып ілесе отырып, сыртқы есікке дейін келді де: – Сау бол! Көріскенше! – деп қолын созды.

– Рахмет! Кездескенше! – деп ұсынған қолын қалай алғанымды білмей қалдым.

Тез-тез басып қакпадан шыққанша асықтым.

Ертесіне мектептен келсем, женешем:

– Аяш, сені сұрайды, – деп телефон тұтқасын үстата сатды. «Мені ешкім телефоннан іздемейтін еді ғой» деп таңырқап үлгергенімше, біздін үйдін телефон нөмірін қалай біліп алғаны белгісіз, аргы жақтан көрші баланың даусы естілді:

– Аяулым, сәлем! Мен, көршің – Мәлс қой, – дейді.

– Нөмірді қалай таптың? – деппін.

– Іздеген адам табады! – деп қуланады ол.

Сол күннен Мәлс екеуміздің достығымыз басталды. Екейініз бір-бірімізге «көрші» десіп, өзіліміз де жараса кетеді.

Үйдегі жағыз телефон сырттан кіреберістегі үстелдің үстінде тұрады. Сол жерде қадалып отырып қана сөйлесесін. Үйдегілер ары-бері өткенде бар сырынды естиді. Құлагын тігіп жүріп апам маған телефон шалатын көршінің баласы екенін біліп алды.

Мәлс мен сабактан келген шамада телефон согады. Түскі асымды ішіп отырганда коныраулатып қалса, апам:

– Не пәле бұл, балаға тамақ ішкізбейтін. Сенің келгенінді андып отыра ма? – деп ренжиidlі.

Ондайда апамнан корықканымнан «Кейін хабарласамын» деп тұтқаны қоя саламын. Мәлс те түсіне қояды.

– Өзі оқымай, күні бойы үйінде бос отырган соң, сенің мектептен келгенінді бағып отырады да, – деп тиіседі апам маған.

– Апа, ол да оқиды. Мұғалімдері үйіне келіп оқытады, – деп Мәлсті жақтасам:

– Байбатшаның баласын үйге келіп оқытады, ауылдағы Жарастың сал қызына мұғалім келіп оқытпак тұрмақ, додыр келіп қарамайды да, – деп апам котеріле жонеледі.

– Апа, Мәлс аудан орталығында тұрады, мұнда үйге келіп оқытуға жағдай бар, – деп келе жатсам, шешем:

– Эй, қызы! Сен неге сонша осы баланың жыртысын жырта жөнелесін? Бесіктен белін шықпай жатып, анаңмен салтыласасын, үш қайнаса сорпасы косылмайтын біреу үшін, – деп алай қалады. Бірде менін жер-жебіріме жете отырып, он қолын жер-

ге тіреген қалпы бар салмағын сала, үстел басынан көтерілтейін дегенде, жайдақ жер үстел тербеліп кетіп, кеседегі ыстық шай ақтарылып кетті.

– Ой, қаран қалғыр!

Апам енді бір тізесін қолымен басып, бар салмағын он аяғына сала көтерілмек болып екі-үш ұмтылған. Орнынан әрәң тұрып, бойын жиганша мен-зен боп, теңселе басып сыртқа бетtedі. Осының бәрін көріп тұрса да, ыдыс-аяқ жиыстырыған болып, үйелеп, орнына тұра алмай қалған анама әдettегідей елпенде жүгірмей, қырсығып қалғам.

Бойжеткен сайын апамның шайпау мінезіне деген ішкі қарсылығым өсе түскендей.

Ол Мэлспен телефон арқылы сөйлесуіме де карсы еді. Кейде тұтқаны үн-тұңсіз қолымнан жұлып атып, орнына коя салатын. Сондықтан апамның козін ала беріп, телефонға жармасатын болғанмын. Мэлс бірде «куй үйрендім, үйге келсөнші» дейді. Құні бойы төрт қабыргаға қамалып отырган жасөспірімнің мені теліміріп тосып отыратынын білемін гой, баруыма тұра келді. Келесі жолы: «ана кітапты бітірсөн, басқасын атып кет» деп шакырады, әйттеуір қызықтырудың жолын табады.

Мен бұл кезде сыныптас қыздармен тіл табысып, араласа бастағанмын. Олардың да кездесіп, бас қосуға шакыруы жиелеген шакта екі жаққа жүгіру екіге жарылуси бірдей сезіле бастаған. Мэлс сияқты мүгедек арбасында отырып, дүниеде не болып жатқанын тек теледидар-радиодан пайымдал, кино мен кітапты қаузайтын жанмен араласу басқа құрбы-құрдастарым үшін қызық емес. Әйтпесе, өзімен бірге оқыған сыныптастарының Мэлске келіп-кетіп жүргенін байқамадым. Аяқ-қолдары бүтін, он екі мүшесін сау қатарлас қыз-бозбалалардың дәл қазіргі үақытта көнілдерінде көктем гүлдеп, жүректерінде гашықтық оты тұтанып келе жатқан шак. Әр күннің таусылmas қызығынан дәм татып келе жатқандардың дертпен алысып, әр танды қайтсем табаныммен жер басам деп отырган жанмен дос болмак тұрмак, сырттай қайғысына ортақтасып, жаны ашымасы анық.

Ал менің неге Мэлсті көргенше жаным жай таппайды? Соны өзім де түсінбеймін.

Менің сырымды тек женешем біледі. Кейде апамның көзін ала бере, женгеме ескертіп қойып, Мәлстің үйіне қарай зып беремін. Менің келіп жүргенімді оның шешесі біледі. Құлтімсіреп қарсы алады.

Бұл күні екеуміз Эмиль Латянудың «Мой ласковый и нежный зверь» деген киносын қарап отырғанбыз. Анасы есікті ашып кіріп келді. Мен диваннан атып тұрдым. Мәлс өз арбасында отырған. Перделерді түсіріп, бөлмені қарандырап қойғанбыз.

– Ой, балалар, кино көріп жатыр екенсіндер ғой, – деді біздің әдемі отырысымызды бұзғанына өкінгендей. Қайта бұрылып шығып кетпекші болғанда, Мәлс:

– Апа, кел, бізben бірге кино көрсөнші, – деді. Торғын апа үтіненің қасына келіп жайғасып, қолынан ұстап отырды. Мен де орныма жайғасқам.

Бала мен ана арасындағы ерекше жақындықты көріп, қызығып та, қызғанып та отырмын. Не дегенмен, сырттан қарағанда, катты сүйсіндіретіні рас. Оның үстіне Торғын апа өте сұлу. Оның мейірімі мен мәдениетінің жөні де мұлдем болек.

Үйдегі апам екеуіміздің қарым-қатынасымыз есіме түсті. Біз ешқашан бұл екеуіндей жақын болған емеспіз. Мен күрсініп салдым, кеудемді белгісіз мұн кернеді.

Торғын апа мен Усен ағаның Мәлстен басқа да төрт қызы бар. Шеттерінен сұлу, кербез. Алайда ешқайсысының мені көзге ілгілері келмейтіні бір жағынан, шынымен, танғалдырады. Тек жанымызға келіп сөйтесіп, еркелеп жүретін кішкентай қарындасты ғана сондай сүйкімді. Әпкелерінің мінезі үшін Мәлс әркез ынғайсызданып қалады. Сөйтсе де, менің көnlімді аулагап:

– Аяулым, сенің атың сондай әдемі. Ал мен өз атымды ұнатпаймын, – дейді.

– Неге? Мәлс деген ат құлакқа сондай жағымды естіледі ғой, – деймін. Маған шынында да, заманауи ерекше есім сияқты көрінетін.

– МЭЛС! Білесің бе, ол – Маркс, Энгельс, Ленин және Сталин деген коммунизм көсемдерінің баскы әріптегерінен алтынған құрама есім. Өзі жеке ешқандай мағына білдірмейді. Мысалы,

сенің атың – Аяулым! Қандай керемет! Өзің де атыңа сай қызысын. Адамның аты тағдырын жасайды деп оқығанмын. Ондай болса менің құрама есімім маған жан-жакка бытыраган тағдыр сыйлайын деп түр, – деп, кәдімгідей ойландырып тастады. Оның үәжіне ештеңе дей алмай, аузым ашылып мен отырмын.

– Атымды әкем қойған. Ол кісі коммунист кой. Жұмыстағана емес, үйде де партияның тәртібімен жүргізеді бәрін. Сондықтан балаларының есімдерін де тек әлдебір идеология сарынымен коя берген. Айталаңың...

Ол салалы саусақтарын асықпай бүгіп, үйдегі балалардың әрқайсысының атын айтып, сосын оның мағынасын түсіндіруге кірісті:

– Үлкеніміз – Жанна. Кімнің құрметіне қойған деп ойлайсын?

– Жанна! Д Арк шыгар?

– Эрине, сол. Француздың аты әйгілі революционер қызы! Екінші әпкем – Клара. Әйелдер құқықтарының белсендісі, Халықаралық әйелдер күні идеясының авторы – Клара Цеткиннің атын еншілепті. Ушінші қыз – Света. Иосиф Сталиннің қызының құрметіне қойылған.

– Ал кенже қыз Анжела ше?

– Анжела – сонау Африкадағы қайраткер Анджела Дэвистің есімін жалғастырушы. Жай қыздар емес, бір-бір елдің қайраткерлері! – деп үстелді шарт еткізді, жүзінде мыскыл бар.

– Қызықсың! Сенің осы бір нәрсеге көнілін толтрай ма? Бізде бәрі жақсы ғой?

– Несі жақсы? Әлемнен іргені бөліп, белгілі бір шенберде түйық өмір кешіп жатқанымыз ба?

Шынымды айтсам, мен сол кезде оның сөздерінің мағынасын түсінбеген едім.

– Қыздарды сен тәқаппар, кербез деп ойлайтын шыгарсың? Олардың мінездері бар, ол рас. Бірақ қонілдерінің кілтін тапқан адамға олар тіпті де жаман адамдар емес. Білімді, өз пікірлері қалыптастан. Ата-анамызға осы есімдері үшін олар да ренжиidlі. Бірақ қайтеміз, жан әкеміз Коммунистік партияға берілген, қызыл билеті үшін жанын киүға бар адам, – деп әкесінің жаратылышына қынжылыс білдірді.

Маган бұл әңгіме қатты ой салған.

Көп әңгімеге жоқ ағам бір ашылғанда айтып отырган, Үсен аға Ұлы Отан соғысының ардагері еken. «Е-е, қып-қызыл көмөненес еken фой...» деген оған көкем. Басын изеп қойып, ағам: «Үсен аға – аудандагы ең беделді адам. Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангерлердің осы аудандагы көсемі. Республика Коммунистік партиясының бірінші хатшысының өзі бұл кісінің досы. Ел арапап ауданға келгенінде үйінен дәм ауыз тиіпті. Сонда Мәлсіті алдына атып отырып түскен суреті бар еken, көрдім» деген. Көршілер туралы айтылған әңгімеге құлағым түрік журеді. Онын үстіне өзім де қазір біртіндеп салтанатынан жұмбағы басым көршінің үйіне сіңісп келем. Жыл бойы көрмеген әкесін де көрдім-ау бір күні. Мәлсітің бөлмесінде отырганбыз. Есік шалқасынан ашылып, жасамыс болса да да, бойы сымдай тартылған, сұңғақ бойлы ер адам кіріп келді. Әкесі еkenін бірден біліп, орнынан атып түрдым.

– Папа! – деді Мәлс.

– Сөлеметсіз бе, – деп мен де амандастым. Тау тұлғаты. Устіндегі костюм-шалбары ине-жіптең жаңа шыққандай, әппак жейдесі де ерекше келісіп тұр, мойнына көкшіл галстук тағыпты. Ағы басым қалың қайратты шашын артына шалқайтып тарайды еken. Жасы ұлғайып қалса да, жанары өткір. Қалың қас жапқан биік қабакты. «Мәлс әкесінің аузынан түсін қалғандай еken-ау» деген ой келген.

– Балалар, амансындар ма, – деп жайдалары амандастан.

«Қыздарының апаларына ғана емес, әкелеріне де тартып сұлу болғаны белгілі болды, арбага танылғаны болмаса Мәлс те көркем жігіт кой» деп ойладп, Мәлске жалт карағанымда, жан дүнием бір сәт оған елжіреп кеткен еді. Артынан әкесі байқап қалмады ма еken деген ойдан ынғайсызданып та қалғам.

Әкесі қабағын керіп сөйлейді еken. Мәлс екеуі аз-кем тілдессті. Назары маган қарай ауа қалса, ішімдегі от жүзімे лап етіп шыққандай, екі бетім алаулай жөнеледі.

Бір кезде Мәлс:

– Папа, бұл – Аяулым. Өмірхан ағанының қарындасты, – деп таныстырыды.

Үлкен кісі үнсіз басын изеп, күлімсіреп койды. Сөйтті де, қоштасу ишарасын жасап, бөлмеден шығып кетті.

Мәлстің әкесін алғаш көруім осындай қысқа болса, келесі жолы ол кісіні жақын тани тұсудің жаксы бір сәті келді. Бір күні ол біз отырган бөлмеге кіріп:

– Мәкебай, сен бізге бір күй тартып берсенші, көп болды ғой домбыра үнін естімегелі, – деген ұлына.

Мәлс те дайын екен, қолын созып, қабыргаға сүйеулі домбырасын ала салып, тыңқылдата ойланып, аз-кем отырды да:

– Папа, Әбдімомын Желдібаевтың «Ерке сylқымын» тындал көрінідерші, – деді.

Әкесі бар ынтасы соңда екенін білдіріп, бар болмысымен ұлына қарай үмсина түсіп, үнсіз қозғалақтап койды. Осы кезде бөлмеге Торғын апа да кіріп, отағасының жаңына тізе бүккен.

Мәлс алдымен домбырасын шетке қойып, арбасынан сүйретіле қозғала бастады да, өзі бөлек отыратын орынтағына жайғасты. Әкесі қолтығынан демеп көмектеспейді, баласының қимызын бағып қана отырды. Менің қағылездігім ұстап, орнынан атып тұра жаздал, орныма қайта отыргам, үлкендердің көзінше қолтығынан демеуге біртүрлі ұялдым. Екеуміз онаша болғанда көмектесіп жіберетімін. Ынгайланып отырып алған соң, қолын созып аспабын қайта қолына алды. Дыныладып шерте отырып, құлақ күйін келтірді. Күй атасы Құрманғазы шәкірті Динаны күй тартуға үйреткенде: «Домбыраны қолыңа алғанда, ең алдымен құлақ күйін келтіріп, әбден баптап ал, міне, осындай дайындықтан кейін ғана домбыра тартуға кіріс!» дегені есіме түсе кетті. Мәлс те сол дәстүрден жаңылмады. Содан кейін күйді желдірте жөнелген. Салалы саусактары домбыра шанағында билеп жатыр ма дерсін. Өзі көзін бір ашып, бір жұмып, тәтті күйге елітіп, еріп, бар ынтасын құлататартып отыр.

Осы күйді үйрене бастағанда маган оның шығу тарихы туралы әнгімелеп берген болатын. Бірде қағаздарын ақтарып отырып, бір газет қындысын көрсеткен. Онысы осы күйдін авторы Әбдімомын Желдібаевпен болған сұхбат екен. Мен Мәлстен газет қындысын алышп, тез-тез көз жүгірте бастағам:

«Біз де жас болғанбыз. Жас болдық, бойдак болдық. Ауылдағы топ қыздардың арасынан жар таңдадық. Бұл күйдің кейіпкері өмірде бар. Қайтейін, тағдыр бізді қоспады. Соңғы рет кездескенде мен: «Бәрібір менің саған деген махаббатымды ешкім де өшіре алмайды» деген едім» дегенді оқып, Мәлстеке карадым.

– Иә, – деген ол. – Жасы үлгайып, шау тартты демесен, сол махаббаты ауылында аман-есен жүр екен. Өмір деген өткінші ғой, адам туады, өседі, үлгаяды, картаяды. Бәлкім, сондагы бір мағынасы, адамның махаббат деген күдіретті сезінуі шыгар?

Ол маған ойланғанда қарайды. Мен іштей мырс етіп: «бір махаббатың дәмін татқандай сөйлеуін» деймін іштей, бірақ ол ойымды сыртқа шығармай:

– Егер күйші болсан, сен де махаббатыңа өшпестей ескерткіш қойып кетуіне болады, – деп күлдім.

– Неге күй шығармаска? Шығарамын! Айтшы, кімге арнап шығарауды деп ойлайсың?

– Білмеймін... Айта ғой?

– Эзір құпия болсын. Күй туган кезде бірінші саған айтамын, – дейді ол қулана жымып.

Біз сазгердің өмір тарихына үніле түсеміз. «Ерке сылқымның» өуенін тапқанша жиырма жыл жүріпті. «Мәссаған!». Сол бір қызыға шынғашық болған. «Толған айға» тенесе де. «ашылған гүлге» тенесе де, сезімін сөзбен айтып жеткізе алмайтын секілді болып, сенделіп ұзак жүрген. Ақыры оны тек күйдің жүрек қылын шертетін өуенімен ғана жеткізуге болатынын түсінген.

– Казак қыздары шеттерінен ерке сылқым ғой, шіркін! Жүріс-тұрысы, қылығы қандай! Ерке мінездері де өздеріне жарасады. Мысалы, Аяш, мына сені алайык...

Ол маған сүзіле қарағанда, кірерге тесік таппай:

– Түүү, көзің қандай? – деймін қызарактап.

– Ал қандай? – деп ол қоймайды.

– Корқынышты... – деймін. Ол мұндаі жауапты күтпей, көзін ажырайтады. Сосын тістері жарқ етіп күліп жібереді.

Соңғы кезде Мәлстін екіұшты сөздері көбейіп бара жатқандай. Махаббат, сезім жайлы әңгімелей отырып, маған ойланған көз тастайтыны қызық.

Екеуіміз әлгіндей сөздермен атысып қалсақ, кейде ол сөздердің мағынасын өзіміз де түсінбей қаламыз. Осындаі сөттерде құйылып жататын жып-жылы сезім ғана аяулы, әдемі...

Күйші-сазгер былай депті: «Бұл күй – барша қазақ қыздарының образдық жиынтығы. Мен соларды жеткізуге тырыстым. Әрі жігіттік сөзімде тұрдым. Енді оны ешкім де өшіре алмайды. Егер махаббатыма деген сезімім жалған болса, қазактың қыздарын өзгелерден артық көрмесем мұндай күй тумас та, елдің иғілігіне айналmas та еді!» деп.

Күй тартқанда әуезіне елітіп отыратын Мэлс те осы сөзді күй әуенімен өзіме қайталап айтып беріп жататындей.

Әсілі, қазакта бұл күйді білмейтін жан жоқ, қолына домбыра ұстаган жанды қаумалаган әлеумет әуелі «Ерке сылқымды» тартышы!» деп қолқатайды. Ерке күй Ресейде, Қытайда, Монголияда, Кыргызстанда, Өзбекстанда танымал туындыға айналған. Шет елдерде оқып жатқан жастар елін сағынғанда жиналып осы күйді тартады екен. Бұл да Мэлстен естігенім.

Күй біткен сон, әдемі әсерден айырып, бой жазған бәріміздің бойымызды шаттық кернеп алар еді. Осындаі бір жолы әкесі:

– «Ерке сылқым» күйінің құрметіне ескерткіш қойылғанын білесіндер ме, балалар? – деген.

– Жоқ, – дестік біз.

– Иә, ол ескерткіш Жамбыл облысының Шу қаласында тұр. Үлкен кісі марқайған кейіппен орнынан тұрган.

– Эй, бәрекелді! Раҳмет, ұлым! – деп, барып ұлының маңдайынан ііскеген.

Мен мұндайда қызығып қаламын. Иә, бұл өзі аса зиялты отбасы еді. Татулығы мен бірлігі өз алдына, ата-ана мен балтаның бір-біріне деген құрметі мен сыйластығы қуә болған жанды тәніті етпей қоймайтындей.

– Аяулым, қызыым, саған да раҳмет! Мэлстің тындарманы болып шабыттандырып жүрсін, бақытты бол, айналтайын, – деген маған қарап.

Ұлының менімен жарыса кітап оқып, үйінде күмбірлете күй тартып, кейде ән салып, тәнінің ауырғанын аз да болса ұмытып, көнілінің көтерілуіне себепкер болып жүргеніме білдірген ризашылығы болар бұл.

– Әкесі, сіз мана «асығыспын» деген сияқты едініз, дастархан дайын...

Бұл қашан да отағасына құрақ ұшып, құрметтеп тұратын апасының сөзі.

– Шынында асығыс едім, бірақ Мәкебайдың күйін бір тындармай, үйден қалай шығайын? – деді әкесі құліп.

Мәлстің ата-анасы шығып кеткен соң, мен досыма қарап, менің де үйіме қайтар уақыттым болғанын көзben үктырдым.

– Жақсы, ертенгі бақылауды жақсы жаз! – деді де, ол менің алдағы жауапты шаруамды есіме салып, арбасын сырғытып баспаңдаққа дейін шығарып салды.

Сезім буршік жарғанда

Мәлстің үйінен шыққанымда көшениң аргы бетінен апамның қарасы көрінді. Тура маған қарай келе жатыр. Аяғымды қанша жылдам бассам да, өз қакпамызға еніп үлгермедім. Апам екеуміз де көшениң біздің үй жағына өткенімізде, табаным жерге жабысып қалғандай, екі үйдің арасындағы жолдың шетінде каттым да қалдым. Үрліғымның үстінен түскендей болған апамнан сескеніп жүргегім тарсылап аузыма тығылды, тіпті мандайымнан сүйк төр бүрк ете түсті. Мені көре ол кісі жүрісін бүрінғысынан да жылдамдатып келеді. Екі етегі дөлендеп, екі колын әскерше сермен, аяғымен жерді тесіп жіберетіндегі тепкіленеді. Ашулы екенін құлаперен жүрісінен алыстан байқап түрмyn. Жақындағанда жанарынан от шашырап, тұтыға:

– Не болды-еї, көшениң ортасына байланып қалдың гой? – деді. Қабағы түйіліп, тұнеріп кетіпти.

– Ештене, сізді күтіп тұрғаным гой, – деп мінгірлеп, қақпана ішке қарай итердім де, шетке ысырылдым.

Апам алдыма түсіп, екпіндегі үйге ұмтылды. Сүтке тиген мысықтай болып сүмірейіп еріп келем. Бақша жақтан әкем қарсы шықты. Ақкөңіл адам гой, апамның қабағын байқамады да:

– Апан екеуін қайдан қыдырып келесіндер? – деп маған жылыұшырай сөйледі.

– Қыдырып жүрген мына сенің қызың, екі үйдің арасын жол қылып. Мен райсәбестен келем, – деді апам зілді дауыспен.

– Кештетіп негып жүрсін райсәбесте? – деп әкем де кемпірін тергеуге алып жатыр.

– Сәбестен шығып тағы бір жерге бардым, – деді де, алдымызға түсіп алып, үйдің есігін жұлқа тартып ашып, ішке еніп кетті.

Әкем апамның ашулы екенін енді түсініп, «мынаған не болды?» дегендей, маған ақырын көзін қысып койды. Үйге кірсем, апам тутіп жейтінін біліп, босағада тұрып қалдым. Менің жағдайымды үккән әкем алдымен жол баставы. Сонынан қалқалтай кірдім-ау дәлізге.

Апам түпкір тамға еніп кетіпті. Зып беріп жоғарыға көтеріліп, бөлмеме кіріп тығылып қалмақшы болған ойым жүзеге аспады, апам асүйден шыға келген.

– Немене, байбатшаның үйіне тұз төгіп қойып па?! «Қызындың жолы жінішке» деген. Есі дұрыс қыз бала бөтеннің үйіне бармайды, сөзге ілігеді. Манаидың бәрі аңдыған көз! – деп зіркілдеп келе жатыр еді, менің артымда тұрган әкем:

– Аңдығыш көздер ауылда қалды, мұнда Өміржанды танымаса, бізді кім таниды дейсін. Қойсаншы, Жамиға! – деді мені жактағандай болып.

– Сол үйдегілердің өзі сөз қылады... – Апам қашан оңай женістік беруші еді...

– Аяшжан ана мүгедек баланы аяп барып жүр гой. Байғусты өз басқа қатарлары да іздең келмейді. Көңілі жарым баланың күні бойы іші пысады. Барсын! Қайта сауап болады! – деді көкем.

Жүргі жұмсақ әкешім-ау!

Менің Мәлсті аяп баратынымды байқап жүріпті ғой.

– Тегі деймін де! Қыз баланың жат есіктен сығалғандаі болып жүргені үят қой! – деп апам әп-сәтте көкемнің құрығына түсе қатды. Ашуы тарқай бастиғаны ма, төрі бөлмеге қарай өтіп:

– Аяш, далаға жайып қойған көк жастығымды атып келші! – деп даусы жұмсара қалды. Құстай үшып барып шарбаққа іліп қойған көк пүліш жастықты әкеліп, апамның басына жастай қойдым.

– Үх, жаным-ай! – деп, жан шақырған сәтін пайдаланып, «үйдегі шатақшыға»:

– Апа, мен бармасам да, Мәлске біздің үйге келсе бола ма? Керемет күй тартады, көкеме өнерін көрсетсін, – дей қатдым.

Әкем есік алдында малдасын құрып, қайыстан бірдене кесіп отырған, менін сөзіме:

– Солай ма? Күйді қайдан үйреніп жүр? – деп елең ете түсті.

Әкем ән-күй десе, ішкен асын жерге коятындардың қатарынан еді.

– Жол апатына түспей тұрганда музыка мектебінде оқыпты. Қазір ұстазынан үйінде дәріс алып жүр, – дедім, Мәлстің өнерге деген талабының таудай екенін дәлелдей тусу үшін.

– Онысы жақсы екен. Келсе, келсін! – деп, апамның келісімін сұрамай-ақ мәселені шешіп бере қойды.

– Ол қайтіп келеді? Шешесі біздікіне жібере ме? – деп, апам әкемнен аса алмай, дұрыс көңіл білдірді.

– Арбасымен сыртқа жүре береді ғой, – дедім.

Апамның ниеті ауганын байқаған соң, әнгімені көп созбай бөлмеме еніп кеттім. Түстен кейін телефон соққан Мәлске:

– Біздікіне келесін бе? Көкем күй тыңдағанды жақсы көреді. Мен сенің домбырашылығынды айтып едім, енді өнерінді көрісі келіп отыр. Ол кісіге сендердікіне барған ынғайсыз ғой, – дедім.

– Сен шақырсан ғарып гой! – деп ол қуанып кетті.

Сыртқа көп шыға бермейтін Мәлс үшін көрші үйге барудын өзі көрші ауылға қызырғанмен бірдей болғаны рас. Қатты әбігерлене дайындалған оны өзім үйінен алып шықтым. Апасы домбырасын көтеріп, біздің қакпаға дейін шыгарып салып, жалғыз ұлы майданға кетіп бара жатқандай маган аманаттап кері қайтты.

Мүгедек арбасын бар ынтағмен итеріп келем. Ауылда бұлай арбада отырған адамды бұрын көрмеген едім. Тек кинолардан қарағанда зырылдатып бара жататындей еді. Ал шындығында онын салмағы ауыр, ал жауапкершілігі одан да ауыр болады екен. Кішкентай шұқанакқа да тіреліп қатады, енкейіп дөңгелегін көтеріп қоямын түзу жерге. Менін мықшындал жатқанымнан Мәлс үялыш отырған сияқты. Екеуміз де үндемейміз. «Үх» деп өз үйімнің қақласына да жеттім-ау!

Абырой болғанда біздің үйдің есігіне сырттан көтерілетін баспаңдақ биік емес еді, Мәлстін намысына тиіп, жанын ауыртпай, алдымыздан шыққан көкем екеуміз оны үйге кіргізіп алдық. Апам да жаны қалмай Мәлстін келгеніне куанып, Үкілай женешем шайын өзірлеп, төтті-тұрымын дастарханға койып, бәрі ықыластарын білдіріп жатты.

Конак бөлмедегі үлкен дастарханды жағалай жайғастық. Төр алдында – әкем, оның оң жағына анам барып отырды. Соң жағындағы кен орынға Мәлс арбасымен жылжып жақындасты. Мен жеңгеммен жапсарласып, шайға қол жалғауға ыңғайландым. Бейбарысты өзінің биік орындығымен апамның жанына орналастырдық. Өзіне үй несінің ерекше ауган назарынан ба, әлде бәріміздің жан-жағынан елпілдей ықылас танытқанымыздан ба, Мәлстін жүзіне қызыл арай жүгірген, сәл ұялыс, жымыс бар. Соны сезген әкем әңгімені өзі бастаны:

– Мәлс, біздің төрт кабыргамен таныса отыр. Конак бөлме осы. Мына өзің отырған төрде елден келген талаі сыйлы ағайын ет жеп, бас мүжіген. Бүгін Аяшқа қонақ болып келіп қалған екенсін, оның үстіне қолына домбыра ұстаған сері жігіт көрінесін, – деп, қонақ көніліндегі ыңғайсыздықты сейілтіп, өзіл аратастыра күліп қойды.

Әкем майын тамызып әңгіме айтқанды жақсы көретін. Ертеректегі аныздарды айта бастағанда, аузынды ашып, көзінді жұмып тыңдайсын. Өнірден шыққан күйшілер жайында айта бастағанда, алдыға тартылған тамақтың дәмі кіріп, апамның ыстық шайы бал татыды. Бір кезде әкем:

– Мәлжан, домбыранды ала келіпсін, қанеки, көрсет өнерінді, одан кейін біз де ауылдың алты ауызын айтармыз, – деді баяу қоңыр даусымен қонаққа салмак сала.

Арбасын үстелден кері карай итеріп, жан-жағын шола қарап, бос тұрган орындықты байқаған Мәлс: «Аяш, ренжімей маған ана орындықты жақындастып берші!» деп өтініш айтты. Өз үйінде кимылдауына барлық мүмкіндік жасалған, мұнда амалсыздан ата-анамның көзінше маған ұсыныс жасауда. Лып етіп барып әкеліп берген орындыққа қолын созып бар салмағын сала көтеріліп, аяғын сүйретіп барып жайғасып отырды.

Арбасын артқы жағына қарай итеріп қойып, жанында сүйеулі тұрған домбырасына қол созды.

Алдымен әдеттегісіндей домбырасының құлак күйін келтіріп алған. «Бабына келді-ау» дегенде қанатын қыранша қомдал-комдал қойды да бізге қарап сәл жымып:

– «Әлкиссадан» бастаған жөн шығар, – деп алды да, Нұргисаның беташар күйін төгілдіре жөнелді.

Фасырдан-фасырға, үрпақтан-үрпаққа жалғасып келе жаткан қасиетті қара домбыраның пернелері бойымен салалы саусактары іркілмей сырғанап, шанағынан күй қалқытканда, бәріміздің жанымыз тебіреніп кеткен еді. Үлкендер тұрмак, кішкентай Бейбарыстың өзі қынқылдауын қойып, домбыра тарткан Мәлс ағасына қарап, тып-тыныш отыр.

Мәлс күйді жай тартып қана қоймай, оның шығу тарихын, шығарушысы жайын айта отыратын әдеті бар еді. Мұны ол ләzzаттана, бар ықыласымен айтады. Тындаушысын тамсандырып, елітіп әкетеді. Қазір де Нұргиса Тілендиевтің «Бала Мишкасынан» бастап, «Ата толғауы», «Балбырауын», «Саржайллау», «Келіншек» күйлерін тартты.

«Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра», – деп Қадыр ақын жырлаған қасиетті домбыраның шанағынан төгілген сиқырлы күмбірге бөлөнген шаңырағымыз бұл жолы бір қарқ болтып қалғаны анық. Бір тамшы судан теніздің, бір уыс топырактан жердің қаснетін аңғаратын ұлттың үрпағы домбыраның «дынн...» еткен дыбысының өзінен адам жанын баурап алғатын бір сиқырды оңай аңғарып, бар болмысы сол сиқырлы үнге айнатып жүре беретіндей. Музыкамен әлемді әлділеуге әрі жан жарасын жазуға болатынын ғалымдар да дәлелдеп жүр. Мәлс күй арасында осындаи ойларын да іркітмей айтып отырды. Домбырадан төгілген күй өүезі біздің жұпныны шаңыракты әлдиге бөлеп, ашық тұрған терезеден күзгі бакқа, одан зенгір көкке қарай әуелеп жатты.

Көкем мен апамның бір жасал қалғаны тұрларінен көрініп отырды.

Бір кезде Мәлс:

– Аға, апа! Енді аз-кем демалайын, – деп жымып, домбырасын арбасының жанына сүйеп қойған сәтінде көкем бойын мақтаныш кернеп:

– Мэлс балам, біздін үй де өнерден құралақан емес, енді менің Аяшымның қалай ән салатынын тамашалайық, – демесі бар ма!

Менің ән салатынымды Мэлс білмейтін. Әкемнің сөзіне елең етіп, сосын «рас па?» дегендей, жанары жарқ етіп маған қарады.

Ұялғаннан екі бетім алаулап қоя бергем. Қөкеме женешем де:

– Аяш, бізге бір ән салып берші, «Бурылтайды» айтшы! – деп қосыла кетті.

Апам жаратпай, тымырая қалды. Жап-жаксы құй тыңдал, жана ғана қырыс-тырысы жазылып, жадырап отырған апам әкемнің маған ән салдыргысы келгенін ұнатпай қалғаны жүзінен көрініп қалды. «Әнді қайтесін, кітабыңды оқы. Өлмей, әртістің окуына жібермеймін. Әнші болсан, бұзылып кете-сін», – деп, әншійінде тыйып отыратын ол ауылда жүргенде көркемөнерпаздар үйірмесіне де қатыстыртпайтын. Үстаздарым жақсы бір кештер үйымдастырғанда, мені әдейі үйден шыгармай қоятын еді. Бүгін де сол карсылығы бетіне шығып отыр.

Әй, осы менің апама дауа жок кой! Өзі біреудің баласының өнерін тамашалайды, ал өз баласының бойындағы өнерді тұншықтырады.

– Аяш, – деді Мэлс «сені тыңдаймыз» дегенді емеурінмен ұқтырып, қасын кере қалып.

Мен не істерімді білмей, жаутандап апама қараій бердім. Әкем жағдайымды женілдеткісі келді ме:

– «Әу» демейтін қазақ бола ма, – деп, өзінше бізге ілтипат білдіріп басын бір иіп атды да, өзінің баритон дауысымен «Екі жиренді» бастап кетті.

*Көшкенде жылқы айдаймын атаменен,
Ауылтыңа барушы едім дағаменен...*

Әкемнің зор дауысы жан-жүректі тербеді. Жақсы ән тыңдаған адамның жанын жадыратып, ерекше құйге бөлейді емес пе?!

«Әу демейтін қазақ жоқ» деп әкем дұрыс айтады. Дегенмен, бұл киелі өнер кез келген адамға қона берсе, қадірі болмас

еді-ау. Көкеме дауысты табигат дарытқан. Өкінішке карай, жас кезінде арман етсе де, бала қырандай қанатын қомдап, биікке талпынуға ол кезде жағдайы да, колдаушысы да болмаған.

*Екі жирен, жалын түйген
Жалғанда ғашығымың жаным сүйген...*

Пах, шіркін! Көкемнің дауысын-ай! Кең далада шырқар болса, бабаларымыз айтпақшы, қозы көш жерге жетер еді-ау!

Мениң де әнге құмарлығым осы көкемнен ауысқан шыгар, қаның құдіреті керемет қой!

Бірақ ағам апама аумай тартқан, әнмен де, сөзбен де ісі жок. Не нәрсені де ток еткізіп, қарап отырады. Шаруага келгенде, апам айтпақшы, «өлгеніне қарамайды». Жұмыс дегенде, үйден бірінші болып кетіп. «ел жатарда елекем» болып оралады. Тұннің ортасында шакыра қалса да, ләм демей, киіне салып жүгіріп кетеді. Апам жарыса тұрып: «Қайда тарттың тағы?» десе, «Шакыртып жатыр» деп күнк eter еді. «Сенсіз бәлниса кирап, аурулар қырылып қала ма?» десе: «Апа, мен Гиппократ антын бергем» дейді. «Өй, жанынды жеген сенің антың бар болсын!» деп, амалы қалмаған апам ұлынан түніліп, өз төсегіне беттейді.

Үкілай женешем болса, қайта өнерге сол бейім. Сызылып салар әлемі дауысы бар. Екеуміз жана әндерді жазып алтып, бірге үйреніп жүреміз.

Әкем енді «Қайыктаны» бастаған. Ондағысы бәрімізді әнге тарту еді, ол құлығы жүзеге асып, бәріміз қалай қосыла шырқап кеткенімізді өзіміз де байқамай қалыппыз. Жан-жағыма қараймын: женешем, Мэлс, тіпті апам да: «Ескегінді берші маған, мен есейін, сен еспе» деп, көкеме қарап, тамсана шырқап отыр. Әсем әнді әуелете түсіп, бәріміз бірге аяқтағанда:

– Бұл ауылдың алты ауызы болды, енді конак кәле сұра-
йық, – деп көкем Мэлске қараған.

– Аға, мен күй шертіп берейін, әнге жоқпын, – деп күлді қонағымыз.

Сосын домбырасының құлақ күйін келтіріп, аз отырды да, «Ерке сылқымды» төгілдіре жөнелді. Шіркін, өнердің құдіреті-ай! Тіпті апамның өзі де шыдамай:

- Ой, айналайын-ай! – деп жіберген.
- Енді өнерін Аяш көрсетсін, – деп көкем күй аяқталып, әсері сейіле түскенде тағы да маган қолқа салды.
- Кенжебикесі ән салғанда, көкемнің мереіі өсіп, бойын мактандыш кернеп отыратыны болушы еді.
- Ал баста, женешен сұраған «Бурылтайын», – деді ол. Әкем айтқан соң, апам жакқа енді көз салмастан:

*Ені жоқ, таңбасы жоқ Бурылтайдың,
Сағасы өткел бермейді-ай, терең сайдың, ахай... –*

деп сзылтып коя бердім.

Кайырмасына женешем косылды:

*Ахай, бикем жар-жар,
Алма мойын аксүңқар,
Хош-есен бол, құрбымы-ай,
Құрбылықпен жүрдің жай! –*

деп сынсытқанда, Мәлстің қабагын көтеріп, маган тесіле қарап қалғаны байқалды. Жанарының ұшқыны жанымды өртеп, әннің сезінен жаңылып кетемін бе деп едім. Ішкі жан дүниемді бір діріл билеп, екі бетім алмадай албырап, қос алақан оттай жанып әннің соңына жеттім-ау. «Бурылтай» аяқталғанда бәрі қол шапалақтап жіберді. Қөрші байбатшаның баласының аузын аштырып, көзін жұмдырып жібергенім апама ұнап кетсе керек:

– Әлгі Бибігүл апаң айтатын әнді айтшы! – дегені. Мені өзінше іштей қүйіші баламен бақталастырып отыр. Қалайда менің одан мықты екенімді дәлелдеп, мереіі үстем түспек. Апам сұрап отырған соң не жан қалсын, «Гаухартасты» шырқай жөнелдім.

Қөрші баладан ұялсам да, апамның «намысын жыртуым» керек. Мен үшін апамның мереійінің өскені маңызды.

Осы отырыстан кейін менің қөрші үйіне барып-келіп жүргенімді қөрсө де, апам үндемейтін болды. Мәлске «куйші бала» деп ат та қойып алған.

Көкем болса:

– Эй, бірі кем дүнне-ай, Меліс айналайын жігіттің сұлтаны гой! – деп тамсанып отыратын болды.

Сол күннен бастап Мэлс маган:

– Неге музыка мектебіне түсіп, вокалдан дәріс алмайсын?

Нота үйренуін керек, консерваторияға бар, сенің дауысындаі қуатты дауыс сирек, – деп жиі айтатын болды. Менің жауабым: «Апам рұқсат бермейді...».

Үлкен кісіге қарсы келе алмайтынын түсініп, біраз үндемей жүреді де:

– Музыка мектебіндегі ұстаздарға тыңдатып көрейік, мен Дүйсен ағайға айтамын, вокалдан сабак беретін біреуге сені тыңдатып көрсін, – деп бұрынғы әуеніне қайта басады.

– Үйдегілер «мұғалім боласын» деп баяғыда шешіп қойған, – деймін шарасыз мұнайып.

Мэлс баяуғана домбырасымен сүйемелдеп отырып, әнімді аузының сұзы құрып тыңдайды. Әнші дауысының ер және әйел дауысы болып екіге бөлінетінін айтады. «Әнші әйелдердің дауысы сопрано, меццо-сопрано және контратальто-сопрано болып бөлінеді, сенікі, кателеспесем, сопрано» деп, сұнғылатық көрсетеді. «Ертеде Гам мен Ма өмір сүріпті. Олар бір-бірін жақсы көріп, үйленеді. Олардың жеті баласы болады. Оларға атап анатары: До, Ре, Ми, Фа, Соль, Ля, Си деген есімдер беріпті» деп музыка елінің ертегісін айтып береді. Кейде: «Егер аяғым сау болғанда консерваторияға түсер едім, енді жағдай бұлай болғаннан кейін амалым жоқ қой!» деп мұнайып та қалатын.

Кейде жақсы бір көніл күйде отырганда:

– Сен әнші болшы. Мен концертінен қалмай, ең алдынғы орындардың бірінде отырып, әнінді тыңдап, саған құшак-құшак гүл апарып жүремін. «Арбада отырып гүл әкеңген жігіт кім?» деп сенен құрбытарың сұрайды, – десе, мен:

– Мэлс, мен әнші болғанша сен жазыласын. Гүлді сахнаға шығып бересің, – деймін. Менің көніл түпкірімде Мэлс арбасын тастанап, аяғынан жүріп кетеді, дені сау адамдардың қатарына қосылады деген нық сенім бар еді. Ол болса сенімсіздікпен:

– Кайдам... – деп тәмен қарап үндемей қалатын.

Бірде:

– Аяш, сен арбада отырган менімен қатар жүруге намыстанбайсың ба? – деп сұрады. Мұндай сұрақты күтпеген едім. Бірден не деп жауап берерімді білмей абырап қалды да:

– Ол не дегенің? – деп карсы сұрақ койдым.

– Менімен бірге көшеде, бақтарда, адамдар көп жүретін жерлерде кинодагы мүгедектердің жақынындай арбамды итеріп жүрер ме едің дегенім гой, – деді, даусында біртүрлі өзінің қазіргі халтіне деген жеккөрініштен туған ыза аралас зіл де жок емес. «Әрине, жанында боламын» деп айтуға ішкі бір түйсігім жібермеді. Өтірік уәде бергім келмегендіктен:

– Мәлс, папаң сені емдеть үшін бәрін жасап жатыр гой. Менің ағам да сені «жаттығуларын үзбейді, дәрі-дәрмегін дұрыс қабылдайды, үміт бар» деп отырады. Сонша еңбек бекер кетелі деймісің, – деймін жақсылықтан үміттендіргім келіп. Тек оны үміттендіріп емес, аяғынан тұрып кеткенін жан дүниеммен қалаймын, Тәңірден тілеймін!

Сол күнгі әнгімеміз жараспады, себебі, мен оның әрдайым жанында болатынныма кепілдік бере атмадым...

Мәлс туралы ойларымды күнделікке жазып жүретімін. Екеуміздің қарым-қатынасымыз туралы, көрген киноларымыз берін оқыған кітаптарымыз жайында ак парак беттеріне актарылатынмын.

«...аяғы сау болса маған қарамас та еді гой, ана әпкелері мені есігінен аттапас еді. Орыстың «бақытсызыдықтың өзі бақытты болуға жәрдемдесті» деген мақалындағыдай жағдай болып тұр. Көршінің басына түскен киындық менің бақыттың сияқты. Анандай көркем, ақылды, өнері мен білімі бір басына жетіп артылатын жігітті күнде көрем, сөйлесем, жан сырына ортақтасам, қасында отырып кино көрем, өнерін тамаша таймын. Ата-аналарымыз қарым-қатынасымызға шек коймайды. Әсіре-се, Мәлстің әке-шешесі мені көргенде өз қыздарын көргендей қуанады. Менің Мәлспен достығымды құптайды. Тек әпкелері неге екенін түсінбеймін, мені менсінбейді. Хан сарайының тәкаппар ханшайымдары сияқты...».

«...Мәлс бүтін кілен жылқылар туралы кинофильмдерді жинап атып, қарап отыр екен.

– Аяулым, мен осы жағдайға түскенге дейін аттың құлағында ойнайтынын. Нағашыларым – жылқышы. Жаздай солармен бірге Шалқөденің жазығында атқа мініп, желмен жарысатын едім. Кішірек кезімде бәйге атына да мінгенмін. Сол кездерімді сағынып еске алғып отырмын, – деді. Нағыз құстай ұшып, құлындау құлдыранда жүретін шағында арбаға таңылған оған деген аяныштан жүрегім қан жылады».

«Мәлс: «Папам шетелге емдегуе апарамын деп отыр. Екі аяғыммен жер басып жүруді армандаимын!» дегенде, жүрегім шым ете түсті, ұзаққа кетсе, маган да кын шығар, сағынамын гой деп ойладым. «Қанша үақытқа?» – деп сүрадым. «Сонда ұзак боламыз», – деді. Менін ойымды оқып отырғандай: «Сені сағынатын шығармын!» – деді. «Мен де сені сағынамын» дегенді батылым барып айта алмадым. «Ештеңеге аландамай емделіп кел, күзде бірге сабакка барамыз», – дедім бар болғаны».

«Мына суретке өткенде папам фотографты үйге алғып келіп түсірткен, біреуін саған берейін», – деп, алақандай түрлі түсті суретін сыйлады. Артына: «Аяулымға! Мәңгілікке!» деп жазыпты. «Неге мәңгілікке?» – деп күлдім. «Сен мені ұмытып кетпесін деп...» – деді. «Мен сені ешқашан ұмытпаймын!» – деп қалай айтып қойғанымды өзім де байқамай қалдым...».

Бірде үйге Шарайна деген сыныптас қыз келгенде, Мәлстің сол суреті қағаздарымның арасынан сусып, дәл алдына түспесі бар ма! Ол да жылдам екен, бас салған. Мен қолынан жұлып ала алмадым. Суретке жабысты да қалды.

– Мына сұлу жігіт кім? Жігітін бе? – деді салғаннан.

– Жоға, – дедім жұлып алғандай. – Көршінің баласы! Берші, – деп қолымды создым. Ол қадалып қарап қояр емес.

– Көршіннің суретін неғып кітабыңа салып жүрсің, әй, қу қыз, үрланып қарау үшін бе? – деп тықылдалап, мені қағытып әүре. Айттарға сөз таппай:

– Айна, берші! – деп жалындым. Ол суретті жоғары көтеріп:

– Шынынды айт! – деп қоймайды.

– Мүгедек балаға гой ол! – деп қалғанымды байқамай, тілімді тістей қойғам. Масқара! Маган не болды? Мәлстің тән жарасын жүртқа жария еткенім не?

Менін «мүгедек балаға гой!» дегенім өсер етті ме:

– Қандай көркем жігіт! Қай жерінен кеміс? – деді. «Кеміс» деген сөзі жаныма тікендей қадалған.

– Көлік апатына түсіп, аяғынан жүре алмай қалған, – деп шындықты жасыра алмадым. Дегенмен, «кеміс» деген сөзі ішінді тырналап, құлағымда жанғырып тұргандай. «Екі аяғымен жер басып жүруді армандастын, «Сені сағынатын шығармын!» деп, киын сәтте үнжырғасын түсірмеген жаны да, тәні де сұлу азаматқа «кеміс», «мүгедек» деген сөздерді таңда-рып осы маған не болды?» деп ойлағанда, көз алдыма Мәлстің ойлы жанары келіп, үттән өртендім. Досыма сатқындық жа-сағандай жайсыз күйге түстім. Киындықта оған сүйеу болудың орнына сыртынан кемсіткенім қалай?! Қандай екіжүзді едім! Өз-өзінді іштей аямай сөктім. Сол екі арада:

– Аяш, сен ауру жігіттің жылтыраган түріне ғашық болып жүрмісін? – деп, Шарайна да қояр емес. Оның катігездігіне таң қалып жүзіне үнсіз қарай бердім. Алайда жуастығым оның мысына төтеп бере алмай.

– Мен оған ғашық емеспін, – деп қойып қалдым.

– Аяш, мен сенің жан досынмын ғой, жана шындықты айтайды, мұнай мүгедекке бола уақытыңды сарп етпе. Арбаға бір таңылған адам ары қарай сола береді, есінде болсын. Өнешінді созып, үміттеніп жүргенде жа-стығын өтеді. Әрі мен білетін сенің апаң екеуінді қоспайды да. Ойлан, – деді.

Ол аузы аузына жүқпай, біраз сусылдады. «Қай ана жалғыз кызының өмірін қор қылышп, мүгедекке таңып береді? Жок, апаң келіспейді. Сен де ақымақ болма!» деп тагы біраз бастырматтатты. Аузы сүйрендереп, кәдімгі көп өмір көрген кексе әйелдей көлгірсіді. Қолындағы суретті керексіз заттай үстел үстіне лактыра салғанын қайтерсін. Сөйтті де, әнгімені басқа арнаға бұрып әкетті.

Дегенмен, ақыры сөзіміз жараспаған. Ол көніл күйімнің күрт түсіп кеткенін көріп, өзі де ұзақ отырған жок, тез қоштасып, шыға жөнелді. Жан дүнием астан-kestен болып мен қала бердім.

Оқу жылы аяқталуға таяған шақ болатын. Бір күні Шарайна қайдан есіне түскенін қайдам:

- Көршің қалай? – деп сұрады.
- Біраз болды шетелге емделуге кеткен, – деп едім.
- Арбага танылғандардың аяғынан тұрып кетуі қын фой.

Керемет жігіт екен, обал болыпты, – дегені. Сөздері тағы да жүргіме қанжар болып қадалды. Үндей алмай қалдым. Бұл күні үйге үнжыргам түсіп оралдым.

Жазғы демалыста Мәлске деген аяушылығым сағынышқа ауысып, онымен өткізген өр күнім мен сағатымды ойлаап, тере-зе алдында көршінің үйіне телміріп отыратын болдым.

– Ала жаздай кітапқа қадатып, одан қалса тауық құсан тере-зенін алдынан түспей қалдың фой, кәнекөлінде басың тынық-сын, ауылға баrasың, – деген апамның бүйрығымен Ақтамға барып, бой жазып қайтпак болдым. «Аяшты өзім апарып тас-тайын» деп, апам да бірге баратын болды. Демалыс күндерін ынғайлаап, ағам бізді жолға алып шыққан.

Бұрын бір жерге бара қалсақ, селкілдеп автобуспен жүретін отбасымыз енді ағамның әппак «Маздасымен» ауыл қайдасын деп, желдей есіп келеміз. Жыл бойғы табысын жинап, көктемде колдан алған «Маздасы» ирек кара жолды жылдам артқа тас-тап, зырылдал-ақ келеді. Апам пен көкем баратын жерлеріне қиналмай жететін болды деп жеке көлікке қолымыз жеткені-не шын қуанғанмын. Ағамның да жұмысына қатынауы жеңіл-деп қалғандай. Түскі асқа салып ұрып жетіп келеді. Аяғы ауыр жеңем де дәрігерге қаралуға көлікпен баратынды шығарды. Ағам қызметке ілінгелі отбасының әлеуеті жақсарып қалған. Бұрын көкемді көзге ітмейтіндер казір баласының абыроны арқасында бұрылып келіп, колын атып, той-томалак жасай-тындар «Өмірхан Сапарыштың шешесі қалың қалмасын» дейтін дәрежеге жетіп қалғанбыз. Ақтамнан ынтымақтың шықпаған кезде, бірде бар, бірде жоқ болып жүрген күнімізде көшіп едік. Ақтамда отырғанда жаман бір отбасы болдық. Сы-ныптағы оқушылар бай-кедей болып белінгенде жағдайлары тәуір қыздар мені катарларына қоса бермейтін. Өйтіп кемсіт-кен қыздардан үнде мінезім гана құтқаратын.

Апам да кей жерлерде елеусіз қалып қалса, «Өмірханым доғдырдың окуын бітіріп келісе, ауырган-сырқағаны бар, бар-лығы алдында зыр жүгіретін болады» деп өз-өзін жүбататын. Сол сөзі дәл келген апам әулие ме дерсін?!

Бәрін койып, апам бүгін «білдей доғдыр» баласының әппак мәшинесімен келе жатқанына көнілі ток. Устіне бар тәуірін іліп алтып, көлтіктің алтында гүл жайнап отыр. Мен артқы жағында ыңылданап ән салып келемін.

Ауылдағы үйді сатып кеткенбіз, ендігі барада жеріміз апамның сіңгісі Бұбіхан деген апамның үйі. Оның өзім құралпы Жайдары деген қызы бар. Екеуміз ес білгеннен бірге өстік. Оны да сағынып қалғанымды сезіп келемін.

Ақтамға аппаратын жол кең жазық дағаны қақ жарып, аспанға атылған ыстық сулары бар егістікті атқаптардан өтіп, тауға карай өрлей қашады. Көлігіміз желдей есіп, сол қара жолды қуалап келеміз. Қокке үмтылған биік таулардың бауырындағы карагай, шырша, қайындары алыстан самсаған қалың әскердей көрінеді. Тұған жердің ғажайып табиғатына қарап тамсанбасыңа болмайтындей. Ауасы қоныр салқын. Самалы мандайынан сипап жанынды жадыратады. Көлік терезесін түсіріп, тұған жердің саф ауасын рахаттана жұтып, қоныр салмына тұла бойымыз елжіреп ауылға да жеттік.

Апам алқып-шалқып ақ мәшинеден түсті. Сөйтіп бәріміз нағашылардың ыстық құшагына күмп етіп құтаганбыз. Ауыл азаматтары агама арнайы келіп, құрметпен қолын алтып жатыр. Мен болсам, сағынған Жайдарыммен табысып мәзбін. Нағашы жездеміз ес жиғызбай бір койды алтып үрүп, бата ала салысымен, бауыздап тастады. Апарат жағы бауырсақ пісіріп, қыз-женгелер үстелді іле зеде жайнатып жіберген. Ауыл үшін біздің көлтениміз кішігірім той болды. Қонақ түннің бір уағына дейін тарқамай, әңгіме тиегін еркін ағыткан. Ертесі агамның жұмысы бар еді. Сондыктан апам мауқы дұрыс басылмаса да, нағашымыздікіне бір түнеген сон, баласына еріп асығыс қайтып кетті.

– Жәкеш тәте, бір аптаға қалсанызышы, Гаухаржанның жасауын жасап, (кіші келіннің шаранасын) кіші үлдан көріп отырған жарығымызды қырқынан шығарып қайтасыз, – деп қынлған Бұбіхан тәтемді үзак жалындырып, көкем екеуінің құдатыққа баратынын алға тартып, қинала-қинала жолға шықты.

Мен Жайдарының жанында қалдым.

Бір жыл ішінде Жайдары қатты өзгеріп, біраз тартылып, бойжетіп қалыпты. Маган өзінің бозбалалармен арасындағы

махаббат сезімі, алсып-беріскең хаттары, өзінің алғаш қалай сүйіскені жайында жыр етіп айтып тастаған. Каникул болған соң ба, оқу жайын мұлдем ұмыттық. Бар әңгімеліз айналып келіп махаббат тақырыбына ойыса берді. Бұл біздін бойжетіп, ішкі сезімдеріміздің пісіп-жетілгенінен хабар беретіндей. Кеүде тұсымызда баланың жұдырығындаі болып қалған көк алмамызың қаптаң қоятын қалташамызың қолемі мен етек-кіріміздің келу-кету мезгіліне дейін сөз етісеміз. Күні-түні сыйбыр-сыйбыр әңгімеліз бен ақырын сыңғыр етіп қалған құлкіміз бір тыйылмады. Жайдарының Сәния деген құрбасы бар екен, үйге келіп жүріп, сырласа көле бір-бірімізден ажырай алмай, кейде қона салатын болып жүрді. Оның жыры да қып-қызыл махаббат. Эскерде жүрген жігітінін хаттарын ала келіпті. Жаздың қоныр салқын түнінде аұладағы дәү еменнің астындағы тапшанда жатып, Жайдары соң хаттарды дауыстап оқып, біз тыңдаймыз. Арасында аузымызың қолмен жауып, түншыға күліп аламыз. «Өзіңе ие бол жүр» деген жігіт сөзі мен үшін тіпті жұмбак.

– Бұл нені білдіреді? – деймін.

– Ой, түнгі ләzzаттарын ұмыта алмай жүр гой. Өзі жокта басқа біреумен сондай сәттерді белісе ме деп коркатаң шығар, – дейді салдыртаған ашық Сәния ішкі сырын жайып салғаңда еш іркілмей.

Мен аузым анқиып, ан-тан қаламын. Демек, Сәния өскердегі жігітімен төсектес болып үлгерген екен гой. Менің түсінігімде қыз бала уәделескен жігітімен сүйісуден әріге бармауы керек...

Сәния болса, айтқаның біз біреуге жайып қояды-ау да демейді.

– Көктемде, үлкен әпкемді ұзатқанда құдаша болып барған ауылда бір жігіттің сұлтанын көріп, көнілім кетті. Ол да маған құлат түрған соң, көзбен ұғысып, елден бөлініп ауыл сыртына шыққанбыз. Құшағымыз ажырай алмай қалды. Нагашы әжесінің үйінің алдындағы қоймаларының ішінде табысып қойдық. Содан бері бір-бірімізді ұмыта алмай жүрміз, – деген беті бұлк етпей.

Жайдары оның бұл сырын бұрыннан білетін сиякты, аса таңғалмады:

– Ол сенін кыздығыңның бар-жогын білмеді ме? – деп сұрады.

Каранғы бөлмеде нені байқады дейсің. Мен бірінші рет болғандай дауысымды шығарып жібердім ғой! – деп өзінің жол тауып кеткен «шеберлігіне» өзі мәз болды Сәния.

– Екіқабат болып қалам деп корықпайсын ба?

Мен үшін ең сүмдүктың көкесі сол сиякты.

– Білмеймін, – деп иығын қиқаң еткізді қыз.

– Етеккірің келіп жүр ме? – деп сыбырлайды Жайдары. Ол да құрбасы үшін аландайтындей.

– Иә, – дейді ойсыз қыз. Менің корқынышым бұл екеуінікін мұлдем бөлек:

– Екеуі де алмай кетсе қайтесің? – деймін төбе қүйқам шымырлап.

– Екеуі де мектеп бітірген соң маған ти деп жүр ғой, – деп күлді Сәния қаперінде түк жок.

Тұн каранғысы онын жүзін тұмшалап көрсетпеді. Екі бірдей жігітті алдаң жүрген Сәнияның мына қылығын не құптарымды, не даттарымды білмедім. Одан әрі үйкі қысып, екі қыздың әнгімесін тындауға шамам болғап жок. Жұлдызды түнге еркелеген желдің емен жапырактарын жұлқылатап ойнағандағы атуан дыбыстарға құлак түріп жатып, көзім ілініп кетіпти.

Осы ауылда бала кезімнен жаныма жақын болған Зәйнәпхан деген үйғыр қызы бар еді. Оны біз Зинка дейтішбіз. Әкесі Аблашим колхоз төрағасы болатын. Шешесі Жаңыл – өзіміздің әпкеміз, апамның сіңлісі болып келетін. Зинканы апам «жиен» дейді. Ертесіне сол Зинканы іздегем. Жүрген жерін күлкіге қарқылып жүретін әзілкеш, сөйлегенде де сөздін түбін түсіретін. Аузын ашса күле беретінбіз. Сол Зинка да қыз болып қылтынып қалыпты, бір-бірімізді көріп қуанысып, өткен-кеткен балалық қызықтарымызды еске алдық. Мейрамбектің «Алғашқы махаббат» әнінің жаңадан шығып, ел арасында тараң кеткен кезі.

Алғашқы махаббат жүректі тербейді... мәнгілік бақ құсым, қоштасқым келмейді...» деп, әлдекімді аңсап, қосыла, жан дүниемізбен егіле шырқап, жарым түнге дейін отырамыз.

«Ауылға Аяулым келіпті» дегенді естіп, бірінші сыныштан сегіз жыл бірге оқыған сынныптас үлдар да тұн болса үй жақты торуылдайтын болды. Жасанып алып, майысып шығып тұра-

мыз. Ауылдағы жалғыз ескерткіш қойылған аллеяда жиналып, у-шу болып ойынның түбін түсіріп, кейде қос-қостан бөлініп атып, жүргегіміз алабұртып, жұлдызды аспанға себепсіз көз тігеміз. Қыр басында Жінішке өзені агатын. Бірде сол өзендердегі су диәрменнің маңайына бардық. Бала кезімізде ұстаздарымыз «Экскурсияға шығасындар» деп сыныбымызбен бір жолғы ішіл-жейтін ас-аукатымызды алдырып, қаздай тізілдіріп қыр асырып, өзеннің жағасына атып баратын. Ауылымыздың талай сыры мен құпиясына қанық қыры мен белесі, төбесінен төніп тұрған Хан-Тәңірі мен Аспантауы құшағын ашып, «келе гой» деп тұратындай еді. Қазір де сыныптастар косылып сол жерлерде құлтындаи ойнақ сала құмарымыз қанғанша аралаймыз.

Жасөспірім жігіт болып қалған Қасен қасыма келіп:

– Аяш, қыздардан кішкене қалып жүрші, бірдене айтайын деп едім, – дейді. Бұл ұсынысын орынсыз көріп, бетіне ошарыла караймын:

- Жай ма?
- Айтарым бар еді, – деді.
- Айта бер. Құлағым сенде...

– Жұрттың көзінше айтпаймын, – деді де, ренжіп қалған кісінің кейпін танытып, сәл кейінде, ауылға жеткенше соңымыздан ілесіп келе жатты. Ауылға жақындаи бере:

- Аяулым! – деген тағы да.
- Иә, Қасен!
- Тек онашада оқышы, – деп, алаканға сыйытЫндаи бүктелген хатты ұстата салған. Мен есімді жиганша жылдамдата басып, ұзап та кетті. Жігіттер бізді Жайдарының үйіне дейін шығарып салған. Кешке клубтағы би кешіне баратын болып келістік.

– Бағана Қасен сені жағалап жүр еді гой, не дейді? – деп күлді Жайдары шай ұстінде. Зинка да маган сұраулы жүзбен көзін сығырайта, құланып қарай қалыпты.

– Оңаша сөйлесейік деген еді, бармадым. Мына хатты берді, – деп көйлегімнің жанқалтасынан манағы хатты атып, Жайдарыға бере салғам. Бұл қылғымының орынсыз екенін іштей білсем де, құрбыларымның алдында бұл хаттың мен үшін бәллендей маңызы жоғын білдіргім келгендей.

Өзім ашып оқыған да жок едім. Ауылға келгелі жүрегімнің түпкіріне жасырған Мәлске деген сезімім анда-санда бас көтеріп қоятын. Оның қалың қара қасының астынан тесіле қарайтын мұң торлаған жанары жіңі елестейтін. Өзі шамалас жігіттер қырға шығып қыдырып, қызға қырындал жүр. Мәлс болса, аматсыз арбаға таңылулы...

Қасен жазған хатты Жайдары дауыстап оқып, Сәния мен Зинка біраз талқылады, мен де қосылып қоямын. Мәлске ауған көнілім Қасен байғұстың сезімін қайтсін?! Мың ойлаңып, жүз толғанып жазылған хаттағы әрбір сөздің бозбала жүрегін жарып шыққанын да ойлаамадық. Қыздарға не керек, қызық керек. Бала ғашыққа жауап жазу қайда, ауылдан кеткенше сол хаттағы сөздерді бір-бірімізге айтып, күліп жүрдік. Ағам мені әкетіп бара жатқанда қара жолдың бойында көлігімізді ат үстінде қозімен шыгарып салып тұрган бозбаланы содан қайтып көрмедім. Мектеп бітіріп, әскерге барып келген соң, жүк мәшинесімен жол апатына түсіпті деп естігем кейін. Хат ұсынған қолының дірілін сезінген сәтім, сол бір ат үстінде көліктің сонынан қарап тұрған кезі ғана ойымда қалып қойды. Жыл артынан жыл өтіп, жастық шақ баяғыда қыр астында қалып қойған бұл құнде анғал балалық шағымның бір белгісіндей сол бозбала бейнесі көз алдымға келеді.

Қыздар «жігітің бар ма?» деп коймаған соң, бір күні Мәлс туралы айтып бердім. Олар:

– Аяш, сал болып қалған адамға қалай ғашық боласың? – деп өре түрегелді. – Онымен келешегің не болады, ойладың ба?

Қызыл-қыздымен «одан бала да таба алмайсың» дегенге дейін барды. Айтқандарына қарсыласар дәтелім жок, қосыла кетуге – Мәлсті қимаймын. Оны Қасен құсатып қыздардың алдында мазақ етуге дәтім бармады. Мен үндемеген соң олар да аргы жағын қазбалап сұрамаған.

Махаббатты жырлап жүріп бір жетінің қалай өткенин де байқамай қалыптын. Аптаның сонында атып кетуге ағам келді. Ауылда өткізген жазғы демалысым аяқталып, достарымды қимай-қимай мен де жолға шықтым.

Алаашқы махаббат

Оныншы сыныптың бастапкы кездерінің бірінде апам мен күтпеген әдет тауып, ашық әнгімеге шакырды. Бөлмеме келіп, менің төсегіме жантайып, арқасына қос жастықты қойып алған соң:

— Аяш, — деді.

Мен үстел жанында өз орындығымда отырып кітаптарымды актарыстырып жатқам. Аламның үні жұмсақ шықты. Алдымдагы қағаздардан басымды көтеріп атып:

— Ау? — дегем.

— Аяш, сен бойжетіп қалдың, қызым. Мелісті қанша аясан да жыртындал үйіне бара берме. Сенің қамкорлығынды ол үйдегілер түсінбей қалуы мүмкін. Сөзге ілігіп кетесің. Сен өзің қарашы, сол үйдің қыздарының қакпасынан шыққанын көрмейсін. Экең екеуін «куй тыңдаймыз» деп, баласын үйге шақырып жүрдіндер, үндемедім...

Мен апамды үн-түнсіз тыңдадым. «Мәлспен араласымды апам үнатпайтынын білем гой, бірақ неге мен біреумен анамның қалауымен араласуға тиістімін? Заманым басқа, көзқарасым басқа. Ол үйдің қыздары қакпасынан шықпайтынын қайдан білеміз, көліктеп ауласына кіріп алып кетеді гой. Олардың кайда барып жүргенін кім білген?

Кауқарым апаммен іштей соз таласуга ғана жетті.

— Был мектеп бітіресін, Алматыға үлкен оқуға барасын. Мұғалімдік оқуға түсіп кетуді ойла. Сабагына мұттақам бол! Әншейінде көкейіндеңісін әй-шәй жоқ қойып қалуға бейіл апамның мына қылығы сырласуға келген женгеме үқсал кетті.

— Алтынға ілінем деп үміттеніп журмін гой, — дедім мен де өз арманымның шетін шығарып.

— Сөйт, шырагым, алтынынды ат, Алматына бар, үлкен оқуына түс. Мұндағы құрбы-құрдастарың да, Меліс те жайына қалады әлі!

Сөйтіп отырып, омірі көрсетпеген қырын көрсетіп, өз жастық шағын еске алып кетті, тіпті мені танғалдырып, әкеме қалай қосылғанын да сыр етіп шертіп кеткен.

– Біздін заманымыз баска, балам. Біз деген – көненің көзін көрген, ескінің жүрнағымыз. Ол кезде қыз сорлыны атастырып қоятын, ата-анаң кімді таңдайды, тағдырын сонымен косакталауды. «Тағдырын җазғаны осы» деп, кете барасын, басына нокта кніледі. Ар жағын пешенеңнен көресін. Қаламаймын деп бас тарту, дәм-тұз жараспады, ұнатпадым деп кейіннен ажырасу деген онда атымен жоқ. «Барған жеріне тастай батып, судай сің» деп, өмірі көрмеген біреуге қолынан жетектетіп жібереді. Сонымен бітті! Міне, мына мен сол ақ бата, қызыл қан бол әке-шешесі құдаласқан құрбандықтың бірімін.

– Қалай сонда? – дедім ан-тан болып, апамның «құрбандық болдым» дегеніне елең етіп.

– Әкеңнің әкесі мен менің әкем жасында көкпар дос болыпты. Екеуінің келіншектері қатар жүкті жүргенде біріміздікі ұл, екіншіміздікі қыз болса – бесік құла боламыз, екеуміздікі де еркек бала болса – екі ұл дос болады, екі қыз болса – бір елге үзатамыз,abyсын болады деп уағдаласыпты. Сонымен менің сорыма – бір ұл, бір қыз дүниеге келіпті. Екеумізді есімізді білмеген кезде солай атастырган екен, ол салт «бесік кертпе» деп аталады екен», – дегенде әкем үшін намысым ұстап:

– Неге, тек кана сіздің сорынызға? Әкем де сізді ұнатпаған шыгар, – деп қалдым.

– Ойбу, мынаны кара, әкесінің жыртысын жыртайын деп отыр! – деп күліп алды да:

– Себебі, әкен жасында койнынан бөзі, аузынан сөзі түсіп қалған босбелбеу болатын. Мен қыз күнімде шашым тобығыма түскен, айдай сұлу, жашарымша от үшқындал түрган өткір қыз едім. Саған ана сандуғаштай сайраған дауыс қайдан келген дейсін? Әкеңнен дейсің бе? Мына менің тұқымымнан! Жасымда мен ән салғанда үй толы жанның дыбысы шықпай тына қалып, үйге сыймағаны жабықтан сығалап тамашалайтын. Сендердің әулетке келген соң ән салғанды койдым гой, – деп, сәл жабыр-кап қалғандай болды.

– Әкем карсы болды ма? – дедім өз басымдағы жағдайды сыналаап жеткізіп.

– Жоға, ән салып әләулайтап жүрсем, отбасым не болады деген ойға өзім келдім де, тоқтаттым гой. Әкен байғұс, бекер

обаты қане, босағасынан аттағалы бетімнен қаққан емес. Жәкем де (атамды солай атапты), апам да мені жалғызың шамшырағы деп еркелетіп отыратын, – деп, бір демде әкемді әүлетімен коса жақсы көріп қалды. Апамның мінезі құбылмалы, бірақ бұл жолғысы мені, шынымен, таңгалдырған. Ашыу да, қайтуы да тез.

– Содан екен ғой, жуас әүлетке келіп бәрін билеп-төстеп алғаныныз, – деп мен сөзбен шымшып болмаймын.

– Ойбай, мына қызды кара! Әүллеттің жоқшысы, шіркін! – деп ернін сылл еткізіп, күліп қойды.

Негізі шешем әкемді катты сыйлайтын. Әкем – аккөніл, ұсақ-түйекпен ісі жоқ адам. Сонда да апам ағам екеуміз бірденені дұрыс істей коймасақ, сөзін жүре тыңласақ немесе бір мәселені шешу керек болса, дереу «осыдан әкен келсін, бәлем», – деп отыратын. Әкеннің айтуынсыз ештеңе шешілмейді. Бәрін әкен біледі», – дер еді. Ағайын арасындағы мәселеге: «Ағаларыңа айтындар, сол кісі біледі, мен күйеуімсіз ештеңе шеше алмаймын», – деп отыратыны тағы бар.

Апам бізді әке мысымен сырттан жасқағанымен, көкем бізді ешқашан мандаіымыздан шертіп көрген жан емес. Бірақ әке сыйлауды баба салтымен кейінгі бізге сініргісі келгендері апамның өзіндік әдісі осындаі-тұғын. Өз кезегінде ол мұны өз апасынан үйренгені анық. Еркіндігі мен мінез кесектігі дәстүр сыйлаған тектілігімен кат-кабат көрініп қалып жатса, бұл да казақ әйелі бойындағы кісі түсініп болмайтын болмыс көрегарлығының таңгалдырар бір көрінісі іспетті еді. Әйтпесе ашыуна мініп, тепсініп отырған әйеліне: «Жәмиғаш, қойшы енді!» – деген күйеуінің жай айтылған сөзі сиқырдай әсер етуін қалай түсіндіруге болады? Шынында, көкемнің осындаі бір ауыз ескертпесі апамды тез сабасына түсіретін. Қанша жерден мінезді болса да, үнсіз бағынар еді.

Бүгін апамның сөйлеспек ниетпен бөлмеме бас сұққандагы көніл күйін пайдаланып:

– Апа, мені... сүйген жігітіме бересіз бс? – деп, тоғандағы жүрген сұрагымды жүрегім дүрсілдей отырып, төтесінен қойғам.

– Эрине! Аған да өзі сүйіп, үйде жүрген бір жапырагын әкелді ғой жер тұбінен. «Балаларым қалағанына қосылады» деген уәдем бар еді. Оның үстіне заман басқа, – деп, сұрағыма шын көнілімен жауап берді апам.

Жүргіндегісін актaryп, балаларымен көп сырласа бермейтін, қашан көрсөн бұркылдап, әйтеуір бірдемеге көнілі толмай жүретін апаммен бір күні дәл бүгінгідей сырласып отырамыз деген ой үш үйіктасам түсіме кірмепті. Оның мені «жаман болсын» демейтіні өз-өзінен түсінікті. Бірак бойымдағы ерек дарынымды дамытуға рұқсатын бермей, «әнші болам дегенді ойға алма» деп, үзілді-кесілді қарсы болып, мұғалтімдік оқуға үгіттеп жүргендегі апамның ішкі ойын сол күйі түсінбей-ақ өтетін шығармын.

«Әртіс болма» дегеніне шыңғырган ішкі қарсылығымды тұншықтырып, келістім дейік, енді жайлап, «Меліс те жайына қалады» деп, өз пигылын астарлап, бұдан былай көршінің бата-сымен аратастырғысы келмейтінін емеурінмен жеткізіп отыр. Осының бәрін ойлап, ойым онға, санам сан-саққа бөлінген. Дегенмен, «балаларым қалағанына қосылады деп өзіме үәде бергем, оның үстіне заман басқа...» деген сөзі беймаза жаныма біраз демеу болып, көмекі үміт сәулесін ояты.

Алдында не күтіп тұрғаны бір мұнар албырт бала көнілімде «мұғалтімдікті оқып бітірсем, мүгедектігіне қарамай, ешкімнен кор көрмей, Мәлске тұрмысқа шығам» деген нық сенім бар еді.

Алайда апамның айтқандарын таразылтай келе, «коршінің үйіне баруды қою керек» деген тастүйін шешімге келдім. Үл мен кыз болып, құлын-тайдай тебісіп, ойсыз ойнақ салып жүретін балатықтан кетіп, таранып бойжеткен қазіргі шакта жігіт үйіне іздеп барып жүргенім өзіме де әбес сезіле бастаған. Мектеп бітірудің сонғы жылтында ойым да, мінезім де біраз өзгеріске түскені байқалды. Бұл кезде Үкілай женешем мандаіы торсықтай бір ұл тауып, бәріміздің жанымыз Бейбарыс деген кішкентай әулет мұрагерінің үстінде-тұғын. Шанырағымызыға келген шаттықпен бірге өмір сүріп, бірге үйіктап, бірге оянып жүрген өміріміздің бір жарқын парагы осы кез болатын. Сол шакалакпен бәріміздің жауырынымыз бірге жабысып, ішіміз

қатады, қызыымыз бірге көтеріліп, таның атысы, күннің батысы әулетімізben әбігерге түсіп жатқанымыз.

Конакқа барудан, қыдырудан алдына жан салмайтын апамда, ағайынның шаруасынан босамайтын әкем де енді Бейбарыс «сұлтанның сарайынан» біржола шыға алмай қалды. Ағам жұмыстан, мен мектептен үйге құстай ұшып жетеміз. Есіктен кіре, қолды жуа салып сұлтанымызға жүгіреміз. Мәлс те өте баляжан екен, арбасын сырыйлатып «Бейбарыс сұлтанның әмірлігіне рұқсат па?» – деп келіп тұрады. Домбырасын баяулап шертіп, бөпемізді үйықтатып жіберетіні де бар.

Мәлс:

- Біздікіне келсөнші, кино кореміз, – десе:
- Бейбарысты қарап отырмын, – деген сұлтауым дайын.

Оның үйі мен екі ортага есім кете шапқыламауыма осы нәрестенің туғаны да себеп болды.

Ешкім күтпеген жерден Мәлстің анасы Торғын апай біздің кішкентай сұлтанға «бауы берік болсын» айтып кіріп шықты. Бала жататын төсек пен коларбасын көтеріспе келген үй көмекшілері де артынан қылтиған. Апам мен әкем үлкен қонақтың артынып-тартынып арнайы келгенін жақсылыққа жорыды.

– Құлынымның несібесі мол болар, аудандагы ең дәкейдің әйелі өзі құтты болсын айтып келді гой! – деп, апамның төбесі көккө екі елі жетпей қалды. Бейбарысты қырқынан шығарып, қырық қасық сұына шомылдыру ырымын да Торғын апайға жасатқан.

Ақ бас Алатаудан алтыс, қара սұғы өнменіңнен өтетін Қарадалданың он жақ бауырында үйықсан елді мекенге сол жылы қар қалың түскен. Қайсы үйдің ауласына қарасан, тау-тау үйілген қар. Ақ мамық түнімен жауып тастайды, күндіз ақ жазық көшелер көз қарықтырған күміс көрпесін көтере алмай, салмағына жаншылып жатар еді. Жұмысына асықкан үлкендер мен мектеп пен үй арасын жол еткен балалар қашан көрсөн омбылап бара жатқаны. Түске таман қала тұрғындары аула мен көше арасынан аяқ жол аршып, одан дарбазаларының алдын тазалап, жапталасып жататын. Үй қоршауымен бірдей болып, таудай үйіліп жатқан кардан мұз сырғанақ жасап, бала-шага мәз. Ортатық көшелердеған аптасына бір рет қалың қар-

ды трактормен сүріп, сосын ғұрлдеген ұткен көліктеге тиеп әкететін. Біздің көше орталықта болғандықтан, қар тазалғыш трактордың құлақ тұндырар дар-дүр үніне, амал жоқ, үйреніп те қалғанбыз. Қанша тазаласа да, көршімен екі үйдің арасына қар тез үйіліп қалады.

Осы себепті Мәлс бұрынғыдай «Бейбарыс сұлтанның әмірлігіне» арбасын зырылдатып келе алмай қалды. Екеуміз анда-санда телефонмен сөйлесеміз.

Бірде таңертең сабакқа асығып бара жатыр едім, Үсен ағаның сұліктей қара қызмет колігі жүрісін баяулатып келіп, қасыма тоқтады да, есігі ашылып, ар жағынан Мәлстің әкесінің өзі қөрінді:

– Аяулым, айналайын, сен біздің үйге келмейтін болып жүр дейді ғой, – деді амандықтан соң. Ұлken адамның мына ықытасына бөпемді сұлтау ете алмай қалдым.

– Биыл мектеп бітірем ғой, сабак қындалап кетті, – деп мінгір еткем.

– Аяш, айналайын, сенің Мәлске келгенің оның өмірге ынтасын арттырады, сен арқылы ол өзінің замандастарын, ортасын бақылат, соларға еріп отырады. Оның денсаулығы қалпына келу үшін ата-анасы аянбай-ак жатырмыз ғой, бірақ сенің ұлыммен карым-қатынасынды үзбеуін маңызды, дәрігердің берген дәрісінен де күшті болып тұр ғой, – деп, жүзіме байыппен көз тастаган Үсен ағаның бүт сөздерінін ұлken жауапкершілікті өлі мойнына артып қөрмеген мен үшін салмағы тым ауыр екенін сезіндім.

Аз үнсіздіктен кейін, ақырынғана:

– Енді ке тіліп тұратын болам, аға! – дедім уәде бергендей.

«Мәлс екеуіміз жай доспый ба, әлде арамызда одан да күшті, бір нәзік байлапыс бар ма?» деген ой мені онысыз да жиі мазалайтын. Соңғы кездे Мәлске бірге оқыған сыныптастары да ара-тұра келіп-кетіп жүргенін байқаймын. Бірақ Мәлс дәл менімен ұғынысқандай олармен де үнсіз ұғыныса ала ма? «Қыз да болсан өзіңе мұн шағамын» деп Мұқағали ақын айтқандай, Мәлстің нәзік жаны тек мені іздейтіні айдан анық, бірақ біз бұл жайында ешқашан ашылып сөйлескен емеспіз.

Кешкісін Үсен ағаны кезіктіргенімді әкеме айттым. Ол кісі:

– Ай, бірі кем дүниe-ай! Баласы гаріп күйін кешпесе, ел билеген Үсеннің саған күні түсер ме еді? Ұқыт тауып барып тұра гой, сауап болады, – деді. – Жер карада арбасын зырылдатып өзі-ақ жетіп келуші еді. Енді екі ортаны қар басып, шыға алмай қалған гой. Мелісжан, шіркін, дені сау болғанда, жігіттің сұлтаны болатын-ақ азамат қой, – деп, басын шайқап, өкініштен өзегі өртөнген-ді.

Ертесіне сабактан орала салысымен Мәлстікіне тарттым. Есікті қарындасты ашып, ақырын амандасты да, ағасының бөлмесін иегімен нұскап, өзі аяғының ұшынан басып, қалтарыс бөлмелердің біріне кіріп кетті. Есікті еппен итеріп, ішке ендім. Мәлс көзі жұмұлы, диванда жатыр екен. Қасына келгенімді сезбей де қалды. Дәл жанына тақап:

– Сәлем! – дегенімде, басын жастықтан жұлып алған.

– Аяш... – деп, күлімсіреп сала берді.

Мен де бал-бұл жанып, екі қолымды бірдей ұсынғам. Мәлс болса, созулы алакандарымды қаусыра ұстай алып, ерніне жақындаатты да, құшырлана ііскеді. Бұл әрекетіміз көптен көрмей, сағынысқан екеуміздің еркімізден тыс шыққаны рас.

Мұндай ықыласты күтпеген менің жан дүнием алай-дүлей болды да кетті. Ыңғайсызданып, қолымды тартып алмақ болдым. Бірақ Мәлс босатар ыңғай танытпады.

– Мұнда отыршы! – деп, жанына ақырын тартып қалғанда, тепе-тендікті жоғалтып, үстіне құлтай кеткенімді қайтейін, денеміз бір-біріне тиген мезетте абдырап, бір сәт қымылсыз қалдық. Тұла бойымнан бір нірім жүріп өткендей, бетім де, денем де қыза жөнелген. Көзіме көзі түйіскенде, оның аtabұртқан жүзін көрдім. Неткен сүйкімді жан еді! Балғын мойнының қан тамыры білеуленіп, бұлқілдей соғады. Мұрныма бір әдемі хош иіс келіп, тұла бойым еріп кеткендей ме?

Ерні ерніме тиген.

Осы сәтте дүние шыркөбелек айналып жүре берді.

Алғашқы сезімнің буырқанып сыртқа шығуы, сүйістің тәтті ләззаты Мәлс екеуіміздің қарым-қатынасынызды жанаңа деңгейге шығарғандай болды. Ендігі жерде бір-бірімізге деген сезіміміз анық, бәрі түсінкті еді. Сүйісе беріп шаршағанда, ка-

ракөлеңке бөлмеде бір-біріміздің қолымыздан үстап, көз жұмылы, жүрек соғысын ғана тыңдаپ, кимылсыз отырудын өзі де дүниенін ешбір байтығына айырбастамас бақытты сәттер еді-ау.

Әкем адамгершіліктің адал жібінен аттай алмай, менің Мәлске барып жүруіме рұқсат етсе, апам құдды бір нәрсені сұнғыла түйсігімен сезіп қойғандай аласұрды. Оның қырағы көзі мендегі өзгерістің бәрін байқап жүр. Ертегі күн өкініштен аса алмай қалмаудын жайын уайымдаپ кете ме, ара-тұра акырын үхлеп қояды.

Дегенмен, өмір өзінің сагат, минутынан қалтмай, зырылдаپ өте берді. Бір күні мектепте бір қызық оқиғаға тап болдым. Бұл өзі қой аузынан шоп алмайды деген менің басымнан өткен, адам айтса сенгісіз, күлкілі жағдай еді. Болған оқиғаны Мәлске айтып бергенде, көзінен жас ағып ішегі қатқанша күлген. Бұрында оның дәл осылай ақтарыла күлгенін көрмеген екем. Ішін басып, домалап жатқан оған қарап, өзім де еріксіз сықылықтай жөнелдім.

Оқиға былай болды. Мектептің кітапханасына Тұрсынбек Кәкішев деген ғалымның «Сәкен сүйген арулар» деген кітабы түсілті. Біздің сыныптың бойжетіп қалған қыздары махабbat туралы дүниелерді қолдан-колға откізіп оқып, тіпті таласып та қалатынбыз. Сол әдетімізben, жаңа кітаптың хабарын ести сала, кітапханага жеткеніше асықтық. Менің қолыма бірсуі түсті. Кітапханашыдан жаздырып атып, қолыма ұстаған күйі спорт затға келгенмін. Кітапты терезенін алдына қойып, спорт киімінді ауыстырып жатқанда, ішке Тұрақан деген сыныптас қыз кіріп келіп, ол да киімін ауыстыра бастады. Асығып жүріп терезе алдындағы кітабымды ұмытып кеткенім дene шынықтыру пәні аяқталған соң бір-ақесімे түскен. Ұшып отырып жанағы жерге келсем, қойып кеткен кітабым орнында ұшты-күйлі жок. Менен кейін бұл жерде Тұрақан қалғаны есімек түсіп, жанұшыра жүтіріп өлті қызды іздей бастадым. Бір қарасам ұзын дәлізде қарсы келе жатыр екен, мені көрсө де көрмеген болып жанымнан өтіп кетпекші болды. Бірақ мен жолын кес-кестей беріп:

– Тұрақан, кітапты бер! – дегем, түсімді сұтыып.

– Қайдағы кітап? Не деп тұрсын, жолымнан быттай тұр! – дейді ол мені қеудемнен итеріп.

– Бағана спорт залдың терезесінде «Сәкен сүйген арулар» деген кітабымды ұмытып кетіппін. Соны сен алдың, сенен басқа ол жерде ешкім болған жоқ, – деймін, қолындағы сөмкесіне жармасып.

Түрі алай-дүлей болып кеткен ол мені итеріп жібермек болып, мен жалт бергенде өзі құлатап қалды. Ол тырбаңдал орнынан тұрганша, ішінен кітабымды сұрып алдым да, сөмкесін үстіне лактырып жіберіп, кете бардым.

Қызық тұс ауған шакта басталды. Есік алдына милицияның машинасы келіп тоқтаган. Ішінен форма киген тәртіп сақшысы, оған ілесе Тұрақан мен оның шешесі түскенін терезеден байқап қалтып, жүргім зу ете қалды. Бағанагы кітап таласының аяғы ушырып, осындай жағдайға жеткен көрінеді. Олар сау етіп үйге кірді. Үрпісе қалған апам мен женгеме милиционер:

– Аяулым Сапарова осында тұра ма? – деп жатты.

Үні шықпай қалған апамның орнына женгем жауап беріп:

– Тұрады, тұрады... Аяш! – деп, мені дауыстап шақыра бастады.

Мен онысыз да өз бөлмемнен түсіп келе жатқанмын.

– Міне, өзі де келді!

– Қызыңыз қоғамдық орында төбелес шығарған. Сондыктан өзімізбен бөлімшеге өкетеміз, – деді милиционер.

– Ойбай, ойбай, төбелескені несі? – деп, кенет апама тіл біткен.

– Қызыңыз бұзық екен, менің қызыымды тепкілеп тастанты, мұны аяксыз қалдырмаймын, – деп Тұрақанның шешесі де тепсініп жатыр. Жанында мені ала көзімен атып Тұрақан тұр.

– Не болды төбелесіп? Не жетпеді сен екі атбастыға? – деп, апам енді айқайға басқан.

– Тұрсынбек деген жігітке таласыпты! – деп қойып қалды осы кезде Тұрақанның шешесі.

Апамның көзі атыздай болып:

– Жігітке таласқаны несі? – деп, я күлерін, я жыларын біл-мегендей безек какты. – Үн демегеннен үйдей пәле шығады деген осы, карашы мұны! Әй, әкен мен көкен келгенше, бар, айда, мілісаға барып кел. Еркектер естісе сүмдик болар! – деп, апам менің аузымды аштырмай, келгендерге қосып қуып шықты.

Үкілай женгем алактап, біздің артымыздан ере берді. Апам аһылап-ұхілеп үйде қала берген.

Үкілай женгемнің Тұрақанның анасына жалынышты үнмен:

– Апай, кешірініздерші! – дегенін ол кісі масаның ызыны құрлы көрмеді. Бәрімізді кезекші милиция көлігіне тиеп атып, селкілдетіп болімшеге алып келді.

Не үшін әкелінгенімізді сұрап жатқан әріптестеріне милиция жігіт немкүрайты ғана:

– Төбелес, – деген.

– Неменеге төбелесіпті? – десе:

– Жігітке таласкан, – деп мырс ете түсті.

Мәлс күлсे құлғендей, Тұрсынбек Кәкішевтің «Сәкен сүйген сұлулар» кітабына талас оқиғасының соны «екі қыздың Тұрсынбек деген жігітке таласы» болып, күллі мектепке жағылды.

Көктем шыға, мемлекеттік емтиханға әзірлік басталған.

Оқуға ынталы дегендеріміз топтанып, емтихан тапсыратын бес пән бойынша билет сұрактарын болісіп алып, дайындыққа кіріспе те кеттік. Түске дейін мектеп бағдарламасын оқимыз да, күн бата бір үйге жиналатып алып, сұрактардың жауабын жаттаймыз. Екі-үш сағат тапжылмай отырып, «ү» деп, ақыры таза аяға шықкан соң, жаяу көше бойтап, үйді-үйімізге тараймыз. Алдымен қай алыста тұратынымызды шығарып саламыз. Содан кейін одан бергісін дегендей. Ең кереметі, көшелерді бойлай отырғызылған жиде гүлінің әтірдей анқыған хош ісін рахаттана жұтып, еш алаңсыз шаттық күйін кешетініміз.

Бұл жакта жиде ағашының касиеті өте ерте заманнан белгілі. Корқыт ата жазбасында Сыр бойын мекендерген Оғыз ұлысының begi, Қазанның бел баласы Ораздың аузымен айтылған жиде ағашы туралы мынадай асыл сөз таңбаланған: «Атың ағаш десем, шамдаиба, ағаш! О, Мекке мен Мединенің есігі болған ағаш! Ерлердің ері Әлидің дүлдүліне ер болған ағаш! Зұлпықарға сап болған ағаш! Хасан мен Хұсайынга бесік болған ағаш! Мені саған асар болса, құлап тұс, ағаш».

Жиде ағашы бұл көктемде жаныма ерекше жақын болды. Себебі, Мәлске деген сезімнен онсыз да басым айналып жүргенде, жиде гүлінің ісі есімді одан әрмен алған.

Бірде қолыма түскен жыр жинағының ішінен «Жиде гүлі» деген өлеңге көзім тұсті. Замандас ақын Жәлел Шалқаровтың хош иісі бүркыраған жиде гүлін жыр еткен сырлы лирикасы екен. Жанымды бірден баурап алған. Он жетінші көктемімде жүрегімде бүр жарған сезіммен нәзік үйлесім тапкан сыршыл өлеңді мен емес, жүрегім өзі оқып тұргандай.

Дәл осы уақытта менің де сезімім жиде гүліндей нәзік те хош иісті еді.

«Фашықтар анау еріксіз күйге бөленіп, Өз жартыларын іздеуде...» дегендей, кілең қылышылдаған қыз-бозбаланың ортасында жүрсем де, Мәлсті іздеймін. «Осынау жүпар анқыған көшелерде неге Мәлспен қол ұстасып, бірге қыдыра алмаймыз? Мынау ғажайыпты екеуміз кеудемізге бірге сініріп, шалқып неге бірге жүрмейміз» деген ой мазалауын бір сәт те қоймайды. Құбылырым көнілдері қалған жігіттерімен киноға барып, айты кештерде бірге қыдыргандарын айтқанда, ішімді қызғаныштың қызыл иті тырмалай бастайтынын несіне жасырайын? Өзім жанымдай жақсы көретін, қарым-қатынасымызды өзімізден басқа ешкім түсінбейтін жігітпен менің де бақыттан басым айналып, қатар жүргім келетін еді. Мәлстің арбасын итеріп, осы көшелермен бірге қыдыруға алып шықсам ше?! Бірақ бұған себебін өзім де түсіндіріп айта алмайтын бір кедергі бар сиякты.

Сол көшелердің бірінде кенет аяғымды шұқырға тығып алсам, байқамай сүрініп кетсем, «осындағы қисық жолдармен Мәлстің арбасы жүре алмайды гой, содан соң әңгімеміз де жа распайды. Мүгедектердің арбасы кинода ғана көшелерде зымырап жүреді» деп ойладап, жанымды жеген көп сұракка жауап тауып, құтылып кеткендей боламын.

Алайда, бұл күні Мәлске барғанда, көніл күйім айрықша жақсы еді. Көктем шабыттандырды ма, жиде жүпары әсер етті ме, жас көнілім ерекше алаулас түр еді. Мұны Мәлс те байқап, жадырап сала берген. Мен оған гүл анқыған көшелердің казір ерекше құлпырып түрған шағын тамсана суреттеп, Жәлел ақынның «Жиде гүлі» жырын жатқа оқып бердім. Ол болса:

– Мынау, жігіттің атынан оқылатын жыр екен, маған жазып бер, – деп, қолды-аяққа түрғызбай, дереу қагаз-қалам іздетіп әлек болды.

Оның өлеңді оқу мәнері де, дауысы да керемет! Өлең оқу шеберлігіне тамсанбасына қоймайтындаи. Сол көңіл күймен:

– Жұр, мен саған жиденің гүлін иіскетейін, – деп, үйдін артындағы бақты бетке алып, арбасын жүйткіте жөнелгем.

Үсен аға баласының арбасы еркін сырғитындаи үйінен бастап біраз жерге дейін теп-тегіс жол жасатып тастаған. Мәлс өз патшатығында фана емес, таяу бақ арасында да арбасын зырылдатып жүре беретін.

Әсем бақ құдды біздін келетінімізді көптен ансап күткендей, құшағын айқара ашып тұр екен. Бар бояуын құбылта төгіп, сағ ауаға өтірін аяマイ себеді. Айрықша құлпырған жанды пейзаж еді бұл. Мәлстің жанында тұрып, жіде гүлінің ісін көкірек толтыра жүтқанда, бір арманым орындалғандай манаурагам.

Бақты біраз аралаганнан кейін Мәлс былай деді:

– Аяш, мен саған тосын сый жасайын деп жұр едім. Бірақ айтпасыма болмай, ішімді тесіп барады.

– Айта ғой? – деймін еркелеп.

– Мен де сендермен бірге мемлекеттік емтихан тапсыратын болдым. Соған әзірліктемін.

Осы сәтте оның жанары ерекше үшқын шашып тұрган.

– Неге ерте айтпадын, мен сенімен бірге дайындалар едім ғой, – деп, мына күтпеген жаңалыққа сенер-сенбесімді білмей, қуанып жатырмын.

– Әкем «құрбы-құрдастарың қатарлы емтихан тапсырып, ҚазМУ-дің зан факультетіне тұс» деді. Менің денсаулығыма зангер болған жақсы, кенседе отырып істейсін, әрі өз құқығынды корғай аласын, – деп болашақ жоспарымен асыға бөлісті.

– Жақсы болды. Алматыда да бірге оқытын боламыз, – дедім мен шаттанып.

– Шынымды айтсам, менің де сенен қалмай Алматыға барғым келетін. Міне, сол арманым орындалмақ, – деді ол.

Сосын сәл үнсіздіктен соң:

– Бірақ бір нәрседен қорқатын сияқтымын, – деген мұңая қалып.

– Неден?

– Білмеймін, бойымда белгісіз бір коркыныш бар.

– Түсінбедім...

– Мен сені жоғалтып алатын сияқтымын, Аяш. Менің үнемі сенімен бірге болғым келеді...

Не дерімді білмей, ернімді тістелей беріппін. Менің де жаныма тыныштық таптырмай жүрген осы қорқыныш емес пе еді?

Ол менің үндемей қалғанымды өзінше жорып, енді әнгіме ауанын басқа жакқа аударуга тырысты. Мен болсам:

– Тек сол арманымызға жетіп, жоғары оқуға ілініп кетсек екен, – дедім. Менің бұл сөзім оған берілген уәдедей естілді. Бірақ бұл уәденің орындалуы Алланың бүйіркышында екенін екеуіміз де жақсы түсіндік.

– Әкем айтады, Алматының оқу орындарында арбамен сабакқа баратындар да бар екен. Көшелері түзу, гимараттарында арба көтерілетін арнайы жолдар бар екен.

– Ал мен сенің аяғынды басып жүріп кететініңе сенемін, Мәлс. Ең болмағанда балдаққа тұрасың, көр де түр, – дедім.

Мұнданың кенет маған кайдан келгенін өзім де білмеймін. Бірақ сол сөздерім оған қайрат бергендей.

– Аяш, өзім де ең болмаса балдаққа ілінсем деп жүрмін, екеуміздің ойымыз бір жерден шықты. – Мәлс отыз екі тісін жарқырата күлді. Менің де күрт көnlім көтеріліп сала берді де, Мұхтар Шахановтың «Бала махаббат» әнін шырқай бастадым.

*...Сездіруге батпадым да, бала махаббатыиды.
Терезенің жақтауына ойып жаздым атыңды, –*

деген жерінде Мәлс те маған қосылып, жиде жұпары анқыған бақтың ішін азан-қазан қылдық.

Осы сәт бізге бір-бірімізден өзге ешкімнің керегі жоқ еді.

Сондай бақытты едік.

Сол күннен бастап мен де, Мәлс те ерекше бір құлшыныспен болашақ өмірге үмтүлдық. Екеуміздің арманымыз да, мақсатымыз да, үмітіміз де бір болды.

Бірақ әкем айтпақшы, «бірі кем дүнне» ғой...

«Егер Мәлстің денсаулығы жақсы болғанда...» деп басталып, жанымды әбігерге салатын ойларым, көбінесе, мың сұралққа қонымды жауап таптай, өкініштің жартасына аяусыз соғылып, майрылып қалып жататын.

«Саумал ішсөң – қымыз жок, байтат мінсөң – күлтін жок» дейтін апам әулие екен ғой, шіркін. Бұғанам қатпаган жас болсам да, «өмір тәттісінен ғөрі ашысын көбірек ұсынады-ау» дегенді бейсанған түйсікпен ендігі түсініп қойғандай едім.

Егер, шындықтың бетіне тұра қарасақ, Мәлстің өмірінде бәрі ойдағыдай болғанда, ол мені көзіне ілер ме еді?!

Ауқатты отбасының жалғызы, асқан интеллектуал, көркем де өнерлі жігіт мендей жұптыны да жуас қызға мойнын бұрып та қарамас еді-ау! Аяқ-қолы сау әпкелері қазір мені менсіне ме? Мәжбүрлі күйде араласа келе, Мәлс менің жан дүниемді, тазалығымды байқаған соң барып ұнатты емес пе?

Ал маған ол бір көргеннен ұнаған. Басқатар не десе ол десін, мен үшін Мәлс әкем айтқан «жігіттің сұлтаны»!

Арбада отырғанын да кемдік көрмеймін. Мені көргенде «Аяш!» деп шаттық шашырай кететін түп-тұнық жанарының ішіне шексіз сұнгіп кете бергім келеді. Сол жып-жылы жанардың шуағына шомылып жүре берсем, мендегі жалғыз арман сол!

Үйдегілердің үмітін актап, мектепті «алтынмен» тәмамадым. «Менің алтын қызым окудың байгесін шаптай алады» деп, бәрінен де әкем мәз болды.

Ағам мені Алматыға өзі өртіп әкелген. Таңдауымыз Қыздар педагогикалық институтына тұсті. «Қай факультетке барасың?» дегенде, ойланбастан «филология» дедім. Ағам мені жатақханага орналастырып, қайтып кетті. Медалистер негізгі пәннен ғана емтихан тапсырып, «бес» алса, бірден түседі, одан томенгісін алыш қалса, емтихан тапсыруды жалғастырады. Үмітім актальып, бірден окуға ілтініп кеткем. Үйдегілер естіп, бір-біріне сүйіншілеп жатыр. Өмірдің маңызды бір сынағынан сүрінбей өткен мен үйге есейіп оралғандаймын. Енді тұлымына бантык байлаған оқушы қыз емес, студентпін. Мені көптен көрмеген Таймасым да бірден аяғыма оратылып, үстіме секіріп, қуанышын білдірді.

Мәлстің үйіне телефон соғып едім, тұтқаны ортанышы әпкесі алған. Амандақсаныма енжар жауап берді. Мәлс туралы: «Ол Алматыға окуға тұсті. Енді сол жақта болады. Мұнда келмейді», – деді. «Бұдан былай іздеме» дегені дауыс мәнерінен

сезіліп тұр. Қоштасып, тұтқаны қоя салдым. «Мен білетін Мәлс болса өзі-ақ мені тауып алады» деп, миығымнан күліп, тілімді шығарып койдым.

Күндер өте берді. Тұсінгенім, жалғанда сағыныштан өткен азап жок екен-ау. Мәлсімді сағынғанда, жанымды қоярга жер таптаймын. Даасы жок дертке шалдыққандаймын. Бар бітіргенім, терезенің алдына шығып атып, көршінің үйіне қарап отыратын баяғы әдетіме басқам. Басқа қолымнан не келсін? Телефон сол мылқау қалпы. Мүмкін, шынымен, Мәлс келмеген шығар...

Күн жылуы азайып, қара жерден суынган шакта мен де оқуыма аттанбақ болдым. Апам: «Оқуын ішінде оқытады, та-магы тегін, жатағы жақын бұл не деген майшелпек! Енді алак-жұлак еткен қыздарға қосылып кетпей, таңыңың атысы, күннің батысы сабагынды оқы. Бес жыл мұғалімдік оқыған қызды небір жігіттің төресі өздері ізден келетін болады», – деп, білгенін құлағыма құйып, үйден шығарып салды.

Сабак оқуға құлшынып жеткен мені басқа курсастарыммен қосып, қаладан алпыс шакырым қашықтықтағы Балтабай деген жерге көкөніс жинауга жіберді. Оқуға тек бір айдан кейін гана кіріскенбіз.

Сейфуллин мен Гоголь көшесінің қылышындағы жатақханың жетінші бөлмесінде үш қызы тұрамыз. Қасымдағы қыздар сонау Орал мен Жезқазғаннан. Бір ай көкөніс жинау кезінде жақын танып қалған Эсима да, Бейбіт те өткен жылды оқуға іліне алмай қалған екен. Сондыктан биыл сабакқа айрықша ықыласпен кіріскені байқалды.

Эсима орыс мектебінен бастап, соңғы екі жылды қазақша оқыған екен, көбінесе орысша сөйлейді. Арасында боктап жіберетіні бар, мінезі оқыс. Атақандай көзімен әр нәрсеге танырқай қарап қалатыны бар. Оның тік мінезінен ығып, курсаты қыздар ә дегеннен аяқ тартып жүретін болды. Үй тірлігіне мүлдем қыры жок. Онысы бөлмедегі кезекшілік кезінде байқалды. Күйдіріп-жандырып, тұзын үдай қып пісірген тамағын тыжырынып отырып, қарыныз аш болған сон, жеп қоямыз. Ыдыс-аякты шала-шарпы жинай салса, Бейбіт екеуміз үнде-мей, артынан қайта жинастырып жүреміз. Бірақ сәнденіп киін-

гендегенде алдына жан салмайды. Иығына түскен шашын күн сайын бұйралап, тырнағын әр кеште жаңалап бояудан жалықпайды.

Бейбіт болса, барынша қарапайым. Корпус дәлізінде көк-күтандікіндегі ұп-ұзын аяғын арбандата басып, күлімдеп қарсы келе жататын бейнесі көз алдында қалтып койыпты. Сөмкесін инығына салақтатып іліп алады және онысын ешқашан тастамайды. Елпілдеген, пысық кыз. Сабактан келісімен, кезекші болмаса да бөлмені жуып-шайып, шашылып жатқан киімдерімізді жиып, үтіктей салатыны да бар. Нан таусылып қалса да, айтқызыбай дүкенге жүгіре жөнеледі. Кітап керек болса, кітапханадағы не корші болмедегі қыздардан тауып әкелетін де сол. Тіпті ұстаздарымыз да бір керегіне соны жүгіртеді. «Жок» деген сөзді, қарсы келу дегенді білтімейтін сияқты. Осынша аккөніл курстасымызға «жандайшап» деп ат қойып алған Загираны түсінбей қалғам.

Оқиға былай болды. Бірде аудиторияда отырғанда, бір нәрсе керек болып, Загира:

- Жандайшапқа айтсандаршы, жүгіріп барып келеді ғой, – деп керілмесі бар ма.
- Жандайшабың кім? – деп, антарыла қалдық.
- Ойлан, тап! – деп қылымсыды Загира. – Жарайды, сендерді әуреге салмай-ак кояйын – Бейбіт! – деген сосын.
- Сен оған ат коятын кімсін? – деп қасына жетіп бардым. «Үндемейді» деп жүрген менен мұндайды күтпесе керек, абдырып қалды да:

- Отірік пе, не нәрсеге болсын шауып ала жөнеледі мұғалімдерге жағынып, – деп, айылын жия қоймады.
- Шапқыласа, тіл алғыштығы шығар. Енді бұлай ат койғаныңды естімейін, – дедім орныма отырып жатып.
- Сен неге оның сөзін сейлей қалдың? Жандайшапты аясан, деканатқа сен барып кел, – деді Загира да «маған не істейсін?» дегендей.
- Онда сені «Керілме» деп атайық, жақсы ма?! – деп, мен де оны тілмен шағып алдым. «Бұл сөз қайдан аузыма түсті, апамның үдай тілі қанымда ойнап шықты ма екен, өлде?!» деген ойдан күлкім де келіп кетті.

– Ей, не дедін? – деп, Загира мені жұлатындай тап берген. Мен де ықпай, қарсы тұра кеттім.

– Қыздар, апай келе жатыр! – деді сол кезде бір кыз. Біз бірбірімізді көзімізben атып, қайта орнымызға жайғастық. Содан бастап Загира «Керілме» аталып кетті.

Үш кызың түннің бір уағына дейін сабак оқимызы. Соның нәтижесінде бірінші семестрді жақсы аяқтап, үйге қайттым.

Автотұрактан немересін ерткен өкем мен апам күтіп алды. Әшеңінде балаға салқын апам мені айналып-толғанып жатыр. Бейбарысты шақырсам, домаландап маган ұмтылып қояды. Бұрын ешқашан үзак уақытқа үйден алыс кетпегем – ауылды, үйімді қатты сағыныпсын. Қүшік кезінде мысықты еміп жүретін Таймасым дәу төбет болып кетіпті. Мен қакпадан аттаганнан алдыннан шығып, арсаландап үстіме секіре кетті. Көліктен түсіп жатып, көршінің үй жағына ақырын көз тастап қойдым, «Мәлс те каниқулға келіп қалмады ма екен?» деген үмітім жок емес. Ол үйдің дарбазасы ешқашан өздігінен ашылмайтынын білсем де, мойнымды созып қоямын. Мәлстен хабар алмағаныма жарты жылдан асыпты. Мені іздең жатақханама келе қалатындай оның мүмкіндігі жок. Біреу ертіп жүрмese, мені қайдан тапсын. Хат жазуға адресімді білмейді. Бар үмітім – оны осы демалыста үйден жолықтыру. Жүргім езіле сағынып келгенмін, баяғы әдетімдей, жатын бөттеменің терезесінен көз жіберіп қарап қоямын.

Жиырма күннен астам демалыста болғанда бір көшениң бойында, бір-біріне қарсы қарап тұрган көрші үйден бір хабар ала алмай, ертен жолға шығамын деген түні таңға дейін жылап, еңсем түсіп, Алматыға қайттым.

Ол туралы ешкімнен сұрай алмағам.

Бұл жағдай жазғы каниқулда да қайталанды. Жаз бойы тerezенің алдына барып, Мәлсті көзіммен іздеймін. Аулада анасы, жиендері жүреді. Әпке-жезделерін де көріп қалдым. Тек әкесі мен Мәлс көзімे бір тұспеді. Қөнілім құлазып, бір азалты жел жан дүниемді қаңылтырдай қанғырлатып өте шығады. Ол енді мұлдем бұл үйде тұрмайтын сияқты. Екеуміз қыдыратын бактарының әр бұрышын қөніл көзіммен тінтіп шығамын. Кейде «өзі мені неге іздемейді. Оған хат жазар едім, Алматыдағы

мекенжайын білмеймін. Шын жақсы көрсө, ешкімнің сөзін тындағай іздер еді ғой» деп өкпелеймін.

Сөйтіп жүріп, құндіз ойымнан, түнде түсімнен шықпайды. Бір кереметі, түсімде Мәлстің он екі мүшесі сау, екеуміз қол ұстасып қыдырып жүреміз, тауға шығып бара жатамыз, тенізде жүзіп жүреміз, атқа мініп, желмен жарысамыз.

Женгемнен сұрағым келген, бірақ келін әдебін сақтап, үй ішінде гілерге артық бір сөз айтпайтын оның Мәлс туралы түк хабарсыздығына көзім жетті.

Басқаларынан не бетіммен сұрайын, «қыздың жолы жінішке» деген осы екен.

Канға сіңген тәрбиеден аса алмай, «жігітті өзі іздеген қызы болмайын» деп, әдеп сақтап жүріп, тағы бір жыл өтті.

Енді менің бойымды «өзі тірі ме екен?» деген үрей билей бастаған. Бірақ жаманат хабар жерле жатпас еді ғой.

«Көрмесен, көнілден кетеді» деген рас екен. Нәзік сезімімді алғаш оятқан Мәлстің бейнесі біртіндеп ұлы сағынышқа айналып, өмір ыргағымен жүрек түпкірінде көміліп қалып бара жатты.

Кош, еліктей ерке күнім

Ушінші курста Әсима, Бейбіт үшеуміз ҚызПИ-мен дос-тық байланыстағы малдәрігерлік институтының жігіттері ұйымдастырған кештерге барып жүрдік. Курстас қыздар бірінен кейін бірі түрмис құрып, кетіп жатқан соң, «әйтеуір бір күйеуге шығу керек» деген оймен табысқан Әмірмен сол кештердің бірінде таныстым. Орта бойлы, монгол пішіндес, сөйлеменде жүртты аузына қаратады. Спорт десе ішкен асын жерге қоятын жанкүйерлігі өз алдына, өзі де қала жастары арасында бірталай жетістікке жеткен спортшы. Апам тілімен айтканда: «аяқтыға жол бермейтін жүйрік, ауыздыға сөз бермейтін сүйріктің» нақ өзі. Көп ешкіммен араласа қоймайтын, томага түй-ық мінезді менімен Әмірдің мінезі толықтай қарама-қайшы еді. Сейтсе де, мен оны жігіттің төресі көріп, бірден аузымын сұзы құри қалған.

Мәлспен сүйісу балалық пәктіктің белгісі сияқты болса, Әмір ер мен әйелдің қарым-қатынасының шекараларын қолмен қойғандай анық көрсетіп берген.

Оның қуатты құшағы алғаш сүйіскенде-ақ есімнен тандырып, басымды айналдырып жіберген. Не десе де көніп, карсылық көрсетуге қауқарым қалмай, Әмірдің тегеурінді торына оп-оңай түстім.

Шығыстікі болған сон, орысшага ерен жүйрік болатын. Студенттер бас қосқан ортада суырытып кеп сойлегенде, алдына жан салмайтын.

Әсіма:

— Аяулым, мына зуылдақтан айырылма, көр де тұр, бес жыл өтпей бір ауданның хатшысы болады! – десе, Бейбіт:

— Сенің мінезің ауыр, саған осындай жігіт лайық. Ерлі-заяштылардың біреуі түйік болса, екіншісінің еті тірі болуы керек, сол кезде бақытты отбасы болады, – деп, «даналық» танытқан.

Онсыз да Әмірді қалап тұрган көнілім, құрбыларымның мына сөзінен кейін тіпті құлап түстім.

Жалпы, менің мінезімді қыздар «түйік» десе, мұлдем танымағаны. Кілтін тапқан адам болса, менің де сыр сандығым небір «қазынаға» толы екенін, олар білмейді гой, шіркін!

Менің болмысымды толығымен аша білген жалғыз адам Мәлс еді. Онымен бүкпесіз сырласып, әнімізді шырқап, көрген кино-кітабымызды талқылап, ойымдағымызды ашық болісетінбіз.

Ал Әмір менен ондай ештеңе талап етпейді. Жанында үн демей еріп жүре берсем болды. Оған ұнаса, осы ештенемен жұмысым жоқ қалпым ұнайды. Екеуміздің қарым-қатынасымызда сөйлейтін жалғыз сол. Менің пікірімді сұрап жатпайды. Танысқанымызға жарты жыл өтпей жатып маған: «Үйленеміз, әке-шешем ауылына барып құда түседі, жазғы каникула тоғымызд болады» деп, бәрін өзі кесіп-пішіп қойған сон барып айтқан. Мен не дейін, әдеттегідей, үн демей келісім бердім. Оған неге қарсы келс алмайтынымды озім де түсінбеймін. Баяғы апама айтқан «мені сүйгеніме бересіз гой, ә!» дейтін батылдық жоқ, нокталанған бұзау сияқты, Әмір қайда жетелесе,

соңда еріп жүре беремін. Сүйетін-сүймейтінімді де білмеймін. Ол мені сүйе ме, жок, басқа есебі бар ма, ол жағын да таразылаپ жатқан мен жок. Әмірдің ер мінезді, батылдығы, өз-өзіне сенімділігі үнайды...

Дегенмен, оңаша қалғанда, әлі де болса, әр түрлі ойға берілетінім рас еді.

Бірде бөлмедегі екі қызбен алғашкы махаббаттарымыз жағында сөз қозғала қалды. Мен де Мәлс жайлыштып, баяғы өзі естелікке берген суретін көрсеткем. Жағдайынан да хабар беріп өттім.

- Қандай сұлу жігіт!
- Мүгедек адамға мұлдем үқсамайды!
- Бейшара бала енді ата-анасына масыл болып қалды ғой! – деп аяушылық та білдіріп жатты құрбыларым.
- Оны емдетеуге үзак уақыт керек, сен соган шыдайсың ба? – десті сосын.
- Егер өзі іздеп келсе, мен бәріне шыдар едім...
- Ол сені сүймеген шығар, шын сүйсе, жанындағылардан сені тауып беріндер деп талап етер еді, алыс жакка кетпелін, қанша дегенмен, есікпе-есік көршісіндер.
- Сүйгені рас болса, ен болмаса, хат жазып жібермей ме үйлеріңе...

Бұл әңгіме сол күйі қалды. Содан кейін олар да, мен де Мәлс жайлыш жақ ашпадық. Аяқ-колым сау, оқу орнын білем, маган шынымен, Мәлс керек болса жердің түбіне кетсе де тауып алар едім ғой.

Шынымен, балатық махаббат деген сонау балдәуренде кала бере ме екен?! Одан үш жыл бойы еш хабар болған емес. Ен болмаса, өзінің аман екендігін айтып, бір белгі берсе деген үмітім сол күйі акталмады. Есіме екеуміз қосылып айтатын «Бала махаббат» әні түседі.

*Асат әмір арнасында, бала сәби сезімненен,
Сездіруге батпадын да, бала махаббатынды...*

Дәл екеумізге арналған сөздер еді ғой бұл... Әттең...
«Кездеспегелі үш жыл болды, мені бір іздемеді» деп, жаны да, тәні де жаралы Мәлске өкпелімін.

Мына бұзаудай жүрісіммен содан өш алғым келетін сиякты.

«Өзім оны неге іздемеймін? ҚазМУ-дің заң факультетінде оқитынын білем гой» деп, өзімді іштей мұжимін.

Мамырдағы мереке күндерінің демалысын пайдаланып үйге келдім. Әмір «үйдегілерің айт, маусымға құда жібертем» деген. Оның сөзі маған заң сиякты. Бір хабар алғып баруым керек. Үйдегілерге «күйеуге шығатын едім» деп қалай айтарымды білмей, екі күн дал болдым. Апамның қаһарына ұшыраудан корқатын Үкілай жеңгем естіген сәтте зәrezап болып:

– Апама ақырын өзің айтып көрсөнші, – деп, басын алғып қашты. Одан қайыр жоғын білдім де, не болса да, «шешінген судан тайынбас» деп, өзім айтуға бекіндім.

Бата алмай, айналсоктап біраз жүргенмен, кешке карай сәті де түсті-ау! Әкем елге кеткен, ағам әдеттегісіндей, жұмысында-тұғын. Женгем екінші балаға аяғы ауыр болған сон, ертелеу өз бөлмесіне демалуға кетті. «Қазір айтамын» деп белті беріп едім, сөзге араласқысы келмей, «өзімді жайсыз сезініп тұрмын» деп, сол бетте жатын бөлмесіне тартқан. Апаммен бетпе-бет қалу оңай ма, касқырдың аузына түсердей дір-дір етемін. Шешім соны байқап қалып:

– Эй, сен неғып қипақтап жүрсің, ақша керек пе? – деп, өзі сөзге тартқан.

«Не де болса, нартәуекел!», бір терен тыныстал алғып:

– Апа, менін сізге айтпақ бір әнгімем бар еді, – дедім.

– Ал, айт.

– Мен биыл төртінші курсқа өтем гой, сөз байласып жүрген жігітім бар еді...

Апам мен күткендей шоршып түспеді. Жозы басында екеуі міз ғана отырғанбыз. Сабырлы қалпын жогалтпай, алдындағы кесесін колымен әрі итеріп койған. Біразга дейін үн катпастан бетіме сынай қарап, көзімен тесіп әкетіп барады. Жанары қандай өткір еді.

– Байға тиейін деп жүрмісің? – деді сосын жай дауыспен. «Байға» деген сөзден ұятып кетіп, жанарыммен жер шұқыладым.

– Қай жақтың адамдары? – деп сұрады бір кезде.

– Шығыстан, – деп, нақ облысы мен ауданын айттым.

– Е, Мұкамал келін алған жақ екен ғой, ауа райы жайсыз, қысы үзак деп еді...

Сосын езу тартып:

– Ине сабактасаң, жібін салакұлаш алушы едін, алыска кететінінді содан білгем, – деді.

Дегенмен, алыска кеткім келетіні апама ұнап отырмағаны түрінен байқалды. Онысын сыртқа білдірткен жоқ, тек айтканы:

– Ертең әкеңе айтайын, сол біледі ғой. Менікі, әшейін, құр айқай, бәріміздің бас иеміз сол ғой.

Апам басқа ештеме демеген. Бірақ менін күйеуге, оның үстіне алыска кететінім оған қатты батқаны сондай, тұнімен үхілеп көз ітмей шыкты. Бір болмеде жатқан екеуміз де бұл тұні танды көзбен атырганбыз.

«Құдай-ай, бұданша апамның айқайлап ұрысканы жақсы еді!».

Таңертеңгі автобуспен әкем келді ауылдан. Мереке болған соң, ағам да үйде болатын. Ай-күні жақындаған женгем ас-ауқатымен казан басында. Жозыны жағалтай отырып, аска бас койғанда, әнгімені апам өзі бастанды.

– Әкесі, кешегі құлыншағын бойжетіп қалыпты. «Қыз жат жүрттық» деген, біз де ұшып барып, сонау теңіздің жағасынан біреудің құлыншағын алып келіп, өсіп-өніп отырмыз, – деп, Үкілай жеңешеме бір қарал койды. Әкем мен ағам сөз төркінін түсінген сиякты.

– Әлі бірер жыл окуы бар емес пе? – деген әкем күтпеген жаңа тықтан өні бұзылып.

Ағам қолындағы қасығын алдындағы шыны ыдысқа салдыр еткізіп тастай салды.

Осыдан кейін дастархан басын өлі тыныштық жайлаган.

Біраздан кейін апам сөзді қайта өзі жалғастырды. Менің айтканымды үтір-нүктесіне дейін түгел айтып отыр, дастархан басындағылар сөзін бөлмей тыңдауда. Бір кезде:

– Қазакта «үкіні қайтармайды» деген бар, әкесі. Қызыңа үкі тағайын деген екен, қарсы болмайық. Мына жалғызга серік болсын деп Алладан бір, адамнан екі сұрап алған баламыз еді. Алладан жасырмадан жасырамыз ба, шындығын айтып, батамызды берейік, – деді.

Әкем қинала отырып:

– Үкіні қабыл алайық. Балаларға батамызды берейік, Ал ескі жараны тырнама, жабулы қазан жабулы күйінде қала берсін, нең бар өткенді қозғап, – деп, анама жактыртпай қарады. Ағам да мұрнының астынан бірдемені мінгір етіп, тыржия қалған.

Мен қабағымды керіп, елең еттім. Жүрек тұсым әлдебір жайсызықты сезгендей солқ ете қалған. Бірақ өз тағдырым шешіліп жатқан мынау сөтте тырс етіп бірдене деуге батпадым.

Апамның мандайындағы тікесінен тұсken кос сызығы тұта-сып кеткендей көрінді. Терен бір тыныс алып, көкірегі қарс айырыла күрсінді.

Тағы үнсіздік орнап, үйдің ішінде шыбынның ызыңы ғана естілген.

Анамның жан түкпіріне жасырған сыры барын сезіп отырмын. Сол жұмбак сыр байғұс анамның кенірдегінен қысып, тынысын тарылтатындаі. Дәл осы сәт көзінен айықпас мұн бай-қалған.

– Қызы осы манға барса, мейлі дер едім. Алысқа кетіп барады. Бұл Алланың жазуын қарашы, баяғы кіші қыздың барған жері екен. Аталас болып шықса қайтеміз, қан араласып кетсе не болады? – деген.

Тұрі күренітіп кетіпті. Соған атандалап қалған ағам:

– Апа, қойынышы, бәлені бастамай. Кіші әпкемнің онысын жүрт үмітті гой, қазір қан қысымының көтеріліп кетеді, – деді.

– Жәмиғаш, одан бері талай заман өтті дегендей. Семейдің аргындарының өзі жеті атадан асып, бір-бірімен қыз алысып кетті гой. Ол қу аяктың бергі аталарын кім білген, өзегінді өртемей, сабырга кел, – деген әкем мына жұмбак әнгімелерінің мәнісін үкпай, жаутандап отырған маған қарап:

– Аяш, ол жігіт қай елдін баласы екенін сұрадын ба? – деді.

– Найманбыз деген...

Әмір мені жолға шығарып салып тұрып: «қай атаның баласы деп сұраса, «найман деп айт» деген.

– Ал Құләтай аргынға барған болатын. Өзім құдатығын бастан-аяқ өткізгем, нақ білем! Тіпті облыс тұрмак, бір ауылдан болса да атала болмайды, қан араласпайды! – деп, әкем қызбалана сөйледі.

– Осы сырды бір айтатын кез келді. Бәрібір бір шығады, әркімнен естігенше, өзімізден естісін! – деп, апам да тақымдал, дегенінен қайтар емес.

– Сенікі де дұрыс болар. Аяш үлкен қызы болды. Ақылы кірді. Жағдайды дұрыс қабылдайтын шығар, – деді әкем де бәйбішесінің алған ойынан қайтпайтынын түсінген соң.

Бейбарысты аяғына қойған жастық үстіне салып тербетіп отырган Үкілай женешем екеуміз бұлардың астарлап айтқан әңгімелерінің байыбына бара алмай датмыз.

– Аяулым, – деді бір кезде анам. – Қызыым, саған емшек сүтін бермесем де, елік сүтін беріп өсіріп едім, – деп бастады ол әңгімесін.

Мен ан-таңмын...

Менің балдырган кезімде үйде әкемнің қарындасы Құләтай деген тәте жүретін. Ұзын шашын тамның артына барып тарап отыратын, үй тазалап жүргенде сызылтып бір әнге салатын. Кейін «күйеуге шығып кетті» деп, үйге құдалар келгені есімде. Содан қайтып біздін үйге оралған емес. Кейде ауылдың бір тәтелері: «Құләтай әпкен келді ме?» деп сұрайтын. Сезімталдығым сонша, соны ұрагандардың жанарында бір құпия жасырынып, арғы жақтарынан әлденені білгілері келіп тұрғанын битімдей жүрегім сезетін. «Жоқ!» деп, жұлынып жауап беретінім бар еді. Кіп-кішкентай болып алып, несіне сонша жынданатынымды, жүйкеме ненің тиетінін өзім де анық түсінбейтін едім. Апам болса, Құләтай тәтенің атын атапайтын. Кейіннен әuletіміз жер бетінде ондай жанның барын да ұмытып кеткендей еді.

Бүгін білгенім, сол Құләтай – менің туған анам екен. Жасында Алматыда оқып жүріп, күйеуге шығып, әкеммен дәм-тұзы жараспай, мені туғаннан кейін қайтып келіпті. Апам мені бауырына салып алып, оның басына бостандық берген көрінеді. Алматыға қайтқан ол содан ары тағы тұрмысқа шығыпты. Сол кеткеннен туған шаңырағына оралмапты...

Әкем мен ағамның аузынан түсіп қалғандай түріме қарап, мені «бұл үйдің баласы емес» дегенге ешкімшің жүрегі дауала-мас еді. Дегенмен, бүгінгі айтылған шындық маған біреу қақ мандайға қойып қалғандай әсер етті. Ағам да бұдан әрі отыруға

дәті шыдамай, орнынан тұрып кеткен, оған ілесе женешем де бөлмесіне тартты.

Жозы басында үшеуіміз қалдық.

– Шырағым, қамықпа, мен үшін ағаң да, сен де бірдейсін, кімнен тұғанынды ұмытып та қалыппын, өз баламсың, айтатын ел айта берсін, – деді әкем. Бетімді кеудесіне қойып, еніреп жіберіппін. Ол мені шашымнан ақырын сипап, сейлеп отыр:

– Шешен болса, сол Құләтайдың өзінен қызғанып, осы үйге сол күйі жолатпады. Ол байғұс та сенің көнілінді аландатпайын деді ме, бізден біржола безіп, жоламай кетті ғой...

Осы кезде апамның да есіне Құләтай тәтеме көрсеткен өзінін орынсыз қаталдығы түссе керек:

– «Кеткен қызы керегеден әрі» деген, мандайына жазылғаны сол шыгар, әйтпесе, мен оған қашан «келме» дедім? Төрт баласы бар деп естігем, Құдай беріп жатқан соң, туыс іздеуге қолы босамай жатыр да, – деді зілінін астарына бар өкінішін жасыргандай.

– Жәмиға, сен енді бұл әңгімені ұмыт. Әмірхан жалғыз болмасын деп, Аяшты бізге Құдай Тағала өзі берді, көнілінді енді аландатса. Бұл әңгіме осы жерде қалсын, бықсытпандар, – деп, әкем «осымен әңгіме тәмам» дегендей, үлкен алаканымен бетін бір сипап, орнынан тұрды.

Анам болса:

– Менін де толып жатқан балам бар ма еді, жалғыз қызымыды ешкімге ұстатайын деп отырған жоқпын. Тек ата-баба салты сол, қан арапастырмая қамын да ойлау керек кой, әкесі, – деген акталғандай болып. Сосын сүйретіле орнынан тұрып келіп, мені құшақтап, айналып-толғанды, құпияны қоймай ашқанына біртүрлі кешірім сұрағандай.

Осыдан кейін үшеуіміз бұл сырды «қара тұн жасырынышы» дегендей, үн-түнсіз жатын бөлмелерімізге бөліне бердік. Қайтып бұл әңгімеге ешқашан жолаған жоқпыз.

Маусымның ортасына таман құда түсіп, сырға салуға Әмірлер келетін болды. Кетпендерігі ағайындар да жетіп, үй ішіміз құда күтудің әбігерінде еді.

Шарайна деген сыныптас құрбым келіп, сксуіміз откен-кеткенді еске алып, мәре-сәре болып отырғанда, кенет үй телефоны безілдеп қоя берген.

– Алло! – дедім, ойымда түк жок. Ешкім үндей қоймаған соң, кім екенін тағы бір сұрадым да, тұтқаны орнына қоя салмақ болып ыңғайланғам. Сол кезде аргы жақтан:

– Аяш... – деген таныс дауыс естілген.

Ішкі даусым «Бұл сол ма?» деп ойланғанша, жүрегім кенет катты дүрсілдей жөнелді.

Иә, бұл Мәлс еді.

– Аяш! – деді тағы. Соның дауысы. Дымым құрып, көзіме жас үйіріле кеткен.

– Аяш, үяннан үшқалы жатыр екенсін... кеше апамнан естідім. Қай құдай сүйген жаның қолтына қонсан да, тілейтінім – бақыт қана! – деп күрсінгендей, аз үнсіз қалды да:

– Сені көргім келеді. Есік алдына шықши, – деді.

– Жақсы, қазір шығамын, – дегенді қалай айтқанымды өзім де байқамай қалдым.

Тұтқаны қойып, жоғарыдағы бөлмеме жүгірдім. Терезе пердесін асығыс ысырып жіберіп, жанушыра Мәлстің үйі жаққа тесілгем. Арбасын сырғылдатып келе жатқан Мәлсті көремін-ау деп күткен мен кенет өз көзіме өзім сенбедім: жанғашығым арбасыз, өз аяғымен келе жатты. Мына көрініске аузым ашылып, абдырап қалдым. Балдаққа сүйенген сымбатты да келісті жігіт біздің қақпаға қарай жақындаған.

Бөлтмеге соңымнан ентелей енген құрбым Шарайна қасыма келіп:

– Негып тұрсың? – деп, ол да терезеге үнілген. – Мынаусы кім? Мәлс емес пе?

– Иә, сол!

– Бұл кайдан жүр? Шығасын ба енді?

– Иә.

– Қызық екенсін, шықпа, құда-қүйеуін келе жатыр!

Мен айна алдына жетіп барып, өн бойыма тез көз жүгіртіп өттім. Шарайна мені ойымнан айныта алмайтынын сезгендей:

– Онда мен де бірге шығамын. Жұрттың сөзіне қалып жүрерсін, сен қыз! – деді.

Мен оның «бірге шығам» дегеніне карсылық көрсете қоймагам, біз тысқа беттедік.

Дарбазаның алдында ұзын бойлы, келісті жігіт тұрды. Мәлс мен көрмеген уш жылда катты өзгеріп кетілті. Түрі-тұлғасы,

дауысы да басқа. Қалын шашы тікірейіп, кабагы бұрынғыдан қалындаپ, жанары от шашып тұр. Балдағын шарбаққа сүйеп қойыпты.

– Аяулым! – деді ол. Қолын ұсынғанда созған қолымды уысына қысып, жібермей тұрып қалды. Мен оның түріне анықтап қарауға сол сәтте дәтім бармаса да, дауысын қаншалықты сағынғанымды ұқтым. Қолымды тезірек босатып алуға тырыскам.

«Аяғыңнан тұрып кетіпсің гой, мен өте қуаныштымын» деуге бірден батпасам да, жүрегім осы сөздерді қайта-қайта қайталаپ тұргандай.

– Қалайсың? – дедім ақырын ғана.

– Жақсымын, Аяш... Көріп тұрсың гой, таяққа тұрсам да – аяққа тұрдым!

Ол мұңая күлімсірейді. Мәлспен қалжындастып, сөзбен ойнап отыратын кезімді сағынып, бір сәтке жүрегім елжіреп кетті. Сол әлсіздігімді сезіп қалмасын деп, жанымызда тұрган Шарайнаға қарап:

– Айтпакшы, танысып қойындар, мынау Шарайна, сыныптас құрбым, – деп, алдымен қызды таныстырудым.

– Сырттай білем, сәлем! – деп күлімдеді Шарайна.

– Сонда да ресми таныстырып қояйын, мына жігіт – Мәлс, құдайы көршіміз, – дедім мен. Мәлс оған басын изеп, күлімсіреді де:

– Қыздар, мен сендерді кешке бір жерге шақырайын, қалай қарайсындар? – деді.

«Құдалар келгелі жатқанда, апам жібере ме?» деп ойлап үлгергенімше Шарайна:

– Жақсы, барсак баралық! – деп, так ете түскен. Сымбатты жігіт көрсе, өз-өзін ұмытатын ол Мәлсті көзімен ішіп-жеп барады. Жаңа ғана «Мәлспен кездеспе» деп маған ақыл айтқан құрбым енді менен бұрын онымен кездесуге ниет білдіріп тұр.

Үйге кірген соң, көркем жігіт туралы әсерімен бөлісе алмай, әрен шыдап тұрган Шарайна үйдегілердің көзінше де бірден актарылып сала алмай, маған құлана күлімсіреп, бас бармағын көрсеткен.

Күн үясына қонған соң, құрбым екеуіміз үйден шығып, «Мереке» мейрамханасына тарттық. Шарайнаға мен: «Мәлс

екеуіміздің сойлесуіміз керек, сен мені шыгарып сал да, шаруан бар адамдай, үйнене кетіп қал, бізді оңаша қалдыра» дегем. Үш жыл көріспеген Мәлс екеуіміздің, шынында да, бір-бірімізге айтарымыз көп еді. Ертеңнен бастап мәңгілікке айырылатынымызды жақсы түсінген мен Мәлске ішімде жиналған өкпемді біржола актарып кетпек болдым. Ұсынысъма «жақсы» деп келісken Шарайна болса, мейрамханага келген соң, «келіндер, отырындар» деген Мәлстін ілтипатын менімен бірге қабыл алып, жайғаса кетті, тіпті ешқайда асығар түр көрсетпеді.

Бізден бұрын келген Мәлс үстелді қайыстырып тапсырыс беріп тастапты. «Мынауың бір жомарт жігіт қой!» деп, құрбым Мәлстің көзін ала бере сыбыр еткен. Әдемі құтыға нісі бүркыраган раушан гүлдерін қойлыруды да ұмытпапты, оның әр іс-қимылтынан, әдеттегідей, жогары тағам мен мәдениеттің нісі аңқып түр. Өзімді ханшайым сезіндіретін оның осы ерек қасиетін Әмірдің қасында салпаңдал жүріп, ұмыта бастагандай екенмін.

Ушеуіміздің ортақ әнгімеміз оқу мен тіршілік төнірегінен аспады.

Ол да, мен де ашыла алмай отыр едік.

Мәлс университеттегі оқуымен катар, алыс жақтарға барып, ем алып қайтыпты. Соның нәтижесінде арбадан тұрып, балдақка ілініпти.

– Достарым оқуга түсуді армандал жүргенде, менің бар арманым – аяғыммен жер басу болды, – деп мұная күлімдеді Мәлс.

Медициналық училищені бітіріп, Алматыда жұмыс істеп жүрген Шарайна:

– Міне, Аяш та тұрмысқа шыққалы жатыр, Мәлс-ау, саған да медицина саласын бітірген бір жақсы қызға үйлену керек, – дегенді қойып қалды.

– Тағы да құтты болсын, Аяш, – деді Мәлс менен көзін алмай. Төмен қарап, ернімді тістелей бердім. «Үш жыл қайда болдың?» деймін іштей.

Оған деген өкпем қара қазандай.

– Құдаларын алып, күйеу жігіті жолда келе жатыр, – деп, Шарайна да қоятын емес.

Екі сагат бір-біріміздін бетімізге қарап отырганда, әңгімелеміз еш жараспады. Тек мейірамханадан шығып, арнайы күтіп тұрған көлік Шарайнаны үйіне жеткізіп тастаған соң барып қана, екеуіміз «үһ» деп еркін тыныс алдық.

Көліктің артқы орындығында иығым иығына тиіп, қатар отырымыз. Жол бойы бір-бірімізге тырс етіп тіл катпадық.

Осы минуттар мәңгілік созылса екен деп тіледім іштей.

Үйге таяған кезде, көліктен түсіп қалып, өзіміздің бакқа қарай аяңдағанбыз.

– Маган өкпелі екенің түрінен көрінеді. Білем, «үш жыл қайда жүрдің?» деп, мені кінәлайсың... Мен саган жазған хаттарымда бәрін айттым гой, өзің еш жауап қатпадың...

– Қайдагы хаттар? Мен сенен ешқандай хат алған емеспін...

– Қалайша?

– Хат туралы бірінші сенен естіп тұрмын... Бірақ бәрібір сен мені іздеуің керек еді гой!

– Ренжімеші, сенің жаңында өз аяғыммен жүріп, колынан жетектесем деп армандалап едім, Аяш... бірақ осы қылтығыммен баладай анғалдық танытыпсын. Мұны кеше апамнан сенің кеткелі жатқаныңды естігенде барып бір-ақ ұқтым, – деді, кокіреті карс айырыла күрсініп.

– Сенен бір хабар ата алмадым... сағынып, киналып, ұзак күттім. Қазір енді бәрі кеш, – дедім, өз-өзімді ұстауға тырысып.

– Кешір мені, – деп сыйырлады ол.

Жел көтеріліп, ағаштардың үшар басына дейін шуылдан кеткен. Жиде иісі алыста қалған балаңық сезімді еске салатындарай. Бірақ өмір кім-кімді де тағдырына тиесілі арнасына салып, дөңгелетіп әкете береді екен гой. Бір сәт тыныстауға, ойлануға мұрсат жок. Қандай өкінішті!

«Аяулым, сенен жауап келмесе де, үш жыл бойы әр хатында жан сезімінді жазып отырган едім гой... Қалайша сол хаттар сенің колына тимеді?. Аяғымнан тұрып, ел қатарлы жоғары білім алып, сенімен қосылып, әке-шешемді бакытты еткім келген... Сен үшін осы дерптеп күрескем...» Оның создерінің бәрі маган алыстан жаңғырығып естілетіндей. Бұл сөздердің енді бәрібір ешқандай мағынасы жок. Мен өз мәндайма жазылған жолайрықта тұрмын. Енді бәрі кеш... «Жеті рет пышаққа

түскенде, сені ойлап, саған аяғыммен баратынымды елестетіп, барлық қындыққа шыдағам»... «Әрбір таңды сен деп атырып, әрбір күнді сен деп батырдым»... «Ата-анам да сені жақсы көреді... Аяш...».

Енді ештеңені өзгерте алмайсың, Мэлс! Ата-анама «құда келеді» деп, жаңықтырган өзім. Ешкім мені Әмірге зорлап қосып жатқан жоқ. Өз таңдауым. Өз өмірім... бірак...

«Үш жыл болды ғой бұл жаққа келмегелі... көбінесе ем атып, шетелдерде жүрдім, сабағымды көбінесе қашықтықтан тапсырма алтып оқыдым»... «Өткенде осында жиналғанда, «Аяшың да каниқулға келетін шығар. Сені көріп таңғатсын, алдынан шық» деген анам апаңнан мына жаңалықты естігенде, есенгіреп қалды»... «Дәрігерімнен «енді бір жарты жылда тек бір қолға таяқ үстайсың» дегенді естігенде, арманыма жеткендей бір қуансам, сенен айырылып, жер болып тұрмын»... «Ендігі жерде мен үшін өмірдің мәні жоқ!».

Мен үшін де сенсіз өмірдің мән-мағынасы жоқ, Мэлс! Бірак бәрі кеш. Кешір...

«Мен солай жанымды салып саған үмтүліп жүрсем, сен өз бақытыңды ізделеп кетіпсің. Өзің ше? Өзіңнің мені бір де ізде-мегенің қалай, Аяш?». «Сен ондай сезімсіз қыз емес едің ғой!». «Әлде менің түкке тұрмаганым ба?!». «Мені өзіңнен кораш, кемтар, мүгедек көргенің бе?!».

Ұстамды, сабырлы, салмақты Мэлс бір сәт өз-өзін үстай алмай, мұны кінәлай бастаған. Ақылы мен сабыры оған бағынудан қалып, бір сәт есін жоғалтып алғандай. Бұл жолы екеуміз де расымен қатты кеттік.

– Сен дұрыс ойлайсың, мені үмитқаның дұрыс, Мэлс! – дедім мен оның жүрегіндегі барлық үміт сәулесін өшіріп кеткім келіп. – Біздің жолымыз ертеннен бастап екі бөлек кетеді.

«Дұрыс жасадым» деп ойладым. Мэлс те озінің жолын тапсын. Мен оның бақытты болуына тілектеспін!

«Ертеңгі күнге сенімнен жүрдай болдым ғой! Талай өліп қалғым келгенде, сен үшін гана тіршілік үшін тырбанып едім. Амат не, Аяш! Қош бол!» деген Мэлс көз жасын көрсетпей, теріс айналып кетті. Мен оның сонынан ақырын ілбіген сайын балдақтың тықылы төбемді тесіп жіберердей болады. Мен өз

қақпамыздың алдында қалып койдым, Мәлс болса, артына бір бұрылмастан, үзай берген...

Мен үйге кіргенде, апам үйкітамай, мені тосып, какқан қазықтай қақшиып отыр екен.

– Өнің түтігіп кетіпті ғой, жауға шауып келдін бе? – деді ол.

– Апа, маған келген хаттар қайда? – дедім, көзіне тұра қарал.

– Қайдағы хат? – деп, күтпеген сауалға қарсы шап ете қалды ол.

– Мына көрші ұлының маған Алматыдан жазған хаттары!

– Е-е... Саған жазған ба, мен оларды отқа жағып жібергем. Негыласың? – деді апам өтірік айта алмайтын, өкен өліп қалса да тұрасынан естірттін әдетімен. Кенірдегімнен біреу қысып алғандай, бұлығып қалдым.

– Неге? – дегенде, көзімнен жасым ытқып кетті. Сөйттім де, өз бөлмеме жетуге асықтым.

– Иә, өртеп жібердім, ал! Мен сені Үсеннің мүгедек ұлына береді деп пе едің? О неси-еї? – деп артымнан сөйлеп қалған апам көпке дейін басыла қоймады.

Бұл апама сот жоқ-ау. Бұл тұні көз жасым көпке дейін тыылмады.

Құдалар ертесіне тұс ауа келген.

Коржын-кошатагы бар бір топ адам өздерін күтіп алған екі мәшинеден артынып-тартынып тұсіп жатты. Терезе пердесінің артына тығызып, тысқа көз жіберемін.

Мәлс те терезеден қарап тұрғанын жүрегім сезеді. Тұні бойы жылап, көзім ісіп кеткен. Әне, Әмірдің өзі де көрінді, қақпадан ең соңғы болып аттады. «Ой, сүмдық-ай, менде оған деген титтей де сағыныш жоқ!».

Шынымды айтсам, жігіті айттырып, сырға салуға келіп жатқан қатындыққа үқсамаймын.

Жан дүниесі тас-талқан күйреп, болашағына балта шабылғандай болған кешегі Үсен ағамның жатғызының жан қиналатысы санамда сайрап тұр. Соған кайғырып, бір тұнде күр сүлдерімғана қалғандай.

Төменгі кабат у-шу. Құдаларға шашу шашылып, ырым-сырым жасалып жатыр. Күйеу балага «отқа май күйғызып» жатқаны естіледі.

Әмір көзімен мені іздейтінін ішім сезім тұрса да, төменге туңғуғе асықпадым. Ілгері басқан аяғым кері кетіп-ақ түр. Ештеңеге зауқым жоқ, енді қайттім?!

Айнага үнілгем. Өзіме өлеусірей қарап бір тірі өлік түр. Мұның орнында бакытты қалындық қарап тұруы керек еді гой!

Кенет есімді жиып: «Мына түрімді көрсе, «жер түбіне іздел келгендеңі қалындығымыз осы ма?» деп құдалар жағы шошып кетер, Әмірге де мына түрім ұнамас!» деген ой келді.

Осы кезде бөлмеме Үкілай женгем кірген. Менен сол бакытты, жүзі жаңып түр:

— Аятай, сен әзірге төменге түспе, арнайы шакырып таныстырып, көрімдік алады еken біздін жак. Содан кейін «сырға салу» болады, — деп ескертті ол.

Маган да керегі сол, асықпай боянып-таранып, киіне бастадым. Қимылым сылбыр, бойымда қортану ма, немқұрайлық па, өзім аражігін әлі ажыратып болмаган бір түсініксіз сезім бар.

«Апам неге Мәлс жазған хаттардың көзін құртып жүрді? Неге келген хаттар маган берілмеді?» деген ойлар санамды аяусыз мужіп жатыр. Наразылықтан зығырданым қайнайды.

Үкілайдан сұрап едім, «хат көрсем көзім шыксын» деді.

«Аяштай, сен оқуда болғанда, Торғын апамен араласып түрдік, келіп-кетіп жүрді, рас. Мәлстің қебінесе шетелде ем атып жатқанын айттын. Шынымды айтсам, оның аяғына тұрып кететініне мен де сенбедім. Сені оны ұмытса еken, басқамен бакытын тапса еken дедім... Себебі, мүгедек жанға шықсан, өмірің көр болады гой, Аяштай...».

«Жалпы, бәрін сатқын екенсіндер!».

Жә... Әсіресе, апама катты ренжулімін. Осы кезде «Құдаларды қайтарып жіберсем бе?» деген шайтан ой да жылт еткен.

Өз-өзімді әрен женіп, қызылт гүлді ақ көйлегімді үстіме ілдім. Осы кезде женгем келіп:

— Аятай, жүре ғой, «қызы көрсету» болғаты жатыр! – деді.

Кежегем кері тартып, біреу зорлағандай болып, төмендегі қонақ болмеге түстім.

«Осы менікі не? Бәрін бастаған өзім емес пе?

«Күйеуге шығам» деп келдім, байғұс ата-анам келісті.

«Кұдалар келеді» дедім, байғұс ата-анам құда күтіп, шабылып жатыр. Ал менін қабағымнан қар жауып, қызарып-бозарып тұрысым мынау!»

Өзімді осылай біраз қамшылап алғанинан кейін күлімсіреп, болашақ туыстарыма жылы қабақ танытайын деп шештім. Алайда, апам жаққа, бәрібір, қарағым да келмейді. Оған деген ашұым жуық арада таркай қоймас.

Зал толған өз туыстарымыз, төрде – қыз айттыруышылар. Әмір шетке қарай отырыпты. Маган көзін қысып қояды. Мен де өз-өзімді қинал жыныған болдым. Әйелдер жағы ортаға қойылған қоржындарды қоршай отырып, улап-шулап ырымдағын жасап, сырғаларын тағып, шашуларын шашып, «өлі-тірісі» мен көрімдіктерін алып, өзді-өздерімен мәре-сәре. Еркектер жағы бұл кезде сыртқа шығып кетіпті. Таныстыруға әкелген мен құдды көрмеге қойған қуыршақтаймын. Баяғыда ауыл мектебінде бір үстазымыз болған, сабак айтуга тактаға шыққан бала үндеңіп тұрып қалса: «Әй, әйкел! Әйкел құсамай, сөйлемен!» деп үрсатын. Сол айтқандай, әйкел болып тұрған маган үрсатын адам жоқ. Бір кезде өзін Сыргакұл деп таныстырган Әмірдің үлкен женгесі, бұдан былай менің «өздерінің келіні» болатынымды айтып, құтагыма сырға салды. Содан жамырай «құтты болсын» айтылып, жиналғандардың бәрі менің бетімнен сүюге ентелей үмтүлған. Шет-түбі жоқтай көрінген әйелдердің маган қатысты ырым-жырымдары аяқталды-ау деген кезде бөлмеме қайта барып тығылдым.

Әмірмен кездесуге еш күлкүм жоқ, ал оның үйдегі үлкендердің назарынан сыйылып шығуға батылы бармай отырғаны анык.

Баяғыдай терезенің алдына шығып отырдым. Көршінің ауласында Үсен ағаның жиендері ойнап жүр. Бірді-екілі ересек адамдар кіріп-шықты. Мәлстің қарасы көрінбейді.

Есік ашылып, апам кіріп келді. Отырған жерімнен секіріп түскем.

Апамның түрі ашұлы, қабағы қабарып тұр.

– Негып отырсын? Мына топты жұрт сенің қуанышыңа жиналған жоқ па?! – деді даусын нығарлай сөйлеп.

Мен болсам, оның өзіне қарсы шабуылдан:

– Апа, мен түсінбеймін, Мәлстен келген хаттарды неге өртедін? – деп, тағы ішімді қүйдіріп бара жатқан қыжылды шығара бастадым. Апам менен мұндаиды күтпесе керек:

– Айттым ғой, Үсеннің ұлы сенің теңің емес. Болды, дымынды шығарма, қазір біреу-міреу естіп қалар, – деп, көзі ақшиып, шошынып қалды.

– Ести берсін, апа. Мен Мәлсті жоғалтып алмаганды... Сіз хатты маған бергенде...

– Немене, мынаған бармас па едін?

– Бармас едім, мұны бітмес те едім...

– Үсеннің баласына осіп-өнуің қын болар еді. Өзіміз де бала басына қатпыз. Топырактан бала жасап ата алмай жүрдік. Көзім көріп тұрып, кемтар жанға қайтіп қосамын? – деді апам сыбырлай жекіп. Біреу-міреу кіріп келе ме, ана жақтағылар естіп қала ма деп есік жаққа жалтақ-жалтақ қарайды. Апамды құшақтай атып:

– Мен мына кісілерді қайтарғым келіп отыр, апа, – деп едім, апам шошып кетіп, мені диванға караї бар құшімен итеріп жіберді. Жалпамнан түсіп, тез бойымды тіктеп атғам.

– Ой, албасты, өшір үнінді. Ел-жүртқа не бетімізді айтамыз. Әкен екеуміз үйден шықпай қалмасын демесен, есінді жи. Бетінді жуып, төмен тұс! Қүйеу баламен жөндең аманда! Саған байды біз тауып беріп пе едік? Өзің тауып келдің жер түбінен! Еркектің намысын корлама! Обал сонда болады! – деп, шешем долданып, тұтігіп кетті. Белтін таянып, алдында қайқайып тұр. Тұрінен адам шошитындей.

– Ал Мәлстін обалтын қайтеміз?

– Немене, онымен де сөз байласып қойып па едін?

– Жок. Ол мені жаксы көреді, – дедім, «сүйеді» деуге аузым бармай.

– Әмірін де сонша жерден бекер келмеген шығар жаксы көрмесе! Үсеннің баласына келісіп коймасаң, ешқандай обал жок. Басына Құдай кемтарлықты жазды, көнеді. Сен оны алдан кетіп пе едін? Сенде ешкандаі махаббат жок, аяушылық қана бар! Қашанғы аяп жүре бермексін?! Есінді жи, албасты! – деді де, есікten шығып жүре берді.

Аргы жақтан Үкілай жеңешем көрінген. Ол қасыма келіп, мені құшактап:

– Бәрі жақсы болады. Ертең мұғалімдікті бітіріп, ұстаз боласын, жігітің де жоғары білімді зоотехник, ақымақ болма! Апамды жерге каратпа, апам саған жаманышылқ ойламайды! – деп мені құшактап, басу айтты.

Осы кезде «Ей, Алла! Абырой бер!» – деп, баспаңдақты сықырлата төмен түсіп бара жатқан апамның дауысы анық естилген. Со.т-ақ екен, апамды қатты аяп кеттім...

Менің мұғалімдік оқып жатқанымды қатты мактаныш ететін апам «Әмір де бес жылдық оқуды бітіріп жатыр» деп, оның түрін әлі көрмесе де, сырттай тілекtes болып отыратын. «Әмірге тұрмысқа шығам» деге.ті, оны да осы үйдің баласы көріп, отбасы мүшелігіне қалтқысыз қабылдан қойған.

Бір жағынан, апамның қаһарынан ығып, екінші жағынан, ата-анамның абыройы төгілмеуін ойлан, болған іске мойынсұнып отырғанда, есіктен Әмірдің басы қылтиған. Үкілай бізді «амандасып алсын» деді ме, ақырын шығып кетті.

Әмір ә дегеннен:

– Түріңе не болған? – деген.

– Бейбарыспен бірге «Зуко» деген апельсин шырынын ішіп едім, жақпай қалды, алтергия берді, – дедім. «Аузыма дұрыс сөз түсті» деп, іштей мерейім өсіп қалды.

– Туыстарыңа келіп жүдеп кетіпсің ғой! – деп, мұрнымнан еркелете ұстап қойды о.л. Бар сағынышын жеткізгені сол болды. Оның бұлай амандасуы маған ұнамады. Денем өз-өзінен түршігіп, сәл шегініп кеткем. «Сонша жерден келгенде, Мәлс сияқты мүгедек емес, он екі мүшесі түгел, бауырына тартып, ең болмаса, мандаіымнан да ііскемеді ғой» деп, іштей ренжідім.

Тіпті екеуміз ғашық жандарға ұксамайтын сияқтымыз. Құдды он сегізінші ғасырда «бесік кертпе» жасап, ата-ана таралыбыстырған күйеу мен қалыңдықпрыз мына тұрысымызда. Конак бөлмедегі құдалар жағы құйрық-бауыр асасып, ауылдың алты ауызын айттып, конак кәде жасап, мәре-сәре. Осы той қызығы солар үшін өтіп жатқандай.

Ертесінде қыз айттырылып, сырға салынып, үлкен той уакыты белгіленген кезде Әмір өз елшілерімен еліне қайтып кетті.

Көкем: «Жалғыз қызды бірден жетектетіп жібере алмаймын, менің де ел-жүртym бар, Алматыда «қыз ұзату» жасаймын» деген шешімге келіпті. Біраз уақыт он жақта күрбыларыммен ойнап жүре тұратыныма қуандым.

Апам мен женешем қыз жасауына кіріспе кеткен.

Әмірлер кеткен соң, он жақта бұландалап, біраз күн жүрдім.

Мәлс те қуда келген құннің ертесінде Алматыга аттанып кеткенін «құтты болсын» айтып кіріп шыққан Торғын ападан естідік.

Ата-анамның үйінде еркелеп, қыз құнімнің сонғы уақыттарын өткізіп жүрдім. Ұзатылатын қызды ағайын-туыс, нағашылар мен достар кезек-кезегімен үйлеріне кезек шақырып, колда барларын үстіме жапсырып, ардакты аналарым өмір тәжірибелерімен бөлісіп, аяулы женгелерім ақылдарын айтып, асыл агаларым мандаіымнаи сүйіп, ерен күрмет жасап жатты. Бұлғактап-ак жүрмін!

Тек терезеден көзім түсіп кетсе, көнілімді жабырқатып жіберетін алғашқы махаббатым Мәлс жайлы естеліктер мені мазалаудың қоймады. Тәні жаралы, жаны жабырқаңы досымның жан күйзелісін ойласам, ішім ортенеді. Ол есіме түскенде, өзімді кінәлі сезініп, тұла бойымды өкініш билейді. Истеп отырган ісімнен, тіпті айтып отырган сөзімнен жаңыламын. Өзімді ынғайсыз сезінемін. Күйеуге шығатынымды, енді Әмірге жар болатынымды, өз отымды тұтетіп, қазаныма ие болатынымды ойладап, қанша рет оны есімнен кетірейін десем де болатын емес. Ой-санам өзіме бағынбай, ерегескенде, одан әрі жанымды жей туследі.

Сол сезімдерімнің күәсі, жан серігім – «Құнделігім» еді.

Судыраған ақ парактардың арасында қалып бара жатқан Мәлспен өткізген тәтті сәттерімді қимай, көз жасым ақ паракқа тамып-тамып кетіп, «Кон, еліктей ерке құнім!» дег жазғам. Сөйтіп, бала құннен бері адал досыма, жақын сырласыма айналған құнделігімдегі сонғы жазбаның үлкен нүктесін қойдым.

Жас шаңырақ

«Алматы – Семей» пойызына отырарда, өмірі пойыз көрмеген маган Әмір «он аяғынмен «бісімілла!» деп кір» десе, мен тамбурға он аяғымды сатып, шынымен, айтканын істей берілпін. Бұл қытығымның оған құлқілі көрінгені сонша, ийн тірекшін жолтаушының көптігін қаперіне де алмай, ішек-сілесі катып, мені әбден мазақ қылған. Оның бұл ерсі қылығынан үятып әрі іштей ашуласам да, танымайтын жүрттың көзінше ләм дей алмағам. Ауылына алып келген сон, жас келіннің әлгі қылығына үй-іші, дос-жарандары қарқ болып, біразға дейін құлкіге тамызыдық етіп жүрді.

«Осындай қара қызы ауылда да бар еді. қайтеміз, сонау екі елдің шекарасынан бір ай рұқсат сұрап жүріп, әрен атып келдік кой!» – деп, анасы «келіннің аяғы құтты болсын» айта келгендерге базына-шерін тарқатып отыратынын құлағым шалған. Онысын «Мені ұнатпай жүр екен-ау» деп, өзімше пайымдадым.

Енемнің сөзінің жаны бар, біздің аудан «шекаралық» болып есептелетін еді, онда басқа жактан келетіндерге арнайы рұқсаттама қағаз алу керек болатын. Оның рәсімделуіне айдан аса уақыт кететіні де шындық.

Тіршілігі мен салты басқа қайын жүрттыма бірден үйренісіп кете қоймаған мен ата-анам мен бауырларымды бастапқыда қатты сағынып жүрдім.

Әмір екеуіміздің үйлену тойымыз Семейдегі «Карлығаш» кафесінде өтті. Ауылында каникулда жүрген Әсиманы шақырып атып, қызы жолдас еттім. Әмір екеуіміздің де қурстастарымыз жан-жакқа тарап кеткен екен. «Той десе қу бас домалтай-ды» дегендей, жастықпен жалындаған жастар емес пе, хабар тигендері жолдың атыстығына қарамай, қанат байлан ұшып жеткен. Әмірдің туған-туысы бір қауым ел екен, «келін келді» деп, жандары қалмай жүр.

Менің әке-шешем ағайын-туысы мен құда-жекжаттарын ертіп, біраз адам болып келді. Ага-жыңғем скі баласымен жүр. Оларды көптен көрмей, сағыныштың сары сұын ішіп жүрген менің көңілім бір жадырап, мауқым басылып қалды.

«Тойдың болғанынан боладысы қызық», көп ырду-дырдумен дайындалған той да әп-сәтте өте шықкан.

Тойдан кейін Әмір мені ауылына атып кетті. Женіл көлікке мініп, казактын киелі жерлерінің бірінің төсінде жұлдызша ағызып келеміз. Құдай берген казактын даласы мұншалықты кең болар ма, жарықтық. Қоғама үшінде көкшіл мұнар көлбен-деп, ұзак уақыт жеткізбей қоятын аласа төбелерді қақ жарып жататын қасқа жолдың бауырымен жорғатап төбесіне шығып, сол сәт шет-шегі жоктай көрінген әлгі жолмен төмен құлдырай жөнелгенде, тағы да сондай кең дүниенің күшағына қайтадан еніп жүре бересін. Жұлдыздай аккан көліктің өзіне жеткізбейтін киырдан осы жолмен «Жидебай, кайдасын» деп, бір кездері ұлы Абайдың өзінің кітап толған пәуескесі кетіп бара жатты-ау. Семейдегі көне Гоголь кітапханасына Абай атамыз жіңі барып тұрган деседі. Бауырын күн шапагы сүйген ақ бұлттардың маңдалаға жақын жүзетіні сонша, құдды сағыныскан ғашықтар ма дерсін. «Бұлт – күйеу, жер – қалындық сағынысты, құмары екеуінің сондай күшті» деп ұлы ақын дәл осы суретті жырланағына көзім енді жетіп келеді.

Кайын жұрттыма ізетпен сәлем салып, келіндік міндетімді атқарып жүріп, жана ортаға біртіндеп бойым үйрене бастаған.

Ауыл адамдарының көнілі қалтқысыз ашық та ақжаркын, жүректерінен мейірімі төгіліп тұрган асыл жұрт екеніне көзім жете бастады. Енеммен де біртіндеп тіл табыса бастағандаймын, ат тергеген кайындарым да «женеше» деп еркелеп, зыр жүгіріп тұратын болды.

«Келін шайын» күйып, «есік көрсетуге» шакырса, қалмай барып, жарымның туған жерімен танысып жүргенде, жайдарлы жаздың бір тұтам қүйрығы да көрінейін деді.

Әмір екеуміздің сабағымыз басталатын уақыт та келіп қалған. Ол да, мен де сонғы курстамыз. Бұрын жатақхананы мекен ететін бізге, енді жас жұбайлар мөртебесін алғаннан кейін, бірге тұруға тұра келеді. Әке-шешесі: «Тұыстардың үйінде тұрындар, биыл оқуларың бітеді, бәрібір ауылға келесіндер» деген. Әмір біреудің үйінде тұрғысы келмеді, менің де біреудің аяқ-табагына араласып, бірге тұруды көнілім қаламады.

«Кайда табан тірдейміз?» дегенді Алматыға кетуге екі-үш күн қалғандаған ойланғанда бастадық. Кындықтың өзін тәтті әзілге

айналдырып жіберетін Әмірім: «Бір орыстың пәтерін жалдаймыз да ел қатарлы» деп қарқ-қарқ күліп қояды. «Пәтер жалдау» дегеннің не екенін білмейтін мен іштей «Біреудің есігінде қалай тұрап екенбіз» деп уайымдап жүрдім.

Алматыға келген соң, қолымызыдағы сөмке-коржындарымызды жатақханаға қалдырып, қалада аты шықкан «Жетім бұрышқа» бардық. Ығы-жығы адам. Жас та, кәрі де, жас балаларын қолтығына қысқан ата-ана да осында жүр. Бәрінің көздегені бір нәрсе – тезірек уақытша баспана тауып, орналасу. Мұнда жүргендерді екіге бөліп қарастыруға болады: не өткізеді, не жалдайды. Екі жақ бірін-бірі сол мақсатта «тамырын басып», ұзак саудаласады. Өткізуши қымбат баға айтады, жалдаушы төмен бағага саудаласқысы келеді. Бұл жерді жағалагандардың ешқайсысы да жетіскендерінен «жетім бұрышты» жағалап жүрген жоқ.

«Аты қандай жаман еді, пәтшагардың» деп тітіркеніп кеткенде, сан сұрақ санамды қауматай кетеді. Екеуміздің де әке-шешеміз бола тұра, «жетім» атанип, бұрыш сагалап жүрміз. Пәтерін ұсынатындар – орыс, үйғыр, не татар ұлтынан. Жалдан алушы, көбінесе, өз қазекеміз. Бабадан қалған ұлан-гайыр жерді мекен етіп жүріп, баспанасызың қүйін кешкен «жетім» атанип тыныпты-ау, аяғы.

– Неге осы қазактың баспанасы жоқ, басқа ұлттар астанасына жайғасып алған? – деп, күйеуімнен сұрап қоямын.

– Кең дала тесінде еркін есken қазақ қалага келсе, дем жетпей қалады. Дархан датасында далаңдан журе берген де, ката-сын басқатар басып алған. Енді қазактың үрпағы қалага келіп, адам болтайын десе, басын сұғатын баспанасы жоқ, сосын ослай қаңғып жүреді! – деп жауап береді менің «білгішім».

Кабатты үйлерден пәтер жалдауды студент қауымның қалтасы көтермейді. Күн еңкейгенше жанталасып жүріп, жер үйлерден екі-үш бөлме көріп келдік. Есігінен еңкейіп кіретін жер үйлердің бағасы төмен болғанымен, дәретханасы ауласының бір түкпірінде, суды сыйзықтап ағатын колонкадан тасып ішесін. Бөлмелерінен зәк нісі шығады.

Маған ұнай ма, ұнамай ма, ол жағын мені адам көріп ақылда-сып жатқан Әмір жоқ, қожайындармен өзі сойлесіп, өзі таңдап

жүр. Сонымен қоймай, «Мына түрімізben бүтін дағаға қонармыз» деп, бұлқан-талқан ашуланып та қояды. Жол-жөнекей сатып алған самсамен жүрек жалғап, көше бойы тізіліп тұратын үш тындық газды сумен нәрленіп атдық. Бұдан соң, «Жетім бұрышқа» қайта келіп, топырлаган жүрттың арасына қайта сұнгіп кеттік. Біз сияқты жана қосылғандар қол ұстасып, сиам етіздеріндегі бір-біріне жабысып алыпты. Қандай бұрыш тисе де, осы жабысқан қалыптарымен риза күйінде кіре кетпекші.

Әмір екеуіміз екі жақта, аузымыз салғыып, «құдайдың мына сынағынан тезірек өтсек еken» деген жалғыз тілекпен ілбіп басамыз. Құдды бізді біреу осы жерге зорлап шакырғандай. Менің есіл-дертім Әмірден көз жазып қалмау. Алысқа озып кеткен оған мойнымды созып, қарағыштай беремін. Жоғалтып алса, тұра қалып, жанталаса көзіммен іздеймін. Ол біреумен сөйлесіп тұрганын көріп, шет жақта бір уыс болып тұрган орыс кемпіріне жақындағам. Үнім әрен естіліп:

– Пәтер откізесіз бе? – дедім.

Кейуана маған қабағын кере қарады да:

– Иә. Канша адамсындар? – деп, карсы сұрақ койлы.

– Екі...

– Баламен бе?

– Жоқ. Жаңа үйлендік...

– Баламен алмаймын. Себебі, озім жapsарлас тұрамын, баланың шуын жақтырмаймын, – деді тыжырынып.

«О, сұмдық, баланы жақтырмайтындар да болады еken-ау! Мен білетін әжелер баланың қызығына елтіп, айналып-толғанып жатушы еді» деп, шүйкедей жанның шынардай тәкаппарлығына танғалғам.

– Күйеуің қане? – деді сосын жан-жағына көз тастап.

– Әнне! Қазір ертіп келем, – деп, Әмірге қарай тұра жүгірдім.

– Әмір, ана жақта бір кемпір шакырып жатыр, – дедім, біреу қуып келе жатқандай алқынып. Ол өзі сөйлесіп тұрган кісімен екеуінің сөзін бөлгенімді жақтырмай:

– Мені неғылады еken? – деді.

– Пәтер откізеді скен, сені сұрады, – дедім міңгірлеп.

– Менің үйім жақсы, – деп, ана еркектің де жармасып жібергісі жоқ.

– Қай жерде екен? – деді Әмір.

– Білмеймін, сени сұрайды, – деппін. Бұл жауабым оған ұна-
мағаны қабарған қабағынан анық көрінді, сонда да:

– Қай кемпір? – деп, маган ілескен.

Маңай толған пәтер өткізуши кемпір-шал. Ығы-жығы ха-
лық. Солардың арасынан кемпірімді әрен тауып атдым. Әмір
одан:

– Үй қай жерде, матушка? – деп сұрай бастады.

– Татаркада, – деді орыс кемпір.

– Бағасы қандай?

– Аа... Тым қымбат сұрайсыз, матушка, – деді бір кезде Әмір
кемпір айтқан бағага разы болмай. Екеуі қайтадан біраз сауда-
ласқан. Кемпір сөл түсірген болуы керек, Әмір аз-кем ойланып
тұрды да, маган қарап:

– Сенің институтыңа біраз жер, – деді.

Мен ол жердін атын бірінші рет естіп түрғандықтан ештеңе
дей алмадым.

– Жарайды, троллейбуспен тіке баарсың, көріп келейік, –
деді. Сөйтіп, кемпірге еріп жүре бердік. Татаркага жеткенше,
сілеміз қатып, бірталай жер жүргенбіз. Алдымен автобусқа
отырып, одан түскен сон, иыр-қыыр көшелермен жаяу тарттық.
Қалай адаспай келе жатқанымызға таңмын. Қалың ағаштың
ортасынан әрен көрінген үйге таяй бергенде, кемпір алдымыз-
ға түсіп, кішкентай бір қақпаны итеріп ашқан. Қабырғалары
аласа, терезелері жерден сөл жоғары, шатыры қаңылтырмен
қапталған жадағай үй екен.

Шағын үйдің үш бүйірінен үш есік шығады екен, әрқайсы-
сының төбесінде қарайған жаңбырқалқа көрінеді. Бізді солар-
дың ортасындағысына бастап келді де, есігіне кілт салды. Өзі
ішке бізден бұрын кіріп, тағы бір есікті ашқан.

– Міне, осы екі бөлме сендердікі. Он қабырға жакта өзім
тұрамын, арғы жақтарындағы қоңыларың өздерің сиякты
жастар, – деді.

Әмір алдымен кіріп, түпкіріне дейін қарап шыкты да:

– Негып тұрсың едіреіп? Енді осы жердің қазан несі өзін
емессің бе, көрмейсің бе? – деді.

Ішімнен «шынында, солай екен-ау» дедім де, табалдырығынан аттадым. Бұл жерде де зәк ісі алдымен қолқаны қапты. Сырт киім ілетін құықтай жерден өрі аттағандағы құыста газ плитасы, кішкентай тоңазытқыш, тамак ішетін үстел көзге тұсті. Сыртты бір шолып келген Әмір бір-екі ескі орындықты қолына ұстай кірген. Бұрышта соғыс жылдарындағы фильмдерде көретін пұлішпен қапталған ескі диван, қарама-қарсыындағы кішкентай үстелде «Горизонт» теледидары тұр. Әмір қосып көріп еді, ак-қара жолактары жоғары-төмен жүгіріп, быж-быж еткен сон, төбесінен бір-екі койып қалған, сонда да жөндөлдер болмады. «Ісім сенімен кейінірек болсын» дегендей, тоғынан суырып атып, лақтырып тастаган Әмір түкпірдегі жатын бөлме іспеттес тағы бір қуыска өтті. Бұрыштағы айналы шифоньердің есігін ашсан, кос төсекке тіреледі. Төсекке көнетоз пұліш жамылғы жабылған. Әмір украин ұлттық өрнегі кестеленген гүл шілтерлі перделерді ысырып жібергенде, ар жағынан сығырайған терезе көрінген. Аяқ астындағы алабажақ кілемшелерге де украиндардың өрнектері кестеленген. Бар байлық осы. Осылайша кенет елуинші жылдарға топ етіп түсіп қалған Әмір екеуімізді уақыт бір сәтте басқа дәүірге апарып тастагандай. Жан-жағыма таңырқай караймын.

Әмір үстінде кемпірге ақша санап беріп жатыр.

Біз уақыт жоғалтпай, жатақханаға барып, заттарымызды алып келіп алдық. Сонымен, жас отауымыз осы, украин кемпірінің жәпірейген үйінің кос болмесі болды.

Екеуіміздің сабағымыз басталды. ҚызПИ-де көзімді тырнап ашып, бетімді жуа салып, асхананың әзір тамағын жүре ішіп, сабакқа тартып кететін басым қүйеуге шығамын деп, бұл «женілдіктің» бәрінен бір-ақ сәтте айырыларымды біліппін бе.

Танертен еркектен ерте оянып, таңғы асын әзірлеп, киімін реттеп, төсек-орынды жинап, ыдыстарды жуып барып үйден шығамын. Аялдамаға жеткенше бірқыдыру уақыт кетеді. Іши лықа толып келген автобусқа жүртпен бірге таласа-тармаса мініп үлгеруің керек. Сөйтіп қысыла-қымтырыла Гоголь көшесіне дейін жетемін. Одан троллейбусқа ауысамын. Оңдагы жағдай автобустан сәл көрім, сәті түссе, орын тауып, жайғасып отыруға болады. Сөйтіп, сатылап жүріп корпусқа жетем. «Қай-

ран, қыз күнгі бостандығым-ай» деп, қиналып кеткенде, ойлап қоямын.

Күзге карай аяғым ауырлағаны сезілді. Әмір әке болатынына қуанып, сессия кезінде мені аяп, корпусқа таксисмен жеткізіп салып жүрді.

Мамыр аяғының сонына қараі тұнғышымыз Сұңқар дүние есігін ашқан. Жиені дүниеге келгенін естіп, елден артынып-тартынып алам жеткен. Қырқынан шықканша тұзды суға шомылдырып, маған білгенінің бәрін үйретіп, бір-екі айда қайта қайтқан. Диплом қорғау кезінде ештеңеге үлгере алмай жанталастым. Ауылдан Әмірдің қарындасын жіберіп еді, желке шашы желпілдеген жас қызың бала қарауга мұлдем қырыда, ынтасы да жоқ болып шықты. Біраз күн өткен соң, осындағы туыстарынікіне табан жалтыратқан. Жас нәрестеміздің түнімен іші ауырып, ауыз жаппай жылайды. Одан қалса, омырау сүтіне жарымай, тағы мазасы кетеді.

Әмір ұтының дүниеге келгенін жуып, кұнара біреуді ертіп келеді. Оларға қуырдақ қуырып, дастарханды жайнатып отыруым керек. Конак күтіп, балага жүгіріп, тұн жарымға дейін тыным таптаймын.

«Сен өзің сүмдүк сылбыр адам екенсің, мына түрінмен дипломың жайына қалады ғой», – деп, күйеуім бір жағына болысканның орнына өзіме кінә арта сөйлейді. Әсіма мен Бейбіт көмектесіп, дипломым бәрібір ойдағыдай жазылды. Баламды қолтығыма қысып жүріп, корғап шықтым. Академиялық демалыс алмай, өз қатар тастарыммен бірге көк катырма қағазға қол жеткізгеніме сүмдүк қуанғам.

Әмір дипломдық жұмысын «беске» қорғап, қызыл дипломын ол да колына алды. Осы қуаныштарды «жуудан» қолы босамай жүргенде, кішкентайымыз ауырып, жүқпалы аурулар ауруханасынан бір-ак шықтық. Сол жерде жеті күн қарайып жатқанда, бір келтүге уақыт таппаған Әмірдің бізден де гөрі «манызды» шаруалары шыққан тәрізді. Үйден ұзатылған сәттен бастап сезілген тұрмыс салмағы барған сайын балғын белтімді қайыстырып, ендігі қылشا мойным талща болған. Ауруханада бір сәр өзімнің қазіргі өмірімді ой елегінен өткізіп, өмірден түніліп кеткем. Тұрмыс қыныштығын иықтасып бір-

ге көтерісер, шаршаганда жылы сөзбен дем берер, шашыннан сипап, жылу сыйлар жан қасынан табылмаған сон, жапанда жалғыз қалғандай күй кешеді екенсің. Балам шыңжау, өзім қапаланып жылай-жылай сүтім қайтып, тұрмнен адам шошитындаі жүдеп кеттім. Құбыларым ауруханадан шығарып алдып, пәтерге әкеліп тастады. Тұнімен ішкеннен басы сынып тұрған Әмір қабағы үйін-түйін болып қарсы алды. Біреудің үйіне келгендей кіріптар күй кешіп, тұнімен жылаған баламды көтеріп шығамын. Қыңқылдаپ, әкесін оятып жіберсе, арты жақсы болмайтынын жақсы білемін.

Ақыры, екеумізге Семей облысына жолдама берілді.

Бар дүниеміз үлкен екі шабадан болып, оны Әмір арқалап, мен баламды құшақтап, елге қайтатын пойызға міндік. Ағалары күтіп алды. «Үл-келініміз диплом әкелді» деп, бәрі қуанып жур. «Көр де тұр, келер жылы сен өзімізге парторғ боласын» деп қояды бір туысы; «Зоотехник болған жақсы, бай боласын» деп қуанады екінші біреуі.

Енемнің қабағы келіспей, бұл жолы бізді салқындау қарсы алды. Жогары білімді келіні мен баласы орталарына келгенін мактаныш етпеді. «Ауданга не облыска қызметке кірмей, ауылда не жоғалттындар? Алдыңғыларың өсіп, арттағытарға сүйеу болмайсындар ма?» – деп өз ойын актарып салған. Әмір Абай ауданына жолдаманын өзіне облыстан берілгенін айтса да, үйдегілер енемнің сөзін костап: «Онда не жоғалттың, Аяқөзге калуға тырыс демедік пе?» – деп өре түрегелді. Әкесі аудан көлемінде қызмет жасаған, зейнетке шыққалы өз ауылдарының ауылдық кенесін басқарып отырған сабырлы, ақылды кісі еді.

– Партия қайда жіберсе, сонда бар. «Қызыл белеті» бар адамда таңдау болмайды. Олар келінді де мектепке орналастырады, – деп, тоқетерін айтты. Ауылда біраз болған сон, шабаданымызды арқалап партия жіберген аудан орталығына жол тарттық. Әмірдің еті тірлігін байқады ма, бірден аудандық комсомол комитетіне екінші хатшылық қызметке алған.

Институтта жақсы оқыған Әмір студент кезінде комсомол үйымының жетекшісі болған еді. Өзі шешен, өзі өнерлі, өзі

спортшы, жоғары оқу орнын кызылға бітірген жігітке жетекшілік кызметті ұсынбағанда, кімге ұсынсын!

Қосағымның бірден тәуір қызметке ілінгені мені де қуантты. Ортатыктагы үш қабатты үйден екі белмелі пәтер тиіді. Біреудің жалға алған есігі емес, өз шаңырағымыз болған сон, тапкан-таянғанымызды үйіміздің керек-жарагына жұмсаймыз. Көп өтпей, кәдімгідей үй болып қалдық. Төркіндерім де күйеу балаларының болашағынан көп үміт қүтетін еді, біз орналасып алған сон, тілектестіктерін білдіріп, артынып-тартынып ағам мен женгем келіп кетті.

Мені «бала аяғын басқанша үйде бол, әрі менің жұмысымда жүріп-тұруым көп, ерте кетіп, кеш келем, кімім дұрыс, та- мағым әзір болуы керек» деп, Әмір әзір жұмысқа шығармаған.

«Шынында да, Сұнқарымды қарайтын ешкім жок, балабакшаға жараганша үйде болғаным дұрыс та шыгар» деп, мұнысына өзім де карсы болмадым.

Сұнқарым құйрығын көтеріп, еңбектей бастады.

Әмір етіне келген сон түрлі «өнер» шығара бастаған. Алматыда көргеніміз мұның қасында ештеңе емес екен. Үйге өмірі жалғыз келмейтін ол жанына, жок дегенде, шала мас біреуді ерте келеді. Жұмыстан кейінгі уақыты той-думан, бос ырду-дырду. «Жастармен жұмыс істейтін адам олармен әрдайым бірге болуы керек. Бір ішіп, бір жейміз, бірге тойлаймыз», – деп акталады.

«Алға, комсомол! Женіс жолында. Алға, комсомол, туың колында!» – деп өз тобырымен ұрандатып жүргені.

Асхана мен қонақ бөлме ортасынан босамайтын мен баламды сүйретіп сыртқа шықсам, азық-тұлік дүкені мен базардан әрі бармаймын. Жаңа жерге келгелі бәлендей ешкіммен та- нысып, ыдыс-аяқ араластыра қоймадық. Жас отбасылар бір- бірімен араласып, достасып жатушы еді, бізде ондай болмады.

Сұнқар аяғын апыл-тапыл баса бастағанда, аяғым тағы ауырлағанын білдім. Әмірге айтып едім:

– Сепін есін дұрыс па?! Біреуін қарқ қып бағып жүргендей... Неге ана елдің әйелдерінен «сактанғанды» үйренбейсін? Үйің мынау, өмірі бықсып, шашылып жатады. Бір күн жұмыс істе-

мей дипломың сандықта шірітін болды! – деп, зіркілдеп ала жөнелді. Мен үлкен бір күнә жасаған адамдай жылап жіберіп:

- Енді қайтем? – дептін.
- Құрт көзін! Құрт деймін!
- Қалай?

– Ертең ауруханадағы комсомол үйымының хатшысына хабарласып, аборт жасайтын дәрігер тауып бер деймін. Бар да алғыз! – деп, «бүйрық» берді. Сосын «кешкі сауығына» кетуге жиналып жатып:

– Осы сен неге ана жұрттың қатындары сияқты пысық емес-сің? Басынды алып жүре алмайсың! Өз бетінмен бірдене істеу деген жоқ. «Кім не айтады, кім жасап береді?» деп, басын салбырап жүргенің, – деп, галстуғын ащуланып байлаймын деп, қылғынып қала жаздады. Оны да менен көріп:

– Ең аяғы галстук байлап бергенді де білмейсің, – деп, қолымдағы костюмін жұтып алып, иығына ілді де, мені итере-митере есіктен шығып жүре берді.

Айнаның алдында қалшиып тұрған қалпымда қалдым. Та-мағыма бір түйін тіреліп, жылайын десем дауысым шықпай, көзімнен жас парлатп коя берген. Бір сүмдиктың болғанын сез-гендей, балам енбектеп келіп, аяғыма оралды. Эшейінде «ке-тер» деп қыңқылдайтын ол басын шалқайтып, маған караиды. Көзінің шарасында коркыныш бар. Менің мына тұрысымнан, әкесінің есікті сарт еткізіп жауып шығып кеткенінен шошып, үнін шығармай, жанарымен жайымызды сұрап тұрғандай. Ба-лапанымды аяп кетіп, жерден көтеріп алдым. Менімен үндес-кендей, бауырыма тығылып, кішкентай қолдарымен кеудемнен қатты құшактап алған.

Ертесіне бір мейірбіке хабарласып, «сізге көмек керек пе, бізге келіп кетінізші» деген. Ашу қысып, ол күні әдейі барма-дым. Кешке үйге шала мас күйеуім келді сүйретіліп. Аяқ киімін лақтыра салып, үйге енген ол:

- Не болды, доғдырға бардың ба? – деген.
- Бара алмадым...
- Неге тез бармайсың! Құрт дедім ғой саған! – деп кіжініп, қасыма жетіп келді.

Оның мұндай қаһарланғанын бұрын көрмеген мен қорыкканымнан кіретін тесік таппай, дірілдеп кеткем. Жаным түршігіп, ұндеңі шегіне бердім. Әкесінің ашы даусынан диванда алаңсыз үйықтап жатқан балам да шар ете қалды. Әмір балаға қарай ұмтылған маған екі аттап жетіп, бар құшімен итеріп жіберді. Баланың үстіне құлай жаздал, бір қырындај жалп еткем. Ұлымыз екеуміз құшақтасқан қалпынызда біріміз бакырып, екіншіміз ұнсіз жылап жатырмыз. Екеуміздің жанашырымыз, панамыз болады деген адам қайырылып та қарамай, есікті тарсжауып, шығып кетті.

Ертесіне дәрігерге бардым. Әр созін алтынға сататында, ернінің ұшымен әрен сөйлейтін әйел екен:

– Осынша уақытқа дейін білмегенсің бе? Енді алуға кеш сиякты, – деді қабағын сұзып. Оған «көзін құрт» деп қойғанын, өз бетіммен дәрігерге де бара алмайтынымды жеткізгенін білдім. Кеудемді намыс наизағайы тіліп өтті. Иш киімінді киіп жатып:

– Кеш болса, босанамын, – дедім. Дауысым зілді шықты. Гинеколог күйеуіммен «алып тастаймын» деп келіскең болса керек, дауысын кілт жұмсартып:

– Үлгеруге де болады, ертен өзірленіп келініз, – деді резенке қолғабын шешіп жатып.

– Қөрермін, – деп, қоштаспастан шығып кеттім.

Әмірдің менің жағдайымды еркек басымен мына әйелге айтқаны жыныма тиді. Ұлымыдь қөршіге қалдырып кеткем, соған да асығып, алаңдап түрмүн. Жол бойы: «Осы менікі не өмір? Нокталанған бұзаудай мына жүрісім не? Серік болам, өсеменем деп, апам айтпакшы, жер түбінен еріп келген күйеудің түрі мынау! Білмегенімді үйретіп, бауырына тартудың орнына әр ісімді мазактап, кателігімді бетіме басып отырады. Құдайдың берген баласының «көзін құрт» дегені несі, қайтсем екен?!» деп, ойым онға бөлінді. Оның үстіне кеудемді туган үйім мен ата-анама деген сагыныш кеулең, Сұнқарымды алып, төркініме кетіп қалғым келді. Ашу үстінде әр киімінді бір ұстап, шабаданды ашып-жауып біраз жүрдім. «Қатын ашуы қазан қайнатады» демекші, түскे қарай ашыым тарқап, күйеуімнің түскі асқа келетінін ойладап, асуйге кірдім.

Бірақ Әмір тұскі асқа келмеді.

Жаратылысымның жуас екенін білетін күйеуім мені одан сайын мысымен баса түскен. Жұлдызы «арыстан» болғанын мактан көретін ол барлық мадақ өзіне лайық, ешкім қарсы келмейі керек деп масаттанып жүретін. Мені алғанда, «өзіне қарсы келмейді, айтқанына жүріп, айдағанына көнеді» деп алған сияқты. Әйтсе де, «неге елдің әйелі сияқты жалмандал тұрмай-сың» деп қыжыртатыны тағы бар.

Кешке қарай есіктен кіре:

– Не болды, дөгдірға бардың ба? – деді тағы да.

– Бардым, бірақ алдырмаймын, дүниеге әкеletін болдым! – дедім, қарсы қайрат көрсетіп.

Дауысым зілді де, қатты шықты. Қанша момын болсам да, сирек ашуланғанда көтеріліп кететін дауылымды Әмір әлі көрмеген. Ол бүгін сол дауылға деп келгенін сезбей де қалған болар, оның маган шатынап қараган жанарына «пішту» де демей, қарсы тұрмақ болған мені оның долы мінезі «екі шайнап, бір жұтты» десем болады. Мен қайратыма мінгенше:

– Әй, сен сөз үкпайсың ба, салпынетек! – деп шашымнан шап беріп, сүйрелей жөнелген. Сөйтіп, мысық құрлы көрмей, диван үстіне лактырып жібергенде, басыммен қабырғаны сүзе құтадым. Қозім қарауытып кетті. Сарт етіп жабылған сыртқы есік жүргімнің бар пернесін тас-татқан етіп, бытырлата үзіп жатқандай болды. Түпкі бөлмеде жатқан балам шырылдан жылай бастаған. Тәлтіректеп солай қарай үмтүлдым. «Қол жұмсау деген осы екен фой! «Байы сабапты» дегенді естігенім болмаса, өз басымнан өтеді деп ойлаппын ба? Қадірімнің кеткені осы шыгар, «бала табам» дегенім үшін осы таяқты жедім бе!? Жер түбінен еріп келгенде көрген жақсылығым осы ма?!» деп, үлымды бауырыма қысып, зар еніредім. Байғұс балам үйқылы-ояу бауырымды жылтырып, нәзік колдарымен құшақтап қояды.

Содан бастап күнде мас болып келу, күнде мені қорлау, аузына келгенді айтып боктау байымның әдетіне айналды. Зығырданым қайшап, жек коргенім сошиша, атын айтуга жиіркеніп, «байым» деп тыжырына атайдын болдым. Әкесінің қарсылығына қарамай, ішіме біткен кішкентай өмір сыртқа тез

шыккысы келіп талпына ма, көп тыптырайды. Сөйтсем, ол да менің көніл күйіме байланысты құрсағымда түйіліп, ауа жетпей, киналып жатады екен-ау.

Ішімнен қан көріне береді. Дәрігер «ауруханаға жатып ем алмасаңыз, баланы сактай алмай қалуымыз мүмкін» деген соң, байыма айтсам:

– Сұнқар екеумізге кім қарайды. Өлмейсіндер! Бұйырса туады, бұйырмаса... – деді де, арғы жағын өзің білесін дегендей үндемей қойды.

– Сұнқарды мен босанғанша апасына апарып тастайык, – дегенім сол еді, бәлеге қалдым.

– Сен менің шешемді өлтірептің деп отырмысың. Үлкен кісінің бір баланы бакқанша, бір отар қойды баққаны артық екенін білесің бе? Баланы тапқан өзің, ендеше, өзің бағасың! Менің шешем он баланы бір күн ауыртпай, ешкім көмектеспей-ақ өзі жеткізген. Әкем өмір бойы қызметте болды. Соның да жағасын кірлетпей, қабагын шытпай, жайрандап жүретін. Сен бір балага боғын ағып, үйге бір досым келсе, қабагын түсіп кетеді. Енді кеп ауруханаға барып жатып, жанынды күтпексін. Күттірем мен саган жанынды! – деп зәрлене қарап, аяғының астындағы баланың ойыншықтарын тебе-мебе далаға тартты.

Сол күннен бастап дымымды шыгармай, дәрігердің берген дәрілерін үйде қабылладым. Менің бақытыма. Сұнқарым тез жүріп кетті. Тілі де шығып, былдырлап сөйтей бастады. Мен үй шаруасынан босамай жатқанда, өзімен-өзі ойнап отырады. Әкесін жақсы көретіні сондай, есіктен кірісімен жабысып атады. Әмір екінші баланы қаламаса да, ұлы дегенде жаны бөлек. «Мені сабап жатып, ұялмай баласын көтеріп алып сүйеді ғой. Сол перзенті кімнен шықты, кім «салак, олак» болса да шаңырағын жылты етіп үстап, киімін жуып, асын өзірлеп, тұннің кай уағында келсе де конағын күтіп, қарсы бір сөз айтпай, қабагына қарап, өзінен үлкен үміт күтіп, болашағына жақсылық тілеп отырганын бір уак ойласа ғой» дегенде, өкпем кара казандай қайнайды.

Екеуміз танысып, табысып жүргенде де, тіпті үйленейік деп сөз салғанда да «сені сүйемін», «сен кереметсін», «басқа қыздардан ерекшесін» немесе «сенімен бақытты боламын» деген

жан жадыратар, ғажап сөздерді айткан емес. Жалпы, өзі түзде үйімдастырыш, өнерлі болғанымен, үйде мінезі ауыр.

Неге мен басқа қыздарға ұқсап өзіме шынайы ғашық адамға тұрмысқа шықладым?

Неге Алла Тағала маған қарапайым әйел бақытын бүйіртпады? Әсиманың: «Аяулым, мына зұылдақтан айырытма, көр де түр, бес жыл өтпей бір ауданның хатшысы болады» дегенине. Бейбіттің: «Сенің мінезің сырбыр, саған осындаі жігіт лайык. Ерлі-зайыптылардың біреуі жылдам, екіншісі болбыр болып қосылса, жақсы отбасы болады» деп, көріпкелдік таңытқанынан да осы Әмірге құтап қалдым. Мұның маған сезімі бар ма, жоқ па, ол жағын бағамдамай, нокталанған бұзаудай еріп жүре беріппін. Өзі сері, өзі көсем жігіттің мені таңдағандагы есебі қандай, ол жағын ойламаппын да. Ата-бабадан келе жатқан салт – «бидайдың баар жері лирмен» дегендей, жиырмадан асқан соң, байға шығып, бір шаңырактың отын жағып, бала тауып, есіп-өну деп, азат басымды ноктага тығып, бірінші алам деген еркекке еріп кете беріппін. Өзімнің де оны сүйетін-сүймейтінімді анық білмейтінмін. Мені құртқан бір жағынан «алғашқы махаббатым», солай деп айтұға болатын болса, Мәлске деген өкпе еді. Тәні жаралы, жанымен атысып жүрген жігітті «мені іздей коймады, тауып атып сезімін білдірмеді» дегенім қай сасқаным. Өзіме де обал жоқ!

Бір жерлерден оқығаным есіме түсіп: «Болған жайға ақылды адам өзін кінәлайды, ақымақ өзгеден көреді. Бұл фәниде шыдамды, көнбіс болған дұрыс. Дұрыс жолды іздесен, алдымен озіннеш баста» деген пәлсапатық ойларға тірелдім де, сабырға келдім. «Кішкене жиналайын, салак болмайын, елдін әйелдері сияқты жан-жағымды барлап, үйреніп, жақсысын бойыма қабылдап, отбасыма пайдаланайын» деп шештім. Сонын, «Әмірді кінәламайын, онықі де дұрыс шығар, өзімнен бастайын!» деп, алға үмтүлдым. Шығыс әйелі, әсіресе қазак әйелі ер адамды жазғырмадан. Апам: «Құранда да ер адамның алдындағы әйелтінін парызы ұлken. Алдынан кесіп өтпе, карсы сөйлеме, тіпті жейдесінің жағасын баспа. Еркектен бүрын түр, кеш жат. Отагасы дастарханға отырмай, ас жеуді бастамандар. Әке сөзі – оқ!» дегенді құлагыма құйып өсірді. Институтта да

ұстаз апайлар сабак арасында бір уақыт бізге жақсы жар болу-
дың жолдарын айтып отыратын. Сол аналардың жолын жалға-
стыруды парыз санадым. Шамам жеткенше ата-анамның атына
кір келтірмеуге тырысып, тәрбие көрмеген дегізбеуге күшімді
салмаққа талпындым.

Тар құрсағым күннен-күнге кеңіген сайын жатырымдағы
баланың жағдайы қынданай берді. Жерігім де сүмдық. Аузыма
алғанның бәрін құсып тастаймын. Күйеуім есіктен шыға, мен
төсекке жүгіремін, жата бергім келеді. Екі көзім бақырайып, құ
сүйекке айналдым. Не жегім келетінін түсінбей жүріп, төрт ай
дегенде жерігім басылды. Біраз уақыт тынышталғандай болған-
мын. Алтыншы айдан бастап құрсағым түсініксіз жағдайда өсе
бастаған. Жүріп-тұруым да ауырлап қалды. Соңда да Әмірге
сыр бермей, алдында құрак ұшам. Сұнқардың жүктілігі инсти-
тут пен пәтердің арасында жүгіріп жүріп жеңіл өткен екен. Бір-
де аш, бірде тоқ, диплом жазамыз, оны корғаймыз деп жүріп,
перзентханадан бір-ақ шықканымды өзім де түсінбей қалғам.
Тіпті, таңға жуық толғақ келерден бір күн бұрын күйеуіммен
кинода жүрмін. Ертесі менің босанғанымды естіп, ыстық сор-
пасын алып, артымнан келген көршінің келіншегі «кеше бо-
шалап киноға кетіп қалғаныңнан шошып едім» деп күлген. Ат
мына шарананың жөні бөлек болып тұр. Ішіме зырылдауық
ойыншық кіріп кеткендей, құні-тұні аунақши ма, тіреи ме, бір
тыным жок, тыпыр-тыпыр.

Қан көрінсе, дереу дәрі ішемін. Аяқ-қолым ісіп, сакинам мен
топылайым сыймай қалды. Менің ішімнің бұл жолы ерекше
өсіп кеткеніне қарап, Әмір құрдастарына:

– Біздің катын Алпамыс, не Таусоғар табады, – деп қарк-
карқ қүледі.

Жетінші айда қабылдауға барғанымда, дәрігерім ішімді өл-
шеп тұрып, тұрі бұзылып кеткендей болды. Соңғы жылдары
әркімнің қас-қабагына қарап, жәутендең деп жүрген соң ба, адам-
ның көніл күйін дереу байқай қоятын мен дәрігердің көніліне
бір нәрсс жақпай қалғанын сезе қойдым да:

– Бірдене дұрыс емес пе? – дедім, қорыққаннан үнім әрен
шығып.

– Сізге УЗИ жасатуымыз керек, – деді, ештеңені ашып айтпай.

– Баланың жағдайы дұрыс емес пе? – дедім шошып.

– Мен ештеңені анық айта алмаймын, оны тек УЗИ көрсетеңді, – деді.

Ауыл емханасында сол сәтте жасай қалатын ультрадыбыстық жазу қайдан болсын, Семейдегі облыстық функционалдық диагностика жасайтын орталыққа жолдама жазып берді.

«Енді Әмірге не деймін, мына жердегі ауруханаға жатқызбай отырғанда, ол мені облысқа қайдан жіберсін. Ол да бір жұмысынды бара салып бітіріп, кері қайтатын жақын жер емес. Сұнқарды кімге қалдырамын, баламен сүйретіліп бармасым белгілі гой» деп, ойым сан-саққа бөлініп, үйге жеттім.

Көршім Шәйі бір құдайға қараған келіншек еді. Ұлымды қалдырып кеткенмін. Сол келіншекке жағдайымды айтып, жылап жібердім. Мендеңі уайымның үткені дәрігердің шошынған түрі мен нақты ештеңе айтпағаны еді. Иштегі баланың бірденесі дұрыс еместігін сезіп, жүрегім сұылдай береді. «Айлас катын мұнда» легендей, Шәйі де жақында босанған болатын. Жүктіліктің, жас ана мен нәрестенің жайы басында бар. Мені түсініп:

– Аяулым, ештеңеге уайымдама, мен үйде отырмын ғой, Сұнқарды маған қалдырып, барып кел. Әмір де түсте біздін үйден Маратпен бірге тамактана салады. Амандық болса, кешке қарай өзің де жетесің. Тек өзіне абай бол, – деді.

Басты мәселе келісілді, тек Әмір қарсы болмаса болғаны. Жолға әзірлігімді жасап, баламның күні бойы жейтін тамағын, киетін киімін дайындал, жарымды күттім. Әншейінде кеш келетін күйеуім бүл күні жұмысынан ерте келді. Өзі көнілді, баласын мойнына мінгізіп, маған да күндегіден жылты қарап:

– Қалайсындар? Үйден шықпай іштерің пысып жүр ме? – деген.

Мен үндеңей кешкі асқа дастарханымды жайып жатқанмын. Сөзін баласына айтқан болып, «әйелім, сен тыңда» деп тұрғаны білінеді. Осы әuletке келін болғалы үш жылға аяқ басса да, ерлі-зайыпты болып бірге жарасып, ешқайда шығып көрмеппіз. Сонда да не «иә», не «жок» деп, тырс етпедім. Шынымды айт-

сам, пікірімді айтудан қоркатын едім, оған жақпай не көнілінен шықпай қалса, осы отырысымыздың өзінің шәт-шәлекейін шығара салатынын жақсы білемін ғой. Соңғы кездері «ұн демеген үйдегі пәлледен құтылады» дегенді жақсы ұстанатын болғам.

– Аяш, саган сөйлеп жатыр емеспін бе, неге ұн демейсін, жақтырмай жүрмісін? – деді баланы өзінің тамак ішетін орындығына отырғызып жатып.

Ол мені «Аяш» демегелі қай заман. Атымды да атамай, керегін сұрап, шаруасын айта беретін. «Аяш» дегеніне ішім жылып қалды, енді жауап бермесем болмас деген оймен:

– Сұнқар екеуміз аулаға шығып жүрміз ғой, – деп, өзімше жауап каткан болдым. Көнілімнің толқығаны сондай, шайға жылытқан сүтімді актарып алтып, әбден абдырадым.

– Аулада қызыратындарынды білем, алысқа барғыларың келмей ме? – дейді күйеуім жұп-жұмсақ үн катып.

– Қайда барамыз, менің жағдайымда?

– Мені ертеңнен бастап облыста өтетін үш күндік семинарга жіберді. Соған сендерді ала кетейін. Дәүдін үйінде болып, сен Сырғашпен сырласып, Сұнқар балаларымен ойнап, аз болса да сергіл келсендер деп едім.

«Құдай-ау, берейін десе не тұрады, қарашы, көктен сұрағаным жерден табылды!». Көтпен мұндағы қуанбаған шығармын. Ертенгі барайын деп тұрган шаруамның сәті өз-өзінен түсе кетті. Ишкі қуанышымды сонда да білдірмей:

– Эрине, ала кетсөн жақсы болар еді, – дедім.

– Ендеше жиналатындар, ертемен шығып кетеміз, – деді ол.

Аяқ астынан Құдай тілеуімді берген соң, көнілденіп жүріп әкесі мен баласын тамактандырып болтып, Шәйіге жүгіре жөнелдім. Менің жаңалығымды естіп ол да қуанып қалды.

Әмірдің Семейдегі туыстары бізді қуана қарсы алды. Әсіресе, Сұнқарды ерекше тәбелеріне көтерген. Бізден сол кадірлі болды. Барғаннан қолдан-қолға өтіп, агаларының «Балдырган» белесебетінің артына жармасып, әбден ойынның қызығына батты.

Әмір өз жұмысымен жүргенде, мен де оған айтпай, өз шаруамды реттеп алайын дедім. Абысының Сырғашқа бар жағдайымды түсіндірдім. Ол бір анқылдаған келіншек еді, мені

УЗИ жасайтын кабинетке өзі алып келді. Дәрігер де таныстары екен, бірден кезексіз қабылдады. Жайма төсекке жатқаннан ішім қылпылдаپ, қорқып барам.

– Ештеге уайымдамаңыз, бәрі жақсы болады, – деп қояды дәрігер.

«Қазір құлағым қандай сүмдиктүү естір екен?» деген уайымнан дір-дір етемін.

– Дененізді босатыңыз, сіз қорыкканнан баланыз да түйіліп қалыпты, дұрыстап көре алар емеспін, – деген соң, Сырғаш келіп, қолымнан ұстал, дем берді. Бала кезімде ауырып қалсаң апам осылай жаңымды отыруши еді. Сыртқы бейнесі сүйк болғанымен, апам өте балажан еді. Қолымнан, шашымнан си-пап, бауырына басқанда жұмаққа еніп кеткендей болатынын. Сол сәт, сол апамның жағымды жұпары сезілгендей болып, бағырап, босап коя бердім...

Өкінішке қарай, бұл рахат күйім көпке созылмады. Дәрігер:

– Сіздер Қарауылдың өзінде тұрасыздар ма? – деп сұраган.

– Иә, – деген жауабыма іле:

– Көптен тұрасыздар ма? Тұған жерлерініз сол жер ме еді? – деп сұрақтарын бастырмалата түсті.

– Қарауылда тұрганымызға үш жыл болып қалды. Қүйеуім сонда тұған, мен Алматы жақтанмын, – дедім.

Ішіме кіргізіп жіберердей болып, ұзын шегі шубатылған аппараттың жұдырықтан кішілеу жұмыр басын қарныма қатты батырғаны сондай, ішімдегі шарана қазір сыртқа шығып кетердей тулады. Бар ынта-ықытасын салып қараған дәрігердің қабағын қас қақпай андып жатырмын.

– Тұқымдарыңызда соңғы он шақта жылда даун синдромы болып па еді?

– Жоқ! – деп шошып қалдым мен.

Дәрігер аз үнсіз қалып:

– Басы үлкен, денесі кіші болып тұғандар бар ма? – деп және сұраған.

Жүргім зу ете түсті. «Кемтар бала табайын деп жатырмын ба?» деген ой миыма зырқ ете қалды.

– Жоқ! – дедім тағы да, жұлып алғандай.

– Қүйеуіңіз жағынан ше?

– Білмеймін... Менің ішімдегі ауру ма? – деп жылап жібердім.

– Қой, сабыр ет, – деп жатыр Сыргаш та.

– Жыламаныз, балаға әсер етеді. Сіздер экологиясы бұзылған аймақта тұрасыздар, сол дүниеге келетін нәрестенің құрсақта жетілуіне әсер етуі мүмкін. Сіздің баланызға әзірге «гидроцефалия» деген диагноз қоюыма тұра келіп тұр, – деді ол өкінішін жасырмай.

– Бізге қазақшалап түсіндіріп айтшы, ол не ауру? – деп шыр ете түсті Сыргаш та.

– «Гидроцефалия» деген шарананың бас сүйегі жатырда жетілу барысында шамадан тыс үлкейіп кетеді, оны «қазан бас» деп те атайды. АナンЫҢ ЖҮКТІ КЕЗІНДЕ ӘР ТҮРЛІ АЗЫҚ-ТҰЛІК ТАҒАМДАРЫНАН АГЗАҒА ҮЙТТА ЗАТТАРДЫҢ ЖАЙЫЛУЫНАН НЕМЕСЕ ЖҮКПАЛАУ АУРУЛАРДЫҢ Я ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАРДАПТАР ЗАЛАЛЫНАН БОЛУЫ МҮМКІН, – деп, дәрігер біраз «көзімізді ашты».

– Мұның бәрі карғыс атқыр полигонның кесірі! – женешемнің дауысы дірілдеп кетті. – Соңғы жылдарды қанша бала мүгедек болып туды. Обыр ауруынан жасына жетпей кетіп жатқандар қаншама. Біздің аймақтың халқын сынқ атаңында тәжірибеге қалдырған екен, соның зардабы енді шығып жатыр, – деп, мен білмейтін бір жағдайды айта бастады.

Жүрекім зуылдан, аяқ-қолымды жинай алмай қалдым.

– Шындығында, республикалық статистика бойынша, обыр ауруы, жүрек-кан тамыр аурулары, бала лардың кемшін тууы біздің облыста ең жоғары көрсеткіште екені өкінішті, – деді дәрігер де аппаратын ак шүберекпен тазалап, жинастырып жатып. Женешем мен дәрігердің сөздерінен корыққаным сонша:

– Енді қайттім, жайымыз не болмақ? – деппін.

– Дүниеге өкелуін өкелесіз, бірақ әрі карай ұзак өмір сүруі екіталаі, – деп дәрігер одан әрі шошытты.

– Радиация сәулесі кесірінен аяқ-қолы жок, санырау, мыл-кау, есі ауысқан мутанттар дүниеге келіп жатыр, оны көзіміз көріп жүр. Әсіресе 1946-1963 жылдар аралығында дүниеге келгендерден енді кемтар балалар жаратылула, – деп Сыргаш женгем де білгенімен бөлісіп жатыр. Ишімнен Әмірдің туган жылын есептесем, сол жылдарға дөп келіп тұр. Қалтырап кеттім.

– Дұрыс айтасыз, атом полигонынын зардабы адамдардың екінші және үшінші үрпактарына ауыр әсерін тигізіп отыр. Полигонға жақын тұрғындар арасында жүрек-тамыр, онкология аурулары, лейкоз, орталық жүйке жүйесінің бұзылуы жиі кездеседі. Өлім көбейді, – деп, дәрігердің өзі де енді женешемді қостап жатыр.

– Әмірге не бетімді айтамын? – деп, әркімнің өз қайғысы өзінде дегендей, күйеуімнен қаһарынан коркып, зар илеп қоя бердім.

– Қаласаңыз, өлі етіп түсіртіп жіберейік, – деді мұндағы еті өліп кеткен дәрігер.

– Қимылдалап, бір дамыл таппайтын тіршілік иесін қалай өлтіре саламыз? – дедім көзім шарасынан шығып. Құрсағымды екі қолыммен ұстай алтыппын.

– Бір күн осында қаласыз, дәрімен жасайды бәрін. Жатырыңызды тазалап тастайды, – деді дәрігер. Ол үшін бәрі онай сиякты.

– Жоқ, жақсылап ойланайык, әкесімен ақылдасайык, – деген Сырғаш женешем мені жетелегендей етіп алып кетті. Екі бетім оттай болып, көзім боталап, аяғымның астын көре алар емеспін.

Екеуміз сыртқа шыққан соң Сырғаш женгем:

– Бұларға бәрі онай, тыптырлап есіп келе жатқан баланы қалай «тазалап тастаймыз» деп онай айта салады, ә? – деді ашудан терісіне сыймай.

– Обал-ай! – дедім, ішімдегіні біреу қарныман жұлтып алып кетердей қолыммен ұстай алып.

– Болмайды! Мүгедек болса да, адам ғой ол битімдей. Мұмкін, УЗИ дұрыс көрсетпеген болар. Сен – Алатаудың таза ауасын жұтып, тәтті алмасын жеп өскен, радиацияланбаған топыракта туган баласың, бұл айтқаны мүмкін емес! Біздің жақтың байғұс аналары организмдері уланып, еркектері де у жұтып, ол аздай, арақтан уланып жатыр. Қайтіп сау бала тапсын? Бұл – біздін үлтқа төнген қауіп! Осы тақырыпқа ғылыми конференция өткізбесем бе! – деп кіжініп қояды женешем.

Дауысы жарықшақтана шығып, жанарынан от үшқындаиды. Аяғындағы биік топылайының тақасы да көшедегі асфальт-

қа так-так қадалады. Әр қадамы жерді тесіп жіберердей нық әрі сенімді. Қара костюм, қызыл бөлдемшесі де өзіне жараса қалған. Шашын желкесіне түйіп қойғаны қандай.

Сыргаш женгемнің ұстаз екенін хабардармын, бірақ қайда қызмет атқаратынын білмеуші едім. Сәті түсіп тұрғанда:

– Женеше, сіз қайда істейсіз? – деп сұрадым.

– Осындағы педучилищеде директорының орынбасарымын, – деді ол.

Біраз үнсіздіктен соң:

– Бізде оқып жатқан студенттердің көбі қыздар, болашақ аналар ғой олар да, сондықтан осы тақырыпты талдатып, ертең ұстаз болып барған жерлерінде де маңайындағылардың құлағына құйып жүретіндей етіп көкіректерін ашып жіберуіміз керек, – деген. Абысынымның өжет, қайратты әйел екенін алғаш келін болып түскенімде-ақ байқағанмын. Ауылға келгенде арнайы іздел келушілер қарасы аз еместігін анғарғам, әрнәрсеге ақылдастып, жөн сұрап жататын. Сөйтсем, тәуір қызметте, кішігірім болса да билігі бар екен гой. Содан да шығар, мені дәрігерлер кезексіз қарап, тіпті ол кісіні жаныма кіргізіп отырығызғаны.

– Мен сізге бір өтініш айтсам бола ма? – дедім абысыныма.

– Айта ғой...

– Бүгінгі әңгімені Әмірге айтпай коя тұрайықшы, мен артынан оған өзім ақырын айттармын, – дедім жатынғандай болып. Педагог емес пе, мені түсінді.

– Жарайды. Түпкілікті шешімді сен шығарасын, бала өзірге сенін бойында, – деп, жауапкершілікті өзіме жүктеп қойды.

Аурухана мен үйдің арасы атыс болмаған соң, жаяулатып келеміз. Жанымыз алакөnl болғанмен, аспан алабұлтты емес. Күздін коңыр салқын ауасымен тыныстап, үйге де жеттік.

Әмір әлі оралмаған екен. Ағаларымен ойнап, әбден шаршаған Сұнқар балапан үйіктап қалыпты.

Әйелдің айналдыратыны асхана емес пе, Сыргаш абысыным екеуіміз сонда табыстык.

– Аяулым, сені үйғырлардың ішінде көп жүрген дейді, лағман соза аласың ба? – деді, туып-өскен жерім онтүстіктері Үйігыр ауданы екенін мензеген женешем. Дәрігер қабылдауынан

кейін қабағымның келтіспей тұрғанын көріп, бір уақ көнілі бөлінсін деді ме еken, мені алдаусыратып, сөзге тартты.

– Эрине, казір-ақ кірсейін, – дедім мен. – Біздің жакта мұны «дүнген кеспесі» дейді, жеңеше.

– Солай ма? – Сырғаш жеңгем қабағын көріп, күлгісі кеп тұрмаса да, өп-өтірік күлді.

Расымен, лағман созуды Үкілай – жеңешем екеумізге апам қоймай үйреткен. Апамның көнілі түсіп жасаган лағманын үй ішімізбен сүйсініп жетінбіз. Әсіреке, ағамның сүйікті асы еді. Мен – үйдің еркетотайы, Үкітай – Атыраудың қызы, екеуміз де лағманның қамырын илеп, нанын созуга жоқ едік. Содан бір күні апам: «Үкі, сенің қүйеуің осы тамакты жақсы көреді, қайын сіңлін де бойжетіп қалды, ертең бір жерге барса, «жеңгесі ештеге үйретпепті» демей ме, сол үшін осы сарттың тағамын жасауды неге үйреніп алмайсын? Бұл бәлені жақсы көрмейтін жан жоқ еken», – деді де, қамырды илеп жіберіп, сол күні бар аспаздық өнерін алдымызға жайып салды. Ушеулеп жасаган лағманымызды, әсіреке, көкем ал кеп мактасын: «Бұрынғы жасағандарының бірденесі жетіспей тұруши еді, мынаған қыздарымның қолы тиғен соң ба, ерекше дәмді болыпты. Қамыры қандай! Апа-тарың жалғыз өзі асығып, таяқтай етіп созатын еді ғой, қыздың қолынан шыққан лағманды қараши енді», – деп, бізге көзін қысып қойып, апамды сөзбен қағытқан. Көкемнің қылжағына әбден еті үйрениген апамның қыннатын түрі жоқ, ернін сылтп еткізіп қойып отыра берген. Сол кеш төрт көзіміз түгел бас қоскан отбасымыздығы ең әдемі баскосулардың бірі болып еді-ау, шіркін! Бір сәт сол атаңсыз кездер есіме түсіп, жүргегім сағыныштан езіліп кетті. Дәрігерден бұзылып келген көнілім төркінімді ойлағанда, тіптен босап, көз жасыма ерік берген. Абысыным ішіндегісін бір шығарып алсын деді ме, иығымнан құшактап, үайымымды үнсіз боліскең. Кенет тап болған қайғымды шығарып, көз жасымды төгін-төгіп жіберіп, біраз жеңілдегендей болдым. Тағдырыма кез келген құдайдың көлденен синағын ана болған соң, илікпей қөтеріп алам да, баска амалым жоқ...

Сол күнгі «дүнген кеспесінің» дәмі тіл үйірді. Әмірдің туыстары «бармагымызды қоса жеп қоймайық» деп, әзілдей отырып, бір тойған. Мені өмірі мактамайтын Әмір де:

– Аяш бытайды тым сылбыр, бірак тамакты керемет жасайды, – деп, жылы сөзін айтып қалды. Соған көнілім серпіліп, сәл де болсын қасіретімді ұмытқам.

Көптен басы қосылмаған тетелестер өткен-кеткенді еске атысып, абысынды-ажын екеуміздің де әңгімеміз жарасып, ба-лалар өзді-өздері арқа-жарқа болысып, бұл күн де өте шыкты. Семейдегі қундерімізге риза болған біз қайын ағамыздың шанырағында үш түнеп, төртінші күні елге аттандық. Қайтарда қимай қоштасқан туыстар Сұнкарды ортаға атып: «Сұнкар, бізбен қат!», «Бізге бала бол!» деп, сәби қылышын қызықтап, тәуір айналдырылды. Сұнкар да шакырган кісіге томпаңдал барып, титтей қолдарымен құшактап қояды. Тілі әлі шықпаса да, құдды туысканның кім екенін білетіндей. «Қаны тарта ма екен, шіркіннің» деп, ішімнен күліп қоямын.

Қайын жүрттың жылы ықыласына бөлөнген соң, қайтарда осынау ізгі жандарды қимай қалғандаймын. Бұл сапар қашан көрсөн шекесі тырысып жүретін Әмірдің де көніл күйіне серпіліс әкелгендей. Оның аумалы-төкпелі мінезінен жүрегім шайлығын қалған мен: «үйге барған соң да осы бір жылдықты сактай алсақ екен» деп, күйеүім жакқа үрлана қарап қоямын. Ендігі есіл-дертім, «іштегі шаранамның жайын оған қалай жеткізсем екен» деген ой. Бойға жаңа біткен тіршілік иесінің «көзін құрт» деп жүрген бұл доғдырдың кешегі қойған диагнозын айтсам, жанымды аман қоймасы анық. Мінезінен сыралғы бол қалған басым осы жолы да қас-қабагын бағып, ақыры, ештеңе айтпауға бекіндім. Қандай құқайы болса да, кейін бір-ак көріп алайын деп шештім.

Үйге келген соң Шәйіге жағдайымды жайып салғам. Ауданда одан басқа сырласар ешкімім жоқ еді. Қарасынан аласы көаялы көздері үясынан шығып кетердей болып, айтқанымды шошып отырып тындағы. Ішімнен құбыжық шығатындаи, құрсағыма үрейлене көз тастап қояды.

Сөйтсе де, жаратылысы жұмсақ жан мені аяп:

– Енді қайтесіз? – деген, үні сыйырлай шығып.

– Алдыра алмаймын, қимылдаш жатқан тіршілік иесін қалай өлтіртейін, – деймін қиналып.

– Кейде УЗИ де қателеседі деп естіп едім, – дегенде, Шәйінің шынымен «қателессе екен» деген ниеті анық білінеді.

– Енді не де болса көрермін, – деп, мұная түсемін.

– Бәрі осы полигонның кесірі гой, біздің ауылда жастар өз-өзіне қол жұмсап жатыр. Откенде, апам келгенде айтып отырған, – деді.

Шәйінің өзі Абыралы жактың қызы. Бұл күні аспаннан жауын жауса да – у. Бомбаның бөлшек, қалдықтары аспаннан түзге құласа, ауыл адамдары соны теріп әкеліп, тұрмысқа жаратауға тырысады. Малға су құятын науа, суга шайынатын себезгі жасайды. Ұлан-ғайыр даға төсінде улы темір-терсек шашылып жатыр. Оның зардабын дені сау адам бірден түсінсін бе? Бұл адам бойына мысқатдап кіретін кесел екен. Соны жергілікті жұрттың бірі түсінсе, бірінің қаперіне де кірмейді.

Семейге барып келгелі Әмірдің мінезі құрт өзгерді. Қызметінен уақытында келеді. Ашы суды аузына ұрттап алмағалы да біраз болды. Арак ішпесе, одан жайлы кісі жоғы рас-тын. Сау кезінде менің «сылбырлығым», үйдің шашылып жататыны, үйде не бар, не жоғы оның қаперіне кіріп-шықпайды. Ұлын аулаға атып шығып ойнатып келеді, заңдың ортасында ат болып арқасына отырғызып алып, «шауып» жүргені. Бір күні ойда жоқта:

– Қашан босанасын? – дегені. Бұған дейін іштегі баламен еш шаруасы жок адамдай қашқақтап, елемеуге тырысатын. Мен таңданысымды терең жасырып:

– Ноябрьдің басында, – дедім.

– Ә-ә, алғашқы қар жауып, күн сұытатын мезгіл екен гой. Жетісіне босан, баланың туған күні мен Революцияның Ұлы мерекесін бірге тойлап жүреміз, – деп өзілдеп те қойды.

– Бүйірса, – деймін ақырын ернімді жыбыр еткізіп. «Алда біздің отбасын қандай сынак күтіп тұрганын бұл байғұс қайдан білсін» деп ойлап қоямын ішім қан жылап.

– Керек заттарыңды ертерек алып кой...

Бұл да Әмір тарарапынан мсн күтпеген қамкорлық еді.

– Ештеңе керек емес, Сұнқардан қалғаны да жетеді гой, – дедім, күйеуімнің иғі лебізінен бойыма бір жылтылық құйылып.

– Керектерінді тартынбай ал, әр баланың өз қажеті боладығой.

– Басында екі баламен қын болады ғой деп қорықканым рас. Бірақ қазір байқаймын, сен бәріне үлгереді екенсін әрі екеуі қатар өскені де жақсы ғой, – деді, өзінің баяғыда маган корсеткен қорлықтарының бәріне өкініш білдіргені дауысынан анық байқалып. Қазақ ер-азаматына тән бір нәрсе, олар әйелдерінен тікелей кешірім сұрай бермейді. Оның себебі, апам айтатын «әйел еркектен бір саты төмен» деген қалыптасқан түсініктен болар. Сондықтан өзінің тосын әрекеттері үшін ер адамның өкініш білдіруінің өзін қазақ әйелі кешірім сұраганмен бірдей қабылдайды. Әмір де бұған дейін маган жасағандарын осылайша жуып-шайған еді.

«Сен бәріне үлгеріп келесін!».

Дәл осы сөздің астарында іттиhat, қолпаsh, мадактаu, бәрі де бар еді. Отагасының дәл осы сөзі маган дем бергендей. Анала-рымыздан қалған кеңдік менде де бар, ерімнің бұлайша ақылға келуін өзімше қабылдадым.

Ол кешіrіm сұрамай-ак, мен кек сактамай-ак түсінісіп, тіршілігіміз жалғасып кете берген.

Дегенмен, «екеуінің қатар өскені де жақсы ғой» деген сөзі құлагымда қалып, қайта-қайта уайымға сала берген. Кешке қарай ішім бұрап ауырса да, біллірмей шыдауга тырыстым. Шәйінің бөпесін тексеруге келіп тұратын бала дәрігерінің келетін уақытын терезеге қарағыштап жүріп, тағатсыздана тоскам. Қарасы көрінген кезде солай қарай құстай үштym. Бірден Семейде қойылған жаман аурудың диагнозы жазылған қағазды колына үstatқам.

– Егер мына диагноз нактыланып, гидроцефалиямен ауыратын нәресте дүниеге келсе, шынымен қын болады. Ондай баланың күтімі де айрықша жасалуы керек. Біздің аурұханада оны қарайтында мүмкіндік жок, облыс орталығына немесе Алматыға барып босанып, ұзак уақыт сонда ем қабылдауға тұра келеді, – деді, мұндай жағдайды жиі бақылап жүрген дәрігер.

Бұл Қуаныш Ыскаккызы деген аса тәжірибелі, галым маман болатын. Басыма тұра келген жағдайды жіті зерттеп, соңғы болжамдарды баспасөз беттерінен қалт жібермей, қадағатап

жүрген мен бірде одактық ғылыми басыттымдардың бірінен осы кісінің мақаласын көзім шалып, киып атып, сактап қойғанмын.

«Полигон зардабы адамдардың екінші және үшінші үрпактарына ауыр әсерін тигізіп отыр. Сынақ алаңына жақын тұрғындар арасында жүрек-тамыр, онкология аурулары, лейкоз, орталық жүйке жүйесінің бұзылуы аурулары жіне кездеседі.

Сынақ тоқтатылғанымен оның зардабы сүйектен-сүйекке, үрпактан-үрпакқа жалғасып келеді. Фатымдардың болжамы бойынша, бұл қасірет 300 жылға дейін созылуы ықтимал. Халқымыздың генефонын бұзып отырғаны шындық.

1950 жылдан бері елім үшесеге өскен. Аналар арасында қаның аздығы ауруына шалдыққандар саны 2 есе, қан ауруы (анемия) бес есе, туда біткен жүрек ауруына шалдыққандар бес есе өскен. Әсіресе, іштен туған мүгедек балалардың саны жиілеп кеткен. Полигон аймағында тұратын отбасыларда кемтар балалар көбейген. Ашы болса шындық осы». («Денсаулық хабаршысы», 1986 жыл).

Енді мені тап болған қындығымнан дәл осы кісі алыш калатындей, демімді ішке тартып, бір ауыз сөзін естіп қалуга тырысамын.

– Босанатын уақытың да таяп қалыпты, «алдырмаймын» деп дәрігерден қашып жүргенің болмайды. Анасы келісім бермесе, іштегі баласы мүгедек екен деп, ешкімнің зорлап алғызып тастауға қақысы жок. Тіркеуде тұрсаң, сені осы уақытқа дейін неге іздемей жүр? – деп, қаттыл сөйледі о.л.

– Олар шакырады гой, бармай жүрген өзім, – деп күмілжимін мен. – Қолымдағы кішкентайды қалдыратын жер жок, оның үстіне, жолдасым қызметте. Босанарда бір-ақ барайын, енді аз қалды гой.

– Аяулым, сен өзін жоғары білімді мұғалімсің, айтып тұрган сөзін мынау! Сен бұлай істесен, ана оқымай отбасында отырған әйелдер не демейді? Мекеніміздің экологиясын өзің де білесін, өзіннің жағдайың мынау, УЗИ-ден біліп келдің. Мұның жарамайды! Егер бала да, өзін де аман қалғыларың келсе, ертен ауруханага бар. Қан тоқтамай, босап алмай қалған апалар қашама, – деп, қабагын шыта түсті Қуаныш Ыскакқызы. – Болмайды, көріп тұрып, аудандық аурухана басшысына хабарла-

май қала алтаймын, – деді сосын басын шайқап. – Егер бұдан кейін де бармайтын болсан, күйеуінің қызмет орнына хабар беріледі. Өзі аудандағы басшылардың бірі екен...

«Күйеуінің қызмет орнына хабар беріледі» деген сөзден жүргім зырқ етіп:

– Куаныш Ысқаққызы, ертең барамын. Ешқайда хабар бермей-ак қойыңызшы, – дедім, дауысым үрейлене шығып.

– Енді кел, қарап көрейін, – деп, мені жатқызып, іштегі баланың жүрек соғысын тыңдаған. Арнайы өлшегішпен көк тіреуге аз қалған күрсағымды ары-бері есептеп, қан қысымымды тексерді. Барлығын жасап болған сон, «баланың өсуінде расымен де ауытқушылық бар» деген шешімге келді. Сөйтсе де, өзі түк болмағандай кенет жадырап, маган жылы сөздерін аямай айта бастады. «Енді аман-есен босануды ойла, менің участемде екенсін, өзім келіп қарап тұратын болам» деп, қолымнан қысып-қысып койды.

Салым сұға кетіп, «мүмкін УЗИ шатасқан болар. Ірі бала туатын шығармын» деген үмітім үзіліп, үйге келіп, жатып қалдым. Ішімдеім де құдды бір нәрсені сезетіндей, бүрісіп бір жақ бүйіріме тығызып, түйіліп алды.

«Куаныш Ысқаққызы – өте тәжірибелі дәрігер әрі аймактың экологиялық ахуалын жақсы біліп отыр. Мүгедек бала туатын айқын, енді соны аман босанудың қамын жасайын, жасырмай әкесіне бәрін айтайын. Қандай болса да, «іштен шықкан шұбар жылан» ғой, не болса да басқа салғанын көрейін» деген шешімге келдім.

Жексенбі болатын. Сұңкарды әкесі «мына жігіттін шашын алғызып келейін» деп, өзімен алып кеткен. Солардың жоктығын пайдаланып, төр алдындағы кілемшелерді қағып ала салайын деп, сыртқа таси бастадым. Ауладағы балаттар тартылып жүретін турникке іліп, еденді жарқыратып жууға кірістім. Арасында асханадағы тамағымды да өзірлеп журмін. Үйдін шан-то заңын сүртіп алып, кілемқақышты ұстап тысқа шықтым. Осы кезде жаныма Шәйінің күйеуі Марат келген.

– Иске сәт, көрші, – деп, құле келіп, қолымдағы қакқышқа жармасты.

– Өзім-ак қағып алатын едім ғой, – деп қоямын.

- Көмектесетін күйеуің жексенбіде де жұмыста ма? – деді.
- Бүгін үйде, ұлымен шаштаразға кеткен.
- Келгенше шыдамадын ба, өзіннің жагдайын мынау. «Екеулеймін» деп жүріп, жедел жәрдем шакырып қалсандар қайтесіндер?!

Мараттың айтканы айдай келіп, каранғы түсे бере, толғақ бастағы. Іштегі баламыз «екеуміз» үй тазалаймыз деп жүріп, әкемізді жедел жәрдем шакыруға мәжбүр еттік. Сұнқарды көршінің үйіне қалдырып, Әмір мені перзентханаға алып кетті. Қанша оқталғаныммен, дүниеге келетін баланың кемтар болатынын оған сол күйі айта алмадым. Күйеуім жол бойы қолымнан сипап отырды. «Сұнқарға аландама, Шәйі жақсы қарайды ғой... Бөпенді алып келгенде, бауырын көріп қалай қуанар екен», – деп қояды. Шындықты жасырганым үшін де одан ұялатындаймын, бірақ іштегі баланың уайымы одан өлдекайда зор.

Неге екенін, апам есіме түсті. Біздің Үкі женешем босанарда, апам бірге толғатып, перзентхананы жағатап, шыға алмай қалатын. Үй-ішімізбен келіннің тілеуін тілеп, босанып келген соң қалжатап, жас нәрестенің қызығына тоімай, бір есіміз шығар еді. Кайын жұртый Сұнқарға босанғанда, ондай қуаныш білдірмеді, қалжа да бермеді. Диплом соңында жүрген соңғы курс студентімін, перзентханадан шыққан соң, мені «баласы шираганша ауылда болсын, әкеліп таста» деп, Әмірге хабар берген екен, оған есіл-дертім, қатарымнан қалмай, бір жапырақ қағазымды алу болып жүргенде, қайдан барамын? Апам келіп, қырқынан шыққанша қарасқан. Сөйткен қайын жұртый қазіргі қиналған сәтте тырс етпей, үнсіз жатып алды. Ен болмаса, Сұнқарды алғызып, қараспады-ау. «Шәйіден үят дағы, алты аласы, бес бересі жоқ, айдаладағы адамдар ғой, былай қарасақ. Ата-енемнің Сұнқарды алып кететін жөндері бар ғой» деп іштей ренжіп келемін. «Аш еркек – тырысқақ, ауру әйел – үрысқақ» дегендей, толғағым қысқан сайын іштей байыммен, қайын жұртыймен үрсысамын. Енем мен қайынсіңлілерімнің қайырымсыздықтарына ашыум қара қазандай қайнайды. «Көлдарындағы келіндерін үнемі мактап, құдаларын жақтап, мені мүмкіндігінше кемітіп отыратын сияқты. Енді «ауру бала

тапты» деп, тіпті жек көріп, сөгетін шығар. Эйтпесе, Сүнкар да туған немересі емес пе, біраз уақыт қолдарына алса қайтер еді?! Ен болмаса, құдайдан кейін қолы бос екі қызының бірін жібере тұрса болмады ма» деп, ауылдағытармен іштей шартпа-шұрт болдым дегенше, перзентханаға да жетіп келдік.

Сынақтың құрбаны болған құлыным...

Әмір мені дәліз басында күтіп тұр екен. Көрмегелі неше күн болған. Соңда да сұлбасын көргеннен бойымды белгісіз үрей билеп, дірілдеп коя бердім. Ілгері басқан аяғым кері кетіп, әрен дегенде ілбіп жанына жеттім. Екі арага бір күн жүргендей, әлсіреп қалғандаймын. Қүйеуімнің түрі қабарып, қабагы жауар бұлттай түйіліп кетіпті. Сырт киімін шешіп, жанындағы орындықта қойыпты, өзі костюмшен. Мойнына байлаған галстугы костюмінің сыртына салбырап қалыпты. Малақайын қолына ұстап, мыжғылап тұрды. Ол үндемеген сайын мен шыдай алмай:

– Кешір, сені тыңдамап едім, – деп жылап коя бердім. Баланың кемтар туғанына өзімді ғана кінәлі санап, іштей мұжілген мені ол бір сәт түсінгендей болып:

– Жылама, сенің жазығын не, – деп тоңқ етті. Сосын өзозімен сойлескендей, қиналып:

– Осылай боларын сезгенмін. Адам дәрігері емес, мал дәрігерімін гой, бірак қазіргі экологиялық зардалтардан қатты қауіптенетін едім. Өзімнің сынақтың төпелеп тұрған кезінде дүниеге келгенімді де білемін. Қайтейін... – деді козіне жас үйірліп. – Сол үшін де өзір бізге баланың керегі жоқ еді. Еш қауіп болмаса, кай әке үрпагым көп болсын демейді. Менің коркышым дәл келді, енді амал жоқ... бірак баланы тастамаймыз гой... қапаланба, – деген.

Жарымнан мұндаидай сөзді күтпеген мен тіпті сенер-сенбесімді білмедім. «Бұл да менің шағымымды тыңдай алады екен... Жараты қөнілімнің қайғысын бөлісе алады екен гой...» деген ойдан еріп, тіпті егіле түсемін. Өз-өзімді ұстай алар смеспін. Осы бала ішіме біткеннен бергі барлық дертім, киындығым, тартқан

азабым, көрген корлыгым, өшкен үмітім, сөнген сезімім – бәрі-бәрі ып-ыстық жас болып төгілді. «Ішіндеңісін шыгарсын» деді ме, күйеуім тырс етіп үн қатпай, мені құшактап, иығымнан ақырын сипап түрды. Алаканының жылуы әлсіреген бойыма қуат бергендей. Осы сәт екеуіміз сынектың қара күйесі қапияда жүккан әке мен ана, шарасыз кос шерлі едік. Баланың дені-карны сау туғанда, бар жылуымызды беріп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, гүлдей жайнатып өсірмес пе едік? Бірақ ұланған қанымыздан жаратылып, құрсақта кем өнген тұқымымызды корғап қалуға қазір бізде қауқар бар ма?!

Жиырма бір күн дегенде жарымжан бөпемді бауырыма қысып, үйге оралдым. Адамнан адам шығу онай ма?! Сол азапты жолмен келген перзентінді біреуге көрсетуге намыстанудан өткен қорлық жок екен ғой дүниеде... «Босанды» деп ағайынтыыс бір-бірінен сүйінші сұрасып, сен үйде терлеп-тепшіп қатжа жеп, айдан аса, қырық қасық сүнина шомылдырып, күн сайын сылап-сипап, өскенін тамашатап, шілдехана тойлатып, бесікке салтып, азан шақырып ат қойып жатудың өзі де әке мен ананың мейманасын тасытатын шын бақыт екен-ау!

Күні-түні құбыжықтай құрысып, аузына салған емшекті соруға шамасы келмей, тамызып берген уыз нәрді жұта алмай былк-сылқ еткен ауру сәбиідің жан қинальсын көруден асқан азап жок-ау, сірә?! Сәби құсан, бір балбырап үйкетаған емес, тым болмаса, дауысын шыгарып, жылай да алмайды.

Балалар дәрігері Куаныш Ыскакқызы күнара келеді. Қан айналымын дұрыстап, басының ішіндеңі қысымын төмендету үшін, мидағы қан тамырларын жүргізетін дәрі-дәрмектер тәуілік бойы егіліп жатыр. Әжелеріміз «қылауменен қар өседі, сылауменен бала өседі» деп жатушы еді, сылау тұрмак, жалаңаш тұрқына көз тастаған адамның өзі шошиды. Ана болған соң, бәріне өзім ғана шыдап бағудамын. Төсегінің басына менен басқаларының жолауға дәті шыдамайды. Есіміз шыққаны сондай, балага ат қоюды да ұмытып кетіппіз, жай ғана «Бөле» дейміз.

Перзентханага кетіп бара жатып, қайын жүртімды іштей қатты сыбап жібердім бе, кейін өздері келіп, Сұнқарды ауылға

алып кетіпті. Эйтпегенде, ол да қарындасын көріп, құбыжық көргендей шошып қалар ма еді.

«Баламен перзентханадан шыкты» дегенді естігенде, Дәу агамыз бен Сыргаш женешем күттү болсын айта келді. Агамыз жағдайды біліп, баланың төсегіне жакындалады да. Женешем қанша айтқанмен, ана емес пе, төсекте адам шошырлық кейіпте жатқан гаріп нәрестемнің бетіне үніліп:

– Балапаным-ай! Обалың киелі топырақта сынақ жасағандарға болсын. Өзіндегі жазықсыз перштердің қаны мен жаны, мұңлыш аналардың көз жасы, зарлық әкелердің жан-жарасы да соларға болсын! – деп, көзіне жас алды.

Мен де өз-өзімді ұстай алмай, солқылдай жөнелгем. Аузына салған емшегімді тартып сора алмай, шырылдан жатқан баланы Сыргаш женгем корғаншақтай қолына алды.

Залда теледидар карап, әнгімелесіп отырған ағайынды екеу біздің жағдайымызды көзбен көрмесе де, жандарымен сезіп-ақ отыр еді. Біразға дейін дауыстары естілмей, үнсіз қалған.

Перзентханадан шығып, үйге келгелі өзім де босанғаннан кейінгі күйзеліске ұшырадым. Жақын жаннның ем болар жылы сөзі жетіспей, ешқандай психологияның көмегінсіз, кинала жүріп жатқам. Екінші балага жүкті болғаты, жан түкпіріне дейін мен-деп алып, сансыратқан жалғыздық күйіне соңғы жағдайлар қосылып, менін нәзік болмысымды әбден женгендей еді. Дертті сәбиімнің қайғысынан ойға шырматылып, шыға алмай қалатын кездерім көбейген. Соны Сыргаш абысыным байқағандай, жүзіме анықтап бір көз тастап қойды. Бөпеміз өзін түү Семейден туыстарының іздел келгенін сезіп, риза болды ма, ұзамай балбырап үйқыға кетті. Қолымды босатып, «конактарға алансыз көніл бөлүне мұрсат» дегендей, сол күйі тырп етпей үйықтады.

Молынан асылған соғым сыйбағасының иісі бұркырап, дастарханға ет келгенде, көніл-күй ауаны да өзгеріп, конактармен қоса, өзіміз де бір серпіліп қалғандай болдық. Саржалдың күзгі сауым сары қымызын сапырып отырып, бедерлі ағаш тостагандарға күйип ұсынғанда, Дәу агамыз балдай исіне елітіп, «паһ, шіркін!» деп, дауыстап жіберген. Көптен бері көпшіл мі-

незінен тыйылып, іштей мүжіліп жүрген Әмір де бүгін ашылып, жақсы отыр.

Шер тарқатысып, көніл жұбатысқан бұл отырыс түннің бір уағына дейін созылған.

Дастархан басындағы әңгіме полигон тақырыбына ойысқанда, ішкі құйзелісім әлсін-әлсін өз тұнғиығына тартып, санамда ендігі қашатып жазылып калғандай болған ақпараттар жалт-жұлт көз алдыма көлбендең келді де, әдеттегідей кетпей тұрып алды:

«1949 жылы Дегеленде болған жер бетіндегі ең алғашкы сынақ жарылысынан кейін басқа аумақтарға қарағанда Семей, Павлодар облыстарында радиациядан жапа шеккен сырқаттар саны үдайы өсіп келе жатқан көрінеді...».

«Басқа түскен сон, амал жок...», «Әрине, не көрмеген қазақпаз...» деген сөздер енді маған атыстан еміс-еміс естілгендей болған.

«Семей аймағының халқы сәулеге үшырау мөлшеріне қарай үш санатқа бөлінеді. Біріншісіне, жарылыс эпицентрінен 100–150 км қашыктықта орналасқан Абай, Бесқарагай және бұрынғы Абыралы, Жаңасемей, Шұбартау ауданы мен Семей қаласы жатады. Екіншісіне, 150–300 км жерде орналасқан Жарма, Лягөз, Бородулиха және бұрынғы Шар, Жаңашұлбі аудандары кіреді; Ушіншісі, эпицентрден 300 км-ден әрі орналасқан Үржар, Кекпекті және бұрынғы Таскескен, Аксуат, Мақаншы аудандарының тұрғындарын қамтиды».

Шай демдеуге шығып кеткен болып, көзімді қаттырак жұмып-ашып, басымды сілкіп, елестен серпілгім келеді. Бірақ кейінгі кезде үйір болып алған бұл ақпараттар сұлбасын қанша ойыннан қуып, жанталассам да, бұлардың дес берер түрі жок, санамда сакылдап, көз алдымда елес болып көлбендеуін қояр емес. Жанымды үнгі беруді ғана біледі. Тіпті қарсыласуды койғам. Бұлар қағазға түскен ақиқат. Оны көзіміз оқиды, көніліміз сенеді. Тіпті зардабын тартып, залалын алаканда әлдилеп отырған көп отбасылардың қатарын толтырдық та.

Бірақ еш лаж жок.

Колымызыда ештеңе түрмәғанын мойындайсың. Іштегі қасиет пен қарсылықтан басқа, әрине.

Біз осы қашан Тәуелсіз ет боламыз?

Қашан полигонға «жок!» дейміз?

Сол күн туда ма?

Санамды тынымсыз тілгілейтін бұл жалған ақпараттар тасқынына тоқсауыл қояр күш жок менде. Олардың ойыма ағылып келуі үшін сәбиімнің бетіне бір қарауым жеткілікті...

«Семей облысында онкологиялық, жүрек-қан тамыры, жүйке және психикалық аурулар саны күрт өскен. Туда кемтар жаратылған балалар саны көбейген. Бұның өзі қазақ ұлтының келешегіне тәнген зор қауіп. Қазірдің өзінде Семей өнірінің тұргындары біразы мутагенез ауруымен есепте тұр».

Зал жақтан шыққан дауыстар құлак тұсында жанғырғандай болады:

– Бұл кеселден күтылар күн бола ма екен, шынымен де?

– Бәлкім, Үкімет радиацияға карсы екпе ойлап табар?

– Эй, қайдам...

– Кеңес Одағы ғылыми жетістіктері жағынан АҚШ-тан озық дейді рой.

– Ит біліп пе? Өз басымызға мынадай күн туып, байтақ түгіл бас қайғы болып жатқанда...

– Радиация сәүлесінің әсері туралы арнайы әдебиеттерде: «Адамдардың, жан-жануардың 70-80 бәрден жоғары сәүле алуы қауіпті» делінген, ал сынактың өткізіліп жатқанына қырық жыл болыпты!

– Қырық жыл!

– Ау, бұл өте ұзак мерзім!

– Бүйте берсе, бүтін бір ұлт жер бетінен жойылып кетер!

Дастархан басындағы әңгіме қыза түскен сайын, оның бірін естіп, бірін естімей, ішкі дертім мендеп, санамдағы хронологиялық тізбектер жанымды аяусыз мүжи түседі:

«1947 жылы тамызда КСРО Министрлер кеңесінің шешімімен Атом полигонын құру туралы қаулы кабылданған. Полигон құрылышы үшін Семейден батысқа қарай 18 млн. га жер бөлінеді. Полигонды басқару жұмысы Игорь Курчатовқа жүк-

теліп, мемлекет тарапынан жобаны КСРО Ішкі істер министрі Лаврентий Берия басқарады. 1949 жылы 29 тамызда таңертенгі сағат 6.30 шамасында Абай-Абыралы аудандарын мекендейтін жергілікті тұрғындарға алдын ала ескертпестен, алғашқы жарылыс жердің астын үстіне шығарады. 1953 жылы сынақ аланында Қарауыл қатдырылыпты. Тұрғындары Шыңғыстау бауырына жартылай ғана көшірілген. Ядролық жарылыстар туралы ел 1953 жылдан бастап құлактана бастайды. Оған дейін бұл «құпия» ұсталып келген. Қазіргі кезде Семей маңындағы радиациялық әсер аймағында тұратын бес жұз мың адам осы сынақтаған азап шегіп келеді»

Көз алдыма аспанға көтерілген алтып саңырауқұлак пен көз қарықтырған қып-қызыл жалындарды, кираган үйлер мен қабарған таұларды елестетемін. Бір қарағанда, Сырғаш женешмін түрі аландаулы көрінді. Ол маған жиі көз тастап қойып отыр. Қазіргі халіме аландайтындей. Дәу аға мен Әмірдің қандары қызып, делебелері қозып отыр.

– Сынақ алдында уақытша көшірілген тұрғындар кейінірек туган жерлеріне қайтып орала бастағанда, көбісі үйінін орнын сипап қалыпты, үйлерінің қабырғалары қақырап қалған көрінеді.

– Құдай сақтай гөр!

– Тіпті бетон қабырғалар балқып кетіпті дейді.

– Оны айтасын, жарылыстан кейін пайда болған радиоактивті газдардың саңырауқұлак секілді бұлты, көргендердің айтуынша, үш күндей аспанды торлап, тарамай тұрып алыпты. Осы жарылыстан кейін радиусы ондаған километр болатын жерде өсken шөптердің өзі бірнеше күн бойы көгілдір сәулө шығарып тұрған деседі.

– Жыл сайын ондағын сынақ еткізілген. Жыл сайын!

«Бәрі рас! Жарылыс салдарынан бір кездері асқактаған Дегелен тауы қыныршық тас үйіндісіне айналыпты. Жер астындағы әрбір үшинші жарылыстан соң пайда болған жарықтар мен саңылаулардан радиоактивті газ толассыз шығып, ауаға таралып жатыпты. Жұтатын ауа, ішетін су, жейтін тағамның бәрі уланған. Бәрі!».

– Атом сынектары жасалған жарылтыс даласының дәл кіндігі — біздін Қарауылда туғандар зардапты көп шекті, – деді Әмір.

– Семей ядролық полигонында, ауа мен жерде сынадған ядролық зарядтардың қосқандагы қуаты Хиросимаға тасталған бомбадан 2,5 мың есе асып түскен дейіді зерттеушілер, – деп, бес тынымды қыстырығам.

– Түү, несін айта береміз, біздің қазақ көнбіс кой! Қандай сұмдықты көрсе де, у ішіл отырса да, ата жұртын тастамай, тіршілігін жалғастырып отыра береді, – деп костады Сыргаш мені. – Мысалы, менін туған жерім Саржалды алайық. 1962 жылдан осы күнге дейін атақандай ауылдан өзіне-өзі қол жұмсап өлгендер саны жетпістен асыпты. Оның басым белігі он екіде бір гүлі ашылмаған бозбала мен бойжеткендер...

«Иә. Саржал туралы мен жинаған мәлімет баршылық! Қан жетімсіздігі, жүйке ауытқышылығы, көз ауруы жас балаларда көп кездесіп жатыр. Ол ауылда ауыр дертке шалдықкандар көп. Саржалдың өзінен 300 адамы радиологиялық диспансер есебіне тіркелген. Медициналық тексеруден өткендегі, жартысының денсаулығында түрлі ауытқышылықтар аныталған. Ауылдағы орта мектептің 800 оқушысын тексеруден өткізгенде, төрт жұден астамынан көтерлі ісік табылған. Эр үш баланың бірі көз ауруымен ауырады».

Ішімдегі хронологиялық аппараттар «радиосы» сарнап қоя бергенде, басымды үстай алғам. Сыргаш менін жүзіме қарғыштауын көбейткен. Иә, жүйкем әбден жұқарса керек. Бұл халден кашсам да құтылмаспын. Сыргаш жеңешеме айтып көрсем бе еken? Психодиспансерден бір-ак шықпасам болыпты. Бірақ мен балапандарым үшін темірдей мықты болуым керек. Себебі, мен баласы үшін «теңізді кешіп өткен», «ажалды жен-ген» анамын!

– Осының бәрі маған қасиетті Абай мен Мұхтар еліне, әуелден талантты қазақ халқының өнері мен әдебиетінің дәнегі егілген қасиетті Шыңғыстау жеріне қасақана жасаған киянат сияқты көрінеді де тұрады. Әйтпесе осынау үлкен лержавада атом бомбасын сынайтын басқа жер табылмай қалып па?! Сынақтан соң Кенес үкіметінің атынан ТАСС арқылы дүние

жүзіне «табиғат пен адамдарға залал келмеді» деген ресми хабар таратты емес пе? Бұл не деген әділетсіздік! – деген Әмірдің қабагы қатынды. Үстел үстіндегі әр затты бір ұстап, орнына қайта кояды.

Дастархан басындағы жан шошырлық әңгімелерге кенет аратасқым келген. Көрген түсімді айтқым келді. Бұлардың осы айтып отырғандарын түсімде көрдім емес пе?! Нәтижесінде, ана жатқан жарымжан бала дүниеге келді ғой!

Осы кезде қызым қынқылдан жылай бастады. Қайнап тұрган шәугім құлағын женешеме ұстата салып, жатын бөлмеге қарай асыққам.

Тумай жатып сынақ зардабын тартқан құлымын-ау!

Жанымен алысып жатқан жазықсыз перштем!

Дәл қазір коммунистік жүйе жасаған зұлымдықтың қасіретін мен сиякты қанша ана тартып, қаншама мүгедек сәби кор болып тұн үйкесінан оянып, шырылдан жатыр екен?

Әлі сынақтар жасалтып жатыр дейді, рас болса, оны тоқтатар күш бар ма?!

Жазықсыз қазақ қасірет пен зұлымдықтан қашанға лейін қабыргасы қайысып, зар запыранға бөгер екен?

Ұсқынсыз, кемтар балалар жұртқа көрінуге қорынып, дала бетін көрмей өтер.

Сәуленің зардабы жан баласын аямас!

Атпыс екі тамырым иіп тұрып, ак мамама келген сүтімді тандайы жоқ мүгедек балам еме алмай, шарылдан жылар.

Перзентімнің жылаған үнінен аспан тұнеріп, бұлт астындағы Ай да тітіренетіндей. Құлагым тағы да шынылдан ала жөнелді...

Атын Шынар койып, тууы туралы қуәлігін алдык. Бірак бөпемнін беті бері қарап емес. Денесі емес, басы ғана есіп жатыр. Өзім де қаладан абысыным беріп жіберген қолға түсүі кыны антидепрессант дәрілерді қабылданап, біраз жақсы болып қалғам. Тек баламның тағдырына қатты аландаулымын. «Бас сүйек шенбери ұлғайып барады», – дейді балалар дәрігері. Денесі құрысып-тырысып, аяқ-қолын жазуы кын. Емуі де бір киямет-кайым. Магний сульфат, диакарб деген дегидратациядық дәрілердің көмегі шамалы болып тұр. Қуаныш Ыскакқы-

зы әр жолы келгенде медицинада «гидроцефалияны емдейтін қандай жаңалық бар» деп, көнілімді елең еткізетін ұсыныс айтады. Бар білгенін жасап жүргенімен, нәтижесі болмаған соң:

– Консервативтік ем-дом көмектеспеген жағдайда, ота жасап басына шунт қоюға тура келеді. Облыстық неврологпен сөйлестім. Алматыға жолдама өзірлелік, – деді.

– Өзі әлсіз балаға ота жасағаны несі? – деп шошып кеттім.

– Аяш, айналайын, мына жерде осылай жата берсендер, арты не боларын байқап отырсын. Одан да республикалық емдеу-сауықтыру орталығына барып, ем кабылдап көріндер! – деп, шорт кесті.

– Кейін Әмір бойы өкінбес үшін қазір қолдан келгеннің бәрін жасайық, барындар, – деп, Әмір де дәрігер сөзін костаган.

Сөйтіп, Семейден Алматыға санавиацияның ұшағымен үштық та кеттік. Қасымда косып берген бір бала лар дәрігері бар. «Республикалық емдеу-сауықтыру орталығында» полигон аймағынан келгендерге айрықша қарайды екен. Біз сиякты сынақтың зардабын шегіп, сүм полигон баталығын аяусыз үрлап алған мектеп жасына дейінгі балдыргандар көп жатыр. Менің Шынарымның ұсынынан басқалар шошымасын деді ме, бізді онаша бөлмеге жатқызды. Климат ауыстырғаны денсаулығына кері әсерін беріл, қызым тіпті тынышсыздып кетті. Дауысы әлсіз шыққанымен, ауыз жаппай жылайды. Тікемнен тік көтеріп жүремін. Алдыма жатқызып отырып көз ілемін. Емшекті тартып еме алмаған соң ба, іш қайғымның әсері ме, сүтім тартылып кетті. Дәрігерлер консилиумы «ота жасамаймыз» деп шешіпті. Екі жеті жатқаннан кейін Мәскеуден мол тәжірибе жинап келген емдеуші дәрігеріміз Бейбіт Жексенқызы Шынардың жүрек соғысын тындалап, бас сүйек шенберін өлшеп көрген соң, баланы вакуумге салды.

Қолымнан келер шарам жок, палатада қан жұтып отырғанмын, дәрігер келіп:

– Аяулым, қын болса да айтайын, қолдан келгеннің бәрін жасап жатырмыз. Шынарынның күн сайын әлсіреп бара жатқанын көзің көріп отыр. Дүниеге келген күннен, тіпті құрсағында жатқаннан түбі осылай боларын білдің, – деп, мені қандай да бір жағдайға дайындаї бастады.

– Сіздерге сеніп келіп едім, қайтейін... – дедім терен күрсініп.

– Өзің де көріп отырсың гой, полигонның зардабын зарлай сүйреп жүрген аналардың ауыр халін... – деді дәрігер, «бала тірі қалған күнде, сені де сондай өмір күтіп тұр» дегенді мензегендей. Сосын сәл үнсіз қалған.

Күн батқан соң, палатада жалғыз қалып, ай жарығы ақ басына түскен Алатауға қарап жылаумен болдым. Есіме Шынарды босанарда көрген түсім оралды. «Қап-қара болып күйіп, сабағынан сынып қалған қызғалдақ гүлім осыған көрініпті гой» деп, зар еніредім. Жарымжан болса да, қананды жарып шықкан соң, өлімге қияйын ба? «Баламнан айырылып қалатын шығармын» дегенді ойласам, жанымды қоярга жер таптай кетемін. Аяғымның ұшынан басып, «интенсивті терапия» бөлімшесіне барып, қызымды сыртынан көріп қайтамын. Тұнгі кезектегі дәрігер жақын жібермеген соң, әйнектің аргы жағында жатқан өзімнің титтей бөлшегіме мойнымды созып, алыстан қарап тұрамын. «Сенен шынымен айырылып қалам ба?! Өмір сүрмейтін болсан, неге келдін бұл өмірге? Мені де, өзінді де азапқа салдың» деген ой есекретіп, бірде есімнен танып қалғанымды да бітмеймін. Мейірбіке жүгіріп көмекке келіп, мұсәтір иіскетіп, есімді жиғызған. Палатага сүйретіліп әрен жетіп, бұк түсіп жатып қалғам.

Қашама тәуліктер бойы дұрыс үйқы көрмей, қатжыраған денем төсегіме құлағаннан үйқыға тарта берді. Таң алдында құшағыма қысып отырған Шынарымды біреу жұлқылап, тартқылап жатқандай екен, оянып кетіппін. Жүрегім атқақтап, катты соғып жатыр екен. Дәлізге жүгіріп шықтым. Тірі жан жоқ, бәрі үйқыда. Аяғымның ұшынан басып Шынар жатқан бөлімшеге қарай жүрдім. Есігін іштеп жауып алған ба, ашылмады. Палатага қайтып барғым келмеді. Дәу есіктің босағасына сүйеніп отыра кеттім. Сол отырғаннан, таң алды тұнгі кезектегілер қыбырлай бастағанша, тапжылмай отырғам.

– Негып отырсыз, палатага бармагаңбысыз? – дейді кезекші дәрігер мені байқап қалып.

– Таң алдында келгем...

– Палатаңызға барыныз, ауысым болмай, сізді ешкім мұнда кіргізбейді, – дейді ол үйқылы-ояу, қабагын тыржитып. Мұның мені жактырган-жактырмадымен шатағым жок, маған тек баламды көрсем болды. Қабырғаға бетімді беріп, менірейіп тұра бердім.

Ол маған сөзін өткізе алмасын білді ме, бөлімшеге кіріп кетті.

Көп ұзамай кезекшілік ауысып, ары-бері сапырылыс басталды. Маған қарал жатқан жан баласы жок. Ақ халаттылардың барлығы төменге түсіп, күнде өтетін танертенгілік лездемеге кіріп жатыр. Жарты сағаттай сол жерде ақылдастып, жұмыстарына таrasқан. Бейбіт Жексенқызы жоғары көтеріліп келе жатыр екен, мені байқап қалды да:

– Аяулым, неғып тұрсын? – деді жұмсақ үн қатып.

– Баламды кешелі бері көрмедім, білнейін деп...

– Палатана бар, мен қазір жағдайын біліп келемін. – деп, ішке еніп кетті.

Мен үшін дәрігерді күткен бір минут бір сағаттан кем емес еді бұт сәт. Жанымды шүберекке түйіп, терезенін алдында тұрмын. Танғы ас әкелген, батпады. Асхана қызметкери сол қалпында қайтып алып кетті. Жүргегім бір жамандыкты сезетіндей... Бір кезде есік ашылып, Бейбіт Жексенқызы да көрінді-ау. Бірден қабагына қарадым. Небір сұмдық жағдайларға күнде куә болып жүрген ол қабагынан еш сыр білдірmedі.

– Аяулым, тамақ ішпегенбісің? Өзің тұнімен есік күзетіпсің, оның не? Маған қыздар айтты, – деді тым қамкор үнмен.

– Мен тек балам туралы білгім келеді.

– Кеше саған қызыңын үмітсіз екенін айттым ғой, сен түсінген шыгар деп едім, ақылың бар ғой сенің, сабырга кел! Бүгін тіпті әлсіз екен... – деді жаныма жақындал.

Тынысым тарылып, тамағыма тас тірелгендей, не дерімді білмедім.

– Мен батамды не үшін осында әкелдім? – дедім бар болғаны.

– Үміт жетектеп келді. Адам баласы «болмайды» деген істің өзінен де үміттенеді. Бұл бала дүние есігін ашқаннан-ақ гұмыры қысқа болатынын ана жүргегін сезбеді емес, сезді ғой, алтыным. Рас, қай ана баласын өлімге қысын? Ен соңғы мину-

тына дейін перзентінің жарық күні үшін күресіп, жанталасады. Шынардың дүние есігін ашқаннан өмір үшін алпарысып, ақыры сөніп бара жатқанына Семейдің қастерлі топырағының астан-кестенің шығарып, атом бомбасын сынап жатқандар кінелі! Бірақ біз соны айта аламыз ба? Тілімізді тістеп жүрге мәжбүрміз...

Карапайым елге өкімет адамындай көрінетін білікті дәрігерден мұндаи батыл сөз күтінген мен аузым ашылып, антары тыш қалғам. Оның жалғыз ұлы сол күні орталық аланда болып жатқан дүрбеленде атой салып, өзі қатарлы студент жастармен бірге компартия шешіміне қарсы шығыпты. Бірақ дәл сол сәтте ұлының кандай халге душар болғанын бүл әйел өзі де білмей тұрған екен. Айдың-күннің аманында осындаи оқиға болады, кенес дәрігерінің баласы соган катысып соттатады деп кім ойлапты дейсін. Баласының артынан Бейбіт Жексенқызы да қызметінен аластатылып, қу жалғыздың уайымынан қан жұтып қалғанын кейін естідік қой.

Ол маган езу тартқандай болды.

– Барып көрейінші, апатай, – деп, мейірбан жанның көзінен жылылық сезген мен оны құшактай алғам. Ол да мені өзі қолтықтап атып:

– Жүре ғой! – деп, ұзын дәлізге бастай жөнелді.

Осы кезде бізді сол бөлімшениң менгерушісі көріп, қарсы жүрген. Дәрігерді оңашатап атып, бірдене деп сабыр етті. Мен бір сүмдіктың болғанын түсіне қойып, жүрек тұсымды ұстай алғам.

Бейбіт Жексенқызы мені жетектеп, беті ақ шүберекпен жабулы кішкентайымның мурдессінс алыш келді.

Полигонның күрбаны болған баламды сонғы рет құшактап, шыңғырып жатырмын...

Қайылы хабарды атысымен, Семей арқылы Әмір ұшып жетті. Жашында орташы інісі Білімжан бар, ауруханага тұске таман келді. Жарым мен қайнымды құшактап алыш жылап, өзімді тоқтата алар емеспін. «Енді, сабыр ет! Сұнкарын бар, Құдай тағы береді». – деген күйеуіме «Қызымыз полигонның күрбаны болды ғой! Енді тағы да сондай жарымжан бала тапсам қайтем?!» – деп, еніреп кояр емеспін. Білімжан үрпіп, бір шетте бізге қарап тұр.

Ана үшін дүниедегі қорлықтын зоры, ауруханага батасымен кіріп, солиып жалғыз шыққаны болар. Сүті кайтып кеткен емшегім иіп, көл-көсір етегіме төгіліп, жан жүрегім егіліп, өзімді әлемдегі ең бақытсыз әйел сезінген мен аурухананы артқа тастап, күйеуім мен қайнамның сонынан ілбіп келем. Жасыл көйлегіне ак қардан шәлі жамылған қарагайлардың арасымен жаяулап келе жатып, Әмір:

– Аяш, сен қазір көшедегі дүрбелеңнен қорқып қалма, кешелі-бері жастар Орталық алаңға шығып, Колбинге қарсылық көрсетуде. Мені де кеше бастығым жібергісі келмей, біраз тартыншақтады. «Баламнан айырылып отырып, әйелтіме қалай «жалғыз келе бер» деймін, «тегі, болмаса кетуге арызыымды жазайын» деп, қатты айтып барып, әрен рұқсатын алдым, – деді.

Бұл 1986 жылдың 17 желтоқсаны болатын.

Дәл осы күні біз ауруханадан шығып, туыстарымыздың үйіне қарай аяңдап келе жатқан болатынбыз. Алаңдагы қозғалыс кеше басталған екен. Бұғін сол пикетті жалғастырмак болған көтерлісшілерге қарсы әскер күші колданылмақ. Көтерлісшілердің қалған топтарын ығыстыру үшін жедел отряд, милиция мен жасақшылардың арнағы топтары құрылып, қала көшелеріне тоғытылған екен. Соларды өз көзімізben көрдік.

– Сендердің институттарыңнан ешкім шықлады ма? – деп сұрады қекесі құрылыш-сәулет институтында оқып жүрген Білімжаннан.

– Біздін курсағылар бұғін барамыз деп жанығып жаткан. Мен сізді күтіп алып, еріп жүрмін гой, олардың не болып жатқанын білmedім, – дейді қайнам. Білімжанның өзі жаратылышынан момын бала болатын.

– Дұрыс, көп білмегенін жөн. Білем деген көп сөз, бітмеймін деген бір сөз! – деді партияның ауылдағы белсендісі қөсемсіп. Қайда журсе де, басымыздан не өтіп жатса да коммунист екенін үмытпайды. Өз басым басқа жағдайда сол жастардың ортасында жүрер ме едім, қайтер едім? Ишімде бас көтерген қарсылық алаңға алып баарын анық сездім. Алаңда қөпшілікпен иық тірестіріп тұрып, мына жүйеге ішкі наразылығымды білдіргім келді.

Сәтбаев қөшесінің бойымен қаланың батысына қарай бет алған автобустың терезесінен сыртқа көз жіберіп отырып, қоше

бойында лек-легімен кетіп бара жатқан желтоқсаншылардың қаран-құран тобын байқап қалдым. Желтоқсанның сүйектен өтетін ызғарына қарамай, жүргегінің түгі барлар Аланды бетке алып, толтана кетіп барады.

Кешікпей Әмірдің апайының үйіне де жеттік. Сонау Семейден келіп, сырқат баламен ауруханада апталап жатқанда, бір рет хал сұрап келмеген туыстарымыздікіне баруга о бастан көнілім тартпаған еді. Амал жоқ, күйеуіме еріп, есігін ашуға тура келді. Керілген әпкесі салқын қарсы алды. Эу бастан мені жактырмайтын қайын апамды менің де суқаным сүйіп тұрғаны шамалы. Сіңлілері мен өздері орысша оқыған соң, менің тілімдегі акцентті қай кезде болсын мазақтап, ашық келеке етіп отырады. Қазіргі кеңестік жүйеде орысша оқығандар өздерін басқатардан жоғары ұстайтыны рас. Төркінімде көршінің орысша оқыған қыздары да мені менсінбейтін еді, мына әйелді көріп, сол есіме түседі. «Осы орыс мектебін оқығандар ертен ел билейтіндей болатындары несі екен» деймін ішімнен. Ен болмаса, сол дипломдарымен алған мамандықтары бойынша қызмет істесе фой, балабақшада күтуші болып жүріп, жүртқа мін таққыш-ақ. «Жаратсын, жаратпасын нем бар, ертен өз үйіме кетем фой, бір түн шыдайын» деп, дымымды шығармай, конак бөлмесінде теледидар қарап отыра бердім.

Көк жәшіктен Брежнев алаңында болып жатқан жағдайды көрсетіп жатқан. «Арак ішкен, наша шеккен жастар орталық алаңға шығып, бұзакылық жасады. Ішкі істер қызметкерлері оларды тәртіпке шақыруда» деген мағынадағы ақпаратты диктор қағаздан оқып отыр. Азық-тұлік дүкендерінің терезелері мен есіктері сыныпты, айната өртеніп жатқан автокөліктер. Мир көшесі мен Фурманов көшелерін бойлай, бас сауғатап, қашып бара жатқан жастар.

«Атматыға үлкен максатпен білім ізден келген қыз-жігіттердің барлығының алқаш я нашақор болып кетуі мүмкін емес кой, наразылықтарының шын себебін неге ашып айтпайды екен» деп, өз қайрымнан сәл серпіліп, көшеде лақша ұсталып жатқан жастарды аяп коямын.

Әмір жездесі мен Білімжанды алып, Шынарды жерлеудің шаруасына кетті. «Бір ай өмір сүрсе де, қызымының мүрдесін

жер қойнына беремін» деп, аурухана әкімшілігімен келісп қойыпты.

Бұл үйдегілер күн бата жиналады екен. Ержеткен үш ұлы мен әп-әдемі қызы бар. Қүйеуі аққөніл, қонақжай көрінді. Інісіне жасаған құрметі ме, әйтеуір қазан көтерткізіп қойыпты. Қонақ бөлмеге дастархан жайылып, бәріміз сонда жайғастық. Әмір мен жездесі көшеден көргендерін әңгімелей бастады. Оған студент ұлдар да қосылған. Көшедегі көтерілістің басталуына коммунистік жүйенің ештемемен санаспай, Ресейдің Ульянов облысы партия комитетінде істеген Геннадий Колбин дегенді Қазақстанның бірінші хатшысы етіп тағайындауы себеп болады. «Қазақ елін қазак билесін» деп ұрандатқан жастар орталықтың бұл шешіміне қарсы болып, Л. Брежнев атындағы алаңға таңғы сегізден жинала бастапты. КСРО әкіметінің отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне наразылық білдіріп, колдарына транспорант ұстап, «Менін Қазақстаным» әнін айтып, алаңмен арлы-берлі топтатып жүреді. Бірақ көтерілісшілердің койған талап-тілектері аяқ асты етілген. Дереу «бұзакытарды» күшпен тарату максатында алаңға құқық корғау органдарының қызметкерлері мен арнайы әскери күштер тобы жеткізіген. Құндіз бес жүздей адам шыққанымен, кешке карай күлті қала құлақтанып, бірнеше мың адам және келіп қосылған. Желтоқсаншылар катарын сағат сайын студенттер мен жұмысшы жастар толтыра беріпті. Біз бір шетін байқап қалған да солар екен. Дәл осы түні алаңда иін тіресіп, мыйзымай тұрган жастарға қарсы әскер күші аяусыз колданылуға бүйрек беріліпті.

Міне, қызы! жүйенің қазак жастарына көрсеткен!

Жарылыштан мүгедек туған нәрестесі жастай өлеңі, дені сау жастары жүйенің жазалау механизмінің табанына түсіп, қыршынынан қыллады!

Коммунизм үде еткен жарқын болашаққа асықканда, жеткен жеріміз осы екен!

Бұл үйдін балалары солардың қолына түсіп қалмау үшін қашып, үйге әрен жетіпти.

– Облыс орталыктарында да жастар қарсылықтарын көрсетіп, көтерілмекші екен, – дегенді естіп, Әмір Семейге жаяу кетіп қала жаздады. Партияның атына дақ түсіргісі келмейтін

қызыл жүйенің нән сарбазы еді ғой біздің Әмір. Тұні бойы телефон құлағынан ажырамай, қарамагындағылармен сөйлесіп шыкты.

Таң құланиектене жездеміз бізді аэропортқа әкеліп салған. Қарауылға жеткен соң да Әмірге тыныштық болмай кетті. Құлағын Семей жаққа түріп, жанарын қүре жолға қадап, желтоқсанның қақаған аязында ақ тер, көк тер, қапылды да журді. Бұл кезде халықтық наразылық шерулері мен митингілер ел ішінде, шынымен де, көбейіп кеткен. Мұндай қозғалыстар Семей, Жезқазган, Таңдыкорған, Қекшетау мен Қарағанды, Павлодар, Жамбыл облыстарында, тіпті Сарыөзек, Шамалған, Шелек, біздің Қарауыл сияқты кішкентай қалашықтарда да жалғасын тапқан.

Көтеріліс аяусыз басылғаннан кейін оған катысқандарды саяси құғындау басталғанын естіп жаттық. «Тұтқынға алынғандар Алматы түрмелеріне сыймаған соң, кала сыртына апарып тасталып жатыр екен» деген сұyk хабардың жеткені де осы кез. Баталары Алматыда оқып жатқан ата-аналардың көніліне алаң кіріп, кейбіреуі шыдамай, көздерімен көріп, амандықтарын біліп келу үшін жедел жолға аттанған. Кейін «Желтоқсан» көтерілісіне КОКП ОК-нің Қаулысымен «казак ұлтшылдығының көрінісі» деген баға берілген. Катысқан қыз-келіншектер де жаппай құғын-сүргінге ұшырады. КСРО-ның тоталитарлық, отаршыл саясатына карсы казак жастарының азаттық күресі жиырмасыншығасырдың аяғындағы тарихи маңызы бар үлкен оқиға болды.

Сынақта сынбагандар

Шетінеген іәрестемиң қайғысынаң жаңым күйзеліп, депрессияға түстім. Кішкентайдың тәсегін сипап, киімдерін иіскеп, егіліп жүрем. Сүйретіліп жүріп үй жинап, тамақ пісірем. Түк қуатым жоқ, сарыжамбас болып жата бергім келеді. Менің халтімнен шошыған Әмір баланың тәсегі мен заттарын дереу біреуге беріп жіберіп күтылды. Қыстың ортасында бөлмелерді сылатып, біраз жиһазды ауыстыртты. «Қаласан, төркініңе ба-

рып қайт» дегеніне келіспедім, мына түрімді көрсө, ата-анам естерінен ауып қалтар. Қартайған шақтарында уайымға салмайын дедім. Мені есенгірекен халінен «есін жисын» деді ме, еңбек демалысын алтып, ата-енемнің ауылына тарттық.

Автобустан ата-енемнің өздері карсы алды. Бұл біздің қайғымызға жандары күйзелетіндерін білдіріп, үлкен бастирамен алдымыздан шықкан түрлері еді. Бұрындары әке-шешесін көрсө арсаландаш жүгіріп барып құшақтайтын Әмір бұл жолы салқын амандасты. Баланың қайғысы деген онай ма, оның да енсесі басылып жүрген. Соңғы бір-екі айда көрген азаптан екі көзім бақырайып, күр сұлдерім қалған маған енем бұрынғыдай емес, аяушылықпен қарал, жылы қарсы алды. Атам бір алтын адам гой, маңдайымнан сүйіп, тұған қызындай ол да бауырына тартты.

Әкесі екеуміз бірдей көліктен түскендеңі Сұнқардың қуанышын көрсөніз. Балалармен ойнап жүр екен, көргеннен жығылып-сүрініп, карды омбылап, бізге қарай жүгірген. Әкесіне бара жабысып еді, перзентін жоғалтып, ботасынан айырылған аруанадай күй кешкен мені серпілтейін деді ме, үлды құшырлана бір ііскең, маған ұстата салды. Аяз сорған мұздай бетін сағыныштан өртеніп келе жатқан жүзіме жабыстыра қойған. Тұла бойы тұнғышымды құшагыма алғанда, жан дүнием елжіреп қоя берді. Жанаарыма мөлт етіп жас тұнды, Сұнқардың ызғар сорып, қызарған бетін құшырлана ііскең қоямын.

– Апа, – дейді балапаным тәп-тәтті тілімен баурай түсіп. Ауылда жүрген екі айда есі кіріп қалған құлыншағым үлкен адамша бетіме бажайлап қарайды. «Апа» дегенді ап-анық айтатын болыпты.

Ауылда ағайын-туыс бірінен кейін бірі көніл айтып, кіріпшығып жатты. Бәрі де менің жарымжан нәресте туып, оның қандай халде жарық дүниемен қоштасқанынан хабардар болып шықты. Ауыл деген сол гой, естіген әнгімелері жатпайды. Полигон зардабы бұл ауылдың қай-қайсында да бар. Дастанхан басында да лағынет атқып, сынақ жайында сөз етісп отырады. Қай ауылда қандай бала туды, қанша жан өз-өзіне қол жұмсады, қорадағы төрт тұліктің де бірі екі баспен туып, бірі құдай

жараткан төрт түяктан ада күйі тұлып күсап домаланып түсіп жатқанын айтып, таңдай қағысады.

«Алла бетін аулақ қыла гөр», – деп, жандары шошып, қосыла тілек етіседі.

– Қашанға дейін сынар екен? Жарылыстан көз ашпай қалдық қой...

– Соңғы кезде жастар жағы арақ ішсе, көтеріліп, көздеріне неше түрлі сүмдиктар елестеп кететін болыпты. Сол да осы сынақтың зардабы дейді.

– Біздің бір күйеу бала ішпесе одан жақсы адам жок, аузына арақ тисе болды «асылып өлем» деп жіп ізден кетеді. Аркан-ноқтаның бәрін көз аттына қоймайтын болдық, – деп, ішкі сырларын актарысады.

Ұлкендерге шай құйып отырган менін де ойыма Әмірдің арақ ішіп алған кездегі әрекеттері түседі. «Жоқ, ол «асылып өлем» деп, ала жіп ізден кетпейді, маған тап беріп, шашымнан сүйрей жөнелетін еді ғой, бірак. Сонда оның көзіне мен албасты болып көрініп, бір кезде жақсы көріп алған жары екенімді ұмытып қалатын болғаны ғой. Осы ауылда туған соң оның бойында да радиацияның шалтыры бар, қызымыздың мүгедек туғаны да содан», – деп мен де үлкендерге шай құйып отырып, өзімше күйеуімнен көрген корлығымның себебін іштей жобалап отырмын.

Ертеңінде Әмірдің сыныптасы Қадыр да бізді келіншегімен арнайы ізден келіпті. Күйеуім екеуі балалық шактарын еске алып, бозбала шакта келіншегі Жадыраны атып қашуга қалай бірге барғандарын айтып, арқа-жарка болысты. Үш жасар үлдары бар екен, баланың өні қу шөптей жүдеу көрінді. Сұнқармен ойнасын деп едік, анасының етегіне оралып, шықпай койды. Жадыраның да қабағында кірбін бар, баласынан тап қазір айрылып қалардай, бауырына қысып атып, жібермейді. Ұялы жаңарында айықпас қорқыныш түр. Сөйлесе кете:

– Ұлым «ақ қан» ауруына тап болды. Емдетіп-ақ жатырмыз. Қадырлардың әулетінде үш бірдей мүгедек бала бар. Қайсысына карапымызды білмей далмыз, – деп мұнын шакты.

Қадырдың інісі Абыралыда дүниеге келіпті. Аталары кезінде біраз кісімен сынақ алаңында қалып қойған екен. Содан кіші

ұтының бір қолы білегінен кем туыпты. Ақыл-оый бәрі дұрыс. Ержеткен соң үлкендер құда түсіп, дені сау қыз алғып берген екен. Сол келіндері жақында әкесі сияқты бір қолы молақ бала тауыпты. Оны дәрігерлер көріп, «атом зардабы үшінші үрпакқа өтіпті» деген шешімге келген екен. «Менің баламның халі мынау. Енді не істерімізді білтмеіміз, қайда, кімге барып айтамыз зарымызды? Мұнымызды кім тыңдайды? Дәрігерлер диагноз қойғанда «радиация салдарынан» екенін айтудан қашады. Өзімізді кінәтайды, «мандаға жазылғаны» дейді. Дүниеге бала әкелуден зәрезап болып қалдық. Осы қалпыныңда түкимымыз тұздай құри ма деп корқамыз», – деп, ағыл-тегіл жылады-ай дейсін. Шынарымың қыска құндік тағдырын айтып, мен де оған қосыла шер актардым. Ауру бала арқалаган достарымызды жүргегіміз ауырып тұрып шығарып салған соң, Әмірге Қадыр отбасындағы қайғыны түгел айтып бердім. Үнсіз жатып тыңдаған ол: «Ондай сұмдықтарды ойлай берме, Сұнқарымыздың дені сау гой. Әuletімізде де ондай жамандық жок», – деді. Шынар туралы өдeй еске алғысы келмеді.

– Енді бала тапқаннан корқамын. «Ушінші үрпакта да қайталайды» депті ғой, Сұнқардың балаларында болса қайтеміз? – деп, корқынышыммен бөлістім. Ол үндеңей, теріс қарап жатып қалды. Ұзамай көзім ілініп кеткен екен, түсімде Сұнқарымды ертіп Алматыда жүр екенмін деймін. Таудың етегіндегі алмалы бақта серуенде жүр екенбіз. Қып-қызыл алмалар уылжи пісіп тұр, нісі бүркырап, күн нұрымен шағылсып көз тартады. Сұнқар: «Апа, әкем қайда?» дейді. Мен: «Қазір келеді» деп, алаңсыз бақ ішін аралап кетемін. Бір кезде бақтын тұп жағынан қазаншұңқыр көрінеді екен. Ішінде Әмір жатыр. Бағана құндіз келген Қадырдың ұлы сияқты ап-арық, жұп-жұдеу. Еті сүйегіне жабысып қалыпты. Көзі алакандай болып, бізге үрейлене көз тастайды. «Мұнда неғып жатырсың? Тұр!» – десем, үндеңейді. Еңкейіп қолымды созамын. Ол да қолын береді. Тартып шығрайын десем, салмағы зілдей. «Тұрсаныш!» деймін, әлім келмей. Ол болса: «Мені жер өзіне тартып жатыр» дейді ерні әлсіз қыбырлап. Әкесін шығарып алам деп, Сұнқар да мықшыңдалап, менің екінші қолымнан тартқытайтын. Осылай тартысып жа-

тып, оянып кеткенім. Қара терге түсіппін. «Бісмілла, бісмілла» деп қоямын.

Терезе жаққа қарасам, таң сыз бере бастаған екен.

Келін болып түскен жерім өсіп-өнген әулет еді. Ата-енеме сәлем салып, ә дегенмен ізет көрсеттім. Салған сәлемімді қызық көріп, ауыл адамдары жиі келгіштейтін, иіліп сәлем салғанымда: «Өркенің өссін, балам!» деп, қай-қайсы да марқайып қалады. Семей, Өскемен жері орыстандыру саясаты патшалық Ресей кезеңін бері жүйелі жүргізіліп келе жатқан орта болғандықтан, «келиңнің сәлем салуы» сияқты қасиетті салтдәстүр бұл жакта сакталмаган екен. Дегенмен, қазақылықтан қол үзе қоймаған, қасиет дарыған киелі мекендердін бірі еді бұл ел де. Атамыз берінен енешізді сыйлап, амандасуға келетіндер үйден бір үзілмейтін. Қара шанырактың конак бөлмесіндегі ұзын үстел ешқашан жиналған емес. Ак дастархан жайылып, үсті дәмге толып, өрік-мейіз, ши бауырсақ пен домалак бауырсақ, табақ-табақ еттін буы бүркырап, қашан болсын үсті қайысып тұрады. Ет бұл жакта мол, сұық тошалада жылқы еті, сиыр, қой, құс етінен басқа елік пен арқар етіне дейін толып тұrap еді. Қатарынан түскен үш келін қазан-ошақтан босамаймыз, камыр илеп, оны жайып жатамыз. Сыртта нығынан демалып, тарсылап қайнап тұрган қос самаурын. Енеміз үстіне кіршік жуытпайтын, кірпияз жан. Қашан көрсөн, әдемі көйлегін киіп, ақ орамалын басына байлап, төрде жайнап отырады. Қайын атам Әсекен өмір бойы партия қатарында болса да, немерелеріне жасырын тұрде жеті атасын жаттатып, тілдерін көлимага келтіріп жүретін алтын адам болатын. Солардың ортасында жүріп, менің Сұнқарым да былдырлап тақпак айтЫП, жеті атасын жаттап алыпты. Қызық көріп, немерелерді тізіп қойып, төпелетіп сұрақтың астына аламыз:

- Кімнің құлышын?
- Құдайдын...
- Кімнің үмбетісін?
- Пайғамбардың...
- Дінің қайсы?
- Мұсылман...
- Дәлелің қандай?

– Лә иллаха иллаах, Мұхаммед рассуллах! – деп, немерелері хормен шулап қоя береді. Соған атам мәз. Емтиханың алып, мұсылмандық ілімдерін тексерген соң, «Менін Қазақстанным», «Атамекен», «Ауылым», «Әкеме» деген әндерді бірге шыркайды.

– Атасы-ау, біздерді де катардан қалдырмай, ана туралы әнді де үйретіп койсаншы, – дейді енем базына айтып. Немерелерінің барлығы ерек кіндікті болғандықтан, атам оларды мактанашибен «менің футбол командам» дейді. Сондықтан:

– Еркектер ереккек лайық ән айтады, – деп, басында өтірік илікпей қояды.

– Е, неге, аналарын құрметтесе болмай ма? – дейді балапандардың әжесі.

Атамыз:

– Е, сендердің де еңбектерің бар еken ғой, – деп көзін қысып әзілдеп алады да, балаларға: «Батырларым, енді ана туралы бір ән үйренбесек, шешелерің мен әжелерің өкпелеп қалар» деп, «Анага сәлем» деген әннің сөзін алдымен қағазға жаздырады.

*Мереке күніңмен,
Карсы атам өзіңди, –*

деп, у-шу ән үйрену басталады сосын. Атамның немерелерімен ерекше айналысатыны ұнап, көнілім көтеріліп, Сұнқардың агаларынан қалыспай томпаңдал жүргенін, тілін сындырып такпак жаттағанын көріп, бірге ән салып, көнілім біраз серпілейін деді.

Осы әuletке қарап «көп ағайынды болған қандай жаксы» деп, іштей қуанып қоямын. Менің төркінімде мұндаидай күнде жынын, күнде той болмайтын. Әке-шешем үйден шығып кетсе, ағам екеуміз екі бөлмеге кіріп алыш, екі жакта состиып отыратынбыз. Үй ішін құлакқа ұрган танадай үнсіздік билейтін. Ішімнен: «Үкілай женешем көп бала тауып, үйдін ішін базар қылса екен» деп тілеп те қоямын. Әзірге өз әке-шешемнің екі-ақ немересі бар. «Сол екеуінің өзі қазір үйді думандатып жүрген шыгар» деп ойласам, сағыныштан жүрегім сазып қоя береді. Апамның «онсыз да басқа жарымағанбыз, сендердің өсіп-өнгендерінді қалаймын. Үсеннің баласымен қайтіп өспексін!»

деп, Мәлістің маған жазған хаттарын өртеп жібергенін айтам-ау. Менің мына жағдайымды естісе, апам дауыс салып тұрып жылайтын шыгар. Семей топырағына жарылыс жасап жатқандарды бір қарғар еді-ау. Мен Әмірдің алғашында «баланың көзін құрт» дегенінен шошып, төркіндегілеріме аяғым ауыр екенін айтпаған болатынмын, оның үстіне, жарымжан тұған сон, сүйінші де сұратпадым. Сондықтан олар менің тағы балалы болғанымнан хабарсыз. Енді жаз шыға, Аспантауымның аясындағы жеміс-жидегі төгіліп, саф ауасы жанға жағып, өзен-көл мөлдірекен, ыстық сулары аспанға шапшыған жұмак мекенім – Жетісуыма балам мен жарымды ертіп барып қайтармын. Алатау жактан анқылдап ақ самал ескенде, алманың иісі бүркырап коя беретін кештерді сагынып, бір күрсініп қойдым.

Ауылдағы берекелі де мерекелі қара шаныракта күндіз енеміздің абысын-ажындары, кезінде ауруханада бірге қызмет істеген құрбылары, көршінің әнгімешіл әйелдері келіп, бір-біріне сөз бермей, ұзақ самбырласып отырады. Оларға қызмет жасай жүріп, құлағым түрік жүреді. Отбасындағы қарым-катьнас, бала тәрбиесі туралы әнгімелерді құлагыма құйып алуға тырысамын. Өзіме «керек-ау» дегендерін көніліме мықтап түйіп коямын. Ал нағыз қызық әнгімек кешкі дастарханда болады. Үлкен шанырактың осы үйдегі екі келіні шай құйғанин жа-лықса керек, мен келгелі ақ самаурынның құлағын маған берген. Оның пайдасы, ет желініп, шай ішіліп жатқандағы небір керемет әнгімелерді естіп отырасын.

Атамның қызмет шеніне байланысты, «Әсекеннің қолын алайық деп келдік» деушілер Семейден де, сонау Алматыдан да соғып кетеді. Ерлер арасындағы әнгімек енбек науқанынан қансонар, аңшылыққа ойысып, одан кейде саясатка да ат басы тіреліп жатады. Ән де, әзіл-қалжың да айтылады. Үлкендер жағы өткен-кеткендерін еске атысады. Біздін онтүстіктердегі емес, оларға ере келген бәйбішелері де сөзге араласып, кесек сөйтесе, ешкім қой демес еді. Сол әнгімелерден мен өзімнің төркінімде естімеген, жогарғы оқу орнында оқымаған нәрселерден хабардар боламын. Сол әнгімелердің түп төркінінде қашан да қазақ халқының тағдыры, кейінгі үрпак көп біле бермейтін заман шындығы жатар еді.

Елтүнші жылдардың басы екен. Осы ауылда қалжындағанда камшы салдырмайтын, тіл мен жағына сүйенген екі құрдас болыпты. Бірін-бірі не сөзден, не істен жеңе алмай, үзенгі қағысып жүретін көрінеді. Бірде жоқ іздел жүріп, екеуі ат үстінде, ақ түтек боран өтінде кездесіп қалыпты. Біреуі алдымен: «Уай, бұл кім-ай?» – десе керек, дырау қамшысын көтеріп. «Мен Сталинмін!» – деп шалқайыпты екіншісі. Анау мынаның өз құрдасы екенін дауысынан танығанымен, кері жауап бергеніне орай: «Әй, қу шұнақ Сталин, түстің бе қолтыма! Қолыма бір түссе деп жүр едім. Сен не көрсетпедің маган, ә? – деп ат үстінен алып ұрып астына салып: – Қазакқа не көрсетпедін? Алдымен әке-шешеміздің азғантай мальна көзінді салып, бай-құлтак деп көмпескелеп, жер аударып итжеккенге жібердің, мынау сол үшін», – деп сабай жөнеліпті. «Ойбай, ағатай, мен құрдасын гой», – десе де, бой бермей: «О, қу Сталин! Колхоздастырып бір ұжымға жиналтындар деп, бар мальна айырып, жайлауы мен күздеуін тартып алып, кедейлендіріп, ашаршылыққа ұрындырыпты. Отыз екінші жылғы қырғынға ұшыраттың, мынау сол үшін! О қу шұнақ, Сталин! Ол аздай, казактың көзі ашығы мен сүтке шыгар каймактарын жер аударып, қанғытқан сен емес пе едін!» – дүрелей түсілті.

«Ағатай, жаздым-жанылдым, Сталин емеспін, жіберші», – деп, құрдасы әрен құтылыпты дейді.

Бұл оқиға ауылдағы парткомның құлағына жетіп, ол аупарткомға хабарлап, екеуі «Стекендер мазақтағыны үшін» ақыры сотталып кетіпті деседі. Ол кезде Сталиннің газетке шыққан суретін байкамай басып кеткен адам да жауапка тартылып, жер аударылады екен.

– Қазак қандай құқайға шыдамаған, ал мына тәбемізден күнде жарылтыс кетпегені бәрінен асып, тұқымымызды тұздай күртіп тұрғанын айтсанышы, – деді қайынатам қүйініп.

Бұт күні үйге аса бір қадірлі конак келген еді. Ол атамыздың жамағайыны Мұратхан Қорғанбаев ағамыз болатын. Өзі біз тұратын Карапулдан болатын. Ол кісіні жақсы танитын Әмір:

– Аға, сіз осы сынақтарға байланысты жұртты Карапулдан көшіргенде ортасында болыпсыз гой, соны нактылап айтып берінізші, – деп сұрады.

Ағамыз өте әңгімешіл кісі еken. Болған оқиғаны кітапқа жазғандай етіп, көркемдеп жеткізді: «1953 жылдың тамызы болатын...» деп бастады сөзін. Қарауыл онда кент деп аталағын. Ағатайым «Сталин» колхозын басқарудан босап, Қарауылға көшіп келгенбіз. Менің он беске толған кезім. Бір күні ағатайым: «Көшетін болдық. Бір қабат көрпе-жастық пен жарты айға жетердей ас-аукат алып дайындалайық. Ертең танертең аттанамыз», – деді. «Қайда? Неге көшеміз?» – деп, үйдегілердің бойын үрей билей жонелген. «Корықпандар, көппен көрген ұлы той. Ауданның жартысы Аягөзге, қалғаны Арқат пен Шыңғыстаудың сыртындағы Бақанас өзенінің бойына көшіріледі еken. Сол жақта палаткалар құрып жатыр дейді», – деп, мәлімдеді жағдайды. Колдағы ұсақ малды бағатын мен едім:

– Малды қайтеміз? – деп өре түрегелдім.

– Малға тимейді. Бақанасқа айдаап апарады. Жарты айдан соң осы жерге, үйімізге кайтып ораламыз. Кенескали екеуін мал айдауға барасындар, – деп, бізді ауылдан баратын басқада мал айдашыларға қости. Орданы бетке ұстап, жол алдық. Кенескали арбада, мен атымның омырауымен түртпектеп, кой айдаап келемін.

Жол үсті ер-тоқымды жерге төсеп, үйыктап аламыз. Сол кез мен бір сүмдық тұс көрғем. Қарауылда қалған апам менің дәлтерімді алып, бетіне қара бояумен сурет салып отыр еken деймін. Коркынышты суреттер. Биік тау кескіні Дегеленге келеді. Бір жерінен руымыздың көшбасшысы Мотыш атамың Майөзегі – ру таңбасы көзге анық шалынады. Тағы бір жерінде Шибойы, біздің ауылдың күзегі. Тек бұл жердегі тау да, дала да жұлым-жұлым. Эсіресе, Найзашокы бнігі шошайған Дегелен ортан белінен кесіліп, келесі бетке көшірілген. Ұшар басы қылышып атынып, етегінен төмен қаратып салынған. Қайсыбір төбелер әр жерге бүршактай шашылған. «Апа-ау, көп-көрім тауды бұлдіріп қойыпсың», – десем, апам: «Біріктіре алмадым, косылғысы келмеді...» – дейді.

Осы сәтте жанымдағылар оятып жіберген. Таң ағарып атыпты.

Үшінші күні Молалыбұлақта аялдаған оншакты үйдің малы косылып кетіп, Арқат ауылының тұргындары келіп, әбігер бо-

лып жатқанбыз. «Ойбай, қашындар!» деген хабар келіп, Сарышоқыға қарай бездік. Кешеден бері тіккен қостар ашық-шашық қалды. Бәрімізді тиеп алған әскери көліктөр токтаусыз зулап келеді. Соншама жерден айдал келген маңымыз айдалада қалды. Алып жартастары шодырайған Арқат тауы аспанды торлаған қара бұлтпен араласқан қою шанга көмілді.

– Ойбай, өрт! Ананы қара, қаракошқыл түтін Қарауылдың үстінде, сірә, үйлер өртеніп жатыр, – деді Мейраш.

– Қып-қызыл жалын кернейден шыққандай болып, аспанға бүрқақтай атылып жатыр.

– Қадырдың сырты, Саржат ауылның тұсы, – деп жорамалдайды дөң басына шыққан үлкендер.

Әуелі керемет дүмпу естілді. Содан жалын көтерілді. Арқатқа жетпей, Шынғыстаудың үстінен, аргы шеті «Қызыл ту» колхозының жерін, бер жағында Қарауылдың қамтып, түстік жаққа өткен. Сынақтан кейін екі жетіден соң, Қарауылдың түрғындарын мекендеріне қайтарды. Кенесқали екеуміз алдымыздың маңымызды айдал, жүдеп-жадап Қарауылға оралдық. Келсек, сүмдиктың көкесі осында екен. Біз кеткенде үйдін маңында қалған ит пен мысықтың жүні жидіп түсіп қалыпты, мияулап, қынсылап, құбыжық құсан алдымыздан ирелендей шыққан. Сол байғұстар көп ұзамай өліп қалды.

Сол жолғы зобалаң біздің әулетке үлкен қайғы әкелді. Саржалда тұратын анам Төлеу қырыққа бір жыл толмай ақ қан дертінен қайтыс болды. Қарауылдағы апам да жеті жылдан кейін дәл осы дерпті мендең, өмірден озды. Сол кісілердің жөнелткен соң, баяғы түсімді үлкен ағама айтып едім, ол кісі: «Бұл түсті менен басқа тірі жан естімесін, айтпа, ұмыт! Біздің әулеттен екеуді жалмады ғой, енді бізден аулақ! Дегеленді әскерилерге құрбан еткенбіз, сонымен тоқтаса иғі еді деген», – деп, әнгімесін тұжырды ағай.

– Осыны жасап жатқандарға да бір зауал келер, халықтың көз жасы мен зары, қара қарғысы жібермес, – деді нағашы апамыз Айтбала.

– Соларға зауал бір келер деп отыра береміз бе, бас қосып неге Мәскеуге хат жазбаймыз, – деді бір аксақал.

– Ұйымдастырсандаршы, біз қол койып берейік, – деді менің өжет енем.

– Бесқарагайда әпкемнің екі бірдей немересі мүгедек болып, төсекте жатыр, соны көтеріп шықсын аланға, – деп, ашына сөйледі бір ана.

– Қарқаралы жақтағы Егіндібұлакта тұратын бір шопыр ағамыздың баласы бар еді, соның екі қолы да иықтан туа жок. Атын Қәрібек деп қойыпты. Ағамыз көлігімен полигон жақтағы жол арқылы жиі жүреді екен. Сол кезде әскерилер көлік жүргізушілерді тоқтатып, айналып жүргуге нұсқау берсе де, қаперсіз қазак құлактарына қыстырмайды екен, бәрі соның салдары. Айналма жолды алыссынып, тіке жолды жақын көріп, полигон маңайымен жүреді екен. Кейін солардың біразы бейдауа дерттен ерте кетіпті, – деді орта жақтағы азамат. Отыргандар дабырласып барып басылды.

Радиациялық жарылыстарды көзімен көргендердің естеліктерін естіп, зардабын ел-жүрт болып тартып отыргандарын көріп, тәбе құйқам шымырлаған. Құйзелісім бас көтеріп, бойымда бұрын-сонды сезінбеген орасан зор коркыныш пайда болды. Құлагым шынылдан барады. Абысыныма ымдал, өзім орнынан тұрып кеттім. Бөлмеге барып, төсекке құлагам. Өне бойым қалтырап, қайда тығыларымды білмей, аласұрдым. «Әз әкем де, Әмірдің әулеті де қасірет төгіп жатқан аймактың адамдары. Шынарым осы зұлматтың құрбаны болды. Тағы бір қайнамның ортаныш ұлы даун ауруымен келді дүниеге. Енді алдағы күніміз не болар екен?» деп, көрпенің астына тығылып, Әмір келгенше, дір-лір етіп жаттым. Сол түні дұрыс үйіктай алмай шықтым.

Жаңа жылды әулет болып қара шаңыракта қарсы алатын болдық. Қонақ бөлмеге баратын дәлізге биіктігі тәбеле жететін шырша орнатылды. Оны үш келін балалармен ойнап-күліп жүріп, бірге безендірдік. Атамын тапсырмасы бойынша әр отбасы өз өнерлерін көрсетуі тиіс. Келіндері мен қыздары өздерінің ең дәмді пісіретін тағамдарынан ауыз тигізеді. Ең қызығы, ата-енеміз бастап, бәріміз жаңа жылдық костюм киетін болдық. Сол тапсырма бойынша әр отбасы өз үйлерінен мұздай дайындықпен, артынып-тартынып жетті. Әрине, бәріміз ша-

ма-шарқымызға қарай бір-бірімізге сыйлық та әзірледік. Жан-жактағы ұлдар катын-балаларымен, қыздар байлары мен жиендерді ерте келді. Тіпті жақын жердегі құда-жекжаттар да ортамызға еніп кетті.

Ескі жылдың соңғы күні Әскең мен Күлекеннің үрім-бұтағы түгелдей қара шаңыраққа жиналған. Мен бұлардың ортасына келгелі мұндаій бас қосуға күә болып тұрганым осы. Көзім ти-месін, өзіміз бір рұлы ел едік. Ауылдағы еңсөлі үй сегіз болмелі еді. Сол бөлмелердің бәрін бүгін әбігерлері шыққан бала-шаға басып алған. Біреуі тақпактары мен әндерін қайталап, біреулері күй төгілдіріп, келіндері мен қыздары аулаға үлкен асханада әлденелерді пісіріп, сендей соғыстысуда. Арасында әзіл-қатжын, жарқыраған құлкі де естіліп қалады.

Бұл жерде ойын-құткіге араласып кете алмай, бүйігі жүрген бір мен ғана. Мұным бәлекедей жаландаған үлкен қайын бикеме үнамай қалыпты.

– Біздін Әмір – жігіттің сұлтаны ғой, шіркін! Мына мыңқиған қараны қайдан тауып алған, – деген қыжыртпа сөзін тәтті нанға жұмыртқа шайқап тұрган үлкен сіңлісі іліп әкетті:

– Айтпа деймін, ағам парткомның қызын алғанында ғой, аралас-құралас болып жүрер едік. Өзі институт бітіргенімен, бір үйкүшік екен. Бата тапқаннан басқаны білмейді, – деп, ебедейсіз, есіктей денесімен алдындағы ас плитасын түгел жауып, артқы жағында тұрган мені «бәрін естіп тұр-ау» демейді. Әлде, біліп тұрып, әдейі істей ме?

Сіңлісінің сөзі майдай жакты ма, әпкесі қолындағы ыдысын үстелге коя салып:

– Бала тауып қарық қылып жатқаны да шамалы, – деп, менің жарымжан бата тұғанымды бетіме басты. Сосын арғы жакта қазан қайнатып жатқандар естіді ме дегендей, жан-жагына бұрылып қарағанда, мына жакта тұрган мені көрген. Көзіміз түйісіп қалды. Аузына келгенді айтып тұрганынан ұялду жок, қайта айызы қанғандай, жаман көзімен түйреп тұр. Алла ақыл бермесе, мен не дейін, қолымдағы тегенені жерге коя салып, асханадан шыға жөнелдім. Тамағыма тас тіреліп, ыстық жас бетімді жуып кетті. Сол қалпында бізге бөлінген бөлмеге жүгіріп жетіп, тәсегіме құладым. Артымнан тетелес абысыным қуып жеткен.

– Аяш, ренжімеші, бұл кісі әүлеттің ұлкені болса да мінезі сол, бірімізді-бірімізге шағыстырып жүреді. Енемізге де бізді аямай жамандайды. Қайтесін, Аяш, қөnlіне алма, – деп, мені шашымнан сипап, орамалмен бетімді сұртіп жатыр.

– «Бала тауып қарық қылып жатқаны да шамалы» деп, менің жан жарамды тырнаганы несі? – деп абысыныма мұн шағып, өксіп-өксіп кеттім.

– Қөnlіне алма, Сұнқардың қандай ақылды бала. Жаңа кіші ағасының алдында такпақ айтып түр. Тілі қандай тәтті, – деп, мені құшактап бауырына басты. Абысыным қанша шақырғанымен, орнымнан түрғым келмеді. Қөnlі күйім бұзылып, жаңа жылдық әзірлікке мұлдем араласқым келмей қалды. Артымыздан болмеге кіріп келген Эмір!

– Саған не болған-е! Елдің бәрі жарқырап жүр, сен ғана Алатаудың басына үйірлген бұл құсап, қабагынды бір ашпайын, – деп дүрсе коя берген.

– Үлкен апайың менің жарымжан баламды бетіме салық етті, – дедім, араша сұрағандай.

– Ол біздің ұлкеніміз, ата-анамыздың тұнғышы, сондыктан ол не айтса да шыдайсың, не сұраса да бересің. Үлкен әүлетке түскен келін сондай төзімді болады. Түр, кане, төсекке жабыспай, – деп сырмалы жекетімнің желкесінен жұтқылап түрғызып алды да, есік жаққа мысық құсатып итере салды.

– Бар, асхана жаққа, көмектес, – деп дүңк етті сосын.

Жарым қөnlім одан сайын ортайып, амал жоқ, асхана жаққа ілбідім. «Қатын ашуланса, қазан қайнатады» деп, іштей тістене, ас әзірлігінің бір шетіне кірісіп кеттім.

«Қазақ әйелінің көрген күні осы! Қыз кезінде ғана қызғатдақтай құлпырып жүреді. Он жақта бұлғандаپ өседі. Жат бо-сағаны аттай салысымен, бірден сол шанырактың отымен кіріп, құлімен шыгуы туіс. Барған жері жайлұ болса жақсы, жайсыз болса, отырғаны – опак, тұрғаны – сопак. Бір кезде көзінің ағы мен қарасындей етіп өсірген ата-анаң мен құлын тайдақ тебісіп өсken бауырларынды ансап, соларға жете алмай, сағыныштан сарғайып жүресің де коясың. Торкіппің де отбасынмен жақсы болған күнде ғана сыйлайды, әйтпесе, «шыққан қыз шиден тыңқары», «қайтып келген қыз жаман, қайта шапқан жау жа-

ман» деп, мандарына жолатпайды». Осындаі ойдын күшагында, бар ашымды жайып жатқан қамырдан атып, алақаным қып-қызыл болып дуылдаса да өз-өзімді аямай, октауга шүйлігемін. Осы бетіммен он жайым қамырды жалғыз өзім жайып-ак таstadtым. Баганағы айткан әбес сөзіне ыңғайсыздану деген ойына да кіріп-шықпаған қайын апайым тіzlіп жайыған қамырды көріп, қабағын керіп қойды. Осы жерде Сыргаш женгем де жүр еді.

– Кыз-ау, қолынан түк келмейді деген келінінің өнерін білмей жүр екенсін! Көрдің бе, бір жайғанда он жайым қамырды бір өзі жая салды. Сен Аяштың лағман созғанын көрсөн! – деп, күтген болып, қайын апайым мен арамызда болған жайсыз жағдайды жуып-шаймақ болды.

Дәү қайын ағам кемпір-шалдың батасы болатын, сондыктan жолы үлкен-тін. Оның үстіне Сыргаш женешем қызметтегі абырайлы әйел еді. Оның бұл үйдегі құқығы енемізбен тең болмаса да, кем емес. Ешкімнің батылы жетіп, қарсы келе алмайды. Сыргаш женгем мені жақтаған соң, үлкен қайын апайымыздымы шықпай, мәймәнкеletеп:

– Сәкебай, жай ширатып алайын дегенім гой, әйтпесе, Аяшта нем бар, – деп, актала бастады. Қайын сіңлісінің мінезін жақсы білетін женешеміз:

– Өз басым тамак әзірлеуде Аяштан көп нәрсе үйрендім. Жалпы, онтүстік жақтың ас әзірлеу тәсілінің жөні болек кой, шіркін! – деп, женешем абырайымды өсіріп қойды.

Шындығында, осы еттін қамырын илеп, жұп-жұка етіп жаюды Үкілай екеумізге тағы да апам үйреткен.

– Үкі, ертең қайын сіңлің бір жерге барғанда, қамыр илтегенді білмей тұрса саған сын. «Женгесі түк үйретпепті» дейді. Кел, екеулеп бұл қызга қамыр илегенді үйретейік, – деді де, бір күні мені қолга алды. Қазакта «қызыым саган айтам, келінім сен тыңда» деген бар емес пе? Жаңа түскен келіні де қамырды онша келістіре қоймайтын. Апам елеуішпен елеген үннан екеуімізге екі легенге шамалап үн салып берген, сұы мен тұзын, жұмыртқасын қанша қосу керектігін көрсеткен.

– Ал енді бастандар, – деген сосын. Өзі қадалып қарап отыр, арасында «қамырға суды көп құймандар, өте жұмсақ болса,

жайғанда жабысып қалады, пісіргенде езіліп кетеді», деп қояды. Женешем екеуміз бар ынтымазбен илеуге тырысамыз.

– Үкі, сенің қамырың әдемі шықты, Аяш, сенікі өзің сияқты болбырап қалды, – деп сынағаны есімде. Жайғанда женгемдікі дөңгеленіп жаксы жайылды. Менікі бір жағына сопайып кеткені рас еді. Оның үстіне, оқтауға жабыса беріп, әбден әбігерге салған.

– Үн сеп, оқтаудагы қамырдың ортасын баса бермей, шетшетін жеңіл ғана атақаныңмен басып жай! – деп, қолымның үстіне қолын койып үйретti.

– Енді жайылған қамырға тағы азғантай үн сеуіп, оқтауға орап кесіп алындар, – деген сосын. Бар нұскауын бұлжытпай орындал, «құп, апатай» деп күтіп қоямыз.

– Егер осы қамырды жайлап ыдысқа тізіп, мұздатқышқа салып қойсандар, екі күнге дейін жабыспай тұра береді. Аяқ астынан кісі келіп қалса, сала қоюға жақсы. Қазанда ет қайнап тұрса болды, келген мейманды күтіп, хал-жай сұраса бересіңдер. Ет тартатын кезде дайын қамырды казанға сала қоясындар, – деп, тәптіштеп үйреткен апамнан айналдым. Мен сол әдісті Сырғаш женешеме көрсеткем, ол кісіге де ұнаган. Бүгін менің мерейімді апамның тәрбиесі бір көтеріп таставды. «Ұяда не көрсөн, үшқанда соны ілесін» деген осы екен-ау!

Негізі, қайтымы тез адаммын ғой, Әмірдің қатты айтқанын, осы үйдің қыздарының ыбыр-жыбыр сөздерін көнілімнен шыгарып, Жаңа жылды қарсы алмаққа әзірленіп, мәре-сәре болып жатқандарға араласа жөнелдім.

– Апа! Апа, карашы, – деп бір кездे асханаға ұлым жүгіріп келді. Үстіне қоянның костюмін киіп атыпты. Мәз, мақтанып тұр. Соны маган көрсеткенше асығып, барлық бөлмелерді шарлай анасын іздең, асханаға жеткен түрі ғой. Алқынып қалыпты.

– Кандай әдемі, Аққоян! – деп, апаптары мақтай бастады.

– Кім берді? – дедім, өзім Жаңа жылға киім әзірлемек тұрмак, балама бір жейде атып келмегенімे үялып.

– Дәү апам! – деді аузын толтыра. «Қуантсан – баланы қуант» деген осы екен ғой. Келе жатқан қоян жылының белгісіндей болып, үлкен үйге қайта жүгіре жөнелген баламның соңынан қарап тұрып қалдым.

Дәу апасы – Сырғаш женешем, Дәу атасы – Дәурен қайын аға. Ол кісілер атамыздың барлық немересіне жаңа жылдық сыйлық өзірлеген екен.

– Мен де қыз-кеңіндерге бір-бір орамал әкелдім, жаксы өнер көрсетсендер берем, – деді тетелес абысының бәрімізге естірте.

– Балаларға сыйлық ала келу де ойыма келменті, ұят-ай, – деп, ыңғайсызданып, ақырын құлғен болды. Қайдан сап ете түскені белгісіз, осы кезде кіші қайын сіңлім:

– Сен нениң жөнін білуші едін! – деп, тілімен шагып алды. Жасы менімен тете болса да. жолым үлкен еді ғой, «мұнысы несі?» деп, аз-кем тосылып қалғам. Сосын мұнымен сөз жарыстырып береке таппасымды біліп, үнсіз теріс айналып кеттім.

– Меруерт, койсанңдаршы! Сендерден біреу сөз сұрады ма? – деп, жолы үлкен тетелес абысының өзінің құқын пайдаланып, ортаныш қайын сіңлісін қағып таstadtы. Көпше түрде айтып, қайын бикемізді де сөзben шымши кетті.

Төркіндерінде жүрген соң, уш қызың бүгін тайрандал-ақ бағуда. Эркайсымызға, әсіреле, өзі қайғыдан езіліп отырған маган тиіспесе бастары ауыратында. «Қайырымсыз қыздар екен, біз үйде Үкіні алақанымызға салып, еркелетіп отырамыз ғой осы» деп, көніл күйім тағы түсіп кетті.

Кешке карай дастархан басына жайғастық. Устел үсті түрлі тағамнан қайысып тұр. Әulet басы, қайын атам өтіп бара жатқан жылды қорытындылат, бұл жылы болған жақсылықтар мен жеткен жетістіктерді түгендей келе, Әмірдің шаңырағында болған орны толmas өкінішті, Шынарымыздың кенеттен шетінеп кеткенін еске алды.

Бізге қарап көніл айтқан атамыз «Осы қындық ескі жылмен кетсін. Мұндай қайғы-қасіретті біздін әулетке ғана емес, адамзат баласының басына бермесін! Ол үшін әлемде болып жатқан атомдық сынектар токтасын! Топырағы мен сұы уланған, тұрғындарының жүрегі жаралы Семей өңірінің табиғаты қалпына келіп, жарымжан болған бауырларымыздың сауығып кетуі үшін мемлекет тарапынан көмек қолын созсын», – деп аяктады сөзін. Үлкендер бастап берген соң, жаңа жылдық мереке думаны қыза түсті. Бір кезде сыртқы қақпа тарсылдай жөнелген. Келген Аяз Ата мен Ақшақар екен, қаста-

рында сайкымазақ қосшылары бар. Олар шыршаны айнала өнер көрсете бастады. Балалар ауыздары ашылып, аң-тан. Қалың грим, маска киіп алған соң, Аяз ата мен Ақшақарды шыра-мытар емес. Шын Аяз ата келгендей арқа-жарқа, мәз. Ақшақар етженділеу болғанымен, аса өнерлі екен. Сый.тық таратып, ба-латарды қуанышқа бөллеген Дәү қайын ағам мен Сыргаш жен-гемнің тапқыртығына баладай мәз болған үлкендермен қоса, мен де манағы аз-кем кикілжінді тағы ұмытып кеттім. Аяз Ата мен Ақша қарды келістіріп ойнаған ерлі-зайыпты екеуінің от-басылық жарасымдары басқаларымызға да үлгі болар әсерін қалдырган.

Дастархан басында ер-азаматтар тілектерін білдіріп, әйел-дер жағы пісірген дәмдерін ұсынып, балалар ән салып, такпақ айта бастады. Біздің Сұнқар да бауырларынан қалыспай, үй-ренген төрт шумағын «Аю отыл палтада» деп, жаңылмай айттып шықты. Енеміз әнге өүес жан болғандықтан, домбырамен сүйемелдей түскен атама ілесіп, қайта-қайта ән салдырып отырды. Тетелес абысыным «Келші, айым» деген жаңа әнді домбырамен коныр дауыста жап-жақсы айттып шықты. Бәріміз косытып, Шәмшінің әндерін шырқадык.

Бір кезде жаныма Әмір келген.

– Аяш, сен де бір ән салып берші. Бауырларым сенін дауы-сынды естіген емес қой, – деді өтінгендей болып. Жаным жа-бырқап жүрсе де, жарыма қатай қарсы келейін, келістім.

Ол қуанып:

– Көке! Апа! Сіздер рұқсат берсеніздер, Аяулым келін-дерінің Жана жыл құрметіне бір ән салып берсін, – деп, өзі ха-барлады.

– Эрине, рұқсат! Бұғін бәрін де өнерлерінді аямай көрсетің-дер, – деп көтерліп қалды атамыз.

Өзім де ән салғанды сағынып жүр едім. Баяғы Мәлстен ке-йін ешкім маган «ән сал» деп арнайы колқалаган емес. Сол сәт күтегіма Мәлстің домбырасының күмбірі келгендей болған.

Әмір бір-екі рет әнімді естігенімен, «тағы айтшы» деп қыы-латын Әмір ме? «Абайдың елінде, әрине, Абайдың әнімен бастаганым дұрыс шығар» деген ой келді. Осы топырақта Тоғ-жанға, Әйгерімге үқсан ән саламын-ау деп кім ойлаған?!

Аз-кем тынысымды алып алған соң, «Татьянаның әнін» сыйылта жөнелдім.

*Тәңірін қосқан жар едің сен,
Жар ете аймай кетіп ең.
Ол кезінде бала едім мен,
Аянасқа бекіп ең...*

Әндей әсем, әндей сұлу, әндей есті өнер бар ма, шіркін! Абай атам айтқандай, «құлактан кіріп бойды алатын», шіркін, ғазиз ән! Тындағанның жан-жүргегін елжіретер, әуенімен тербетер. Әуелеген әнімді дастархан басындағытардың бәрі сілтідей тынып, үйип тындаады. Тіпті кішкентай балапандарға дейін аналарының алдына жайғасып атып, ауыздарын ашып отыр.

Ән аяқталғанда, ду қол шапалак үй ішін кернеп кеткен. Шұылдал, «жұп болсын» айтып жатыр. Көвшілікті жалындырмай, сүйікті «Алқонырымды» бастадым.

Сегіз серінің әні!

Серінің азан шақырып қойған аты Мұхамедханафия екен. Орыс патшасының әскерінен кашып, Жетісу жеріне келгенде, албаның «Жәмила» деген аруына ғашық болып, осы ән туган деседі.

Жетісу – менің жерім. Демек, Сегіз сері ғашық болған жан маған апа болып келмей ме?!

Аспантаудың желі сүйіп өсірген бидай өнді ару, қоңырқай жүзді Алқоныр!

Жібек шашы тобығына түсіп, тал шыбықтай бураған әсем ару!
Шалқөденің жайланаудыңда жүрді-ау шашбауы сыңғырлап.

*Отырсаң ақ боз үйде мәслихатпен,
Қалқаның қос жанарын-ай сүзілдіріт...*

Әсем әуенинің астарында жасырынып жаткан Сегіз серінің сезімін бере білу үшін де шеберлік керек. Бұл әнді шырқағанда, мен өзімді сол Жәмила-Алқоныр сезініп кететінім бар. Ән әуенімен дүниені ұмытам. Кезінде вокалдан дәріс атып, консерваторияда оқығанымдағой, бар ынты-шынтысымен, алпыс екі тамыры ніп, көмекейі бұлкілдеп ән салатын әншінің өзі болар едім-аяу!

Өн аяқталғанда тағы ду қол шапалак, тағы зор кошемет болды. Қайындарым тіпті ысқырып жатыр. Атамыз орнынан тұрып, жаныма келді де:

– Айналайын-ау, осындаи өнерлі ме едің?! Осынша жылдан бері біз неге білмегенбіз? – деп, мандайымнан сүйді. Бұдан артық қандай баға болсын! Әмірге көзім түсіп еді, шаттыққа бөлгеніп, тәбесі қокке екі елі жетпей қатыпты. Соңғы жарты жылда шын қуанғанын көргенім осы шығар. «Оның жақсы көргенде, мені мандайымнан сүйетіні осы әкесінен берілген қасиет екен ғой» деп ойладым. Сұнқарым да жаныма жетіп келіп, еркелеп, «Апа!» деп қолын созып, «қөтер» дегендей болды. Ұлымды алдыма атып, бауырыма басып, жан шақырдым.

Өнердің алдында қай қазақ бас имеген, сол құннен бастап, қайын бикем мен қайын сіңлілерім қағытып сөйлеп, түртпектегендерін қойды. Менің көрінбей жүрген дарынным ойда жоқта ел алдында құрт беделімді өсіріп, биіктетіп жіберген. Енем де бұрынғыдай сөзбен түйреп отырмайтын болды.

Міне, өнердің құдіреті!

Көктемге қараң Сұнқарды балабақшага бердік. Маған үйге жақын жердегі мектептен қазақ әдебиеті пәні мұғалтімінің орны табылды. Мұхтар Әуезов «Жері әнгімеші, жері әнгімеші болған соң, елі әнгімеші» деп, әділ бағасын беріп кеткен қасиетті топырактан өнген үрпакқа ертеңиен бастап тәлім-тәрбие бере бастайтыныма өз басым аса қуанышты едім.

«Заман-айды» зарлан, «1000 тырна» үшырганда

«Біздің жакта қыс ұзак» деп Оралхан Бекей айтып кетіп еді-ау. Ол да алма бетін шығыстың аязы сорып өскен, осы жақтың бір талантты ұлы еді ғой. Орекеннің айтқаны айдай шын екен, бұл жакқа көктемнің келуі қызын-ақ. Ұшкан құстың канаты талатын ұланғайыр Шыңғыстау даласын коммунистер бекерден-бекер атом бомбасын сынайтын қасіреттің мекеніне айналдырып отыр деймісіз? Топырағы мен сұы – уға, бір за-

мандалы жасыл шалтын шебі тақыр құға айналса да, жергілікті жұрт ата-баба мекенінен кетпей, табан тіреп отыр. Мен келін болып түсken осы Абай ауданының тарихы да шым-шытырык.

Откен ғасырдың басында Бұғылы, Шаған, Шыңғыс, Қызыладыр, Мұқыр болыстарын біріктіріп, Шыңғыстау ауданы атапты. Аз уақыт Голошекиннің есімін алған кезі де болған екен. Кейін Семей облысына қосылып, соғыстың аттында Абай Құнанбаевтың 95 жылдығына орай «Абай ауданы» болып өзгертиледі.

Ұлылар мекені аталған қасиетті топырақта асыл текті Құнанбай, ұлы Абай, заңғар жазушы Мұхтар Әуезов, ойшыл Шәкірім туган. Шыңғыстаудағы Ералы жайлатауының шығыс жағында Еңлік пен Кебекке қойылған ескерткіш кесене, екі ғашық тығылған үнгір тас бар. Дастан мазмұнына сүйенсек, рулас қыз берін жігіт қосылса, қан бұзылады деген ұстанымды нық ұстанған рубасылары салт бұзған екі жасты ат құйрығына байлаپ олтіруге кескен. Кейінгіге сабак болсын дегені гой.

Әйгілі Қабанбай батыр «Дарабоз» атағын алған жер «Қоныр әулие» үнгірі де осында. Ол жайында ел ішінде азызға бергісіз әңгімелер көп. Бұл қасиетті үнгір туралы деректі «Абай жолы» романынан да кездестіруге болады.

Абайдың ақын інісі, ойшыл ғалым Шәкірім Құдайбердіұлы осы жерде Кенес өкіметі таққан «халық жауы» деп жаламен оққа байланып, мұрлесі Құркұдыққа лактырылған. Сол жерде жылдар бойы көмүсіз жатып қалды. Сүйегі кейінрек шығарылып, арулап қайта жерленді. Қын кез еді ғой. 1988 жылы акталғанша, Шәкірім қажы үрпағы не көрmedі. Қажының 130 жылдығы ауданымызда осы жылы аталаған өткен. Әмір үйымдастырушылар құрамында болып, үлкен тойға біз де катыстык. Абай мен Мұхтар жайында исі казақ білетін болған соң, көп тарқатып айтпай-ак қояйын.

Құт конған қасиетті жерге келген соң, Әмірдің жатындаған жастығы, партияға берілгендігі ескеріліп, аудандық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысына дейін мәртебесі өсті емес пе! Сұнқарымыз бастауыш сыныпта оқып жүр. Еңбек жолымды қарапайым мүгалімдікten бастаған мен ұзамай оку ісінің менгерушісі болдым. Ата-енемнің каксал, құлақ

етімізді жейтін бір сөзі: «Сұнқар жалғыз болып қалды. Қызмет қашпайды, әйелдің бала табатын уақыты егін орағы сияқты. Мезгілінде жинап алмасаң, өтеді де кетеді, кейін кеш болады». Баланы таппайын демеймін, «аузы қүйген үрлеп ішеді» демекші, Шынардан кейін дені сау бала таба алатыныма шүбәланып, «көтеріп қалудан» зэттей боламын. Жүргегім шайлығып, батылым бармайды. Ерті-зайыпты екеуміз «Сұнқардың інісі, не қарындасы болса» деп, армандаі бастасақ болды, қорқынышты түстер коремін.

Себебі, полигондағы жарылыстар әлі тоқтатылмаған болатын.

1989 жылдың 12 мен 18 акпан күндері өскерилер ешкімге ескертпей, тағы да сынақ өткізіпті. Оны естіген хатық өре түрелген. Қашанғы тыптыр етпей қырыла берсін. Содан іле-шала атом қаруынын сыналуына қарсы ашық түрде шараптар жасала бастады.

Әмір бұндаі жаңалыктарды облыс орталығына жиылышқа барғанда естіп келеді. Аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, Каржы бөлімінің басшысы, досы Бақберген бар, үшесуі жолдан тура біздің үйге түсken. Қабактары салыңқы, маган амандаса сала қонақ болмеге отіп, есікті жауып алып, жасырын әңгімеге кірісті. Мен казанымды асып, шайымды қойып, ас үйде жүргем. Тамағым әзір болғанда, орталарына кіріп, дастархан жайдым. Ауданның үш тұтқасын ұстал отырған үшесуі полигондағы сынақ жайын сөз етісіп, ары қарай қандай әрекет жасайтындықтарын ақылдастып отырды.

Отардың сөзінен ұқсаным, сынақ кезінде жердің жарығынан инерttі газдар ауага бөлініп шықкан екен. Улы газ алдымен Курчатов қаласының маңындағы Шаған қаласын басып, артынан жел оны Алтай өніріне айдал әкетеді. Бұл жайтты естіген сол кездегі Қазак КСР Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Кешірім Бозтаев КСРО Орталық комитетіне сынақты тоқтатып, сол жердің халқына көмек көрсетуді талап еткен мазмұнда шифrogramma жібереді.

– Кешірім Бозтайұлының жеке басына қауіп төнбесе болар еді, республика басшыларын аттап, облыс басшысының Мәскеуге бірден шыққанының түбі жақсы емес, – деп, комсомол көсемі уайымдап қалды.

– Қашанғы отқа өртеніп, у жұтып отырамыз, мүмкін сынақты тоқтатқанды талап еткені дұрыс та шыгар, бұл енді жүрек жұтқандық! – деп, басын шайқады қаржыгер.

– Жігіттер, көресіндер, сен қозғалды, ақыры сынақты тоқтатады, – деп үміттенді Әмір.

28 акпан күні сол кездері Семей облысының атынан КСРО депутаттарының I съезінде қатысады отырған Олжас Сүлейменов Қазақстан орталық телевизиясынан өзіне берілген он бес минутты Семей ядролық сынақ полигоны қасіретіне арнап, ядролық каруладыры сынауды дереу тоқтатуды телевизия арқылы талап етті. Олжекенің бұл ерлігі «Невада-Семей» антиядролық қозғалысын құрумен аяқталып, елде нағыз күрес басталған.

Невада – АҚШ-тың сынақ полигоны орналасқан штат. «Қазақстаннан өзге қандай ел осыншама уақыт радиация зардабын тартып отыр? Ауыргандар мен өмірі үзілгендердің саны жарық дүниеге келгендерден екі есе көбеюі – полигон салдары. Халықтың жаппай қырылуының басты себебі – радиация... Сондықтан біз жым-жырт тозақ отына күйіп отыра бермейміз. Бұдан әрі күте алмаймыз.

Полигон жойылсын!

Біз күллі әлемде бейбітшілік салтанат құруы үшін күресуге дағыланған халық едік. Бүгін сол қуресті өз жерімізде жүргізуге тиіспіз. Сол үшін де «Невада-Семей» қоғамдық қозғалысын құрдық!» – деді даңқты Олжекен.

Оны естіген семейліктер тік көтерілген.

«Невада-Семей» антиядролық қозғалысының облыстық бөлімшесі дереу Семей медициналық институтының партия комитетінің қаулысымен құрылады. Медицина институтының партия комитеті хатшысы лауазымынан жаңа босатылған Марат Мауытканұлы Оразалин қозғалыс торағасы болып сайланады. Қозғалыстың құрылғандағы негізгі мақсаты, халықты ояту; екіншіден, полигонды жабу; үшіншіден, зардал шегіп отырған халыққа көмек көрсету туралы заңның қабылдануы үшін әрекеттер жасау болды. Сол жерле алғашқы митинг те өтті.

Ертесіне бұл жаңалықты Бұқаралық ақпарат қуралдары хабарлап, тарата бастады. «Сайын даламыз ядролық жарылыш-

тардан қалтырап бітті, бұдан әрі қарай үнсіз қалу мүмкін емес! Қырық жыл ішінде бұл жер мындаған Хиросиманың тартқан касіретін тартты. Біз келешекті қауіппен күтудеміз. Уайым-камсыз су ішү, өмірге нәресте әкеleу мүмкін емес. Біз «Невада-Семейді» Қазакстандағы ядролық қаруды токтату үшін құрдык!

Өз үйімізде бейбітшілік пен тыныштық орнату үшін бардық осы әрекетке!

Өз күкіктарымыз үшін курсу мақсатында «Невада-Семей» қозғалысы құрылды!» депті өз Үндеуінде Олжас батыр.

«Невада-Семей» ядролық жарылыштарға карсы қозғалысы дүниеге осылай келген еді. Ол еліміздегі алғашкы үкіметтік емес, демократиялық қозғалыс болды. Оның бағдарламасы сол кездегі КСРО жүйесінің зандастықтарына мұлдем керегар еді.

Козғалыс бағдарламасы мен сияқты аналардың баршасының ой-арманын дәп басыпты. Радиация сәулесі зардаптары жайлышты дәрігерлер мен ғалымдар ашық әнгіме қозғап, халыққа жеткізуді қолға алды. Алматыдан бастап, етіміздің көптеген басқа қалаларында митингілер күнде отіп жатты.

Сол жылдың тамыз айының басында ядролық сынапқа карсы шеру біздін Қарауылда да өткен. Шеру өтетінін алдын ала білген мен өзім сенетін біраз мұғалімге: «Қарауылтөбедегі шеруге шығайық. Сынақтың токтатылуын қолдайық!» – деп үгіттедім. Солай етсем тумай жатып жарық дүниемен жазықсыз коштасқан битімдей Шынарымның өшін коммунистік жүйеден алатында сезіндім. Қырық жыл қырғын болғаны жетер, келер үрпағымыз атом бомбасының зардабын шекпесін дедім. Митингке баратынымды Әмірге айтпадым. Ертесіне мен де бірі әкесін, бірі баласын, бірі анасын жоқтаған қаралы халықтың ортасында «Сынаққа жол жоқ!», «Семей полигоны жабылсын!» деп ұрандатып тұрдым.

Сол күнгі шеруге қатысқан адамның әрқайсысы бір-бір тасалып, тарихы терен Қарауылтөбенің іргесінде биік оба тұрғызыды. Мен де сол мындаған жаңмен бірге тасымды алып обаға қаладым, ол менің Шынарима қойған белгімдей еді. Обаның іргесіне қойған мәрмәр тектадан: «Абай елінің ядролық по-

лигонга пәрменді күресінің белгісі ретінде тұрғызылған 1989 жылғы бе.тгі» деген жазу меммұндалады.

Сол күні қарауылдықтардың еңбектеген баласынан еңкейген қартына дейін сол жерге келген. Жарылыстың ошагында болған бұл тарихи жиынға Олжас Сүлейменовпен бірге «Невада-Семей» қозғалысының мүшелері, қогам қайраткерлері, өнер адамдары, «Азат» қозғалысының мүшелері де қатысқан. Әрқайсысы өз ой-пікірлерімен бөлісіп, сынақ атаңында қасірет тартқандардың қайғысына ортақтысип, жана шырлықтарын білдіріп жатты. Тұңғыш жарылысты қөзімен көрген ағамыз Талғат Сіләмбековтің сөзін тыңдағанда, жанарына жас алмаган жан болмады. Ол кісінің естелігінің әсері әр жүректің қылын қозғап, жанымызды құніренткен.

«Сол күні аспан ашық еді. Бір уақытта шайдай ашық аспаннан наіззагай жарқ ете қалған. Қарауылдың іші-сырты, алыс көкжиек бір сәтте қанқызыт түске боялып, көкке бір атып саңырауқұлак көтерілді. Бетке үрган біртүрлі ауа толқынынан сәл-пәт деміккендей болдым. Лезде жел үдең, төніректі шан басты. Екі сағаттан сон әскери адамдар вертолетпен үшіп келді де, бәрімізді машинаға отыргызып, Шыңғыстың ішіне қарай ала жөнелді. Мұқым аудан орталығында 40 адам қалыпты. Ортамыздың жағынан әйелдің аты-жөні Жәкен Әсімжанова еді. Марқұм 60-шы жылдардың ортасында бейдауа дерттен қайтыс болды. Әскерилер аты-жөнімізді жазып алды. Колдарындағы шолтандарған таяқшаларымен (дозаметр екенін кейін білдім) үсті-басымызды тексерді. Ақырында стаканға толтыра құйып арак берді. Сынақтың уытын қайтарады деген сон, жасаң кезім, бір-ак тарттым. Жәкен сорлы аракты жұта алмай, бүгежектеп еді, әскери офицер еркіне коймай ішкізген, сонда да жартысын ғана орталады. Іле ішкенін қайта құсты.

Аудан тұрғындары араға жиырма күн салып, үйлеріне қайтты. Аман-сау қауышқанымызға мәз болып, бастан кешкен сол тауқыметті ұмыттық. Бірақ Қарауылдың күзеткен 40 адамды әскерилер ұмытпапты. Бір жылдан соң арамыздан сегіз адамды таңдал алып, Семейдегі «бурцеллез диспансері» деген бүркеніш атауы бар төртінші диспансерге апарып, бір жарым ай бойы денсаулығымызды тексерді. Тек бірде-бірімізді емдең

жок. Мәскеуден келген дәрігерлер алдебір мақсатпен бізге тәжірибе жасады. Оны да білгеміз жок. Соңынан бірер адамды Ленинградка апарып қайыра тексерді. Сөйтсек, радиация зардағын сынау үшін бізді эксперимент құратына айналдырыпты...

Енді сол теперіштің немен аяқталғанын айтайын, сол қырық адамнан бүгінде жетеуіміз ғана тірі қалдық. 33-і лейкоз, жүрек пен жүйке ауруларынан 50 жасқа жетпей опат болды. Біздін де тірі деген атымыз ғана, 50-ге жетпей, сау жеріміз жок.

Алматы дәрігерлерінің айтуынша, қанымдағы лимфоциттің мөшері небәрі, 269 тоғыз, ал жана туған нәрестінің қанында сол шіркін 500-ден асады екен. Қанның құрамын оңдаймын деп әбден шаршаган адаммын. Ендігі үмітім Жапонияда. Сол жақлен көліссөз жүргізушилер бар. Сол эксперимент құрбандарының бірі – Дінісләм Аргынбеков құрдасым. Екеуіміз мектепте бірге оқыдық, әскерде де бірге болдық. Төртінші диспансерде де бірге жаттық. Ол досым өткен жылдың наурызында марқұм болды. Өзім тогыз баланың әкесімін. Барлығының денсаулығында ақау бар. Акку деген немерем бір аяқ, бір колы сал болып туды. Жетпіс сом зейнетакы алады, сол ақша оған денсаулық бола ма?! Менің казіргі уайымым, келер үрпағым қандаій қүйде туады, тұқым қуалайтын мына радиация деген пәлекет оларды да шала ма деген қауіп...».

Елдін алдына дene бітімі үш жасар сәби қалпынан дамымай тоқтап қалған 16-17 жастағы немере қызын көтеріп соғыс арда-гері ұлағатты ұстаз Ұлықбек Байырбеков аға шықты.

- Уа, халтайық! Мына бала – немерем Еңлік. Тұрмыс құратын жасқа келсе де, түр-түркы осы. Бұл сорлыны осы кейіпке душар еткен мынау іргемізде күнде жарылып жатқан ядролық сынектар. Айтындаршы, айналайын, халқым-ау, бей-күнә қызыымды не деп жұбатам?! Мен жарты жанымды беріп, Отанымды неміс басқыншыларынан қорғадым. Ал енді сол Отанымның атом сынағымен азапқа салғанинан басқа менің үрпағыма жасаған қайырымы кайсы? Осы да әділесттік пе, уа, жарапандар?! – деп, жылап жіберді. Шеруге катысушылардан көзіне жас алмаған жан қалмады.

Осы іс-шараға әзірлік барысында ауыл өнерпаздары полигон қасіретіне арнайы шыгарылған «Заман-ай» әнін үйренген болатын. Сол әннің сөзін қағазға басып, көбейтіп, жастар жағы жиналған жұртқа таратып берді. Сөзін жазған жас ақын Ұлықбек Есдәулетов осы шығыстың тумасы болатын. Семей-ліктердің қасіретін дөп басқан зарлы шумактар құдды тұма бұлактың түбінен бұркырап шыққандай саф күйінде төгіліп түсіпті. Әуенін жазған Төлеген Мұхамеджанов та табиғи талант иесі, қас лирик кой, шіркін! Ұлекен өлеңі Төкеңнің әуенімен қосылғанда, жүректі шымырлатып, жан тебірентті. Сазгерде, ақын да бұл күні халқымен бірге еді. «Заман-ай» бірден полигонның әнұранына айналтып, қасіретті реквием сынды Қарауыл аспанын құңірентіп тұрды. Ән құдіретінен Шынғыстау тенселіп, Қарауыл тебіреніп, Жидебай жылап жатқан еді.

Ән сөзінің мағынасы соқыр көзден де жас шыгаратындаі, шынында да, ғаламат еді. Әлденеше рет қайтара шырқап, Қарауылтөбе бауырында тарқамай журіл алдық. Кешке қарай «Заман-айды» Роза Рымбаева шырқады. Ән иесін енді тапқандай, қүйылып түсті:

*Ұлдарыңың қайда кеткен құрығы,
Кыздарыңың қайда кеткен бұрымы?
Мейірімге зарықтырған заман-ай,
Заман-ай, заман-ай,
Туган жердің лайланды-ау тұнығы.*

*Қайран етім, қайран жерін қор болған,
Жомарттығы сор болған-ай,
Жарылтыстан көз ашпаған дағам-ай.*

*Кираттық та ата-баба мазарын,
Касіреттің тарттық енді азабын.
Коң етіңді ойын берген, заман-ай,
Заман-ай, заман-ай,
Көсілемтің көрпен қайда, қазағын?*

*Неге біздер у ішеміз суаттан,
Неге біздер ажыраймыз түяқтан?*

*Туган жерді тоздырганша, заман-ай,
Заман-ай, заман-ай,
Неге жерге кірмейміз біз үяттан?*

Карауылтөбеде шырқалған өнді келесі күні барша қазақ елі іліп әкеткен. Радиодан, теледидардан осы өн толассыз беріліп жатты. Өн авторларына деген халық қызығушылығы кенет күрт артқан: «Айналып қана кетейін, шығарған кім өзі? Қайдан шыққан өн бұл?» – деп шуласты жүрт.

Сөйтсе, сазгеріміз өзіміздің Бесқарагай ауданынан болып шықты. Тілшіге берген сұхбатында: «Олжас ағамыздың атом сынақтарына қарсы «Невада-Семей» қозғалысын үйымдастырып жатқанын естіп, тұн үйқымнан айрылып, қатты толқып жүрдім. Өзім де осы қасіретті өлкеде туып-өсken сон, жаным жаралы еді. Осы сынақтардың салдарынан әкемнен ерте айрылдым, ағам бар болғаны жиырма жеті жасында ол да көз жүмді. Жан досым бар еді, ол да асылып өлді. Солардың қазасы жаныма батып, маза бермей жүрген еді. Ишкі дертім осы әуен арқылы шықты. Дереу өлеңін жазатын ақын іздедім. Үлекен мынау көрші Зайсан жерінен. Ол да атомның қасіретін көріп, еңсесін жаза алмай жүрген жерлес інім. ҚазМУ-ден тауып алдым.

*Сілкіндіріп Семейдің жасыны жерді,
Қупия жұмбақ өлтідер гасыры келді.
Ауылга барсаң бірге өскен достарының
Алтауы бірдей асылып өлді, –*

деген өлеңін оқығанда, іздеген жоғымды тапкандаі қуандым. «Әуенге сөз жаз», – деп бірден қолка салған едім: «Аға, атомның қасіретін айтудай-ақ айттып келем, ешқайсысы әнге келмей жүр еді. Өн жүрекке тез жетіп, халыққа тез тараїды ғой», – деп, ол да қуана келісім берген.

Ән мәтінін бір түнде жазып, ертеңінде төгілдіріп үйге алып келген. Үйде зайдыым Нұржамал мен қайын апайым бар еді. Ән жобасын екеуі бірінші болып тындалды. Эйел затының жүргегі нәзік емес пе, екеуі де көздеріне жас алған. Астан-кес-

тені шығып жатқан туган топырагымызды көзге елестетіп, Ұлыбек екеуіміздің де көніліміз босап сала берді. Қанша жерден ер-азамат атымыз болғанмен, көніл деген тас емес кой... «Басқа шығармамыз бір тәбе, осы әніміз бір тәбе. Сөзсіз, тарихта қалатын ән келді дүниеге!» – дедім.

Бірақ бұл әннің сол кездегі кеңестік идеологияға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын. Егер КСРО құламағанда, әннің тарихта қалуы оңай болмас еді.

«Тогызыншы тамыз күні Қарауылда «Невада» козғалысының шеруі өтпекші, соған бір ән жазып берші деп қолка салайын деп түрмyn», – деп, бір күні Мұрат Әуезов хабарласты. «Егер қоғам қасіретін айғайлап айтқанымыз партия талабына қайшы келмесе, ән дайын!» – дедім мен. Халық қалап тұрса, жүйе қарсы келе алсын ба, міне, осытайша ән тұсауы кесілді», – деп, ағынан жарылды сазгер. «Заман-айды» қарауылдықтар күнірене шырқағанда, шыдай алмай, атаннан қашып кеттім» деген артынан жаны нәзік сазгер теледидардан берген бір сұхбатында.

Міне, «Заман-ай» әннің шығу тарихы осындағы еді. Алғаш ойрандалған ошактың ортасында шырқатып, реквием болып тарихта мәнгі қалды.

Азалы да қазаты шеру, сөйтіп, тамыздың тогызы күні өтіп еді. КСРО және АҚШ Президенттері назарына Үндеу қабылданып, ядролық каруды сынауга мораторий жариялау жөнінде ұсыныс жасалды. Жолданатын ақ қағазға тайлы тұяғымыз қалмай қолымызды койып, аты-жөнімізді тіркедік.

«Ядролық қаруға жол жоқ!»

«Атом сынагы тоқтатылсын!»

Қырық жыл бойы үнін шығара алмай, құмығып келген ядролық сынак құрбандары бұл күні бірауыздан атом сынагына қарсы «жоқ!» деген наразылығын көрсетті.

Аудандығы саяси ахуалға жауапты болған сон, Әмір бұл күндері қызметке ерте кетіп, тұн жарымында оралып жүрді. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысына: «Сіздің партияның идеологиясын жүргізеді деп сенім артқан орынбасарыңыздың әйелі айқайлап аланда жүр» деген хабар жетіпті. Ол Әмірді өзіне шақыртып атып: «Қатындарына неге ие бол-

майсыздар? Бүкіл мектеп ұжымын жаныктырып, желпілдең Қарауыттебеде жүр. Сендердің әйелдерің саясатқа қарсы шықса, басқалар не істемейді? Полигонда олардың не шаруасы бар, мемлекеттің саясатына кіріспі!..» деп, әбден ұрысипты.

«Таз ашуын тырнадан алады» дегендей, бастығының кабинетінен шыға сала, күйеуім мектепке жетеді. Директорға барып: «Неге сіздің ұжымыныздың жартысы аланды жүр?» – деп, дүрсө коя береді. Директордың зәресі зәр түбіне кетіп: «Қайда? Кімдер жүр?» – деп тұтығып, жауап бере алмай қалыпты.

Тамыздың басы болатын, мұғалімдер еңбек демалысынан кейін енді жұмыстарына кіріспін жатқан. Мен жас мамандармен жаңа оқу жылының жоспарын құрып, акт залында отырганмын. Осы кезде Әмір ашудан тұтығып, директордың апшысын құрып жатқан екен. «Ұжымға жиналыс ашыңыз», – деп талап койыпты. Біз отырган акт залына алқын-жұлқын Ақбота жетіп келді.

– Жамал Ақыновна шакырып жатыр, «кешегі алғанға барғандарды тізіп алдымға әкел» деді. Кім-кімдер барып едініздер? – деп, жеткенше жүгірген бе, әрен демалып түр. Төбесіне жинап алған шашы бір жағына қисайып, көзілдірігі мұрнының үшына түсіп кетіпти. Көзі әйнекпен шағылтысып, шапыраштана қарайды.

Сынақтың тоқтатылуын талап еткендердің ортасына барған бір еркек, үш әйел мұғалім жарты сағат өтпей, директордың кабинетінде отырдык.

Бөлме толы адам. «Тәртіп бұзған» бізге Жамал Ақыновна жаман көзімен ата қарайды. Өзі етженді адам түрегеп түрган күйі екі қолымен үлкен үстелді тіреп, сыздана қалыпты. Біз орын тауып жайғасқанша солай тұрды. Алдымен мектеп мұғалімдерінен бастап, осы жердегі техникалық персоналдардың барлығының Коммунистік партия саясатына қарсы шығуға, моральдық ахуалды бұзуға ешқандай құқығы жоқ екендігін айтты нығыздал. «Оқушылардың саяси көзқарасын осы бастан қалыптастырады деген мұғалімдердің өздері саяси шеруде жүрсе, басқага не жорық? Бас-басымызға би болып, Кенес өкіметінің қаулы-қаарына, заңдарына қарсы келер болсақ, он бес ағайынды болып отырған Ұлы держава – Советтік

Социалистік Республикалар Одағына қауіп төнді деген сол емес пе?» деп барқылдады о.л. Семей сынақ атаңына қарсы шеруде ұстаздардың да бой көрсеткені үшін ертең өзінің аупартком жиналтысына шақырылғанын, сол жерде ұжымның кейбір мүшелерінің «бассыз әрекеті» үшін жауап беретінін баса айтты. Оның жекіріп ұрысканы сонша, зілті дауысынан тіпті есік сықырлап, терезелер дірілдеп кеткендей. Отыргандар мектеп басшысының қаһарынан жасқанып, дымдары шықпай, жерге қараған. Содан кейін шеруге қатысқан әрқайсымызга жеке-жеке түсінктеме жазып беруді талап етті. Ертең аупартком жиналтысына апармак-мыс.

– Кім бастап барды? – деп сұрағанда, мен орныман тұрдым. – Аяулым Сапаровна, өзініз мектептің оқу ісі менгерушісіз, жолдасыңыз анадай лауазымды қызметте. Ана тобырдың арасына сіздің де баруыныздың себебін түсіне алмай отырын, – деп бажырайды о.л.

«Тобыр» дегені не сөз? Оның үстіне, жолдасымды да сөзіне іліктіріп отыр. Үндемейін-ак деп едім, күйеуімді ауызга алған соң көтеріліп кеттім:

– Жамал Ақыновна, о.л жерге мұғалімдерді мен бастап бардым. Себебі, төбемізде тоқтамай жатқан жарылыстың қасіретін тартып, баласын жоғалтқан анамын. Менімен барған ана үш әріптесімнің де жағдайы жетісіп тұрмаган екен, менімен тағдырлас болып шықты. Біреуі жалғыз бауырынан айырылған, екіншісінің әкесі қу сынақтың зардабынан обыр ауруынан көз жұмыпты. Тағы біреуі мүгедек ұлын сүйреп жүр. Егер о.л жерге жиналған көпшілік сіз үшін тобыр болса, мен үшін тағдырлас, Қарауылтөбеле тағдырластарымызды колдау үшін бардық! «Сынақ тоқтатылсын! Келер үрпақ қасірет шекпесін!» деп шықтық сол жерге, – дедім.

– Ертең мен сіз үшін солай деп жауап берем бе? – деді амалы құрыған директор жуасып.

– Мен өзім барып жауап беремін! Сол үшін мені жұмыстан шығарып жіберсе де... – дегенде, дауысым қатты шығып кетті.

– Аяулым Сапаровна, сізді шығармайды, мына мені партиядан шығарады, білесіз бе?! Мен жауап берем сіздер үшін! Мен

қоямын үстелдің үстіне кызыл белетті! – деп директорым да атын түрегелді.

– «Мен ештене білмедім, рұқсатсыз кетті» дегіз. Баласын іздеген АНА Ақсак Темірдің алдына да барған. «Әлемге Әмір Темір өлтім шашқан болса, өмір сыйлау күші, дүниеге адам әке-лу күші тек қана Анада» деген. Мен де ол шеруге Ана болып, туа шетінеген нәрестемді жоқтап бардым. Сондықтан өзім жа-уап берем!

– Біз де өзіміз жауап береміз! – деді жалғыз інісі өз-өзіне қол жұмсаған Ұлтуған да дауысы ширығып. – Полигонның кесірінен менің әкемнің тұқымы тұздай құрыды. Жалғыз ұл асылып өліп, бір шаңырак ортасына тұсті! – деп жылап жіберді ол.

Төртеуіміз бір қатарға тұрып, директордың бетіне қасқа-ып қарадық. Тура дар алдындағыдай тізіліп тұрмыз. Басқа мұғалімдер де бізге қосылып, директордың бөлмесі у-шу болды да кетті. Көбі бізді жактап, атомдық сын актарға лағнет айтып, тоқтатуды талап етті. Директордың өзі бағанағы қаһарынан қайтып, үндей алмай, орнына жалпайып отыра кетті.

Тергеудін көкесі мені үйде күтіп тұрыпты. Бірінші хатшының қамшысының ұшы тиғен күйеуім үйге қаһарына мініп келді. Аяқ киімін дәлізге тастай сала, екпінде асханаға кірген. Қасыма екі аттап жетіп келіп:

– Эй, сен өзін кімнің әйелі екенінді білесін бе? – деді, түрі тұтігіп. Даудың төркіні қайда жатқанын білсем де, сөз таласа жөнелмей, өзілге айналдырмак болып:

– Сенің әйеліңмін! – деп, бетіне құле қарадым.

– Сен олай өтірік күлмей-ак кой, – деді де, баяғы әдетімен шашымнан шап беріп ұстады. – Қане, жауап бер! – деп әкетіп барады.

Шашымды осындауда тақырлап алып тастағым келеді-ак. «Тұлқінің қызылы өзінің соры» дегендей, бұл ұзын шаш өзімнің сорым болды. Бірдене болса, шап беріп, сүйрелей жөнеледі.

– Жібер! – деп, қолына жармастым. Бас терім сыдырылып әкетіп барады. Сүйреген қалпы қонак бөлмедегі диванға мы-сықтай лақтырды.

– Кімге еріп ол жерге барып жүрсін? Неге жұмыс уакы-тында басың ауған жаққа қанғисын? Сендерді бетімен жібер-

ген директорыңды ертен партиядан шығарамыз! – деп кәріне мініп тұр.

– Өзім бардым. Мұғалімдерді мен бастап бардым, директордың жазығы не?!

– Өй, мынаның тілі шығайын депті. Сен – аудандық партия комитетінің екінші хатшысының әйелтісін, саяси сауатсыз! Сені ана тобырдың арасынан көрген жұрт не демейді? – деп, жаныма жетіп келіп, оң жақ жамбасынан теуіп кеп жіберді. Көтеріліп келе жатыр едім, еденге жағпамнан түстім. Жерде жаткан бала-ның ойыншығына дәп келіп, ернім жырылып, қан сау ете түсті. Су боп аққан қанды да елемей, шаптығып жатырмын:

– Атом бомбасының құрбаны болған қызынды ұмыттың ба?! Шынарыңды кім өлтірді?! Балам үшін бардым ол жерге! – деп айқай салдым. Ол ашынған дауысынан шошыды ма, баласы есіне түсті ме, маған аузы ашылып қадалтып қалыпты. Соны пайдаланып, одан әрі ашына сөйледім:

– Горькийдің «Өлімді женген ана» деген әңгімесінде бала-сын іздеген АНА Ақсақ Темірдін алдына да барған. Сол сияқты Ана болғаным үшін де Карапылтебенің бауырына бардым! Сынақты тоқтатамыз! Мен балалардың болашағы үшін партияннан корықпаймын! Сол үшін мені өлтір! Өлтір! – деп, аузы-басым қан-қан болып, тап-тап бердім. Көзімнен пора-пора жас акты. Осы кезде құлағымда «Заман-ай» зары естіліп, бойыма күш құйылып тұрды.

Партияның жетекшісі, яғни байым маған қайта қол жұмсау-га батпады. Әлде есіне қызы түсті ме екен? Әлде сөзім дәлелді болды ма? Әйтеуір, партияның есерінің есін жигыздым. Жерде жайрап жатсам да, багана директорды, енді «партияның жоқшысын» женгенімді сезініп жаттым.

Сүйретіліп орныман тұрып, жуынатын бөлмеге барайын десем, Әмір аяқ киімін киіп сыртқа беттепті. Соншалықты жат, қатыгез біреу үйден шығып кеткендей әсер етті. Оның осылай сөзге келіп қалғанда сыртта жүріп, арадағы түсініспестіктің түбін саралап келетіні болатын. Осы жолы да солай ойланып кайтқан кезінде, біз басымыздан кешірген тағдыр соққысына балалар ешқашан душар болмасыншы, даламызға қасірет әкел-ген азапты оқиға ешuaқытта қайталанбасыншы деген шеруші

ауылдастарының жүрек қалауын түсініп келер деп үміттендім. «Заман-ай» Әмірдің де жүргегіне жетсе екен деп армандағым.

Ертесі тұс ауа Жамал Ақыновна жұмысқа еңсесі түсіп келді. Алдында әріптестеріміз: «Бұгін райкомға шакырыпты. Біздің Карапылтөбеге барғанымыз үшін директорлықтан кетіретін шығар» деп күбірлесіп жүрген болатын. Ол кісі кешегідей қарамағындағыларды қуырып, қаһарланбай, шеруге шыққан төртеумізді ғана шақыртты. Бетімізге ұзак қадалып отырды да, әнгімесін бастады:

– Пендершілікті қойсанышы, «директорлыкты алып тастайтын шығар» деп ойладым басында. Осы жерге сіздерді жиып алып айқайладым. «Білім баскармасының бастығы екеумізді бюроға салатын шығар, партбилетті столға қой дейтін шығар» деп қорықтым. Үйге барған соң, балатарымды көргенде, Аяулым Сапаровианың: «Баласы үшін анасы тенізді кешіп өтіп, Аксак Темірдің алдына да барған. Әмір Темір әлемге өлім сепсе, ана өмір дәнегін себеді. Ана болғаным үшін де ешкімге бағынбай, шеруге шықтым. Сондықтан өз әрекетіме өзім жауап берем!» деп, каскайып қарал түрғаны есіме түсті. Полигон сынақтарынан тауқымет тартып жатқан Аналарды ойладым. «Солардан менің қай жерім артық, қызметін алса ала берсін, мен сол Аналармен бірге болам!» деген токтамға келдім де, бағана райкомға барғанда, осы сезімді айттым. Әрине, қарсы сөйлегенді кім жақсы көрсін, бюро мүшелері жүндей тұтті. «Билетті қой үстелге! Қызметіне лайық емес, саясатқа қарсы!» деушілер де болды. Сырт көзге шуласқанымен, әрқайсының басында бар гой! Дегенмен, қолға түскенді құр жіберуші ме еді олар, аяғында ауыр сөгіс арқалатып, шығарып салды. Міне, енді орталарында отырмын, сендермен біргемін, – деп күлімсіреді.

– Жәке, райкомға қарсы шыққан сіз батыр екенсіз, – деді жаратылышынан аккөңіл Жәлел әріптесіміз таңдай қағып.

Онда да бір мүгедек ұл бар-тын. Катарынан қалмасын деп, осы мектепке арқалап әкеleiп, оқытып жүрген.

– Райкомға қарсы шауып, батыр болдым деп мактанбай-ак кояйын, жігерімді жанып, рухымды ояткан, Аяулым, сізге рахмет, – деп күлді директор.

— Аналарды қолдағаныңыз үшін мен ризамын, Жамал Ақыновна, — деп ақырын жымызды мен.

Сөйтіп, бұрын төртеу едік, енді бесеу болдық. Идеяластар қатары көбейгенде, осылай көбеймес пе? «Көп қорқытады, тे-рен батырады» деген, ертең ел болып көтерілсек, тегеуірінімізге қызыл жүйе қарсы тұра алар ма? Біз жұдырық болып түйіліп, біріге соккы беретін болсақ, радиация уын шашқандарды келмеске кетірерміз әлі!

Үлкен ұжымда жүргеннен кейін бұл жерде бірер жақын сырластарым да бар еді. Әйел затына ішкі сырын ақтарып, ішін босатып алар сырлас құрбы керек қой, онысыз әйел байғұс күйзеліп өлер еді-ау. Бірақ бұл жолы ешкімге күйеуімнен таяқ жегенімді айтпадым. Әмір де Жамал Ақыновна сияқты бір күні мені түсінер, біздің қайғы-қасіретіміздің қасында оның қызметі түкке тұрмайтынына көзі жетер, осының бәрі құрсақтағы ұрпақтың қамы үшін болып жатқанын мойындан, түбі халықпен бірге болар. Мен бұл күннің де келетініне көміл сенімді едім.

Бұл кезде полигонга қарсы басқотерулер Қазақстанның барлық облыс орталыктарында аннан бір, мұннан бір бой көрсетіп қалып жатқан. Жылт еткен жаңалыққа құтагымызды тігіп отыратын болдық. Өзіміз де әрекеттеніп, мектептерді, үйдерді аралап, көл жинадық. «Невада-Семей» қозғалысының мүшелігіне өту үшін жиналған кол жәшік-жәшік болды. Сол жәшіктерді білегіміз майысып, қарымыз талып өзіміз тасыдық.

Казақстан халқы қолдан, тік көтерілді. Семей қасіреті кешікпей күллі әлемге мәлім болды. Шетел парламенттерінің сессияларында қозғалыс ұранлары қызу талқыланып жатқаны туралы ақпараттар ел арасына алдымен ұзынқұлактан тарағаны рас. Кейін БАҚ-тар да бұл туралы қаймықпай айта бастады.

Семей полигонына әлем назары ауғаннан кейін тоң еріп, сең қозғалды. Кырық жыл тәбемізден төпелеген Семей полигонындағы сынектар саны едәуір азайды.

Жазға қарай ел арасында тағы бір жағымды жаңалық тарады. Обком басшысы Кешірім Бозтаевтың Кремльге тікелей жіберген шифрограммасына Мәскеуден жауап келіпті. Бас хатшыдан жеткен жеделхатты митингіге шыққан халықтың алдында Кешірім Бозтаевтың өзі оқып берді. Мұны қызыл саясатқа ете-

иң жүрген Эмірден естідім. Мектепке барсан да ұстаздардың бір-біrine айтатын әңгімелері тек осындай жақсы хабарлар тоқиегінен шықпайды. Бірде: «Семейде обком басшысының үйымдастыруымен полигон кұрбандарына құран оқытылып, ас беріліпті» десе, бірде: «Семейліктер Ертіс өзеніне шырак жақсан қағаздар ағызып, тағы да полигонға қарсылық акциясын өткізіпті» дегенді естіміз.

Осы сыйнды қуанышты хабарлар соңғы кезде көбейген сон, Карапыл халқының өлгені тіріліп, өшкені жангандай, көнілдерінен күрт серпіліс білінді.

Енді ядролық сынақтың денсаулыққа тигізер зардабы жөнінде барлық бұқаралық ақпарат құралдары жаппай ашық айта бастады. Бұрын сөуледен болған аурулардың нақты диагнозын айтудан қашатын дәрігерлер енді халыққа барлық шындықты қорықпай жайып салатын болды. Осы себепті, қалың жүрт қапияда өмірден ерте өткен жақындарының ауру себебін нақты біле бастады.

Мыңдаған адам жиналған Алматыдагы митингіде Олжас Сүлейменов еліміздің барлық қоғамдық, шығармашылық, діни үйымдарына, кеңестік бейбітшілік қорғау комитетіне, халықаралық «Жасыл әлем» үйымына, «Адамзатты аман атып қалу» халықаралық корынын комитетіне, Невада штатындағы (АҚШ) сынақтарға тыым салу қозғалысын жактаушыларға Үндеуін оқып, Қазақстанда ядролық сынақтарды тоқтатуды талап етіп жатты. Бұл Үндеу жүргі ізгі көшіліктің, сол сияқты, ядролық жарылыстардың зардабын қырық жыл бойы тартқан полигон ошағында өмір сүріп жатқандардың тарапынан қызу колдау тауыпты. Ол туралы шетелдік ақпарат агенттіктері де хабар таратып, «Невада-Семей» қозғалысы халықаралық кеңістікте одан әрі белгілі бола түсken. Қозғалысты қолданған миллионнан астам адам Үндеуге кол койып, қозғалыстың қайырымдылық корына ел-елден, жер-жерден каржылай көмек күйылып жатты.

Әлем бойынша полигон зардабын тартып отырған ел тек бір қазак емес екен. Жұрт бұған дейіп Хиросима мен Нагасаки қасіретін атусті ғана билетін. Қазақтың көргені ядролық сынақ болса, ондай тажал жапондардың осы екі қаласының тө-

бесінен тасталғанын енді етпен, терімен сезінгендей хал кешті. Иә, адамзаттың бір-біріне жасаған ғаламат зұлымдығының басы осылай басталыпты. Бұл оқиға 1945 жылы, екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуына санаулы уақыт қалғанда болған екен. Осы жылдың алтыншы тамызында АҚШ-тың әскери қолбасшысы, генерал Фаррел Тынық мұхиттағы Тиниан аралында орнатасқан әскери базадан «Б-29» ұшағына «Балақан» (Малыш) аталатын атом бомбасын тиетіп, Жапонияның Хиросима қаласына тастауды бұйырады. Адамзат бұрын-соңды базынан кешірмеген бұл қасіретті оқиғаға қуә болып, ол туралы «Тірідей өлу» кітабын жазған АҚШ журналисі Роберт Лиifton: «Олар әлдекімдерге қолдарын созады, қолдары гана емес, ашық беттері мен тұттай жақташ денелерінің терілері сыйдырылған байғұстардың құбыжық кейіптері адам шошырлық еді. Егер солар бірді-екілі болса, бәлкім, соншама шошымас та едім. Осы кейіптегі «тірі өліктерді» мен қадам басқан сайын кездес-тірдім. Көпшілігі жол шетінде серейіп жатты. Адами бейнесін жогалтқан жүздеген мұскіндер»... – деп сипаттапты.

Екінші бомбаны тастау міндеті капитан Кермит Бихэнге тапсырылған. Ол тогызыншы тамыз күні екінші, ең қуатты де-ген «Балпан» (Толстяқ) аталатын атом бомбасын Нагасаки қаласының дәл орталығына тастатады.

АҚШ әскерилері дегендеріне жетіп, осылайша Перл-Харбордағы жеңілістерінің кегін жүздеген есе қайтарып алған.

Канша ғасыр өтсе де, «Хиросима-Нагасаки» қасіретті оқиғасын бейбітшілік сүйгіш адамзат ешқашан ұмытпақ емес. Адамның адамға жасаған кешірілмес киянаты ретінде бұл тарихи шындық ешқашан жадымыздан өшпейді де.

Мына бір оқиғаны айтпай кете алмадым:

Хиросимадағы жарылыстан кейін екі жастагы Сасаки Садако деген қыз таңғаларлық жағдайда аман қалған. Бұл сүйкімді балақан 1943 жылғы 7 қантарда дүниеге келген екен. 1945 жылдың 6 тамызында Хиросимаға атом бомбасы тасталған кезде, ол өз үйінде болған. Он жылдан кейін радиация салдарынан қан обыры (лейкомия) ауруына шалдығады. Балауса қыз аурұханада жатып, «қағаздан мын тырна жасасан, тілегің орындалады» деген жапонның ескі анызы бойынша, шаршамай-тал-

май, қагаздан тырна жасай бастайды. Бірақ сүм ажат Сасакиді 12 жасында алып тынады. Оған дейін арманшыл жасөспірім тек 644 тырна жасап үлгеріпті. Достары ол жасап үлгерменген тырналардың орнын толтырады. Содан бері жапондарда «Мың тырна» аңызы «тіріліп», тыныштықтың, тілеген тілектердің символына айналған екен. Садако бейнесі де ядролық соғысқа қарсы наразылық шарасының символы болып қалады. Кешікпей, қағаз тырналар ядролық қаруға қарсы күрестін ортақ белгісі ретінде адамзат санасына мықтап орнығады.

Осы белгілі оқиғадан қатты әсерленген қазактың ақыны Серік Аксұнқарұлы жан жүргегінен «Хиросима. 999 тырна» деген сұрапыл өлең тудырыпты.

*999 қағаз тырнаны,
Жасады жапон баласы –
Ажат Қурбаны.
Өлер шагында,
Көз нұры сөнер шагында,
Жатты сол жазған: «Түсім – бұң!
Өңім емес!» – деп,
1000 тырна көзіне елестеп,
Жасалмай қалған бір тырна көзіне елестеп:
«Өлім емес!...» – деп...
Сандырақтап жатқан шыгар сол Ажат Қурбаны?!
XX гасыр –
Атомның тажатты тырнағы!
Ескерткіш қоям мен Саган,
Коладан қыйып,
999 Қағаз тырнаны!*

Міне, осылайша қазақ пен жапонның – Семей мен Хиросима халқының қасіретті тағдыры табысып, мұны араласып, қайғысы қабысып жатты. Манайымда болып жатқан оқиғалар мен осындай тарихи сабактастықтың қатты әсер еткені сонша, мен оз мектебім мен аудандық спорт мектебінің мұғалімдерінің арасында іс-шаралар, ашық сабактар өткіздім. Директорымыз Жамал Ақынқызы:

– Біз бұл дәрісті тек тыңдал кана қоймайық, өзіміз де келер үрпақтың салауаттылығы үшін атсалысайық. Аяқ жетер жерге насиҳаттап, құлақ жетер жерге естірте жүрелік. «Невада-Семей» қозгалысының кез келген шарасына қатысалық, – деген бастама көтерді.

Басшымның қолдағаны қанат бітіріп, айтканы көнілімнен шыққан соң, көптен ойланып жүрген ұсынысымды ортага салдым.

– Ошағы Шыңғыстаудың бауыры болып, қазір құллі қазак даласы атом қасіретін шегіп отырганы рас. Мектебімізден «Мың тырна» атты үйірме ашайық. Оған «қол еңбегі» пәннін үстазы Жәтел Естайұлы жетекші болсын. Себебі, полигон қасіретінің зардабын бұл кісінің отбасы да еркінен тыс тартып отырганы рас кой: радиацияға ұшыраган жалғыз ұлы Мұратты сабактан қатдырмай, арқатап атып келіп жур. Енді сол ұлы бар, басқа да оқушылар бар, маңайына топтастырып, оригами әдісімен қағаздан мың тырна жасасын, содан кейін бәріміз Қарауыл тәбеле шығып, қасіретті қазак даласына ұшырайық. Сол жерде «Заман-айды» қол үстасып бірге айтайық, – дедім.

– Жөн сөз!

– Дұрыс, ядролық сынаққа карсы наразылығымызды солай білдірейік.

– Ақ тырналар даламызды шарлап, сынақ аты өшүіне кепіл болсын! – деп, әріптестерім мені қолданап ала жөнелді.

«Мың тырна» үйірмесі ертенгі күні-ақ жанданып жүре берген. Әр бала бұл үйірмеге мүшес болуға асыкты. Қарауылдағы спорт мектебінің оқушылары да бұл туралы естіп, сабактан кейін біздін мектепке келе бастаган. Көп үзамай құлті ауыл балалары, оларға ата-аналары қосылып, бұл шараға септігін тигізіп қатуға асыкты. Себебі, қарауылдық отбасылардың қай-қайсысын да радиация кеселі айналып отпеген еді. Коп үзамай ізгі пейіл, шебер саусақтан шыққан қарауылдық «Мың тырна» да дайын болды. Ата-аналар мен балалар, үстаздар мен басқа да ауыл тұрғындары лек-лек болып тізбектеліп, Қарауылтәбеле бет алдық. Кенттен шығып, жаяу-жалпы шұбырып келеміз. Он жақ қапталдағы зираттардың қасынан өте бере, кенет сынақ зардалтарынан өмірден ерте озғандардың руҳының

сәлемін жеткізгендей бір сұық қара жел тұрған. Зираттардың өзі бір кала еді. Жым-жырт, меніреу мұлгіп тұрған. Кейбір балалар қолындағы ақ тырналарын сол жерден үшыра бастады. Аспанға шарықтай үшқан қағаз тырналар үнсіз молалардың үстінде қалықтап тұрып алған. Жас балалар соны қызықтап жүгіре жөнелгісі келіп еді, үстаздары мен ата-аналары саптан шығуларына рұқсат бермей, тыйып таstadtы. Бірер тентектерінің күлкілері қатты естіліп, қолды-аяққа тұrmай кеткен. Жарқыраған күлкілері құлашы кең жазылған маң датаның үнемі соғып тұратын ерке самалымен араласып. Қарауылтөбе басына қарай жедей жүйткіп ала жөнелген. Басқа балақандар қарап тұрсын ба, олар да әлгілердің артынан лап койды. Үлкендер жағы тобеге жеткенше, құмырсқадай өрмелеп, таудың үшар басына жетіп та алған.

«Алансыз балалық шақ деген осы ғой! Құлті дүние жүзіндегі балта біткен аман болсынышы, солардың жарқыраған күлкісі ғой әлемді ажарландыратын!» деп ойланып, ақырын құлтіп қойдым. Қарауылтөбенің басына шыққанда, етектегі ауыл алақандағыдай болып көрініп жатты. Ұшыруға дайындалып, қолымызға тырналарымызды ұстап, топталып тұрмыз... Бір окушы «Хиросима. 999 тырна» өлеңін санқылдап тұрып, оқыды. Қолымыздың тырналарды үшырып тұрып, «Заман-ай» әніне салдық. Қағаздан жасалған сансыз құстар әппақ болып, көк аспан, аттын шұғыламен шағылысып, тобемізде әуелей қалықтап тұрып алды. Әкесі арқалап әкелген Мұрат балақай өлжуаз, қудай жүзіне қан жүтіріп, бір жакпар тастың үстінде солып қалған аяқтарын бауырына алып, ыржып құлтіп отыр екен. Колында өзі жасаған қағаз тырна.

— Мұрат балақан, тырнанды үшырмасың ғой, — деймін мен.

— Бүгін 999 тырна үщүү керек деп ойладым, Аяулым апай. Семей полигоны жабылды деген күні үшырамын өз тырнамады, — деді Мұрат таңдайы так етіп.

Мен оның қасына тізе бүгіп, ақылды балапанды бауырыма басып отыра кеттім.

— Ақылынан айналдым, — дедім, көзіме келген жасты жен үшымен сұртіп.

– Шынымды айтсам, тырнамды қимай отырмын, әдемі шықты... бауыр басып қалдым өзіне, – деді балақан еркелей күліп.

Ширек ғасыр атом бомбасының қою қара тұтіні шарпыған Қарауыл аспанында бұл күні бейбітшіліктің, тыныштықтың, жақсылықтың символы сынды ақ тырналар Қазақ еліне қона-тын бакыттың нышанындаи, ұзақ қалықтап тұрып алды.

Ұзамай көп тілегі орындалып, КСРО Үкіметі ядролық қа-руды сынауга тыйым салу, мораторий жасау туралы шешім шығарды. Бұл үлкен жетістік еді!

Kасирем күні қасиетті күнге айналғанда

Сонғы жылдары елімізде көптеген саяси өзгерістер жүріп, жетпіс жыл бойы түкірігі жерге түсіпей тұрган кеңестік жүйе бір күні өз-өзінен жермен-жексен құлады. Құрамындағы он бес мемлекет өз тәуелсіздіктерін алдып, бас-басына жеке отау тігіп, бөлініп-бөлініп кетті. Енді етек-жандарін жиып, бұдан былай әркайсысы өз котырын өзі қасымақ.

Казақстан да 1991 жылдың желтоқсанында егемендігін алдып, КСРО құрамынан бөлініп шықты. Тәуелсіз мемлекет-тігіміздің белгісі ретінде өз туымызды, елтаңбамыз бен әнұра-нымызды белгілеп алдық. Тәуелсіз қазақ елінің тұнғыш Прези-денті болып Нұрсұлтан Назарбаев сайланды.

Тамыз айының ортасында қарай Қарауылға Президент ке-летін болды. Облыс басшылары мен қосшылары аяқтарынан сабылып, қызу дайындыққа кірісіп кетті. Олармен қоса Әмірдің де жарғақ құлагы жастыққа тимей жүгіріп жүр.

Қарауылдықтар біраз уақыт бұрын қызыл жүйенің темір тегеуірініне қарамай, Қарауылтебеде бас қосып, «Полигон жойылсын!» деп талап қойғанда қалай тайлы-таяғы қалмай жиналса, бұл жолы да Президентті солай тікесінен тік тұрып қарсы алдыты. КСРО келмеске кеткенімен, ел ішіндегі пробле-малардың әлі де болса, басы ашық еді. Өзінің ішкі мұн-зарын Президенттің алдына шығып жайып салған қарауылдықтар өз-дерін үйып тындаған Елбасыны іштартып қалыпты. Жаңа сай-

ланған Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Шыңғыстаудың бауырын тегіс аралап, ядролық жарытыс ошактарын түгел көріп қайтыпты.

Осы сапардың негізінде Мемлекет басшысы КР Жоғары Кенесінің арнағы сессиясын шакырды. Сонда ардакты есімдерді тудырган аруакты жерімізге қасірет әкелген сынақ атасын жабу туралы мәлімдеме жасады. Жоғарғы Кенес депутаттары бұған бірауыздан қолдау білдірді. Осындай жаксы жаңалықтарды күн сайын радио мен теледидардан естіп, газет беттерінен оқып жаттық. Қырық жыл қыргыннан аман қалғандай күй кешкен абайлықтар бұл кезде еңсе тіктей бастаған. Кеселді аймақта өмір сүретіндерге арнағы өтемақы тағайындалып, алдынғы қатарды медициналық көмек көрсетіліп, соның өзін мәртебе көріп, көніліміз көтеріліп қалды.

1991 жылдың 29 тамызында Президент Нұрсұлтан Назарбаев Семей сынақ полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойды.

Фасырлар бойы тынысын аштырмаған отаршылдық бұғауынан енді мойын босатқан қазактың егемендікке марқайған шағы тарих беттеріне осылай жазылды. Президенттің бұл тарихи Жарлығын бір-біріне сүйіншілеп жеткізіп, көздеріне жас алған халықтың қайғысы мен қуанышын тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Ұстаздар облыстық газетке шыққан Жарлық нұсқасын көшіріп көбейтіп, оқушыларымыз арқылы әр үйге таратқан едік.

СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫН ЖАБУ ТУРАЛЫ

Казақ КСР Президентінің 409 санды

ЖАРЛЫҚЫ

«Казақ КСР-і Семей облысының аймағында 1949 жылдан беріде ядролық қаруды сынау тәжеусіз жүзеге асты. Осы мерзінде 500-ге жуық атомдық және ядролық қарулар сыналып, мындаған адамдардың денсаулығы мен өміріне шектеусіз зор залал келтірді. КСРО мен АҚШ арасындағы стратегиялық әскери тәпеп-тендікті қамтамасыз еткен ядролық қаруларды

сынау жөніндең өз борышын Қазақ, КСР-і аста-төк атқарғанын ескеріп және республика жүртшылығының заңды талабын орындау мақсатымен қаулы етемін:

1. Семей ядролық сынақ полигоны жасылсын.
2. Қазақ КСР Министрлер Кабинетіне КСРО-ның Корғаныс және Атомдық энергетика министрліктерімен келісіп, Семей сынақ полигонын одактық-республикалық гылыми зерттеу орталығы етіп қайтадан құру міндепті жүктелсін. 1991 жылды сол кешенің құрылымы мен қызметтік міндепті нақтыланып, гылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бағыты анықталын.
3. 1949-1962 жылдарда ауда және жер бетінде жасалған сынақтарда Семей полигонына ұрымтал орналасқан аудандар түргындарының денсаулығына келтірген залал салдары ескеріліп, одактық органдармен бірлесе отырып, Қазақ КСР азаматтарына берілуге тиіс өтемекшінің мөшері мен төлеу тәртібі белгіленсін.
4. Қазақ КСР Министрлер Кабинеті одактық министрліктер мен республика аймагында сыналған атомдық және ядролық сынақтарды жасаған ұжымдармен бірлесе отырып, Семей, Караганды және Павлодар облыстарында сол жарыттардан зардал шеккен аудандардагы халықтың социалды-экономикалық жағдайын жедел сауықтыруға тиіс иgi шараларды жобалап, түрмис ахуалын жақсартып, медициналық қызмет көрсетуді үрдіс оңдауга тиіс. Сол мақсат үшін арнайы жоба әзірлең, осы шараларға одактық көмек көздерін тартуды белгілесін.

Осы Жарлық қабылданған сәттен, яки бүгіннен бастап күшіне енеді.

Қазақ КСР-нің Президенті Н. НАЗАРБАЕВ.
Алматы. 29 тамыз, 1991 жыл

Осы тарихи күжат негізінде, еліміз 40 жыл бойы Қазақстан жерінде сыналып келген Семей ядролық полигонын толықтай жапты, сонымен қатар, күллі әлемдегі ізгілік пен бейбітшілікті колдайтын ел ретінде өзі де ядролық қарудан бас тартты.

29 тамыз Халықаралық ядролық каруға қарсы күрес күні болып белгіленді. Бұл о баста Семей жүртшылығына тауқымет

әкелген қасіретті дата еді, енді көнілге үміт сыйлайтын үлкен мерекеге айналды.

Республика көлемінде жиі өткізілген митингілер мен баскомулатар соны осылай жеңіспен аяқталғанына рухы асқақтаған Қазақстан халқы Қазақстанның тұнғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа, қаймықпай «Невада-Семей» козгальсын құрып, қызыл жүйеге қасқайып қарсы шыққан ақын, мемлекет қайраткері Олжас Сүлейменовке, Семей ядролық полигоны мәселесі бойынша КСРО Қорғаныс министрі Язовқа саял жолдаған депутат, мемлекет қайраткері Нұртай Сабиляновқа, сол кездегі Семей облысының басшысы Кешірім Бозтаевқа дән риза еді.

Содан кейін де көрі Ертістің бетіне талай тон қатып, талай сен жүрген. Полигон тақырыбы күні бүтінгеге дейін ғылымда да, медицинада да өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қалай болған күнде де казак тарихының бір парагы ретінде мәнгі қалары анық.

Полигон тақырыбына қалам тербемеген қазақ зияткысы жоқ шығар, сір! Саналты ғұмырын туған топырағында орын алған осынау қасіретті оқиғаны зерттеуге арнаған занғар жазушы Медеу Сәрсеке еді. Медеу ағаның «Семей қасіреті» деп аталатын салмақты кітабында полигон тарихы жан-жакты қозғалған.

«1949 жылдың 29 тамызы бүтінгідей есімде: күллі Қайнар кентінің үлкен-кішісі қарақошқыл бұлт қоршауынан отты құйынды айналасына бүркіп, наизағайдай жарқылдаған, атып санырауқұлақ төбемізден салбырап, Абыралы тауын жанама-лап, Шынғыстау үстінен түстікке қарай құлаган танғажайып құбылысты қалай ұмытасын? (Сол жылы мен 14 жастын шебіне іліккен, 7-сыныпқа баруға әзірленген мектеп түлегімін). Әлбette, сол пәлекеттің не екенін Даға халқы ә дегенде білген жоқ. «Адам жаны сірі, үш күннен соң көрге де үйренеді» демекші, содан бері жиілеп те, саны да үлеп, қуаты да күшейіп, артық-кемі жоқ 470 мәрте қайталанған жойқын дүмпүлдер туғызған ядролық синақтарға шарасыз көндіккен мұсәпір жан едік...

29 тамыз біз үшін содан бері тамұққа пара-пар қаралты күн болатын. Елбасы соны енді жыл сайын ынтыға күтіп, қуана қызықтайтын мереке етіп, біріге білсек, қандайда әлуettі тажал-

ды түншықтыра алатын күш пен қажырға ие қайратты халык екенімізге сендіріп, тамызының жұлдызыды түнін сөулелі күнгө айналдырыды» деп жазады сол зұлматты кезенің көзі тірі күәгері.

Расында. «Семей қасіреті» кітабын оқып отырып, бей-жай қалу мүмкін емес. Ақ парап бетіндегі ақиқат оқыған сайын өз тереңіне тарта береді.

«Содан кейін әр жылдың 29 тамызы күні елімізге әлемде атом сынағының зардабын шеккен елдерден делегациялар келе бастады. Олардың Қарауылға сокпай кеткені жоқ. Солардың ішінде бәріміздің назарымызды ерекше аударған: 1945 жылдың 6-9 тамызы күндері Жапонияның Нагасаки мен Хиросима қалаларына тасталған атом зұлматын көзбен көріп, басынан өткөрген жасы тоқсанға жақындаған қарт үстаз Шиоухэй Цуики болды. Семей сынак атасын шарлаған жүріп, Қарауылға келіп, қайғымызды бөлісті.

«Мен ол кезде он сегіз жасар бозбала едім, – деп бастады өз әңгімесін Шиоухэй кария. – Нагасакидін педагогикалық училищесінде оқып жүргенмін. Училищенін 2-курс студенттерін аяқ астынан Акасакода (жарылыстан 1,8 км жердегі кент) орналасқан «Мицубиши» әскери зауытына жұмысқа алып кетті. 1945 жылдың 1 тамызында қаланың оңтүстік батысына тасталған бомбаның бірі «Мицубиши» зауытына бағытталыпты. Мен сол бомба жарықшақтарының зардабын тартып, зұлматты түгел басымнан өткізген адаммын. Сол жарылыс кезінде тірі қалған жұз адамның бірі де мен едім. Келойд күйіктерінен тартқан азабымды да, бастан көрген тозақ отын да ешқашан үмыта алмаспсын.

...Училищеде дәрістер аса көп болмады. Қатарластарымның дені әскерге шакырылған. Ал қалғандарымыз әскери зауытта жұмыс істеуге міндеттелдік. Зауыттагы жұмыс 12 сағат, не күндіз немесе түнде істейсің. Демалыс, мейрам деген жоқ. Жылдың 365 күні түгел енбек етуін керек. Біз ауыр жұмыстан қина тұмадық. Басқа қалалар сияқты Нагасакиге кашан оқ жаудырар екен деген үреій ғана мазалады. Әрі күнделікті тіршілікке қажет заттар мен азық-түлік тапшы еді. Біз негізгі ас – күрішті баяғыда-ақ үмытқанбыз, асқабақтың титтей тілімі мен шалқан жапырағының қайнатпасын қанагат тұттық.

Бомба тасталатын аптада мен түні бойы жұмыс істедім. 8 тамыздың кешінде жатақханада өзіме тиесілі асқабакпен жүрек жалғап, зауытқа бардым. Түні бойы жонғыш біліктегі су асты минасына арналған бұрандасты шегелер жасаймыз. 9 тамыз күні танертең жатақханаға келдім. Ол уақытта студенттердің барлығы жатақханада тұрады. Ал отбасылары ауылдарға көшірілген.

Біз апарттың жапон жеріне жақындал қалғанын білмейміз. Әдеттегідей асқабағымызды жеп, үйкіға жаттық. Студент деген атымыз болмаса, кітап, дәптер, қарындаш деген жок. Күн сайын өлеу дабылымен оянып, аштық пен үйкісіздіктан жүдеген біздің жалғыз тілегіміз – үйкімізды сөл үзарта түсу.

Күткеніміздей-ақ, ескерту дабылы естілді де, студенттер орнынан тұру керек болды. Жаспыз гой, төсектен жылдам тұрып, бомбапанага тығылудың камын жасаудың орнына көрпемізге орана түсіп, аз да болса үйкітай түссек дейміз. Мен күнініп, білегім сағатымды тактым. Содан сон бас күімінді қидім, ныққа асатын сомке мен аяқ күімінді төсекке жақындастып койып, кайта жаттым. Бақытима карай қалың көрпені бастан-аяқ түгел бүркеніп алған екенмін. Сол көрпе мені бомба сынғы деңеме тиіп, басқалар сиякты түп-түгел өртеніп кетуден сакталды гой. Сөлден сон дабыл токтады.

Қанша үйкітағанымды білмеймін, әйтеуір түс көріп жатқынмада шошып ояндым. Кенет дүние астан-кестен боп, айналадұрсілдеген дыбыстарға толып кетті. Мені бір күш лактыргандай, анадай жерге үшшіп түстім. Бірденеге соғылғаным есімде. 11 сағат 2 минут болғанда біз жарылыштан соғтустікке карай 1,8 шақырым жердегі ағаш үйшіктегі жаттық. Саваяма деген досым екеуміз бір болмаде едік. Маган сол жарылыш дәл біздің болмаде болғандай көрінді. Бомба тасталған сөтте «бомбапанага қашуым керек» деп ойладым, бірақ болме іші айналанды бажайлай алмайтындағы қал-каранғы еді. Қасымда жаткан досымның қанға боккен денесін көргенде шошып кеттім. Артынан білдім, менің де денем жаракаттан сау емес екен. Сол жақ колтығым өртеніп барады.

Далала шығатын есікті іздедім. Айналған жым-жырт, төнірек күлімсі иіске тола. Бетім мен он қолымнан қан тоқтамады.

Көзім аккан қанинан удай ашып барады. Сол қолым мен сол аяғым қатты жараланыпты. Алайда, жарақатты қарап, ауырган жерінді сипайтындаі дәрмен жок. Көп қан кеткенін білдім де, қайтсем де бомбапанага жылдам жетіп, қанды тоқтатуды ойладым. Әйтеуір әүпірімдең сыртқа шықтық. Қек тұтіннің арасынан кала агарандайды. Со лтүстігіндегі гимараттар кирап жатыр. Біз атом қаруы жарылғанын сол сәтте білмедік. Нагасакиге жүздеген бомба тасталды деп ойладық. Қорініс соңдай еді. Төніректе тірі жан жоқ. Біз бар күшімізді жинап, бомбапанаға қарай жүгіріп келеміз. Қирандылардың астында өлтіктер жатыр. Оған назар салып, ойлануға шама жоқ.

Бомбапанаға жеткенде, іші жаралыларға тоғы екенін кордік. Негізінен әйелдер, қариялар мен бала-шага. Жігіттерді әскерге атып кеткен. Барлық жараланғандардың денесі шата жанған ағаш тәрізді күйген. Мен сияқты қанга бөккен адамдар аз емес, бірақ барлығы күйік азабына шыдамай ыңырсып, шыңғыруда. Терісі күлдіреп кеткендер, көмір сияқты қап-қара бол күйгендер, көзі ағып, мұрны түсіп қалғандар, ерні мен құлактары балқып кеткендер... Міне, бомбапана ішіндегі қорініс осындаі еді. Тіпті біреулері саган бетін беріп түр ма, әлде аркасын қараткан ба, айыру қын. Әйткені беті күлдіреп, аузы-мұрны жойылған, күйген шашты айтпағанда... Менің де шашым түсіп қалыпты. Тіпті әйел ме, еркек пе, ажыратса алмайтындаій корініс. Анадай жерде өлі сәбиін құшақтаған аналар отыр. Расында, ақырзаман қорінісі осындаі-ақ болар, нағыз тозақ кой мынау!

Сәлден соң өрт басталды. Қирандылар астындағы жаралылар үйінді астынан шыға алмады. Әлгілер шыңғырын, өкіріп, тірідей өртеніп жатты. «Адамзат тарихында бұдан асқан қасірет болар ма?» деп ойладым, сол сәтте жүрегім кайғыдан айырлардай болып.

Біраз уақыт өткенде бізге жақын жердеңі бастауыш мектепте медициналық пункт ашылғанын хабарлады. Ол жерге тірі қалғандарымыз өз аяғымызбен баруымыз керек екен. Атғашында жүре алмайтын шығармын деп ойладым. Қомек келер деп түйдім. Бірақ мышандай сұрапыл жағдайда басқа жақтан қомек күту пайдасыз екенін үқтық та, ілбі басып атға жылжыдық, – деп сол күнді еске алған қария бүгінгі өмірін быттай деді:

– Менің екі балам болғанмен, немере деген жок. Атом бомбасының зардабын көргендердің үрпақсыз қалтуы, көп жағдайда немеренің туытмау жағдайлары өте көп. Мен де сондайдың бірімін. Дегенмен, тоқсанға таясам да әлі тыңмын. Зейнетке шықканша орта мектепте математика пәнінен сабак бердім. Жарылыстан зардал шеккендерге Үкімет медициналық көмекті тегін көрсетеді. Жарылыстан жарапат алғандар 7 категорияға бөлінеді. Мен соның 4-ші категориясына жатамын. Қолым мен аяғымда жарапаттың іздері бар. Денсаулығымды жылтына екі рет тексертемін. Құзырлы орындар тарапынан басқа да көмек түрлері көрсетіліп тұрады. Жыл сайын осы тамыз айында түрлі мекемелер мені жастармен, бағалармен кездесуге шақырады. Ешқайсынан қалмай барып тұрамын. Нагасакидің қақортасындағы кезінде жарытыс болған жерде қазір ескерткіш түр, жаңында бақ орналасқан. Сол жерде 9 тамыз күні қала халқымен кездесіп, көрген-білгендерімді айтып беремін, – деді». (Жапондық аксақалдың сөзін аударған қазақстандық журналист Шарафат Жылтыхбаева).

КР Парламенті депутаттары делегациясының құрамында касіретке үшыраған Хиросима мен Нагасаки қалаларына іссапармен барған когам қайраткері, генерал-полковник Сәт Токпакбаев тілшілерге берген сұхбатында: «Жапонияның екі қаласына атом бомбасы тасталғаннан кейін қасірет шеккен жапон халқына әлемнің көптеген мемлекеттері көмек қолдарын созған. Екі қаланың заталданған топырағын жарты метрге дейін түгелдей қырып атып тастанап, әлемдегі ең таза аймактардан топырак тасыған екен. Екі қалага да атом зардаларынан емдейтін емханалар салдырыған. Аман қалған әр адамды жекелеп ерекше бақылауға алған. Күнара канын тексеріп, сәл ауытқұшылық болса емдең отырған. Бүгіндегі Нагасаки мен Хиросима әлемдегі ең таза экологиялық қалага айналған», – дейді.

Баспасөз беттеріне шықкан осы жолдарды оқи отырып, қазақтың көсіліп жатқан кен даласын көзге еріксіз елестетіп: «Ал біздің елде ше?! Кенес Одағы атомды жарып-жарып, туган топырагымыздың тыш-типылын шығарды да кетті. Тауқыметтің тартып қала берген момын қазақтың ендігі тағдыры ешкімді аландатпады. Қырық жыл бойы дауасыз дерттен қырылтып,

уланған ауаны жұтып, улы топыракта өнген шөппен коректен-ген төрт түліктің еті мен сүтін талғажау етті. Олардан тараган үрпактың денсаулығы қалай болар деп, ешкімнің жаны ашымады. Өз қасіретімен өзі алсып, өз казанында өзі қайнап жатты. Ауру баласын арқалап, жасына жетпей талқаны таусылғанын улы топыраққа көме салып, өз жарасын өзі жалап қала берді. Емхана салып, емдемек түгілі, ауруын да айтқызбады-ау», – деп, еріксіз налисын.

Тәуелсіздік алған соң, Семей қаласының орталығынан Облыстық Радиациялық медицина және экология институты ашылды. Апат аймағындағы тардың тізімі жасалып, толық тіркеуге алынды. Бұл мекеме онкологиялық ауруханамен тығыз байланыста болды. Осының өзіне де мың тәубе дейміз.

Жар қазасы

Сұнкардың сонынан ілесе ме деген Шынарым ауыр дерпттен шетінеп кеткен соң, тағы бала көтеруге жүргім дауаламаған. Жүйеден жүйеге өту кезеңіндегі өлірада жана өмірге ә деген-нен бейімделіп кете алмаған Әмір де жұмысы бірде бар, бірде жоқ болып «маган бала керек» деген әңгіме айта қоймады.

Мен бұл кезде мектеп пен қоғамдық жұмысқа біржола беріліп кеткен едім. Полигонға қарсы қозғалыстың белді мүшесімін, оның үстіне, жаңа заманмен ентелеп келіп жатқан білімдегі күнде бір жаңа жаңа таққа бейімделіп, соны менгергенше талай уақытынды сарп етуің керек. Жай мұғалім болсам бірсөрі, мектептің бүкіл ауыртпалығын иығына артып алған білдей оқу ісінің менгерушісімін, қашан болмасын екі қолымды төрт ете алмай шабылып, шапқылаймын да жүремін.

Әйтсе де көнілімде бір алан бар еді. Баяғыда бір көрген түсім соңғы кезде қайта-қайта қайталанып, әбден мазамды алған.

Казак ежелден ырымға қатты мән берген халық кой, түсті орынсыз жорыта беруді жөн көрмейді. Сондықтан ешкімге айта қоймадым.

Түс дегеннің өзі адамға берілген табиғаттың сыйы ма, болмаса адам бойындағы ашылмаған атуан қабілеттің бірі ме, кім

білсін? Өкінішке карай, кейде көрген түсімізге мән бермей, таңтерең ояна сала, бір нәрседен құр қалатындай, жана құнғе асыға жонелетініміз рас енді. Сәл сабыр етіп, дұрыс жори білсек, ой тараразысына тарта білсек, түстің айтарты көп-ақ. Кейбіреуі алдагы құннен бір белгі бергендей болса, баскасы жақсылыктың хабаршысындаидай, көкірегінді жарыққа толтырады. Дегенмен, «түсті қоруден емес, жорудан қорық» демекші, түсті қалтай жорысан, өмірде солай болатынына мысал әркімнің базында бар шыгар.

Оз басым кайта-кайта кірген біртүрлі түсімнен жақсылықтың нышанын көре алмадым, керісінше, жанымнан безердей қалтырап, шошып оянатын едім.

Қанша жақсылыққа жорыны десем де, болар емес. Сол баяғы түс... Атматының арайлы алма бағында қуаныш күйін кешіп жүріп, кенет казаншұңқырда жатқан Әмірдің гаріп күйін көреді екенмін. Сөйтемін де, кенеттен Сұнқарымды ертіп, жарық әлемнен кара түнекке еніп жүре беремін.

Бұл күні де «Әмірді шұңқырдан шығара алмаганымыз жақсылық емес, «жер тартып жатыр» дегені несі? Бұл аян түс кой!» деп, сандырактап жатып оянғанмын. Жайсыз жатып қалғаннан үйіп қалған қолымды жазайын деп, күйеуім жатқан түсқа созып едім, шошып кеттім, үйқым шайдай ашылды. Атып тұрып, жарықты жаққанда, Әмір шатқасынан жатыр екен. Қара тер басып кеткен, өне бойы шылқыған су.

– Сонша терлегенің не? Тұр, төсенішті ауыстырайын, – деп, әрен оятып алдым. Шылқып терлегені сонша, шашы мандайына жабысып қалыпты. Өзі тырс етіп үн шығармайды, де-несі былқ-сылтқ етіп қалтай жүлкеласам солай козғатады.

– Бір жерін ауырып тұр ма? – десем де үн жоқ. Адамды жаратпағанда, сөйлемей қоятын қырсықтығы бар, сол мінезі үстап қалды ма, тұн жарымда мазасын алмайын деп, төсегін күргатып, дәрі беріп, қайта жатқыздым.

Баганағы көрген түсім бар, жатқан жеріне су қүйғандай терлегені бар – Әмірлен қорқайын ледім. Өзі жұмыссыздыққа тап болғалы қөңілсіз, тамаққа да еш тәбеті тартпайды, құр сұлдері жүрген. «Осы ауырып жүр-ау» деген ой келгені сол екен, ме-

нен үйкү кашты. Көзім бакырайып, қаранғыда төбеге тесірейіп жаттым да қойдым.

Таң қылан берді-ау дегенде орнынан тұрып, арақтарға бағыштап жеті шелпек пісірдім. Екеуміз де Құраннан хабар-сызыбыз, білетін «біссіміллә» деген сөзімізді айтып, шелпектің шетінен үзіл жедік.

– Әмір, бір жерін ауырып жүр ме, тұнде қатты терлеудің гой, – деймін ақырын тамырын басып.

– Жұмыс табыла қоймағанға жүйкем тозып жүр ме, басым айналып, әлсірең қалам, – деді әдетте онша ашыла бермейтін жарым.

– Дәрігерге қаралсан дұрыс болар еді? – дедім, жүзіне сактықпен көз тастап.

Өзінің дегені болмаса, өзгенің айтқанына көніп, айдауына жүретін Әмір емес, сондыктан ығына жығыла сойлеп, сонғы шешімді өзінен күткем.

– Өткенде бірінші профсоюзга жетекшілік етсең қайтеді деп еді, сол кісіден хабар күтіп жүрмін, – деп қабагын ашты кенет.

– Жаксы болған екен, – дедім, оны сөйлей түссе екен деп.

– Басшының Түркиядан келуін күтемін енді, отбасымен дематып жатқан көрінеді, – деп токтады. Сосын «әңгіме осымен тәмам» дегендей, үстел басынан тұрып кетті. Жатын болмеге бет алған күйеуімнің екі нығы салбырап, енсесі түсіп кеткендей. Мойны ырғайдай болып жүдегенін соңынан көз токтатып қараганда байқадым.

Сол күннен бастап Әмірдің денсаулығы күрт тәмендей берді. Бірде теледидар айдауда отырып түшкіріп қалған еді, мұрнынан қан саулай жөнелді. Дәкемен сұyk су басып, мақта тығып, әрен токтаттым.

– Соңғы кездері мұрным жиі қанаїтын болып жүр, – деп, мені одан сайын абыржытып қойды.

– Дәрігерге бараійқышы, қайта басшың келгенше емделіп ал, – дедім жалынгандай болып.

Осы жолы ауруы шынымен жапына батты ма, үнсіз келісті.

Ертесінде аудандық емханага барлық. Ә деп терапевке кіргеннен, бірталай кабинеттерді адактап, екі-үш күннен кейін он-кологтан бір-ақ шықтық. Ол жерде Әмірге «лейкоз» диагнозын

көйдү. Сынактың ұшығы екені айтпаса да түсінікті. Төбемізден жай түскендей бұл сүмдүк хабардан екеуіміз де есенгіреп қатган едік. Жастықтың қызығына тоймай жатып, ерте үйленіп, балаты болып, ол ширады-ау дегенде, екіншісін көтеріп қатып, туда мүгедек болған сәбидің тауқыметін тартып, шетінеп кеткен сон да ұзакқа дейін ішкенің ірін, жегенің желім күй кешкен қос бейбაқ өмірдің шыжығына жастай шыжырыла жүріп, жеткен жеріміз осы екенін түйсініп, екі жерде үнсіз состыып тұрып қалдық.

Күйеуім байғұс мінезді болғанмен, өмірге құштар жан еді, «кәсіподаққа жетекші болам» деп, ертенге есебін түгендереп жүргенде, бар арман-мақсаты бір сөтте жалп етіп, сонді де қалды.

Ендігі күніміз не болмақ?!

Кірпігім айқаспай, тағы бір танды атырдым.

Семейдегі онкология диспансерінің радиология орталығына жолдама атып, жеделдетіп жолға шықтық. Сұнқарымды көршіге қалдырдым. Бір жетіден бері кайғыдан қан құсып жүрген басым, дыбысымды шығармай жылап келемін. Көліктін алдында отырған жарым еш нәрсе байқамады. Жұмыссыздықтан қажып, іш күйзелістен күрт түйікталып кеткен оның қоңіліне еш қаяу түсіргім келмеді. Жүргізуі айнадан көз салып қояды. Ушеуіміз жұз сексен шақырым жол жүргенде, бір-бірімізге тырс етіп үн қатпадық. Баяғы қундеріміз болса, мынау артта қалып бара жатқан Еңілік – Кебек мазарының басына бір тоқтап, Күшікбайдың бұлағына екі тоқтап, Семейге асықпай жететін едік қой. Бұл жолы ішкі мұндан серпілмеген күйі қатаға жеттік.

Іздеген жеріміз Гагарин көшесінің бойында, біреуі екі қабатты, екіншісі үш қабатты қос ғимарат жапсартас салыныпты. Екі қабаттысының шеткі есігінен кірдік. «Онкология бөлімшесі» деген аты неткен коркынышты еді, кіріп-шығып жатқан адамдардың түрі жүдеу, назары томен, иықтары салбырап, жандарына ілескен жақын-жуықтарының қабағынан кірбін байқалады. Бір есіктен екіншісіне кіріп, кейбіреуіне ұзак-сонар кезек тосып, бір қабаттан екіншісіне секіріп, күні бойы шапкылап жүріп, тұс ауа Әмірді ауруханага салдым.

Менің перзентханаға түскен кезімді санамағанда, екеуміз косылған жеті жылда бірінші рет бөлінуіміз. Не төркініме, не

демалысқа екі бөлек бармаппин. Аты жаман аурумен бетпе-бет жағызып, салқын аурухананың бір бұрышына жатқызып, кетіп барам. Өр мінезді, ешкімге қеудесін басқызбайтын асқақ жігіт еді ғой, он шақты қүннің ішінде-ақ еңсесі басылып қатыпты. Баладай монтиып, бір уыс болып, аурухананың дәрі сасыған төсегіне отыра берген.

Аурухананы айната бере, ағаштардың арасында қатар-қатар қойылған ағаш орындықтардың біріне отыра кетіп, көз жасыма ерік бердім.

Әмірдін алдағы тағдыры не болады екен?

Сұнқар екеуміздің құніміз не болады?

Уайымым сол еді.

Көз жасым кол болып, Дәу ағаның үйіне келдім. Есікті бойжетіп қалған Қырмызы ашты. Адамды қабагынан танитын қағылез бала:

– Тәте, не болды, тыныштық па? – деп шошып қалды.

Төрге өткізіп, шәйін қойып, әбігерге түсіп жатыр. Шәй қайнаганша, басыма жастанатын жастық әкеліп берді. Үйде тыныштық. Балалар бір-бірімен ыммен тіл қатысып, аяктарының ұшымен жүр.

Кешке қарай қызметтерінен оралған Дәу ага мен Сыргаш женешем түрімнен шошып кетті. Аяқ астынан болған жағдайды лақ еткізіп: «Дәу аға, Әмір енді бізге жок!» – деппін. Олар күтпеген хабардан үрейленіп, бетіме қарап қатты да қалды.

– Онкологияға жатқызып келе жатырмын, – деп өкіріп коя бердім.

– Құдай-ау, не дейсің? Бұл қалай? – деп Сыргаш женешемнің есі шығып кетті. Қайын ағам орындыққа сылқ еткен. Мен аздал өз-өзімे келіп, жан шақырган соң, қайын ағам сөйлеп кетті:

– Өзі де бала кезінен көп ауыратын... – деді пәс үнмен. – Үйдегі үлдардың әлсізі осы Әмір еді ғой. Сонысынан радиацияны қабылдан алған ғой, бұл бәле алдымен, иммунитеті әлсіздердің ішіне еніп кетеді екен-ау, енді кайттік. – деп, жылап жіберді. Оған мен қосылдым. Сыргаш женгем канша ауыр тисе де, сабыр сактап, екеуімізді сабырға шақыра бастады. Бірге туған деген киын ғой, Дәу ағамызға мына хабар, шынында да, қатты тиген.

– «Шукімейт» деген әжеміз койған лақап аты болатын. «Шукімейттей болған жаным» деп, ешкімді тигізбей, қоргаштап жүрестін. – Дәу аға бала кездегі естеліктерді сыртқа шыгарса, женілдеп қалардай, Әмір туралы ауыз жаппай айта бастады. Өзіне-өзі ұзак уақыт келе алмаған. Жүрегі ауырып қала ма деп енді оған аландай бастадық. Дәу аға дархан жүректі, бауырмал жан еді. Әмір екеуінің мінездері екі бөлек. Ағасынан едәүір жас болса да, мінезі қорғасындаі салмақты еді Әмірдің. Қоңшілік жиналған жерде ғана серілігі үстап, айналасын өзіл-күлкіге қарық қылатын Ат үйге келгенде томага-түййік, қатал қалпына енетін. Осы жеті жылда Әмірдің көзіне жас алғанын көрмеппін. Анасы «битімдей болып атып, шақар өзі» деп, сол мінезіне риза болып отырганын көргем. «Қайсар мінезі бар еді ғой, ауруды женіп шығар» деп үміттендім. Түні бойы көзім ілінбеді. Төркінім туралы ойладым. Төртінші курста ұзатып атып кеткеннен бері мен байғұс төркініме де бармаппыш ғой. «Өзі болған қызы төркінін танымас» деген, мен болып-толғаннан төркінімді менсінбей кеткенім жок. Барғызбасым барғызбай жүрді ғой жылдар бойы. «Есімізді жиып алайық, кейін барасың» деп, кері тарта беретін күйеуім акыры есін жия атмай, ауруға ұшырап қалды.

Арайтап атқан таңнан үміттеніп, үшеуlep ауруханага тарттық.

Ауылдағылар естіп, бар тіртіктерін тастанап олар жетіпті. «Іздеушісі көп екен» деп ауру айылын жисын ба, қайтара жіті зерттеу нәтижесі «ак қан» екенін нактылап берген. «Алматыдағы Онкология институтына барған жақсы, онда емі мен күтімі дұрыс» деген соң, ағасы сол жақпен байланысқа шықкан. Әмірді өзірге үйге жібермейтінін білген соң, біреуді Қарауылга жіберіп, Сұнқарымды алғызып алды.

Дәу аға Алматыға өзі алып баратын болып жиналтып жатқанмызда, Әмірдің лимфа жүйесінің бездері ісіп, дем ала атмай атқынып, одан сайын әлсіреп кетті. Онкологиялық орталықтың дәрігерлері оны «атыс жолға жарамайды, үйде күткендерініз дұрыс» дегенді айтты.

«Ауруханадан үйге шықты дегенше, жаман ауру әбден меңдеді десенші» деп жытаймын. Түсімде: «Жер тартып тұр. Тұра

алмаймын» дегені осыған көрінген екен ғой. Неткен коркынышты тұс еді! Соңғы жарты жылда тамаққа тәбеті жоғалып, катты арықтап кеткеніне мен байғұс мән де бермеппін, сөйтсем, жаман ауру батпандап кіріп алған екен ғой. Енді мыскат-дап болса да, шығатын емес, «әкетіп тынам» деп тас бекігендей. Сорлы басым, «жұмыссыз қалғанына бола қайғырып жүдеп кетті» деп жүре беріппін, көз алдында сөніп бара жатканын байқамаппын.

Әмір күні бойы сұлық жататын. Тек қаласы келгенде қуанып, біраз басын көтеріп, алдындағы сорпасын ішкен. Көп сөйлемейтін әкесі ұлын жанынан шығармай әңгіме, ертегі айтып беретін болды. Мұндай кезде: «Сұнқарды алдырғаным жақсы болды» деп көнілтім жай болып қатады.

Маган бірде:

– Аяш, бізге Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» деген кітабын әкетіп берші, – деді.

Үткен қаланы білмесем де, әркімнен сұрап жүріп кітап дүкендерін шарладым. Қызыл жүйе құлап, еліміз қайта құрылып жатқан кездегі дағдарыс қаланы мықтап шарпығандай. Барлық жерде қымбатшылық, тауар жетімсіздігі. Басқа кітап дүкендерін қойып, орталықтағы бас «Кітап үйінде» де «Ұшқан ұя» жок болып шыкты. Әйтпесе. Семей қаласы мәлениеті пен зиялтығы жағынан Санкт-Петербургпен қатар түрган, білім-ғылымды жоғары қоятын қала екені рас. Ұлы Абай сонау Шынғыс бауырынан күймен жетіп, кітап алатын бұрынғы Гоголь кітапханасына келдім. «Семейдің әр тасы тарих қой, шіркін» деп, өткен күн елестерін киялымда жандандырып, кітаихана табалдырығынан аттагам. Қалада тіркеуім жок болғандыктан, «Ұшқан ұя» колға берілмейтінін естігенде, киялга болеңген көніл күйім сейіліп жүре берді. Бүгінгінің шындығы дегдар тарихтың елесіне қарағанда неғұрлым көнілсіз болып шыкты. Ауру жарымның өтінішін орындаі алмаганыма қапаланып, үйге келдім. Бұл оның мүмкін соңғы өтініші шығар? Әкесі Сұнқарға «Қарлығаштың қүйрығы неге айыр» деген ертегінің айтып беріп отыр екен. Әдемі көніл күйлерін бұзғым келмей, асуүйге беттедім.

«Ұшқан ұяны» ертеңінде Дәу аға бір мектептен алдырып берді. Сол күннен бастап әкелі-балалы екеуі «Ұшқан ұяны» қызығына кіріп кетті. Әлсіз дауысымен әкесі оқиды, ұлы тыңдайды. Бір тарауды бітірген соң, әкесі емтихан алады, ұл тақылдаپ жауап береді.

*Мен – қазақпын жарайған сүйек-еттөн,
Менде ар бар, менде ой бар жан тебіренткен.
Халқымың қарапайын бір ұтымын
Жанымды арым үшін құрбан еткен!*

Сұнқар Бауыржан атасының өлеңін тез жаттап алды. Кітаптың қызығына енген сайын баласы әкесіне сұракты көбейтеді:

- Эке, Бауыржан ата қандай бала болды?
 - Жеті атасын білетін, үлкенды сыйлатп, сөзді тыңдайтын, ата дәстүрін құрметтейтін бала болған Бауыржан атаң! Жеті атасын білмегенді «жетесіз» дейді!
 - Эке, жеті ата туралы такпак айтайыншы!
 - Айта ғой, балам.
- Жеті атасын білген үз,
Жеті жүрттың қамын жер.
Өзін гана білген үз,
Құлагы мен жағын жер!*

– Ой, өркенің өссін, таудай бол! – деп, мына жақта жүрген Сырғаш женгем қолпаштай жөнеледі. Әкесі де, мен де Сұнқарымызды айналып-толғанып, мәз болып қаламыз.

- Енді қанатты сөздерді айтайыншы, – дейді озіне деген қошемет үнап қалған Сұнқар мәз болып.
- Айта ғой, – дейміз шу етіп.
- «Отан үшін отқа тұс – құймейсің», «Намысты нанға сатпа», «Арты адам ардақты», – деп зуылдата жөнеледі. Сұнқар аса зерек, білімкүмар бала еді, далага шығып қатарластарымен ойнаганнан гөрі, кітапты айналдыруы көп.
- Мен неге бұрын бала тәрбиесіне мән бермедім екен, – деп, оқінгендей болады Әмір. – Қысқа өмірімде сендерге көніл бөл-меппін де гой...

Осындаі сөздерімен бізді жылатаңыз. Мұндаіда, баға да іші
бірденені сезгендей, үнсіз томсырайып қалады. Мен тез есімді
жиып:

– Жаным, қызметтен көлін босады ма? Қазір де кеш емес,
әне, ұлың айтқаныңды қағып алтып жатырғой, – деймін.

– Осы күндерді ешқашан ұмытпаса екен, – дейді Әмір.

– Жаным, сен тәуір боласың. Өскенше алті талаі нәрсе үйретесің, – деп жылаймын.

– Аяш, мен біттім ғой. Сені орта жолда тастанап барам. Жер
жәннаты Жетісудан мына радиация жайлаган аймаққа алыш
кеіліп, өмірінді бақытты ете алмадым. Сұнкарды жақсылап осір!

– Койши, қайдагыны айтпа, жазыласын!

– Ауруым күшейіп барады. Ажатдан Корқыт бабамыз да
қашып құтыла алмаған. Потигонның улы жыланы мені де білдірмей шағыпты. Өкінетінім, өмірде ештеңе бітірмегім. Отызга
енде шықтым, бірақ орда бұзбадым. Екеуінді панаңыз қалды-
рып барам. Ен болмаса, үй де салмадым, ағаш та отыргызыба-
дым. Сен дүниеге сәби әкелем деп едін, мен ақымақ соган да
карсы болып, табиғатка карсы шығыппын. Енді соның зарын
тартып жатырмын...

Бұл Әмірдің бақұлдақсаны екен. Мен жастықпен мұны
анғармай:

– Жаным, қойши, сен жазыласың, тағы балаларымыз бола-
ды, – деумен болдым.

– Аяш, сен байкамадың ба, бүгін менің карним бөртіп
кетіпті.

Таңертең денесін шешіндіріп қарамап едім. Сөзінен жүрегім
зуылдаң, жейдесін көтеріп жіберсем, шынында да, ішін шұбар-
ала қан түйіршіктері басып кетіпті. Ішімнен секем алтып қалсаң
да, қорықканымды білдірмей:

– Ауруың сыртқа теуіпті, енді күш алтып кетесің, – дедім.
Бұл аузыма құдай салған жақсы сөз еді.

Ер адам кейде баға сияқты ғой, Әмір елең етіп:

– Шынында да, баяғыда маган қызылша шақканда, әжем
іштегісін сыртқа шығарамыз деп қызыл шарап ішкізген. Ер-
тесіне денем қып-қызыл болып түгелдей бөртіп шыға келгенде,
үйдегілер «сыртқа тепті, енді жазылады» деп қуанған. Содан

кейіш бетім бері қарап, жазылып кеткем. Осы жолы да сөйтсе жаксы болар еді, – деп, баладай қуанды.

Шындығында, аурудың денесін қызыл бортпе басып кетуі, осы аты жаман аурудың көп белгісінің бірі еді. Оны маған он-котог дәрігер айтқан. Ішім бір сүмдикты сезгендей, қалтырап кетті. Сол күні ұлымен ойнап. Дәу ағамен елдегі саясат жайын сөйлесіп, женгесімен қатжындастып, өте көнілді отырды. Үйдегілер де «беті бері қарап келеді» деп мәз. Әсіресе, ұлым әкесін құшактап, алдына жатып, әбден еркелген.

Сөйтсек, бұғын Әмірдің бой жасағаны еken гой. Әлсіз үмітті таяныш етіп, маған да қарап кояды. Көзінен айықпас мұн байқағам.

Күн бата бойынан қуаты қайтып, ішкен тамағын тастап, әлсіреп қалды. Демалысы жиілеп, тәмендеп барады. Құдерім үзілуге айналды. Ол да өмірді қимай жатыр ма, менен көзін алмай, мөтиіп қарайды. Екі жанары тесіп барады, бірақ оны ажақдан арашалап қалатында қолымда қандай шара бар? Әмірді қимайды, өмірді соншалықты сүйетін жатындаған жаста емес не?! Колынан ұстап отырдым да қойым. Дыбысымды шығармай жылтаймын, көз жасыма не бола алмаймын. «Құрыды гой сорлы, түк көрмей кететін болды-ау!» дей берем ішімнен. «Мына опасыз дүние сені аямай, қыршынынан қызып бара жатқаны-ай!». Апам «Алла сүйген құлтын сынаїдь» деп отыруши еді, мені сынаудай сыйнап келеді. Айдымен қызынан айырылдым, енді арқа сүйер азаматынан айырылсам, көрер күнім не болмак?

Дәу аға да інісінің жағдайын айтқызбай ұғып, жанында болды. Баларап жатып қалған сон. Сыргаш женешем үшеуміз Әмірдің қасынан бір қадам ұзамадық. Жаны қиналмасыншы деп, мейірбике шакырып, ауруын басатын дәрі ектірдік. Кеүдесі сырғылдаپ, сұлық жатыр. Жүрегім бүгін түнде болатын бір жамандықты сезгендей атқақтайды. Дәліздегі үлкен сағаттың қонырауы үш рет соғып, түн жарымы болғанын хабарлады. Ағай мен жеңгей өз бөлмелеріне кетті. Мен Әмір жатқан диваниң бас жағында жеке орынтақта отыр едім, кенет қалғып кетіппін. Әлті тұс тағы кірген...

Сол баяғы Алматының алма бағында жүр екенбіз деймін. Сұнкарым қасымда. Таудың етегіндегі бақ уытжып тұр.

Кып-кызыл атмалар күн нұрымен шағылтысып көз тартады. Сұнқар: «Апа, әкем қайда?» – дейді. Мен: «Қазір келеді», – деп, атансыз бақ ішін ара-дал жүрмін. Бір кезде бактың түп жағынаң баяғы қазаншұнқырды коремін. Жетіп барып, үніліп қараймын. Тіпті тереңдеп кеткендей. Барынша еңкейіп қарап жатырмын. Ішінде ештеге жок! Бұл жолы қазаншұнқыр бос еді...

Шошып ояндым. Терезеден себезгілеп жарық түсे бастапты. Үйдің іші атакөленке. Әмір жатқан диван анық көрінді. Жанағы түстен шошынған жүргегім өлі дүрсілдеп тұр. Атып тұрып, жарықты жағып, күйеуімнің жаңына келдім. Үйықтап жатқандай. Ұртынан аққан қан жастығына тамып қалыпты. Әмірімде өлім көрмегем гой. Есім ауып, «Әмір! Әмір!» деп жүлкелай бердім. «Дәу ага! Женеше!» деп, айқайладап жатырмын. Жатын болмелерінен олар жүгіріп келді. Дәу аға інісін құшактап атып, жүргегін тыңдал жатыр. Женешем телефон құтагына жармасып, дәрігер шакырды. Үй ішінде абыр-сабыр басталды. Жедел жәрдем де тез жетті.

Семей өнірінің тұрғындарын қынадай қырган радиация кеселі мені жарымнан, ұлымды әкесінен, ата-анасын сүйікті баласынан, агаларын бауырынан айырды. Таң алдында козі бір ілінген сәтте атып кетті...

Институттан кейін «өсіп-онем» деп, арман арқалап, туған жеріне қайтып келген аптал азаматтың мүрдесін туған шаңырагына атып келдік.

Ел-жүрт, агайын-туыс, жора-жолдас тайлыш-таяғы қалмай, көніл айтып, келтіп жатты. Бәрінің жанарында жас өлімге деген аяныш, жақындарын шетінен қынадай қырган атом жарылысына деген қарғыс, өшпендейтілік бар. Арысы Алматы, берісі Семей болып, жаназага жиналған жүрт көшеге сыймай кетті. Полигон зардабы айналып отпей, жас омірін жалтаған Әмір де ата-бабалары жатқан корымға жерленіп, жаны мәңгі тыныштық тапты.

Кайнардагы рухы мықты қазақтар

Уақыт өтіп жатты. Айдың-күннің аманында қара жамылып қалғам. Жақындардан бөлек жұстаныс, көзтаныс жүрт та кіріп

шығын, кісі аяғы қырқы өтсе де басылтар емес. Әмірдің жолдастары әйелдерімен келіп, көңілтімді аулаап, біраз қасымда отырып кетеді. Қүйеулерімен жарасып келген қатар құрбыларамды көріп, ішім күйеді.

Жап-жас жарымның өлтімін кімнен көрейін енді?! Құдай басқа салды, пенде көнді.

Ақ қанға ұшырағанын сүм полигоннан көріп, ертелі-кеш қарғап-сілеймін. Ауыр да жауапты қызметі бір жағынан қанын сүйылтып, жанын жеп жіберді ме екен?!

1949 жылдың 29 тамызы күні Семей ядролық сынақ полигонында алғашқы 22 тонналық атом бомбасы жарылған.

1989 жылға бейін 470 ядролық жарылыш жасалған. Оның 354-і жер асты, 28-і жер үсті, қалған 90-ы әуеде жарылған. Осылайша, Семейде 40 жыл бойы сыналған ядролық жарылыштардың жиынтық қуаты Хиросимага тасталған бомбаның қуатынан 2,5 мың есе асып туспітті.

Карғамағанда қайтейін? Сұнкарым аман болса екен!

Кайғы жамылтып отырган каралы үйге кіріп-шығып жаткандарда сан жок еді. Кеш батып, кісі аяғы басылғанда, келіндер мен колға су құйып жүрген жамағайын жігіттер кенет әбігер болып, жүтірісіп кетті. Арнайы көніл айта келген Медеу Сәрсеке екен. Қайнарда туып, сол жердің сүйін ішіп өскен, Семей өнірінен табан аударып ешкайда кетпеген бұл кісі осы әүлеттін жақсы сыйласатын бір адамы еді. Марқұмның аруағына бағышталып, қуран-қатым оқылған дастарханда біраз отырган. Жүзі жылты, галым адамның дегдарлығы ерекше еді. Сүм полигонга лағынет айтып, мұның шағып жылаған шешеге басу айттып, «бұл бір қызыл көз пәле болды» деп, басын шайқап үнсіз қалған.

«Естерінізде шыгар, біз онда баламыз ғой, – деп, ата-енеме қаратып, бір әңгіме бастады. – Қүйік бұлағына қошірілген Абыраты тұрғындарының үақытша қонысына оралдық. Бүгінгідей есімде: 29 тамыз күні ертеңгіліктеге әкеміз інім екеумізді шырт үйқыдан тұрткілең ояты. Итарқа ішіндегі қыздары мен шешемізді козғаған жок. Үрейленгені сонша, ақшыл беті әп-

пак қудай, қонырқай көзі шарасынан шығардай бол ақшиып кеткен, жирен мұрты едірейіп, тілі байланған кісідей зәресі үшіп, құнбатыс жақты нұскады. Балалық түйсіктен арылмаған кезіміз, «О не? Неден шошыдыңыз?» – деги, аспан көгіне қарадық. Ертіс жак көкжиектегі аласпыран доданы бірден көрдік: көкжиекте екінші күн пайда болыпты. Соны қоршаған қызылқоңыр бұлт шоғыры аспанға қарай созыла түсіп, ақшулан түске енді; іле-шала қызаран тартып, әлгіден бетер ұзарып, жан-жаққа үйдек-түйдек тараға бастады.

Ертістің бергі жағасындағы, бұл енді біз отырған жерден кем дегенде 200 шакырымдай қашықтан белен берген, бұрын-соңды көрмеген құбылысты бес-он минут бақылаудан соң, құнбатыс жаққа, Абыралты атырабына қарадық: бір тәуірі ол жакта тенгедей бұлт жоқ, аспан шайдай ашық екен.

Әкей: «Ештеңе сезбедіңдер ме? – деп сұрайды. – Мен күн шықпай ояндым. «Бұғін де күн әлекей қызады-ау» деп айналға қарап отыр едім, көкжиектен өуелі көзді қарығандай күшті жарық жарқ етті. Құдды бір шыққан күнмен таласа туған екінші күн сиякты. «Бұл не сүмдүк?» деп тілімді көлимага келтіріп, көз алмай бақыладым, сөлден кейін жарығы өлеусіреп, қып-қызыл отқа айналды, ақырында атабажақ бұлт болды. Сол түстан күн күркірегендей әлей дауысты естідіндер ме? Жә, мынау не?».

Мен: «Табиғаттың құпия құбылыстарында өзгеріс көп. Сірә, мынау да соның бірі» дегендей жорамал айттым.

«Жоқ, балам, бұл табиғат құбылысы емес. Мениң білуімше, бұл – бізді бауыр басқан мекенімізден айдалаға көшірген пәле-кеттің тұра өзі. Әубәкір қырт әскери ойын деп ертеректе айналдырған, шындығында, мынау әлей күшті карудың сынағы, – деп, әкей әлдекімге кіжініп басын шайқады. – Тек артының қайырын берсін. Әзірейілдей анау қып-қызыл бұлты құрғыр қанша жерге тарайды, қайда барып жауын болып жауады, қанша жерді бұлліреді? Оны бір Алладан өзге кім біледі? Біздің де айдалаға көшкеніміз содан. Соны алдын ата ойластырған үкіметке рахмет! Тек дымың ішінде болсын, не көрдің, мен не дедім, ешкімге айтпа» деді. Көкжиектегі көтерілген «екінші күнді» Күйік бұлагында жатқан үлкендердің бәрі де көріпті.

Бірер сағатта такиядай төбенің өр пүшпагынан гу-гу сөз өрбіді. Бәрінің айтары бір уәж: бүгін біздің жерде бұрын-сонды дүниеде болмаған әлекей сынақ жасалды, соншама жерден көрініп, жойқын дүмпүінің айдаладағы бізге сезілтүіне қараганда, сірә, керемет күшті қару! Үйреншікті жұмысынан ойда жокта ажырап, жел өтінде күнсіп жатқан жұрттың бір-біріне дабырлап жеткізген болжамы, әркім үстеме ақпарлар косып, өзінше күштейтіп, жаппай гүлеткен өсек-аяны тұс ауа сап тыйылды. Өйткені күндізгі сағат төрттер шамасында желаяқ үгітшілер жұртты төтенше жиынга шақырған-ды».

Медеу ағаның әңгімесін тыңдай отырып, Абыралыдан шықкан белгілі ақын Бауыржан Жақыптың «Тамыздың жиырма тоғызы» деген өлеңі есіме түскен:

*Тамыздың жиырма тоғызы,
Күн емес, алып шар шықты.
Аспан көзінен қан шықты,
Дегелен өдеген өр таудың
Кеудесінен сол күн жсан шықты.
Тамыздың жиырма тоғызы,
Жандырып жанды өрт етті,
Айықпас тәнге дерт екти.
Бағалар қанша ерте өтті,
Інілер қанша ерте өтті.
Аналар менен агалар,
Әкелер менен аналар,
Карындастар қанша ерте өтті.
Тамыздың жиырма тоғызы...
Рамазан айы Ұлы Елің,
Алғадан тілек тіледің,
Сыйғызып ойды өлеңге,
Жаһанды жүтқан жарылтыс,
Болнасын енді әлемде! –*

деген ақын олеңінің өзегінде адамзатқа касірет әке.тген ядролық сынақтар зардабы әлемде енді қайталанбасын деген иғі тілек жатқан еді. Полигон туралы осы үақытқа дейін жинаған

деректерім бұл кезде бірнеше бума болған. Медеу ағаның айтқандарын ойша қорытып отырып: «Шамасы, сол жолы сыналған сутегі бомбасы болды. Иә, иә, термоядролық қарудың алғашкысы болатын, – деп топшыладым. – Кенес мамандары айрықша ұтымды жолмен ойлап тапқан бұл бомбаның көлемі ұшакпен тасымалдауга онтайты шағын әрі женіл, ал күш-куаты АҚШ мамандары бір жыл бұрын сынаған «Эниветок» атом бомбасынан да жойқын болатын. Осы «жобаны» сәтті сынағаны үшін И.В. Курчатов екінші мәрте Социалистік Еңбек Ері атанған.

Міне, «мысыққа – ойын, тышқанға өлім керек» деген осы. Семей халқы атом сынағынан қасірет тартып жатқанда, оны ойлап тапқандар атақ-марапат атып жатты. Неткен парадокс? Бір ұлттың тағдырымен ойнады деген осы емес пе?! Сол Курчатовтың аты әлі күнге Қазақстанның үлкен бір қаласының атын иемденіп келеді. Осы да әділліктік пе?! Оның атын мәнгілікке өшіру керек кой!

Радиацияның ионды сәулесін бойларына сінірген Абыралы, Дегелен, Ақбұлак, Қайнар, Саржат, Қызылту жұртшылығы тек сексенінші жылдардың сонында ғана денсаулықтарына зиянын тигізіп жатқан сынақ аймағы туралы шындықты біле бастады. Бұған дейін «әскери құпия» саналып келгендеңіктен, радиация зардабы туралы Кенес өкіметі жүмған аузын ашпайтын.

Атом бомбасы сыналған жерлер карақошқылданып, осімдіктері ерте сарғайып кететін радиациялы жерден ан-күс біткен ауа безіп кеткен. Қөгінен көлбеп үшқан құстың көтенкесі де көрінбейтін «өлі» табиғатқа айналып бара жатқан аймақтан табан аудармай отырғандардың гендік түкым қуатай факторы бұзылып, алтыншы-бесінші буындары кемтар болып туып жатты. Жер тітіреткен дүмпүлдердің ащы зардабын кейін тартатындарын білмей, үйлерінін төбесіне шығып алып, аспанға көтерілген «санырауқұлакты» қызықтайды екен. Бұл сынақтардың осы аймаққа атапат ауырталық атып келгенін бастарына түскенде бір-ақ білді. Нәрестелер түрлі диагнозбен дүниеге келіп жатты. Мутант болып тұғаны қаншама. Психикалық ауытқышылықпен тұғандары ше?

Кей отбасылар өз шанырағында жарымжан нәрестенің туғанын намыс көрді, кайсыбірі өздеріне Алланың жіберген жазасы деп қабылдады. Анығында бұл ядролық сыйнектар залалы еді, оның сұрауын сол кездегі үкіметтеп сұрау ойларына келмеді. Өйткені нақ себебін тым кеш білген.

Ересектер жүре жабысқан бейдауа дерттен дүниеден тез өтіп жатты. Қан туйіршіктері «шатасып», ақ қан ауруына ұшырағандар, радиация сінген адам ағзасының бұзылып, ерте қартаюы, әлсіздік пен белсіздік, асказан обырына ұшырау, жас әйелдердің түсік тастауы, 18-19 жастагы жігіттердің тамақ безінің шошиныуы, кенеттеп үрэй билеген жасөспірімдердің асылып өлуі (радиофобия) қыр елін жаппай жайлады.

Бұл кеселдің алдын алудың бір ғана жолы – атом сыйнектарын тоқтату болатын.

Өлкелік патология институтының директоры, профессор-медик Бақия Атшабарұлы кезекті енбек демалысын Қарқаралыда өткізіп жүреді екен. Ол кісіге партия қызметкері Сыздық Ракымбекұлы деген байырғы досы бір келгенінде:

– Қыр елінің жағдайы ауыр, Бақия дос, бойын кенет үрэй билеген балтyn жастар түн ішінде төсегінен безініп, өз-өзіне қол жұмсайды. Ақ қан ауруы жиіледі. Мұрнынан кенет қан саулап, жүргегі катты қагып, демікпесі ұстап, денесіне шұбарала дактар қаптап кетеді екен. Бұл осы ақ қан ауруының белгісі. Ең қыны, ана құрсағынан шала есті, бір мүшесі кем туатын нәрестелер көбейді. Қол-аяғы жоқ, бет-аузы, таңдайы жоқ, қоянжырық балалар туып жатыр. Ата-анасы оларды сырт көзден жасырады, сондықтан олардың бар, не жоқ екені білінбейді. Естуімше, Абыралы, Шынғыстау атырабында осындай дертке ұшырағандар көп деседі. Қыскасы, Қарқаралы оязына қараған жиырмана екі болыс қалың ел дауасы жоқ сыркатка душар болды, – деп жеткізілті мұнын.

Бақия Атшабарұлы осы әнгімен кейін Фылым академиясы мен Денсаулық сақтау министрлігіне хат жолдалап, жедел дабыл қаққан екен. Фылыми экспедицияның құрылтуына мұрындық болып, оны өзі басқарып, Семей облысына апарыпты. Екі жыл қатарынан шыққан бұл экспедицияның клиникалық зерттеулерінің нәтижесінде, жоғарыда айтылған аурулар нақтыланып-

ты. Өзінің «Семей ядролық полигоны туралы адасу, өтірік пен ақиқат» атты ғылыми еңбекінде Бақия Атшабарұлы Абай ауданының тұрғындарын көбірек дендеген аурулардың айрықша белгілері туралы былай жазған екен:

«Қакырынғанда, түшкіргенде өнеш пен жұтқыншактан жылымши қан білінеді. Жыныс пен тыныс мүшелерінен де қан жылымшылап ағады, адам терісіне қарайған дақ түсіп, түрліше зақымдануға ұшырайды (эрозия, лейплакия, гиперпигментация, телеангиоэктомия, білек пен сирактың ашық жерінде күнге күйіп қақталғандай айрықша жолактар пайда болып, тыранектар өз-өзінен жұмырылады, астения мен астения-вегативті синдром айқын байқалады, дененің кейбір тұсында, буында қан үйіп, сарысу пайда болады, соның салдарынан қан айналымы нашартайды, қанның үйіғыш қасиеті жойылады» деп, он бестен астам белгіні атапты.

Кайнар, Саржат, Абай ауданы мен Шыңғыстаудың теріскейі мен күншығыс бауырындағы елдімекен тұрғындарына тән аурулардың 12-13 белгісін топтастырып, «Қайнар синдромы» деген ат қойып, «Рас, полигон жабылды, бірақ сынақ зардалтары 300 жылға дейін созылуы ықтимал» депті ғалым.

Бір үзілісте мектеп кітапханасына келіп, Медеу Сәрсеке ағамыздың «Семей қасіреті» кітабын параптап отыр едім. Бұл кітапта талтай шындықтың беті ашылған. Әсіресе, 1968 жылдың 18 шілдесінде Егіндібұлак кентінің байырғы тұрғыны, отыз екі жастағы көлік жүргізушісі Телтай Күйіков пен Рымжан Сейділдәкізының отбасында болған жағдай елең еткізген:

«Аудан орталығындағы аурухананың гинеколог дәрігері мен медбикесі жарық дүниеге келгенін шар-шар еткен зор үнімен мәлімдеген нәрестенің кіндігін байлаганда, қолдары қалтырап, бір-біріне шошына қарап қалған. Баланы анасына көрсетпей, қашығырап жерге далдалаган. Содан отар: «Мына нәресте осы күнге дейін біз көрмеген, білмеген шарана, не істейміз?» десіп, төтенше мәстихат өткізген. Сәбидің жон омыртқасы иілген догадай, кәдуілгі бүкір; ең шатағы, баланың екі қолы жок; ал жүрек соғысы, кос өкпесінің демалысы сау баланікіндей, салмағы қалыпты...

Баланың әкесі, ет жақын тұыстары ауруханага шакырылады. Дәрігерлерді шошытқан сүмдық ақпарды естігенде, Телтай сорлы: «Бұл енді Құдайдың жіберген жазасы маған. Тек не үшін жазықты болғанымды білмеймін. Бір пендеге жасаған зәредей қысастығым жок. Не дерімді білмей отырмын, жарандар!...», – деп кемсөндейді.

Ағайындары да қапелінде не дерін білмей, есенгіреген туысын құшақтап қоса енірейді. Биология пәнінен сабак беретін мұғалім көршісі: «Телтай інім, бекерге егілме, Рымжан келінің мына бұлдіршіні кемтар болып туганына зәредей кінәсі жок. Сендерді сорлатқан әскери көршілеріміздің жиі дүнкілдеткен жарылсы. Мүгедек нәрестелер полигонға ұрымтал ауылдардың бәрінде тууда. «Рымжанды шошытпаңдар, бойын жинағанша балқанның орауын ашпай емізсін. Телтай, інім он екі мүшесі сау балаларың аман болсын!» – деп түсінік айтады», – деп, қазірде әлемге танымал суретші Кәріпбек Қүйіковтің дүниеге келгенін сипаттапты.

Мен Кәріпбекті «Невада-Семей» антиядролық қозғалысына катысушылармен бірге Қарауылға келгенде көріп, әңгімесін өз аузынан естідім. Екі қолы нығынан жок, жейдесінің жеңін шалбарының қалтасына салып қойыпты. Жанары ашық, жалпақ беті мейірімді, дауысы құлағына жағымды екен.

– Мен өмір баки әкеме ризашылығымды айтып өтемін. Неге десеніз, дүниеге келгенімде, дәрігерлер менін қандай күйде туганымды анама айтты. Ол үш күн бойы маған жақындағ алмады. Дәрігерлер болса, көп қиналмай, бір екпе жасауды ұсынған. Алайда әкем келіп, інгелап жатқан мені көргеннен кейін бірден үйге алтып кетіпті. Артынан мен ер жетіп, өсken сон, әкем шакырып алып, өз ақылын айтты. «Кәріпбек, сен ешкімді кінәлаушы болма, бұған ешкім кінәлі емес», – деді ол сол кезде. Әкем ештеңсін аяғаң жок. Оқуға түсірді, білім алуға жағдай жасады. Бәлкім, сурет салуда мен данышпан емес шығармын. Дегенмен, әкемнің арқасында адам болдым. Әкемнің батыл шешімі арқасында мен казіргі дәрежеме жетіп отырмын. Ата-анама мың алғыс!

Біздің ауылда мүгедек балалар өте көп еді. Мәселен, біздің үйге іргелес көршіміздің алты баласы болды. Олардың бар-

лығы түрлі дengейдегі ауытқушылықпен туган. Экелері өз перзенттерін сырт көзге көрсетуге ұялып, олардың даға шығуына карсы болып жататын. Ал мен, керісінше, өзім құрал-пы балалармен асыр салып ойнайтынын. Ол уақытта өзімнің қандай жағдайда екенім санама мүлдем кіріп те шықпайтын еді», – деді.

Кәрібек өзінің отбасында, әке-шешесінің жанында алты жасқа дейін тұрып, кейін арнайы интернатқа кеткен. Экесі баласына протез жасатуды армандайды екен. Сол оймен, баласын Алматыдағы Протездеу институтына апарады. «Дәл сол кезде Ленинградтағы протездеу ғылыми-зерттеу институтынан арнайы комиссия келіп жатыр екен. Дәрігерлер мені көріп, «бұл балаға дереу протез салайық» деген тоқтамға келеді. Сосын әкем мені Ленинградқа апарды, сондағы институтқа жатқызыды», – дейді ол.

Содан бастап Кәрібек Ленинград, Воронеж қалаларындағы мүгедек жасөспірімдердің мектеп-интернатында оқиды. Сол жакта он бес жыл оқып, тәрбие алып, сурет салу шеберлігін үйреніп қайтады.

Өзінің айтуынша, интернатта оқып жүрген кезден бастап-ақ аяғының саусактарына қылқаламын қыстырып алып, сурет салу, мектептің қабырға газетін безендіру оған ерекше сезім сыйлайды екен. Мұндай жанкиярлықпен сурет салу оның омыртқасына кері өсерін тигізеді. Дәрігерлердің ақыл-кенесіне жүгінген ол қылқаламды тісіне қыстырып алып сурет салуын жалғастырады.

«Семей-Невала» қозғалысы арқылы әлемге танылған Семей сынақ алаңындағылар әлем фотосуретшілерінің жіті на зарында еді. Қебінің аты дүниежүзіне танылып та үлгерген. Солардың бірі осы Кәрібек еді. «Кәріп» деген сөздің түбінде «мүгедек» деген мағына жатыр. Дүниеге ерекше болып келген соң, ата-анасы есімін солай қойған шығар. Өмірден тауқымет көрсе де, әлемге кенпейіл көнілмен, асқан мейіріммен қарайтын, мандағы жазық, айрықша жаратылтыс еді. Жан дүниесінен ізгілік білінеді. Устіндегі киімінің жені иықтан төмен салбырап тұр. Сөзі тас жаратындаиды нық та дәлелді. Салған суреттерін көргеннен соң, ерекше дарынына тәнті боласын. Екі қолы бірдей

жок болғанымен, осы қалпында төрт күбыласы түгел, мақсатына жеткен кемел жандай. Қарайсың да, рухының мықтылығына қайран қаласын. Кәрібектің жанында үнемі әпкесі Сәуле бірге ілесіп жүреді. Қемектесіп, қолғабыс жасайды. «Мен радиация залалын өмір бойы тартқан жанмын. Менін азабымды басқалар көрмесін, күллі әлем халқы ядролық жарылыстарды сынаудан біржола тыылсын, сол үшін күрсесейік», – дейді аягымен сурет салып, әлемге танылған қайсар суретші.

«Қауіпті аймақ» санатындағы полигон маңында тұратындар атамекендерінен күшпен көшіріліп, сондағы алған эмоциялық сокқы былай түрсін, қырық жыл бойы ядролық сынак зардабы денсаулығына әсер етіп, тұқымы тұздай кури жаздағанын қалай ұмытуға болады? Бұндағылардың жиі шалдығатын аурулары басқа аймақтармен салыстырғанда, аса көтерлі де қауіпті екені жасырын емес. Мұнда ядролық сынактың алғашкы құрбандарының үшінші-төртінші үрпағы өмір сүруде. Орташа өмір сүру көрсеткіші 48-50 жастан аспайды, яғни, алпыс жасқа жетудін өзі арман. Жергілікті сазгер-ақынның жан күйінішін паш еткен «60 арман» деген өлеңінің шығуына осы жағдайлар әсер еткені білінеді.

Радиолог ғалым Сайын Балмұханов: «Ядролық полигон менің көзіммен» деген еңбегінде: «радиация залалына тап болған адамның келешегі каран, өзі ғана емес, ол кесел кейінгі үрпағына да тараиды», – деген екен. Мұны естіген абыралтылық ақсақал немересіне:

– Ғалым болса ғалым шығар, зерттесе зерттеген шығар, бірақ ол жылқы тектес қазақтың қаны ештенеге бой бермейтінін біле ме екен?! Сол аждаһаның аузынан шықкан оттың ортасында жүріп, міне, сексенге секіріп міндім. Осы ауылда атомыңа бой бермей отырған мен сияқты біраз кемпір-шал бармыз, соған күшті қайдан алып отыр демейсін бе? – депті.

– Иә, ата, құпиянызды аша отырыңыз, – деп әнгімеге тар-тыпты немересі.

– Бізді ажалға бермей отырған жылқының еті мен қымызы, карғам. Төрт тұлқітің ішіндегі ен қасиеттісі жылқы ғой, шіркін! Тегіннен-тегін жеті қазынаның бірі бола ма? Жылқы маты атам заманнан бері судың тұнығын ішіп, шөптің асылын

жейтін текті жануар ғой. Мына Шыңғыстаудың бауырындағы жусан мен көде соның тамагы. Олар өте құнарлы, емдік шөп. Сезімтат, кірпияздығы өз алдына. Жылқы өз жатырына өзі шаплайды. Өзінен тараған байтаңды көріп қалса, үйірден қуып шығарып жібереді. Құдды жеті атаға дейін қан аратастырмайтын қазақ сияқты. Содан оның қаны да таза, еті мен сүті де қасиетті. Сәулеленудің уын қайтарып отырган сол қасиеттері, – депті аксакал.

Абралида, міне, осында «Қайнар синдромын» басынан өткізіп отырган рухы мықты казактар не көрсе де шыдап, ата-бабадан мирас боп қалған қасиетті жерді тастап кетпей, өздерінің қайсар рухымен өсіп-өніп жатыр.

Өмір дәмін сезбей жатып, жас отбасымыздың керегесі қақырап, шаңырағы ортасына түскенін полигоннан көрмей, кімнен көрейін? Айдын, күннің аманында арқа сүйер азаматынан айрылып, қара жамылдым. Мен жесір, үл жетім қатды. Жарымжан қызым шетінегенде, ішімді қара қазандай қайнатқан өкінішім өрши келе бітеу өшпенделілікке айналған.

Әмірдің қырқын өткізгенше ауылдағы үлкен шаңыракта болдым. Көніл айтып, алтыс-жақыннан келгендерге дастархан жайып, шәйін құйып жүрдім. Басыма түскен қайғыны бөлісу үшін төркінімнен әке-шешем мен Өмірхан ағам келіп кетті. «О, соры қайнаган қызым-ай, ендігі күнің не болар екен?» – деп, апам жытай берген. Әкем бауырына тартып, мандайымнан сүйіп қошасты. Не болса да ішінде ғой... «Аяш, өзіңе мықты бол! Сұнқарды атып жазда ауылға кел», – деген ағам да, басқа не десін.

Қырқын өткізген сон, ата-енем маган қызметімді жалғастыруға рұқсаттарын берді. Сұнқар екеумізді Дәу ага мен Сыргаш женешем Қарауылға жеткізіп салды. Жол бойында Дәу аға:

– Аяш, мектептегі әріптестерің карасады демесен, бұл жерде ағайын-туысымыз жок. Семейге келсен, мектептен орын тауып беретін едім, – деді. – Сұнқарды да жаксы мектепке берейік. Әзірге біздің үйде тұрындар, кейін баспана жайын қарастырапмыз, – деген.

– Аған дұрыс айтады. Қарауылға сендер Әмірдің қызметіне бола келіп едіңдер, енді біздің жанымызға көшіңдер, – деді женешем де.

Сол сиякты, кайын ағам ата-енемнің қолына баруға қалай қарайтынымды да сұраған, оған өзім ауылға барғым келген жок. Ата-енем жақсы адамдар болғанымен, енді мен Сұнкардың болашагын ойтауым керек. Оның үлкен қалага барып оқығанын дұрыс көремін. Заманның өзгерісі мынау, дұрыс білім алмаса, келешегі қалай болады? Ендігі менің барым да, нарым да осы – жалғызыым.

– Рахмет, Дәу аға, мен жаңа оқу жылында жұмыска шыға-ын, жағдайымызға қарайын. Сұнкар да биыл мектеп табалдырығын аттамақшы. Сіздерден көмек керек болса, өзім хабарын беремін гой, – деп, шығарып сатдым.

Әмірдің қызметінен берілген үш бөлмелі пәтерде Сұнкар екеуміз тұрып жатырмыз. Құндіз екеуміз де мектептеміз, жа-бырқағанымыз білінбейді. Кешке қарай қатты жетімсірейміз. Соны байқатшау үшін жатарда балама ертегі айтып беремін. Бірақ менің ертегілерім көбіне жан-жануарлар жайлыш болып келетін. Ерке бала оны ұнатпай:

– Апа, сіздің ертегілеріңізде атам, әкем айтатын Шық бермес Шығайбай, Көлтаусар, Жеңістірнек, Желаяқ, Жалмауыз кемпірі жоқ кой! – деп қызылық салады.

– Батырлары жоқ, бәрі корқактар! – деп ашуланады. – Сіз батыр дегеннің кім екенін білмейсіз!

– Неге білмеймін? Бауыржан батыр бар, Талғат Бигелдинов бар, – деймін.

– Мен танымаймын оларды! Қамбар батыр, Алпамыс батыр, Қабанбай батыр – біздің аталарымыз! – деп айқайтап жіберді.

– Сен оларды қайдан білесін? – деймін әкесіне тартқан қай-сар мінезіне қайран қалып.

– Әкем айтқан! Қабанбай батыр найман деген, – деп, кіп-кішкентай болып, қабағын түйіп, кәдімгідей айбат шегеді. Әкесін сағынып отырганын түсініп, бауырыма басып, «алдағы уақытта батырлар туралы көп ертегі айтып берем» деп жұбаттым.

Құдай-ау, әкесі қай кезде сонша ертегіні айтып берді екен бұған? Оның барында да тәуліктің жартысынан көбін баламыз екеуміз бірге өткізетінбіз. Әкесі сенбі күні де жұмыста. Тек жек-сенбі үйде еді. Оның өзі шаруаларымен, дос-тустының дастархан-

нына барумен өтетін. Сол азгантай уақыттың өзі Сұнкардың жүрегінде естелік болып қалғанын байқадым.

Бірде төсегінен тұра салып ас үйге жүгіріп келді де:

– Апа, бұғін жұмыртқа пісірші, – деді.

– Қандай жұмыртқа? – дептін, тоназытқышты жуып жатқам.

– Кәдімгі жұмыртқа, көкеммен соғыстырып ойнаушы едік қой, – деген.

– Жарайды, – деп, дереу төрт жұмыртканы суга салдым.

Сұнкар әкесі екеуі бүтін піскен жұмыртканы соғыстырып, «мен жендім», «жок, менікі жарылмады» деп, таңғы шәйдін үстінде ойнат отыратын. Сол есіне түсіп кетсе керек, сағынғаны да болар:

– Апа, неге төртеу-ак пісіргенсің? – деді, тәрелкеде домаланып жатқан төрт жұмыртқаға қарал.

– Енді нешеу керек еді?

– Көкем екеумізге «Сендер жігіттерсіндер, үш-үштен жендер, мен қызыбын, біреу-ак жеймін» дейтін едің гой, – деді аузы бұртиып.

– Солай гой, жігітке – үшеу! Қызға – біреу, – дедім, ойымда түк жок.

– Әкеме пісірмеген екенсің гой, – деді де, біреуін алып:

– Кел, екеуміз соғыстырайық, – деген.

– Кел! Бәрібір сен женесін! – деп, мен әкесі сияқты соғыстыра бастадым. Сұнкардікі быт-шыт болды. Менің жұмыртқам жарылмай қалды.

– Апа, сен жендің! – деп ұлым мәз болды.

«Иә, мен енді күшті болуым керек. Өйткені енді біздің арқа сүйер ер азаматымыз жок. Сен өскенше мен күшті болам, ұлым!» дедім ішімнен өзіме үлкен жауапкершілік жүктеп.

Кешікпей, ұлымның мектепке дайындығын да бастап кеттік. Екеуміз жәрмеңкес барып, мектеп формасы мен сөмкесін, қажет құрал-жабдықтарын алдық. Екі-үш күн бойы балам соларды қызықтап, теледидарға да қарагысы келмей қалды.

– Апа, көкем көргенде гой! – дейді бар «байлығының» ортасында отырып.

Жетіден енді асқан баланың үнінен үлкен сағынышты байқағанда, жаным дір етеді. Устелге шығып алып, терезенін пер-

десін іліп жатқанмын, балға айттар сөз таптай, антарылып калдым. Ол менің жайыма назар аудармай, тағы да:

– Саттар кеше әкесімен барып ролик атыпты, менің де көкем болғанда алып берер еді, – деді.

Енді бір нәрсе айтуым керек екенін біліп, үстелден түстім. Алдында ауылдағы атасы: «Сұнқар, ертең апаң екеуін үйлеріне кайтасындар. Көкен алыска жұмысқа кетті. Ол жакта ұзақ жүреді. Сен апаңның тілін ал. Күзде мектепке барасын, жақсы оқы. Каниқулға шыққанда бізге келіп демал» деп, біраз ақыл айтқанда үндемей тындал, тек басын изей берген болатын. Соны есіне салайын деп:

– Сұнқар, атан не деп еді саған? «Көкен өте алыска кетті» деген жоқ па еді? – деп келе жатыр едім, ұлым сөмкесін шетке ысырып тастап, атып тұрды:

– Апа, атам да, сен де өтірік айтасындар! Маган Куаныш: «көкен енді ешқашан келмейді» деген. Оны да «көкен келеді» деп алдаган екен, соған сеніп жүріпті ол. Көкесі көп жылда келмелепті. «Ондейлар ешқашан келмейді» деді фой. Сондыктан мен көкемнің келмейтінін біліп алдым, – деп тұр, әкесіне үқсан шәниіп. Куаныш деген ауылдағы кіші қайнұмының баласы болатын, ол да екі-үш жыл бұрын әкесінен айырылып қалған.

Ұлымның сағынышын жан дүниеммен сезініп, еш жауап таппаган соң, көзім жасқа шыланып, үнсіз теріс айналып кеттім. Не дейін?! «Тағы не деп алдайын», өзі айтпақшы. Мені аяды ма, өзі ақырын келіп, алдымға отырды да, мойнынан құшактап алды. Сөзінің маған ауыр тигенін іштей түсініп тұр. Мен де ештене демей, құшактап, бауырыма баса бердім. Ұлымның жаны шыркырап, күйзеліп жүргенін түсіндім. Осылай құшагымыз ажырамай, екеуміз біраз отырдық. Бір кезде телефон шырылдаған. Жағдайымызды білгісі келген Сыргаш женешем екен. Амандық-саулығымызды, мектепке әзірлігімізді сұрады. Сұнқардың әкесінің қазасы туралы білетінін айтып едім:

– Ойпырмай, ақырзаманның балалары-ай, білмейтіндері жоқ. Куаныштың бәлесін-ай, бар білгенін бауырының құлағына күйиپ жіберген десеңші. Сұнқар да бәле, бәрін біле тұра, атасының айтқанына басын изеп қоя салған, – деп таңданып, аяғында екеуіміз де жылап, телефон тұтқасын қойдық. Неме-

ресінің алғашқы қонырауына ауылдан атасы келді. Сұнкардың қуанышында шек болмады. Бар киім-кешегін, кітап-дәптерін, қаламсап-карындашын бөлменің ортасына жайып тастап, атасына көрсетті. Жанынан шықпай, түнімен ертегі айтқызып, әрен үйіктаған. Таңертең қарасам, атасының бауырында пысылдал үйыктап жатыр екен.

Ушеуміз мектепке бірге бардық. Атасы арнайы алған гүлін Сұнкардың алғашқы үстазына сыйлады. Сұнкар да көнілі атып-ұшып гүл шоғын ұсынған. Үш ай демалыста көрмеген шәкірттерім менің де құшағымды гүлге толтырып таставды. Бірінші қыркүйек үстаз мерейін асыратын мереке емес пе, көніліміз бір көтеріліп қалған. Мектептің атшаптырым ауласында тізіліп тұрған оқушылар сабын бойлай, күміс қонырау үнін сыңғырлатқан Сұнкарды жоғары кластың бір оқушысы иығына отырғызып алып, шенберді айналып шыкты. Баламның көзі жайнап, колындағы қонырауын қатты-қатты соғып, жүзі бал-бұл жанады. Атасы екеуміз де мойынымызды созып, Сұнкарға мактанышпен қараймыз.

«Әттен, ұлының осы сәтін әкесі қөрмеді-ау!» деп, еріксіз есіме Әмір түсіп, көзім жасқа шыланған. Осы сәт атамыз да жастай қыршын кеткен баласын ойлап тұрғаны анық еді.

Сұнкарға әліппені бес жасынан өзім үйрете бастаганмын. Сонын арқасында мектепке әріп танып келді, ежіктең оқуға да жарап қалған. Балабақшадағы тәрбиешілері де аз тәрбие берген жок: тақпак жаттатып, ертегі айтқызып, тілін дамытқан. Ә дегеннен сабакқа ынтастың білінді. Бірінші сынып балақандарына әзір баға қойылмайды, сонда да үйге жүлдізша әкелмеген күні болған емес.

Тірі адам тіршілігін жасайды екен, ана мен бала бір-бірімізге сүйеу болып, ол оқуға, мен жұмысқа алданып, бір қысты да артқа таstadtық. Қектем келіп, жер көгерген. Құстар сайрап, самал жел есіп, ертengі күнге еріксіз ынтанды арттыратындей. Уақыт бәріне емші екен...

Дегенмен, Сұнкар ойынга кетіп, үйде жалғыз қалғанда, сағыныш мұнына оранып, көз жасымды сыйып алғатын кездерім де жоқ емес. Әмірмен өткен азғантай өмірімнің естеліктегі санамда жанғырып, онашада қатты жалғызсыраймын.

«Жалғыз ұлы бардың шыгар-шықпас жаны бар, екі ұлы бардың өкпе-бауыр жалы бар, үш ұлы бардың Самаркан мен Бұхарада маңы бар, төрт ұлы бардың аспанға салған жолы бар» дегендей, жаным жалғыз ұлдың үстінде болып, каникулда атасының ауылына жібермедім. «Шықпа, жаным, шықпамен», Әмірсіз өткен бір жыл да өте шықты.

Былтыр қүйрық-жалын күзеп еркіне жіберген қасқа айғырды алып ұрып, ел-жүрт, ағайын-туыс болып, Әмірдің жылын өткіздік.

Жұрт тарқаған сон, ұлken үйде өзіміз қалып, ет тартылып, шәй ішіліп жатты. Атамызға іні болып келетін Есаға деген кісі осы кезде сөз алған:

– Ағайындар! Канша жерден кимай, өкініштен өзегіміз ортенсе де, құдіреті құشتі Алла өзіне алып кеткен ардакты Әміріміздің дүниеден озғанына, міне, бір жыл болып қалыпты. Ағайынға сауын айтып, асын өткіздік. Бүгін әuletіміз бір жыл бұрын қотерген қара ту түсірліді. Шырагым, Аяулым, бұгін сенін басындағы қара шәлі сыптырылды. Әмірден қалған жалғыз түяқ – Сұнкар баламыз біздін тұқымның бір мүшесі. Қазакта «жесір ерден кетсе де, елден кетпейді» деген бар. Қазақ жетімін жылатпаған, жат жерге канғытпаған. Оның үстінен Сұнкардың атасы бар, әкесінің атдындағы агалары – ұлken әкелері, әкесінің сонынан ерген інілері – кіші әкелері бар. Солардың балаларынан кем болмай, әкесінің жоқтығы білінбей ортамызда өссе, нұр үстінен нұр. Енді сен басы бос жесірсін. Қазакта «ага өлсе – женге мұра, іні өлсе – келін мұра» деген бар, білесің. Біздің рудың ер-азаматтары саған қазактың салты боғынша әменгер болады. Сен солардың ортасынан біреуді таңдасан, ұлымыз өз тұқымының ортасында өседі. Қазіргі уақытта әменгерлік кешегі тарихтың бір жүрнағығана бол қалып, заман ағымына сай жалғасын үзген. Бірак бабаларымыз жесірі мен жетімін жылатпаған халық болған сон, осындаі салт-дәстүрді сыйлап, оған сүйенгеніміздің еш әбестігі жок. Осыны саған айту біздің парызымыз, шешім өзіңнен, карагым, – деді.

Отырған жұрт сілтідей тынып тыңдаған. Ағайынның сөзін ешкім бөлмеді. Бұл мен үшін күтпеген ұсыныс еді. Дәл қазір біреуі «мен әменгермін, мен алам» деп атып тұратындаі, бо-

йымды коркыныш билеп алды. Үлкен ақ болысқей самаурынның жанында отыр едім. Елден ұялғаннан, самаурының бауырына жабыстым да қалдым. Алдымдағы өрнекті кесенің бетін он қолыммен жауып алып, айналдыра берілпін. Дастархан басындағытарға әңгіме табылып, ду етіп, әменгерлік тураты сөз таластыра жөнелді.

– Жесір әйелге бұрын құн көру қын болып, оған қоса шиеттей бала-шағаны жалғыз асырау онай болмаған соң, туыстарының біріне түрмисқа берген. Қазір заман басқа гой!

– Рас, жесірмен ілесіп кетсе, үл бала ортадан қол үзетін болған соң, баяғыда әменгерлік дұрыс болған да шығар. Оның үстіне, мұның түп-тамырында баланың жеті атасын ұмытпауы, қан тазалығын сактау мәселесі де жатыр. Бірақ қазір ол заман кетті гой. Қазір ешкім қос-қостан әйел алмайды.

– Рас-ая!

– Қазір заман басқа емес пе!

Төрде сөзге ара-ласпай үнсіз отырган қайын атам бір кезде орнынан көтерілді. Тұлғасы баяғының батырларындай ірі, мандаіы жарқырап, жүзінен аксақалдықтың нұры төгілген ерекше адам гой Сұнқардың атасы. Өзім қатты қадірлеймін, осындаі отағасы бар әuletке тускенімді мақтаныш етемін. Үлкен кісінің бірдене айтқысы келгенін үққан үйдегілер тыныштала қалған.

– Ағайын, айтып отыргандарыңыздың бәрі дұрыс, – деп сөз бастады атам. – Ата-бабадан қалған жөнді жоктап отырсыздар. Жалғыз едім, Алла жарылқап жеті үл, үш қызы сүйдім. Әр баланың өз орны бар, енді Әмірімнің орнын ешкім де, еш нәрсе де толтыра алмайды. Ажалды кім жеңе алған? Тек орнында бар оңалар деп, артында түяғы қалды, сол ер жетіп, орнын оңалтар деген үмітіміз ғана бар. Есағаңың да сөзі жөн, атасы, ағалары бар деп орынды сөз козғап отыр гой. Аяулым қарғам маган бөтен емес, Әмірім тауып берген өзімнің бір қызыым. Салт-дәстүр бойынша, «казакта жесір ерден кетсе де, елден кетпейді дегенді де дұрыс еске салып отырсыздар. Қазакта «ага өлсе – женге мұра, іні өлсе – келін мұра деген» деген әменгерлік жайын да козғап жатырсыздар. Мұның бәрі ер азаматынан айырылған жесірге айтылуға тиісті дәстүр. Айттыңыздар, рахмет! Қазір

заман басқа, зан басқа. Енді Аяш өзі шешеді ары қарай. Біздін өүлет Сұңқарға жетімдік көрсетпейміз, – деп аяктады сөзін. Үлкен кісінің қонілі толқып, дауысы дірілдеп кеткен.

«Мына сөздердің бәрі маган қатысты айтылып отырганда, козғалмай отыра бергенім орынды ма, жоқ, атып тұрып, жылап басқа бөлмеге кетіп қалсам ба екен? Қой, жана түскен келінше желкілдемейін. Мен бір бала тауып, жеті жыл қазан қайнатып, ағайын көрген әйелмін гой. Айтқандарын үнсіз тыңдал, құтагыма құя берейін. Керегін алармын, керек емесі қалар. Мені зорлап әменгерге қосып жатқан ешкім жоқ қой әзір» деп, ақылға келтіп, үлкен ак самаурынның артына жасырынған қалпымда отыра бердім.

– Қызыым, не істейсін, Қарауылға қайтасың ба? – деген Әмірдің жылына арнайы келген әкем мен ағам дастарханнан тұрган сон, мені оңашалап атып.

– Иә...

– Жалғыздықтан жағдайың қындаста хабар бер, атаңың алдынан өтіп, алтып кайтамыз, – деді. Осы сөзді айтудың әкеме қандай ауыр болғанын түсініп тұрмын. Әрі дастархан басындағы ауыл адамдарының айткан әменгерлік туралы әнгімелері де көкейінде тұрган шығар.

– Семейдегі Дәу ағамыз жанына көшіріп алтып, жұмыс тауып берем деген, – дедім.

– Онысы да дұрыс екен, Қарауылда ет жақындарын жоқ көрінеді, – деп әкем қуанып қалғандай болды. Байғұс әкем, маган батып айта алмай, Қарауылда титімдей баламен қалып бара жатқаным жанына батып тұрса керек. Тіпті, ағам да:

– Аяш, сол дұрыс кой. Қайын аған беделді екен, женген де жөн білетін адам сияқты. Жандарына барып паналағандарын дұрыс, – деді.

– Өзім де соны ойланып жүрмін. Осы оку жылын аяктасам деп отырмын, – дедім түпкі ойымнан хабардар етіп.

– Мұнын дұрыс екен, жарығым. Сұңқарды ағайындарынан бөлмегенің жөн. Тіпті, атаңың үйіне келсен де сені шығарып жібермейді гой, – деді әкем ауылдағы ақсақалдардың әнгімесіне қосылғандай.

– Мұнда келіп керегі жок, Семей дүрыс қой. Облыс орталығы. Өзі де қызметке орналасады, баланың да білім алуына жақсы, – деді ағам, қанша дегенмен, бүгінгі заманның адамығой.

– Апам мен Үкілай женешеме сөлем айтыңыздар! Сұлтан мен Айзерені сүйініздер, – дегенде жылап жібердім.

Жардан айырылып, жас басыма түскен қайтым бар, күйеуге шыққан жеті жылда бір ат ізін салмаған сағынышым бар, өзімді қанша үстайын десем де соңғы сәтте сынып кеттім...

Төркінімнен келген қымбат жандарды бүкіл туыс болып елге аттандырып салдық. Уақыт адам баласын аяған ба, осы келгенінде әкемнің күрт шөгіп, қартайып қалғанын байқадым. Қоңілім құлазып сала берді. Коштасарда сакалы шошайып, қызы мен жиеніне қимастықпен көз салған. Олар аттанып кеткен сон, үйге қайтып келе жатқанда ішімнен:

*Ақ отауым тіккен жер майдан болсын,
Оның іші шат күлкі, сайран болсын.
Басқа жүрт қанша өтпештеп бақса-дагы,
Өзінің ата-анамдай қайдан болсын.
Кыз дәүірім қызықты қайта келмес,
Кайран ел, қайран жүрттым аман болсын, –*

деп, ұты аналардан қалған сынсуды көліктे айтып отырғанымды байқадым.

Өліара шақ

Орыс отаршылдығының тозағына күйіп, мәндайды тасқа ұрып жүріп, қазақ халқы үшінші мынжылдыққа да аяқ басты. Құдай тілеуімізді беріп, бабалар аруагы қолдан, XXI ғасырдың есігін тәуелсіз казак болып ашканбыз.

Бұл кезде КСРО күйрекен, жетпіс жыл бойы халықтың сана-сезімін бір арнада ұстап тұрган идеологияның күл-паршасы шыққаннан кейін алғашында бағыт-бағдардан айырылғандай күй кешкеніміз рас. Аудандағы білдей бір мектеп директоры-

ның орынбасары болған сон да, елдеңі саяси өзгерістерге аса мән беруіме тұра келді. Қарамағымдағы ұстаздардың күнде болып жататын жаңалықтардан хабардар етіп отыруым керек. Кезінде күйеуім бір ауданның идеологиясын жүргізген, «қасапшының қатыны өзіне лайық» деп, бұрынғылар қалып айтпаса керек.

1991 жылдың тарихи ерекшелігі сонда, КСРО сынды ұлы державаның шаңырағын биік ұстап тұрган уығындаі болған 15 одактас ел 15 мемлекет болып, жеке болтініп кетті. Еуразия алабындағы Қазақстан да осы жылдың 16 желтоқсаны күні өз егемендігін алған. Тәуелсіздік ең алдымен қазақ халқының ата-бабасының ғасырлар бойы бостандыққа үмтүлған, азаттықты аңсаған армандары мен қайтпас қайсар рухының женісі болатын. Бабалары ак білектің күшімен, ак найзаның ұшымен қорғап қалған ұлан-байтақ жерімізде тұнғыш рет Тәуелсіздіктің көк байрағы желібіреді. Дегенмен, кындық та болмай қалған жок. «Қайта құру» деп аталған өлара кезеңде ел экономикасы дағдарысқа ұшырап, күйзеліске тұсті. «Нарықтық экономика», «жекешелендіру» дегенді санағы кеңестік идеологиямен уланған халқымыз бірден түсінбеді, сондыктан етекжеңін тез жинай алмай, анырып қалған.

Ауыл шаруашылығы құйреп, өндіріс пен өнеркәсіп жабылып жатса, оның себебін ешкім түсінбеген. Атып өндірістерді, зауыт-фабрикаларды, ет комбинаттарын жекешелендіріп алуга халықтың нарықтық сауаты да, каражаты да жок еді.

Елдін жерасты байтығын, өсіресе, мұнайын көзделеген шетелдік инвесторлар «батпан құйрықтын» дәл үстінен түскен шақ еді бұл. Нарықтық катынастың жілігін шағып, майын ішкен құларға «мемлекет асырайды» деген социалистік санадан арыла қоймаган жергілікті халықтың өларада «иен қалған» байлығын екі асап, бір жұтса да, жұмырына жұқ болмай, баю үстіне бап бергісі келді.

Ел бұл кезде «баю» идеясынан алыс еді. Тәуелсіздік алғанымызға марқайып, тақиясын аспанға атумен болды. Жүрт митингішіл, жынышыл болып алды. «Демократия жасасын!», «Қайта құру жасасын!» деп даурыкты.

Бұл кезде инфляция жүріп, кешегі КСРО сомы инфляцияға ұшыраған. Мектеп ұстаздары, аурухана қызметкерлері айлап еңбекақысын ала алмайтын. Өндіріс, өнеркәсіпте істегендер мұлдем жұмыссыз қалып жатты. Алып ғимараттар көп ұзамай, қанырап иесіз қалып, аяусыз тонауга ұшырады. Ауылды да, қаланды да жұмыссыздық жайлап, жұртшылық күнделікті қажет тауарлары мен азық-түлікке зар болып қалған уақыт еді.

Соғыс ардагерлері мен зейнеткерлер дүкеннен аптасына бір рет тапсырыспен ішіп-жемін ататын болды. Ұры-карды қата-дағының қолындағы қапшығын ала қашса, ауытдағының қорадағы малына қырғидай тиіді. Қылышын сүйретіп қыс келгенде, қаталтықтар көбінесе жылусыз жарықсыз қалып, әбден киыншылық кешті.

Бала-шаганы асырау қамымен әйел-аналар ала қапшық арқалап кетті. Еркектер жағы біреуге қызмет қылғанды, сауда саттық жасағанды намыс көріп, көбінесе үйде бұғып жатты. Жұмыссыздықтың зарынан көпшілігі азғындалп, аракқа салынып кеткен. Елді алыпсатарлық жайлған. Базар саудасы қызған. Ашықауыз елді алдаған, ақшасын қагып өкететін алтайктар көбейген. Сансыраған елде бақсы-балгер, емши-тәуіптің күші туды.

Осы кезде өз валютамыз айналымға шықты. 1993 жылдың 15 қарашасында ұлттық теңгеміз келді дүниеге. 1 АҚШ доллары 4,75 теңге, 500 рубль бір теңгеге бағаланды. Жиган-терген қапшық-қапшық сабан ақшасын ауыстырып алмақ болып, ақшасы бар ағайын теңгениң кезегіне түрді бір күні.

Мен сол Қарауылда мұғаліммін. Ауыстыруға жүгіретін кай бір ақшалы едік? Төл теңгемізге бейнелеңгей әл-Фараби, Сүйінбай, Құрманғазы, Шокан, Абай, Әблілхайыр хан бейнерлерін ара-тұра еңбекақымыз келгенде көріп қалып, төбеміз көккө жеткендей қуанатынбыз.

Жаңаңылтықтарға құлак түргенде: «Елімізде валюта айырбастау пункттері ашылып жатыр», «Ұлттық банк құрылды», «Тенге сарайы ашылды» дегенді естіп, жаңа заманың лебін сезінгендей боламыз.

Мұндай ғаламат тарихи алмагайып заманда өмір сүру де онай емес көрінді. Қытайдың «ұлкен өзгерістер уақытында өмір сүріп қал» деген қарғыс сынды тәмсілін тағдырымызыға

тап келген кезенде өз өмір тәжірибемізден өткөрдік. Алайда, мәндайға жазылғанды «өкініш» деп қабылдамай, бел шешіп тіршілік қамына кірістік. Бұл уақытта Әмірмен катар саяси қызметте жүргендердің көбі жұмыссыз қалған еді. Мұғалімдіктін ең бір қасиеті, қай заманда да, қай қоғамда болсын қоғамға кажетсіз болып қалмаган. Ұстаз бен тәлімгер қай уақытта да қоғам сұранысына ие. Замана желі қаншалықты үйіткып сокса да, дүлей дауыл іргесін шайқаса да, мектеп өз орнында қалды. Дегенмен, мұғалім айтығы мардымсыз еді, сондыктан көп мұғалімдер қызметін тастап, саудаға шығып кетіп жатты.

Таңертең мектепке келсем, мені аудандық білім баскармасына шақырыпты. Атып-ұшып районона жеттім.

– Мектеп директоры Жамал Ақынқызының жасы зейнетке келіп қалыпты. Сол орынға сізді лайық көріп отырмыз, өзініз қатай караисыз? – деп сұрады басқарма бастығы.

Шынымды айтсам, директорымыздың зейнет жасына жетіп қалғанын алдында естігем, бірақ орынан дәметіп журмелеген едім. Түпкі ойым Семейге көшү болатын. Сондыктан шешіп ештеңе айта алмай:

– Ойланайын, бұл мен үшін күтпеген ұсыныс болып тұр, – дедім.

– Аяулым Сапаровна, ұжымдағылардың өзі бұл орынға сізді ұсынып отыр. Ойланыңыз, – деді.

Мектепте бұл туралы ешкімге тіс жармадым. Кешке карай Сыргаш женешеме телефон шалдым, «тәжірибелі басшы ғой, бір жөнін айттар» деп ойладым.

– Аяш, саған сенім артқан ұжымына рахмет. Сен енді қаргадай баламен жалғыздан-жалғыз Карапуылда біржола қала алмайсын ғой. Дириектор болған сон кемі бес жыл қызмет етуін керек. Дәу ағаң сендерді биыл көшіріп алам ба деп отыр. Саған жұмыс, Сұнкарға мектеп қарастырып жүр. Бізben тұрамыз десендер де қарсы емеспіз. Әйтпесе баспана жағын да ойластырудамыз. Сондыктан кететіндіктерінді әлден ескерткенін дұрыс, – деді.

«Кой, бастық болады екем деп, мұнда қала алмаймын ғой, алдынан өтіп, шешімімді айтайын» дедім де, ертесіне районона келіп, мән-жайды түсіндіріп, басымды босатып алдым.

Сол жазда Семейге көштік.

Мен сонау бала кезімнен ешкіммен ерекше араласып, сырласып кете қоймайтын кісікің едім. Жылдар өте, өз болмысама үңіле карасам, сол қалпында қалған екем. Қыз күнімде Зейнепхан, Шарайна деген құрбыларым болды. Институтта Бейбіт пен Әсима деген қыздармен тіл табысып, бір бөлмеде біраз жыл тұрдық. Бірак бұлардың ешқайсысымен де жан дүниеммен актарылып, барымды бөлісіп сырлас та мұндас бола қоймағанмын. Қарауылда тұрганда көршім Шәйімен аяқ-табақ араласып тұрдық. Әмірдің қызметтестерінің келіншектерімен отбасы болып араласып-құраластық. Мектепте бір-екі мұғаліммен сыйлас, басқаларымен әріптес болым. Жарымнан айырылып жесір қалып, жетім ұлымды жетектеп жүріп, отбасын асыраудың қындығы өз иныгыма қалай түскенін білмей де қатыппын.

Семейге келгенде тапқан айрықша сырласым Гүлімай болды. Бұл кезде Дәу аға мені мұражайға қызметке тұрғызған. Гүлімай екеуіміз сол мұражайда қызметтеспіз. Өзі сондай сүйкімді. Екі үртynың тұсында су үйірге болатындей әдемі шүкіры бар. Тұнық қара көздеріне қарай бергін келеді. Бұл Гүлімай құлгенде, күлті дүниеге көктен нұр төгіліп, айналана шуақ тарағандай әсер етеді. Төбесінен жазық мандайына бір шөкім шашы түсіп, әппак жүзіне ерекше бір сән беріп тұрады. Үстіне не кисе де жараса кетер еді. Жүрген жүрісінің өзі бір ғанибет! Талшыбықтай бұралтып, жер үстімен би.леп келе жатқандай. Сөйлегенде үні жанынды елжіретіп жібереді. Сөйлетіп койып, тындалп отыра бергін келеді. «Ару» деп осындағы қызды айтатын шығар-ау! Өзінің оқымаған кітабы жок. Ол мазмұнын талдап айтып бергенде, өзің оқып шыққандай әсерде боласын. Ақындардан Абай мен Шекерімнен бастап, кейінгі Мұқагали мен Фариза, Қадыр мен Тұманбай, Жұбан мен Қасым, бүгінгі Несілбек пен Ұлықбек, Серік пен Жұрсін, Есенғали мен Есенқұлдың өлеңдерін жатка оқиды.

Өлең оқыса, Гүлімай оқысыны! Оның жанында дикторларын да лада қалады. Домбыраға қосылып ән салатын коныр даусы да бар. Осындағы бекзат сұлуымыз, неге екенін, жан жарын әлі

жолыктырмалты. Он жакта отырып қалған, айтуына қараганда, есік көрмеген. Арманындағы акбоз атты ханзадасын әлі кезіктірмей жүрген көрінеді.

Семейде Педагогикалық институтының филология факультетін бітіріп, осы музейге қызметке келген бойында қалып қойыпты. Жұмысы өзіне үнайды екен. Ұжымда абыроілты, сөзі өтімді. Тіктеу мінезі де бар. Бір қарғанда кербездігінен көп сөйлемейтіндей көрінеді. Кейде түкке тұрмайтын нәрсеге көтеріліп кететіні де бар екен.

Музей директоры Оспан Батырұлы Дәу ағамның сыйлас досы болғандықтан, мені қызметке бірден алды. Музейде кор жұмысы, гылыми-зерттеу бөлімі және экспурсиялық насиҳат бөлімі бар екен, соның біреуін осы Гүлімай Оразайқызы басқаратын. Мені Гүлімайдың қарамагына жіберді. Оспан Батырұлы алғашқы күні мені ұжымға таныстыру үшін бөлімге өзі ертіп келді. Үлкен бөлмеде торт адам отыр екен. Оның үшеуі өйел, біреуі ер адам. Есіктен кіріп келген бізге орындағынан тұрып, ілтипат көрсеткен. Сонда Гүлімайға бірден көзім түсіп еді. «Кандай көркем жан» деп ойлаған едім. Жаңа ұжымым мені бірден жылы қабылдады. Гүлімаймен бір-бірімізді бұрыннан танитын адамдай жақын араласып кеттік. Үйіміз де бір көшенін бойында болып шыкты. Мен орталық универмагтың артындағы бес қабатты үйде тұрамын. Ол сол көшенін бас жағындағы төрт қабатты хрушевкада тұратын.

Таңертең мен баламды мектепке апарып салып, Интернациональный көшесіне түскенде, Гүлімай акқудай жүзіп, көшенін арғы бетінен келе жатады. Екеуміз қуана жүздесіп, Ленин көшесінің бойындағы екі қабатты қызыл ғимаратқа бірге бет аламыз. Музейдің екінші қабатындағы кітапхана акт затына жалғасып кетеді. Біздің жұмыс орнымыз осындағы экспурсиялық насиҳат бөлімінің бірінші қабатта орналасқан. Кейде таңертең әркайсымыз өз жолымызбен келсек, жұмыстан соң бәрібір қайтар жолымыз бір. Ұақыт өте аяқ-табағымыз араласып кетті. Сұнкар екеумізге ортақ балаға айналды.

Бәрінен де Гүлімайдың тазалығына тәнті болдым. Екі бөлмесін айнадай жарқыратып, ақ сарайдай қылышп үстайды екен. Сыртқы есігін ашып, кіріп келгенде ғажайып бір хош ніс жа-

ныңды баурап алады. Сол сәттен-ақ бұл үйден шыкқын келмей қалатын. Аяғынызға ұсынған жұмсак шәркейден бастап, кол жуатын жердегі өтірі анқыған сабын, қолынызды сүртетін жібек орамал да жаныңызды рахатқа бөлер еді. Үйде жанға жайлыштық музыка ойнап тұрады. Жібек перделері жерге төгілген терезелердің алдындағы құмырада әдемі гүлдер жайқалып тұrap еді. Әсіресе, ұзынша табақшаға отырғызылған фиалка гүлінің бірнеше сорты кіреберістен бастап көздің жауын алады. Қонақ бөлмесінің ортасындағы үстелге әппак матага кестеленген әдемі өрнегі бар дастархан жайылған. Дәл сондай өрнекті гүлдері төгілген майлықтары да шетіне тізіліп қойылған. Жеміс салатын хрусталь вазадан алма үзілмейді. Ыдыс-аяктары, кесе-табактары мен сусын ішетін бокалдарының бәрі қымбат та әсем. Тұтынатын барлық заттары өзі сияқты әдемі. Пісірген тамағын айтпай-ақ қояйын, тіл үйіріп, дәмі көпке дейін таңдайынан кетпейді. Менің Сұнқарымның өзі ет, ірімшік қосылған бәлішін жеп отырып: «Апа, Гүлімай тәтеден ас пісіруді үйреніп алсаншы», – деп, шалқамнан түсірген.

Бірі кем дүние деген, осындаі сән-салтанаты жараскан үйде Гүлімай жалғыз еді.

Озі менен үш жас үлкен еді. Ягни, отызды орталап келеді. Бірде маган бар сырын актарты:

– Сен Алматының кызы болған сон, біздің жақтың жағдайын білмейсің ғой... Мына Ертістің жағасы, Шыңғыстаудың бауыры, Бесқарай, Абыралы мен Карапуыл аудандарының халқы ядролық сынақтардан зардап шекті. Биік те маңғаз Дегелен тауының астындағы шахталарда жасалған жарылыстардан жартасты тау-тастың үйіндісіне айналды. Мынаны оқыши, бәрін түсінесің, – деп маган бір кітап ұсынған.

Бұл тақырыпты қоптеп зерттеп жүргенімді құрбым қайдан білсін?! «Полигон туралы бәрін білемін ғой» деген ой сап еткен мен жұқалтаң кітапты сөмкеме сала салғанмын.

Кешке үйге келіп, кітапты қолыма алғып, аударып-төңкеріп қарагам. «Мұтән Шәмшінұлы» деген авторды бұрын естімеп-пін. Кітап аннотациясында автор туралы: «педагог, журналист, қоғам қайраткері, «Невада-Семей» қозғалысының белсенді мүшесі» деген анықтама берілтіп. Бұл өзі өмірбаяндық хи-

каят жанрында жазылған «Көргендерім» деген қарапайым ғана тақырыбы бар, жұпның кітап еді.

«Құлакпен естігенді емес, тәніммен сезіп, жан-жүрегіммен күйзелген, көзіммен көргендерді жазып отырмын...» деген алғашқы сөйлемінің өзі-ак қызықтырып ала жөнелген. Автор бұл кітабында ағынан жарыла, елу жыл бойы ішінде сақтаған сырын ашқан екен.

«Таңғалдырар гәп: осы мәселені талқылағанда, білім-танымы жоғары білгілердің бірде-біреуі «Радиация залалы және өзгедей де катері мол ядролық сынекты халық ежелден жіңі мекендеген берекелі Ертіс жағасында, Казақстанның үш облысы шекаралас болып, оған қоса Ресейдің Алтай өлкесі Құлынды даласы арқылы тоқайласатын, сол күнде екі миллиондай жан иесі коныстанған, (бертінде солардың саны жарты миллионға көбейген), ел экономикасына қайтарымы мол шұрайлы аймактың түу ортасынан ядролық полигон ашыымыз қалай болады, күні ертең осы таңдаудан опық жемейміз бе?..» деген жайтты қаперіне алмаган. Түсініксіз бейғамдық, әлде Ресей империясына «өз еркімен бағынған» бүратана халықтарға деген бәз-баяғы ұты орыстық немқұрайды пигыл әсер еткен. Менің балалық шағым осы өнірде, Мыржық пен Дегелен тау-ларының баурайында колхозға біріккен казак ауылдарында өтті. Мал өрісіне орай шашырай коныстанған ауылдардың арасы төрт-бес шақырымнан. Элбетте әр ауылда мектеп ашу мүмкін емес, қозы көш жерге жаяу-жатпы катынап оқыдық. Бастауыш оқу үясын бітірген соң өзім Дегелендегі орталau мектепке бардым, бірер жыл «Ұзынбұлақ» колхозының орталығындағы интернатта жатып оқыдым. 1946 жылды, 19 жасымда әкем мені Семейге апарып, Абай атындағы педучилищеge берді. Кешегідей болған жок. сол окуды бітіріп, бастауыш мектептің мұғалтімі деген қуәлікпен туған слғе оралдым. Соғыс бітіп, мамыражай уақытка қолымыз жетті деген кезде біздің ауыл мазасыз көршілерге тап болды. Иә, 1946 жылды әскери күйді адамдарды жиі көретінібіз. Олардың машинистары Тарбак, Майлышара, Дегеленнің Әуліе асуынан, кейде Керсекудің Май ауданы жағынан келіп, әрлі-берлі өтеді. Таңғалып, сондарынан қарап тұрамыз. Элдебір жерден құрылыс салып жатқандай көрінеді.

1949 жылдың жазында «Қоныстан» колхозындағы бастауыш мектепке мұғалім болуға Абыралты ауданының оқу бөлімінен бүйрық алғамын. Оқу жылын бірақ уақытында бастай алмадым. Өйткені тамыздың 28-і күнінен бастап колхоз орталығына әскери адамдар келіп, ауыл-аймақты, маңайдағы қыстактарды күзетке алғып, ешкайда шығармады. Ертесінде таңғы алтыда солдаттар бүкіл ауылды үйлерінен сыртқа шығарды. Айтқан үәжі: «Сәлден соң бір жағдай болады. Етпеттеп жерге жатындар. Қөздерінді ашпандар, бастарынды көтермендер! Сейтпесендер – өмірлеріне қауіп!..» – деген соң, амал қанша, айтқандарын істедік. Менің орысшам көп-көрім және сол ауылдағы оқыған естіярмын. Солдаттарға көмектестім. Әлкісса, содан сағат жеті шамасында жер астынан шыққандай күркіреген гүл естілді. Іле табан астымыз шайқалды. О кезде қайбір бекемдеп салған үй бар? Шикі кесектен салынған жатаған үйлердің Ертіс жақтағы кабыргасы сөгіліп құлай бастады. Салдыры-гүлдір етіп терезе шынылары сынды. Соңда ғана үш жылдан бері өзімізді төніректеп жүрген әскерилердің сыры мәлім болды.

Солар жасаған атомдық сыйнақтың алғашқы құрбаны болғанымызды, рас, төрт жылдан кейін білдік. «Бисмилләні» іштен айтып, кора-жайдан аулакта жер құшып жатырмыз. Ешкайда қарамандар десе де әуескөйтық женіп, бетімді алаканыммен көлгейтеп, аспанга ұртана сығаладым. Қаракошқыл бүлт шоғыры күннің көзін түгел жауыпты, сол сәтте түнерген көк күренітіп, сәл-пәл қызарғандай болды. О, тоба! Қалпағы үлкен, сабагы жуан саңырауқұлаққа ұқсаған қаракошқыл бүлт шудаланып, үйпаланып, жан біткендей ыбыр-жыбыр қозғалып тұр. Әлден соң жан-жаққа жайыла бастады. Шайқайнатым уақыт өтті ме, білмеймін, шоғыр бүлттың біразы Дегеленнен бері асып, біздің үстімізге төнді. Ауыл иттері күншығысқа қарап үли бастады. Сиырлар өкірді, түйелер боздады. Сейткенде ботасын іздеген інгендей емес, әлденеге шағынғандай біржосын зарлы үн шығарады. Кейбір сиырлар құл үйілген төбешікке шығып жер тарпыды. Жылқы атаулы өрісті тастап, қотанға шауып келіп, әлденеден үріккендей ауылдың ортасына тұракта-

ды. Сол жануарлар бір сүмдүктын болғанын сезген тәрізді. Әлде жан иесі деп бізден көмек күтті ме?..

Бертінде білдік: біздін ауыл, Тайлан мен Саржал елді мекендері, Бөрлі маңатындағы ауылдар сол күні 160 рентген молшерінде радиоактивті заттармен дем атыпсыз. Бұл енді – әскерилердің өлшемі. Шындығында одан да көбірек уланған сияқтымыз. Соның жауабын енді кімнен сұраймыз?» – деп ашық айтады.

Кітапты оқып шығып, полигон зардабы адамдардың екінші және үшінші үрпактарына ауыр әсерін тигізіп отырғанын, полигонға жақын тұргындар арасында жүрек-тамыр, онкология аурулары, лейкоз, орталық жүйке жүйесінің бұзылуы аурулары жиі кездесетінін түсіндім.

– Өлім көбейді. Осы аймақтарда тұратындардың отбасыларында ауырмайтын адам жоқ деуге болады. Өз отбасымыз да үлкен зардап шегіп отырмыз. Алдымен әкем катарлы азаматтар аяқтарынан, белдерінен жүре алмай қалған. Көп үзамай, бірінен соң бірі өмірден оза бастады. Оны «малдан жүккән бруцеллез ауруы» деп дәрігерлер накты диагноз коймаған. Кейін білдік, радиация әсерінен болған екен. Әкем де өмірден ерте кетті. Анам үзак төсек тартып ауырды. Менен үлкендері ер балалар болған соң, шешемізге менін қарауыма тура келді. Үлдар үйленген соң, келіндер бөлек шыққылары келіп, бір-бір отау болып бөлек кеткен. Менен кейін бір сінгілім мен інім бар еді. Соларга айналып, алтықа үзап оқи алмай, осында қалып қойдым. «Сал болған анамды кім қарайды, мен кетсем інім мен сінгілімнің жайы қалай болады?» деген уайымнан күйеуге де шыға алмадым. Сінгілім мектеп бітіре сала күйеуге тиіп кетті. Университетте оқып жүрген інімнің денсаулығы жоқ. Анам үй ішінде ғана сүйретіліп жүргені болмаса, тысқа шығуға жарамайтын...

Гүлімай бүгін бір еркін актарылып, ішін босатқысы келді ме, күрсіне сөйлем отыр. Мен үнсіз құлақ коямын. Оның тағдыры аса ауыр болып шықты.

– Мен кішкентайымда «айкезбе» болыппын. Торт-бес жасымда түн іші төсектен тұрып кетіп, бөлмелерді шартап, ән салып жүреді екем. Кейде есік ашық қалса, сыртқа да шығып

кететін көрінем. Онда ауылдамыз. Мал қораларды аратап, тауық корага кіріп жүре беріппін. Әкем біліп қалса, артынан еріп жүріп, ұстап атып сол үйкітеган қалпымда көтеріп алып төсегіме жатқызады екен. Ай жаңарған сайын мазасын ала берген соң, анам мені даладан ұстап алғанда, ояту үшін бетімнен шапалалакпен салып-салып жібергеннен шошып, ұстамалы ауру болып қалыптын. Содан апармаған дәрігері, көрсетпеген емшісі қалмайды. Бірақ бір жабысқан дерт онайлықпен жазыла қоймайды. Он төрт жасқа келгенде етеккірім келеді. Сол күндері басым қатты ауыратын. Бір жақсысы, қояншығым ұстамай кетеді. Апам: «басың сақинадан ауырады» дейтін. Біреулер «үйкітап жатқанда басына итаяқ қойып қойсандар, содан қояды» депті. Содан бойжеткен кезімде де басымға иттін табағын қойып үйкітап жүрдім. Жабысқан ауру қалмады, қайта жасым өскен сайын ұлғая түсті. Екінші мүшелде айкезбелігім қайта күтірді. Содан корланып, ешкімге тұрмысқа шыға алмадым, – деп маған мұңын шақты.

Содан бастап Гүлімай реті келсе біздікіне кона кетеді, мен де баламды алып онын пәтеріне түнеп қайтамын.

Сұнқарды Семейге келгелі ауылға, кейде Дәу ағасынікіне жіберетін болдым. Әр каникул сайын атасына барып келсе, ұтымның көнілі де, ой-өрісі де өсіп келеді. Атасы мектеп керек-жарагын түгендеп, қыркүйекке таман қалаға өзі әкеліп тастайды. Тек, әкесінің жанында жоктығы демесе, Дәу қөкесі мен атасы, туган-туистары Сұнқарды өз балаларынан бөлмей өсіріп келеді.

Ауылдағылар колдарында барын аямайды. Қыскы соғым, сары май, құрт-ірімшік сол жақтан келіп жатады. Үкімет мұлкі талан-таражға түскенде, ауыл ақсақалдары ақылдаса келе, жалғыз диірменді сактап қалуға тырысқан. «Пай» дегенді түсінбесе де, бас изесіп, бір қағаздарға қол қойып, нарық ынғайына жығыла берген. Сонау Үржардан шемішкенің майы, бал, жұмыртқа, билай келеді. «Бартер» деген нәрсені алғашында жатырқаса да, бара-бара құлактары үйреніп, елеңдесіп отыратын болған. Абай елінде ет, сары май, бал қымыз, құрт-ірімшік бар. Үржар, Көкпектіге деген «бартер». Ауыл әйелдері Семейдің көк базарына барып сауда жасау үшін қүніне бір рет қалға

қатынайтын «Пазикке» тиеліп, артынып-тартынып кетіп бара жатады. Кешке дейін базарда отырып, «Пазиктің» қайтатын уақыты болғанда, катаның саудагер қатындарына өтпеген тауарын «оптым» беріп кетеді. Ауылда қыс қатты, «Каражыра» көмірін алу үшін «бартер» жарамайды, тек «наличка» – қолма-қол ақша керек. Кайын жұртым осылай нарыкка бейімделіп келе жатқан. Құдайдын берген кең даласында еркін жайылып семірген табын-табын сиыр, үйір-үйір жылқыны сойсаң – ет, саусаң – сұт емес пе, қата сиякты емес, ауыл тамактан тарыға қоймаган. Бірақ кейінгі кезде үры шыкты деген жел сөз жетіп қатып жатқаны рас. Сиыр малын өрісте жүрген жерінен жайратып тастап, көлікке тиеп, әкете беретін көрінеді. Өткенде атам келгенде, малды өріске қаперсіз айдалап тастаудан тыйылдық, мал кезек шығаруды бастадық деп отырған. Айлығын айлап ала алмайтын қаладағылар «қолға қашан қарға тышар екен» деп, бітін сиып отырғанда, ауылдағылардың аузынан ақ май ағып отырғаны рас еді. Ұлымды каниқул сайын ауылға жіберетінім де сол, біраз ақ ішсін, еркін жүріп-тұрсыншы деймін. Ұлым қайтқанша қасымда Гүлімайым бар, жалғыздығым білінбейді. Гүлімайдың айкезбелігінен алғашында корқып, түнімен сан оянып шығатын едім. Балкон мен сыртқы есікті жақсылап жауып, сыртқы есіктің кілтін қалтама салып қоямын. Гүлімай төсегінен көтеріледі де, бөлмелерді шартап шығады. Асүйге барады, тоназытқышты қарайды, кәстрөлдерді ашып-жауып жүреді. Ештеңені сындырмайды, шакпайды. Қатты салдырлатпайды да. Одан шығып, қонақ бөлмеге барады, серванттагы ыдыстарды қарап шығады, колына ұстап көреді, бір жақсысы, тастап жібермейді. Үстелдің үстінде тұрған вазадағы гүлді иіскейді. Диванға отырып кітап қарайды. Кейде бөлменің ортасында тұрып дene жаттығуларына кіріседі. Солардың бөрін жасап жүргенде жарыкты жакпайды. «Қаранғыда қалай көреді» деп, көзім бақырайып жатамын. Ұйқым шайдай ашылады. Артынан тұрып караганда, көзі жұмулы екенін байқағам. Шошытып алмайын деп, бұрышқа тығылып алып бақылаймын. Сыртқы есікке барып тіреледі де, алдында ұзак тұрады. Денесі сәлтенселгендей болады. Содан бір уақытта жатын бөлмеге қай-

тады. Бір таңланатыным, еш жерде сүрініп кетпейді, бірденеге қолы не денесі тиіп құлаташ, тұсіріп алу деген жок.

Уақыт өте келе, Гүлімайдың бұл «қасиетіне» де көндіктім. Назар аудармай, атансыз үйкітай беретін болдым.

Сұнкар біріншіні бітіре сала, атасы ат салдырмай жетіп келді. «Үш айға атып кетем» деген. Сұнкар қуаныш, тар бөл-меде атша шауып жүр. «Бармайды» деп қалай айтайдын, еріксіз киім-кешегін жинастырып, ертіп жібердім. Алғашқы айында катты жалғызысады. Гүлімай екеуміз көбіне біздің үйге конып жүрдік. Киноға, театрға барып, кейде екеуара отырып көніл көтеру үшін шарап ішіп ататын болдық. Гүлімайдың бір әлсіздігі, ішімдікке тез қызып қалады. Мен Әмірдін барында той-томалакта аққайнардан атып отыратынмын. Әріптестеріммен шараптан да дәм татқам. Мереке, той-томалакта ешкімнен қалыспай тартып салам. Бойыма қан жүргірген соң, әжептәуір дауысымды аяйын ба, әнге басамын. Ұжымдастарым дем берген сайын тартынбаймын. Жесір қалған соң, мұның бәрі қалған. Жылын өткізгеннен кейін де той-томалактан бойымды аулақ ұсталым, бірақ мені байсыран жүр дейді ме екен, әйелдер жағы қүйеулерін қызғанатын болды. Кешегі Әмірмен бірге жүрген, отбасы болып аратасқандардың әйелдері қызғаныштарын жасырып қала алмағанда, жаным жабырқап қалатын. Семейге ауыскаты көп ешкімді танымаған соң, жынын-тойға бара бермеймін. Тек Гүлімай екеуміз бірге қыдырыстап, көңіл көтөреміз.

Бір күні екеуіміз едәуір қызып келдік. Сол күні ішкі сырымызды бір-бірімізге армансыз актарғанбыз. Гүлімай ешкімге айтпаған жан сырын айтты.

«Онда үшінші курста оқып жүргенмін. Бір жолы апам ауырып, үйге жедел жәрдем шақырттым. Келген дәрігер ер адам еді, жанында орта жастағы мейірбикесі бар. Апамның қан қысымы өте жоғары болып, денесі селкілдеп, бір ысып, бір суып жатты. Мен жанұшырып апамның біресе аяғын, біресе қолын уқалаймын. Мейірбике қан қысымын тұсіретін дәрі егіп жатыр. Мен анамның аяқ жағында отырғанмын. Дәрігер кенет қолымды алып:

– Апаңды ауруханага жатқызғанымызды қалайсың ба? – деді.

– Иә, дәрігер, апама ем алу керек, – дедім жалынгандай.

– Апаңды қазір алып кетеміз, ауруханада жатады, емделіп шығады. Өзің де жинал, бірге жатып апаңды күтесін, – деді. Мен қуана ере жөнелдім. Ана дәрігер өзі бас-көз болып, апамды ауруханага салды.

Ертесі тұске қарай жағдайымызды сұрап, кіріп шыққан. Біраз есін жиып қалған апам оған батасын беріп, алғысын айтып жатты. Мен де қуанып, «рахмет» деп жатырмын. Дәрігер ағайдың аты Бақыт екен.

– Есімің кім, қарындасым? – деді.

– Гүлмай!

– Атына сай екенсін, – деп, апамның көзін ата бере қолымнан ұстаған. Колы сондай жұп-жұмсақ, жып-жылы екен. Денемнен тоқ жүріп өткендей болды.

Келесі келгенінде өзі апамның қеудесін тыңдал, кан қысымын өлшеп, емдеуші дәрігерімен сойлесті. Олардың жазып берген дәрілерін де әкеleiп берлі. Мен оның қамкорлығынан қатты ынғайсызданып, дәрілерінің ақшасын бергім келіп:

– Бақыт ағай, мынау дәрілердің ақшасы, – деп ұсынған азын-аулак тиын-тебенімді алмай:

– Мен де дәрігермін гой, мұндай дәрілерді ауруларға жаздырып алып бере аламын, – деді.

– Айналайын, сені бізге Құдай жіберді, – деп, оған апам риза.

Онда әлі он екіде бір гүлі ашылмаған анғат едім, ойымда ештеце жоқ. Апам ауруынан біржола айырып кетпесе де, беті едәуір бері қараған сон, үйге шықтық. Тіпті бізді Бақыт ағайдың өзі жеке көлігімен жеткізіп салған. Апамды үшінші қабатқа дейін көтеріп шығарды. Ризашылығымызда шек жоқ, апам батасын төгіп жатыр. Содан кейін де телефонмен хал-жағдайымызды сұрап жүрді. Бірде ол мені «туған күнім еді» деп, мейрамханаға шақырған. Апама айтып едім, байғұс тыққыштап жүретін зейнетақысын қолыма ұстаташып: «сыйлық ал, құттықтап қайт» деп, қуана-қуана жіберді. Устіме жылтыраганымды іліп, алған сыйлығыма қоса, өзім салған кішкентай картинамды да алып бардым, иә, менің сурет салатын да өнерім бар. Мейрамхана-

ның түпкі жағындағы оңаша залды жалға алған еken. Кіргеннен қызылқоныр панбарқытпен көмкөрілген алакөленеке бөлмеде екі кісіге ғана жайылған дастарханды көрдім. «Тұған құніне менен басқа ешкімді шақырмадан ба?» деп тіксініп қалдым. Мен жан-жағыма қарап, есімді жиғанша, түпкір жақтан костюм-шалбар киіп, галстук таққан, тұла бойында бір мін жоқ Бақыт ағай жайрандал шыға келді. Мені көргеннен:

– Гүлімай десе, Гүлімай! Қандай құлпырып кеткенсін! – деп, мактауымды келістіре жөнелді. Содан керемет отырыс еді, шараптан атып, шалқытып отырдық. Бұрын қыздармен аққайнар, сирадан ауыз тиіп жүргенім болмаса, шарап ішіп көрмеген басым масайып қалыппын. Бағанағы «менен басқа ешкім жоқ па» деген күдігім бәрі тұманға сіңгендей жоғалып, дәрігерімнің алдында емен-жарқын отырдым.

– Гүлімай, сенесің бе, сенбейсің бе, өзің біл, бірақ мен сені бір көргеннен ғашық болып қалдым. Элі құнге сағынсам болды, үстіңе киген көгілдір жібек көйлегіңмен нәп-нәзік болып үлбіреп, кап-кара мөлдіреген жанарыңмен маган үрке қарап тұрган бейнен келеді көз алдыма, – деп жүрегін актарып салды. Сосын менің «ә» деуге мұршамды келтірмей, өзі туралы баяндай жөнелген: «Дәрігердің құні құрысын жалакысы аз. Гиппократ антын берген соң, құн демей, тұн демей жүгіреміз, адам жанына араша тусу ғой, дәрігердің міндеті. Егер осы ең-бегімізге қарай айлық төленсе, бізден бай адам болмас еді. Мен өзім үш жерде жұмыс істеймін: өз салам бойынша бір емханада урологпын, екіншісі, жедел жәрдемде дәрігермін, үшіншісі, мединститутта сабак беремін. Осы үшеуінен тапқаным бір отбасымды асырауға әрен жетеді. Эйелім, екі ұлым бар. Соларды асыраймын деп, жиырма төрт сағат зыр жүгіремін. Сондай бір құні сендердікіне бара қалдым. Құніне ондаган ауру көріп жүрмін ғой, анаңа пациентім деп көмегімді көрсету парызыым, ал онын үріп ауызға салғандай қызын көргенде, ғашық болып қалуға құқым жоқ еді. Бірақ жүрекке әмір жүрмейді деген шын еken. Анасы ауырып жатқанда, баласына басқа көзбен қарағынынның өзі қылмыс кой. Ал мен сол құні адамгершіліктен аттап, қарызыым мен парызыымды біле тұра, саған есім кетіп қалды. Отызды орталаганша қыз көрмей жүрмін бе?! Егер барлық

ауруға барғанда, қыздарына көз салсам, өзіме емханага келген әйел затына еркек болып қарасам, кім болғаным? Кезінде жақсы коріп-ак алған жарымды, қанымнан жараған екі ұлымды ұмытып, сенімдерінен аттап, саған ғашық болып не болды маған?! Бізді ауладан күтіп алғаның есімде, баспалдақпен таласа көтеріліп, есікті аштың. Алдыма түсіп, анаң жатқан бөлмеге кірдің де көрпесінің шетін қайырып, маған ол кісіні қарауға жағдай жасадын. Соған дейін мен сені ауру адамның жақыны деп кабылдап, саған көз тоқтатпай өз ісіммен айналыса бердім. Мейірбикеге дәрі егуге тапсырма бердім. Ол инесін шанышп жатқанда, саған көз тоқтатып қарадым. Карадым да, қатып қалдым. Сені бір жерден бұрын көргендеймін... Көзім бұлдырап, басым айналды десем, сенбессін. Саған тесіле қарағаным сондай, сен қипақтап ары қарап кеттін, есінде ме?» – деді қолымнан ұстап. Шынында солай болған. «Мына кісі неге сонша тесірейеді?» деп, жақтырмай қалғам.

– Иә, сіздің қарағаныңызды ұнатпағанмын...

– Солай, көзімді сатып, есім шығып тұрғанда мейірбике: «Кан қысымын тағы бір көрсек қайтеді?» деп, көnlімді бөлді. «Өлшесен, өлше...» деппін. Тез бір шешімге келіп, сендерді өзімізben алып кеттім. Мейірбике: «аурудың қан қысымы түсті, созылмалы ауру ғой, оны қазір стационарға алмайды» дегеніне қарамадым. Ауруханаға келген соң кезекші дәрігерге «туысым еді» деп, жалынып жүріп жатқыздым. Сал ауру болған соң, сені де жанына алдырыдым. Жанымда тұракты жүретін медбике тәжірибелі кісі болатын, менің мына қылыгыма таң болды. Өзім не істеп жүргенімді білмеймін, бәрі де еркіннен тыс болды. Ары қарай бәрін өзің білесің, – деп жан сырын ақтарып сатды.

Мен оның айтқандарына қалтқысыз сендім. Қыз болып қылық шығарып, ешкіммен қыдырып, елжірей сүйісіп көрмеген едім. Есімді білгелі өзімнің ауру екенімді ғана білетінмін. Жігітпен жүрмек түгілі, айқезбелігім мен анда-санда ұстап қалатын қояншығымнан жасып, біреумен танысадан қашатынмын. Бірак ессіз ғашық болғым келетін. «Өзіме біреу ғашық болса, айты түннің көрімсал ауасын жұтып қол ұстасып қыдырсам» деп армандастымын. Мектепте менің денсаулығым жоқ

екенін бәрі білді. Көркіме қызықкан сыйыптастарым болса да, ұстап қалатын қояншығымнан қорқып, ешкім оңаша қыдыруға шақырмады. Өзім де мүмкіндігінше ешкімнің көзіне түспеуге тырысатынын. Отбасылық жағдайымыз болмаған сон, киімім де бірсыздыргы ғана еді. Сабак үлгерімі де онша болмады. Әдеби кітаптарды бас алмай оқы бергеннің пайдасы ғой, институтқа бірден түсіп кеттім. Мұнда денсаулығымда кілтипан барын ешкім білмеді, жігіттер бірінші қурстан-ақ көз сала бастаған. «Окуға түстім» деген бір ғана ойдан бал-бұл жанып, жарқырап жүрген сон, көркім де ашыла түссе керек, ізімді аңдитындар пайда болды. Солардың біреуімен енді жақын танысып, араласа бастағанда, тура аялдамада қояншығым ұстап қалмасы бар ма. Қарашаның сұғығы өтті ме, құс қайтқаның әсері болды ма, білмеймін. Аялдамада әлті жігітпен әп-әдемі сөйлесіп, ол мені шығарып салмақшы болып тұрғанда, талып түсіппін. Жедел жәрдем шақырып, мені ауруханаға апарып салғаннан кейін әлті жігіт қатты шошынып қалса керек, маган қайтып жоламады. Аз емделіп, сабакқа келгенде байқадым, менің жайымнан факультеттің бәрі құлағдар болыпты. Бұл мені баяғы түйік қалпыма қайта түсірген. Айнатамның бәрі маган мұсіркеп қарайтында, жігерім жасып, жігіттер тұрмак, қыздарға жолай алмай қалдым. Құбы-құрдастарым жастық кезеңнін арайлы бағын аралап жүргенде, мен үйден институтқа, институттан үйге тура барып, тура қайтамын. Ас-аукатты ауылдағы аға-женгелерім жеткізіп тұрады. Сінілім мектеп бітіре сала, күйеуге қашып кетті. Інімді жоғары оқуға жарамайды деп, үлкен ағам ауылға алып кеткен. Бақыт ағай тағдырыма тап келмегенде, өмір осылай бірқалыпты өте берер ме еді! Екеуміз кияттымдағыдай қыз-жігіт болып табысып жүрдік. Ол менімен кездескенде, өзін жас жігіттей сезініп, жастық шағына оралғандай болатынын айтатын. Жасы үлкен ерек болып төсеккө сүйремеді. Дегенмен, отбасылы адамға жүрегін екіге бөлу онай ма?! Мен болсам, оған тез бауыр бастым. Дертім жайлы о бастан айтып қойғанмын. Дәрігер емес пе, дұрыс кабылдады. «Атом зардабын бәріміз де тартып жатырмыз» деген ол, күнде сыналып жатқан ядролық қарудан келіп жатқан кесел жайлы айтып, күрсінген. Өзінің де бір інісі ак қанға шағыныпты, ем қонбас дерт екенін ойласа болды,

жанын коярга жер таппайтынын жасырмады. Мені де күзде, көктемде емдегіп жүрді. Сонын арқасында қояншығым ұстап қалуды қойды, ең бастысы, сабак ұстінде, көпшілік ортада аяқ астынан мазаламайтын болды.

Төртінші курстын қысқы сессиясы кезінде анам өмірден озды.

Жылдар бойы төсек тартып ауырса да, төсек үстінде қалқайып отырғанына ештеңе жетпейді екен. Мен сабактан оралғанда, өзінің әлсіз дауысымен: «Гүләттай!» деп, келгеніме қуанатын. «Айкезбелігіме түсіністікпен қарамай, шапалақпен салып жіберіп, шошытқаннан осындаи болып қалдым» деген ішкі өкпем болушы еді, анам қайтқан соң, күрт есейдім бе, қайта ақыл таразысына салғам, оның үстіне ананың жөні бөлек қой. Анамның жылдан-жылға аяғы жүруге жарамай қалған соң, менде аяушылық пайда болды, оны есім қалмай күттім. Қолымнан келгенше барлығын жасадым. Бала кезімде әкемді қатты жақсы көретінмін. Әкем қайтқанда, мен тым жас едім, қимай қатты жылағаным есімде. Анаға деген маҳаббат жүрек түкпірінде бұғып жататын тілмен айтып жеткізуге болмайтын айрықша сезім болса керек. Мейірім, жылылық, жан шуағының қосындысы ма деп қалдым. Жетісі, қырқы өткенше үйден адам үзілмеді. Бірақ тірі адам тіршілігін жасайды, қаралы рәсімдер аяқталған соң, әрқайсысы өз тірліктерімен кетті. Мен үйде жалғыз қалдым. «Ағайындардың қыздарын жаныңа ал» деп еді, ешкіммен тіл табыса алмасымды білдім де, ыңғай берmedім.

Жексенбі күні кешке қарай Бақыт ағай келді.

Анамнан айырылған қайғыма ортақтасып, мені жұбатып, шер тарқатысып түн жарымына дейін отырып қалыппыз. Бұрын көшеде құшактасып, тәтті-тәтті сүйісетініміз болатын. «Осы өмірімде дәл осындаи ешкіммен сүйісіп көрмеппін!» дейтін менен өмір тәжірибесі көп деп жүрген ағайым. Ал мен кіммен сүйісіп көріппін? Бірінші сүйісуімнің өзі көпке дейін есімді екеу, түсімді төртеу етіп жүрген. Сол сүйісу рахатынан жанымыз жадырап, ағайым мені үйге жеткізіп салатын да, қимай-қимай тагы сүйіп, қайтатын. Содан үйге оралған соң да оның иісі есіме түсіп, сүйісін аңсап біразға дейін үйықтамайтынын. Бұл күні де, ынтаzarлығымыз екі жақтан бірдей оянып кетті

де, сүйісе жөнелдік. Қатты құшақтасқанымыздан бір-бірімізге қуат бергендей, ұзак уақыт ажыраса алмай қалдық. Диванның үстінде отырғанбыз. Апам жатып жүретін диван кең болатын. Пәтеріміз екі-ак бөлме болған сон, үйге келгендеге түнге қарай осында төсек салып беретінмін. Құндіз үстінде жасыл түсті жабу болатын, жатарға ақ жайма салынатын. Құшақтасқан қалпыныңда қисайып бара жаттық. Мен жақсы көретін оның француз әтірінің иісі санамды баурап ала жөнелді. Ол денемді бір қолымен аралап кетті. Мені бауырына қатты қысқан қалпы тілімді жұтып қоярдай қатты сорып, денемді созып астына салып алды. Тәтті ләzzатқа боленіп, дүниені ұмыттым. Өзім де қапсыра құшақтаған қолдарымды ажырата атар емеспін. Бұрын дәмін татып көрмеген бір сезім алып барады. Оның тастай салмағынан кеудемдегі қос алмам езіліп, одан сайын тәтті сезімге бөлейді. Құмарлық ындыны тереңіне тартып, тұңғынығына батырып барады. Бұрын ешкімнен естіп көрмеген гажайып сөздері құдды сандырак құсап, ақылға бағынбай, құлағымды ыстық демімен күйдіре, сыбырлап жатты. Сезімге мас болып, жанымыз бен тәніміз бір бүтінге айналып, басқа өмірге еніп кеткендейміз. Үстіндегі күйін қай уақытта сыпрып тастап ұлгеріп жүр, ол түрмак, менің көйлегімді қалай басымнан асырып шешіп алғанын білмеймін. Әйтеуір бір өрттін ортасына түстік те кеттік. Оның қолы менің күн тимейтін, жаттың көзі көрмейтін ен асылым жетті. Белімнен төменгі жағым оның денесіне жабысып қалғандай...

Ойда жокта апамның диванының жасыл жабуында менің кыз құнімнің белгісі қалып, бала-шагасы бар еркектің қойнынан әйел болып шыға келдім. Баяғыда бір ағамыз: «Есік көрген біреуді алам» депті. Женгелері: «Оны қайтесін, кыз емес» деп, коймаса керек, Сонда көнілі кетіп қалған ол: «Қыз бен қатынның айырмашылығы бір-ак түн, маган жақсы қатын болғаны керек» деген екен дейді.

Сол айтқандай, сары майдай сақтап келген асылымнан ақ некелі жарды құшпай, ақ жаймалы төсекке жатпай-ақ, айырылым да қатдым. Денем әлі дір-дір етіп, бірдене бұлдірген баладай дымым шықпай қалды. Терезеге қараймын, жібек шілтердің арғы жағынан жұлдыздар сығалаіды. Бағанағыдай емес,

ішімдегі өргт басылған, бір кезде бір сәттік әлсіздіктің жетегінде бар абыройдан жұрдай болғанымды ойлап, бойымды өкініш биледі. Орны ешқашан толмайтын қыз дәуренім қолын бұлғап, көзден ғайып болды. Бақыт ағайым бұл кезде жау жастандырып келгендей, іргемде алансыз үйқыға кеткен. Менің мұндай майданға алғаш кіруім, сондықтан үйқы жоқ. Жан дүнием ғана құлазып, қанырап бос қалғандай. Ал бұған не дейсің, күнде көретін шайқасы ғой, әрдайым жеңіспен шықкан батырларша өлі үйқыға бас қоятын болар. Сондықтан бұл түні мені сан атуан ой қамал, шақшадай басымды шарадай қылды: «Мен осы кісіні сүйемін бе? Махаббат деген осы ма? Кітаптардан оқитын асыл махаббат қайда? Фашығы үшін жанын қиятын ер жігіт кімдердің маңдайына жазылған? Менің өмірімдегі бірінші түнді үйқысыз өткізуге болатын еді ғой? Мені сүймейтін шығар? Шын сүйсе, ең асылын үйлі-баранды, өзіне жар болмайтын еркекке берген мені аяп, таң атқанша мәпелеп, өзінің сезіміне болеп отырмас па еді?» деймін де баяғы. Ақыры, тәтті ләззаттың ғұмыры қысқа болатынына көзім жетіп, көз жасыма ерік бердім. Тек дыбысымды шығармадым. Ыстық жас жастығымды жуып, көпке дейін тыыйлмады.

Ағайым түннің бір уағында оянды да, киімдерін қарангыда сипалап жүріп жинап алды. Мені «үйықтап жатыр» деп ойтаса керек, өте сақ қозғалады. Мысықша басып шығып бара жатты. Білмегендей болып, жата бердім. Бір кезде есіктегі ағылшын кілті өздігінен тырс етіп, құлыпталып қалды. Оның баспалдақпен түсіп бара жатқандағы аяғының дыбысы естіліп тұрды.

Барсын, қайтем, кісі жары деген сол...

*Kісі жары кісіге жар болмайды,
Балапандай бауырыңа бассаң-дағы, –*

деген халық әнін ыңылдан жатып, жалғыздықпен таң атырдым.

Fашықтық, құмарлықпен – ол екі жол.

Гүлімайдың махаббат жырлары тұра «Мың бір түн» ерте-гісіндей екен. Жұмыстан келген соң, кешкі асымызды ішіп

алып, кейде саф ауамен демалып қайтайық деп, Ертістегі гажайып аспалы көпірінің бойында қыдырамыз. Арасында орталық саябакқа барамыз. Әркімге жармасып жүгіріп жүретін фотографтардан аулактау жерге, сәкіге жайғасып алып, сыр шертісеміз. Алдымыздан өткен сылқылдаған сұтуларды сынап-мінеп, сырттай мазақтап отыратын сәттеріміз де болады. Сондай қыздар өтіп кеткен соң, бірде құрбым маган сыр ашты. Халифтың алдында отыргандай болып Гүлімай сұлу өз басынан өткен маҳабbat сырын тағы актарған:

«Бақыт Бірлікұлы алғашқы түннен кейінгі күннің кешкісін гүлін құшақтап, кәмпітін көтеріп келіп тұр. Кеше, мен үшін өмірімдегі ең маңызды түнді жаңымда өткізбегеніне ренжіп қалғанмын. Иә, мен апам айтатындаи, мұсылман қыздың ерекше белгісі саналатын пәктігімді қадірсіздеу етіп көрсеткен шығармын. Дегенмен, мен оған дейін «таза» болдым гой, тіпті ешкіммен есім кетіп сүйісіп те көрмеген едім. «Ең болмаса, өзіне адал қалпы келгенімді бағаламады гой» деп, күні бойы қамықтым.

Дүйсенбіде сабакқа бармағанмын. Түн ішінде отбасы бары есіне түсіп, әйелінің іздейтінін ойлад, қоштаспастан табанын жалтыратқан соң, ренжімей қайтейін? Тым болмаса мені бір сүймей кеткеннен кейін жылап жатып, ұйықтап кетіппін. Күндегі сабакқа оянатын уақытында үйқым шайдай ашылған. Қарғыс атқыр кешегі түннің ләzzатты шагын еске түсіріп біраз жаттым. Кітаптарда бұл сәтті сүмдік ғажап етіп сипаттайтын гой? Сөйтсе де дәл жауапты жеріне келгенде, катты ауырсынып, ойбайлаған құлын дауысым шықты. Агады үстімнен итеріп тастап, тіпті теуіп жібергім келген. Ол да құдды жан алып, жан беріп жатқандай, терлеп-тепшіп, есі шықкан. Такымға бір түскен соң, босап шығу мүмкін еместей. Бұрын татып көрмеген ләzzаттың азабы мен шырынды сәті алма-кеzek ауысып, бірде ышқынып, бірде босаңсып, жаңым әрен аман қалған. Кездесіп жүргендегі ынтызартығымыз, құштарлығымыз әлдекайда керемет сияқты көрінгенмен, екеуміз де бір тылсым түнғирыққа еніп кеткендей, күйіп-жанып жатқанымыз, жан дүнием елжіреп, тұла бойым езіліп астына түскенім ойыма түскенде, қайтадан босаңси бастадым. «Сені сүйем! Дәл саған

ғашық болғандай ешкімге ынтық болмадым!» деген сөздері есіме түсіп, көзім жұмысып тәтті қиялға берілемін.

Бұл күні орнынан тұрудың өзі мұн болған. Біреу сабап тастагандай, күллі денемде ауырсыну бар. Шатым жазылмайды. Кіндіктен төмен жағым өрт тигендей ашып, жанымды көзіме көрсетеді. Күні бойы жасыл диваннан түспедім. «Керемет болады» деп қыздардан естіген алғашқы тұннен тұніліп кеттім. «Сені сүйгендей ешкімге ғашық болмадым» деген еркегім тұн ішінде «маңғыт, аузыңа санғыт» деп ол кетті. Бұрын да біреуге керегім шамалы еді, енді тіпті ешкімге керек болмайтынымды ойладап, үйқылы-ояу жатқанымда, есіктің қонырауы шырылдаған.

Есікті құлышызыдау барып ашсам, өзі тұр! Колында бір құшак гүлі бар. Артынан біреу қуғандай шашы дудырап, жүзі ала-бұртып, алқынып кетіпті. Өзін мен бір аңсап отыргандай, екі езуі екі құлағына жетіп, ыржияды келіп:

– Гүлімай, жаным, қалайсың? – деп, гүлін ұсынып, мені сүюге ұмтылды.

Мен карымта ықылас танытпадым. Гүлін алдым да, вазаға салайын деп, іш жакқа кіріп кеттім. Аяқ киімін шешіп жатты. Құмырамды құшақтап конақ бөлмеген өткенде, артынан кірді. Ләм-мим деп жақ ашпадым, тұндегі өкпемнін тұрі.

Арт жағымнан келіп қапсыра құшақтап:

– Не болды, түнде кетіп қалғаныма ренжідін бе? – деді. Өзім жақсы көретін әтірінің іісі мұрныма келді де, күрт ансарым оянған. Жанағы ренішім әлдекайда зым-зия болды.

Үндеңім жылап жібердім. Ол мені одан әрі бауырына қыса түсіп:

– Жаным, мені түсінуге тырысшы, сені қанша сүйгеніммен, отбасым, балаларым бар ғой, қайтейін енді? – деп күрсінген кезде, жүрегім қак айырылғандай болды. Оның ғашық көзбен қарағанынан есім ауып, құшағына қалай жұтылғанымды өзім де білтімеймін.

Еркек деген асыл құдығына бір жол ашып алса киын екен. Содан Бақыт ағай жұмыстаи кейін күн сайын согып тұратын болды. Ертең не болатыныңнан корықтай еркекпен төсектес болу оңай дейсін бе?! Ар мен ұттты, елдің көзі мен сөзін ой-

лағанда, өзімді коярға жер таппаймын. Ештеңе көніліме қанағат, жаңыма тыныштық бермесе де, кешке қарай оның келетінін ой-лап, сағынышпен құтіп отырамын. Ол есіктен енгеннен, әрбір сөзі өзегіме түсіп, денеме шымырлап сініп кете береді. Ләzzаттан басым айналып, қақаған қыс өтіп, жадырап жаз келсе де, бір-бірімізге деген құштарлығымыз басылар емес...

Бір күні менің сүйікті дәрігерім:

- Гүлім, сен сақтануды білесін бе? – деген сұрақ койды.
- Неден сақтануым керек? – дептін.
- Ой, аңғал балапаным-ай, менен сақтануың керек қой, – деп мұрнымнан қысып қойды.
- Не үшін? – деп, әлі шынымен таңырқап отырмын.
- Екіқабат болып қалмау үшін...

Мен ұялып кетіп, бетім дұылдап шыға келді. Ерекпен төсектес болып жүріп, сол ойыма келменті. Мен сүйікті дәрігеріме не деп жауап беруді білмей, кенет: «мүмкін, екіқабат шығармын» деген ой келген.

– Сонымен, байқауымша, сен сақтанбайсың, оның не екенін де білмейсін, менің балапаным, – деп бауырына тартып сүйді.

Одан әрі бұл тақырыпты қозғағым келмей, орнымнан тұрып, үйіштік шаруалармен айналысып кеттім. Сол күннен бастап маған «екіқабат болып қалсам қайтем» деген уайым тұсті. Әрі Бақыт Бірлікұлы маған айкезбелігім ұстап, кояншығым қайталап қалмас үшін ем жасап, дәрілер ішкізетін. Соның әсері болды ма, екі жыл еркектің құшагында жатып жүрсем де, ештеңе көтермедім. Институтты бітіргенше, менің сүйікті дәрігеріммен жиі сағына қауышып жүрдік.

«Шындық түбінде шығады» дегендей, канша жасырсақта, бір күні оның әйелі біліп қалыпты. Қызметке жаңа түрған кезім еді, жұмыс орныма ізделп келді. Түскі үзіліске шығып бара жатқанда, алдынан құтіп алған бауырсақтай томпиган әйел жолымды кес-кестей берген.

– Сәлемет пе, айналайын, Гүлімай деген сен бе? – деді, жаңыма таяп келіп. Ойымда түк жок:

- Иә, – дедім, қабағымды керіп, кербезденіп.
- Бақыт Бірлікұлын танисың гой?

Танитынымды айтпасам да біліп, түріме сынай қарап тұр. Жүргегім зу етті. Жүзіне карауга дәтім бармай, қаша жөнелгім келген. Түрімнің кенет бұзылып кеткенін көрді де, еш саспастан:

– Жап-жас бала екенсің, егер шынымен қаласан, сенімен таласпай-ак, Бақытты берейін. Екі баламен мені сорлатып, сен де бақыт таппассың. Оған ашына болғанында ғана сүйіктісің, ал некелі жар болған сон, шынайы бет-бейнесін көресің. Шыдасаң, мен сияқты он бес жыл тұрарсың, шыдамасаң, ыстықсұығың басылған сон, қуып жібересің. Балалары үшін маған келер, балаларым үшін мен оны қайта кіргізіп алармын. Бірақ саған өмірінді неге өзің сияқты тап-таза жас жігітпен ақ көйлек киіп, ақ неке қыып бастамасқа? – деді де, бұрылып жүре берді. Тұрган жерімде қаққан қазықтай қалшинып, аузым анқыып қала бердім.

Толықша сары әйел маған шапылдан ұрыскан жок, «байымды қайтар» деп, жағама жармасып, жұтыскан жок. «Жұмыстан шығартып жіберем» деп қорқытқан жок, намысъма тиетін ауыр сөз де айтпады, тіпті шағынып жыламады да. Тығырыққа тірелген тұсым осы болды. Мұндай корланбаспын, одан да ұрысканы, жұтысканы, корқытканы жаксы еді. Кандай сабырлы, салиқалы әйел еді. Бір ауыз сөзімен-ак өмірге көзімді ашты. Сол күні кешкеп қарай өз кілтімен үйге кірген менің сүйікті дәрігеріме мен де оның өз әйелі сияқты байсалды үнмен:

– Мен сізді өз отбасыңызда бақытты болғаныңызды қалаймын. Сізбен бірге болған шақтарым, рас, қызық та тәтті, бірақ не нәрсенің де таусылатын кезі болады. Екеуміздің балдай сәттеріміз таусылды, ешкімге ашына болғым келмейді, енді өз бақытимды іздеймін! – дедім де, колындағы кілтімді атып, есікті ашып:

– Кош болыңыз! Енді маған келменіз! – дедім. Әйелінің жұмысъма келгені туралы жұмған аузымды ашпадым. Ол менің айтқандарымды үқтый ма, үқпады ма, білмеймін, күтпеген жайдан есенгіреп қалған.

– Гүлім, не болды? Мен сенің репжіттім бе?! Кешірші! – деп жалбарынып, есіктің конырауын безілдетіп, көпке дейін кетпей қойған. Көп ұзамай телефон шырылдады. Сол екенін біліп

тұтқаны алмадым. Қайта келіп есіктің қонырауын үзак басты, ашпадым.

Мен де онын әйелі сиякты жыламадым, ашуланбадым, ұрыспадым. Қимай, ішім қан жылап тұрса да: «Енді өмірімді жана парактан бастаймын. Бір жақсысы, арамызда бала жоқ» деп, соган тәубе еттім. Өзімнің алғашкы махаббатыммен мен осылай оңай қоштастым. Сонда мен оны сүймегенмін бе? Ол жагын білмеймін. Тіпті, қазір ойласам, шын сүюдің не екенін де білмейтін сияқтымын.

*Fашықтық, құмарлықпен – ол екі жол,
Құмарлық бір нәпсі үшін болады соғ, –*

деген Абай шумактарына ой жіберсем, біздің арамызда ғашықтық емес, құмарлық қана болған екен. Сонда:

*Сенен артық жан жсоқ деп ғашық болдым,
Мен не болсан болайын, сен аман бол, –*

дейтін жанга әлі жолықпаганмын гой?

Біраз құрбыларыммен сырласып көрсем, бәрінікі бауыр басу я ләzzат күмары. «Сүйікті дәрігерім» де менің жастығыма, сұлулығыма құмартты. Мен де алғашкы көрген еркегім болған соң, бауыр басып, ләzzатты шактардың арбауынан шыға алмай қалдым. Осы кезге дейін: «Біздікі тек құмарлық болды, мен әлі өз махаббатымды жолықтырамын» деген үмітте болдым. Сүйгім келді, сүйікті болғым келді, махаббаттың жолында құрбан болсан арманым жоқ дедім. Адамның жүрек көзі ашылып бірін-бірі сүймей, ақылмен бірін-бірі танымай, шын махаббаттың болуы мүмкін емесі рас қой. Бірақ маған әзір ондай жігіт жолықпады.

Менін сүйікті дәрігеріммен біржолата қоштасқаннан кейін екі нәрсе анық болды. Біріншісі, сырт келбетіме қарал қанша ма жігіт жабысқанымен, бетім ашылғаның білген соң, ак некелі жар болуга шақырмады.

Екіншісі, мен де төсектің дәмін алып қалған екенмін, кездескенімізге көп болмай, қойынға кіріп кетіп, сыр алдырып қоя-

мын. Содан қанша еркекпен жатсам да, екіқабат болмадым. Осыдан маған «бедеу шығармын» деген ой келді.

Дәрігеріммен қарым-қатынасымды үзген сон, емім токталаип, қояншығым ұстап қалып жүрді. Содан қорланып, еркектермен байланысады доғардым. Бірақ «мынау сұры қашқан жалғанда «мені біреу шынымен сүйсе» деген арманым көкейімнен еш кеткен емес».

Гүлімайдың осылай хикаятқа бергісіз ұзак әңгімесі өзімді шын сүйген, сонау Хантәнірінің бауырында қалып кеткен алғашқы махаббатым Мәлсті есіме түсірді. «Қайда жүр екен? Үйленді ме? Денсаулығы қалай екен?» деген жауабы жоқ сұрақтар иектей бастады. «Менің Мәлске деген ең алғашқы мөлдір сезімім шынайы махаббат па еді?» деген ой жиі толғандыратын болып алды.

Ат түягын тай басар

Әмірдің өмірден өткеніне үш жыл болғанда, әке-шешесінің қара шанырагында шек берілді. Құрбан айттың алдында мал сойылып, Әмір аруағына дұға оқыдық. Біздің үй ауылдагы дәүлетті отбасылардың бірі еді, сондықтан шекті үш жыл қатарынан берген. Барлық жақын-жұық, құда-құдағилардың бірі қалмай шақырылған. Сұнкар екеуіміз алдында, Дәу ағалардың көлігіне мінгесіп келгенбіз. Қенілтімізде Әмірге деген сағыныш, «Әмірдің соңғы шегі абыраймен өтсе» деген алаң бар. Ата-енеме деген бұл жолғы ризашылығым айрықша еді. Келін болсам да, бұл үйге конак сияқты келетін болғанмын. Үшінші сыныпқа өткен Сұнкарды көріп, ағайын-туыстары бауырларына басып, бетінен сүйіп сағыныштарын білдіріп жатты. Енем:

– Құдды Әмір! О, тоба аяғын қисайтып басатынына дейін аумай қалыпты! – деп қуаныш етіп жатты, жанары суланды. Қайтсін, қанша балан болса да, әр перзентінің өз орны бар. Баладан айрылу онай ма?! «Ат түягын тай басар» дегендей, Сұнкар сол жоктың орнын толтырып жүр. Қайтарда: «Жазғы демалысында жанымызда қалсын» деген ардақты атамның қөнілін қимай, қалдырып кеттім. Гүлімай екеуміз жылда жаз

айларында бірге тұратын әдеттімізben екі үйдің ортасында көшіп-конып жүрдік. Ол анда-санда гашықтарымен кездесуге өз үйіне кетіп қалатыны бар. Аурулы, көнілі жарым жан гой деп, онын жүріс-тұрысына мән бермеуге тырысамын. Жазғы каникул көзді ашып-жұмғанша өтіп, бұл жолы Сұнкарды ата-әжесі екеуі бірге алып келіпті. Төртеуіміз қосылып, қаланы армансыз арападык. Сұнкардың мектепке керек-жарактарын түгендер болған соң:

– Экесі домбыраға өуес еді, сен де ән салады екенсін, бұл бала тегін болмас, Сұнкаржанға домбыраға бер, – деді. Үйге келген соң қазан көтеріп, Дәу ағамызды бала-шагасымен шакырдык. Гүлімай да келді.

– Сұнкаржан, домбыранды әкел, – деген атамыз ұзак тыңқылдатып, домбыраның құлақ күйін келтіріп, халық әні «Женеше-айды» бастай жөнелді.

*Айдан салдыым жылқымын тенсөң жерге, женеше-ай,
Сіздей адам табылмас, екsem жерге женеше-ай.
Намаздыгер, намазшам арасында женеше-ай,
Асыққаннан тимейді өкшем жерге, женеше-ай.*

*A-a-ай, женеше-ай,
Мінезің сенің өзшеше ай, –*

деген қайырмасына апамыз қосылды. Ары карай екеуі бірігіп шырқады.

Жарты ғасыр бірге тұрған ерлі-зайыптылар бір-біріне жара-сып, балаларының ортасында шаттыққа бөленіп отыр. Дәу аға мен Сырғаш женешем де қандай әдемі жүп. «Мен де, Гүлімай да ондай бақытты енді көре алмайтын шығармыз, бір шаныракта кол үстасып, ұзак бірге ғұмыр сүріп, өсіп-өніп, балаларының ортасында шалқып отырған нағыз бақыт екен гой. Мұндай әдемі өмір екінің біріне бүйірмаган. Бізге де үлкендер, «Қосағынмен коса ағар!» деп бата беріп еді. Неге ак бата жұғысты болмады?» деп, жастай қосылған Әмірді еске алып, ішімнен қан жылап отырмын. Атам маған «ән сал» деп еді, «Бұрылтай-ды» бастадым да, жылап қалдым. Олар мені түсінді, ары карай

жалгастыруымды ешкім сұрамады. Атам менің көніл күйімді демеу үшін:

– Балалар, бәрің тындандар, өткенде үрпағыма айта жүрейін деп газеттен киып алып едім, соны тындандар! – деді де, төс қалтасынан газет қындысын шығарып, дауыстап оки бастады. – Бұл өситетті Насыр Махамбетов деген азамат жазыпты: «Адамның, ең жақсы қасиеті – сабыр, ең жаман қасиеті – ашу. ең жақсы досы – иман, ең жаман жауы – нәпсі, ең үлкен байлығы – отбасы».

Ал енді тағы тындандар:

*Ең үлкен шығыны – бардың қадірін білмеу.
Ең дұрыс шешімі – кешірінді болуы,
Ең бұрыс шешімі – кек сақтауы.
Ең көркем қуаныш – ізгілік жасауы,
Ең тәзгісіз қайғысы – зұлымдық жасауы, –*

деп оқып шықты да, оның әр тармагын түсіндіріп, тәпсірлеп айтып шықты.

Дәүаға әкесінің әрбір сезіне ерекше назар аударып тындалап отырды да:

– Көке, осы мен картайғанда сіз сияқты ақсақал болсам болар еді, немерелеріме айттарым бар, – деді.

– Неге болмайсың, боласың! Осы бастан әр нәрсеге мән беріп, халықтың салт-дәстүрін үстانا жүр. Білгенінді маңайындағыларға айта жүр, – деді.

– Дәу, сен Сыргаш екеуін елге бас, ағайынга жаға болып қалдындар ғой, шырактарым, – деп, анасы да ризашылық білдірді.

Сұнкар болса сол түні домбырасын құшактап жатты десем, артық айтпаспын. Оған өз шанырағындағы отбасылық кеш катты әсер еткен де болар. Соны байқаған атасы:

– Сұнкаржан, бүгін кандай түс көрдін? – деп сұрады таңертең.

– Түс па? – деп аз-кем көзін аударып-төңкеріп түрді да, – Есімде жоқ, – деді.

– Әттеген-ай! Түсінде домбыра көрсөн күйіші болар едің, – деді ақсақал.

– Ой, сол баланың есінде тұс қалады деймісіз, Сұнқаржаным райком болады, – деп, әжесі жанына келген немересінің басынан ііскеді.

– Ата, менің тұсіме домбыра кіргенше әкем кірсе ғой! Күнде жатқанда соны ойлап жатам, бірақ тұсіме кірмейді, – деді Сұнқар.

Баланың мына сөзі ойтамаған жерден барлығымыздың көңілімізді босатқан. Атам алдымен есін жиып:

– Құдайға шүкір, «орнында бар оналар» деген осы! Әкесін ұмытпай ойтап жүрген бұл бала өте ақылды, қайырымды жігіт болайын деп түр! – деп, орнынан тұрып келіп Сұнқардың төбесінен ііскең, бауырына басты. Осы кезде әжесі:

– Әмір, жарығым-ау, түяғынды басар тайынның не дегенін естідін бе?! – деп, дауыс салып, жылап жіберді.

Дәү аға анасын құшағына атып, сабырға шакырды.

Екі қарт келесі күні немерелерінің алғашқы қоңырау салтанатына барып, көнілдерін бірлеп ауылға қайтты.

Тарихтың жаңа бетіне күә болғанда

Гүлімай екеуміз жаңа астанаға тарихшы-өлкетанушылардың басқосуына баратын болдық.

Пойызбен он сегіз сағат жүріп, жеткен жаңа астанамыз бізді ызырық желімен қарсы алды. Қошедегілер жылы киіммен жүр, аузымыздан кәдімгідей бу шығады. Біздін Семей бұл жерден жылы ма деп қалдым. Үстімізге кигеніміз күздік пальто, аяғымызда жұқа етік еді, бойымыздан ызғар өтіп, кәдімгідей тоңайын дедік. Ақмоланың ел астанасына айналған алғашқы күндері еді. Еліміздің тарихында жаңа дәуір басталып жатқан. Қаланың орталық көшесімен жүріп келеміз. Әр жерінде құрылыш қызып жатқан ескілсү, кішірек қала еді бұл.

– Мынау еліміздің астанасы бола ма? Ақмола Астана дәре-жесіне өскенше қай заман? – деп қояды Гүлімай.

– Көресің, енді бір он жылда адам танымастай өзгереді, – деп қоямын мен, көнілтім мына көрген көріністерден кейін сенбей тұрса да. Такси тоқтатып, «Турист» мейманханасына жетіп алдык.

– Қыздар, біздең ең жаксы мейманхана осы, – деді таксист. Қол жүгімізді есік алдындағы сәкіге қойып манайға көз тастагаңда, «Жастар» сарайын көргем. Одан әрі аласа үйлер...

Келесі күні конференция басталды. Ол Ақмоланың не үшін ел астанасы болу керектігінің себептерін де ашып беруі керек болатын. Астананы ауыстырудың отыздан астам өлшем-пайым бар екен. Ел арасынан көп шыға бермейтін мен жан-жағыма көз тастаймын. Басқосуда айтылып жатқан әнгімені бүкіл ынта-ықыласымды салып тындаймын. Жаңа астананың таңдауында бірқатар маңызды шарттардан басқа климат пен сейсмологиялық жағдайға да аса мән беріліпті. Кемел Ақышев деген ғұлымның аты көп аталған соң, зерделей түссем, осы манайдың тарихын жете зерттеген адам екен, өзі үлкен археолог болса керек. Осы жерде үйімдастырылған Есіл археологиялық экспедициясына жетекшілік етілті. Алдында Павлодар манайындағы Ерейментау елді-мекені астана болуға лайық деген де ой болған екен. Кейін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Сарыарқа – жеріміздің кіндігі, еліміздің қақортасы. Өрі бұл жерде тоғыз тарапқа тартатын ең дамыған темір жол бар. Өзі үлкен индустримальық, өндірістік орталықтардың жаңында. Бір сөзben айтканда, Еуразия құрлығының нақортасында орналасқан», – деп, осы Ақмолаға тоқтатыпты.

Конференциядан танымал тарихшы, этнограф, республикалық музейлердің басшыларынан басқа, Кемал Ақышевтың өзін көріп, колтаңбасын алып, риза болып қайттық. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген әрілтестерімізben танысып, телефон алmasып, арқа-жарқа болдық. Кешке күміскөмей әнші Кенжеғали Мыржықбаевтың концертіне асықтық. Кенже-кенінің жанды баурайтын дауысы бөлек қой, шіркін! Сымға тартқандай келбеті қандай! Оның үстіне, өзіміздің Саржалдан шыққан, жерлес еді. Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқасын» айтқанда, демімді ішке тартып, сондай бір ықыласпен тындалап қалдым. Абай лирикасы неткен шынайы да сүйту еді! Әншінің табиғат берген сиқырлы үні залдағы тыңдарманды арбап, әсерге болеп тастаған. «Желсіз түнде жарық ай», «Қарангы түнде тау қалғып», басқа да бірқатар лирикалық әндері шырқалған. Кенжекенінің жұрт сүйіп тындайтын «Нұрикаматына» кезек

келгенде, зал ду еткен. Әнші әнге кезек берудің алдында шығу тарихын баяндап берді:

«1995 жылы Абай шығармашылығын насыхаттаپ, Та什кент қаласы мен оның маңайындағы қазак ауылдарына барып қайттым. Қайтар жолда Шымкентке соктым. Сонда Ханбибі Есенқаракызы деген ақын қыздарының үйіне конакқа шакырды. «Мына әнді тыңдашы», – деді. Үнады. Сөйтсем, бұл әнді бір-екі жыл бұрын Фариза апамыз да тыңдалап көріпті. Ол кісі: «Нұрикамалды» қор қылмай, Мыржықбайға беріндер!» деген еken. Содан сандықтың түбіне сақтап қойған гой. Алдым. Ол әннің тарихы мынадай: Оңтүстік обкомына қызметке Арқадан Нұрикамал деген әдемі, сұлу қыз барады гой. Ақын деген сезімтал келеді емес пе? Ханбибінің күйеуі Тұрдықылыш Ізтаев Нұрикамалға ғашық болып қалады. Мұны байқап жүрген Ханбибі күйеуінің алдына төрт шумак өлең қатарын тастай салады. Оған да керегі сол, бірден ән шығарып жібереді. Ән солай дүниеге келген. «Нұрикамал камалым-ай, Күндей ашық қабағын-ай, Қолым жетпей, сөзім де өтпей, Жаутаңдым қабағына-ай» деген әдемі сөздері бар. Сол Нұрикамал қазір аман-есен Ақмолада, жаңа астанада, ортамызда жүр», – деп, елдің көнілін бір елең еткізді де, әнді бастап жіберді. «Ән шіркіннің сөзі қандай, сазы қандай!» дегізіп, бірден елітіп әкетті. Жұрт орнынан тік көтеріліп, әншіні сахнадан жібермей қойған. Кенжекен де қазір астанада, осындағы педагогика институтында дәріс береді еken. Осы кеште институт ректоры Амангелді Құсайынов ағамыз аса риза көнітмен әншінің қолын алдып, оқу орнының профессоры атағын жұрт көзінше беріп жіберді. Себебі, осы уақытка дейін Ақмолада ешкім казақша концерт бермеген көрінеді. Ертесіне «Казправданың» бірінші бетіне «Келешек астананың алғашқы қарлығашы» деген маката жарқ ете қалған. Расында да, еліміздің небір дарындары алғашқы қарлығаш болып астанага үшып келіп жатқан кез еді бұл.

Концерттен келіп, рахаттанып үйқыға басыппыз. Терезенің жібек шілтерінен мол түсken күн шуағы бетімнен қытықтап оятқандай болды. Жанарымды аштырмай, қарықтырған соң, бір қырыма аунап түсіп, кешегі күнді есіме түсіріп біраз жаттым. Құлагыма Кенжегали Мыржықбаевтың «Нұрикамалы» келетіндей. Маужырап, үйқымды аша алмай жатырмын.

– Қайырлы таң! – деген Гүлімай ақ білегін маған қарай созды. Ол төр жақтағы төсекте жатқан.

– Қайырлы таң, сұлу қыз! – дедім еркелетіп.

– Төменге түсіп тамактанып алып, сыртқа шыгайық. Мейманхананың алдындағы үлкен аланда мемлекеттік рәміздерді Атматыдан алып келу салтанаты болады деп еді ғой, соны көрейік, – деп орнынан көтерілді.

– Иә, айтпақшы, Президентті көреміз! – деп, мен де төсегімнен тұра бастадым.

Таңғы аста кешелі бері танып қалған әріптестерімізben кездестік. «Реміз тапсыру салтанаты» түстен кейін болатынын со-лардан естідік. Алда біраз бос уақыт бар екен. Таңғы асты ішкеннен кейін, дүкен аралауға шығып, біраз уақыт өлтірдік. Бір кезде кар ұшқындаій бастаган. Денеміздің тоназығанына қарамай, уақыты болды-ау дегендे, орталық аланды бетке алдык. Бір нәрседен күр қалатындаій, жүгіре басып келеміз. «Жастар» сарайының алдындағы алаңға жүрт жиналып қалыпты.

Бұл 1997 жылдың 7 қарашасы еді.

Жергілікті уақыт 15:00 болғанда, Қазақстан Республикасының Байрағы, Елтаңбасы мен Президенттің штандарты Ақмолаға салтанатты түрде әкеліп, тапсырылды. Бұл сәт қала тұрғындары үшін гана емес, барша казақстандықтар үшін де тарихтың жаңа беті ашылғанын анық көрсетті. Жанына халық қалаулылары мен Үкімет мүшелерін ертіп ортамызға Президентте келген. Халық шат-шадыман жүзбен, көңілін айқара ашып қарсы алды. Жүзінен қуаныш, асқақ айбын сезілген ол қалың қауымға қайта-қайта қол бұлғап, өзін қолдаған жұртына ризашылық білдірді. Гүлімай екеуміз Мемлекет Басшысын жақыннан көру үшін халықтың ішіне кіріп, алға ұмытылып барамыз. Осындай тарихи оқиғаға тап келіп, ортасында жүргенімізге ризамыз. Екі бетімізді аяз сорып жатқанымен жұмысымыз жок. Жанарымыздан от шашырап, қуанып жүрміз.

Алаңды қак жарып, тәуелсіз Отанымыздың көк туын же лібіретіп, Ұлтық Ұлан сарбаздары өтті. Туды көріп, патриоттық рух алған халық толқып түр. Оның сонынан қос сарбаз Елтаңбаны көтеріп келеді. Штандарт та жетті. Елдің Әнұраны айтыла бастады. Жүрт қосыла жөнелген. Жүрек тұсына қолын

койып, әнұранды шырқаған олар артынан дүркірете қол сокты. Жастар ағы айқайға басып, ыскырып жатты. Осы кезде бүй-рығының орындалғаны туралы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа рапорт берілген. Сап алдына шығып, рапорт берген Республикалық Ұлтанның қолбасшысы, генерал-полковник Сәт Тоқпақбаев еді. Ол Алматыдан жана астанаға жеткізілген мемлекеттік рәміздер эталондарын табыс еткенде, жиналған жұрт тағы да дүркіретіп қол шапалаққа басты. Рәміздерді қабылдап алған Мемлекет Басшысы халқына сөз арнады. Осы тарихи сәттен қуат алған ел бет қарыған аязға қарамай сатырлата қолын соғып, шуласып, шаттығын жасыра алмаган.

Салтанат барысында ақмолалық ақсакалдар Президентке батасын беріп, жана астананың символдық кілтін табыстады. Біз алға ұмтыла-ұмтыла мінберге жақындал қалған еkenбіз, кара пальто киген бір азамат:

– Карындастар, баса-көктеп қайда барасыздар! – деп тоқтатты.

Гүлімай:

– Біздің де Президентті көргіміз келеді! – деді де, алға қарай жұлқына берді. Мен де ұмтылып коям.

– Осы жерден көрініздер, енді күнде көретін боласыздар, – деді әлгі адам.

– Қайдан, біз ертең кетеміз, сіздер ғой күнде көретін, – деп, көзін сүзе қалды Гүлімай. «Өйел ашуланса, женіледі, еркелесе, женеді» дегендей, Гүлімайдың назды үніне арбала қалған әлті жігіт:

– Қайда кетесіздер, келмей жатып? – деп, сөзге тарта қалды.

– Біз конаклыз. Жаңа астанаға келіп жатқан сіздер шығарсыздар, – деп, карап тұрмай, сөзге араластым.

– Астанаға келген конактармен дұрыстап таныспаймыз ба?! – деді оның жанында тұрған жалпак сары ағай бізге қарай бұрылып.

Сонымен жаңағы Саттар, Төрекhan деген жігіттермен таныстық. Жаңа астанаға ауысқан жап-жана мемлекеттік қызыметкерлер екен. Рәміздерді қарсы алу салтанатында шулаған жұрттың арасында ол кісілермен үзіп-жүлкып әнгімелесіп, әзіл жаразтырып тұрдық. Отанымыздың жана астанасына кел-

ген мемлекетіміздің басты белгілеріне көктен шашу шашылып, жапалақтап қар жауа бастады. Екеуінің бастарында маңақай, бізге:

– Кыздар, сіздер тоңып қалатын болдыныздар, жаланбас шықкандарыңызды қарашы, – деп, жанашырылық танытып жатыр.

– Біз Семейдің сұығына шыныққан қыздармыз, – деп коямыз ерніміз сұықтан көгеріп кетсе де.

Салтанат аяқталып, жұрт тарқай бастады. Президент серіктерімен көліктеріне бет алды. Оқкағар мен құзетшілердің қақпақылына қарамай, көпшілік ентелей соңынан еріп, ықыластарын білдіріп, шығарып салтып жатты. Тараган жүрттың ортасында біз де көшениң арғы жағында сорайып көрініп түрған мейманханамызға бетtedік. Әлгі екеуі жанымыздан қалмай, ілесіп келеді. Жаңа жауған әппақ қар табанымызда таптатып жатыр. Жан-жағымыздан жаңағы салтанатқа қатысқандар даурығыса сөйлесіп кетіп барады.

– Кыздар, Сіздер қатты тоңып қалдыныздар, бір жерге барып ыстық сорпа мен шәй ішсек қайтеді, – деді Саттар.

– Мейманхананың сұық бөлмесіне барасыздар да мұздап отырасыздар, одан да бізге еріндер, бірге тамактанайық, – деді Төрехан да.

Гүлімай екеуміз шынында қатты тоңып түр едік, ыстық сорпа деген соң, бір-бірімізге қарап қойып, келіскең сыңай таныттық.

– Кеттік, – деді Саттар.

– Қайда?

– «Самоварға»!

– Жоқ, «Егоркиноға»! – десіп, екі жігіт таңдауға таласып қалды.

Мойнымызды жұқа пальтоның жағасына тығынқырап, екі аяқты қағыстырып, бір-бірімізге қарап Гүлімай екеуміз үнде-мей түрмыйз.

– «Егоркинода» адам көп болады, оның үстіне бағанағы салтанатқа қатысқандар жақын болған соң, соған жүгіреді, – дейді Саттар әлі өзінікін дәтелдеп.

– Жарайды, «Самовар» шынында тыныштау, – деп Төрехан келісті.

Біз ілесе бердік. Саттар көшениң шетіне шыға қолын көтеріп қалып еді бір көлтік токтай қалды. Мейрамхананың мекенін естіген бетте бізді салып алып, алға карай зымырай жөнелді.

Желік жеңгендегі

«Самовар» деген шағын мейрамхана екен.

Ішке кіргеннен елпілдеген екеуі киімімізді гардеробқа өткізіп, төрге карай бастай жөнелген. Залдың түпкіріндегі төрт адамдық ұстел бізді күткендей бос түр екен. Екі қызды іргеге ала жайғасқан жігіттер даяшыға қол бұлғады.

Мен ұзын бойлы, қалың қабакты қара жігіт Саттардың жаңында. Гүлімай көзі жіпсиген, толықша сары жігіт Төрекханның ығында отырмыз. Даяши ас мәзірін бәрімізге таратып берді. Ортамызда Гүлімай мен Саттардың еті тірі болып шықты. Төрекхан екеуміз аузымызды ашқанша тапсырысты беріп жіберді. Менің тамақ таңдамақ түгілі, жылты жерге кірген соң маужырап үйкүм келе бастады. Төрекхан да жым-жырт. Саттар бір кезде:

– Аяулым үйықтап кетпей түрғанда бір анекдот айтып жіберейін, – деп, мені сөзбен оятып алды да, ауылдан қалаға келген қыздың оқиғасы туралты күлдіргі анекдотын бастай жөнелді.

Артынша тағы біреуін жіберді. Әзіл-қалжының күлкілі, әдемі болып бәріміздің көңіліміз көтеріле бастады.

– Бойтарың жылышайын деді ме? – деп, бізге қарап қояды.

– Біз осында келген алгашқы қарлығашпыш. Алматыда ми замшуақ болып жатканда ұшып келдік. Жеткен күні эйфориямен күн салқындығын байқамаппыш. Құтіп алушылармен даурығысып жүріп кеш жаттық. Таңертең тұрсақ, далада кар, терезелерге мұз катқан. Тұнде сабатап жауған жанбыр танғы ызғармен қарға айналып үлгеріпті. Арқаның табигаты бізді осылай қарсы алған болатын, – деп күлді Саттар. – Кай жерге барсан да қакаған сұық. Тамактанатын орын жок. Дірдек қағып жүрдік алғашында. Міне, айға жұықтады, үйреніп қалдық, – деп қояды, астананың жаңа түрғыны.

– Бір аптага жетпей, қайта барып қыстық киімдерімізді алып келдік, – деп қосылды оған Төрехан.

Даяши үстел үстін әп-сәтте жайнатып, самсатып тастады.

– Қыздар мұнда сұыкты аракпен ғана қайтарады еken. Бұл баяғы тыңқөтерушілерден қалған дәстүр. Біз де кішкене-кішкене тартып алмасақ катып қаламыз деп, соган үйреніп келеміз.

– Ішімдікке де тапсырыс берейік, сіздер таңданыздар! – деп келе жатқан Төреханның сөзін бөлгөн Саттар:

– Осы неменеге сіз-біз деп сызылып отырмыз, өздерің бізден жас, сұлусындар. Заманымыз бір. «Бес жас – бел құрдас, он жас – ол да құрдас» деген бар. Бір-бірімізben сен деп тікелей сөйтесе берсек қайтеді? – деп, басымызды бұргызбай игеріп ала жөнелді.

– Сен болса – сен, – деп күлді Төрехан.

– Несі бар, бір дәуірдің түлеп үшкан жастары елік, – деп, Гүлмай әндептің жіберді.

– Бәріміз де өмір жолын бастап едік, Бәріміз де жазылмаған дастан едік, – деп, жігіттер қосыла жөнелді.

Даяши лыпып жүріп ішімдікті де жеткізді. Бар би.лік Саттардың қолына тиіп, бәрімізге құйып, керемет сөздермен ойда жокта осында тарихи күні таныса кеткеніміз үшін алғызып жіберді. Мен бұрын шарап, ақтайнар ішкенім болмаса, ақ аракпен байланысым жоқ еді. Бірдең басыма шықты. «Көп сөйлемеуім керек, ендігі құйғандарын ішпеуге тырысайын, әйтпесе мас болып қаламын» деп өзімді іштей шектеп, аузыма құльып сала бастадым. Гүлмайдың не ойтап отырганын қайдам, бойының жылынғанынан ба, арактың қызуынан ба, жүзі албырап отыр.

Екі еркек байқауымша үлкен жерде қызмет етеді:

– Бізді алдымен үлкен сенім артып енді көшіп келетін министрліктер мен ведомствоның қызметкерлерінің тұратын жерлерін әзірлеуге жіберді. Әзір өзіміз осы жақын мандағы «Ишим» деген қонақ үйді мекендеп жатырмыз. Жөнді асхана да жоқ. Кейде жергілікті қызметкерлер кезегімен үйлеріне шакырады. «Встреча» шағын ауданнан мемлекеттік қызметкерлерге арналған үйлер салына бастады. Осылайша, аязына да, басқа қындығына да қарамай, шыдап жатырмыз, – деп, астанаға алғаш келгендері оқиғаларын жалғастырып отыр. Әңгімелерін

кызыып тыңдал отырмын. Гүлімай екеуміз де өз тіршіліктер-мізден хабар беріп, Семейдегі халықтың әлеуметтік жағдайынан бірденелер айтқан боламыз. Арасында олар мактағанға сеніп қаламыз ба, алдымыздыны атып қоямыз. Залдың ішінде музыка ойнап, маңаймыз у-шуға айналды. Масайып барам ба, жігіттердің кейбір сөзін ұғып, кейбірін ұқпаймын. Соны байқаған қу еркектер жылы-жылы сейлеп бізді араққа зорлап қояды. Күлкіміз де жарқын шыға бастады. Құшактасып билеп те алдық.

«Мен жары өлген қаралы келіншек емеспін бе?! Мұнша арак ішкенім не?» деп қоям іштей. Аргы жағымнан бір шайтан «Байын өлгелі үш жылдан асты, қашанғы қаралы боласын. Элі жассың, көнілінді көтер. Ертең кетесің, тағы қаралы күндерін басталады. Төсекте денең қызып, үйқың қашатынын ұмыттың ба?!» деп түрткіледі.

«Мына екеуі отбасын Алматыға қалдырып, «қызмет етіп акша тауып, мәртебемізді есіреміз» деп астанага келгендер. «Ерек үйден қырық қадам шықкан соң – бойдак» дегендей, олар осында келгелі «бойдак» күйін кешуде. Эрі ерек не істесе де артына сөз ермейді, ал әйелдің жолы жіңішке. Біреу мына жүрісімді байқап қалып Дәу аға мен атама, не өз ағама жеткізсе не сүмдық болады» деп сау кезімде ойланып отырдым. «Гүлімай маган қараганда басы бос, аландайтын баласы жоқ, қайта реті келсе күйеу тауып алғаны жақсы ғой» деймін. Ол маган қарап екі ұртындағы шұқыры үйіріліп құліп қояды, неге мәз болып отырганын кім білсін.

Отырысымыз жарасып, құрбым екеуміз де қызып қалдық. Бір серпілгенімде:

- Бізді мейманханаға кіргізбейтін шығар, – дедім.
- Біз ертең қайтуымыз керек, жолға жиналу керек, – деп, Гүлімай да есін жинап, орнынан қозгалды. Мен де көтеріліп едім басым айналды. Екі ерек иығымыздан басып:
- Қыздар, енді кішкене отырайық, енді қашан кездесеміз, – деп қылған соң, қайта отырдық. Бір кезде қашан шыққанымызды білмеймін, сыртта тұрмыз. Қарашаның қара суығы біраз есімізді жигызғандай. «Самовардың» алдында қайда баратыны-

мызды айтысып тағы тұрдық. Көп ұзамай төртеуміз «Ишим» мейманханасында екінші қабатқа көтеріліп бара жаттық...

Таңертең болмеге жарық түскенде ояныптын.

Көзімді ашқанда назарым айналы ағаш шифонерге тұсті. Мойнымды бұрсам, жанымда қабағы тұксиген, шашы дудыраган ерек жатыр. Өзім тұттай жалаңашпын. Қорпемен кеудемді қымтап отыра қалдым. Шіркіннің үйқысының қаттысы сондай, менің тыптырап, қозғалып жатқаныма мынқ демеді. Үрпіп отырмын. «Тұнімен мынаумен койындас болғамын ба?!» деп ойладым да, бір-бірлеп тұнгі махабbat ойынын есіме түсіре бастадым. Ойыма алған сайын ұттан өртеніп барам... Атып тұрып, жанымдағы орындық үстіне тастай салған киімдерімді іліп атып, жуынатын болмеге тарттым.

Денеме ыстық пен сұық суды араластыра себезгілеп есімді жинап, шашымды кептіріп шықсан кара жігіт ояныпты. Мені көріп көрпесінің шетінен жұн-жұн білегін шыгарып:

– Жаным, келші, – деп қолын созды. Шошып кеттім.

– Кайырлы тан! – деп өп-әтірік күлімсіреген болдым.

– Өзің төсекте алапатсың ғой! – деп, басын көтеріп қарады.

Койлек-көншегімді үстіме іліп алғанмын, оған қарап:

– Саттар, біз қайтамыз, – дедім, басқа не айтайын, жанараммен жер тесіп тұрмын.

– Неге асықтындар, пойыздарын түсте емес пе?! – деп, жұн-жұн жалаңаш кеудесін көтеріп отырып, есінеп алды.

– Өзіміздің мейманханага барып жиналұымыз керек. Мен Гүлмайды тауып атайдын, – деп, есікке беттедім.

– Аяулым, кой, мейманханаларын арғы көшеле, құрбын да арғы болмеде, одан да кел бері, тағы аймаласайык. Екеуміздің темпераментіміз келеді екен, құшағында өліп кете жаздадым, – деп, тұрып келе жатыр еді, есікті аштым да, бөлмеден зып беріп шығып кеттім.

Ұзын дәлізде тұрмын. Тұпкірінде ғана бір терезе сығыраяды. Жан-жағым катар-катар болмелер. Бұлардың қайсысында Гүлмай Төреханмен қойындасып жатқанын қайдам. Сағатыма қарасам, сегізден кетіпті. Енді қайттім, ана қызды қайдан табамын? – деп тұрғанда, біраздан соң іштен Саттар шықты. Жуынып-қырынған, тәп-тәуір.

– Элі тұрмысын, мұның не? – деді де, қарсыдағы бөлменің есігін қақты.

Есік тез ашылды да, арғы жағынан Төрекханның:

– О, ояндындар ма? Сендерге бара жатыр ем, – деген дауысы естілді. Саттар маган:

– Жұр, Аяулым, – деді де, өзі ішке еніп кетті. Қашанға дейін дәлізде тұрайын, амал жоқ, кірдім.

Гүлімай да жуынып, киініп алыпты. Мені көріп қуапып:

Аяш, келдің бе? – деді. Төрекханның түрі тұра аскабақ сияқты. Көзі жіпсіп маган күле қарап амандасты.

– Гүлімай, өзімізге барып ішелік таңғы тамакты, жұр кетелік, – дедім мына күнөге батқан аймақтан аулақ кетүге асығып.

– Қыздар, пойыздарың түсте емес пе? Қайда асығасындар, адам құсап шығарып салайық та, бүгін демалыс бізге, – деп, Саттар қояр емес.

– Біз өзімізге барып жиналатайық, – деді Гүлімай сырт киімін іздеп жатып.

– Қыздар «Турист» деген мына көшениң арғы жағында. Не жиналатындарың бар, коп болса базарлық салған бір сөмке, – деді Төрекhan. Өзі өміріне риза, күлім-күлім етеді. Жаяулап-жалпылап, таңғы аязға бетімізді сүйгізіп, біздің мейманханаға келдік те, сол жерден оразамызды аштық. Екі жігіт мұнда жатпайтып болғандықтан, таңғы астарына өздері есептесті. Алакөлеңкелеу заң ішінде адам аз. Устелді тоғтырып отырған төртеумізға ғана. Әр жерде тарыдай шашылып бес-алты адам отыр. Жұмыртқа, құймак, ботқа, шырыннан өзіміз көnlіміз тартқанын жинап алып, дастарханда отырмыз.

– Қыздар сендермен бір тәулік қана бірге болсақ та жаңа астананың алғашқы қызықтарының бірі ретінде есімізде катты қалатын болды, – деп, Саттар маган жанарын қадай сөйледі.

– Біз үшін де атыстан ат сабылтып келгенімізде еске ала жүрерліктей болды, – деп жауап берді Гүлімай өзіне мені қосарлай сөйлеп.

Мен үндемедім де, ренжімедім де, тымпиып отырмын. Кімге өкпелеймін, желіккен өзім, күнәға батқан өзім. Мені біреу зорлап осы жігіттерге ілестіріп жіберген жоқ қой. Төрекhan негізінде аққоніл азамат екені байқалып қалады.

– Қыздар, біз әлі кездесеміз деп ойлаймын. Сендерді іздең Семейге барамыз, – деп кояды бір тұнде бауыр басып қалғандай, ажырағысы келмей.

– Ең қызығы, сендер тағы бір күнге қалсандаршы, – деді Саттар.

– Енді сендер Семейді көруге келіндер, – деді Гүлімай.

– Барамыз, Жаңа жылға қарай соғым басына шақырындар, – деді Саттар.

– Мен Гүлімайды жаңа жылға жетпей-ақ сағынып жетіп баратын шығармын, – дейді Төрекан құрбыма қимай қарап. Шынында да, пойызға шығарып салғанда, махаббатпен, қимастықпен қоштасқан.

Тұндегі үлкен үят, өзім үшін кешірілмес күнөдан кейін осы екеуін көрмесем еken деп, пойыз келгенше тыптырап, перронға асығыс міндім.

Вагон ішінде жайғасып алған соң Гүлімай маған:

– Аяш, неге осы жақсы адамдар кеш жолығады еken? – деп ішін өкініш жалап, әнгімесін актады.

Төрекан әйелімен он бес жылдан бері бір балага зар еken. Гүлімайды көргеннен үнатыпты. Егер екеуінің дәм-тұзы жарасып кетсе, әйелін Алматыда қалдырып, ажыраспақ еkenін айттыпты. «Бір бала тауып берсөң, өмірі төбеме көтеріп өтем» деп ант-су ішіпті. «Түрі ренсіз болғанымен, баладай ақ көніл. Шіркін, менің денсаулығым жақсы болғанда ғой, кеше қалып кояр едім жанында біржола. Ел сиякты жар сүйіп, бала тауып отырmas па ем», – деп үзын кірпіктері жасқа шыланды.

– Мәссаған, Гүлімай, сен ғашық болып қалғанбысын? – деп күлдім. Оның махаббаттан жылап отырғанына сенгім кетмейді.

– Иә, Аяш! Мен бұрын-соңды мұндай адап жан кездестір-медім. Екеуміз де бір-бірімізді бір көргеннен үнатыптыз, – деп қарап тұр.

– Койшы, сенбеймін, – десем:

– Барлық көзі бар, сезімі бар адамдар секілді мен де ғашық болдым, мінекей! – дейді.

Шынында, бұрындары Гүлімай не істеп жүрсө де, маған айт-пайтын. Мұндай ғашықтық сезімін білдіріп, жылап отырғанын көрген емеспін.

– Көшеде көріп танысып, бір түнді бірге өткізген адамның несі ұнады? – деймін ғой құрымды мазактап.

– Онын әрбір сөзі өзегіме түсіп, денеме шымырлап сініп кетті. Ындыным құрып, ансарым ауып, айырылғым келмей қалды...

– Мен осы үш жылда еркектен шығып қалыппын, түндегі есімде жок. Таңертең көргенде шошып, өне бойым түршігіп кетті, – деп, шынымды айттым.

– Саттарың өзі де бір дәу қара аю сияқты бірдене ғой, құшағынан тірі шыққанына шүкіршілік ет, – деп енді мені мазактады Гүлтімай.

– Бұлар шынымен ізден келсе қайтеміз, – дедім. – Күллі Семей естиді ғой.

– Сенің ауынды білмеймін, мені сары домалағым ізден келді. Мен де оның жүрегін жаулап алдым, – деп мактанды құрбым.

– Қой, осы желіккеніміз де жетер, енді олармен байланысқым келмейді. Сенің бақытты болуына қарсы емеспін, – дедім.

– Аяш, мен бала тua алатын болсаң ғой! Дүниe төңкөріліп кетсе де Төреканға тиіп алар едім, амалым жок қой, қайтейін, – деп, ол тағы жылады. Сөйтіп, бір күтіп, бір жылап, іс-сапарымызда талай оқиғаны бастан кешіріп, Семейге де жеттік.

Журекті жаңмен жүздесу

Бірде Сыргаш женешем Гүлтімай екеумізге:

– Қыздар, екеуін өткенде Мұтән Аймақов ағанын «Көр-гендерім» деген кітабын оқып жүр едіндер ғой, біздің педкол-леджде сол кісімен кездесу болмақшы, қатысасындар ма? – деді.

– Эрине, куана-куана барамыз, – деп, біз келісе кеттік.

– Колледж деп, тәуелсіздік алғалы ататып жатырмыз ғой, ұлы Мұхтар Әусев, Мұтән агаларымыз оқыған кезде педу-чилище болатын. Мұтән ағамыз біздің оку орынды қызыл дипломмен бітірген алғашқы түлектердің бірі. Жақында поли-

гонды жабуга үлес коскандар қатарында Елбасының қолынан «Күрмет» орденін алды. Жастарға берер тағымы мол сондай ардагерді болашақ ұстаздармен жүздестірсек, естігендері өмірі есінен шыкпай жүреді гой. Ол кісімен бірге Қарауылда туган Тыныштықбек Әбдікәкімов деген казактың дүлдүл ақыны да кездесуге келмекші, – деді.

Сырғаш женешем педагогикалық училищеде ұзак жылдар оқу ісі бойынша директордың орынбасары болып жүрді. Былтыр директор болғалы бұл жерде тағымы мәдениеттік кездесулер тіпті жиі өткізіле бастаған. Аракідік сондай басқосуларға қатысу бакыты Гүлімай екеумізге де бүйірып қатады. Кейде ұжымды да ерте баратынымыз болатын.

Сонымен кездесу өтетін күн де жетіп, студенттермен бірге акт залында отырдық. Мен үшін бұл жүздесудің жөні бөлек. Ең негізгісі сол, Мұтән ағам менің жан жарам болған, күлтілі қазактың қасіретіне айналған сынақтардың бірінші күнінен соңғысына дейін қырық жыл бойы жан алып, жан беріп құреспен адам. Сондыктan бұл жерге мені абызат ағаның сол көргендегі мен сезгендерін өз аузынан естіп, көнілімде жүрген көп сұраққа жауап табам ба деген ой жетелеп келген.

Мұтән ага орта бойты, ак селеу шашын артына қарай шалқайта тараған, ашық жанары ойлы, жүзі мейірімді жан екен. Үсті-басында мін жоқ, аппақ қардай жейдесін кір шатмайтын, шалбарының қыры сынбайтын кербез көрінді. Қаракөк кастюмінің бір жақ өнірінде өмір бойғы еңбегінің белгісіндегі бірнеше орден-медаль көзге түседі. Екінші жағына Тәуелсіз елдің алғашқы марапаты – «Күрмет» орденін қадапты.

Ағаның жанында маңдайы жарқырап казактың Тыныштықбекі отыр. Жиын ұзак қол шапалакпен ашылды, бұл Мұтән аға мен алаштың ақынына айналған Тыныштықбекке көрсетілген ерекше құрмет еді. Педколледждің кәдімгідей үлкен деп жүрген залында ине шаншар орын жоқ. Біреулер тіпті баспалдаққа да отырып атыпты.

Жүздесуді Сырғаш Жұнісбекқызы өзі бастап, қонақтармен таныстырып, ардагер ағамызды марапатымен күттүктаған. Содан соң сөзді Мұтән Шәмшінұлына берді.

– Жалпы, мұғалім қауымы қасиетті, қадірлі халық, – деп сөз бастады аныз аға. – Алашты аузына қаратқан данышпанда, дүниенін тылсым сырына терең бойлаған ойшылдар да өз мұғаліміне қарыздар. Өзім көп жылдар ел басқардым, сонда маған қанат бітіріп, күш берген мұғалімдерім еді. Үстаздарымды осы уақытқа дейін ұмытпаймын. Маған бұл дүниеде мұғалімдікten асқан мамандық жок. Сіздер де өздерінізді әк үрпек, сары ауыз қорғансыз балапан кезіңізде қолтығызыдан демеп, көздерінізді ашқан мұғалімдерінізді әр кез еске алып жүрінізder! – деген Мұтән аға залда отырған болашак үстаздарға ұлагат сөздерін аямай, сара жол нұсқады.

Содан соң өзі оқыған педагогикалық училище тарихына тे-ренденеген.

– Білімнің көптігі болмайды, – деп сөзін жалғастырган аға өзінің педучилищеден кейін Н.К. Крупская атындағы педагогикалық институтын үздік бітіріп, «қазак тілі мен әдебиеті пәннінің мұғалімі» дипломын алғанын айтты. Одан кейін ұзак жылғы үстаздық қызметінде жүзденген бала тәрбиелеп кана коймай, ядролық сынақтарға карсы күрес жолынан да сыр шерткен. Семей ядролық полигонындағы сынақтарды ен біріншісінен бастап, соңғысына дейін көзімен көрген Мұтән ағаның осы кездесуде атом зұлматы жайындағы айтқан әнгімелерін тыңдағандардың көзіне жас алмағаны, жаны түршікпегені жоқ деуге болады:

– Мен 1949 жылты Семейден оку бітіріп, Коныстан мектебіне мұғалім болып келген едім. Әдеттегідей, оқуды қыркүйектін бірінде бастай алмағанымыз еті есімде. Өйткені ауылдың дәл іргесінде, тамызын 29-ы күні алгашкы атом бомбасы сыналды, – деп сол бір сүмдүк күн есіне түскендей, сәл үнсіз қалған. – Содан бір-күн бұрын ауылга әскери адамдар келіп, ересектерге жан басы жұз грамнан спирт, арак берілді. Өмірі татып көрмендер де ішуге тиісті болды. Анқау казак ертең не боларынан бейхабар, әскерилер келгенін қызық коріп жүр. Қанша дегенмен, көзім ашық қой, бір сүмдүктын боларын сездім. Ертеніне таңғы сағат алтыда солдаттар ауыл адамдарын оятып, сыртқа шығарды. «Бір жағдай болады, жерге жатындар, көздерінді ашпандар, бастарынды көтермендер». Бүйрек осы. Сағат жеті шамасы. Аспанның асты, Жердің үсті күркіреп кетті.

Шикі қыштан, шымнан салынған үйлердің қабыргасы опырыла құлады. «Жан-жаққа қарама, басынды көтерме» десе де, әуесқойлық женіп, алақаныммен көзімді көленкелеп, аспанға қарадым. Қалпағы үлкен, сабағы жуан санырауқұлак сиякты қара бұлт шудаланып, үйшатанып, дөңбекши қозгалып жатқанын көрдім. Әлден уақытта санырауқұлак сабагымен жерден сұрырылғандай көтеріле берді, көтеріле берді. Бұлт аспанға жайылды. Бір кезде біздің ауылдың үстін түнек басып, қарандыланып бара жатқанын байқадым. Иттер шығысқа қарап ұлыды, сиыр өкірді, бірді-екілі түйелер мойнын созып боздады. Боздағанда, кәдімгі ботасын іздеген інгендей емес, жарықшактанған, күніренген дауыс шығарды. Ат адамдар жануарлардан гөрі сабырлы кейіпте, тіпті таңырқаған сипатта бір-біріне қарайды. Сөзден гөрі көзбен үғысқандай. Талайды көрген, тағдыр тепкісін таткан үлкендер, кариятар жағы дүғасын ішінен оқып, тек қана Алладан көмек күткендей. Мен сол жылдардан бастап Семей полигонындағы ядролық жарылыстардың барысын бақылатп отырдым, – деді Мұтән аға.

Расында, Мұтән аға «Сұлың да сұрауы бар деген, күндердің күнінде, жылдардың жылтында бір сұрауы болар» деп, көрген-білгендерін ұзак жылдар бойы қағазға түртіп жүріпті. Маған Гүлімай «оқы» деп берген «Көргендерім» кітабында сол көргендері жазылған емес пе? Жасынан сұңғыла, елжанды азамат полигонның қазаққа әкелетін қасіретін о бастан білген. Сол бір зұлматтың үрпакқа тигізер кесапаты уақыты келгенде батпандап көзге көрінетінін болжаган.

– Семей полигонында атом алғашкы он бес жыл бойы ашық аспан астында жарылды. Біз тұңғыш жарылыстың қуатын қырық жылдан кейін білдік. Оның қуаты 22 мың тонна тротилге тең екен. 1953 КСРО Қорғаныс министрінің Киров, Ұзынбұлак, Қоныстан, Калинин, Еңбектес және Тайлан ауылдарының жерінде атом сынағы өткізілетін полигон болуы туралы бүй-рығы шықты. Жергілікті өкімет орындары біздің тұтас өнір басқа жактарға қоныс аударатыны туралы хабарландырып, дайындала беру жөнінде нұсқау жеткізді. Сол бір күндердің жүйке тоздырған азабын өз басым айтып жеткізе алмаймын. Ауылдың кәрі-жасы маған қарайды. Ата жүртпен мәнгілікке

коштасып, келмеске кетіп бара жатқандай. Жазықсыз жандардың жан күйзелісін, олардың әркайсысының көзінен таңуға болатын еді.

Ата-баба аруагымен коштасып, құран оқытып жатқандар көп қара бейітті құшактап. Құніренген дауыстар толастар емес... Баяғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» тағы келді. «Елім-ай» дегенде жүрттың етегі жасқа толды. Бұқіл алқап, Мыржық пен Дегелен құніренді, – деп ұзақ сөйлеген абзат ағаның сөзін тырп етпей тыңдаған жастар жағы кездесу сонында ой тереңіне сұнгіп кеткендей, бойларын әрен жинаған. Тыңдағандарымыздың әсерін Тыныштықбек ақынның оқыған өлеңі одан сайын қалындана түсті:

*Күн кірпігін ашқанда, тақыр Даға көрінген.
Қалага да сол Тақыр қорқынышты өлімнен.
Қасқыр да жоқ ол жақта,
Арқар да жоқ.
Күрган.
Тек
Иттері мияулап,
Мысықтары ұтыған.
Жер төсіне сол жақта атом сына қаққан-ды.
Мекендейтін халқы да – қара халық, ақ қан-ды.
Жаратқанга сенгендей, өздері тым аңғал-ақ,
Мал баққан бол жүр өлі, маңдай тері сорғалап.
Өмір көші – баяғы откен жылдар түсында...
Соңғы аршаның қаны бар – Семсер – Сәске ұшында...
Енді ол жаққа бейкүнә құс та қанат қақпаган.
Ал, әуеде сөздер көп, бірін-бірі мақтаган.
Күн кірпігін жапқанда құбірледі сол Даға.
Не дейді екен, білсеңдер айтсаңдарши, Жолдар-ау!..*

Тыныштықбектей ақынды Құдай тағала осынау қасіретті жерге «полигонды жырласын, жырлағанда, абызданай аныратсын» деп берді ме екен?! Ұзақ жырын оқып болған сон, ядролық жарылыстардың залалы туралы айта бастаған:

– Бар шындықтың пердесі тек кырық жыл өткен сон, 1989 жылдардың мұғдарындаға ашылдығой. Сол жылы маусым айында «Семей. Ядролық полигон: радиоэкология және денсаулық сақтау» деген тақырыпты ғылыми-практикалық конференция өтті. Міне, нағыз шындық осы жерде, мамандардың ашық пікірталасы үстінде ашылды. Полигон басшылары «радиацияның зияны жоқ» деді. КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің биофизика институтының мамандары «радиациялық ластану мөлшері аз, қазір халықтың денсаулығына кесел келтіретін бәлендей зардалтар жоқ» дегенді мәлімдеді. Мұндай сынаржак, теріс пікірлерге Семей дәрігерлік институтының оқымыстырылары, аудандардағы дәрігерлер, халық атынан сөйлеген қоғам қайраткерлері қарсы шықты. Олар жылдар бойы созылған ядролық жарылыстардың адам айткысыз зардалтары туралы накты деректер, бұлтартпас дәлелдер келтірді.

Казақ халқының адаптациялық үлесі, академик Сайым Балмұқанов полигон зардалтарын әшкере деуде үлкен еңбек етті. Ол осы конференцияда баяндама жасап, терең ғылыми тақырыптар мен толып жаткан накты материалдарды жайып салды. Кейінде ядролық сынактарға қарсы Олжас Сүлейменов бастаган құатты қоғамдық қозғалысқа негіз болған, оларға қару болған осы материалдар еді, – дегендеге, зал тағы да сілтідей тынған. Жапжас қыздар мен жігіттер мынау ауыр естеліктерден күрсініп қояды. Студенттердің басым бөлігі осы Семей топырағынан болған сон, әңгімеде айтылған жерлер көз алдарына келіп отырган да болар.

Жұздесу барысында Мұтән аға «Невада-Семей» ядролық сынактарына қарсы халықаралық қозғалысының дүниеге келді мен аткарған жұмыстарына да кеңінен токталды. Осынау ізгі ниетті көзделген, жаппай қолдау тапқан үйымның күшімен 1990 жылы мамырда Алматыда «Дүние жүзінің сайлаушылары ядролық қаруга қарсы» деген тақырыпта халықаралық конференция өткізілген екен. Мұндай шаралар жиілеп, негұрлым табанды әрі батыл үйымдастырыла бастапты. «Невада-Семейдің» шакыруымен республика жастары полигонға қарсы әрқаладан шеру үйымдастырыпты. Олжастың өзі бастап, сынақ атаңының үстінеге оба тұрғызып, оған мындаған адам қатысипты.

Иә, бұл шеруге мен де катынасқан едім. Сол кездер есіме түсіп, болмаши үлесімді қосқаным үшін де бойымды мактандың кернеді. Карапылтебеде қызметтес ұстаздармен бірге атомның құрбаны болған Шынарымды айтып, жылап тұрып обаға тас қосқаным есіме түсті.

Иә, сол жолы қазақ халқы жаппай наразылық білдіріп, әлем аттында тоталитарлық жүйенің іс-әрекетін әшкөрелеген еді. Содан кейін 1991 жылдың 29 тамызында тұнғыш Президентіміз Семей сынақ полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойған. Мұтән аға осы тарихи оқиғаларға: «Бұл Қазақстанның әлемді соғыс қаруынан азат ету процесіне қосқан бірінші және өте қомақты үлесі еді» деген баға берді.

Шайтанның шашы

– Мениң ішімде шайтанның шашы бар, – деді бір күні Гүлімай.

– Шайтанның шашы бары несі? – деп шошып кеттім. «Естімеген елде көп» демекші, шайтанның шашы тұрмак, шайтанның өзін кім көріпті?

– Кәдімгі шайтан, соның бір тал шашы ішіме кіріп кеткен, – деп, ежіктеп түсіндірді құрбым.

– Бәлі, қалай кіріп жүр? – дедім, сенер-сенбесімді білмей. Бетіне карасам еш әзілсіз айтып тұрған сияқты.

– Апам «түнге қарай тамақтың бетін ашық тастама, шайтан түкіріп кетеді» дейтін. Мен ол кісінің барында айтқандарын екі етпейтінмін. Ол өмірден өткен соң, маған «әй дейтін әже, кой дейтін кожа жоқ», кішкене бетіммен кеттім. Жалқаулығым бастан асты. Кешкі тамақтан соң, кейде теледидардағы киноға айналып кетіп, тамақ беті ашық-шашық қалатын болды. Бірде тұнімен шөлдеп шықтым да, ас үйге кіре салып, кеседе тұрған суды басыма бір-ақ көтердім. Сіміріп бола бергенде, аузымда қыл жүргендей сезіндім. Сүк саусағымды салып кеп жіберсем, ұзын шаш жартылай ішіме кіріп барады. Ұшынан ұстап атып, ары-бері тартқылатап көріп едім шыға коймады. Қайта ішіме қарай тартыла түсті. Бір сәтте жұтылды да кетті. Қақалып-шаша-

лып өліп қала жаздадым. Есіме бала кезімдегі бір окига түсті. Тамақ ішіп отырып, апама «шаш жұтып қойдым, не істеймін» дегенде, «нан жеп жібер, соған оралып түседі» деп еді. Бағанағы ұзын шашты алып түссін деп, жарты бөлке жеген шығармын қорыкканымнан.

Ұзын шаш түсті ме, түспеді ме – білмеймін. Оның кімнің шашы екенінен де хабарым жок. Ертесіне ұмытып кеттім. Бәлендей еш жерім ауырып мазаламады да.

Бір күні түнде мені біреу үйқыдан жүлқылап оятып жібергендей болды. Айдын жарығынан бөлме іші сүттей жарық болып түр екен. Бір кезде сықырлаған дыбыс естілді. Корқып, басымды көрпемен қымтап алдым. Сықырлаған не екен деп, көрпенін шетін ашып қарадым... Қарасам....

Кілем ілінген қабырға жарылып барады. Қызыл ала кілем бөлініп, жалбырап екі жақта қалды. Арғы жағындағы қара түнектен бір сұлба тұра маған қарай келе жатты. Зәрем ұшқаны сондай, қайтадан көрпенің астына тығылдым. Жүргім аузынан шығып кете жаздал тарсылдап, бойымды қара тер басты. Бір кезде төсегімнің шетіне дұрс етіп отыргандай болды. Көрпемді ашпакшы болып еді, тастай қатып, тырмысып алдым. Күшті екен, көрпемді жұтып алып, лактырып жіберді бір шетке. Денесі ірі, ер адам сиякты.

«Сен кімсін?» ледім, корқып дірілдеп тұрса да. «Бөрі деген шайтанмын» деді. Адамша, адамша болғанда, қазақша сойлеп түр. Дауысы жанғырыққандай естіледі екен. «Шайтанмын!» деген сон, одан әрі шошыдым. Ары қарай бірдене сұрайын десем, үнім шықпай құмығып қалдым.

«Соңғы жылы жүрісім көбейіп кетіп еді, маған жетпегені шайтан екен де» деп үрейленіп, бүрісе түстім.

«Сенің ішінде менің шашым бар, сол арқылы сені тауып келдім. Енді байланысып отырамын» деді де, менің екі қолымды екі жаққа керіп, карныма қарап отырды. Менде қарсыласар дәрмен жоқ, тыпыр ете алмаймын. Бір қолын босатып, алақанымен карнымды сипады.

«Мынаның ішінде... енді сепі мен билеймін! Не айтсам, соны орындаитын боласың» деді. Колы төмендеп, санымды, шабымды сипалады. Қараңғыда ірі сұлбасын көргеніммен, тек-түркyn

анық байқай алмадым. Сипатаганда қолдары жұндес сиякты. Алаканында керемет бір қуат бар, ерітіп барады. Өзі үстімнен төніп, ынырып қарап тұр. Сонда байқадым, мүйізі бар екен. Колы жоғарылап келіп, кос алмамды қысып жібергенде ышқынып кетіп, жұн-жұн білегінен ұстай алдым. Ол мұны күтпесе керек, селк еткендей болып, колын тартып ала қойды. Сол кезде үйдің іші сілкіне жөнелді. Қабырга жабылып жатты. Шайтан Бөрі көзден ғайып болды.

Таңғы асымды ішіп отырганда түнде келген шайтан-Бөрі есіме түсіп кетті. Тікініп қалдым. Желеңімді ашып жіберіп, қарныма қарадым, әппақ денемде еш өзгеріс жок. «Әлде түсім бе? Аты неге Бөрі? Қасқырды бөрі демеуші ме еді?» деп, әрі-бөрі ойланып отырып, «тұс тұлқінің боғы деген» деп, апам құсан, жан-жағыма үш түкіріп коя салдым. Жұмысқа тексерушілер келіп, естен танып жүргенбіз, күндіз қағазын дұрыстап, жарым түнге дейін солардың көнілін көтеріп, шаршап жүрген шак. Үйге келіп, мұрттай ұшамын, танертең атып тұрып жұмысқа зымыраймын. Анда-санда келіп кететін махаббаттарымды да жолатпай жүр едім.

Тағы бірде Бөрі таң алдында келді. Дұние дірілдеп жатыр екен, оянып кеттім. Бұл жолы төбеден түскен бе, үйдің шаңырагы ашық, аспандагы жұлдыздар көрініп тұрды. Төбедегі төртінші қабат қайда үшып кеткенін түсінбедім. Үңірейіп, сансызың жұлдыздары жарқырап тұрган аспаннан үреленіп, көрпемнің астына тығылдым. Бөрінің сұлбасы сонда да көзіме анық көрініп, тағы зәремді алды.

«Мен Бөрімін ғой, ұмытып қалдың ба?» дейіді ана мақұлық жаныма тағы жақын келіп. «Сен қасқырсың ба?» деп сұрағым келген. «Шайтанмын деді емес пе, нем бар сұрап, ен дұрысы бұл бөлеге сейлемейін» деп шештім. Үндемей жатырмын.

«Қазір менімен бірге жүресін» деп, жатқан жерімнен жұлып алған. Колымнан тартып, ашық аспанға қараң дедектетіп, ұша жөнелді. Даладан бір-ақ шықтық. Бағанағы дәу шайтаным кішкентай, арық, аяқ-колы арбіған бірдене болып шыға келді. Қолтығында қап-қара қанат сиякты бірдене қарандайды. Сонысын сермел-сермел қалғанда, ұша жөнеледі екен. Мені де ілестіріп, үшып келеді.

Төртінші қабаттан жоғары көтерілдік. Төменде үйлер, ағаштар қалып барады. Көшениң жарығында бәрі анық көрінеді. Адамдар да жүр. Қаланың үсті еken деймін. Бір кезде бір биік үйдің төбесіне қондық. Жарығы молдау жер болған соң, шайтан Бөрінің түріне қарағым келді. Төмен қарап отыргандай болды да, ақырын басымды бұрып қарадым. Басы үшбұрыш, екі құлағы ұзын. Төбесінде тікірейген шашы бар. «Осы шаш шығар менің ішіме кіріп кетіп, бұл құбыжықты шақырып, «маяқ» болып жүрген» деп қоямын іштей. Бет-аузын анықтап көре алмадым. Мүйізін, тілті қүйрығын анық көрдім. Айтпакшы, оның үстін түгел жүн басқан, лыпа атауымен жоқ, хайуанға үқсайды.

«Сұлу қыз, біз қазір адамдардың ортасына барып қызық көреміз» деді де, екі қолын бір-біріне үйкеп алып, секіріп-секіріп қойды. Мен мүниша биіктегі қалай корықпай отырганыматаңмын.

«Сұлу қыз, адамдар бізден неге сонша қорқасындар? Бізді «жаман жолға салады» деп күстәнатайсындар. Бір-біріңе жамандық, арамдық жасап атын, «шайтан азғырды» деп актала-сындар. Соларың әділеттілік пе?» деп мырс-мырс күлтіп кояды.

«Сен ойтайсын ба, бірін-бірін сүйетіндер мені тыңдамайды деп? Махабbat бәрінен күшті деп? Қазір өте тату деген отбасыға барамыз. Сонда көр менің күшімді, махаббабатыңың өзін айтқанымба багындырамын! Жабысып қалған ғашықтарыңың өзін екіге бөлемін!» деп бөсті.

Ұшып келіп бір үйдің балконына қондық. Бәрі ары-бері жүрді де, мені жетектеген күйі терезе әйнегін еркін ашып үйге кіріп кетті. Бізді ешкім көрмейтін сияқты. Үлкен отбасы екен. Кемпір-шалы, әке-шешелері және ұл-қыздары бар, жеті-сегіз адам. Әрқайсысы өз ісімен айналысып, бөлмелерінде тіршіліктерін жасауда. Қонақ бөлмеде үлкендердің жанында бір кішкентай бала ойнап отыр. Эйелі күйеуіне еркелеп, бірдене айтып отыр. Бәрі кемпірдің жанына барып, құлағына әлдене деп сыйырлады. Мен терезе алдындағы тақтайшада отырмын бақылап. Кейуана басын көтеріп балаларына қарап: «Менің немере інім үйленетін болыпты. Соған әкен екеуміз барып қайтайық.

Төркінімнен қалған бір көз гой, баған бір жылқының қаржысын берсендерші», – деді.

Ақсақалты да қосағының сөзін қолдап: «Сол жән болар еді. Бізге екі құнға шопырыңмен қөлік те керек» деді. Енді Бөрі жас келіншекке барып сыйырлады.

Жарының иығына сүйеп отырган басын жұтып алған келіні: «Сол тойға жылқыдан төмен бірдене апармаса болмай ма?» деп шаңқ ете түсті.

«Аналарының бауырынан қалған бір түкым гой» деді қария.

«Былтыр менің інім үйленгенде үш жұз доллар беріп едік кой. Бұл біз түрін де білмейтін бір бала» деп қарсы сөйлемді келін, шайтаның сөзін қайталап. Шайтан жүгіріп барып, теледидардың алдында отырган кемпірді қозғады:

«Әй, келін, сен білмесен де, біз білеміз түрін. Сенің ініне үш жұз доллар апарсақ, сен кеше түстін. Мен бұл әулетке келін болғалы жарты ғасыр болды, бір жылқылық құным бар шыгар!» деп тепсінді. Бір қарасам, Бөрі келіннің иығында отыр. Келін: «Еще, оларға «Джиппен» бармақшысыздар. Біз де Алматы жаққа сапарламақшы едік, қөлік бізге де керек!» деп бажалактады. Бағанадан үндемей отырган жастау еркекке Бөрі барып еді, ол: «Саған не болды-еї?! Менің ата-анамнан қөліктің майын аяп. Жылқыны да апарады, джиппен де барады!» деп әйеліне алая қарады.

«Осы әңгімені неге ерте айтпаған, дәл біз жолға шыгарда қабаттасып?» деді әйелі. Бұл мәселені Бөрі барып қозғап, әрқайсысын азғырып отырганың қайдан білсін.

«Сен немене, үлкен кісілер қай кезде айтқысы келеді, сол кезде айтады. Екеуміз ұшакпен-ақ барамыз Алматыға», – деді күйеуі әйеліне.

«Ешқайда бармаймын!» деп келін бұлданды. Арғы жағында Бөрі мәз болып тұр. Шик-шик күліп, маған сес көрсетіп кояды.

«Бармасаң қой, маған десен, төркінің кет!» деп, еркек әйеліне айқайлады.

«Кетем, балаларды да ала кетем!» деген келінді орнынан тұрғызып, балалардың бөлмесіне айдал барды Бөрі. Ол жақта у-шу болып жатыр еді. Жаңа ғана тату-тәтті отырган шаңырактың асты әп-сәтте ырын-жырың болды да қалды.

«Қане, махаббаттары? Бастарынан бір сөз асып кетіп еді, екеуі екі жаққа кетті! Менен аса алмады. Махаббаттары мықты болса, мені тыңдамас еді! Мен күштімін!» деген шайтан-Бөрі адамдарды мазактап, сақ-сақ құлді.

Мені жетегіне атып, екеуміз кірген тереземізден қайта шықтык.

Тұні бойы ұшып жүріп, Бөрінің адамдарға істемегені жок.

Мені сүйрелеп жүріп, солардың бәрін көрсетті.

Ішіп алған екі жігітті араздастырып, біреуіне пышак жұмсатты.

Жас келіншекке тамақ жасап жатқан жердегі газды жабуды ұмыттырып, үйді өртке орады.

Жол үстіндегі екі жүргізушінің көзіне үйкы тығып, көліктерін соғыстырып, біреуін о дүниеге аттандырып, екіншісін кінәлі етіп түрмеге қаматты.

Мен шайтан-Бөріден шошыдым, шашының қүшімен мені де адамдарға айдал салып бакты. Айтқанын орындалп келе жатам да, орта жолда адамгершілтігім ұстап, айнып қалғаным үшін теп-тегіс жерде аяғымды сындырды. Қыстың аязында далада ойбайлаپ жатқан жерімнен адамдар құтқарып, ауруханага жеткізді. Содан бері Бөрі есіме түссе, зәре-құтым қалмайды.

Екі ай жіліншігіммен алысып, әрен дегенде таяққа тұрдым. Манаіымдағыларға «мұмкін болса шайтанның азғыруынан аулақ болындар» деп айтып жүрдім.

Бір тұні шайтан-Бөрі тағы таң алдында келді. Өзі ашулы. Жүні дурдиіп, жанарынан қып-қызыл от шашырайды.

«Әй, сұлу қыз, сен адамдарға: «Сендерді шайтан азғырады, тыңдамаңдар! Шайтан араласқан іс онбайды» деп жүрген көрінесің. Шайтансыз да азып-тозып жатырсыңдар. Мен бе сендердің далатарына атом бомбасын жарғызып жатқан? Бәленбай үрпаққа дейін шеттерінен ауру еткен? Жүр, саған көрсетейін ғалымдарының өздеріне карсы қандай касірет төгіп жатқанын» деп, сүйрелеп жөнелді. Менде не қауқар бар, жанында қанбактай қанғалақтап ұшып келемін. Мүйізді, қүйрықты албастының жанында келе жатып, төменин не көргенімді айтайын: қаладан ұзап кеттік. Ұшы-қыры жоқ жатқан дала. Күшікбайдың бұлағынан соккан желдін ызғары өкпемді

тесті. Шынғыстаудың бір кездегі жасыл жайлалауының орнында қураған қурай мен шаңы шыққан топырақ жатыр. Атомдық жарылыстар түзілген апандар төбесінен қараганда қандай коркынышты еді. Кейбіреуіне су емес, жап-жасыл у толып, ернеуінен аса кілкілдеп тұр. Дегеленін Абыралтыға баратын ескі жолдың бойында әскерилер тұргызған қалашықтағы үйлердің есік-терезелері опырылып, шатырлары сыпсырылып, тоналып жатыр. Тек төрт қабырға қалқаяды. Бір заманда айбарлы тау болған аңыз Дегелен үгітілген таска айналыпты. Бір белдін үстіне шығып айналға көз салдық. Аяқ астымында үзынды-кыскалы, жуанды-жіңішкелі қабель сымдар. Баяғыда сынақтар осы жерде өткенін сездім. Гранит жартастардың беті шұрық-тесік. Сом жартастар ауырсынып, ыңырана дыбыс шығаратындей. Арқат таулары қайғыдан күніреніп, көз ұшында карауытады. Карапылтөбенің басына адамдар қолдан оба тұргызыпты. Эр ауылдың желкесінде не етегінде қаптаған зираттар. Жердің үстіндегілерден астындағылар көп пе дедім.

Мынандай көріністерден жүрегім ауырып, әлсіреп, денем ауырлап, талтамам ұстап, төмен қарай құлдилап бара жаттым. Шайтан Бөрі бауырына тартып алды да, қолтығына қысып кері қарай ұша жөнелді. Қайыра өзіміздің үйдің төбесіне кондық.

«Қалай, сұлу қыз, жетілген жетістіктерінің жасаған жана-лыктарын көріп көзайым болдың ба?» деп табалады. Үн қатуға әл-дәрменім күрып тұр. Корқыныштан дірілдеп, оған мөлиіп қараймын.

«Байғұс адамдар-ай, сендерді аяймын, – деп сақ-сақ күледі Бөрі. – Бізден сактанып қанша үгіт жүргізсөндер де, құтыла ал-майсындар. Сендердің орталарында жүрген екінің бірінің ішінде менің шашым бар, демек, менің айтқаныма бағынып, сауларынды азғырады. Небір атакқұмар, ақшага тәуелді, нәпсікүмар, билік пен үстемдікке әуестерін бар араларында. Жанындағылардың қуатын сорып, бір-біріне айдалап салып, адастырып, сол әлсіздіктерінің орнын толтырады. Атом бомбасын ойлап тапқандар да, оны сынап жатқандар да солар!» деп, алақанын ысылап, құйрығы бұлғандап секіріп-секіріп койды.

– Эне, Аяулым, көрдін бе?! Мына сүмдықтарды жасап жатқан адамдар, сол шайтанның шәкірттері, – деп, Бөрі келіп

қалардай жан-жағына алактап қарады. Қолымнан үстай алды, әңгімесін беріле тындал отырған мениң зәрем ұшып кетті. Ол мениң құшақтай алып: «Сен жердің бетіндегінің бәрін көрдің, сінді саган судың астында болатын өмірді көрсетем» деді шайтан-Бөрі. «Бір күні суға сүйрейтін шыгар. Мен жүзуді біл-меймін» дейді Гүлтімай үрэйленіп. Қөзі шүніреіп, өні боп-боз болып, бір уыс болып шөмін қалыпты. Оның айтқандарына сенер-сенбесімді білмей мәнгіріп мен отырмын.

– Эй, қой, түсін шыгар, – деймін.

– Мен сенің үйінде жүрген екі айда Бөрі жоламай кетті. Мекенімнен адасып қалған шыгар. Сенің жаңында қорықпай тыныш үйіктап жүрмін. Соңғы кездері жұмысқа да зауқым жоқ. Кейде осы мен не үшін жұмыс істеп, анаған жетсем, мынаган жетсем деп жүрмін, бәрібір ешқашан күйеуге тимеймін. Бала таппаймын. Баяғыдай алаңдайтын апам жоқ. Бауырларым әрқайсысы өз өмірлерін сүріп жатыр. Қатарларынан қалмаймыз, балаларын жеткіземіз деп жанталасуда. Ал маған не керек сол жанталас? – деді мұңайып, өмірден түңілген кейіпте.

– Неге олай дейсін? Сен отыздан енді астың, болашағың алда. Жақсы қызыметін бар, басында басспанаң бар. Өзің сондай сұтусын. Әйел қырық шыракты деген, сенің шырағынды жагатын бір азамат келеді бір күні есігінді ашып, – дедім. Шынында солай болатынына сенетінмін.

– Аяш, мені алдандырмай-ак қой. Менін «сүйікті дәрігерім» Бақыт ағай бетімді ашқаннан кейін қанша ерек көрдім. Біреуінен де бата көтермедім. Ешқайсысы шын көnlімен мені некелесуғе шақырмады. Өзім де ерек атаулыдан зәрезап болғанмын ба, байға тигім келмейді. Шайтан-Бөрі екеуіміз осы мәселеғе сөз таластырып қалғанбыз.

Бөрі айтты: «Сендер, адамдар, жын-шайтан деп бізден неге сонша корқасындар? Біз пейілі бұзылғандарға барамыз, арамдыққа әуестерді жағалаймыз. Адамдардың кейбіреулерінің манынан да жүре алмаймыз. Қорқып жүріп, кейбір істеген жамандықтарынды «шайтан азғырды», «жын иектеді, содан болды» деп, біздің ңсміз бар сендерде, айтыш?» деп, жағамнан алып коймады. Мен Бөріден қатты корқам, бірақ айтқанында шындық бар сияқты... Сонда да ашұым ұстап, тілім шықты: «Адам атаулы-

ның күнөсіне жауап беретіндей, мен кім едім? Өз жөнімді біліп алтайын да! Мені ешкім азғырмай-ак, бірнеше әйелдің күйеуін өзіме каратып алдып, отбасыларына үрей туғызғаным шындық. Ол өз күнөм. Менің де сол әйелдерше сүйікті болғым келді. Перзент сүйіп, жар сүйіп, отанасты атанғым келді. Маған осынша сұлулық бергенде, бір еркекті жекеменшігім етіп берменті. Сондыктан, айтшы, маған бір ереккек кім қарыз?» деп сайрадым дейсін.

«Әй, сұлуу қыз, бас-басына бай қайда? Сені жаратқанда мандаіына еркек жазылмаған. Сондыктан әркімнің еркегіне көз сатып келесін. Сен тәқаппарсып, ешбір еркекті сүйген емессін. Әлдебір Жер бетінде жок ләззатты іздеп, сансыз еркектің күшагын көрдің. Бірақ ешқайсысына қанағаттанбайсын, білем гой сені» деп, мені бас салды, – дегенде, жанымызға шайтан-Бөрі жетіп келгендей, мен шоршып түстім. Гүлімай менің қорқып кеткенімді көріп:

– Көрдің бе, менің айтқанымнан өзінен-ак қорқып отырсын. Ал енді шашы ішіме кіріп кеткен шайтанның айдауымен жүрген жайымды сенің басына берсе, не істер едің? «Сені жаратқанда, маңдаіыңа еркек жазылмаған» деді маған Бөрі. Ал сен «шырағың жанады» дейсін. Қайдағы шырак ол? Менің өмір сүргім келмейді! Ұстамалы қояншығы бар, бала таппайтын әйел кімге керек? – деп, ашуланған Гүлімай ішіп отырған шайына шашалып қалды. Қиналып, ұзақ жөтелді. Жатарда балқосып сүт бердім.

– Гүлімай, мықты бол! Рух мықтылығымен женесің ол албастыны. Өзі айтты емес пе, адамның әлсіздігінен шайтанға ереді деп. Сен мықты болсан, әлі келе қоймас!

Гүлімай менің сөзімді құлағына да қыстырар емес:

– Мен шайтаннын бала табатын шыгармын! – деп сандырақтады. – Шайтанның шашы ішімде өсіп жатыр, бір күні қарным актарылады, – деп жылады.

Гүлімайдың соңғы кездері тым өзгеріп кеткені рас. Жұмыста тұнжырап жүреді. Жаңа жуған қаракаттай мөлдіреп тұратын жанары солғын. Ән салтып, өлең оқитыны жайына қалған. Сәмбі талдай бұралып тұратын әсем денесі иіліп бара жатқандай. Қызметке бұрынғыдай көркем киінбейді, танертең қолына түскенін іле салатынды шыгарды. Айналасында болып жатқан

жагдайлармен жұмысы жоқ, өз киялымен жүргендей көрінетін. «Осы мен ұмытшақ болып барам», – деп жүрді. Жұмысқа да салтырттау, ықытасы болмай, ой-өрісі өзгеріп жүргендіктен, бөлім бастығы қызметінен өз еркімен кетті. Өзінің бөлімінде қатардағы қызметкер болып қалды. Менен басқа біреумен араласқаның да байқамадым. Тұстары да сирек келетін. Жаз бойы біздің үйде жүрді.

Шала үйкі болып таңғы тамағымызды ішіп отырганбыз, кесенің түбіндегі қантты ұзак араластырып отырган Гүлімай отырган орнында шалқасынан түсті. Кеседегі ыстық шай абырой болғанда үстелге қарай актарылды. Асүйдің бұрышындағы диванда отырганы мұндай жақсы болар ма. Орындықта отырса онбай құлап, басын жарап еді. Жүгіріп барып құшактай алдым да, оны жерге жатқыздым. Аузынан ақ көбік ағып, аяқ-қолы тартылғанын байқадым. Бір кезде басын еденге тарсылдатып ұра бастады. Есіме «мұндайда тілін жұтып қоймас үшін ағаш қасық тістету керек» деген сөз түсті. Колымды созып үстел үстіндегі сүт қатып отырган ағаш қасықты атып, аузына көлденеңінен тістете қоймақ болдым. Жағы қарысып қалыпты. Эрен ашып, қолымды шайнап жатқанына қарамай, қасықты көлденеңдей қыстырып үлгердім. Кол-аяғын бар қүшіммен басып отырмын. Тыпырлап-тыпырлап басылды...

Жедел жәрдем шақырмадым.

Гүлімай ұстамасы жайлы маған сырғып алғаш айтқанда, өзіне қалай көмектесуім керектігін ескертіп қойған болатын. Екеуіміз күнде бірге жүргеннен кейін ауруын менен жасырмаданы дұрыс болды. Бұдан бұрын да үйде бірнеше рет осылай кояншығы ұстап қалған болатын. Сұнқарды ондайда басқа бөлмеге, не сыртқа шығарып жіберетінмін. Бұл жолғы ұстамасы ұзакқа созылып, әрен есін жинады. Кешелі бері шайтан Бөрі туралы, оның қарғыс атқыр шашы жайында көп айтып кеткен еді, мүмкін сол жүйесіне әсер еткен болар.

– Сен маған қарама, жұмысына бара бер. Мені ауырып қалды дерсің, – деп, үйде қалды.

Кешкे қарай келсем, әдемілеп палау басып, мені күтіп отыр екен. Түк болмағандай, шайын құйып, жұмыстағыларды сұрады. Мен көптен көкейімде жүрген сон:

– Гүлімай, ренжімесен айтшы, осы ауру сенде тұқым куалаған ба? – деп сұрадым.

– Мен саған айтпап па едім, біздін жактың адамдары сынақ полигонының зардабын тартып жүр деп. Менікі де содан келген кесапат. Бәрі радиацияның өсери. Әкем обыр болды, анам аяғынан сал болды. Мен білетін біраз адам ақ қаннан кетті, бір көрші қыз даун синдромымен туып, нағашы әжем қылтамақтан кетті, қашшама жас өзіне-өзі қол жұмсады, – деп, тізбектеп ала жөнелді. Әзірге тоқтар емес.

– Кешір, айтқансын! – деп, шылбырын тартқандай әрен тоқтаттым. Жарым мен баламды жалмаган, бәріміз тартып жатқан қасіреттің тағы бір құрбаны еді құрбым да. Бәлкім, жүйкесі сыр бергеннен Бәрі елестеп жүрген шығар?

Содан Гүлімай тағы біраз көнілсіз жүрді. «Ішімдегі шаш өсіп кеткен шығар, асқазаным ауырып жүр» деген соң емханаға апардым. Гастроэнтерологпен келісіп, УЗИ жасаттым, асқазаның көрсін, ішінде ешқандай шаш жоғына көзі жетсін деген ойым болғанын неге жасырайын? Дәрігер ішек сиякты тұтікті ішіне жіберіп жатканда, көзі бақырайып, шыдалп жатты. Көз қыығын ультрадыбыс жазу экранына салып қояды. Мен де экрандағы коріністі бақылап отырмын.

– Асқазанында кішкене ойық жара бар, емделгені дұрыс, – деді дәрігер қорытындысында.

– Әне, айттым ғой, ішінде ешқандай шаш жоқ, кішкентай ойық жара бар екен. Ондай ет жегіш қазақтың бәрінде бар, – деп жартылай әзілдеп, түсіндірдім.

Екі қолымен қарның құшақтап:

– Ішімде шаш жоқ, енді мені Бәрі таба алмайды, – деп, балаша қуанды.

Төсектен атып тұрып, көйлегінің етегін күн сияқты дөңгелентіл шыр айналлы. Осы сәт Гүлімай маған ақылы ауысып кеткендей көрінді. Алғаш көргенде айдай келбеті есімді алған қайран Гүлімай көзі шұнірейіп, белі бүкіреійіп, отыз жасқа есейіп кеткендей болды. Баяғы жұмыртқадай өппак жүзі солғын, біртүрлі нұрсыз. Жанында жүріп байқамаған екенмін, тоқпақтай бұрымы да жүқарып кетіпті.

Бақыл бол, құрбым!

Гүлімай бірде кешке қарай қонақ бөлмедегі диванда жа-
нымда отырып:

– Аяулым, мен масқара болдым, – деді көзі дөп-дөңгелек бо-
лып. Жұмысқа қатысты бірдене шығар деп ойлад:

– Не бұллірдін? – деп, күлімдеп сұрадым. Ол жан-жағына
алактап қарап алды да, ыстық лебімен құлагымды қүйдіре си-
бырлад:

– Мен екіқабатпын! – деді.

Үйде екеуіміз ғана, неге сибырлап тұрганын түсінбедім. Ау-
руы ұстап қалмаса, етегі бос жүрмейтін құрбымның сыры бел-
гілі. Көтерсе, көтеріп қалған шығар, жас емес пе?

– Жақсы болды ғой, «бала таптаймын» деп түніліп жүр
едін, – дедім.

– Ол Бөрінің баласы ғой! – дегенде, қарын тұсын аялай
сипатап түр еді. Оның сөзінен өне бойым түршігіп, тілім бай-
ланып қалды. Жаңа ғана сап-сау отырган келіншектін түрі бұ-
зытып, көзі қызырып, алак-жұтқақ етеді.

– Иә, шайтан Бөрінің баласы!

– Қой, қайдағыны айтқаны несі, – деппін апам құсап. Гүлі-
май менің сөзімді пысқырып отырған жоқ:

– Аяш, сен Бөрінің құшағының қандай ыстық екенін білмей-
сің ғой, – деп, ындыны құрып, аңсары ауып тұргандай көзін жұ-
мып, ақылға сыймайтын сөздерді сандырақтап отыр. Гүлімай-
дың мына түрінен шошиын дедім. «Ішімде шайтанның шашы
бар» деп қоймаған соң, УЗИ-ға апарып, ештене жоғын дәлел-
деп бергенім қайда? Енді жетпегені шайтаннан бала тапқаны
еді. Гинекологке қаратып, УЗИ-ге түсіріп, «шайтанның бала-
сының» бар-жоғын көретін шығармыз. Енді менің «шайтаным»
қозып: «Жыптымен жынды болмай, дәрісін ішкіз де жатқыз»
dedі. Өзімді әрен сабырға келтіріп, Гүлімайды алдаң-сулап
көндіріп, дәрі ішкізіп, жатын бөлмеге әкелдім.

– Аяш, маган ертегі айтып берші! – деді киімін ауыстырып
жатып.

– Бала боп кеттің бе? – деп құлдім. Сөзін дұрыс қабылдама-
ды деді ме, өкпелегендей үндемей қалды. Біраздан соң, жібек-

тей шашы ишінан төгіліп, әлпақ денесі жартылай жалаңаш күйі төсек үстінде шоқынп отырып:

– Аяш, мен не үшін жарапдым өмірге? Баяғыда апамды бақканым болмаса, ешкімге пайдам жок. Не әйел болып от жакпадым, не ана болып бала таппадым. Не алған мамандығым бойынша ұстаз болып шәкірт тәрбиелемедім, – деді. Көзінен ешкімге керек еместей бір құлазыган күй байкалады. Құллі өмірден безініп отыр. Алла аузыма дұрыс сөз салып, оның жабырқаган көнілін аулауга кірістім:

– Сен осы дүниеге келмей тұрып бір жарыста женімпаз болдың, – дедім де пауза ұстадым, қызықтыру үшін жұмбактап. Құлықсыздау отырған құрбым елең етіп құлағын тосты. – Сен әкеңнің белінен шығып, анаңның жатырына тұсу үшін мыңдаған ұрықтың ортасынан озып шықтың. Содан зымырағаннан зымырап отырып аналық жасушага еніп кеттің! Жыбырлап жанталасып жүрген басқа «аталас туыстарың» сыртта қалып қойды. Міне, тұңғыш рет осындаі бәсекеде женіп шықтың! Анаңның жатырында күн санап өсіп, тоғыз ай, тоғыз күнде шыр етіп мына жарық өлемге келдін. Ата-анаң Ай мен Күндей сұлу қыздарын көргенде қатты қуанып, ең әдемі есім – Гүлімай деген ат берді. Ақылды да көркем қыз болып бой жеттің. Жоғары білім алдың. Ел катарлы жұмыс істеп, нанынды тауыш жеп жүрсін. Анана ең киын кезінде серік болдың. Ауруы жанына батып жүргенде көз қуанышы болып, ақ сүтін актап, атаканыңа салып бақтың. Перзенттік міндептіңді өте жақсы атқардың. Мұндай бақыт кез келген ана мен балага бүйирмаған. Сенін бірінші бақытың сол болды! Енді әйел бақытын іздел жүрсін. Мандаіына жазылған, жаның сүйетін бір азаматты табатыныңа сенемін! Саған да Жаратушының берген миссиясы бар, ерте ме кеш пе сен соларды атқаруга тиіссін. Қалай. Ертегім үнады ма?! – деп құыршактай болып отырған құрбымды құшақтай алдым.

– Үнады! Шынайы ертегі ғой! – деп, қуанған сыңай танытты.

– Гүлімай, саған америкалық режиссер Ли Кригердің «Аделиннің ғасыры» деген романтикалық мелодрамасын көру керек. Сюжеті жанынды тербеліп, толғандырып жібереді. Шынайы

махаббатты бір ғасыр іздесе де табатынын дәлелдейді. Откен ғасырың басында, яғни 1908 жылы дүниеге келген Аделин 27 жасында көлік апатына ұшырайды да, ешқашан картаймайтын жағдайға түседі. Жұз жыл өтсе де, сол жиырма жеті жастағы жас қалпын сактайды. Әйел бақытын іздеп, өмірде көрмейтіні жок. Ойындағы адамын жүзге келгенде жолықтырады... Сондыктан ешқашан үміт үзбе!

— Мен мұна түріммен ұзак жасамайтын сияқтымын, — деп мұнайды о.л.

— Қой, өзіңе-өзің үкім шығарма! Бүгіннен бастап өзінді-өзің қолға ал! Өзін женген адам — бәрін женеді. Енді жұмысына орат, осы демалғанын жетеді. Жалғызық деген де жаман, неше түрлі ой қамап, — деп, құрбымды сабырга шақырдым.

Гүлімай бір айдан бері ақысыз еңбек демалысында жүрген болатын. «Бәрінен шаршадым, жүйкем тозды, жұмыс істей алмай қалдым» деп жұмыска беттегісі келмей калған. Бір карасан, әдемі, ақылды келіншек, ішіне үнілсен, қорлық пен зорлықтың қыспағында жүргендей. Маңайында болып жатқан өзгерістер, маусымның алмасуы, аяу-райының құбылуы, дос-жаран, әріп-тестерінің қарым-қатынасы оған маңызды болудан калған.

Айтатын әңгімесі шайтан Бөрі, көnlіне жара салған жігітерге өкпелі, жүріс-тұрысын жел сөзге іліндірген әйелдерге ренішті. Бәрі откен шак. Ертеңге қызықпайды, не болады деп ойламайды, болсам деп үмтүлмайды. Өзін-өзі көзге көрінбейтін абактыға қамап қойғандай. Танертең мен жұмыска, Сұнкар мектепке кетіп бара жатқанда, есікті іштен құлыштап алады, кешке қарай дәл сол қалпыңда есікті ашып, ойсыз жанарымен бетіңе қарайды. Үйдің ішінде түк өзгеріс жок. Түскі асын ішпейді. «Сонда ұзакты құнді қалай өткізген, бұл шіркін? Неге сыртқы әлеммен байланыстан осынша азар да безер болып қашады?» деп ойлаймын.

Бала кезінен айкезбелігі бар, бұрыннан талмасы бар сорлы қыздың санасын енді Бөрі деген жын иектеп, біржола тұралатып таstadtы. Қанша жаман ойға қимасам да, Гүлімайдың психикалық потологияға ұшырағанын білдім. «Психологке апарып кенес алсақ па еken, аутотренинг сеансын жасатсам ба, жоқ әлде, гипноз жасатқан дұрыс па?!» деген оймен алысып кеттім.

Менің бірдененің үшінші жете алмай жүргенімді жоғарыдан Жаратушым біліп, жән сілтегендей бір кітап қолыма тұсті. Болат Жұнісбекұлы деген жаңа басшымыз Төлен Әбдіковтың «Парасат майданы» деген хикаятын оқып шығыпты. Ұжымдағылар кейде түскі үзілісте музеймен іргелес «Блинок» деген кафеде тамактанатын дәстүріміз болатын. Болат Жұнісбекұлы сол жерде бәрімізге хикаятын оқиға желісін айтқаннан қызығып, Гүлімайдың тағдырына ұқсастығын ойлап, кітапты сұрап алдым. Жаңа кітап көрсек, ашқарақтана кірісетін әдетпен шағын ғана хикаятты бар шаруамды ысырып тастанап, кешке дейін құныға оқып шыққам. «Парасат майданы» кітабы жазушының адамзатқа бағытталған жанайқайы сынды әсер қалдырған. Өмірдің тылсым сырына үнілген жанның өзгелерге айттар өснеті десе де болады. Автор бұл философиялық шыгармасында қоғамның болашағы үшін қам жеп, оған жаны ашып, жол сілтемек болғанын байқаймыз. Жақсылық пен жамандықты, жауыздық пен мейрімділікті қатар қойып, кімнің женіске жететінін баяндайды.

Кітапты алып Гүлімайға жеткенше асықтым. Кеше түнде оған өмір туралы әдемі әңгімелер айтқанмын. Таңертең оянған соң ойланған да шығар. Мына кітапты оқып шықса, өсіресе, «Фажайып таза болмай-ақ, пенделік кемшілікпен-ақ бақытты болып тұра беруге болатын еді... Адамзатқа бақытты болу үшін, ең алдымен өзінің кім екенін анық білу керек. Яғни, өзінің әулие емес, құнәһар пенде екенин мойындауы керек. Оны мойында-майынша, ешкім мәңгі рухани азаптан арыла алмайды. Осыны ойлағанда, маған бақыт құсы қол созым-ақ жерде тұргандай көрінеді. Сол бақыт құсының сізге де қонуын тілеймін», – деген бас кейіпкерге бейтаныс құрбының жазған хатын оқыса, өзінің пенде екенин мойындал, рухани азаптан айырылып, өмірге құлшынысы оянып, ертең қызметіне қайта шығып, түбі өзі аңсаған әйел бақытын табатында болды да тұрды.

Ұлымды жетектеп, қолтығымдағы «Парасат майданы» қуанышымды тасытып, жаңалығымды құрбыма жеткізгенше алтып-ұшып жұмыстан үйге оралдым. Гүлімайдың жүзі солғын. Жанары көмескі. Жүрісі сылбыр. Есікті ашты да, алдымға түсіп, асханаға тартты. Сүйретіліп барады. Аяғымды шешкенше

асығып, тыпырлап жатырмын. Бірдене айтып жатқан ұлымда да қарамадым.

– Гүлімай, – деп, қолым дірілдеп кітапты сөмкемнен шыгарғанша, тіпті жанталасып кеттім. Ол маган сүлесок қарап тұр.

– Мына кітапты бұрын неге біз көрмегеміз. Керемет екен! Оқып шықшы, ойыңды өзгертеңді, – дедім де, кітапты қолына ұстарттым.

Мен тықпалап жатқан соң, амал жоқ, құрбым құлықсыз болса да алды. Үндемей, жатын бөлмеге кетіп қалды. Бізге сорпа өзірлеп қойған екен, ұлым екеуміз аш қасқыраша соғып алдық.

– Апа, тәтем тамак ішпей ме? – дейді Сұнкар.

– Тәтеңе кітап әкеліп бердім, соның қызығына түсіп кетсе керек, – деп қоямын, өз ойыма өзім алданып.

Үйдистарымды жуып, өзім жуынып-шайынып жатын бөлмеге келсем, құрбым кітап жайына қалып, төрт бүктеліп, бүріскен күйі өз бұрышында жатыр. Алакөленкеде қарауытады.

– Қарагым, бейуақта бұл не жатыс? – дедім, апамнын даусына салып. Үндемеді. Мен жарықты жағып, жанындағы орын-такқа жайғастым. Бір уыс болып жатқан бір кездегі сұнғақ бойлы аруға аяушылықпен қарадым. Шөгіп кеткен бе, шайтан-Бөрісі сорып тастаган ба, нәрсіз, сөлсіз дененің орнында қауақ қалғандай. Ішіне түсіп, шүңірейген жанары телміріп қарайды. Шашы үйпа-түйпа, құні бойы осылай жатқан-ау.

– Не болды, жатақ келді ме, қарагым-ау? – деймін тағы да апамның даусымен.

Гүлімай, әдетте, мен апамның даусына салып өзілдесем, құле салатын. Бүгін ләм-мим демейді, тіпті қозғалмайды да, тірі өлік сиякты. Жалпы, өзінің бірнәрсеге көнгісі келмегендеге, осылай қыңырайып, сөйлемей қалатыны болатын.

– Гүлімай, жаным, не болды? – дедім, шашынан сипап. Онсыз да тырсылдан түргандай көрінген сезім тиегі ағытылып кетті ме, өксіп-өксіп жылап жіберді. Шошып кеттім де:

– Не болды, жаман хабар алдын ба? – дедім қолынан ұстай алдып.

«Күндіз біз жокта біреу телефон шалды ма» деген де ой келген.

– Аяш, сен кеше «бүгіннен бастап өзгер» деп едің, бүтін күні бойы сол туралы ойладым, мен өзгере алмайды екенмін, – деп, одан сайын бұлыға түсті.

– Бүгіннен бастап деген, дәл бүгін деген сөз емес қой, жаңым-ау, – дедім, бір жағы «сол ақылды қайдан ғана айттым екен білгішсініп» деп, өзімді де кінелап. Ішімнен шын өкініп қалғам. Кенет оның:

– Сенікі дұрыс қой, бірақ мен өмір сүрге лайықты емес-пін! – демесі бар ма.

– Лайықты емесі несі? Алла саған өмір берді, қалаі болсан да, сен өмір сүруін керек! – деп білген ақылымды айтып жатырмын.

– Не үшін өмір сүрем? Басымда бостандығым жоқ! Болашағым дейтін балам жоқ! Жанымды ұгар жарым жоқ! Басымда бақыттым жоқ! Ел алдында абыроым жоқ! Денсаулығым жоқ! Кітеп жоқ, содан Төреханға байға тие алмадым фой, – деп, термелеп ала жөнелді.

– Қой, қайдағыны айтпай, «жоқ» деген жоғалады. Неге бостандығың жоқ? Елің Тәуелсіз, болашағың алда. Төреханға «тием» десен, «алайын» деді гой, өзің бармадың, – деп, өзін кінәлі еттім тіпті болмаған сон.

Менің бостандығым шайтан Берінің қолында. Сол не десе, еріксіз соны істеймін. Оның азғыруымен адамға қиянат жасауым керек. Сен білмейсін фой, мен біраз отбасын ойран еттім. Бірақ жеме-жемге келгенде, байларын тартып алуға «арым» жібермей қалады. Балаларының обалына қалғым келмейді.

Ол біраз үнсіз жатты да, кенет күле бастады. Құлқісі құлағыма біртүрлі жайсыз тиді.

– Аяш, сен періштедей таза жансың, ешқашан жаман ойламайсың. Ал мен жұмыста әріптестеріміздің арасына отсалумен болдым, тіпті сол шаруадан шаршап та кеттім. Сен де білмейсін, мен біраз нәрсені былықтырдым фой, – деді де, орнынан сүйретіле көтеріліп, қабырғага басын сүйеп отырды. Жүзінде жаңағы аяр құлқінің ізі де жоқ. Бірақ түсі сүйк, құдды жат біреу сиякты. Сонын:

– Ал, тында, – деді, жақын біреуімнің қазасын естіртетіндей.

Жұмыста болған біраз сүмдықтардың бетін ашып, соған өзінің тікелей катысы болғанын зулатып айта бастады. Тыңдаپ отырып, тәбе шашым тік тұрған. Айтып отыргандарының бәрі шындық, соңғы кезде ұжымымызда у-шудың жиілеп кеткені рас еді.

– Білтіп тұрып неге олай істедін? – дедім, басқа не дейін.

– Осының бәрі жалғыздықтан, әй, Аяш... «Жалғыздық Құдайға ғана жарасады, көксау болса да біреуге тиіп ал, мен өлген соң жалғыз қалма!» деп кеткен еді апам, өлер алдында. Сұлулық деген де сор екен ғой, өзімнің ұстамама қарамай, жүртты менсінбедім емес пе. Біреуге тоқал болсам да, қуана-қуана алар еді. Тоқалдыққа шакыргандар да болды. Мен дұрыс жолдан тайып, әркіммен байланыстым.

Ол енді еніреп жылай бастады. Басын қабыргаға соғып, өз-өзіне келе алар емес. «Гүлімай, қой, қоя ғой», – деп менің шыр-пырым шыкты. Есіктен бас қылтитқан Сұнқарға: «Бара ғой, тәтен ауырып қалды, қазір қояды» деп, оны ымдал болмесіне жібердім. Жүгіріп барып, есікті жапқам. Гүлімай со-лығын әрен басып, төсегіне сұлқ ете түсті де, біраз уақыт сұлық жатты. Сосын:

– Иә, Аяш, қойным бос болған күн жоқ, шайтанға дейін түнеді қасымда. Қанағатымның жоқтығынан соның да ләззатын қимай, әдейі үйіме барып, жалғыз жатып жүрдім емес пе. Тұннің жартысында келетінін күтіп, – деп мырс-мырс күлді. – Эйтпесе, молдага оқылсам, өзім иманға бет бұрсам, жын-шайтан мені иектер ме еді? Бәріне өзімнің жаман нәпсім кінелі. Енді сорым қайнап, сонын айдауында жүрмін. Елге карауға бет жоқ! Сені де біраз жаныма серік еттім. Балаң болған соң, шайтан саған жолай алмады. Бала деген періште дейді ғой. Менің айтқандарымның ертегі емес екенін біліп қой! Менің жолымда түсіп кетпеу үшін күйеуге тиіп ал, жалғыз қалма. Басқа да танитын кыз-келишектерге осы айтқандарымды жеткіз. Ешқашан жалғыз қалмандар! – деді.

Атғашқыдай емес, дауысы қатқылдау шықкан. Оның жүзін-дегі қалтың уайым енді менің ішіме түсіп кеткендей болды. Ең қыны кездерімде жанымда болған, қажет кезде қолын созған аккөніл кыз еді ғой бұл Гүлімай. Құдай-аяу, бұған психикалық

дерпт жабысты ма, әлде шынымен, ішіне жын кірді ме? Бұл сорлыны жын иектеп жүргенін байқап жүрсем де, не бір молдаға апарып оқытып, жөнге тартпаған мен де кінәлімін. Жалғызыктан жабырқап, осы күйге түскеншे, достық қамкорлық жасамаған менің күнәм да мың батпан. Енді ұн демей жылағаннан басқа қолдан келер шара жок. «Ертең бір молда, не көріпкел ізdemесем бе» деп қоямын іштей бекініп. Тұнде шамды сөндіріп жатуға қорықтым. Бірақ оны турасынан айта алмай қипактап, баламның болмесіне бір барып, бір келіп жүрдім. Сонымды байқады ма Гүлімай:

— Аяш, неге жатпайсың? — деді сыйырлап. Ол сыйырласа болды, шайтан Бөрі келіп қалғандай, зәре-құтым қалмайды.

— Жай, бүгін жарықты өшірмей жатайықшы, Сұнқардың десесі қызып тұр, — деп, өтірік айттым.

— Дәрі бер, ауырып қалмасын, мен тауып берейін, — деп төсегінен атып тұрды. Өзі балажан, Сұнқарды өз ұлындағы жақсы көреді. Ауырып қалды ма деп қорқып кеткені дөнгелене қалған жанарынан көріп тұр.

— Сен жата бер, өзім берем, — деп, бөлмеден тез шығып кеттім де, балага дәрі бергенсіп, асхана мен екі ортада біраз жүріп алдым. Мен келгенде, Гүлімай үйықтап қалды ма, жок, үйықтаган болып жатыр ма, тып-тыныш еді.

Жарық түнімен сөнбекен. Бұл түні қорқыныштан кірпігім бәрібір айқаспады.

Таңертен ұлымды жетектеп үйден асығыс шықтым. Неге асығып жүргенімді өзім де түсінбеймін. Баламды аялдамага қарай дедектете сүйрелеп келем.

— Апа, қайда асығамыз, әлті ерте ғой, — деп тартыншақтайды ұлым.

— Сені ертерек апарып тастайын, кеше бастық тапсырманы көп берген, соны түске дейін бітіруім керек, — деп қоямын.

Музейге де жүрттан бұрын келдім. Күзетші таңдана қарап, амандасты да, есікті ашып берді. Ештеңе сұрамады. Орныма келіп жайғасқанда да жаным жай таппай, жүрек түпкірінен бір қорқыныш басын қылтитып тұрған. «Көрші бөлімге барып, әйелдерден таныс молда, не көріпкел бар ма екен, сұрастырайын. Түскі үзілісте үйге барып, Гүлімайды көріп келсем бе»

деген ой көнілтімнен кетпей қойды. Ерекескендей, бұғін бір қызметкеріміздің туған құні екен, дәстүр бойынша, «Достық» кафесінің залына дастархан жайып шақырды. Амалсыздан өріп-тестерімнің ортасында болуыма тұра келді. Түскі үзілісте туған құнді тойлатып, жұмысқа бір сағат кешірек келдік.

Кайтадан компьютерге қадалып отыра кеттім. Бесіннің уақытында хатшы қызы телефон шалып: «Сізді бастық шақырып жатыр» деген. Басшымыз Болат Жұнісбекұлы басқа жерде отыратын. Екі гимаратты жалғастырған жана дәлізбен көнілтім атып-ұшып, жүргім аузыма тығызып, алқынып жүгіріп келем. Бұрын да жүріп жүрген жерім гой, ешқашан бастық шақырғанда, дәл осылай мазасызданбаушы едім. Бұл жолы бір бәленің болғанын жүргегім сезгендей. Қабылдау бөлмесінің табалдырығын аттағаннан, дәл бір мені аңдып отырғандай, хатшы қызы орнынан атып тұрып:

– Аяулым Сапарқызы, кіре берініз! – деді де, бастықтың есігін айқара ашып берді.

– Аяулым, келе гой, – деген бастығымыздың дауысы жылды естілді.

Мен кіргеннен кейін бастығым орынтағынан бері шығып, қасыма таяп келді де: «Мында отыр» дегендей, шеткі орындықты нұскады. Өзі қарама-карсы жайласты.

– Аяулым, өзінді үстап, менің айтқанымды тында, – деп, алдымен сабырға шақырды. «Жалғыз баласы бардың шығарышықпас жаны бар дегендей», Сұнқарға мектепте бірдене болып қалды ма деп зәрем қалмаған. Қол-аяғым дірілдеп, басым айналып кетті. Осы кезде бастығым:

– Сен Гүлімайдың қайда екенін білуші ме едін? – деген.

Сонда ғана өз-өзіме келіп:

– Иә, менімен бірге тұрып жүр, – дедім. Аузым құрғап, тілім тандайыма жабысып қалғандай, дауысым әрен шықты.

– Бұғін де сенің үйінде ме еді?

– Иә, бағана есікті өз кілтіммен жауып кеткенде үйықтап жатқан, – дедім де, қатты толқыныстан жөтеліп кеттім.

– Су ішші, – деп, графиннен қырлы стаканға құйып, су ұсынған бастығым бір кезде:

– Аяулым, айналайын, Гүлімай күрбөн бағана түс әлетінде Ертістің үстіндегі көпірден суга секіріп кетіпті, – деп, ақыры, сұық хабарды естіртті. Үстімнен біреу мұздай су құйып жібергендей болған. Арғы жагын білмеймін. «Гүлімай! Ah...» деппін де, есімнен танып кетіппін. Таңертеннен бері сұылдаپ жүрген жүрегім шыдас бермепті.

Артынан естуімше, хатшы қыз бен бастығым маған мұсәтір иіскетіп, дәрі ішкізіп, есімді жиғызыпты. Улап-шулап, әріптерім де жеткен. Содан бастығымыз жаныма бір ересек кісіні қосып, Гүлімайдың мәйітін тану үшін қалалық аурухананың артындағы мәйітханаға жіберді. Ол жерде милиция қызметкерлері күтіп алды да, гимаратқа бастады. Сұп-сұық, коркынышты жер екен, ә дегеннен жүрегім лоблып, шекем солқылдаپ кеткен.

– Өзінізді ұстаңыз, бұл жерде орынсыз шу шыгарып жылауға болмайды, – деді, алдымнан шықкан ақ халатты қызметші.

Менімен келген әріпtesім қолымнан ұстап алып, ішке жеткеп кірді. Бет-аузын түмшалап алған тағы бір дәрігер бізді он қапталдағы есікке бастады. Қатарынан жатқан бірнеше мәйіттің аяқ жағындағы қағазды оқып өтіп, шеткісінің бетін жапқан ақ жайманы сыйырган.

– Мұнда жақындаңыздар, – деді сосын.

Ақ жайма ысырылғанда, кап-кара шашы үстелден жерге төгіліп, күллі денесі судан ісініп кеткен Гүлімайды мойнындағы сопақша менін ажыраттым десем болар. Бет-аузы қыр мұрнымен бірдей болып ісініп, күптеі болып кетіпті. Жұмыртқадай әппак, кайран Гүлімайым, қазіргі түрі көк бака да бір, ол да бір. Есім ауғандай, көзім бақырайып, сұлесок қарап тұрмын.

– Қуатова Гүлімай екені анық па? – деді милиционер.

– И! – деп басымды изедім де, есікке бұрылдым. Ары қарай қарауға дәтім шыдамады. Қасымдағы әріпtesім де әрен түр екен, мені қолтығымнан алып, сүйрелей жөнелді. «Мәйіттен шошып қалады» деп ойласа керек, дәрігердің кабинетіне келген сон, дереу бұрышта тұрган қранды ашип, бетімді жуғызды. Қағаздар толтырылып, қол қойылған сон, сыртқа шықтық.

– Мына сомкені жағалаудан тауып алдық. Ішінде қызметтік рүқсатнама қағазы бар екен, сол арқылы музейге хабарластық, – деді жанымызга келген милиционер, ішіндегі заттарын

түгендеп жазып болған соң, құрбымның өзіме таныс кара сәмекесін маган беріп жатып. Кейін білдім, түске қарай қөпірден секірген әйелді қөргендер милицияға хабарласқан. Олар сұнгуірлерді шақырып, мәйітін тапқызып, су түбінен алдырыпты. Жағажайда сәмекесі қалыпты.

– Қызым, ағайын-туыстарына, ата-анасына хабар бер! – деді әріптесім. Жөн білетін үлкен кісі болатын. Үндемей басымды изедім. Шынында, бірдене деуге шамам жоқ еді. Соңғы уақытта: «Бөрі маган «судың астын көрсетем» деді, жүзе алмаймын фой, қайтем» деп жүретін Гүлімайды ажалы жетелеген екен. Қөпірге барсам, алдынан Гүлімай шығатындаи болып, кіресілі-шығасылы есім бар, жалғыз өзім қөпірге тарттым. Ертістегі шағын аралға аппаратын қөпірді бетке алып, өкпем өшіп жүгіріп келем. Бір көшениң қылышында көлкітің астына түсіп қала жаздадым. Шиқ етіп тоқтап, сигналын айқайлата басқан көлік несінің терезеден басын шығарып боктағанын да тындалмай, өте шықтым. «Семейге 250 жыл» монументін қиялай өтіп, қөпірге жеттім. Жарты ғасыр бұрын коммунист көкелер салған темір көпір «түк көрмедім, түк білмедім» легендей, міз бакпай түр. Үстінен бірлі-жарым көліктер, жаяу адамдар арылы-берілі өтіп жатыр. Шойыннан жасалған жактауына асылып тәмен қардым, тәменде үш мемлекеттің аумағын кесіп өтіп ағатын Қара Ертіс «мен де түк көрмедім, түк білмедім» дегендей, кос капиталындағы ну тоғайды қақ жарып, асықпай ағады. Тіпті бұл жerde ешқандай оқиға болмағандай. Әлгінде ғана бір жас аруды жағтамағандай. Мындаған жылдардан бергі ағысынан жаңылмай, не бір сүмдық сырларды ішіне бүгіп, бар құпиясын тереніне жасырып ағады. «Сен бе менің жан құрбымды жұтқан?!» деп жыладым жактауга асылып. Бетімді жуған жасым иегімнен тәмен сырғы, қызыл суға тамып жатты. «Семейге келгенде тапқан жалғыз серігім едін фой...», «Өзінді шексіз сүйетін біреуді іздеймін деп, жолыннан да, ақылыннан да адасып, кор болдың-ау...» деп еніреймін. Расында, оны бойындағы радиация сөулесінің шалығы алып тынды, алдымен қанын, сосын миын улан, ақыры батпандап рухани жан дүниесінсөнді, депрессияға салып, психикасын құртты. Әйтпесе, соншама ақылды да сұлу еді! Өмір сүрге, бақытты болуға қақысы бар болатын...

«Кош, кош бол, қайран Гүлімай!» деп егіліп отырғанда, иныгыма біреу қолын салған.

– Қарындас, абайланыз бұл көпір талайдың басын жүткан. Бүгін тағы бір әйел ұшып кетті, – деді бейтаныс адам. Жұзі жылты екен, қиналған шакта қөзіме туған ағамдай елестеп:

– Аға, сол қызы менің құрбыым еді, – деп одан сайын жыладым.

– Иманды болсын... Өзенге еңкейе берме, су перісі бар, серті болады, тартып кететін... Болған іске болаттай берік бол, – десі, иныгымнан құшақтап, жолға бетімді бүрды. Бейтаныс кісіге ілесіп шетке шықтым.

Жан құрбымнан айырылып қалғаным жаңыма қатты батып, көпкө дейін қайғыдан арыла алмай жүрдім. Сұнқар да Гүлімай тәтесін еске алып, жиі сұрайтын. Уақыт өте берді...

Ұлылар елінен аттанғанда

Семейден Абай еліне жол тартқанда, ұшы-қызыры жок ұлы дала жолаушыны жатырқамай, кең құшағына ала беретіндей далия түседі. Аспан мен жер астасып, көкжиек пен бұлт қауышып, алтын күн бірде жоғары, бірде төмен, енді бірде жасырынбақ ойнағандай бұлт арасынан сығалап, көніл зеріктірмейді. Алғашқы аял Күшікбай бұлағының басы болатын. «Ауыр дерптен өлгелі жатқан батырдың елін шауып аламыз, табадан өлсін» деп ентелеген жауға соңғы құшін жинал, тұра шапқан намысты ердің жері бұл. Жиырмадан сөл аскан Күшікбай батыр жауды жапыра женген соң, мына бір тәбеле тізе бүгіп, найзасына сүйенген күйі көз жұмған екен. Оның сол долы ашуынын белгісі ретінде күні бүгінге дейін Күшікбай басынан жел үзілмейді. Абай елінің әр тасы азыз шертсе, мұнда келушілер Күшікбай бастауынан таңдай жібітіп барып, бұл қасиетті мекеннің сырты тарихына бойлай түседі.

Бөрі жортқан Бөрілінің биіктеу төбесінде ұлы Мұқанның музейі тұр. Мен де алғаш осы бір ғажайып елге келін болып түскенімде, Күшікбайдан өтіп, осы Мұқанның музейіне келгенмін. «Халық пен халық, адам мен адам біліммен теңеседі. Ұлт дүнияға берген тұлғалы ұл-қыздарымен өлшенеді» деген ұлы

жазушының қанатты сөзін де сол жолы оқыған едім, миымда өшпестей болып жазылып қалыпты. Сұнқарымды осындай қасиетті өлкеде, өз әүлетінін ортасында, кейін білтімімен әркімен теңесе алатын азамат етіп өсіріп жатқаныма қуанып-ак жүрмін. Бар мақсатым, Әмірімнің жалғыз тұяғын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсіру.

Бауыржан Момышұлынан біреу: «Бауке, айтыңызшы, ең батыр адам кім?» деп сұрапты. Сонда батыр атамыз ойланбастан: «Жер бетіндегі ең батыр адам – қыз баласы» депті. Оның мәнісін сұрағанда, былай деп жауап берген екен: «Мен қанша батыр болсам да, бөтен, танымайтын елге бір сағат та тұрғым келмей, кашамын. Ал, қыз бала болса, барған жерінде жалғыз өзі өмірінде көрмеген, танымайтын адамдармен тіл табысып, сол елді біріктіріп ел етеді, өзін сыйлата да алады, атыса да алады, қаймықластан үрпағын да көбейтіп, сол елді женіп, мәңгі билейді» деген екен. Қандай дәл тауып айтылған сөз еді.

Сол Бауыржан атам айтқандай, мен де өзімнің аргы-бергі замандарда откен аналарым сияқты, көзсіз батырлықпен Шынғыстау бауырына, Семей топырагына келіп едім. Әмірімде көрмеген, білмеген ортаны билеп-төстеймін дегенім жок, «үрпағымды өсірем, сол ортада ардақты ана боламын» деп едім. Жақсы әүлетке келін болып түстім, үлкен кісілердің: «ко-сағыңмен кося ағар!» деген батасын алдым. Неден жазғанымды қайдам, қосағымнан айрылдым, жалғыз тұқымды маңдайыма басып, анырап қалдым. Жаныма жақын көрген құрбым Гүлім-айдан да қапияда қалай көз жазып қалғанымды әлі түсінбей жүрмін. Апам маған: «Сен жылды қорытындылап туғансың» деп отыратын. Сол айтқандай, жылдың аяғы, желтоқсанның соңында туған күнімді атайтынбыз. Оны Гүлімай үйімдас-тырып, ұжым болып атап өтіп, кешке қарай Дәу агамыз балашагасымен келіп, кейде Сұнқар екеумізді мейірамханаға апарып, талай тойладық. Биыл мені еркелете қоятын Гүлімайым жок, Дәу ага жеңешем екеуі Жана жыл қарсаңында шетелге жол тартыпты. Сұнқарыммен үйде дастархан жаярмыз деп ойлап жүргенмін. Ертен ұжымға апаратын тәттілерімді түген-деп, балам өз бөлмесінде Жана жылдық кешіне киетін «Зорро» киімін әзірлең, колына ұстайтын қылышымен ауаны ары-

бері осқылап жатқан кезде есіктің қонырауы шырылдаган. «Бейуақта кім болды екен, бізді ізdegен» деп, еріне басып ба-рып, есікті итеріп қалсам, о, тоба, апам тұр! Өз көзіме өзім сен-бей, қайта қарал:

— Апа! — деп айқайлап жіберіппін.

Жалаңаяқ дәлізге атып шығып бас салғанда, екпінімнен шүйкедей кемпір құлап қала жаздады. Арғы жағында ағам тұр екен, оған қарауга мұршам болмады. Апамды көрмегелі үш жыл өткен. Аnam! Асыл Anam! Бірден мұрныма нәресте кезімнен бойыма, қаныма, жаныма сіңген сол бір ііс келді. Таныс та тәтті ііс! Ешкім де, ешнәрсеге ауыстыра алмайтын AHA іісі! Ешқашан ііс су жакпайтын нағыз әйелдің, бала тапқан ана-ның сүт пен мейірім араласқан танғажайып жұпары! Басымды айналдырып, көзімнен жас парлатты. Апам да жылап жатыр. Екеуміздің сагынышымыз екі жігіттің есін шыгарды. Менің да-уысымды естіген Сұнқар аргы бөлмеден жүгіріп келіпті. Оны ағам көтеріп үйге кіргізіп жатыр.

— Алдымен үйге кірсендерші, — дейді ағам бізге баяғы сабырлы қалпымен. «Сен Зорро болып кеткенбісін?» деп Сұнқарға сәйлеп жатыр. Апам екеуміз құшагымызды әрең ажыратып, үйге ендік.

Апамның сырт киімін шешіндіріп алдым. Аяғындағы етігін тартып жатсам:

— Құрып қатсын, күnnін суығын-ай, мынау бір ит байла-са тұрғысыз жер екен. Етігім аяғыма жабысып, қатып қалды гой, — деп назаланып қояды. «Пойызда арқам құрысып, денем тырысып қалды» деп шағымданып жатыр. Ешкінің тубітінен тоқыған жұмсақ шәлісін иығына жауып, төрдегі диванға әке.ліп отырғыздым.

Апамның мінезін білесің гой дегендей, ағам маған қарап көзін қысып қояды жымысып. Жаратылысы жайдары, мінезі жайлышы, бір артық сөзі жоқ, әкемнен аумай қатыпты. Ағамды құшактап атып, қайта сүйдім. Баяғыдай емес, денесі толысып, беті дөңгеленіп, өзі ересек тартып қатыпты.

Ел-жұрт, ауыл-аймактың амандығын сұрасып, бір ет пен екі шай ішіліп болған соң, апам туған күніммен күттүкташ, женешемнің беріп жіберген сәлем-сауқатын шыгарып, әкемнің зей-

нетакысынан жинағанын да үнді шайының жылтырак қағазына оралған қалпында қолыма тапсырды.

— «Өзі болған қыз төркінін танымас» деуші еді, сен өзің болмасаң да, қайын атаң мен қайын агаңа сүйеніп, бізді керек етпей қалдың. Байға тигелі бері елге ат ізін салмадың. Өзіміз ізден кетмесек, өздігінен баспайсың. Күйеуін өлген сон, артық сөз айта алмаймыз, әйтпесе, біз де сені көрмей қоюға болар еді, — деп, апам біраз өкпесін ақтарып атды.

— Өкпелесң — көшке берген тайынды ал, — дедім, бала кезімде мен өкпелеп қалғанда айтатын өз сөзін өзіне қайталап. Ағам күлтіп жіберді. Апам әлі тұлданып отыр:

— Ішіме сыйған балам, сыртыма да сыйды, жер түбіне жалғыз қалдырмай, жаныма алайын деп келдім. Енді қанша өмірім қалды, бір Құдай біледі. Өзімнің барымда бауырыңын жанына апарып алайын. Мұнда баяғыдай тіреп тұрган байың жок, тышқандай батамен сұық үйде отырысың мынау. Өмірін өстіп өксіп өтпек пе?! Отызға енді келдін...

— Атаңың алдынан өтем, ертен Дәу қайын ағана апар. Қазір «жесір ерден кетсе де, елден кетпейді» дейтін заман емес, үш жыл шаңырағын күзетіп аза тұттың, барлық дәстүр-салтын жасадың, енді басын бос. Біреулер байдан ажырап келген қыздарын да босағасында ұстал отыр. Сенің байынды дәм-тұзы таусылған сон. Құдай өзі алды. Шықкан жеріне қайтып келсөн, айыбы жок. Біздің көзіміздің тірісінде бауырыңын жанынан үй атып беріл, мектепке орналастырып кетейік деп шештік өкең екеуміз. Толып жатқан балам жок, айналдырган екеуін, не болса да бір-біріне жақын болындар. Сұңқар да Бейбарыс пен Айзереге үйреніп кетеді. Жазғы дематысында атасы мен апасына жіберіп тұрамыз, — деп, апам бәрін өлшеп, кесіп-пішіп келіпті.

«Халық айтса, қалт айтпайды», дегендей, апам айтса, қалт айтпайды! Әкем: «Ойбай, сенің шешене ой түспесін, ой түссе болды, соның түбіне жетпей қоймайды» дейтін. Сол айтқандай, апама ой түсіп келген екен, енді мені алмай кетпес.

— Дәу агалар шет елге демалысқа кетті, бір жетісіз келмейді, — дедім.

– Менің балам да демалыста, асыгатын түк жок, кұда бала-ны құтеміз. Атанның ауылына барып қайтайық. Сұнқардың көнекөлін пайдаланып, – деп қояды. Апамның айтканы – зан, сондықтан ауыл қайдасын деп, ата-енемнің қара шаңырагына тарттық. Біздің келетіндігімізден үлкен үй хабарсыз болатын. Жанымызға тоқтаған таксиші:

– Кімнің үйіне баrasындар? – деп сұраған. «Келе жатқаны-мыздан хабар бермедін, ешкім күтіп алмағаны сенің кінәң» деп, апамның маған жыны ұстап, бетін тыржитып тұрған. Ағам ұялды ма, заттарды түгендеген болып жатыр.

– Құрішбаев Асхат деген үлкен кісі еді қайын атам, – дедім.

– Ойбу, атаңың, оның әкесінің атын қосып бірақ айттын, ұят болды ғой, – деп күлді таксиші.

– Эй, шырагым, қазір заман басқа, апармасан жөнінді айт, – деп, озі тырысып тұрған апам баж ете түсті.

– Ой, апа әзілдеп жатырмын, Асекенде білмейтін бұл ауылда жан бар ма? Жүріндер, сіздерді алып барып, туыстарыныздан сүйіншімді алайын, – деп бізді отырғызып алды.

Жол-жәнекей апамды сөзге тартып, бетін бері қаратып алды.

– Сөйтіп, Асекенің құдагиымын деңіз. Ол кісі ауданымы-здағы өте ардакты аксақал. Балаларының бәрі дөкей. Мына кішкентай немересі ме? – деп, Сұнқарға айнадан көз тастап қояды. Апам құдасы туралы жақсы лебіз естіп, марқайып отыр.

– Иә, – дедім.

– Бұл қай ұлынікі? – деді, қазақтың әуесқойлығына басып.

– Әмірдікі!

– Ой, айналайын-ай, Әмір деген ерекше бала еді! Ерте кетті ғой, аман болса әкім боп отырар еді бір жерде, – дегенде, та-мағыма бір түйін келіп тығызып, жанарыма жас үйірлді.

– Айтпа, карагым, Әмір деген тура әкесі сияқты сабаз еді ғой, – деген апамның да дауысы тарғылданып шықты.

Содан азғантай уақыт үнсіз келе жаттық та, аурухананы ай-нала бергенде, үйдің төбесі де көрінді.

Біз аяқ астынан жетіп келгенде, ата-енемнің есі шығып қалған. Екеуі де атыстан ат арылтып келген құдагиының алдында күрдай жорғалады. Әuletіміздің дәстүрімен жан-

жактагы бала-шага жиылып, жаңа жылды қарсы алғаты бері бұл шанырақ шаттық көрмеген.

1999 жыл енді есік ашайын деп түрган шақ еді. Үйірімен үш тоғыз дегендей, үш тоғыздан тұратын жақсы жылдың табағадырығынан әрқайсымыз тәтті үмітпен аттадық.

Қайтар жолға шығар құні апам құда мен құдағының онашалап алып, олардың рұқсатымен ұлым екеумізді өздерімен алып кетуге келгендерін айтыпты. Мен ол жерде болған жоқпын, себебі, ұлкендер мені сол отырыстарына араластырығысы келмеген болатын. Мәслихат кіші қонақ бөлмеде өтті. Дастанхан басында шәйді енем өзі құйған. Ағам да араласпай, ұлкен қонақ бөлмеде теледидар қарап отырды.

Көнілім аласапыран, жүрегім дүрсілдеп, қазан-ошақ жакта шаруа істеген болып жүрмін. Тағы бірде жатын бөлмеге барып, Сұнкар екеуміздің киімдерімізді жинаған болам. Менен басқалары ештенемен жұмысы жоқ, кететіні жолға жиналатып, қалатыны ыдыс-аяқ, көрпе-тәсегін жинастырып абыр-сабыр. Балалар сыртта ойнап жүр. «Мені шақырып, пікірімді сұрайтын шығар?» деп ойлап коямын. Бір кезде кіші келін:

– Женеше, сізді ұлкендер шақырып жатыр, – деп ас үйге жетіп келді. Жүрегім аузыма тығызып, есікті аштым. Бөлменің ортасындағы дөңгелек үстегін басында ошактың үш бұтындей болып ушеуі отыр. Атам төрде, одан төмен апам мен енем жайғасыпты. Ушеуінің де қабактары салыңқы. Енемнің көзі қызырып түр, жылаған ба.

Атам:

– Аяш, келе гой, – деді сыр бермей. Енемнің жанына отырып, шай құйып берейін деген оймен самаурынды өзіме карай бұра бастадым.

– Біз біраз шайландық, балам, өзінмен ақылдастын жағдай болып түр, – деді атам, алдындағы кесесін шетке ысырып, шәйдан да маңызды мәселе барын білдіргендей.

– Өзің де хабардар шығарсың, анаң мен ағаң сендерді алып кетуге келіпті, – деді, дауысы пәс шығып. «Білем» деп қалай айтайын, үндемей отырмын.

Енем шыдамсыздық танытты:

– Білетін шығар, ақылдасып келген болар, – деген.

Апам тіс жармай, сызданып отыр.

– Білетін болсан, балам, біз сенің өз ойынды естігелі шақырық, – деді атам.

Не дейін... Олар менің «кетпеймін, Семейде қалам» деген сөзімді естігісі келіп отыргандарын сеземін. Амалым қанша, олай айта алмаймын. «Жас баламен үлкен қалада біраз қиналып жүргенім рас. Қамкор болатын, арқа сүйейтін ешкімім жок еді бұл жерде. Апам менің келешегімді ойлап, қыстың көзі қырауда, ауру аяғын сүйретіп бекер келмеген болар, ақ жаулығын төсеп менің басыма бостандық сұрап келіп отырганда, меселін қайтармай, бірге кеткенім дұрыс болар, төркініме барып жана өмір бастайын. Атамның қиналатынын, енемнің жылайтынын, ағайынның қимайтынын білсем де, Сұнқарымды атып кетуге рұқсат сұрайын» деп шештім. «Әкесі өлгенді де естіртеді» деген бар, қыын болса да, дәл осы сәтте айтайын деп шештім.

– Көке, апа! Сіздер рұқсат берсеніздер, мен апаммен кетейін, баламды алып, – дедім. Тамағым құргап, үнім әрен шыкты.

Қанша дегенмен, менің әйтеуір бір кететінімді атам ойлап жүрген болар. Сабырлы қатыппен:

– Айналайын, басың жас, келешегін алда! Әмірімізді қанша қимасақ та, тағдырдың жазуы солай болды. Бізге жаман келін болмадын. Ұлдың артында түққа қалды. Бізге ең қынын, сол жатғыз түқтұң сенімен кетіп бара жатқаны, – деді де, үндемей алдындағы кесесінің бетін сипап, отырып қалды. Тағы бірдене айтса, еңкілдеп жылап жіберетіндей көрінді.

Енем:

– Аяулым, Сұнқаржанды маған сеніп тастанап кет. Басың жас. Әмірін алда. Ол Әмірден қалған жалғыз көз гой. Келіп тұрарсын. Сенің ауылына қатаинаудың өзі қыын екен, рұқсат қағазын алудың өзі қиямет-қайым. Сұнқар кетсе, Әмірдің тағы өлгені гой! – деп жылап жіберді.

– Қойыңыз, құдаги, тағы өлгені несі... Сұнқар біздің де баламыз. Жақсы жігіт болып өссө, әкесінің атын шығарады. «Орнында бар оналар» деген, атасын іздел келіп тұрады, – деді менің анам. Енем байғұс әлі жылап отыр. Атам қайратын жиып қайта сөйледі:

— Күлске, сабырға кел! Тағдырдың жазуы шыгар, анадан баланы болмес болар, қайда жүрсе де аман болсын! Құдаги, сізге айтарым тап осы жолы әкетпеніз, күн жылып, жер қарайғанша шыданыз. Сіз олардың оқитын мектебін, істейтін жұмысын, тұратын жерін әзірлей беріңіз, наурызда өзім жеткізіп саламын, — деді.

Бұл шешімге келгеннің қандай қызын болғанын үнінің салмагынан, қабағының салбырап, жанарының нұры қашып, көзінің кіртигенінен байқадым. Апам үлкен кісіні қинамай, келіссе болар еді, осыған да раҳмет деп мен отырмын үшеуінің қабағын бағып. Енем өлі жылап отыр, өзі айтпақшы, «Әмір бүгін өліп қалғандай...».

Апам қабағын бір көтеріп қойып сөз бастады:

— Эсеке құда, бізді Құдай қосты, балалар табыстырды. Сіздің үл мен біздің қызы жаман болмады, катарларының алды болды. Сіздер де менің қызымыды шеттепей, өз орталарыныңда тәрбиеlep үстадыныздар. Разымын! Алланың жазуы шығар, алтындаі үлдан айырылып қалдыныздар, ол біздің де баламыз еді. Қызымының жесір қалғаны бізге де батады. Амал жоқ, алдынызға келдім ақ самайыммен. Сіз де осы елдің ардакты адамысыз. Сондықтан айтқанынызға тоқтайын. Уағданы бұзбай, көктемде қызымыды баласынан айырмай, аман-есен алақаныма салыныз. Сұнкарды қанаттыға кактырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсіруге уәде береміз. Жазғы кәнекөлде үш ай жаныныңда болады. Менің баққаным қалады, үрпақ сіздікі. Тек бағы ашылмаған қызыма обағ болды, — деп, орамалтының шетімен көзін сұрткіштеп, енді менің шешем жылап қалған. Менің де көнілім босап, кірпігім жаска шыланды. Суланған кірпікті қағып жіберіп едім, бір тамшы дыбыссыз жерге тамып кетті.

Атам таудай болып төр алдында үш әйелді қалай жұбатарын білмей, отырып қалған.

Сонымен тағдырым шешілді.

«Шіркін-ай! Неге осы ұтылар дүниеге келген қасиетті топыракта ақ кимешек киген әже болғанша әмір сүріп, Әмір екеуміз ата-спем сиякты сары тіс қария болып, бірге картаймадық? Неге балалы-шагалы болып, осы жерде үрпақ әрбітіп, бақыттығұмыр кешпелдік? Жас әмірім ту-талақай болып, баламды же-

тектеп, Ертісті тастап, Сарыарқа асып кетіп барамын» деп, тан атқанша жылап шықтым.

Атам ауылының қазыналы қарты еді, уәде.ті уақыт жеткенде, бізді Семейден алдырып, ағайын-тусының басын қосып, ақ дастархан жайғызып. Сұнкар екеумізге батасын берді. Әүллеттің барлық бала-шагасы, құда-жекжаты жиналдып, ақ тілектерін айтып, балам екеуімізді Әмірдің жан досының көлігіне отыргызған. Ағайының жақындығы осындаіда көрінеді де-гендей, біразы Әмірдің жалғыз тұяғын қимай көздеріне жас алысты. Енем көліктің артынан «жүгіріп», қол бұлғап, Сұнкар екеуміз көліктің артқы терезесінен анамыздың қалбандаган қарасы үзілгенше, ағыл-тегіл жылап келе жаттық.

Атам мені төркініме апарып өз қолымен тапсырмакшы болып еді, денсаулығы сыр беріп, көкөзек шакта әлсіреп жүргенін байқаған енем:

– Сұнкаржанды бір Аллаға тапсырдық. Сексенге бет алғанда сүйегінді сүйретіп шекараның ар жағына бармай-ақ кой, – деген болатын.

Енем менің шыққан жерімді реті келген жерде бетіме салық ете беретін, бұл жолы да соны ұмытпады. Кезінде Әмірге өз ауылынан әкесі парторғтің қызын атып бермекші болған көрінеді, ол тындармай мені ертіп келген. Содан «қара шаруаның қызын алдың» деп ұзакқа дейін ұлының таңдауымен келіспей жүрген еді. Менің ата-анамды менсінбей: «Ойбай, киіз төсеп отырган байғұстардың қызын алдық. Тен-тенімен деген, өзімізге тен емес, тұқ көрмеген» деп алғашкы жылдары зарлат қоймайтын. Атам естіп қалып, не айтқанын қайдам, әйтеуір сол кемсіткенін қойғызған.

Әмірдің Қарауылда бірге кызмет бастап, бірге өрлеген жан досы Бақбергеннің үйіне жеткенше, көнілтім босап, бірақ Сұнкарым жасып қала ма деп, сыр бермей келдім. Жол бойы әңгімеміз Әмірдің барындағы бірге өткізген күндеріміз болды. Қарауылдың сынаққа сыр бермеген қаһарман халқының жаны жайсан, көлдары ашық. Екі күн Әмірдің көзін көргендер бізді мейман етіп, Сұнкардың қолына жол-пұлын ұстасып, баталарын беріп, шығарып салды. Іштерінен бізді келе ме, келмей ме, көз көрмес, құлақ естімес жаққа кетіп барады дегендері болар...

Мүмкін «Әмірдің әруағы разы болсын» деп, жалғыз тұяғын әспеттеп шығарып салғандары болар.

Ушінші күні кіші бесінде Бақберген келіншегі Жанат екеуі бізді Дәу ағамыздың қолына жеткізіп салмақшы болып, жолға шықты.

Мен үшін Әмір екеуміздің шаңырагымыз көтерілген, қызмет етіп елге араласқан, алғашқы отбасылық өміріміздің қуәсі болған Қарауылдың орны бөлек еді. Қайда жүрсем де, өмір бойы Қарауылға деген сағынышымды жүректе өлдилеп өтермін.

Семейге бет алған қара жолдың он жағында атыстан мұнартып Архат тауы көрінеді. Жолдың он жағында қарауытқан Үлкен Орда тауына бір, жанындағы Кіші Орда тауына бір көз тастап қоямын. Тірісінде бірге бақытты болта алмаған қос мұнтық Еңлік пеш Кебектің пана тапқан Үңгіртасы осында. Бақберген-нің ак тұлпары Орда тауларын жарып өтетін тас жолмен зымырап келеді. Бетегелі белдер, жусанды қыраттар, қарағанды адырлар, айбарлы да ардақты Шыңғыс тауы артымызда қатып барады. Ашық терезеден сезілген салқын, коныр желі қандай рахат! Еріксіз «Абай жолы» еске түседі:

«...Барлық айналадағы кең дүниеге, өсіресе, мынау өзі туган сахара, өлке белдеріне соншалық бір туыскандық ыстық сезіммен, кешіріммен де қарайды. Жабыса сағына сүйеді... Сол даладан көз алмай, тоя алмай, үнсіз телміріп, ұзак-ұзак қарайды» дейтін жері бар еді гой, оқудан еліне оралып келе жаткан Абай жайында?!

Сұнқарым да бір кездे дәл солай өскен жеріне құстай ұшып келе жатар ма екен? Байғұс балам дәл қазір асқан кимастықпен туган жерін тастап барады. «Жарығымды алдында не күтіп тұр екен?» деген ой жүрегімді езіп кеткендей болады.

Бір белден асып, екінші белге түскенде, атыстан ағарандап Жидебай мұнаралатары көрінді.

– Сұнқар батырды Абай мен Шәкірім бабаларының басына апарып, Жидебайдағы аруактардан бата ала кетелік, – деді Бақберген. Бұл менің де көнілімдегі ой еді, қасиетті бабалар мекеніне енді қашан ат ізін саламыз, бір Атла біледі.

Біз ат басын Жи데байға бұрдық. 6400 гектар жерді алып жатқан «Жи데бай-Бөрілі» әдеби-мемориалдық музей-қорығының негізі 1940 жылы қаланыпты. Оның құрамына Семейдегі Абайдың әдеби музейі, Ахмет Риза медресесі, Бөрілідегі М. Эуезовтің музейі, ЖиДЕбайдағы Абайдың мұражай-үйі, Құнанбай қорығы, Зере мен Ұлжан моласы, «Абай – Шәкәрім» мазарлы кешені, ондағы мешіт, Кенгірбай бидің мазары кіреді. Бақберген Сұнкарға осы жердің әр тасының тарихын ерінбей түсіндіріп шықты. ЖиДЕбайдағытарға төу етіп, қайта жолға түстік.

Ойга құлай бергенде Ұлы Мұхтардың ата-қонысы әкесі Омархан мен шешесі Нұржамал жерленген Бөрілі қыстауы көрінді. Қыстаудан он шақырымдай жерде Абайдың үлкен ұлы Ақылбай мен бәйбішесі Ділдәның, кіші жары Әйгерімнің зираттары бар дейді. Бөріліге барап жолдағы Қасқабұлак ауылы Мұқандай жазушының кіндік қаны тамған жер. Бөрілідегі қарашанырак қазір жазушының музейі болып тұр. Аты аныз болған Ералты жазығының төсімен зырғып келеміз. Тас жолдың бойында өз заманында «кан аратаспасын» деген ұстанымдағы билер үкімімен өлімге кесілген Еңлік пен Кебекке қойылған мәрмәр ескерткіш тұр. Махаббаттың символына айналған қосғашық осында жерленген. Еңлік-Кебек тағдыры Шәкәрімнің «Жолсыз жаза» дастаны мен Мұхтардың «Еңлік-Кебек» драмасына арқау болған. Ата-бабаларымыз қанша жерден қазқтың қаны таза, дені сау болсын дегенмен, қызыл жүйе өз саясатын жүргізіп, қырық жыл сынқ жасап, тұқымды тұздай құрта жаздады емес пе?!

Семейге мөлшері алпыс шақырым қалғанда, сайын даала төсінде кара тасты қак жарып аккан Құшікбай бұлағына аялдалап, сүйнан үрттап, беті-кол шайдық. Жыл он екі ай үзілмей соғатын желіне маңдайымды тосып тұрып, артымда қалып бара жатқан ұлылар мекеніне ішімнен қимастықпен коппайттым.

Қас қарада Бақберген мен келіншегі бізді Семейге – Дәү ағаның үйіне жеткізді. Ертесіне біраз жылдар тұған бауырларымдай болып кеткен музейдегі әріптестеріме дастархан жайып, алғысымды айтып, әрқайсысына кішігірім сый-сияпат естелік қалдырыдым. Олар да маган құрмет жасап, Мәдениет және ақпарат министрлігінің атынан Алғыс хат тапсырып, ора-

мал-камзолын жауып, шыгарып салды. Орталарында отырып, қайран Гүлімайымды еске алдық. Оны еліне, ата-анасының жаңына апарып жерлеген болатын, сондыктан басына барып көштаса алмадым.

Сұнкардың мектебіне барып, үстаздарына ризашылығымды білдіріп, құжаттарын атып кеттім.

Дәү ага мен женешем, Сұнқар төртеуіміз енді асқар Алатау бауырындағы менің туган жеріме бет түзедік.

«Қош! Қош!» деп, паровоз жар салады. Төбесінен үшқан қою тұтіні артта қалып, онтүстікке жол тарттық. Ешқайда бұрылмай, жарқын болашаққа үмітпен жүйіткіп барамыз. Терезеден көз алмай, өткенімді еске алып, мұнайып келем. Келін болып түскеннен кейінгі қызығы мен қындығы аралас өткен өмірімнің он жылына қуә болған қарт Шығыстың ұлан-ғайыр даласы қалып барады. Наурыз келді дегенмен, бұл жакта әлі науат қар жатыр. Арасында азынап койып, құатты арынымен зымыраған пойыздың терезесіне жиі телміремін. Енді бұл өлкеге жолым түсе ме, жоқ па? Алдағы өмірім қалай болмак? Бұл мен үшін жұмбак. Бір білгенім, дәл қазір Семейден өзімнен өзім қашқандай қашып келемін. Қын күндерімді, әрдайым еңсемді басып тұратын қара қайғыны серпіп тастағым келіп қашып бара жатқандаймын...

«Қайтып келген қызы жаман»

«Ішіме сыйған балам сыртыма да сыйды» деп, апам мені келін болып түскен босағадан үйге әкеleiп алғанымен, төркінімде күтіп тұрган жұмакты көрmedім. «Қайта шапқан жау жаман, қайтып келген қызы жаман» дегенді бабалар бекер айтпаса көрек. Байым өліп, жесір қалған сон келсем де, «Сапардың қайтып келген қызы» атандым. Ұлым екеуміз үйде тұртпек көрмесек те, сырттағыға көзтүрткі болдық.

Сұнкарды мектепке алғанымен, мектеп директордың орынбасары болып істеген мені мұғалімдік жұмысқа да алмады. «Қазір мектеп бағдарламасы ауыр, сіздің жұмыс тәжірибеліз мектептен аулақтап кетіпті» деген сұлтау айтқан. Ағамның

жолдасы ауданның мәдениет бөлімін басқарады екен. Соған айтпақшы болып еді, апам баяғы өуеніне басып, «жын ойнақтың ортасы, көркемөнерпаз болғаннан көгергенді көрмедім» деп, ойбайға салған.

Әкем бір танысы арқылы кітапхана жағынан жұмыс тауып берді. Қырық сом айлығы бар, танғы тогыздан кешкі алтыға дейін оқырманы жоқ кітапхананың ішінде қадалып отыра-мын. Декреттік демалысқа шыққап ойелдің де кітапхана ісінен білтімі болмаса қерек. Тек кітаптарды алфавиттік ережемен тізіп коя берген екен. Мерзімді баспасөзі бірімен-бірі араласып, былығып жатыр. Кітап коры да айтарлықтай көп емес. Бірақ, күллі республикадагы шагын ауылдардың Мәдениет үйі мен кітапханалары жабылып қатып жатқанда, осы жердегі құй-тақандай кітапхананың аман қалғанына таңым бар.

Алғашында бар ынтымды салып бастадым жұмысты. Кітаптарын тұғсидең, сала-салата бе.тіп, әлем классиктері мен ұлттық әдебиетті ажыратып, бағалар әдебиеті мен гылыми әде-биетті бе.тіп, мерзімді басылымды жекелеп дегендей, бірқатар өзгерістер енгіздім. Мектептерге барып оқушыларға кітап оқу конференциясын үйімдастырып, оқырман да тарттым. Жұмысым енді журе бастағанда, кітап корын аудандық кітапханага косып, жұмысым қысқартуға тұсті. «Декреттегі әйел жұмысқа шыққанында аудандық кітапханага атамыз, сізге төлейтін ай-лығымыз жоқ» деген себеп айтты. Сөйтіп, жұмыссыз қалдым.

Бір күні батамды мектептен алтып, екеуміздің басымыз салбырап, көл ұстасып келе жатқанда:

— Мәссаған, Аяұттым, сенбісін? — деген әйел дауысы естілді де, шалбарланып алған толықша келіншек бас салды. Есімді жинап, карасам. Шарайна екен. Аяқ-қолы балғадай, көтіскен келіншек болыпты. Токпактай бұрымын желкесіне түйіп, дөнгелек жүзі албырап, жанары от шаша карайды. Баяғыда аяқ-ко-лы шілбіп, шыбықтай болып жүретін. Қеудесінің ұлкендігін көрсеткісі келгендей алға тастап, шайқатыла жүретін болыпты.

— Құрбым-ау! — деп, мен де құшақтай алдым. Мұрныма басы тиді, күн иісі анқиды. Мойны тершіп, денесі қызып тұр.

— Мына жігіт ұлың ба? — деп, анқылдаپ келіп, Сұнқарды да сүйіп үлгерді. Дауысында баяғыдағы нәзіктік жоқ, біраз қатқыл тартыпты.

– Иә, аты Сұнқар, – дедім. Ол Әмірді сұрап, мен күйеуімнің қайтыс болып кеткенін айттып, мұңайдым. «Иманды болсын, естімедім», – деп, көніл айтты.

– Атынды кім койды? Мұндай мағыналы атты бірінші естім, – деп, сосын ауаға ілініп қалған мұнды сейілту үшін Сұнқарды айналдыра кетті.

– Атам! – деп саңқ етті Сұнқар. «Құдай-ау, атасы қойғанын қайдан біледі?» деп ойлап үлгерген. «Әкем айтқан, сұнқардай жігіт болсын деген ниетпен атынды атаң қойған деп!».

Санқылдаң тұрған ұлымға көз тимесін деп, Шарайна күліп, «тіл-көзім тасқа» деп, үш рет түкірген.

– Өзің ше? – дедім мен, баяғы қыз құнінің ізі де қалмай өз-герген құрбымды әңгімеге тартып.

– Мен де екі баламен байдан қайтып келдім. Бала-шагасын асырайтын бай көрмедім, біздің қыздардың үшеуі қайтып келіпті. Ауылдағы еректердің көбі бос. Жұмыстары тоқтап қалғанын сұлтау етіп, үйде жатады да қояды. Бір топ ерек дүкеннің алдына жиналып алып шарбаққа асылып тұрып әңгіме соғады, жерге шырт-шырт түкіріп. Катындардың бәрі дерлік саудаға шыққанбыз. Жаркент жақын болғаны мұндаи жақсы болар ма, сол осы маңайдағыларға нәпақа беріп тұр, – деп жағдайын айттып, ұзын сонар бір әңгімеге кірісті дейсін.

Сұнқарым арқасындағы сөмкесін түсіріп ары-бері лактырып, күліндай тыптырып тұр. Шарайна тоқтар емес, әңгімесі таусылмайды. Өзі осы орталықта емес, маңайдағы ауылда тұрады екен. Елдің жағдайы ауыр, күнкөрістері колдағы азын-аулақ малтын бартерге салып, ас-аукат алып, шамасы келгені Қытай асып сауда жасап, берісі ауыл, арысы Алматыға тасымалдағынып, отбасын көрі-күртанаға тапсырып безіп кетіпті. Оның аузынан шықкан әр сөзі зәремді ұшырып барады.

– Апа, кетпейміз бе? – деп, мені ұлым жұлқыламаса, сынып-тасымның әңгімесіне аузым ашылып әлі қанша тұраг едім, бір Құдай біледі.

Баламнан ұялды ма, өз шаруасы есіне түсті ме, Шарайна коштаса бастады.

– Енді не жұмыс істеп жүрсің? – деді ол кеткелі тұрып.

Жұмыссыздардың қатарында екендігімді естіген соң:

– Егер каласан, біздің қыздарға қосыл, сауда жасаганға баулимын сені, – деді де, телефон нөмерін берді.

Мен әкемнің босағасына «өмірдің мейірімсіз катыгездігін көріп оралдым» деп жүрсем, көресім әлі алда екен. «Қыз – әке шанырағына қонақ» деген шын сөз, он босағада жүргенінде үй ішіне қалай еркелесен де, қалай сөйлесен де жарасады. «Бір күні құтты орнына қондырамыз да, құтыламыз ғой» дегендей, күлімдеп жүретін женген де баланды ертіп қайтып келгенінде, «қайтып келген қыз жаман, қайта шапқан жау жаман» дегенді есіне түсірмей қоймайды екен. Даусы әрең шығып, бір нәрсе сұрасаң «мен білмеймін ғой, апамнан сұра» дейтін Үкілай женешем енді маган «өнер» көрсете бастады. Әкем біраздан ауру, апамның баяғы екпіні жок. Үкілай үшінші балага аяғы ауырлағаннан, жалғыз ағам Өмірханың жаны сонын үстінде. «Жалғыз ұлдың жалғасы» деп өсіріп келе жатқан әке-шешемнің екі немересі елден шықкан ерке. Бәрі Үкілайдың қабагын багып отыр. Ал женешемнің қабағынан қашан көрсөн қар жауып, үйден кірген-шыққан ізінді сұртіп, одан қалды дастарханның үстін сиыр жалағандай тазалап жүргені.

Менің қайтып келгенім, баламның жағдайы бар, жұмыссыз отырып ішкен-жегенге ортақтығым бар, бәрі женешеме жақпай жүрді. Сұнкар магнитафон тындаса, «балалар үйкітайтын уақыт болды, өшір» деп, теледидар қараса «онда сен көретін не бар дейсің, саясаттан басқа» деп, төменгі қабатқа түссе «тарсылыдатпай жүрсөнші асханада» деп сөйлеп қалады. Ұлым әлі кішкентай болған сон ба ұндеңей, айтқанын екі етпей тындал, орындайды. Ал мен шыдай атар емеспін. «Елге қадірлі бір әулеттің еркелеткен Сұнқары еді, төркініме өкеп, женгеме кор қылдым-ау» деп, ішімнен буынам. Үйдегілермен қарым-қатынаста өтірік күліп жүретін сияқтымын, ал күлкімнің астарында мүн жасырынып жатады. Маган баяғы көршіге терезесі қарайтын бөлмем қайтып тиген болатын. Тек Сұнқарға ариап тағы бір ағаш төсек кіргізілді. Кітап қоятын сөрелерім мен жазу үстелім де балама бүйірды. Ұлымның мектебіне керек болмаса, маган акшпаның керегі жок. Бар киімімді үстіме іліп, берген тамақтарын бөлісіп жүрмін. Әрі-беріден сон, олар мен үшін қазан аспайды ғой, өздеріне жасаган тамағынан балам бір аяқ,

мен бір аяқ тамақ ішеміз. Екіден төрт тілім нан жерміз дегендей. Мен осылай болайын дедім бе, мен де акар-шақар өсіп-өнген өүллеттің сыйлы келіні едім, мәндайға осы сор жазылды, тартып жатырмын. Өзімде барды бағаламадым ба?! Женгеме абын шындықты айтып салып, бет жыртысқым келмейді. Ішімнен тынып, шыдап келем. Мен өз әкемнің үйінде, балам өз нағашысының үйінде кібіртікеп сөйлеп, бұғып жүретін болдық.

- Апа, атамның үйіне кетеійкші, – дейді ұлым.
- Енді біздің үйіміз осы үй, – деймін.
- Сонда біз осында тұра береміз бе? – дейді, алдында «уақытша жүрміз» деп ойласа керек.

– Сен ержетіп, оку оқып, қызмет істегенше тұрамыз, содан кейін сен үй саласын, – деп едім, балам бауырыма тығызып, жылап жіберді.

«Бекер келген екенмін, жап-жақсы істеп жүрген жұмысман айрылып, жер түбінен баламды сүйреп. Жалғызымды қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай жүре бермедім бе. Дәү атасының қамкорлығында? Енді қайтып баруға бет қайда? Табақтай дипломнан не пайда, жұмыссыз жатысым мынау» деп қамығып, жылап атамын. Бір күні Жаңыл женгем келді үйге. Апамның немере інсінің әйелі еді. Баяғы ағама келген де, ауру туысын алып. Апаммен әңгімелесіп отырып, «кішігірім дүкенім бар соған сатушы болсын» депті, менің жұмыссыз отырғанымды естіп. Менде жұмыс таңдайтын күй бар ма, «үйдегілерге күйік болғанша, күндіз көзге көрінбейін, не болса да көрейін» деп, дүкенге сатушылыққа шықтым.

Дүкен иесі Жаңыл женгей жалмаңдан тұр. Күйеуі Мақсұт аға маған нағашы болып келетін. Ол кісі жаратылысынан жуас, әйелінің ашса алақанында, жұмса жұдырығында екен. Дүкендерілер женгейден катты корқады. Қаланың шетіне қарай орналасқан азық-түлік дүкені. Үлкен бір зал мен қабаттаса салынған екі бөлмесі бар. Онын біреуі койма да, екіншісі сатушылар жаттын тұрак. Мұнда сатушылар екі аптаға дүкендері заттарды санап, өз мойындарына өткізіп алады да, сонда қонып, тәулік бойы жұмыс істейді. Екі аптадан соң келесі кезектегі екі сатушыға ревизия жасап, түгендеп, Жаңыл женгейге есебін беріп, қарызы болса төлеп барып еңбекақысын алады. Тауар жеткі-

зетін бір ерек пен жүргізушісі күндіз келіп жүреді, күзетші тұнге қарай келеді. Маған койған талабының ішіндегі сонда қонып істеуім керектігі ұнамаса да, басқа аматым жок болған сон, келістім. Екі апта бойы баламды көрмеймін, сабағын бақылай алмаймын. Қайтем енді.

– Апа, мен сабағымды жақсы оқып, әжем мен апамды тыңдал жүремін, уайымдамаңыз, – деп қояды құлыным үлкен адамша.

– Екі аптадан сон, екі апта бойы жаңында боламын, сонда екеуміз бірге сабак қараймыз, мектебіне барам, киноға апарам, – деп, мен де уәдені үйіл-төгіп, белді бекем буып, жұмысқа шықтым.

Екі кезекшілікті қарызызыз таза өткіздім. Жаңымдағы Нәзира деген аяқ-қолы жылдам қыз болып шықты. Тауарды алушылардың көнілін тауып, арасында екеумізге түскі асты әзірлеп те үлгереді. Мен көбіне тауар қабылдап, құжаттармен, тексеріп келушілермен айналысамын. Жаңыл женгей тапсырмасын пейджерге жазып жібереді, оны тастай етіп орындаімын. Айдаладағы дүкенге санитарлық дәрігерлер, салық салушылар, өрттен коргаушылар, тазалық тексерушілер, экологияны тексерушілер, аудандық, кейде қалалық әкімшіліктің өкілдері дегендер кезегімен, бірінен кейін бірі дікендей келіп тұрады. Оларға сертификаттар мен құжаттарды көрсетіп, кейбіреуіне шайлық-майлышын ұстасып, жөнге саламын. Тұнге қарай тереzenің тесігінен арак-шарал, темекі-сыра сатамыз, соны андиды. «Рэкет» деген пәле тағы бар екен. Қорқытып, үркітіп затымызды тартып әкетеді. Тіпті бірде күзетшімізді өтермен етіп сабап та кетті.

Үшінші кезекшілікте мойныма қарыз ілінді. Екі жеті табанымнан тозып, тұн үйқымды төрт бөліп, дүкенге кірген әр алушының қабағын бағып жүріп тапқан еңбекақыманнан сол жетпегенін өтеуді талап етті.

– Мен бірденеден кателеспесем, өздігімнен қол сұғып үрлыққа бармадым. Өзіме тиесілі қаржым өзіме жетеді, адалдықтан аттамаймын. Жаңымдағы Нәзираны да сондай деп ойлаймын. Қайта есептесейік, мен сізге еңбекпен тапқан қаржымды жоғыңызға күя алмаймын, – деп қарсыластым. Нәзира да адалдығына ант-су ішіп отыр.

– Эй, кыз! Кем шыкты ма, толтыр! Сен адалмын дегенге сеніп бар тауарды қайта санап, есептесіп отыратын уақытым жоқ. Екі кезекте жаңылмай істеп, енді не болып қалды. Менің сеніміме кіріп атып, енді шетінен көртіп жейтін майшелпекті тапқан екенсін, бір тыныңды да бермеймін, тап бүгін айдан шығам жұмыстан! – деп, аяқ жағына орыстың боктығын қосып, аузына келгенді айтып, оталып кетті дейсін. Түкірігі шашырап, көзі шапыраштанып, қолына түскенді лақтырды. Тап бір Нәзира екеуміз дүкенін көшіріп алғандай болдык. Өткен жолғы енбекақыма үйге ас-аукат апарып, алам мен кішкентайлардын қолына акша ұстатьп, қарық болып калып едім. Мен айлық таба бастағанға женғемнін де қабағы ашылып, ұлым да еркін ойнап, қатарға ітініп қалғанбыз. Енді көк тынысыз баратын болсам, баяғы таз кепешімді қайта киетінімді ойладап, ішім қан жылады.

– Жаңыл тәте, келер жолғы енбекақымнан берейінші, осы жолы қарыз деп жазыныз, маган акша керек еді, – деп жалынсам:

– Ой, бәлекет-ай! Осы жолы ақшаңды толық атып қашып кетпексін ғой, ә! Тапқан екенсін акымақты! – дейді.

– Тәте, менің туыстарымды танисыз ғой, қайда қашам. Келем екі аптадан соң, – дедім.

– Сен менің екі туып бір қалғаным ба едің, сен сияқты тагы бір қайыршыны алғаным жақсы, қарызыңды төле, жұмысқа қайта келмейсін, – деп тепсініп тұрып атды. «Қайыршы» дегені сай-сүйегімнен отіп, жан жарамды тырнап кетті. Нәзира да жалбарынып жатыр жазықсыздығын айтып. «Осы дүкенге сатушы болмасам аштан өлмеспін, кетейін. Ақша үшін ағайындылар бір-бірін тұтіп жеп жатыр, «атысыпты», «пышакта-сыпты» дегенді естігенде сенбеуші едім. Қу дүниe бәрін ұмыттырады еken ғой! Өткенде «апа, туған келініңдей емеспін бе, бауырым өлетін болды» деп жылап келіп еді, ағама күні түскенде. Бүгін «сен менің екі туып бір қалғаным ба едің, сен сияқты тагы бір қайыршыны алғаным жақсы» деп көкіп отыр. «Ардан акша жақын әйелге қор болмайын» деп шештім. Еңіреп жүріп тапқан енбекақымның жартысын алдына тастап, заттарымды жинап атып, қоштаспастан кетіп қалдым.

Жол бойы жасымды тыя атмадым. Мына түрімнен үйдегілер шошып кетер деп, сенделіп көшеде біраз жүрдім. Қашанғы қаңғып жүрейін, есім жиналғанда өз көшеме түстім де үйіме тарттым. Абырой болғанда апам болмады, женгем баласын бакшадан алып келуге кетіпті. Сұнқарым мектептен оралып, сабағын оқып отыр екен. Мені көре орнынан атып тұрып «Апа!» деп құшақтай алды. Ұлымды құшагыма қыскан қалпында диванға құладым. Бауырима басып алып, ііскеп ұзак жаттым. Ол да сағынып қалыпты, артық ештеңе сұрамай, хош иісі бұрқырап, жан дүниемді жылдытып, үнсіз жатты. Ол да менің іісімнен рахатанып жатқан шығар. Қорлықтан қанша қыстығып келсем де, баламды жасытпайын деп жыламадым. Бірақ та ішім қанжылап жатты.

Бірнеше күн үйден аттап баспадым.

– Апа, ертең менің сыныбымның ата-аналар жиналтысына барасыз ба? – деді ұлым мектептен оралғанда.

– Эрине, барам, балам. Қайта мен бос кезде болғаны жақсы болды, жұмыста жүрсем сұрану қын болар еді, – дедім, жұмыссыз қалғанымнан сыр алдырмай. Сұнқар қуанып кетті.

– Апа, біздің мектепте домбыра үйірмесі ашылыпты, менің де үйренгім келеді, – деп жаңалығын айтты.

– Катыс, балам, сенін атаң домбыра тартқанда әжең ән салып қосылатын, сендердің тұқымдарына өнер қонған, – деп едім, ұлым жаныма келіп:

– Атам мен әжем туралы тағы айтыңызшы, – деді жалынғандай болып. Жанарында үлкен сағыныш жатты.

Мен әкесі Әмір мен оның әулеті жайында, атасы мен әжесінің, Дәу агасы мен Дәу апасының отбасылары жайында жылы да жан серпілтер әнгімелер айтып бердім. Естен мәнгі кетпестей болған сонау бір жаңа жыл кешін, сол кеште шырқалған әнді, әкесінің марқайған көнілі туралы айттым. Үнде-мей тыңдалып отырды. Оның өзі тараған әулетті, қандас бауырларын, ата-әжесін сағынып жүргенін түсіндім. Ал шындығында сондай асыл жандарды мен де сағынып жүр едім.

«Ішіме сыйған қызым сыртыма да сыйады» деп аналарымыз барған жеріне судай сініп, тастай батпаған, күйеуімен дәм-тұзы жараспаған, өзіне де, барған жеріне де бакыт сыйлай алмаған

немесе мен сиякты байы өліп, бағы тайған қыздарын қайтарып алғанымен, өмірі баяғыдай болмайды екен. Бабаларымыз тегінин-тегін «қайтып келген қызды қайта шапкан жауға» тенемеген. Ешбір ата-ана мен жақындарын саған отбасы бақытын жасап бере алмайды екен. Менің байқағаным, ұлым екеуміз үй ішінен үй тігіп, өзімізше өмір сүріп жатқандаймыз. Ол мені, мен оны пана тұтамыз. Қолыма түскенін баламның аузына тосамын. Бала кезімде жанымды бөліп берердей болған ата-анам, бауырым бұл күнде сұық тәрізді. Олар да мен бала-мен қайтып келгелі өз-өздерінен қуыстанип, сөздерін санап сөйлеп, аяктарын аңдып басатында өз үйлерінде. Сондағылары мені аяп, қабағыма қараған түрлери. Тек женгем ғана мені ашық шеттетіп, онысын әр нәрседен білдіріп қалып жүр. Осы үйдің отымен кіріп, құлтімен шығып, өзімен бірдей нәрестесін түнімен бағысып, ұлken екеуін балабакшаға тасып жүрсем де жақпаймын. «Қашанғы осытай әкемнің шаңырағында құл болып жүре берем, ертең ұлым өседі, сонда қайтем? Әкем болса ауру, анамды да карттық енсеріп келеді. Олардың дәм-тұзы таусылған күні Үкілай мені бұл үйден қуып шықпасына кім кепіл. Ағам жаратылысынан момын адам. Мен үшін өлсे әйеліне қарсы шықпайды. Осы бастан бөлініп кетуге жағдайым жок. Баспана тұрмак, тамак тауып жейтін мүмкіндігім жок», – деп, қапаланып, түнімен төсегімде мын аунап шығамын.

Қайта оралған қайран сезім

Сұнкардың жиналтысына барайын деп қақпаны жауып, көшеге шыққаным сол еді, көрші үйге келіп токтаған дәу қара көліктен Үсен аға түсті. Олар негізінде көлікпен ауласына кіріп барып бір-ақ түсетін еді. Мені көріп токтаған сыңайлыш. Маған қарай құлімсіреп, тақап келді де:

– Оу, Аятай! Сені көрмегелі кай заман, айналайын! – деді. Қысылып, ұялып қалсам да:

– Аға, сәлеметсіз бе, – дедім. Ұлken кісі мені бауырына тартып, маңдайымнан сүйді. Сол кезде көліктен зайдыбы да түсіп жатты. Торғын апай әдеттегісіндей сән-салтанатында екен.

Көгілдір түсті күздік пальтосы денесіне құйып койғандай, бір жағына сәл қисайта киген береті есіме сонау соғыс жылда-рындағы аруларды түсірді. Сыры кетсе де, сыны кетпеген орта жастағы әйелдің жүзі нұрланып, жанары щуақ шашып тұр.

– Аяулым, сен келіп қалғанбысың, қызым? – деп жылы амандасты.

– Қашан келдің?

– Бір жыл болып қалды ғой, – дедім де, жүзімді төмен салып, қатты қысылып қалдым.

– Айналайын, жолдасының қайтыс болғанын естігенбіз, «көніл – көрген жерде» деген, шырағым, амал жоқ, жолусті болса да, қайғына ортақпыз, – деді Үсен ага.

– Балаң өсіп қалған шығар, – деп қадала сұрады Торғын апай.

– Иә, төртінші сынныпта...

– Откенде әкеннің жанынан көргем, жігіт болып қалыпты, – деді Үсен ага.

– Есік алдында нағып тұрмыз, жүр үйге кіріп әнгімелесейік, – деді апай.

– Мен баламның сыннып жинальсына кетіп бара жатыр едім, кешігіп қалармын, рахмет, – дедім, үлкен кісілерден құтылғанша асығып. Ары қарай сұраса, мына бейшара тірлігімнен хабарлар болып қалар деп қорықтым. Олар да менен оңайлықпен ажырай қоятын емес:

– Сәрсенбек, Аяшты мектепке жеткізіп салшы, – деп. Үсен ага жүргізушісіне тапсырма берді. «Керегі жоқ, өзім барамын, мектеп алыс емес» дегеніме көнбей, көліктің есігін ашты. Үлкен кісілерге қайтіп қарсыласайын, амалсыз дәу қара мәшиненің алдына отырдым. Олар Мәлс туралы айта ма деп дәметкеніммен, екеуі де тіс жармады. Өзімнін сұрауға дәтім бармаган.

Сол күннен бастап алғашқы махаббатым Мәлске деген көнілімнің сонау түпкіріне баяғыда тығып тастағандай болған от сезімім қайта оянып кеткендей болды. «Қайда еken? Не істеп жүр еken? Үйленді ма еken?» деген ойлар үйқымды бұзып, көнілім алай-тұлсай бола бастады. Ол туралы біреуден сұрайтын еш реті жоқ. Ата-анасының жылы ықыласы да өткенімді есіме салып, баламның көзін ала бере, баяғыдай көршінің ауласына

көзімді саттырды. Бойжетken күнімде терезенің алдына секіріп мініп, көршінің ауласындағы тіршілікке тесіле қарап отыратын жастықтың бір желігіндей болып жарасатын еді. Отызды орталағанда дап-дардай болып терезенің алдына секіріп шыға алмадым. Эрі бойы иығыма жетіп қалған, акылы да өсіп келе жатқан ұлымнан аяғымды тарттым. Қолымнан бар келгені, Сұнқар жокта терезенің жактауына сүйеніп, перденің артына тығылып тұрып сол жаққа қараймын. Балам үйде болғанда, терезенің алдынан ары-бері өткен болып көз саламын.

Жұмысттан шығып қалғаныма он күндей болғанда апам:

– Аяш, енді үш-төрт күнде жұмысқа шығып кетесін, ертең ауылға барып қайтсанышы, Тамара тәтендер үлкен ұлын үйлендірмекші екен, сонын құдалығына апарсын, мен бір тоғыз жинап берейін, соны жеткізіп берші. Менің аяғым бастырмай жүр гой, – деп, тапсырма берді. «Жұмысттан шығарып жіберді» деп, апама Жаңылды жамандауга дәтім бармады. Бұрын той десе елдін алдына түсіп жүгіретін байгүс апамның да дәурені өтейін дегені ме, осы жолы зауқы соқпай қалыпты. Анамды аяп кеттім, тойға берген сөмкесін арқалап ауылға тарттым. Сол жақта бір-екі күн болып, қайта қайтып келе жатқанда, Қытайдан тауар өкеле жатқан Шарайнаны тағы кездестіргем. Бұл жолы да аузым ашылып, көзім жұмылып, әңгімесін тындаған мен, қоштасарда оның өзі сияқты саудагерлерге косылып, тауар таситын болып шыға келдім. Енді кайтейін, айналамдағылардың бәрі тұрақты жұмыс болмагандықтан, алыпсатарлыққа шығып кеткен. Қиім-кешек, ойыншық, шаруашылыққа керек ұсақ-түйектер, көкөніс пен жеміс дегендерді Жәркент арқылы Қытайдан арқалап келеді. Қолдарына тигенін ұстінен тиын-тебен косып сатып жатыр. Арасынан түскені – нәпақалары. Оны өз тілдерінде «навар» дейді екен. Сөйтіп, жан бағуга кіріскең топтын арасына косылдым да кеттім.

Менің айналысқа салатын каржым болмагандықтан, Шарайнадан екі жүз доллар алдым. «Юаньге ауыстырмасан, теңге Қытайда жарамайды, ен дұрысы – доллар» деп өзі акыл берген. Бұрын доллар дегенді кім көріпті. Американың президенті болған Бенджамин Франклін бейнеленген жасыл қағаз екен. Сытыр-сытыр етеді. Иіскең көрсем, баяғы сомфа да, бүгінгі тең-

геге де үқсамайды, иісі тіпті бөтен. Әлемдегі талай адамның алаканынан өткені көрініп тұр. Сол миллиард жандардың бірі болып мен де долларды алаканыма салып тұрдым. «Карызға алсам да қайыры болсын!» деп қуанғам. Сонымен, Шарайна, Меймангұл деген үйғыр қыз бар, үшеуіміз Құлжа тасжолының бойына шықтық. Қорғас базарынан өтімді деген тауарларды саудаласып, қаптарымызға салып алған соң, базар шетінде жалмандаш жүрген жүк тасымалдайтын көліктердің иелерімен келісеміз. Тауарымыз тиелген көлікке өзіміз де мініп аламыз. Қебіне тауармен жүретін Меймангұл екеуміз. Шарайна өтімді әрі арзан тауар әзірлеу үшін сол жакта қалып қояды.

«Сатушы қымбатқа сатсам дейді, алушы арзанға алсам дейді», «Сауда – сақал сипағанша» деген мақал-мәтедерді атам қазақ аспаннан алмаса керек. Өмірімізді түбекейті өзгерту жатқан шарықты түсінбейтіндерге осы мақалдардың өзі жол көрсетіп тұргандай. Сөйтіп, айналып жатқан дүние. Алғашында үйдегілерге сауда жасап жүргенімді айтпадым. Олар мені «екі жетіге дүкенде тұр» деп ойлапты. Жаңыл женгей апама кездесіп қалып ұялмастан жамандан:

– Кызың мені карызға батырып кетіп қалғалы қашан. Менде істемейді, – деп айтып қойыпты. Содан апам мені «бір келерсің» деген тісін қайрап отырған сөтінде, сорым айдал жетіп келдім. Амандық жок, саулық жок, мені көргеннен тарпа бас салып, ит терімді басыма қаптады дейсін. Оның түсінгенінше, мен үятсыздықпен ағайын адамның еңбегін жеп қашып жүр екемін. Жаздан бері немен айналысып жүргенімді жан білмейді. «Бұзылды» деген осы! Ержетіп келе жатқан балама не өнеге көрсетеді екем? Одан да ұлым екеуімізді асырайтын байға тиғенім жөн көрінеді. Түсіндірейін десем, сөз сөйлетпейді. Оның аузынан ак ит кіріп, көк ит шығып жатканы Үкілайға ұнап, ба-лалардың бөлмесінің есігін ашып қойып тындалп отырғанын сездім. Апамның сезін аяғына дейін үндемей тындардым да, болды ғой дегенде екінші қабатқа көтеріліп кеттім. Сағынып келгенде әдетімше, ұлымды құшағыма қысып, сағынышымды бастым. Жарты сағаттай бір-бірімізді иіскеп жатқан соң ұлым:

– Апа, менің аяқталмаған сабағым бар, соны оқып тастайын, – деп, күшагымнан сытылып шығып кетті. Устеліне барып отырды. Құдай-ау, бармактай баланың да өз жауапкершілігі бар болған соң не дейін. Терезенің алдына келіп, көршінің ауласына көз салдым. Үсен ағаның ат шаптырым корасында бір қолымен қоларбадағы баланы сүйреп, екінші қолтығына балдақ қысқан еркекті көріп:

– Ой, Алла-ай, мынау Мәлс қой! – деп дауыстап жіберіппін. Үнімнің анық шыққаны сондай ұлым:

– Апа, сіз Мәлс ағаны танисыз ба? – дегені. Баламның сұрағына тұра мектептегі қызы балаша елең ете түстім. Бетіме ішімнен бір от лап еткендей болды да:

– Сен де танисың ба? – деп, карсы сұрап қойдым.

– Иә, өткенде атама сәлем бере келіп, күй тартып беріп кетті. Менің домбыраға баратынымды апам айтып еді, біраз нәрсе үйретті, – деп қуанып, кітабын ысырып қойып, маған әнгімесін айтқан. «Шын ба, өтірік пе?!» деп мен ан-тан. «Менің Мәлсім жайында бір адам маған бір хабар айтты-ау әрен дегенде және ол өзімнің ұлым болып шықты!». Сағынышымның қарлығашындай болған мына хабар жайында біле түскім келгенімен, анау аулада жүрген Мәлсті де көргім келіп барады. Мен әнгіме тындал отырғанда, кетіп қалса ше! Жүргегім аузыма тығылып:

– Сұнқар, сабағынды жалғастыр, қалғанын кейін айтарсың, – дедім де, өзім терезенің алдына барып, перденің артына тығылдым. Есіме Мұқағали ақынның:

*Алдынан терезенің жүріп өттім,
Сен мені байқадың ба, құдіреттім.
Тұрдың ба, ар жағында жасырынып,
Өйткені тұтқан пердең діріл етті, –*

деген бір шұмак өлеңі түскен.

Сол айтқандай, мен де переде артына жасырынып тұрғанда, терезе передесінің діріл еткенін Мәлс анғарып қалмасын!?

Әрине, ол көзін салып тұрса жақсы болар еді...

«Әлі балдағын тастанмаган екен. Үйленген болар. Баласын сүйреп жүр. Әйелі үйде тірлігімен айналысып жатқанда, бала

қарасып, көмектескені шығар. Көріспегелі он жылдан асты, менің жолымды бағып жүретіндей кімі едім, өз бақытын тапқан шығар. Ол да өсіп-өнгісі келеді! Откенде әке-шешесі де бақытты көрінген, бала-шагасы бақытты болып отырса, қуанбай қайтсін! Эйтпесе, баяғыда Торғын тәтенін көзі құргамай, баласын айтып жылай беретін» деп, оның басқа біреуді сүйгенін, соны от құшағына орап балалы болғанын ойлағанда, қызғаныштан ішім жанып, жанарымнан ыстық жас домалады. Жақтауға жабысып, үнсіз ағыл-тегіл жылап тұрмын. «Балам сезіп қалмасын» деп передеге оранып алдым.

Бір кездे...

Ал, ендеше! Құшағына нәресте қыскан жас келіншек үйдін үлкен есігінен шығып Мәлстің жанына келді. Устіндегі қалың киімінен, баланы ораған көрпешесін байлаган қызғылт лента-сынан жас босанғаны көрініп тұр. «Ойбай! Екі балалы болыпты! Баяғыда достарым мен апам: «Мәлстен бала болмайды, ол мүгедек, қор баласын!» деп еді. Нагыз еркек екен! Арбада отырып қалған жерінен қайратын жинап, балдаққа тұрды. Өз аяғымен жүреді! ҚазМУ-де оқиды деп еді, бітіріп, қызмет етіп жүрген шығар. Қонаевтың досы болған Үсен ага жалғыз ұлына қызмет тауып береді гой. Алматыда пәтерлері де бар болатын. Дипломды сандыққа салып қойып, қанғып жүретін мен дейсің бе!» деп, өмірімде бірінші рет бір адамды күнде, қызғаныштан жарылып кете жаздал тұрмын. Анау жас келіншектің бақытын, бір кездегі алғашқы махаббатымның мүгелектікті мойында-май, өмір үшін күресіп, өсіп-өнген, алдына қойған мақсатына жеткен, ата-анасын бақытқа болеген жетістігін қызғанып, ішім күйді.

Мен қызғаныштан өртеніп, көзімнің жасы көл болып тұрғанда, екі баланы ерткен екеуі аулаға енген көлікке отырып, бір жаққа кетті. Перденің артында сүмірейіп, сүлесоқ қалыпка түсіп, ішім күйіп қала бердім. Содан бастап менен маза кетті. Асқа тәбетім жок. Бұрындары саудам жақсы жүргенде үйдегілерге атып келген базарлығымды актарып тастан көрсетіп беретінмін. Бұғін де байқаймын, Үкілай мен не әкелді екен

деп торуылдаپ, екінші кабатқа шыққыштап жүр. Еркін келіп сұрауға өзінің маған жасап жүрген қияннаттарынан батпайтын сияқты. Байқасам да, «жарылып кетсе де, әкелгендерімді бірден лақ еткізіп үстата салмаймын» деп, тырысып отырмын. Апам сүйекке сінген әдетімен менің жер-жебіріме жеткен соң ба, төменге түсіп, ол кісімен де сөйлескім жок.

Ерте жатып қалдым. Ұлым тіршілтігін бітірген соң жаныма келіп:

– Апа, жарықты өшірейін бе? – деді, үйықтамай жатқанымды біліп.

– Сабагынды жасап болсан, өшіріп жата гой! – дедім.

Ол жарықты сөндіріп, көрпемнің ішіне кірді. Бөлек төсек қойсақ та, мен жолдан келгенде сағыныштан бір күн қойныма жататыны бар. Күндізгі: «Апа, сіз Мэлс ағаны танисыз ба? Өткенде атама сәлем бере келіп, күй тартып беріп кетті. Менің домбырага баратынымды апам айтып еді, біраз нәрсе үйретті» дегенін таратып сұрағым келіп, ішімді тесіп бара жатқан.

– Балапан, Мэлс аған осында тұра ма? – деп жүқалап бастадым.

– Жок, ол кісі қалада тұрады екен. Атам оны «сот болып жұмыс істейді, жақсы адам» деп мақтады. Апа, ол кісінің домбыра тартқанын көрсөніз гой! Біздің үйрімені жүргізетін ағай да ондай тарта алмайды. «Аққү» күйін тұра Нұргиса ата сияқты тартады екен, – деп, тамсанған ұлым ағасының мақтауын асырды.

– Нұргиса атаны қайдан білесін? – деп мен ұлымның қағылездігіне таңырқадым.

– Теледидардан көріп жүрмін фой, домбырадан беретін ағай оның күйлерін магнитофонға жазып алтып, күніне бір рет тындандар, жүректеріне қонады, – деген.

– Тұрпатыннан айналдым! – деп, баламның сұнғылатығына сүйсіндім. – Мен келгенше сабагынды дұрыс оқыдың ба? Тоқсан аяқталуға жақын, – деп сұрап қоям.

– Бәрі бес! Апа, уайымдамаңыз, – деді сөйлегені тұра Семейдегі атасы сияқты, о тоба! «Тұқымыңа тартпасаң тұмағыр» деп осындайда айтқан шығар дәу әжелеріміз.

– Апа, менде бір жағдай болды, – деп күмілжіді ұлым.

– Не болды? Бірдене бұлдірдін бе? – деп жүрегім зу сте түсті. Тағы Үкілайдың бірденесін сындырып қойды ма деген ой келген.

– Мен бұлдірейін демегем, Қанат деген бала алдымен өзі тиісті, – деп әңгімесін бастады. – «Сен келгенге дейін мен сыныпта көшбасшы едім. Қайдан келдін өзін? Бәрібір мықты бола алмайсың! Менімен жекпе-жекке шық сабактан соң» деді. Аттында жетекші ағай мені класқа староста етіп сайлаган. Қанатты «үлгерімі тәмендеп, тәртібі нашарлап кетті, балаларға үлгі бола алмайды» деді. Ол содан ашуланып, маған тиісті. Жекпе-жекке сыныптағы үлдар түгел жиналды мектеп сыртына. Бәрі коршап түрдү, сосын Қанат екеуміз ортаға шығып төбелестік. Мен Дәү атам үйреткен приемдарға салып алыш ұрдым астыма. Апа, бар ғой, Семейде Дәү атам мені каратәге апарып жүретін елі ғой, есінізде ме? – деп, үйыктап бара жатқан мені бір сілкіп алды.

– Иә, құлыным, Дәү атаң сенімен ерекше айналысатын еді ғой, – деп костадым.

– Сонда үйренгендерім жақсы болды. Сонымен Қанатты жендім. Бір бала: «Қанат, женілгенінді мойында!» – деді. Анау оған келіспей: «Мен қаңғыған келімсектен женілтмеймін!» – деп жұдырықтауға кірісті. Мен де алыш ұрып тепкіледім. Бала-лар әрен ажыратты бізді. Оның да, менің де күмім жыртылды, бетіміз көгерді. Мені «келімсек» деді ғой.

– Ол не дегені ақымақтың? – деп, өзім естімеген сөзге тандандым.

– Білмедім, апа. Осы Қытайдан келгендерді кім деп айтады?

– Оларды оралман дейді. Олардың ата-бабалары бір кезде осы жерде тұрган. Кеңес өкіметінің зорлығымен тірі қалу үшін бастары ауған жағына қашып кеткен. Енді Қазақстан Тәуелсіздік алғанда қайта оралып жатыр. Олар біздің бауырларымыз, елін сағынып туган топырағына оралған, – деп түсіндіріп жатырмын ұлыма.

– Ол мені «қаңғыған келімсек» деді. Менін атамдар Абыралыда тұрады ғой. Қазақстанның жері ғой, – деп қояр емес, үйқысы қашқан ұлым. Битімдей көкірегін кек кернеп, кеудесін

көтеріп отырып алды. Мен де мына сөзден сергіп, бойымды жи-
нап алдым.

– Эрине, Қазақстанның жері! Атаң сенің елдегі ен құрметті
адам! – дедім, енді алдандырып үйықтатайын деп:

– Сонымен, староста болып калдың ба? – дедім.

– Эрине! Мені ағай сыныптағылармен келісіп сайлады гой.

– Жарайсын! Енді сабакты бұрынғыдан да жақсы оқы, тәр-
тіпті бол! Ондай жаман балаларды жақсы оқып кана женесін,
білім жағынан жарысындар! «Білекті бірді жығар, білімді мын-
ды жығар» деген бар, – деп, бауырима тартып жатқызбақшы
болып едім:

– Апа, неге осы біз өз елімізге кетпейміз? – деді, әлі ашула-
нып жатыр екен.

– «Өз еліміз» дегенің қай ел? Біздін Отанымыз біреу, ол –
Қазақстан! – деп түсіндіре бастап едім, ұлым:

– Семейдегі атам мен әжем, Дәу ағаларды айтам, – дейді.
«Қасқырдың күшігін қанша асырасан да орманға қарап ұлиды»
деген. Бармақтай болып алып, маған жөн көрсетеді. Осының
бәрі тоғыз жасына дейін атасының құлагына құйғаны мен Дәу
атасының тәрбиесінің жемісі.

– Сен жазғы каникулда үш ай атансың жанында демалып
келесін. Басқа амал жоқ, балам, осында түруға тұра келеді, –
деп, мәндейнан сүйіп барып, басын әрен жастыққа тигіздім.

«Қанғыған келімсек» деген сұмдық сөзді Қанат қайдан естіп
жүр, әлде отбасыларында ұлкендер айта ма екен? Әкесі өліп,
нагашытарын сағалап келген қамкөніл балама «қанғыған» деген
сұмырай сөзді де естірттім-ау. Жаныл женгей де, Үкілай да
бізді «қанғып келді» деп жүрген шығар. Неге ғана Дәу ағаның
жанында жүре бермедік?» деп, жасымды жұтып қапаланып жа-
тып, әрен көзім ілінді.

«Сауда сақал сипаганша» деген

Шарайна, Меймангұл үшеуміздің бірлескен тірлігіміз жа-
ман болмады. Апам қанша қарсыласса да, «осыдан басқа нан

тауып жейтін жұмыс көзін көрмей тұрмын» деп, табандап отырып атып, белімді нық байлап, сауданың жолында жүрмін. Әкем болса сал болып, төсек тартып қалған. Маган бірдене деп қарсылық танытуға әлі жоқ. Ағам балам мен мені баға ма, өзінің әйелі мен үш баласын асырай ма, түсінікті жайт кой. Дәрігердің айтығы шайтығына жетпейтіні тағы белгілі. Екі қарттың зейнетакысын кешіктіріп берсе де, әйтеуір қолдарына тиеді. Жыртығымызды жамап отырган да сол. Менің сауда жасағанымнан үй іші пайда көрмесе, жамандық көріп отырган жоқ. Қытайдан тасып жатқан тұрмыстық техника, шаруашылық заттары, химиялық-тұрмыстық заттар, киім-кешектерден міндепті тұрде үйге де атып келемін. Екі қабатты үйдің ұстанатын заттары мен жиһаздарын жаңалап, қытайдың ыдыс-аяқтарына толтырып тастадым. Женгемнің де қазір қабагы ашылып, менімен жақсы сөйлесетін болған. Мен сапардан ораларда ыстық тамағын өзіртеп, күтіп отыратынды шығарды. Онын да, апамның да үсті-басын жаңалап, жылтыраған киінетін болды. Менің саудамен айналысканым көнілі ток бір адам болса, ол – Үкілай. Балама қабағын шытпасыншы деп сұраганының бәрін әкеleiп берем. Соңғы кездері Алматыга апарған тауарларымыз да жақсы өтіп жатқан. Шарайна мені өзімен Құлжага алып өтетін болып жүр. Үлкен автобус толған атыпсатар. Құлжадағы ұлken «Ян-лань» көтерме базарына әкеleiп төгіп кетеді. Базары лас, тым жабайы. Құлжаның бұлтын-бұлтың көшелерінің бойы жалғасып жатқан базар. Сан тілде шулаган алушылар мен сатушылардын, аудармашылардын даусынан құлағың тұнады. Қытайдың әйелдерінің дауысы жаман ашы болады екен. Алаяктарға алданып ойбайлап жатқандар, қалтасындағысынан қағылып, байбайлап жатқандар каншама. Алғаш барғанымда аузым ашылып, алданғандарға аянышпен қарап Шарайнадан қалып қоятынмын. Содан кейін құрбым да маган айқайлап сөйлеп, үрсып алдына салып алатын болды. «Сауда сақал сипағанша» дегеннің нағызы орны осы жер екен. Өзіміз де талай алдандық. Қытайға шығардан бұрын тауар өткізген дүкендерді тағы бір аралап шығып, тапсырыс алатындарымыз болатын. Бұрын мата әкелумен ай-

налыспаған едік, бір жолы киім тігетін шеберхананың иесімен танысып қалып, араласа келе, сенім білдіріп, көп тапсырыс алдык. Содан алдымен мата сататын базарға тарттық. Тай-тай матадан көзіміз тұнып, шулған қытайдан басымыз айналып жүріп талсырысты алып, көлікке жеткізіп бергенбіз. Кейін елге келгенде көрдік, сол тай-тай матамыздын орамының түпкі жағына қалған-құтқан маталар мен жұн-макта орап жіберіпті. Тапсырыс берушіміз ренжіп, біз қалтамыздан қағылып, сан соқтық. Одан кейін бұрынғы өзіміз тауар алып жүрген көзтансыс қытайларға бардық. Жанымызды орысша сөйлейтін аудармашы әйел бар. Жиі келіп жүрген соң ба, Шарайнан да нан сұраплыктай қытайша үйреніп қалыпты. Іш киім, көйлек-көншек, аяқ-киім дегендерді қорап-қорап, сөмке-сөмке етіп көлікке тиеп жібердік. Қас қарада енді жататын жерге баратын шыгармыз деп ойладап отырсам. Шарайнам:

- Аяш, біз қазір моншаға жетіп жығылайық, – деді.
- Мейманханада жуынатын жер бар емес пе? – дедім таңырқап.
- Мұнда мейманханалар өте қымбат. Сауда жасауға келген әйелдер күні бойы тірлігін істейді де, кешке қарай орталық моншаға барып тұнейді, – деді.
- Онда жататын жер бола ма?
- Моншаның ішіне бір кірсөн, жуынып, тамағынды ішіп, қарнынды тоғызып, демалатын бөлмесінде таң атқанша жатып шыға аласын. Кірerde төлеген ақшанның ішіне сол қызметтердің бәрі көрсетіледі. Сондыктан бір-екі күнге саудаға келгендер моншаны жағалайды. Біз де бүгін сонда барамыз, – деп жетелей жөнелді. Менде карсыласатындаи не хәл бар, еріп келем.

Монша үш қабатты екен. Ішіне кірген соң ерлер, әйелдер болып екі жакқа бөлінеді. Киімімізді ауыстырган соң, жуындық. Қызығы сол, монша қызметшілерінің өздері жуындырып береді. Бұл қызмет әлі біздің елге келмеген. Жуынып болып, олардың берген шалбар мен кеудешесін киіп, тамактанатын залға оттік. Тамактанатын жер демалыс орны сияқты, қатарлап тізілген үстелдер түрлі тамактан қайысып тұр. Мұнда

ер адамдар да жүр. Олар да біздікіндей шалбар мен кеудеше киініп алыпты. Жеке-жеке үстелдерге жайғасып, тамақтанып отыр. Біз де өзіміз таңдаған асымызды алып қатарласа отырыдык. Екеуміз күні бойғы тіршіліктен сілеміз күрып, шаршаганбыз. Дыбысымыз шықпай, алдымыздығыны соғып жатырмыз. Аштық өзегімізге түсіп кеткендей сөйтесуге шамамыз жок. Демалатын болменге сүйретіле жетіп, ак жаймалы төсекке сұлай кеттік.

— Аяш, тұрайық. Сағат жетіден асыпты, — деп Шарайнаның жұлқылағанынан ояндым. — Біржолата өліп қалыпсың ғой, — деп күледі. Моншадан шыға, такси жалдап, көтерме базарға тағы келдік.

— Бұгін тым кешегідей зорықпай, өзіміз танийтын саудагерлерге ғана барамыз, — деп, мені қуантып қойды. Жол-жонекей Алма Зықрина деген саудамен айналысатын танысының осы базарда алданғандардың жағдайын маган айтып сактандырды:

«Біздін жактан барған өзіміз секілді бір саудагер жарнамаға қойған заттарды жалт-жұлт еткізіп тұратын ұсақ әлектр-ток саймандарын көріп қалмай ма? Сапалы әрі бағасы көнілге конымды деп ойладап, дереу сатып алмақ болады. Дегенмен, дүңгіршекте жарты сөмкедей ғана сайман қалыпты. Бұл мұлдем аз. Сөйтіп, қытай сатушысынан қосымша тауарды сұрамай ма?! Анау болса тауарлар қоймада екенін айтады. Егер шынымен алатын болса, 5 мын долларды алдын ала беруін талап етеді. Эйтпесе, тауар жок дейді. Егер ақшаны берсе, қоймадағы кісілерге телефон шағып, тапсырыс беретінін айтады. Эйтеуір, өзінше арзан тауарға тап болған саудагер қуана-қуана қалта-сындағы 5000 долларды береді.

Сонымен не керек, таңғы 10-да ақшасын берген әйел кешкі 17.00-ге дейін күтеді. Қытай сатушысы «тауар әне келеді, міне келеді» деп отырып алады. Әйел де амалсыз бөгеледі. Тауары еш келмейді. Әйел әбден дінкелейді. Тауары күн батқанда бірақ келеді. Әбден «желімделген» ауыр кораптар. Әйел қуанып кетіп, сатушымен қоштасып, тауарды алып кетеді. Әлгі қытай сатушысы жымын-жымын етіп басын изеп қала береді.

Кейін ойна бірдене сап ете қалған әйел корапты жыртып ашып көрмей ме? Сөйтсе, кораптың ен үстіне өзіне керекті та-

уарды тізіп, астына түрлі коқыстарды котара салыпты. Эйел күйіп кетеді. Бірақ кеш еді. Жалпы, қытай саудагерлері әбден психология болып кеткен гой. Олар клиентті әбден шаршатып барып, керексіз тауарды беріп жібереді. Корапты әбден ашылмастай етіп жапсырып тастайды. Шаршап тұрган адамға тауар келсе болды емес пе?» – дейді.

Осыдан бес жыл бұрын тағы мынадай бір оқиға болыпты. Бірде бір ер азамат Қытайға барады. Сол кісіге оюланып шабылған үстел, орындық секілді жиһаздар ұнап қалады. Сатушымен бағасына келіседі. Ірі көлемде тауар алмақ болады. Бірақ саудегер ондай көлемде тауар сата алмайтынын, керек болса, фабриканың өзіне апара алатынын айтады. Сөйтіп, әлгі саудагер біздің жерлесімізді фабрикаға ертіп барады. Ол фабрика басшыларымен сөйтесіп, белгілі бір сомага келіседі. Егер келіскең соманы берсе, Казакстанға 2 вагон тауар жіберетін болады. Біздің азамат олар сұраған соманы береді. Бәрі зан жүзінде. Келісімшарт түзіледі гой.

Сонымен, біздің саудагер әріптесіміз Қазақстанға қайтып, тауарды күтеді. Расында арада жарты ай өткенде екі вагон тауары келеді. Ол қуанып кетеді. Содан кейін фабрика иелерімен хабарласып, бұдан да ірі көлемде тауар алмақ болады. Фабрика иелері 100 мың долларды алдын ала карточка арқылы жіберуді сұрайды. Сөйтіп, не керек, фабрика басшыларына шын сенген әлгі кісі ақшаны аударып жібереді гой. Ойында ештеңе жоқ. Тафаты таусыла тауарды күтеді. Бірақ, онысы кешіге береді. Сонда да болса, үміті бар. «Мүмкін бір жағдайларға байланысты кешігіп жатқан шығар? Фабрика иелерінің алдауы мүмкін емес» деп алданып жүреді. Қыскасы, айтып-айтпай не керек, ақша да жоқ, тауар да жоқ болған екен. Әлгілер мұны алдап соққан. Осының салдарынан әлгі кісі сорлап қалады. Үйін, жерін, бәрін сатып 100 мың долларын Қытайға беріп жіберген еркек әлі күнге дейін соттасып жүр дейді. Барлық сотта женілген. Қанғырып қалды. Аянышты...».

– Ауылдағылар магнитофон мен видеокамераны жақсы алады. Көршіміздің баласы бір жерден видик тауып әкеліп, өз үйінің залында адам басынан бір сомнан алып, неше түрлі ки-

ноларды көрсетіп пайдаға шаш-етектен батып жатыр, – деген бірде Меймангұл.

– Видеокамераға той-томалактарды түсіріп беріп, пайда тапқандар қашама, – деп Шарайна да қосылды. Бұл ой бізге үнап, біруақ видеокамералар тасыдық. Шынында, он есе бағаға өткізіп журдік. Шарайнаға бір танысы «Видиктерінді сату алдында өздерін көріп тексеріп алыңдар. Көрші ауылдың саудамен айналысатын келіншектері Қытайға барғанда, жатын жері тегін болу үшін сондағы еркектермен түнеп шығып, ертесіне солардан арзан видиктер алып, елге келген соң қымбатқа сатып қуанады. Сейтсе ана қу еркектер түнімен төсектес болып, оны көрінбейтін камерамен түсіріп, видиктің ішіне салып жіберіпті. Сатып алғандар қосып қалса, сатушы әйелдің масқара тірлігі әйгіленіп шыға келіпті. Сондай сүмдыштан сактанындар», – деп ескертіпті. Біз өзіміз жаксы жүргенмен, басқа біреулердің төсек катынасын салып жібермесін деп, алдымен тілін білетіндерден үйреніп, өзіміз тексеріп жүрдік.

Қытайда не көрmedік, «Егер қасында өзін жаксы танитын тілмаш болмаса, онда Қытайда жағдайың қын. Шекара жақта тоғып тұратын тілмаштар қытай базарларымен, сондағы саудагерлермен бірігіп жұмыс істейді. Аңқау саудагерді реті келсе алда жіберуден тайынбайды», – деп, бізді жөн білгіштер қорқытып қойды.

Қанша сақтықпен жүрсек те, бізді бір жолы саудагерлер алдапты. Оны елге келгеннен кейін бір-ак білдік. «Адиdas» деген брендтен көшірілген спорт костюмдердің қеудесі бардың шалбары жок, шалбары бардың қеудесі жоқ болып шықты. Бір қалтага не шалбар, не қеудешесін ғана салыпты. Сонымен біреуін екі есеге алған болып шықтық.

Саудамен айналысқан оңай дейсіз бе?! Ақшамен жүргенінді білсе, андушы көп. Жаркентке келсем, көз алдыма күллі әлем сатушы, сатып алушы, не жалданушы болып кеткендей көрінеді. Мұнда сатушылардың да өзіне сенген адамнан пайда көру пифылы оянып кеткендей. Адам болған соң, күнкөріске байланып, тамақ асырауға тәуелдіміз. Соның жолында әркім әртүрлі қараетке барады екен...

Жаркентте пәтер жалдап жатқан жерімізден рәкет деген бәлелердің көліна да түсіп қалдық. Үшеуміздің сауда жасап жүретінімізді білген үш рәкет сонымызға түсіпті. Оны байқамай пәтерге дейін ертіп келіппіз. Жалдаған үйімізге дейін сонымыздан келіп, аулада қалыпты. Үшеуміз жайғасып, тамактанып отырганда біреуі есікті қақты. Шарайна барып ашса, «Меймангұлте келдік» депті. Бәлекеттер атымызды да біліп алған. Оған сенген Шарайна үш жігітті ертіп келеді. Меймангұл оларды танымайды.

– Сен неге танымай қатың, көрші ауылда тұрган әпкеңнің қайнысымын, – деп коймайды денелі келгені. Меймангұл есіне түсіре алмаса да, дастарханға шақырады. Бізде ортадағы тамактан салып беріп, шай ұсындық. Таныса бастадық.

– Бізде бойқыздырар бар, қыздар, – деп, біреуі койнынан арақ шыгарған.

– Біз арақ ішпейміз, тіршілікпен жүрміз, – деп, Шарайна бас тартқан.

– Сонда біз бе алқаш? Сендермен таныса отырайық деп едік, – деді дауысы қырылдағаны. Маған бұл сөзі ұнамады. Бір бәле шыққалы отырганын ішім сезіп қалды.

– Таныстық. Құдашаларың Меймангұлді көрдініздер, біз ертерек демалайық деп едік, – дедік.

– Не сонда, бізді куып жатырсындар ма? Білеміз гой сендей датынобойшынктерден қалғандарды, – деді бағанағы қырылдақ.

– Нени біледі екенсіндер? – деп Меймангұл сөзге араласты дауысын катылдау шығарып.

– Баха, осылармен резенке созып тұрамыз ба? Кірісейік! – деген манадан үндемей отырган алпамсадайы.

– Дұрыс айтасың, бұлар «көңіл көтергенді» білмейді екен, үйретейік! – деген қырылдақ Шарайнаны бас салған. Меймангұл екеуміз шар ете түстік. «Жібер!» – деп айқайлап жатырмыз. Құшағына қысып тұрып:

– Бұл жолы Қорғаска бармайсың. Барынды маған бересін! – деп, алая қарады пышақ кезеп. Сол кездे мені үндемесі үстай алды. Ушинші шынашактайы Меймангұлте жабысты.

– Қатындар, олейіш демесендер, «наварларынды» ортага тастаңдар! – деп айқайлады. Мені құшактап тұрганы да пышағын екінші қолымен жоғары көтеріп, жалан-жалаң еткізді.

Шарайнаны құшактап тұрғаны:

– «Паханы» сен бе? – деп, тізесімен жамбасынан түйіп жіберді.

– Онбаған! Атана нәлет! – деп бажылдады Шарайна.

– Менің атамда нен бар, шығар көк қағаздарыңды! – деп, тағы түйді де, анау оны жерге алып ұрып қылқындыра бастады.

Меймангұл екеуміз:

– Жібер, өлтіресің! – деп бажылдап жатырмыз.

– Жібер, жексүрін! – деп жүлкіна бастап едік, анау Шарайнаны «бауыздап тастаймын» деп пышақты тамағына тақады.

– Ойбай! Қазір берем, сөмкемді алайын, – деп, Шарайна қырылдап кетті.

Қанішер оны көрсеткен жағына сүйрей жөнелді. Сөмкे тerezенің алдында түр еді. Дірілдеп кеткен құрбым дәу өміянын алып, ішінде барын ана сұмырайға ұстартты. Анау сонда да қоймай Шарайнаны жатын бөлмеге сүйрей жөнелді де, серіктеріне:

– Белдерінді де босатып алындар, сауап болады! – деп айқайлап, есікті тарс жауып алды. Келіншек ойбайлап, бар білген боктығын айтып барады.

Меймангұлді ұстап тұрғаны:

– Сенікі қайда? – деді шашынан қысып тұрып. Меймангұлдін үлкен көздері алақтап, өзі дір-дір етеді.

– Менікі құртемнің ішкі қалтасында, – деп әрен сойледі. Оны шифонердін жанына апарып қалтасындағы ақшасын шығартып, уыстаған күйі өзінің кәстемінің қалтасына сұнгітті де, асхана жаққа мысықша сүйрей жөнелді.

– Мен екіқабатпын, балтаға обал болады! – деп, ол үйғырша бажылдап бара жатты.

Дәү қара мені залдағы диванға алып ұрып, қылқындырып жатқан.

– Сенде не бар, шығар, қане! – деп жаналқымға алып, ақырды. Айуаннын аузынан шықкан лебі қандай сасық еді, жиіркесін локсып жібердім.

– Эй, қатын, үстіме неге түкіресің! – деп теуіп жіберді. Жамбасым онбай ауырды. Жылап жатырмын астында.

– Қайда ақшан? – деп қылқындыра түскен еді, жан керек:

– Шабаданда! – дедім. Пышағын жаландатып желкемде тұрды, мен шабаданымның түбіндегі жатқан ақшамды шығарып, қолына ұстарттым. Жатын бөтmeden Шарайнаның зарлаган дауысы құлағыма келеді. Меймангұл тыныш.

Ақшаны атып өз қалтасына салған хайуан енді менің іш киімімді тартқыладап, шешіндіре бастады. Қарсыласып жатқаныммен әлім келер емес. Өзі де бір аюдай дәү екен. Үстімнен езіп, есімнен тандырыды. Мен де бажылдан, қарғап-сілеп жатырмын.

– Өшір үнінді, заржак! – деп, бір кезде жуан жұдырығымен періп жіберді. Есімнен танып қалғандай болдым. Іш киімімнің дал-даласын шығарып жыртып, лактырып жіберді. Өзі қай уақта шешініп үлгергенін білмеймін, бұты жалаңаш, аяғымды көтеріп жіберіп зорлыққа кірісті. Екі қолыммен жотасынан сабалаудан басқаға шамам келмеді. Бұл табиғат дегенді қойсаңшы, біраздан соң тамырларым босап, өзіме ие бола алмай қалдым. Әмір өмірден өткелі екінші рет еркектің құшағында болуым. Біріншісінде мас едім, калай болғаны есімде жок. Әйтеуір таңертен бөтен еркектің қойында оянғам. Бұл жолы зорлықшыл хайуанның астында есімді біліп жаттым. Өлердей жек көріп жатсам да, сонында дел-сал болып қарсыласа алмай қалдым.

– Не болды? Рахаттанып қалдын ба? – деп ана хайуан бір кезде мырс-мырс құтіп үстімнен тұрды. Қорлықтан жылан жата бердім. Ол секендең жүріп шалбарын киіп, ауын түймеледі.

Екі бөлмедегі құрбыларымда да үн жок. Жатын бөлменің есігін теуіп ашып, Баха дегені шықты.

– Шаруа бітсе, кеттік, – деп гүр ете түсті.

Асханадан қортығы шықты. Үшеуі асығыс сыртқы есікке беттеді. Мен жалан бұт қалпында орнынан атып тұрып кіре берісте жатқан гантельді ала салып бағанағы озімді басқаң пәленің жеткесінен перейін деп үмтүлдып едім, ол да шалт екен, жалт бұрылдып білегімнен ұстай алды да:

– Долданба! Өлтіріп кетпегенімізге рахмет айт! – деп тояттанған арсыз мені итеріп жіберді. Шегініп барып жерге жамбастап отыра кеттім. Гантелім өз аяғыма түсіп, қан қақсатты.

Сыртқы есік ашылып, үш алbastы кара тұнге сініп жоғалды.

Үш шарасыз залдағы диванда отырып жылай бастадық. Мына қорғансыз күйімізді кімге айтып шағынамыз? Табанымыздан тозып жүріп талқан маңдай терімізді сыйырып алғанымен қоймай, арымызды аяққа басып, қорлап кетті. Үш мұсәпірдің зарын кім тыңдайды? Жоғын кім жоктайды? Сілеміз қатқанша қарғап-сілеп жылап алып:

– Енді бұларды кімге айтсақ екен?
– Міліса шақырсақ қайтеді?
– Ақшамызды тартып алды, зорлады, соққыға жықты де-йік, – деп бір ойладық.

– Біздің елде рәкетке ешкім карсы келе алмайды.
– Міліса өзімізді кінәлайды.

– Зорлады дегенге ел күлмей ме? – деп тағы шарасыздандық.

«Қатын ашуланса, қазан қайнатады» дегендей, тұннің ортасында шұжық араластырып жұмыртқа қуырып, қайтадаң дастархан жайып шай ішіп, сабырга келдік.

– Мен ақшамды бірнеше бөліп ұстайтынмын. Соным жақсы болыпты, бағанағы онбаганға тенге салған әмияндағыны бердім, – деді Шарайна.

– Мен күртемдегі барды бердім, жолға алғаным дәу сөмкемде болатын, – деді Мейман.

– Мен нағыз ақымак екем, шабаданға салған барымды бердім гой, – деп жылап жібердім мен.

– Кой, құрысын, садақа! Сол бастарына бәле болып жабыссын! Жылама! – деп мені жұбатты екеуі.

– Ен қорлығы, зорлаганы болды гой. Ауылға барғанда бағымның бетіне қалай қараймын, хайуанның астынан шыбып, – деп енді Шарайна жылады. Ол балалары үшін күйеуінен қайта қосылған болатын.

– Маган кездескеніне «екіқабатпын, балама обал» деп едім, сенді. «Тыныш отыр, аналар шаруасын бітірсін» деп мені үстап отырды, – деп Меймангұл құлығын асырганына қуанды.

– Маган да ойына келгенін істеді, хайуан, – деп жылтай бастап едім, Шарайна:

– Қой, саған еркексіреп жүргенде сауап болды, – деп күлді.

– Кетші-ей, қайдағыны сандалтмай, – деп мен де күліп жібердім.

Табиғат заңы әлсізді әлді талтайтынын мойындап, ертесіне кәкір-шүкірімізді жинап, жолға шықтық.

Шарайна айтқандай, қандай сауап болғанын қайдам, екі айдан кейін мен екіқабат болып қалғанымды бір-ақ білдім. Баяғыда Әмір «Саған жолап кетсөң болды, бала табасың», – деп Шынарыма аягым ауыр кезінде ұрсып еді, сол айтпақшы, зорлап кеткен хайуаннан көтеріп қалып, сорым қайнады. «Масқара болдым-ау! Енді қайттім! Сауда жасаймын деп, әркіммен жүріп туып қалды атанатын болдым-ау!» деп зарлап Шарайнаға келдім. Ол ал кеп күлсін, жыныма тиіп. «Сонда айттым гой, сауабынды алды деп», – дейді ішегі түйіліп.

– Енді қайттім, бұл пәледен қалай құтылам? – дей берем зар илеп. Аза бойым қаза болып өз-өзімнен шошынам.

– Ағаң да, женген де доғдыр гой, соларға айтып, алдырмайсын ба, – дейді Шарайна.

– Ойбай! Женгем естісе табалар. Одан да сен менің ішіме тепкіле, түсіп қалсын, – дедім. Ол шынымен мені жатқызып, кіндік тұсымнан тепкіледі. Қуні бойы күттім ауыра ма деп. Былқ етпеді жабысып қалған пәле.

– Ыстық суға марганцовка мен йод қосып отыр. Содан түседі деп естігем, – деп, кіршіге ыстық суға отырғызды. Судан шыққан соң бойым балбырап үйыктап кетіппін. Таңертең түк болмағандай рахаттанып ояндым. Былқ етпеді тағы да.

– Құдық жактағы ыстық арасаннан бала түсіп қалады дейтін, – деп күйеуінің көлігімен жетпіс шакырымдағы ыстық арасанға да апарып салды. Үш күн күттім. Былқ етпеді.

– Мынауың әкесі сияқты бір пәлекет кой, алдырмасан болмас, – деді ақыры менен шаршаган Шарайнам.

– «Баласы түсіп қалады, байқандар» деп екіқабат әйелдерді аяш жатушы еді, мына пәле негып жабысып қалғанын, – деп жылап журмін. Тәбетім деген сүмдик, жерік түрмак, түк те жоқ, тас шайнасам сініп кететіндей.

– Аксудың ауруханасы үлкен ғой, соган барайық, месің бір сінілім сонда медбике, алдыраттың бір жол тауып берер, – дед, енді мені Шарайна күйеуінің көлігіне салып алыш, елу шақырым жердегі ауруханага сүйреді. Осы жүрісімізді ешкім сезіп қоймады ма еken деп өзім корқып жүрмін. Келе әлгі сінілісі бір ақушерді тауып, ол мені бір гинекологке каратты.

– Он екі алтадан асып қалыпты, алдымен бір дәрі егіп көрейік, содан таң атқанша түсік болып қалар, – деп, гинеколог медбикеге тапсырма берді. Екпені алыш, Шарайнаның сінлісінің үйіне келдік.

– Тұнде бір белгі болып қалар, – деп маған төсекті онаша салып берді. «Ине екті ғой, түссе түсіп қалар», – деп мен есекдәмемен жатып, қатып ұйықтап қалыптын. Таңертең тұрсам сап-сау, аттаймын. Үміттенген Шарайна:

– Аяш, бір жерің ауырып тұрған жоқ па? – деп қояды.

– Бұл менің басымды жұтатын шығар! – деп күйіндім.

– Қой, қайдағыны айтпай... – Осыны түсірем деп жүріп өліп, Сұнқарымды сорлатпасам болар еді, – деп жылап жібердім. Құрбым да шынымен корқайын деді.

– Құрсын, таба салшы, – деді, аш пәледен қаш пәле дегендай.

Құтыла алмайтын болған сон кешегі гинекологке тағы келдік. «Мен мына баланы табатын болдым» десем, ол ан-таң болып:

– Болмайды, кешегі өте құшті дәрі болатын, бала кемтар болып қалуы мүмкін, – деді. «Кемтар» деген сөзді естігенде полигонның зардабынан кор болған Шынарым есіме түсіп, оның құбыжық түрі көз алдыма келіп:

– Дәрігер, құлың болайын, мына пәленің көзін күртшы! – деп жалтындым. Енгезердей доғдыр қатын да бір жынды екен:

– Бала таппайтының бар, ана жерінді қысып жүрмейсің бе, жәлеп! – дегені. Мен жылап күшеткада жатырмын. Таныс дәрігер болған сон, Шарайнаны да ішке кіргізген еді, мына дәрекі сөзге ол шыдамай:

– Сіз не деп тұрсыз? Біз осылай болайық деп жүрміз бе! Мына аумалты-төкпелі заманда күнкөрістің қамымен қаңғып

жүріп, рэкеттер зорлап кетті. Бұл – күйеуі жастай өлген әйел. Біздің де сіз сиякты әппак киім киіп, аузымызға келгенді айтып жүргіміз келеді. Тұр, Аяулым! – деп айқай салды. – Бұл пәлден күтқарап біреу табылар!

Мен үстіме жауып қойған ақ жайманы итеріп тастап тұрғалы жатыр едім, гинеколог қолымнан үстай алды:

– Сіңілім, ксішір! Өзім операциямен болса да алып беремін, – деді. Ұяты оянды ма, аяушылығы оянды ма, жок, Шарайнаның өзінен өткен шайпау мінезінен сескенді ме?!

Сонымен қойшы, үлкен дау-дамаймен жүріп ішімдегі пәлден құтылдым. Құтылғаным бар болсын, жүзімде қан-сөл жок, сүйретіліп үйге келдім. Апам көріп шошып кетті. Әрең амандастып ілбі басып жогарыға көтерілгенде, сонымнан еріп келді. Апама бірдене айтуға, әкемнің жүзіне қарауга бет жок. Құдай қарасқанда, балам сабакта екен. Сүйретіліп төсегіме жете құладым. Апам да ілесе кіріп, есікті жауып үлгерді. Біздің апамның білмейтіні бит астындағой, шіркін! Одан ештеңе жасыру мүмкін емес. Оқымаған ізші гой!

– Эй, албасты! Бұзау тастаган сиырдай болып сүйретілген мына жүрісін не! «Көп жортқан тұлқі терісін алдырады» деуші еді үлкендер, айлап-жылдан үйге тұрмай қанғып кетіп едін, – деп бастады тергеуін.

– Апа, қойынышы! Қанғысам күнкөріс үшін жүрмін...

– Сен құсап Қытай аспай-ақ жүр гой жүрт күнін көріп. Бес жыл оқыткан окудан бес тының жемей, катырма қағазы жайына қалды, – деп келе жатыр еді:

– Мұгалімдікке алмаса қайтем? Үйде жатсам сендерге жақпаймын, – деп карсы шаптым, өздерін кінәлап. Жылдар бойы жинақталып, кеудемде кордаланып қалған ашымның тығыны атылып кеткендей болды. Анама менің дауыс көтергенім ұнамады:

– Сен сиякты ана Зухра қосымша сабак беріп, үйінде-ақ ақша тауып, үш баласы мен байын бағып отыры. Сені отыргызбасың отыргызбай жатыр гой! Еркек керек болса неге байға тимейсің? – деп айқайтайды бастады.

Адам ашынғанда анасына да қарсы сөйлейді екен. Апамның істін мән-жайын білмей, мені жазықсыз осынша жазғырғаны жаңыма батты.

– Сіз не білесіз? Алатын бай болса тиер едім, баламен мені кім алады? – деп қояр емеспін. Ары карай қатты кетпеу үшін, іргеге бұрылып, көрпемді басыма жауып алдым. Соным дұрыс болыпты, менімен ұрсысып береке таппасын білген апам тыптырай басып шығып кетті. Есікті тарс еткізіп сілкіп жапты, сонымен қатты ашулы екенін тағы сездірді.

Апам кеткен соң көрпемді ысырып, бетімді аштым. Жылайын десем, көзімде жас жок. Мейірімсіз, катыгез омірге деңген өкпем тас болып қатып қалғандай. Жатып алып, алда «қалай өмір сүрсем екен» деген ойға баттым. «Жинаған азғантай каржыма осы кішкентай қаланың шетінен болса да бір құжыра сатып алайын. Ұлым екеуміз өз бетімізше өмір сүреійік. Қашанғы жалызы ұлымды әркімге көзтүрткі ете берейін. Енді сандалып сауда жасағанды тоқтатайын. Апам айтпақшы, Зухра сияқты балаларға қосымша сабақ берсем де күн көреміз гой» деген шештім. Ақша күннен-күнгे құнсызданып бара жатқан ауыр кез еді, қанша қиналсам да өз көшімді өзім түзеуге күш салмак болдым. Байламымды алдымен онашада ағама айтқам.

Ол:

– Аяш, қиналтып қаласындар гой, – деп құмілжіді. Женгеме жалтақтағыш бауырым мені қалай қорғасын, «Бізбен тұра бер, баламен қайда барасын?» деге батылы жетпеді, әлде осындай бір күнді іштей күтіп жүр ме еді?

– Сендерге де масыл болғымыз келмейді, онсыз да қарт ата-анамызды бағып отырсындар. Ендігі жақсылығыңыз сол болсын, маған баспанға тауып алуға көмектесініз, – деп өтініш айттым.

Бауырымыз екеуміз мен үй тауып алғанша ата-анамызға тіс жармайтын болып келістік. Мақсатымды ұлымға ақырын айтып кояйын десем, еш реті келмелі. Бір жамандықтың сонында бір жақсылығы бар дегендей, бізге де бір жақсылықтың таңы атар деген үмітпен, ертесінен бастап үй іздеуге кірістім.

Коштасқан жерден табысу

Бір күні көшеме-көше сандалып баспана іздеп, түк шықпаған соң салым суға кетіп үйге келсем, кіреберісте еркектің керемет қымбат аяқ киімі тұр. Әшейінде ештецені байқамайтын басым осы туфлиге бірден көзім тұсті. «Агама қонақ келді ме?» – деп ойлап ішке кіретін есікті ашып қалып едім, үйді кесиңген домбыра үні келді құлағыма. Жүрегім әлдебір жақсылықтан хабар алғандай алып-ұшып, дүрсілдей жөнелді. Асығып қонақ бөлмеге ұмтылдым. Айқарма есікті ашып қалып едім, өз көзіме өзім сенбедім...

Төр алдында орындықта аяғын айқастырып қойып, домбырасын алдына өнгерген Мәлс күй тартып отыр. Көкем әдеттегідей диванда жатыр. Апам аяқ жағында. Ағам жұмыста ма, үйде жоқ. Үкілай кішкентайын бауырына қысып, катып қапты. Балалардың үшеуі бойына қарай кілем үстіне жайғасып күйшінін, домбыра сағағымен жорғалаған саусактарын бағып отыр. Абай атам айтқандай, «құлактан кіріп бойды алған тәтті күй» бәрін билеп алған. Мениң келгеніме ешқайсысы елең етпеді де, күйге үйыған қалыптарынан қозғалмады. Күйші ғана маған ерекше отты жанарымен жарқ етіп бір карады. Бірақ күйді тоқтатпады. Мен бас изеп қана амандастым да, үнсіз апамның жанына барып жайғастым.

Күй жан дүниемді елжіретіп барады. Бәрінен бұрын көз алдында күйді күмбірлетең менің алғашқы махаббатым Мәлсім отыр еді. Көзін жұмып, басын бұлғаңдатқан сайын шашы қабағына түсіп желпілдейді. Саусактары перне үстімен жорғалаған сайын бойымды ғажайып тәтті күй билеп барады. Мәлс отырган орындықтың артындағы қабыргада қос балдак сүйеулі тұр. Әкем Секеннің «Көніл толқынын» тарт деп колқа салған екен. Күй біткенде диванның арқалығына бойын тіктеп алып маған:

– Міне, Аяш та келді, – деді. Ата-апамның алдын кесіп, Мәлспен қол алысып амандасуға ұялышп отырган едім, мына созі қамшы болып, орнымнан тұрып Мәлстін алдына барып:

– Сәлеметсін бе, – деп именшектеп он қолымды ұсыпдым. Ол ұсынған қолымды орнынан тұрып алды.

– Мәлсжан, Аяш қазір бізben осында тұрып жатыр. Сұнкардың әкесі өмірден жастай өтті, шырағым, жақсы бала еді, – деді әкем.

– Иманды болсын! Апамдардан естіп едім, – деп, Мәлс жүзіме осы жолы тура қарады. Қозіне көзім түсті. Денем дір еткен. Бөлмедегілердің бәрі екеумізді бағып қалғандай, ұттан өртеніп, бағанағы орныма қайта отырдым. «Қекесі мен аласы айтқан екен гой. Біздін үйге келгенін әйелі білсе қызғанатын шығар. Әлкетері біздің бала махаббатымыз жайты жеткізбеді деймісің» деп қыста сыртынан көрген екі баласы бар жас келіншегінен іштей қызғанып отырмын. Ол ешкім ұсыныс жасамай-ақ, атауын да жарияладамай «Ерке сылқымды» маған арнап тогілдірс жошелді. Күй өуені екеуіміздің бірге өткізген шактарымызды еске салғандай.

Бәрі, бәрі есімде....

Бәрі, бәрі көз алдыма келіп жатыр... Жаным бір әдемі киялға бөленуде. Олардың кітапханаларында кино көріп, таласа кітап оқып, ән салып, күй тартатынымыз... «Осы күйді мен саған арнап тартамын. Күй өуенінде сенің бейнең келеді көз алдыма», – дейтін. Мәлске тура қарайын десем, батылым бармайды. Апамның ығында тығызынқырап отырмын. Ол да маған қарауға бата алмай ма, басын салбыратып, саусақтары өз еркімен ойнап, күймен болмені тербетіп жатыр. Апам Мәлске қадала қарап, көкем көзін жұмып тенселіп, кішкентай екеудымын шығармай, Сұнкардың аузы ашылып, катып қалыпты. Үкілайдың аяғында жастықта тербелген кішкентайымыз үй-ықтап кетіпті. Женгем де жанарын терезеден сыртка тастап, әлдебір ой үстінде.

Шіркін, өнердің құдіреті! Ағаш домбыра мен он саусақ бәрімізді табындырып отыр. Өнердің қасиеті-ау, Мәлстін кемтар аяғын да ұмыттырып, бәрімізден биік те қадірлі етіп көрсетіп отыр. Біз әр дыбыстық қалт жібермей, жабысып тындаймыз. Қөніліміз қокте ұшып жүргендей. Домбыраның құдіретті үні санамызды шырмап алғандай.

Күй біткен кезде ғана «үй!» деп еркін тыныс алғандай болдык.

– Көп жаса, жарыгым! Құлагымыздың құрышын бір қандырдың бүгін, – деп әкем ризашытығын білдірді.

– Құдай тілеуінді берсін, – деп оған анам қосылды.

– Аға, апа, рахмет, рұқсат етсеніздер, мен қайтайын, – деді Мәлс домбырасын іргеге сүйеп. Ол орындықтың шетінен ұстай көтеріліп, балдағына қолын созды. Сұнкар атып тұрып балдаққа қосарлана жармасты. Бәрімізді риза етіп, Мәлс есіктен шығып бара жатты. Сұнкар алдына түсіп атып, аяқ киімін тосты. Балдағына сүйеніп тұрып туфлиін тез кие қойған Мәлс босаға сүйеніп шығарып салып тұрган маған:

– Аяш, ұлың тәрбиелі екен, – деп, жымып қойды. Ішіндегі ауыр бір шерді шығарғандай терен күрсінді.

– Рахмет, енді Алматыға қайтасың ба? – деп сұрадым, бұдан кейін хабар ата алмай қалам ба деген коркыныштан.

– Әзірге осы жакта болам, саған айтып кетем ғой, кетсем де, – деп ерекше бір жылдықпен қаралы да, сыртқы есікке беттеді. Сұнкар ілесе шықты. Неге екенін, кіреберісте қалған менін жанарыма жас үйірліп, тамағыма өксік тығылды.

Баламнан: «Мәлс ағанды атан шақыртты ма?» деп сұраған едім, ол: «Өзі келді. Сізді сұрады. Апам женешеме шай қойғызыды. Атам күй тартып берші деді» деп бәрін жеткізді. «Саған айтып кетем ғой, кетсем де» дегені құлагымнан, жанарынан жан сәулесі төгіле қарап тұрганы көз алдынан кетпей, тұн үйқым торт бөлініп шықтым. Тан алдында түс көрдім:

...Мәлсті мүгедек арбасына салып атып, ауылда жүрмін. Біздің ауыл Хантәнірінің етегінде ғой. Шынға сүйенген бірнеше құзар шоқылар бар. Шоқылардың етегінде сансыз жоталар бар. Сол жоталардың біріне шығарып етектегі ауылды көрсеткім келіп итеріп шығарып барам. Ол қолына екі көгілдір жалауша атып жөтбіретіп келеді. Куаныштан жүзі бал-бұл жанып, артына бұрылып, ақ тер, көк тер болып, арба итеріп келе жатқан маған қарап кояды. Жотаның үстіне шықтық-ау! Сол жерде бір ескерткіш бар екен. Соғыс ардагерлеріне арналған ба деймін. Соған жеткенде Мәлс өз бетімен арбадан тұрды да, қал-

таңдал жүріп барып, кос жатаушасын ескерткіштің екі жағына қадады. Көгілдір жалаушалар қанат секілді желбірейді. Мәлс мені жаңына шақырып, екеуміз кол ұстасып, етектегі ауылга қарап тұрмыз. Ауылда бір той болып жатыр екен. Етсکте көп үйлер тігілпіті. Ат жарысының шаңын көріп тұрмыз...

Осылай өзім түсінбейтін түс көрдім. Жарытып жори алмадым өздігімнен. Бөлісетін де маңайымда ешкім болмады.

Түске қарай дәліздегі телефонның тұсынан өтіп бара жатыр едім, шырылдан қоя берді. Құлағыма тоссан:

– Сәлеметсіз бе, Аяулымды бола ма?! – дейді баяғы бойжеткен күнімдегідей мені іздең жігіттің дауысы. Жазбай таныдым, Мәлс! Жүргім аузыма тығылды.

– Мен ғой, – дедім, толқығаннан үнім сәл дірілдеп шықты.

– Аяш, бұл мен, Мәлс қой, – деді асыға, дәл бір мен тұтқаны қоя салардай.

– Бірден таныдым, – дедім, бәлсінбей-ақ қояйын деп.

– Бір жерге шығып сөйлесіп қайтайықшы.

– Сөйлесетін не бар, біздер жолымыз бөлінген жандармыз.

– Әлі де кеш емес, ақылдастып шешелік.

– Сенің үйіндегілерден ұят болар, тағы да Мәлсті айналдырып жур дер.

– Қайдагыны айтқаның не? – дегенде, үнінен катқыл зіл білінді.

– Мен жесір әйелмін! Сен отбасылы еркексің!

– Не деп кеттің? Көп сөзді қой, сағат жетіде есік алдына шық, атып кетем, – деп, ерек құсап бұйыра сөйледі. Қарсы сөз айтып береке таппасымды ойлап келісін:

– Жарайды, – дедім. «Басқа білгім келіп, ішімді тесіп бара жатқанды сонда сұрап алармын» дегем ішімнен.

Кешті батырып, сағатты жетіге жылжыта алсамшы. Құні бойы үйдің ішінде күйбендеумен жүрдім. Көнілім тыныштық тауып отыра алмадым. Күткенде уақыттың өтпейтінін-ай. Бойжеткен қыздай болып жүргім алып-ұшып, киетін көйлегімді таңдал әуреге түстім. Арасында перденің қалқасынан көршінің ауласына әлсін-әлсін көз салып қоям. Тып-тыныш. Ешкімнің не кіргенін, не шыққанын байқамадым. Мен алаконіл болып

жүргенде, ұлым келді. Оның тамағын беріп, мектептегі жағда-
йын сұрап, біраз уақыт өткізді.

Уақыт тіпті өтпеген соң баламмен сабак қарған болып жа-
нына отырып едім, ол қуаныш әңгіме айта бастады.

— Апа, мен домбыраны Мэлс аға сияқты тартсам ғой, — деді
көзі жанып.

— Үйірменнен қалма, сен де тартасың. Мэлс аған арнайы мұ-
зыкалық білім алмаған, сен оқыған мектепте оқып-үйренген, —
деп, баламды ынталандырып қойдым.

Сағат тілі кешкі жетіге жақындағанда үлкен үйдің алтын
қақпасы айқара ашылып, ішінен сұліктей қара машина сырғып
шықты. Ілгері жүріп барып, қайта бұрылып біздің қақпаның
алдына келіп тоқтады.

Мен өз бөлмемде сонғы рет айна алдында шашымды қайта
тарап, жұқатап опа-далабымды жағып, сүрмемді сүрдім. Құні
бойы «мені қашан киесін» деп күткен көкшіл жібек көйлегімді
кидім. Жақсы көретін осы кейін үстіме ілмеппін. Соны кие қоятындаі себеп
те болмапты. Содан бергі өмірім кілең сүркілмен өтіп келеді.
Арықтағаным сондай, көйлегімнің иығы түсіп, жеңі ұзарып,
етегі созылып кеткендей көрінді. Сонда да белдігін қынай бай-
лап киіп шықтым.

Томенігс түсіп сдім, қонак бөлмеде әке-шешем теледиңдар ка-
рап отыр екен. Жандарына келіп:

— Апа, мен дос келіншектермен «гәпте» кездесетін едім, —
дедім.

— Көп болды негып байланып қалды деп едім-ау, кімдермен
«гәп ойнап» жүрсін? — деп, апам әдеттегісіндей тергей жөнелді.
Мен біреулердің атын айтсам танитындаі. Аудан орталығын-
дағы қала кішкентай дегенімен отыз мындаі халқы бар. Қай-
сыбірін танысын. «Гәп ойнау» деп отырғаны — он шакты әйел
бірігіп ақша қосып, әр айда біреуіне береді. Соның құрметіне
дастархан жасап, әңгіме айтып, шер тарқатысатын отырыс-
тары. Оны бір жерде «черный касса», енді бір жерде «алтын
сандақ» деп атайды. Бұл баяғы біздің әжелеріміз бен анала-
рымыздың «бастанғы» деген басқосуына да келеді. «Гәптен»

жиналған ақшага әйел көнілі кетіп жүрген не үйіне жиһаз, не жақсы киім, не тұрмыстық техника сатып алады. Сөйтіп басын құрамаса, азғантай айлығы шайлығынан артылмаған соң қатындардың ойлап тапқан құлығы ғой. «Гәпті» тұрмысы орташа не төмен әйелдер ойнайды. Ал жағдайлы отбасының әйелдері бізге қосылмайды. Олар керегін ешкімге кіріптар болмай-ақ сатып алады. Мен «гәпті» саудада жүргенде тауар өткізетін дүкендердегі сатушылармен ойнайтынмын. Қазір ешкіммен арасып жүрген жоқпын.

– Барсын да, баланы байлап отырасың ба? – деп әкем ара-ласты.

Аузы батыр болғанымен, апамның бір қасиеті әкеме қарап шапылдамайды, ері сойлегенде, үндемей қалады. Әкемді арка-ланып, бөлмеден зып бердім. Ең негізгісі, ескерттім ғой...

Желеңімді үстіме іліп, аулаға шықтым. Бірден жетіп бар-майын деп, есіктің алдындағы сәкіде біраз отырдым. «Он жыл күтті ғой, тағы он минут күте тұрысын» деп, өзімді алдандырып коям. Сөуірдің ызғары бар екен, денем тітіркенді. Топыла-йымның табаны жұқа еді, өтіп барады. Суық тобығымнан ұрып, балтырым құсеттеніп кетті. Ары қарай отыра алмасым-ды біліп, қакпаға жақындалдым. Санылаудан сыртқа көз салсам, Мәлс көлікке сүйеніп тұр! Балдақсыз! Таңырқағаннан қакпа-дан атып шығыппын.

– Аяш, – деді Мәлс. Бірак маған ұмтылмады. Өзім жанына жетіп барып, бір қадам қалғанда тоқтап қалдым да:

– Мәлс! – дедім.

– Мен саған жақындаі алмаймын ғой. Бірденеге сүйенбесем болмайды, – деп қолын созды. Сонда түсіндім, бір нәрсеге сү-йенсе өзі жүріп-тұрады. Балдақты сол үшін ұстайды. Бағы мү-гедек арбасына таңылғандағысынан шүкіршілік кой. Жақын-дал қолынан ұстадым. Денеме тоқ өткендей болды. Салалы саусактарымен қолымды қыса ұстады. Қолының ыстығын-ай!

Менімен амандастып жүрген ер адамдардың қолындаі емес, тап-таза, жұмсақ. Жақын тұрғандықтан мұрныма ерекше бір жұпар иіс келді. Бұл хош иіс Мәлстін бойынан анқып тұрды.

Өте кымбат француз өтірі екені белгілі. Мен ондай ғажайыптардың атауын да біле бермеймін гой.

– Өкінішке орай, канша құрметтесем де, саған есік ашып бере алмаймын, Аяш. Арғы жағынан айналып келіп, жаныма жайғас, – деді.

Өзі алдыңғы есікті ашып, еңкейіп ішке енді. Бұрын көліктің жүргізушиң болатын. Енді өзі айдайтын болыпты. Негізі Мәлс қайсар жігіт қой! Жарымжандығына қарамай замандастарынан қалыспай келеді. Бес жыл арбага таңытып, содан өз аяғына тұрғанының өзі ерлік қой. Жанында отырып сүйсініп қоям.

– Қайда барамыз деме, ең соңғы рет қоштасқан жерге апарам, – деді. Содан үндеңей отырмын.

Кала шағын емес пе, бір демде баяғы Шарайна үшеуміз соңғы рет кездесетін, калашықтың ортасындағы ең тәуір деген «Мереке» ресторанына келдік. Атауы «Наурыз» болып өзгеріпті. Көлікті тұракқа қойып, катарласып ішке ендік. Бізді көргеннен алыстан даяшы жүгіріп келді. Сырт киімімізді алып, өзімізді төрге бастады. Онаша бір бөлмеге енгізіп, есікті жапты.

Мәлс сол кездегідей үстелді қайыстырып тапсырыс беріпти. Дастанханның ортасына әдемі құтыға бір құшақ роза гүлін қойдырыпты. Хош иісі жанынды жадыратады.

– Бұғын уақытты кері айналдырып, өмірімізді дәл қоштасқан сәттен ары қарай жалғастырамыз. Біз осы жерде қоштасқанбыз, енді сол жерде табысамыз. Содан бері талай су акты. Заман да өзгерді, дәуір алмасты. Ел Тәуелсіздік алды! Тіпті мейрамхананың атауы да өзгеріпті. Біз де өзгердік. Адасқанның айыбы жок, қайта үйірін тапқан соң деген бабаларымыз. Сен үйіріңе қайтып келдін. Мен сені осы жерде шығарып салғанмын, енді осы жерде қайта тауып отырмын. Біздің болашағымыз үшін, – деп алғашқы тосты Мәлс өзі бастады.

Екеуміз бір-бірімізге жанарымыздан шуақ шаша жымыып карап, қызыл шарап құйылған бокалдарымызды түйістіріп, шетіне ернімізді тигізіп азғантай ұрттадық. Ол көлік жүргізеді, сондықтан ішпейтін шығар. Негізінде ішімдікке онша әуестігім жок мен оның айтқан сөздерінен есім шығып, қыздай майысып қалдым. Екеуміз де тек рәсімін жасап отырғандаймыз.

Мәлс деген сөйлегенде майын тамызатын, қандай ой айтса да иландыратын бұрыннан шешендігі бар жігіт. Шарасы үлкен, қалп-қара көздерінде қуаныштың сөулесі көрініп, қалың қара шашы маңдайына қайта-қайта түсіп, бүгін өзі ерекше көркем болып отыр. Үстел басында отырған отырысына қарасаң коз тоятын, сөйлесе келе жан дүниенде ігеріп алатын ғажайып жігіт.

Даяшылар әлдебір тағамдарды алғып келеді, одан екеуміз де ауыз тиэміз де қоямыз, ішпей-жемей маспыз. Бір-бірімізсіз өткен он жылды қалай өткергенімізді еске түсіріп отырдық. Мәлс университеттегі оқуын оқумен катар, үзбей емделген де екен. Әкесінің ойға-қырға сүйреген еңбегі еш кетпей, мүгедек арбасынан шығып, қос балдаққа сүйенсе де, өзі отырып-тұратын халге жетіпті. Қолына дипломын алған соң Алматыда қалған екен. Сондагы аудандық сотта хатшылықтаған бастап, тәжірибе жинақтай келе қызметі де өссе берген. Бүгінде биыл жаңадан ашылған Наурыз ауданына сот болып сайланыпты. Ауылға сирек келетін көрінеді. Мен туралы қанша білгісі келсе де, жөн сұрайтын ешкім болмапты. Көктемде келгенінде ойда жоқта әке-шешесі мен жайында әңгіме қозғап, «куйеуі қайтыс болып, баласымен қайтып келді, қазір сауда жасап жүр» депті. «Содан менен үйқы кетті. Сені бір көру арман болды. Демалысымды пайдаланып келгеніммен сені есік алдынан көре алмадым, басым салбырап кері кеттім. Бір айдан соң тағы оралдым, құні бойы какпаларынды андыдым. Тағы кездеспей қалам ба деп қорқып, бел шешіп көкене амандасуды сылтаяу етіп үйлеріне кіріп бардым. Сен тағы жоқсың. Күй тартып отырып, «қайда кетсе де кетпеймін күтем» деп тістеніп отырганда сен кіріп келдің» дейді. Байқағаным, сырласып отырып көп күлмейміз, қайта айта түскен сайын терендең, өміріміздің іірімдеріне түсіп бара жатқандаймыз. Мен де осы мейрамханадан шыққанымнан бастап өткен өміріме шолу жасап бердім. Соңғы жылдары саудамен айналысып, таңдал алған мамандығымнан алшақтап, қарайынқырап қалғаным болмаса, Карапылда мектеп директорының орынбасары, Семейде музей қызметкери болғаным бар, сөйлеуге жақсы төселе-

гем. Осы жолты Мәлстен қалыспай актарылғаным сондай, ол алақандарымды ұсында ұстап отырып:

– Жаным-ай, көрмегенің қалмапты гой, тағдырың шыгар. «Тағдырым» еken деп қол қусырып, не жылап отыра беруге болмайды. Сені сол тартқан таксыретінің бәрін женетін жолға бастаймын. Маған күйеуге шық, – деді. Күтпеген жерден Мәлс мені таңғалдырыды. Ұзак жылғы үзілістен кейінгі алғашкы жұздесуде бірден жүргегін ұсынып, келешегін тапсырады деп ойла-маппын. Аяқ астынан жасатған ұсынысқа не айтарымды біл-мей:

– Сенің өйелің, балаларың бар емес пе? – деппін.

– Қандай әйел? Қайдагы бала? – деп, жанарынан от шашырай қарады. Мына сөзім намысына тиді ме еken. Тілті ашула-нып кеткендей көрінді.

– Қыста аулада бала арбасын сүйреп жүргенінді көргемін. Содан соң үйден нәресте көтерген келіншек шығып, екеуін көлікке мініп кеткенсіндер, – дедім, көнілімнен кетпей қойған сәтті анықтап алғым келіп.

– Ол қарындастым Анжела гой! Екі баталы болды. Кішісін осында босанып, қырқынан шығарғанша апам бағысты. Қүйеүі Кореяда елшілікте істейді. Күн жылығанда отбасын алып кетті, – деді. Мен үялып қалдым. Бірақ ішімнен оның әлі үй-ленбей жүргені көніліме қуаныш сыйлады. Ол да менін қабагымды бағып отырса керек:

– Шыныңды айтшы, қызғандың ба? – деп қулана қарап, елжірей күлімсіреді. Мен қашанға сезімімді жасыра берем, осы жолы шынымды айтайыншы деп:

– Иә, – деп жымидым. Ол шаттанып, қарқылдай құлді бая-ғы бала кезіміздегідей. Содан кейін денесін тіктеп ұстап:

– Сені күйеуге тиіп кетті деген соң, жүргімде ауыр мұн пайда болып, жылдар бойы сейілмеді. Жақындарым бірнеше рет үйлендіргісі келіп, маған қыз таныстырумен болған. Бірақ ешқайсы дәл сендей жүргімді жаулав алмады. Көбі менің денсаулығымды біле тұра, күйеуге шыккылары келеді, есіл-дерт-тері өз пайдасын табу екені білініп тұратын, – деп құлді. Аз-кем үнсіздікten соң, әнгімесін қайта жалғастырып:

— Мен сені іздедім! Сен мені сонау бала кезімдіс, мүгедек арбасына танылып отырганымда қалай бармын, солай қабылдан, әрдайым жанымда болып, үлкен өмірге бағыт алғанымда қанаттандырып жүрдін. Мені дәл сендей ешкім түсінбейді, — деп ақтарылды.

Оны тыңдал отырып, тамағыма өксік тығылды. Бұл не, аяныш па?! Әлде алғапқы махаббатыммен қайта табысадың қуанышы ма?! Кірпігімді қағып қалып едім, көз жасым мөлт ете түсті. Мәлс менің қолымнан сүйіп:

— Енді жылама, сені ешқашан жылаттаймын. Ұлың да маган ұнады, өте ақылды бала екен. Маган күйеуге шық! Ушеуміз бірге болайық! Менің Алматыда пәтерім бар, Сұнкарды сонда оқытамыз. Сен де өз мамандығыңмен қызметке тұрасын, — деп басыма аспаннан нұр жаудырып жатыр.

— Рахмет, Мәлс! Сенің ұсынысынды қалай қабылдаймын, мен балалы әйелмін. Қөрмеген пәлем, тартпаган азабым жок. Сенің тұнық өміріңе өзімнің ойран-топан өмірімді араластырып, тыныштығыңды бұзғым келмейді. Жақсы бастап алып әсірекзыл тез оңар болып, түсініспей жатсак, Сұнкарға да обал, көнілі қалады гой. Әпкелерің қалай қабылдайды? Олар мені қыз кезімде менсінбейтін, енді баламен тіпті жек көретін шыгар, — деп, жүрек түпкірімдегі шынайы корқынышымды жеткіздім.

— Бар мәселе әпкелерімде болса, корықпа. Бұл менің өмірім, тек маган сен! Жер басып жүрсем, ешкімнен жәбір көрсетпеймін, — деп уәде берді.

— Білмеймін, мен ойланайын, — деп екіұшты жауап бердім. Арғы жағымнан Сұнкарым қалай қабылдайды деп, көнілім кобалжып тұрды. Қарсы келіп құтылып кетуге де болар еді, өзімнің көнілім де кетөрі емес, жүрегім бірге болуды қалап тұр. Мен Мәлсті өте жақсы көретінімді осы сәтте терең түсіндім.

Менің өзі сияқты бірден шешімге келе алмай тұрган халімді ол да үғынып:

— Ойлан, қабырғанмен кенес, — деген. Басқа ештеме деп қаузамады. Адал ниетпен айтқан сөздеріме иланған болар.

Ойын ашық айтып, максатын айқын білдіргеніне қуанды ма, үйдің жанына келгенде ол мені құшағына тартып, ернімнен сүйді. Мұндай бозбалалық әрекетті құтпегендікten есім шығып, қеудесінен итеріп, көліктен түсіп кеттім. Ол мен қақпадан үгегіріп кеткенше, көлік терезесінен маган қарап отырғанын ту сыртыммен сездім.

Бала кезде сүйіскен бір бөлек еken де, мына сүйіс одан мұлдем басқа еken. Бұл сүйгені менің жан дүниемді төңкеріп кетті, үйкымды үрлап, тұнімен төсекте дөңбекшітіп шықты.

Сонау өткен атыс кезеңді көз алдымға елестетіп жатып таңды атырдым.

Мәлске күйеуге шығамын деп те үміттендірmedім.

Бірден карсы келіп үмітін де үзбедім.

Күйбің тіршілікпен басталған күнім шым-шытырық ойлармен қабаттасып, «енди апама қалай айтамын, Сұнкарға қалай түсіндіремін» деп басым қатты. Баяғыдай женгемді ортаға салған да ынгайсыз. Оның үстіне қазірде Үкілаймен қарым-қатынасымыз сүыған. Ақылдаса қоятын жанашыр дос та жоқ еken жанымда. «Не болса да осы үйде сүмірейіп, балам екеуміз кірптар болып жүргенше алтын сарайға ханша болайын» деп, өз пендешілігіме салып, бір шешімге келдім.

Түс ауа телефон шырылдады, Мәлс еken.

– Аяш, мен ертең жолға шығамын, кешке қараң тағы кезде сейікші, – деп, жалынғандай болды.

– Көрейін, апам ренжитін шыгар, күнде қыдырасын деп, – деймін мен бер жактан майысып. Шынында да апам бір жаққа шыққанымды ұнатпайды.

– Ертең кетем ғой, бір сағат болса да бірге болайық та, – деп қылды ол.

Бозбаладай болып өтініп тұрған жігітімді аяп кеттім де, апама бір сылтау айтамын деп:

– Жарайды! – деп едім, ол қуанып кетіп:

– Рахмет, Аяш! Кешегідей алып кетем, сол уақытта, – деді баладай алыш-ұшып.

Түсте есік алдына бір көлік келіп тоқтады. Ауылдан келген туыстың ұлы болып шықты. Көкем мен апамды алыш кетуге келіпті. Жамағайынымыз қайтыс болған еken.

– Біз қонағасына қатысып, әкең ертең жаназасына тұрыш, жерлеп бірақ қайтамыз, – деп сөйлей жүріп, апам маган жұз шаруасын тапсырып, әкеме еріп көлікке беттеді.

Менің көктен сұраганым жерден табылып, ерекше қуанышпен ата-анамды жолға шығарып салдым.

Күн үясына отыра қакпадан шығып, сүлік кара тұлпарға отырдым. «Наурыз» мейрамханасындағы жеке бөлмелеге бардық. Мәлс кешегідей тым ресми болмай, алдымен шеткегі тұрган диванға жайгасып, балдағын арт жағына сүйеп қойды да маған:

– Аяш, кел жаныма отыр, – деп қолын созып шақырды. Жақындап едім, құшагына тартты. Бауырына басып, шашымнан піскеді. Жан дүнием елжіреп кетті. Сол күйімді сезіне тұскендей, ештеңе айтпай құшагына қыса тұсті. Бір-бірімізге қуат бергендей, сезімге еріп, біраз уақыт үндеспелік. Даңыштар кіріп іргеге қойылған үстелдің үстіне дәмді тағамдарды тасып жатыр. Диванның үстінде тым-тырыс, бір-біріне сүйеніп, шошайып отырған екеумізге көз қықтарын салып қояды. Бір кезде біреуі:

– Аға, ыстық тағамды әкеле берейік пе? – деп бізді серпілтті.

– Аяш, тамакқа отырайық, – деп Мәлс қозгалды. Мен құшагынан сыйтылып, сүйеулі тұрган балдақтарын әкеліп бердім.

– Жаным, бұл тағдырың мандайға жазғаны. Осылай балдағымды алып беруге үйрене бер, – деді сұықтау жымынып. Дастанхан кешегідей жайнап тұрды, біз дәл кешегідей тәбетіміз қашып, ештеңе жемей, бір-бірімізге ынтаға қарап отырмыз. Мәлстін жанарынан маган деген махаббатының, өмірге деген қуанышының сәулесін көремін. Өзім де мейірімінің жеткенінше оны көзіммен аймалап отырмын.

– Аяулым, менің аяулым! Қалай ғана сені осында қалдырып ертең кетеді екем? – деп, қолдарын қаусыра ұстап, иегінің астына тіреп, ойланып қалды. Бір кезде:

– Аяш, менің кешегі ұсынысымды аяқ асты етпессін, қадірімді білерсін деп сенем. Жок, әлде менің денсаулығыма күдік келтіріп, сенімсіз болып жүрмісін? – деді.

Казакта «Балығы жоқ көл қадірсіз, шебі жоқ жер қадірсіз, үятты жоқ қызы қадірсіз, жігері жоқ жігіт қадірсіз» деген сөз бар. Мәлс нағыз жігерлі жігіт екенін дәлелдеп келеді. Қалай мен оның сезімін аяқасты етейін. Қадірін білем ғой. Тек бір шешімге келе алмай жүргенім болмаса. «Ертең жолға шығып барады ғой, бір жылы сөз айтайын» деген оймен:

– Мәлс, мен келесі келгеніңше ата-анамды құлағдар етіп, рүқсат сұраймын. Сұнқармен де сөйлесіп түсіндіріп қоямын. Бірге болудың жолын қарастырмын, – дедім.

– Аяшым, сен олай десен мен ертең барып, аргы күні қайта келдім деп тұрам ғой, – деп құлді жанарынан қуаныш оты жарқылдац.

– Асығып лепірмейік, екеуміз алып-ұшып ғашық болатындей бозбала мен бойжеткен емеспіз ғой.

– Неге?! Ғашық бола бастагаңда сси қашып кеттін. Соңша жыл бойы арманда жүрдім. Әлі де ғашық болуга құқым жоқ па? – деп қолын созып, менің қолымның үстінен басып отырды.

– Мен өмір көрген әйелмін...

– Мен үшін баяғы Аяшсың! Енді сенен айырытмаспын. Білесін бе, Аяш, мен ертең кетпеймін, әке-шешемді құдалыққа жіберемін!

– Ойбай, Мәке, койыңыз! Ең болмаса менің асау апамды көндірейік. Сұнқарға да мұны қабылдау онай болмас, – деп әзілдеген болып едім:

– Сұнқармен сойлесуің үшін ғана күтемін, – деді киналғандай болып.

– Сұнқар жақында Аягөзге атасы мен әжесіне кетеді демалыска, содан оралғанша үлкендермен сойлесермін, – дедім өз ойымды жинақтап.

– Жаным, соңша жыл күттім, енді бір жаз күтуге шыдаймын ғой, қайтем, баланы жасытпағанымыз дұрыс, – деп ол да токтамға келді.

Екеуміз біраз тамақ жеп, шарап ішіп отырдық. Мәлстің ішінде айтылмай қалған тағы бір сыр бар снякты. Кетерге карай ол да сыртқа шықты-ау.

– Аяш, саған өтінішім бар, – деді.

– Айта ғой...

– Енді жұмысқа шықпай-ак қойшы, содан кейін үй іздегенді тоқтат. Үлкендерден бата алған соң, тамыздан бастап Алматыда тұрасың. Өз мамандығынмен жұмысқа орналастырам. Сұнқарды да жақсы мектепке оқытамыз.

Ертесіне жолға шықканын айтып телефон сөкты. Тұс ауа аман-есен жеткенін тағы хабарлады. Мәлс күн сайын сагышты сәлемін жолдап, жастығында айта алмаған махаббатының жалынды сөздерін жазып жатады. Маған ішкі бір дауыс «Басынан тайған бактың тәжі қайта оралды» дегендей болады.

Сұнқарымды қыстай арман еткен атасы мен апасына, апам айтпақшы, «наймандарына» апару үшін Алматыға бардым. Қалаға келгенімізді Мәлске айтпадым. Сондағы Дәу ағаның студент ұлына қосып, Аягөзге баратын пойызға отырғызып жіберіп, үйге қайттым. Ол да үзбей телефон шалып тұр. Мен Мәлске берген уағдамды не апама, не женешеме айта алмай басым дал.

Ақыры актары лайыншы дең, Шарайнанікіне келдім.

– Ойбай-ау, мынауың шексіз қуаныш қой! Өзің кыз күнінде ғашық болған Мәлсіне, ел ардактаған Үсен ағаның жалғызына күйеуге шығатының бакыттың көкесі емес пе! – деп жан құрбым ағынан жарыла қуанған.

– Енді осы жайымды ата-анама қалай жеткізерімді білмей отырған жокпын ба, – деп шарасыздық таныттым.

– Сол да сөз ба екен? «Баланмен алып, Алматыда тұрғызам, қызметінді істейсін, үй-жайың болады» деп жатқан жігітке алғыс айтпай ма қайта. «Әйел қырық шырақты» деген, енді бақыттың сол Үсен ағаның ұлымен жанайын деп тұрган шыгар. Сұнқарды шеттептейтініне сенімдімін. Өзім барып ұлken кісілермен сөйлесіп, рұқсатын әперемін. Қыз кезінде қыз жолдас болтмап едім, енді қатын болғанында қатын жолдас болайын, – деп аңқылдай күлді. Ақкөніл құрбыма риза болып, көнілім жайланағып ертесіне қайттым.

Аптаның соңына алып-ұшып Шарайнам келді. Алдымен оңашалап алып анаммен сөйлесті. Мен әдеп сақтап сөздеріне

араласпадым. Жалпы біттейімнен анамның қабағына қарап өскемін фой, не айтар екен деп тым толқулымын. Өз бөлмемде отыр едім, шыдамым саркыла бастағанда төменгі қабаттан апам:

– Аяш, бері кел, – деп шақырды. Бірінші рет ұзатылатын қыздай болып, имене басып төменге түсіп, қонақ бөлмеге жайгасқандардың жанына келдім.

Анамның қабағы шытынқы. Менің бұл қылышымды құпта-май отырганы анық. Ашу үсті бір қырысқ сөз айтып қала ма деп қылпылдан барам. Етті қабағы бітіктеу көздерін көрсетпей түр. Менің тағы күйеуге тиетінім жүзіне салық болар деп мүжіліп отыр ма екен? «Өлімнен ұят күшті» дегендей, абыржып-ак отырмын.

Әкем дәү басын кеудесіне құлатып, ұн демейді. Не болса да ішінде. Бөлмедегі біразға дейін орнаған тыныштықты апам бұзды.

– Бәсе-ау, байбатшаның баласы негып әкене келіп күй тар-тып бергіш бола калды десем! – деп жанары жымсишп маган карады. Менде апама қарауға бет жоқ. Апамның оталып келе жатқанын сезе қойған құрбым:

– Ағам Мәлстің күйшілігіне риза болып-ак қызын беретін шығар, – деп қулана құлді.

– Әкесі күй десе ішкен асын жерге қояды. «Меліс жігіттің төресі фой, әттен, аяғынан майып болып қалғаны болмаса» деп әрдайым мактап отырады, – деп аяқасты апамның қабағына көктемнің жылымығы еніп, Мәлстің атына жылты сөз айтты. Кезінде «Үсеннің баласынан еспей қаласын, өзіміз басы аз түкимбыз» деп мені азғырганы бар еді. Апам Мәлсті калай жамандаса да, көnlіме дарымаган болатын. Шарайна менің мәселеңнің сонына такымдап түсіп алтып, желліртіп біраз жақсы сөздер айттып, отырысты жарқыратып жіберді. Ақкөніл әке-тайым бір кезде:

– «Теңін тапса, тегін бер» деген, Мәлстей азаматка бермей не болыпты Аятайды, – деп, тіпті қуанғандай кейіп танытты. Ері осындай пікір білдіріп, шешімін айтқан соң, апамның да қа-бағы жадырай бастады. Менен оңай құтылатынына әрі ауқатты

жерге барса өзіне де пайдасы болатынына қуанған женгем шоій жасады, үлкендердің мандайы жіпсіді. Әнгіме ары қарай менің келешек өміріме ойысты.

– Сұнқарга не дейміз? Келіспесе қайтеміз шешесін қызғанып, – деп апам әнгіме аяқталуға таяғанда уайымға тұсті.

– Әскең құдаға қалай айтамыз?! Мұмкін Сұнқарды алуға барғанда өзің ата-ененнің алдынан өтерсін, батасын аларсын, – деп, әкем кинала отырып өз ойын жеткізді. Мен:

– Семейге де барып, Дәу ағаның да алдынан өтемін, – дедім.

Мәлс кешке телефон соққанда, бүгінгі ата-анаммен болған әнгіменің жіп-жыргасын септінетпей жеткіздім. Ол қуанғаннан:

– Енді құдалық жіберуге болады екен ғой, – деді телефонның тұтқасынан шыға келетіндегі қуанып.

– Алдымен Сұнқарды алуға барам, «онын туыстарынан рұқсат сұрап, батасын ат!» деді әкем, осы шаруалар онды шешілген соң, екеуміздің ата-аналарымыз батасын берер, – дедім.

– Сен неге осынша ақылдысың? Мына өмірде сонша сұлу, сонша ақылды болуға болмайды! – деп әзілдеді Мәлс. Менің айтқандарым оның ойынан шықса керек.

– Мен әке-шешеме айтып едім, қуаныштан жүректері жарылып кете жаздады, әсіресе көкемнің, – деген тағы бірде. – Бойдактың басын байлайтын болдық, – деп апам туыстарға жарияладап жіберді.

– Әпкелерін ше? – дедім көнілтімдегі құдігімнің шетін шығарып.

– Қыздар да қуанып жатыр, – деп, ол бұған жалпылама жауап берді.

Әйел қырық шырақты

«Беттің арын белбеуге түйіп» деп бабаларым айтып кеткендей, тәуекелге бел байлап, Семейдегі ата-енемнің шаңырағына келдім.

Шіркін, ер-азамат деген Сұнқардың атасында болса ғой, мойнына галстуғын тағып, әдемі костюм-шалбарын киіп,

бәйбішесін жанына ертіп, екі немересін қоса алғып, алдыннан шықты. Мені көргеннен жүзінен қуаныш нұры төгіліп, көзі құліп, «Айналайыным, келдің бе?!» деп мандаіымнан сүйді. Енем де қалбандап келіп, құшағына басып, екі бетімнен алма-кезек сүйді. Олардың осындай ыстық ықыласын көрген сайын, күйеуге шығатыным есіме түсіп, ұядан жердің тесігі болса кіріп кеткім келеді.

Сұнқарым жаздай ата-бабасының топырағына аунап, сұына шомылып бойы өсіп, күнге күйіп, тарағып, дырдай жігіт боп қалыпты. Жаңа байқадым, түрі атасынан аумайды. Жанындағы кіші қайнамының ұлы Сұлтан да атасы сияқты бойшаң болайын деп түр екен. Екеуі де такырбас. Жарыса келіп мені бас салды. Төбелерінен іскедім, күн иісі анқиды. Көліктің артқы жағында ағайынды екеуін бауырыма қысып іскең келем. Ұлылар да-ласының иісі екі баламның бойына сініп кетіпті.

– Дағаның иісі шығады, – деп едім, ұлым:
– Атаммен жаздай далада шөп шаптық, – деп мақтанып қойды.

– Сұнқар мен Сұлтан биыл елдегі ағаларынан қалыспай шөпте жүрді. Асау үйретіп, жүйрік баптайтындардың жанында, аттың құлағында ойнайтын болды.

– Атасы, Сұнқардың бойгеге шапқанын айтсаңызы, – деп, енем ақсақалын толықтырып келеді.

Осы бақытты ата-енемді көрсем, «Әмір екеуміз неге осындаі күнге жетпедік» деп ішім күйеді. Үлкендер бата берегіндей, қосағынмен қоса ағарып, ак шашты, сары тісті болғанша бірге болу деген бақыттың үлкені екен ғой! Енді осындай гажайып жандардан қалай іргемді аулак салармын?! «Күйеуге тиетін едім» деп қай бетіммен айтпақпын?! Немерелерінен қалай бөл-мекпін?!

«Бара салып, баламды алып қайтам» деп келген мен үш күн жаттым, басқа шаңыракқа кететінімді айта алмай жүріп алдым. Дүниеде жақсы ниетті адамдардан бөліну қын екен ғой. Сұнқар жолға шығуға асығар емес, достарымен ойнап, мәз болып жүр.

Енем:

– Аяш, жүдеусін ғой, бір жерің ауыра ма? Келгелі анылың сөйлемейсің, – деп жанымда отырып, шашымнан сипагапы сол еді, жылап қоя бердім.

– Ойбай, айналайыным, не болды? – деп, шошып кетті кей-уана.

– Апа, мен бірденені айта алмай жүрмін, – деп иығым сел-кілдеп, тоқтай атар емеспін.

– Айта ғой! Сен де менің туган қызымдайсың енді, алыста болсаң да жанымда жүргендейсің, Сұнкарым екеуіңің тіле-уінді тілеп отырамыз, – деп еді, жүрегім одан әрі елжіреп, «осы мен не істеп жүрмін? Мынандай жанашырларымнан бөлініп қайда бара жатырмын? Сұнкарды мынандай қайырымды жандардан неге бөлтуім керек?» деген ойлар басымды шырмап алды бір демде. Тіпті қүйеуге шығам дегенім сандырақ сиякты көрініп, айнып қалғым келді.

– Не болды, Аяш? Айтсаныш!.. – деген енeme ештеңе айтқым келмей орнынан тұрып, жуынатын бөлмеге кеттім. Суды ағызып қойып тағы біраз жыладым.

Ақыры ата-енеме қүйеуге шығатынмыды айта алмай, ата-әжесінің жанынан Сұнкарды сүйрекендей етіп, Семейге қарай жол үстадым.

Енді қалайда Дәу аға мен Сырғаш женешеме айтып кетуге бел байлаждым. Аға жұмысына кеткенде женешеме қысыла отырып әрен жеткіздім.

– Аяш, сен қайнынан отызға толмай қалдың. Сенің де жар сүйіп, тағы бала тауып, өсіп-өнгін келеді. Ол табиғат заңы, «біздің баламен байтанып қал» деуге қақымыз жок. Уш жыл артында отырдың, ұлын өсіріп жатсың. Тұяғы бар, оны іздеп тұрамыз, сен де бізден күдер үзбе. Әрине, біздің карттарға мұны есту онайға соқпайды. Тек Сұнкар барған жерінде қағажу көрмесе болғаны. Тегі жақсы бала ғой, түбінде бір жерден шығатынына сенемін, – деп жеңешем көзіне жас алды.

Екеуміз жылап-сыйкатп отырып біраз сырластық. Мен оған Мәлс туралы бәрін айтып бердім. Кешке қарай жұмыстан келген қайынагама жеңгей өзі жеткізіпті. Ертең жолға шығамыз деген күні Дәу аға дастархан басында:

– Аяш, бәрін естідім. Барған жерінде бакытың ашылсын! Бізден өтініш, тек Сұнқарды әркімнің колына берме, не көрсөн де өзінмен алып жүр. Бізге жиңі жіберіп түр! Семейдің жана қата жағынан салынған элиталы үйден үш бөлмелі пәтерді Сұнқардың атына жаздырып келдім, міне, құжаты. Ол Әмірдің артындағы түяғының шаңырағы болады, құжатын ала кетіндер, Сұнқардың шаңырағы осында екенін ұмытпандар, – деп, үш бөлмелі пәтердің кілтін бауырының жалғызына тапсырды.

– Мен пәтерді колға алған соң ішін жабдықтап, жалдаушыға өткіземін. Ай сайынғы алған пәтерақыны банкке депозитке сала береміз, Сұнқаржан мектепті бітірген соң, сол жиналған қаржыға «Болашақпен» шетелден білім алады деп армандалап отырмыз, – деді Сыргаш апасы.

– Сұнқар, сен сабагынды жақсы оқы, спортынды, домбыранды тастама. Мықты жігітке жеті өнер де аз. Біз сенен үміт күтеміз! – деп Дәу аға Сұнқарға сенім жүктеді.

Ертесіне туыстарымызбен қайта-қайта қимай қоштасып, ұлымыз екеуміз Семей – Алматы пойызына отырдық.

– Сұнқармен өзім сөйлесемін! – деді Мәлс, менен барлық жағдайды телефон арқылы естіген соң.

Сенбі күні бар шаруасын ысырып тастап, Алматыдан арнайы келді.

– Бізге үлкендерден бұрын алдымен Сұнқар келісімін беруі керек. Мен онын Анасын сұрап отырмын, бір отбасы болатын осы үшеуміз. Біз тіл табыссак, бәрі жақсы болады. Ал енді баламмен кай жерде онаша сөйлессем екен деп келдім, – деді Мәлс көдімгідей толкып.

– Біздін үйге кел, – деппін, салт-дәстүрді аттап, масқара болғанда.

– Аяш, енді сендердікіне бұрынғыдай домбырамды көтеріп жетіп бара алмаймын фой. Мен күйеу жігіт болғалы жүрмін. Сендер жактан рұқсат болмай, табалдырықтан аттай алмаймын. Сұнқарды көлігіме салып алып, қаланың сыртына шығып сөйлесіп келем, – деп шешті. Ертесіне мен оған Сұнқарды көшеге шығарып беретін болып келістік. Балама «Мәлс ағаң келіпті», – деп едім: «Біздікіне келе ме? Атама күй тартып бере

ме?» – деп қуанып қалды. Мен сол көніл күйін пайдалаши: «Сенімен оңаша сөйлескісі келеді. Ертең қаланың сыртының барып қайтасындар», – дедім. Ол: «Неге? Не үшін?» деп ештеңе сұрамады.

Мәлс Сұнқарды алтып кеткеннен кейін көңілім аландап, жүрегім атқақтап, мазасыздып жүрдім. Құні бойы үйдің бұрыш-бұрышын тазалап, Сұнқардың жана оку жылына алған киімдерін үтіктеп, өзімнің көнетоздау киімдерімді бөлек шығарып, тыным таппадым. Ескімнің бәрін, өткен касіретті күндерімді еске түсіретіндерді ауладағы ошаққа апарып өртеп жібердім. Жана өмірімді жаңаша, таза бастағым келді. Сұнқар қас қарада оралды. Қабағына қарасам, көнілі жай, байсалды.

– Мен келдім, – деді,

– Тамактанасың ба?! – деп едім.

– Жоқ, Мәлс ағамен тамак іштім, – деді де, бөлмесіне көтеріліп кетті. Артынан барып, «не әңгіме айттындар?» деп сұрауға дәтім жібермеди.

«Бірге тамактанса, асықпай әңгімелескен шығар. Ашулы емес кой» деген оймен теледидар қараган болып, заңда отыра бердім. Қашанғы отырайын, жатар уақыт болғанда ұлымның жанына келдім. Ол құлағына плейерін қосып алыш, музыка тындал, төсегінде жатыр екен.

– Сүңқартай, құлағындағыны алшы, – деп, екі құлагымды ұстап белгі бердім. Ол орнынан көтеріліп, плейерін жанына койды да, маган көзін қадады.

– Балам, мен аған екеуіннің не әңгіме айтқандарынды білгім келеді, – дедім, жайлап қана. Ол көзін аударып-төңкеріп аз-кем отырды да:

– Екеуміз туралы сөйлестік, – деді ашыла коймай.

– Анық айтсаншы, не деп сөйлестіңдер? – деп мен де коймадым тақымдал.

– Сіздер үйленсеніздер, Алматыға бірге кетеңік деді.

– Сен не дедін? – деп әр жауапты сауып алыш отырмын.

– Білмеймін... Апа, біз сонда атам мен әжемді, Дәу ағаларды біржола ұмытамыз ба?! Семей жакқа бармаймыз ба? – деп жүзімде қадалып қалды. Ал, ендеше! Не деп жауап берерімді

білмей қатты састьм. Бетіне тұра қарауға арым бармады, жана-рыммен жер тесіп кеттім.

– Жоға, – деп жауап бергелі көзімді көтеріп қарасам, баламның жанарына жас толып кетіпті. Енді қайттім?! Есім шығып, ұлымды құшақтай алдым. Жылап жібердім. Екеуміз құшақ айқастырып, үнсіз жылап, ет-жүрегіміз езіліп біраз отырдык. Құдай-ай! Құйтақандай балаңың алдында кінәлі болғаннан асқан бақытсыздық бар ма екен?! Дымым өшіп, аузыма жөндем сөз түсер емес. Шым-шытырық ойлар орап алды.

– Апа, мен Дәу ағаның жанына барып оқысам қайтеді? – деді ұлым бірінші болып сөз бастап.

– Ал мен сенсіз қалай өмір сүрем? – дедім. Сұрағына сұрақпен берген жауабым ойландырып таstadtы ма, тым-тырыс болып қалды. «Бәрін өзім түсіндіруім керек қой» деп шештім де:

– Сүнкар, қандай бір жағдайда да скеумізге болінуге болмайды, мен Мәлс ағана баратын болсам, сен үшін барам. Сен жетімдіктің, жоқшылықтың тақсыретін тартпасын деп жүрген жокпын ба?! Өзін көріп жүрсін, мен жұмыссызыбын. Басымызда үйіміз де жоқ. Қалай күн көреміз, өткенде үй іздел едім, каржым жетпеді. Кастанғы осы үйде отырамыз. Бейбарыс ағаң да жігіт болып қалды, үйленеді. Екеуміздің де өз өміріміз болуы керек. Мәлс ағаң жаксы адам, екеуміздің жағдайымызды жасайды. Алматыда тұрамыз, сен жақсы мектепке оқисын, – дедім.

Балам бауырима тығызып, үнсіз отыр. Бір кезде:

– Апа, Мәлс ағаның өзінің аяғы ауырады ғой, – дегені. «Өзі жарымжан адам бізді қалай қарайды» дегендей. Ішім мұздап коя берді. Мына сөзі басыма тоқпак болып тиді. Есендіреп қалдым, «бала құрлы болашағынды ойламаганың ба?» деді құлағыма бір дауыс. «Шешінген судан тайынбас» дегендей, ата-анамды құлактандырдым, Мәлске уәде беріп қойған екенмін, артқа шегінуге жол жоқ. Оның жақындары да естіп, елеңдеп отыр. Егер сөзімнен айнысам, еркекті қорлап, жасытқаным ғой. Абай атам: «Асыл адам айнымас» деген. Мәлстің жағдайын сонау бала кезімнен білемін, бұл бір маган сынақ шығар, соған шыдауым керек! Не көрмеген Аяш едім! Оның азаматтығы мен

адамгершілігіне қарай жауап берейін. Алла мені адастырмас!» деген ойлар басыма келді де, балама:

– Сұнкартай, Мәлс ағаның аяғы ауырғанымен, ақылы кон, адамгершілігі зор. Өте білімді. Ол бізді осы қасиеттерімен асырайды. Ал атаң мен әжен. Дәү аған, әкенін тұystарымен аласып тұрамыз. Алматыдан барып тұруға да жақын. Екеуміз Мәлс ағаңа сенейік, ол да бізге сеніп бірге болтуға шақырып отырғой, – деп ақылға тарттым.

– Мәлс ага да «саған сенем» деген, – деп, екі еркектің сырынан бір ғана сөздің үшығын шығарды.

– Онда балапаным, ол да, екеуміз де бір-бірімізге деген сенімді ақтайық, – дедім.

Сол түні ұлым менің құшагымда жатты.

Көршилер құдалығы

Мәлс те Сұнкармас қалай сөйлескенін маган ашып айтпады. Тек:

– Аяш, мен кетемін. Келесі сенбіге сендердің үйге құда жібереміз. Ата-анана хабарла. Құда түсісімен Сұнкар екеуінді алып кетем, ақырында жинала бер, – деп тапсырма берді де, Алматыға қайтты. Сұнкар екеуінің онаша әңгімеде ойлары ортақ болғанын, Мәлстің ұлымның тілін тапқанын түсіндім.

– Апа, бүтін жаңыңа жатайыншы, – деп еркеледім анама, иығына басымды сүйеп.

– Е, ненің өтеуіне мені жарылқай қалдың?! – деп апам әдеттегісіндей тістей сөйледі. Бірақ көзі күлімдеп, аналық мейірін тогіп тұр.

– Ей, сенде бір, бала болған соң сағынады да, – деп біздің сөзімізге құлақ сала, көзілдірігін мұрнының үстіне қойып, «Іле ангарында» деген аудандық газет оқып отырған әкем шешемнің жауабын қағып жіберді.

– Негып сағынып қалыпты, күнде бір үйде жүріп, – деп апам да дес берер емес.

– Сырласқысы келген шыгар онаша, – деп іс тігіп отырған женешем де араласты, көзі құлімдеп.

Мені Үсен ағаның ұлына қүйеуге шығады дегелі бері Үкілайдын қабагы ашылып, маган қамкор женгедей қарай бастаған. Әкемнің үйінен кететініме қуанып жүрген сыңайлы. Эрине, мен де оны тұсінемін, ұш баласы ержетіп келеді, көп ұзамай өздері де келін тұсіреді. Өсіп-өніп отырған үйде баласымен қайын сіңлісі жүрген кімге жағар дейсін. Әкем мені апама ыңғайладап, жатын бөлмесіне бармай, келініне заңдағы диванга төсек салғызыды. Мен қуана-қуана апамның бөлмесіне бардым. Алдымен анамның басын ұқатап бердім. Аяғын да жуып, ұқатап, майлап қойдым. Апамды қөндірудің айласын тапқаныма іштей мәзбін. Әбден жағдайын жасаған соң, женгем айтпакшы, апам екеуміз тұнімен сырласып шықтық. Сенбіге құда келетінін, Сұнкар екеуміз осы жолы Мәлспен Алматыға кететінімізді хабарладым.

– Құдай сенің ендігі тағдырынды Үсеннің баласына үйғарып отырса, шарамыз бар ма? – дейді апам. Сонда да амалы жоктықтан осы қадамға барып отырғанын білдірген.

– Апа, сіз неге Мәлсті ұнатпайсызы? – деп сұрадым, көніліме түйткіл болған сұракты жасырмай.

– Ей, шырагым-ай, Меліс деген алтын балағой, неге ұнатпайын. Денсаулығына аландаймын да. Эйел деген байға тиғен-нен кейін өсіп-өніп, арқа сүйер азаматы бар болып жүрсе дейсің ғой.

– Апа, баяғыда Мәлсті ауру деп едіңіз, қазір Алматыда білдей сот болып жүр. Ал арыстай болған Әмірден айырылып қалдық қой. Сондықтан жаман ойламаңызшы. Мүмкін Мәлспен өсіп-өніп кетермін, – деп көзіме жас келді.

– Қой, балам, жылама, көрі шешене ренжіме. Іншалла, өсіп-өн! – деп, бауырына басып, төбемнен сүйді. Ананың іісі деген қанша жылдар өтсе де өзгермейді ғой. Сол ғажайып иіске ма-сайып, анамды құшактаған қалпымды үйықтап кеттім.

Сенбі күні ала таңнан біздің үйде құда күтудің қарбаласы басталды. Тұске қарай Кетпендергі туыстарымыз, аға-женгелеріміз де келіп жетті. Мені көргеннен бетімнен сүйіп, бақыт

тілеп, баталарын беріп дастарханға жайғасты. Асханада ет асылып, қамыр жайылып, бауырсак пен тәттілер пісіріліп жатты.

Мен өз дагдыммен терезеден көршінің үйіне көз тастап қоямын.

Бір кезде алтын қақпа айқара ашылып, қоржын-кошалтак көтергеге топты әйел мен ереккөшеге қарай бет алды. Оны көре сала мен төменге түсіп, женешеме: «Кұдалар бізге қарай шыкты», – деп сыйырладым. Сол-ақ екен Үкілай:

– Апа, құдалар келе жатыр! – деп жар салды. Ер адамдар үстел басынан көтеріліп есікке беттеді. Женгейлер арқан тартуға, шашуға жүгіріспін әбігерге түсті.

Мен қайтадан екінші қабатқа көтеріліп көршінің ауласына қарап тұрмын. Есікпе-есік отырып құдаласқан қызық екен. «Екінші мәрте қүйеуге шыкса да осындай ырымдар жасала бере ме?!» деп ойлап қоямын іштей.

Мәлстің әкесі мен тағы бір ер адам алдыға түсті, қалғандары – еркек, әйелі бар, сонынан ерді. Төрт жігіт екі-екіден қоржын арқалап келе жатты. Ең сонында Мәлс пен жанындағы бір ер адам, сірә, қүйеу жолдас болар келе жатты. Қазактың барлық салт-дәстүрімен құданы күтіп атып, залға келіп жұмсақ орындықтар мен диванға жайғасты. Үсен аға өзі ертіп келген құрметті туыстарын таныстырып жатты. Мәлс жолдасы екеуін есік жақта отыр екен.

Ауданымызда Молдахмет деген өнші, сері ағай бар еді, сол кісі «ел ардактысы Үсен ағаның жалғыз тұяғына ел аралап жар іздел жүріп таңдау осы үйдегі атына заты сай өте аяулы қызға түскенін өлеңдетіп» жеткізді.

Біздің жақтан әкемнің ет жақыны, елге сыйлы Мұқан деген ағамыз сөз алып, құдалармен танысып, құдандалы болып жатқандықтарына қуаныш білдірді. Сұнқар мен Бейбарыс бар, кішкентай сіңлім төртеуіміз жоғарыда отырмыз. Ұлдар теледидарға алданып, кішкентай сіңлім Барби қуыршағының үйін құрап, сонын жиһаздары мен көйлектерін реттестіріп өзімен-өзі. Үлкендердің келісіміне араласпай, тіпті көздеріне көрінуге ұялып, жалғызырап: «Неге Шарайнаны шақырмадым, қыз

жолдас болам деп жүр еді» деп ойлап үлгергенімше, төменгі қабаттан «Құда құтты болсын, Үкілай женеше!» деген құрбымның дауысын естідім. Қуанып кетіп, жетіп барып құшақтарымыз айқаса кетті.

– Бүгін екенін қайдан білдін? – десем:

– Менің білмейтінім бар ма, «саған қыз жолдас болам» дегенімді ескермейтінінді өткенде байқағанмын, сондықтан құлағымды тігіп жүріп, женешемнен естіп жетіп келдім, – деп дабырлай сөйлеп, жанары жайнап, қуанып тұр. Етженді болған соң ба, басына орамал байлап алған соң ба, өзі менен ересек көрінеді. Қыз жолдастан гөрі, женгеге лайық ақкөніл құрбымғой.

– Устіңе неге жаңа көйлек кимегенсің? – деді келген сайын көретін жасыл көйлегімді ұнатпай.

– Жас қыз ба едім, жасауын дайындастын, – деп едім:

– Жас қыз болмасаң да жаңа өмір бастап отырысын, ендігі бакыттым баянды болсын де. Жүр, көйлегінді ауыстыр, – деп қолымнан сүйрей жөнелді. Көйлек жоқ емес еді, Алматыға барғанда кием деп бірнешеуін алып қойғанмын. Соның біреуін таңдадык.

– Бұрынғы киімдеріннің бәрін тастап кет. Сен енді соттың әйелсін, Үсен ағаның келінісін! – деп қояды.

– Аяш, сырға салуга шақырып жатыр! – деп Үкілай келді.

Дәл осылай дауыспен, дәл осы сөзді бұрын да естігем. Айтқан сөзі мен дауысынан баяғыда Әмірлер құда түсіп келгендері сөт есіме түсіп кетті. Жүргегім шымырлады. Сонда Мәлсті коріп қалып, Әмірге барғым келмеген еді. Сол солқылдақтығымнан баекен, тағдырымның тас-талқан болғаны? Сол сөт қайдан ғана есіме түсіп кетті?

«Енді таставай қатың, ешбір алаңсыз өз жолыма түсуім керек! Сол жолда Мәлстің қолынан ұстап, Сұңқарымды жетектеп, тек алға жүруім керек!» деп, өзімді-өзім қайрап, төменге қарай бас-патдақпен түсіп бара жаттым.

– Құдаги, сырға тағамыз да, карсы болмасаңыздар, келінімізді бүгін алып кетеміз, тойды тағы ақылдасармыз, – деді Мәлстің анасы. Мен қатты қысылып тұрмын.

Женгесі құлағыма сырғасын тағып болған соң ашаппым көнілі босап:

– Меліс балам, саған жалғыз қызымыды тапсырып тұрып айттым: сусыз жерде шай қып іш, ассыз жерде қуырып же, тек қорлама. Үсеке, сізге айттым, той жаса демейміз, біздің қызымыз бір жолы есік көріп келгенін ескерте кетейін, – деді анам.

– Жәкетай құдағи, біз Аяулымды өзіміз қалап алып отырымсыз. Оның өткен өмірінде ісіміз жоқ. Біз үшін шанырағымызыға тұнғыш түскелі отырган келініміз. Ұзак күткен қуанышымыз. Мен жалғыз ұлымда дүрілдетіп той жасап үйлендіруді армандағалы қанша жыл... Сол күнге жеттім. Сондықтан Аяшқа ак көйлек кигізіп, заңды некелестіріп, босағадан аттаттырғымызық келеді. Той күнін белгілейік. Менің де ел-жүртym, ағайын-туганым бар дегендей. Ал Аяшты осы жолы Мәлске қосып жіберейік, Сұнқардың мектебін жөндеп, өздері алаңсыз тойға өзірленсін, – деді Үсен аға жүртты аузына қаратып. Құдаласып жатқандар қостап ала жөнелді.

Менің екі көзім әкемде: бетінің әжімдері айғызданып, екі үртты салбырап түсіп кетілті. Қыртыстанған мандаіының аргы жағынан ак бурылданған қысқа, тікірейген шаштары көрінеді. Жанарының бояуы онып, бозғылданып, кісіге өлеусірей қарайды.

Селдіреген сақалы мен сирек мұртына да ак араласқан. Қайран әкем! Баяғыда нардай еді, енді шөккен түйедей болып төр алдында жастыққа жантайып жатыр. Анда-санда жарықшактанған дауысын шығарып, сөзге араласып қояды. «Не үлдан, не қыздан бауыздау құдам жоқ, бас ауырып, балтыр сыздаса басымды сүйейтін, сүйекке түсетіндей», – деп кейде камығып қалатыны бар еді. Енді Үсендей ел ардақтысымен құда болып көнілі жайланаңып отыргандай.

Ал менің әкеммен салыстырғанда Мәлстің әкесі Үсен аға, жас жағынан үлкендігі болса да жігіттей тың, төр алдында үшатын қаршыгадай болып қомданып отыр, ағы басымдау кайратты шашы қалың, оны шалқайта тараған. Құс мұрнының екі жағындағы қос жанар тіке қараса өңменіңен өтердей. Қалын қасы салбыранқы. Сопақша беттің сүйегі шығынқы. Ұзак

жылғы биліктегі болғанынан шығар, сөйлегенде дауысы әмірлі, созі сүйектен өтердей. Оған қарсы келер пендегенде жоқ сияқты. Сонымен екі жақ ол кісінің уәжіне токтап, үлкен тойдың мезгілін нақтылады. Мені ертеңіне әкемнің үйінен ұзататын болып шешті.

Мәлстін жаңына Алматыдан Хасен деген жолдасы еріп келіпті. Екеуі университетте бірге оқып, бүгіндегі бір салада қызметте көрінеді. Тіл мен жағына сүйеніп қалған құтлдінің өзі. Екі баланың әкесі екендігін танысқан сәтте айтып салып:

– Мен білетін Мәлс болсаң мақсатына жетпей қоймайсын. Мені келер жылы-ақ қуып жетіп екі үл сүйіп отырарсын. Бір ұлын казірден бар, – деп әзілдеп қояды.

– Мен білетін Аяш болса бара егіз тауып, үш ұлмен Мәлсті сенен оздырады, – деп, менін Шарайнам да қалыспай әзіл тастады.

Құда-құда десіп, құйрық бауыр жескен, мын жылдық құда болған жаңа туыстар түннің жарымына дейін ән шырқап, жыр айтып тарқады. Мені ертеңіне түске қарай үйден ұзататын болады.

– Алдымен Аяшты ұзатып салайық. Сұнқар олар Алматыға шығарда бірақ қосылсын, – деп шешті біздің әулеттің «генерал кемпірі».

Көршіден көршіге кызы ұзату деген мен көріп жүрген ұзатулардан өзгеше болып шықты. Қүйеу жігіт жолдастарымен келіп, отқа май тамызғаннан кейін жиналған топка дүрілдетіп тұрып Құрмангазының «Сарыарқасынан» шашу шашып, баталарын алды. Енем «балаларымның жолы ақ болсын» деп, екі үйдің ортасындағы кара жолға ақ сәтен төсетіп, мені сонымен екі женгесі алып жүрді.

Үсен ағанын аұласына кіргеннен шашу шашылып, жолымның бәрі адыраспанмен аластатылып, есіктен енгеннен отқа май құйғызып, басыма етектей ақ орамал жауып, аналар қазакта бар ырымның бәрін жасап қарсы алды. Ақ жібекпен көмкерілген шымылдық ішінде отырғызды. Шарайна бастаған құбыларым мен Мәлс жағынан қарындастары жаңыма жайғасып, әнші-жыршылар өнерлерін төкті.

- Беташарды үлкен тойда бір-ак жасайтын болдық, айналайындар, – деді үлкен женгесі.
- Кешке қарай некекияр болады, – деп тағы біреуі хабарлады.

Сонымен сол күні Үсен ағаның қара шанырағының табалдырығынан аттап, Мәлспен неке сұын ішіп, жана өмірге қадам бастық.

Мәлстін отбасы мен ағайын-туыстарына келін шәйін беріп, ертесіне Сұңқарды ортамызға алып, Алматыға жол үстадық.

Mурат пен Мақсатқа жеткенде

Алматыдағы жаңа орта мені жатсынбады.

Казактың салты бойынша Мәлстін достары мен әріптестері бізді кезек-кезек шакыра бастады. «Құдайы қонақ келсе, құт келді» дейтін казактың үрпағымыз ғой, өз шанырағымыздан да қонақ үзілмеді. Мәлс көбіне жұмыста. Ұлым да жаңа мектепке бара сала, жаңа ортадан жаңа достар тауып, тез үйренісіп кетті.

Ата-енем кезектесіп жиі келіп тұрады. Әпкелері мен қарындастары да жалғыз бауырларының шанырак көтергеніне қуанып жүргендей. Бәрі осы Алматыда тұрган соң, апта сайын келіп, бір дастанханда бас қосамыз. Желтоксанның басында жомарт Алла ықыласын түсіріп, маған тағы перзент сүйетінімнен хабар берді. Шынымды айтсам, сол белгіге өзім сенбей, әйелдерді қарайтын дәрігерге бардым. Жұзі жылы, көзі дөп-дөңгелек, қасы жаңа туған айдай қыылған әдемі келіншек екен.

- Қанша баланыз бар? – деп сұрады алдымен.
- Біреу...
- Нешінші жолы екікабат болуыныз? – дегенін түсінбей қалдым.
- Түсінбедім! – дедім.
- Тұсік болып, не бала алдырттыңыз ба?!
- Тағы бір балам туылған соң екі айдан кейін шетінеп кетті.
- Неден?
- Аурудан...

– Қандай ауру, тұқымқуалаушылық емес пе? – деп кадалып сүрады.

– Жоқ, полигонда тұрдық, атом зардабынан ауру болып туды.

– Кешіріңіз, біз білуге тиістіміз, ол сіз бен баланың сауышылығы үшін, – деді ибалы жүзіне арай жүтіріп.

Үндемей әйелдер жататын орынтақта жатырмын. Екі көзім аспалы шамда. «Неге сонша тергейді, екіқабат емес шыгармын. Мәлстің сауышылығымен тез бала көтергенім сенгісіз бе? Алданып қалған шыгармын», – деп ойлап қоямын.

Дәрігер ішімді басып қарап, әлдебір ыдысқа жақпа алды. Төзімімді сынағандай үндемейді. Бір кезде:

– Сіз екіқабатсыз, тұра берсөніз болады, – деді.

Өз құлағыма өзім сенбей, қуаныштан жүргегім тарсылдал киімімді киіп жаттым. Дәрігер етеккірімнің келген уақытын сұрап, оны өзінше санап:

– Жеті-сегіз апта, – деп есептеп шықты. – Келесі дүйсенбіге келініз, УЗИ жасатайық, – деді.

Әйелдер кенесі үйге жақын еді, жаяу келе жатып «УЗИ-ден анық көргенше, Мәлске хабарламай тұра тұрайын», – деп шештім. «УЗИ-де тағы да бір жерінде кемдік бар десе қайтем?» деп тағы уайыммен, іштен тынып аптаны да өткіздім. УЗИ-ден қарап жатқан дәрігер:

– Қанша балаңыз бар? – деп сұрағанда, «бұл да ауру, не өлі шығар, өйтпесе, неге сұрайды» деп жүргегім зу ете түсті.

– Біреу.

– Енді үшеу болады, ішініздегі егіз екен, – деп, экранына үніліп қарап қояды. – Тұқымдарыңызда егіз бар ма?!

– Білмеймін. Бізде жоқ сияқты, естімеппін егіз дегенді.

– Онда әкесінің тұқымында бар шығар. Бүгіннен есепке тұрыңыз, өзінізді күтініз. Құттықтаймын! – деп, мен үшін қуанып тұр. Мен сонда да күдігімді нақтылаш алғым келіп:

– Денсауышылықтары дұрыс па? – дедім.

– Қазіргі уақыты бойынша жетілулері қалыпта. Алдагы уақытта ай сайын өсүін қадағалап тұратын боламыз, – деп, сондай бір ықыласпен шығарып салды.

Алматының жайлыш күзі қысқа ауысып, алғашқы қар сабелеп тұрған болатын. Ауда ызғар бар. Қуаныштан аягым аягыма тимей, үйге қанат байланап алғандай үшіп келдім. Мәлс жұмысынан оралғанша отырарға жер таппай, оның жақсы корстін асқабақ коскан мәнтісін дайындағы қойдым. Үлым өз бөлмесінде сабағын әзірлеп отырған.

Менің көнілімді күптағандай сол күні Мәлс жұмыстан ерте оралды. Ұшеуіміз тамактансып алғанша шыдап, айтпадым. Тек жатын бөлмелемізге барғандаған:

– Мәкебай, бізде үлкен жаңалық бар, – дедім жарыма еркелей қарап.

– Не болды, көкемдер келе ме? – деп күйеуім маған күлімсірей қарады. Эке-шешеміз «Алатау» шипажайында демалып, қайтатын уақыттары болып қалған еді, соларды еске алған.

– Жоқ! Одан да керемет!

– Не болды, айтсаншы енді?

– Мен екіқабатпын, егіз баламыз болады! – деп бір-ақ актарып салдым жаңалығымды. Алдында төсектің үстінде көзі бақырайып, құлағы қалқып тыңдалап отырған от төсектен атып тұрып маған қарай жүріп келе жатты. Әдеттегідей қолымен маңайын қарманып, не таяғын іздемеді. Үлкен төсекті айналып, жаныма жетіп келіп, құшактай алды.

– Жаным сол! Жаным сол! – деп, жанары боталап, бетіме қарап тұр. – Егіз дейсін бе?

– Иә! «Егіз» деді.

– Шын ба? Менен бала бола ма, болмай ма деп жүргенде, егіз... – деп, мені құшактаған қалпы төсеккө алып үрді. Ұмар-жұмар болып құшактасқан қалпыныңда бір-бірімізді сүйіп жатырмыз.

– Қашан білдің? – дейді.

– Екі апта болып қалды...

– Содан бері шыдап айтпай жүрсін бе?

– Дәрігер нақтыласын деп күттім, бүгін УЗИ-ден көріп, анығын айтты.

– Аллаға рахмет! Жаным! – деп қайта құшагына орап алды.

– Есінде ме, сені алып келгенде, Хасен: «Мен білетін Мэлс болсан, мені қуып жетесін» деп, Шарайна «егіз болады» деп, екеуі айтысып еді ғой, Алла естіді тілектерін! – деп шаттанып жатыр.

– Сол айтқандары келетін болды, Аяшым, сен жарадын! – деп, қуаныштың толқынынан шыға алмай, мені аймалай берді.

– Мэлс, жібер енді, жарықты өшірейін, – деп құшағынан сытылып шығып, орнынан түрдым. Жарық сөндіргішке кетіп бара жатып, төсектің жанында сүйеулі тұрган Мэлстің балдағына көзім түсіп кетті. Оның белменің аргы жағынан өз аяғымен таяқсыз келгені елестей жөнелді.

– Мэлс! – деп таңырқаған дауысым шығып кетті.

– Не болды? Бір жерің ауырып тұр ма?! – деп, ол басын жастықтан жұлып алды.

– Сен жана ана жерден маган озің жетіп келдің ғой! – дедім.

Ол қеудесін көтеріп отырып, жан-жағына қарап:

– Шынымен де балдақсыз жүрдім бе? – деп таңырқады да, аяғын төсектен түсіріп, көтеріліп, денесін өз бетімен тік ұстап, маған қарай сәбидей қалтаңдан жүре бастады.

Мен:

– Тәй-тәй! Тәй-тәй! – деп күліп қоям.

Бір... екі... жеті...он қадам жасап келіп өзіне құшағын ашып тұрган менің белімнен орай төсекке құлады.

– Жаным, жақсы хабарға қуанғаннан сен жүріп кеттің! – деп беті, көзі демей сүйіп жатырмын. Жылап жатырмын. Ол да мына екі бірдей қуаныштан жасын тыя атар емес.

Таңертенгі шәй үстінде бұл жақсы хабарды ата-анамызға қалай жеткізетінімізді акылдастық.

– Ертең көкем мен апама байқап айтайық, қуанғаннан әже-аталарының қан қысымы көтеріліп кетпесін! – деп күлді Мэлс.

– Сен айт жайлап!

– Алдымен неге Сұнқарды қуантпаймыз? – деді Мэлс.

– Ол да кешке естісін, – дедім мен.

– Аяш, мен түнде қуанғаннан балдақсыз жүріп кетіп едім ғой, – деді Мэлс кіреберісте қабыргаға сүйеулі тұрган балдағын нұскап.

– Иә, кеше әкесі балаларының хабарын тік тұрып қабылдаған, – деп мен оны қайрап қойдым.

– Онда көрейік. – деп орнынан тұрып, есікке беттеді санаң басып. Бұрынғыдай қабыргаларды жағалап, сүйенбеді.

– Жарайсың, әкесі! Олар жарық дүниеге келгенше, аяғынды нық басып, перзентханадан өзің көтеріп шығасын! – дедім, жаңына келіп бетінен сүйіп. – Эзірше балдақты тастауға болмайды! – деп, қолына ұзак жылғы серігін үстата койдым.

Кешке карай шипажайдан оралатын ата-енеме қайыстырып дастархан әзірледім. Мәлс жұмыстан оралғанда үлкен кіслерді ала келді. Шанырағымыз шаттыққа толып, ақ дастарханда бас қосқанда, Мәлс жаңалығымызды айтқан.

– Біздің ардақты ата-анамыз, сіздердің ата-әже деген жаңа мәртебеге ие болатындарынызды және келе жатқан немерелерініздің сізі екенін хабарлат, қуантқымыз келеді. – деп жақсы хабарды ата-анасына еркелей, салтанатты түрде жеткізді.

– Балам-ау, Алла біздің көз жасымызды көрді ме? – деп енем жылап жіберіп, орнынан тұрып келіп мені бауырына басып, маңдайымнан сүйді.

– Жомарт Аллам! Жомарт Аллам! Мойныма бүршак салып тілеген тілеуімді бердің бе?! – деп, әкеміз де орнынан тұрып кетіп, – Аксарбас! Аксарбас! – деп катты дауыстады.

Мәлс үстелді айналып жаңына жетіп келіп еді, сұнғыла жан емес пе:

– Мәкебай! Сен жүріп кеткенбісің, мен шынымен сенің жүргенінді көріп тұрмын ба? – деп тізерлеп отыра қалып, ұлын құшақтап жылап жіберді.

– Не дейді?! – деген апам да көзі атакандай болып, екеуіне қарап, жандарына барып қүйеуі мен ұлының басын қосып бауырына басып, үшеуі ағыл-тегіл жылап жатты. Сұнқар екеуміздің де жанарымыз қуаныштан боталап тұрды.

Мұндай теңдесі жоқ кос қуаныш бір күнде болады деп кім күткен.

– Көке! Апа! Кеше келіндерініз балалардың хабарын айтқанда, қуанғанымнан осылай өз аяғыммен жүріп кеттім. Алғашында менің бөлмеде жүріп жүргенімді қуаныштан өзіміз де байқа-

мапызы, сонынан Аяш байқады. Аяш «әзірге таяғынды тастама, балалар дүниеге келгенше» деген сөн, таяқ ұстап жүрмін.

– Жарық дүниелерім сол! Куаныштарын ұзағынан болгай, – деп, апам бізді әлі айналып-толғанып жатыр.

– Ақсарбас атадым! Ақсарбас атадым! – деді атам да. Ол кісі әлі де толқынысын баса алмай тұрған еді.

– Ата, ақсарбас деген не? – деп сұрады Сұнкар.

– «Ақсарбас» деген – тілеу тілеп, ақ ниетпен құдайыға сойылатын мал. Ерекше қуанғанда «Алладан тілек тілеп, соған жеткізе ғөр» деп шатынады. Енді апаң екеуміз ауылға барғанда, сол атаған малымызды сойып, құдайы тамақ береміз, – деп түсіндірді.

– Келіннің жүктілігін енесі абысын-ажындарына «күрсак шашу» жасап хабарлайтын болған атам қазакта. Бірак біздің жағдайымызда әзірге сүйіншілемей тұра тұрайық. Атасы ақсарбасын шалып, құдайы тамақ берейік елдегілерге. Өз үйіміз-дегілерден басқатарға айтпатақ, тіл-көз бар дегендей... – деп, енем өз ойын ортага салды. Маған ерекше бір аналық махаббат-пен мейірлене қарап қояды.

– Дұрыс айтасың, – деп, әйеліне қосылған атам: – Мәкебай, баз-базда әйелді де тындал кою керек, – деп, ұлына әзілдеп, көзін қысып қояды.

Ақжолтай хабарды естіген ұлken кісілер ауылға асығып, жолға шыкты. Бейсенбі күні ақсарбастарын шалып, құдайы тамактарын таратқанын телефонмен бізге жеткізді.

Қамшының сабындағы ғұмырды сүйген адамыңмен өткізгенге не жетсін. Мен көнілім шапқан тағамды жеп, күйеуіме еркелеп жүргенде, уақыт деген зымырап, жана жыл да есік қағып тұрды.

Сұнкардың Аяқөздегі атасы мен әжесі келіп, кенже баласының үйінде жатыр екен. «Қыскы демалысты жанымызда өткізсін» деп, немересін сұратып алды. Біз өз карттарымызды қуанту үшін ауылдағы қарашаңыраққа тарттық.

Келгеннен енем мені отырғызарға жер таппай, қандай тамаққа тәбетім тартатынын бақылап, жерік асымың не екенін білгісі келіп, асты-үстіме түсіп бәйек болды. Атам да Мәлс екеумізді айналып-толғанып қояды.

– Апам мен көкеме келгенімізді айтып, амандастын көлөйік, десем де үйден шығармай:

– Кешке шақырдық құдаларды. Сонда көріп бір-ақ қуансын, – деп, жібермеді енем.

Ауызашарга төркіндерім түгел келді. Мені көргеннен апам:

– «Өзі болған қыз төркінін танымас» деген осы! Алыстан келеді де, есікпе-есік отырган әкесіне барып амандастыды! – деп әдеттегісіндей шымши сөйлеп кеп құшактап, мандайымнан сүйді. Көкем жүрісі ауырлап, баспаңдақпен ырсылдан көтеріліп келе жатты. Жүгіре басып барып, құшактай алдым.

– Өй, айналайыным! Аман болсаң болды, әкең өзі-ақ келеді сені қөруге! – деп, бар мейірін төге бауырына қысып, тебемнен ііскеді. Ағам мен женешем де құшактап сүйіп, амандығымызды сұрап жатты. Бәрін байқағыш апам:

– Мелісжан, сен аттай шауып кеткенбісің? – деп, балдақсыз қонақтарды тік тұрып қарсы алып жатқан Мәлске таңдана қарал қалды. – Құтты болсын, қадамың! – деген аманның жанарынан жарқ еткен қуаныш сәулесін көрдім.

– Ай, шырағым, мынауын жақсы болған екен, келе ғой, – деп, әкем құшагына орап, мандайынан сүйді. «Мәлсжан жігіттің сұлтаны ғой, әттең, аяғынан закымданып қалғаны болмаса!» деп, күйінетін жан әкемнін қуанышында шек болмады.

Жаңа жылға орай әкесінің шаңырағына кенже қыз бен үлкен қыз күйеулерімен, жиендермен келді. Енем оларға әулеттегі ең басты жаңалықты өзі жеткізіп, сүйінші алып мәз болды. Клара әпке мені менсінбейді деп ойладап, көп жолтамауга тырысатынмын.

– Аяулым, сен біздің әулетті шексіз бақытқа жеткіздің, – деген ықыласы мен мейірін көргенде, асығыс ойладап қойғаныма ұялдым.

Менін ай-күнім жақындаған сайын енем бірге босанатындей толғатып, мазасызданып кетті. Күн сайын телефон шалады, тіпті соңғы айда: «Егіз босанған онай ма?! Уақытынан бұрын толғақ келіп қалса, үйде жалғыз болып қалады», – деп уайымдап, бізге келіп алды. Атам екеуінің телефонмен айтатыны тек менің жырым. «Не іштім, не жедім, таза ауага шықтым ба, қалай үйіктадым, қабагым қалай» дегендей.

– Аяш, эйелді босандыратын кіндік шешенің орны жайлышілесін бе? – деп сұрады бір күні.

– Білем, біздің дос кыздар бір-бірінін балаларына кіндік шеше болып жатады гой, – дедім бар білетінімді айтып.

– Жоқ, ондай өздері сайлап алғатын кіндік шеше емес, нағыз баланың кіндігін кесіп тудырып алғатын адамды айтам, – деді де, істеп отырған тірлігін тастай салып, қол сөмкесін әкелді. Ары-бері араластыра қарал бір газет қыындысын шыгарды. Онысын:

– Міне, мынаны оқыши, – деп маған ұсынды.

«Қазақ энциклопедиясынан» көшірілген «Кіндік шешенің бала тәрбиесіндегі орны» деген мақала екен.

«Қазақта «кіндік шеше» ерекше орны бар, өте қадірлі тұлға деуге болады. Баланың өзінің туған анасынан кейінгі ардактап құрметпен карайтұғын анасы – осы кіндік шеше. Келіннің бойына алғаш бала бітіп, «ақ алғысты» болып, жерік болып жүрген кезінен бастап, енелері балаға кіндік шешені іздең, іштей таңдай бастаған екен. Ол аралықта «мен болайын» деп қолқа салушылар да көбейеді. Солардың арасынан енелер болашақ кіндік шешені өздері таңдаған. «Ой, ана пәленшешін мінезі биязы, өзі үнемі жайдары жүреді», «түгеншешің қолының ісмерлігі бар» деп келіншектердің жаксы қасиеттерін жинақтай келе, кіндік шешесі өзін бол, ниетіне жет» деп келіннің енесі қолқасын айтқаннан кейін кіндік шеше келінге камкор болады. Ол аяғы ауыр болашақ анаға бойын күтуді, жүріп-тұруды, тіпті қалай тамақтану керектігіне дейін үйретіп, іште жатқан шарананың өзіне әу бастан-ақ осылай камкорлығын жасаган. Келінді босандырып, баланың кіндігін кесіп анасынан ажыратып алғатын ақ қолды ананы «Кіндік шеше» деп атаған.

Кіндік шешенің рөлі әркімге бүйіра бермейді. Ауыл ішінде ерекше беделі бар, ақжарқын, мінезі жайсан, колы жеңіл, жолы ашық аналарға ғана бүйірган. Өйткені, сәбидің кіндігін кім кессе, бала соган тартады деп есептеген. Сол себептен де тектілікке ырымдап баласының мінезі мен қылтығының жаксы адамнан дарығанын калаган. Және баланың бірен-саран

мінез-құлқы міндettі түрде кіндік шешесіне тартқап. Бүтінде бала дүниеге келген соң кіндік кесіп ажыратып алу дәрігерлердің құзырындағы іс. Сондықтан босанған әйелдер кобіне баланың кіндігін кім кескенін біле де бермейді» депті.

- Апа, оқыдым, – деп өзіне беріп жатыр едім,
- Не түсіндің? – деді мұғалімге ұқсал.
- Біз кіндік шеше лайындаамадық. Босанғанда кім кіндігін кесетінін де білмейміз, – деп құлдім.
- Міне, осы мәселе мені қатты ойландырып жүр. Ертең туытканага барғанда балалардың кіндігін кім кессе, мінездері де соған тартып кететінін ескер.
- Маған акушерді таңдатпайды гой, апа, – дедім.
- Сұнкардың кіндігін кім кесті?
- Анық білмеймін, орыс па, татар ма, бір дәу сары кезекші дәрігер туыт қабылдаған, сол кескен шыгар.
- Әне, сондай болмасын деп, саған сабак беріп жатырмын. Баяғыда осы Мәлсті босанарда тұрган жерімізде басқа ұлттар көп болды. Туытканага түскенде бір қазақ көрмедім. Содан «баламның кіндігін қазақ кессе болар еді» десем, «казағын екі күннен соң кезекшілікке келеді, сонда туарсың!» деп, мені мазақтады бәрі. Толғағым қатты болса да шыдап, Райқан деген қазақ акушердің кезекшілігі болғанша жаттым тырысып, «Карның жарылып кетеді» деп коркытса да шыдадым. Көріп жүрсің, баламның мінезі жайдары, ұлтжанды. Кейін араласып кеттік, тұра сол Райқан апасына ұқсал түр. Сондықтан сенің де туытынды қабылдайтын әйел қазақ болсын. Құдайға шүкір, казіргі заманда манайымыздың бәрі қазақ кой, – деді апам өз көнілгінде жүрген бір ойын актарып.
- Апа, мені Клара тәтем мединститутта бірге оқыған гинекологтың перзентханасына апарам деген. Сол құрбасы кесетін шыгар, – деп едім:
- Құдайға шүкір, замандарың жақсы ғой, – деп қуанып қалды. Бір кезде:
- Аяш! Осы сенің ішің тәмендеп қалған сиякты менің көзіме, – деді.

– Солай болса, солай шыгар. «Босанасың» деген уақыты жақындаш қалды фой, ертең Клара тәтем келем деген, – дедім.

Күнде кешке қарай енем үйреткен дұғаларды қайталап, құрсағымды сипалап, балаларыммен тілдесетінім бар.

Егіздерімді сай-сүйегім сырқырап толғатып, табиғи жолмен өзім босандым. Екеуінің аралары он бес минуттан болды. Кіндігін Роза Мамырқызы деген мінезі жайсан, ақ көніл, ақ қолды дәрігер кесті. Екі шарананы қеудеме әкеліп жатқызғанда, «Апамның көнілі жайлантган шығар!» деп ойладым. Жар бакыты, ана бакыты деген осы екен! Жанарымнан аққан жылы жас бетімді жуып, кос сәбім қеудемді жылтытып, алпыс екі тамырым ііп, алғашқы махаббатым – Мәлсімнен қошқардай екі үл сүйіп жаттым.

Отыз үш жасымда үш үлдің анасы болдым!

– Біздің әulet үш-төрт атадан бері жалғыз үл көріп, жандарын жапыраққа түйіп келе жатыр еді, сол қалыпты Мәлс батыр бүзды. Бірден қос үл сүйгізіп, ата дәстүрін жалғастырды. Жеті атанаң тізіміне менен бір, Мәлстен екі тармақ кетеді. Алла жазса, одан да көп болар! Бар мұрат-мақсатым Мәлстен үл сүйіш, тұқымымның жалғасқанын көрсем деп едім. Құдай тілеуімді берді! Немерелерімнің атын Максат, Мұрат қоймақпын! – деген атам, перзентханадан шыққан соң, келер жұмада молда алдырып, азан шақырып, балалардың есімін қойғызды.

Эпилог

Тұсімде аспанға қадалған отты, алып саңырауқұлақ көремін...

Дүнис сілкініп, жер-әлем дірілдеп жатады...

Шошып оянып балаларыма ұмтыламын...

Егіз ұлдарымды елжіреп емізіп отырып тұсімді ойлап қорқып кетемін...

Содан Мақсат пен Мұратымның жүздеріне қадалып қараймын. Басынан башпайына дейін түгендеп, саусактарын санаймын. Дауыстап сөйлеп, «ести ме» деп тыңдаймын. Ашық түсті ойыншықтарды ары-бері көрсетіп, көру қабілетін тексеремін.

– Әй, байғұс балам-ай, жарылыс зардабынан зәрезап болып қалғансын-ау! Қай ғасырда, кай ел өз халқын қырғын соғыс болмай ата-анасын ауру, үрпагын жарымжап етіп, осындей касіретке ұрындырған екен. Корықпа, ол сүмдыштың бәрі Кенес дәүірімен келмеске кеткен. Енді дені-карны сау, аяқ-коло бүтін, ақыл-есі дұрыс балалардың анасысын! Болашақтың, елдің, жердің иесі осылтар! – деп, енем жаныма келіп, немесінің біреуін алып құшағына қысты. Екіншісі менің бауырымды жылтытып, ақ мәмесін сорып жатқан.

Арғы бөлмеде үлкен ұлым мен жарым жатыр.

Мен не көрмедім осы күнге жеткенше....

Заманның дауылымен Семейдегі сынақтарда сыналып, Ертістен отіп, Сарыарқаның даласын шарлап, Хантәнірінің бауырына келіп, бақытымды енді таптым.

«Әйел қырық шырақты» деп, бабаларымыз бекер айтпаған екен, шырағым қайта жанды.

Енді сол сөнбесін!

Әйел бақыты деген осы екен ғой!

Автордан

Әзі басқарып отырған өнір халқының көрген қасірсті мен Тәуелсіздікten бергі тағдырын көркем шыгарма етіп жазуы-
ма себепкер болған Шығыс Қазақстан облысының әкімі
ДАНИАЛ КЕНЖЕТАЙҰЛЫ АХМЕТОВКЕ алғысым шексіз.

Мұхтар Әуезов «Абай жолында»: «Менің көркем шыгарма жазып отырганыңды оқырмандардың ескеруін сүраймын. Өйткені тарихи оқигаға көркемдік көзқарас болады» деп жазыпты.

Мен де ұлы ұстаздың жолын ұстанып, Семей топырағындағы, Жетісу жеріндегі бауырларыма болған оқиға дәл сондай көрсетілмепті деген екпе болмауын өтініп сүраймын.

Шыгарманың барысында материалдар беріп, көрген-білгендерімен бөлтіскен төмендегі азаматтарға басымды иіп, **АЛҒЫС** айтамын:

Мұтанов Фалымқайыр – ҚазҰУ ректоры, ҰFA вице-президенті.

Медеу Сәрсеке – Семей өнірінін ардакты азаматы, жазушы.

Нұртай Сабильянов – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.

Марат Құрманбай – Семей қалалық мәслихатының депутаты, «Абыралы-Дегелен» когамдық қорының президенті.

Қайрат Мирашев – Семей қалалық мәслихатының депутаты.

МАЗМУНЫ

Қасірет пен тағдыр (<i>Roman</i>)	1
Кімді кінәлайын...	3
Жана коңыс.....	16
Үсен ағаның жалғызы.....	22
Сезім бүршік жарғанда.....	27
Алғашқы махаббат.....	29
Кош, еліктей ерке құнім.....	72
Жас шанырак.....	91
Сынактың құрбаны болған құлыным.....	119
Сынакта сынбағандар.....	134
«Заман-айды» зарлап, «1000 тырна» үшырғанда.....	152
Қасірет құні қасиетті құнге айналғанда.....	173
Жар казасы.....	181
Кайнардағы рухы мықты казактар.....	191
Өліара шак.....	209
Айкезбе ару.....	213
Ат тұяғын тай басар.....	234
Тарихтың жана бетіне куә болғанда.....	237
Желік женгенде.....	243
Жүректі жанмен жүздесу.....	249
Шайтанның шашы.....	255
Бақыл бол, құрбым!.....	266
Ұлылар елінен аттанғанда.....	277
«Қайтып келген қыз жаман».....	288
Қайта оралған кайран сезім.....	296
Бір кезде...	301
«Сауда сакал сипағанша» деген.....	304
Қоштасқан жерден табысу.....	318
Әйел қырық шыракты.....	333
Көршілер құдалығы.....	339
Мұрат пен Максатка жеткенде.....	345
Эпилог.....	355
Автордан.....	356

Сәуле ДОСЖАН

**ҚАСІРЕТ пен
ТАҒДЫР**

Роман

“Нұрлы Әлем” баспасы
директоры – Жарылқасын ДӘУЛЕТ

Редакторы: Р. Өскенқызы

Корректоры: Б. Егембердіқызы

Дизайнері: Б. Жарылқасынұты

*Мұқабада суретшіi Кәрібек Күйіковтің картинасы
бейнеленген*

Басуға 10.02.2021 ж. қол қойылды.

Қалып 60x90 1/16. Қазақы офсетке арналған.

Каріп түрі “Times New Roman”. Офсеттік басылыс.

Баспа табағы 22,5. Тараптымы 1000 дана. Тапсырыс №8/5763.

*Автордың дайын файлынан “Нұрлы Әлем” баспасының
баспаханасында басылды.*

Баспа кітаптың ішкі мазмұнына жауап бермейді.

“Нұрлы Әлем” баспасының телефоны:

Алматы: 8 (727) 230 18 00

8 702 290 5005

E-mail: nurly_alem@inbox.ru

instagram: [@nurly_alem](https://www.instagram.com/nurly_alem)

ISBN 978-601-205-669-3





Тел: 8(727) 230 18 00

